ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN
OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Наваи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфиелд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан РеспубликасыАқпаратжәнеқоғамдықдамуминистрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфиелд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate ProfessorAlikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
P**imenova M.V.**	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan,Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.
Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».
The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022
Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house
Circulation 200. Price agreed. Order No. 89
Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KHASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”)	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАНҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҰРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҰРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАИЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т.,	Қазақ тілін оқытуда корпустық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Активация полилога в образовательный процесс	321
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жи жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды құзіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

ҒТАМР 16.21.61
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.01

***Б.Е. АКМАГАМБЕТОВА**[1]
Г.Ә. САРСЕКЕ[2]
И. ШАХИН[3]

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[1,2]
Ege университеті, Измир, Түркия[3]
(e-mail: bibigul1013@mail.ru[1], sarseke_ga@enu.kz[2], ibrahim.sahin@ege.edu.tr[3])

СҰХБАТ ДИСКУРСЫНДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІ СТРАТЕГИЯ МЕН ТАКТИКА: ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақала сұхбат дискурсында қолданылатын коммуникативті стратегия мен тактиканы анықтауға арналған. Сұхбат берушінің бейнесін ашу үшін журналист қолданатын коммуникативті стратегия мен тактика сәтті диалогтік қатысым жасауға негіз болатыны қарастырылады.Зерттеу жұмысында жинақталған сұхбаттарды саралау үшін аналитикалық әдіс, когнитивті және дискурстық талдау үшін кешенді зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу барысында сөйлеу стратегиялары ынтымақты және қақтығысты деп жіктелді. Ынтымақты стратегиялар тақырыпты өзгерту, дамыту, қолдау, ұсыныс айту тактикалары арқылы орнайтыны, ал қақтығысты сөйлеу жауаптан жалтару, қарсы сұрақ арқылы айқындалатыны сөз болады. Зерттеудің нәтижесінде алынған ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар дискурс теориясын, коммуникативті лингвистика саласын жаңа ғылыми болжамдармен толықтырады. Бұл зерттеу сұхбат дискурсында қолданылатын коммуникативті стратегия мен тактиканы анықтауға, олардың қолданыс ерекшеліктерін талдауға бағытталған.
Түйін сөздер: коммуникативті стратегия, тактика, коммуникативті қадам, аялық білім, гендер, сұхбат.

Кіріспе. Қазіргі тіл білімінде ауызша ақпарат алмасуда айқын көрінетін сөйлеушінің интенциясы, коммуникативті қақтығыс, коммуникативті жүріс ұғымдарының аясы кеңейе түсіп, дискурс теориясында айрықша мәнге ие болды. Соның ішінде сұхбат дискурсындағы сұхбат алушы мен сұхбат беруші арасындағы коммуникативті қарым-қатынасты зерттеудің өзектілігі басым. Өйткені сұхбат қазіргі коммуникацияның ең белсенді түрінің бірі. Ол көпшілік алдында сауатты сөйлеудің маңызды және серпінді саласы бола тұра, үнемі кеңейіп, толығып отырады. «Қазіргі уақытта эфирде диалогтік процесс айқын көрінеді. Әңгімелесулер мен сұхбаттар дәстүрлі ойын-сауық репортажын тез ауыстырып, сұхбаттың белсенділігі артты. Бұл сұхбат жанрының лингвистикалық ерекшеліктерін анықтауға, зерделеуге жол ашады» [1, 81].

Сұхбат дегеніміз – журналистің теледидар мен радиода немесе газет-журналда басылған өзекті тақырыптар бойынша бір немесе бірнеше адаммен әңгімесі.

Ондаған жылдар бойы идеологиялық цензура кезеңінде сұхбаттар әбден стереотиптік болды. Клишеленген стандартты сұрақтар мен жалпы жауаптар тікелей байланысты

алмастырды. Жариялылық дәуірі ресми, пікір алуандығынан гөрі біртұтастықты басты назарға алды. Соған сәйкес лингвистикалық стереотиптерді білдіру еркін пікір алмасу мүмкіндігімен алмастырылды. Демек, мазмұн мен форманы таңдауда тілдік эмансипация өркен жайды [2, 37].

Қазіргі сұхбаттардың ерекшелігі – әңгімелесушілердің әлеуметтік рөлдерінің салыстырмалы теңдігі. Сұхбаттасушылар ғана емес, сұхбат берушілер де сұхбат барысында ерекше имиджі мен сөйлеу келбетін жасайды. Осы ерекшеліктері арқылы сұхбат дискурсы – лингвистикалық зерттеулердің нысанына айналды.

Сөйлеу стратегиясы ұғымы 1970 жылдары лингвистикаға енген. Белгілі ғалым Т.Ван Дейктің зерттеулерінде алғаш қолданылып, осы уақытқа дейін лингвистикада мәтінді зерттеуде қолданылатын негізгі ұғымдардың біріне айналды. Стратегия ұғымының жалпыға бірдей танылған түсінігі әскери ғылымдардан алынған. Ал лингвистика ғылымында стратегияның тілдің коммуникациялық қызметі арқылы көрініп, ауызша диалогке бейімделетіні айтылады [3, 141].

Сұхбат берушінің бейнесін ашу үшін журналист қолданатын коммуникативті стратегия мен тактика сәтті диалогтік қатысым жасауға негіз болады. Зерттеу барысында ғалым О.С.Иссерс ұсынған сөйлеу стратегиялары мен тактикасы тұжырымдамасы қолданылды. Автордың пайымдауынша, коммуникативті стратегия – коммуникация үдерісін құрудың барлық саласын қамтиды, ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді және коммуникативті мақсаттың орындалуына бағытталған сөйлеу әрекетінің жиынтығы. Ал сөйлеу тактикасы – қажетті нәтижеге жетуге немесе жағымсыз нәтиженің алдын алуға бағытталған жеке сөйлесу барысындағы әдістер мен мінез-құлық желісі. Сөйлеу барысында қолданылатын тактикалар түрлі коммуникативті қадамдар арқылы жүзеге асады. Коммуникативті қадам – қатысушылардың бірінің ауызша әрекеті, өзара әрекеттесуді дамытатын, қарым-қатынасты ортақ коммуникативті мақсатқа жетуге итермелейтін коммуникацияның ең кіші маңызды бірлігі [4, 104].

Ғалым О.С.Иссерс барлық коммуникативті стратегияларды функционалдық тұрғыдан негізгі және көмекші деп бөледі. Негізгі стратегиялар коммуникативті мақсаттың жүзеге асуына ықпал ететін ең негізгі стратегия саналады. Ал көмекші стратегиялар диалогтік қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыруға, адресатқа оңтайлы әсер етуді көздейтін стратегиялар. Сұхбат дискурсында қолданылатын диалогтік стратегиялар екінші топқа жатады. Сұхбат дискурсында стратегияның бұл түрі сөйлеушінің негізгі мақсатқа жету үшін коммуникативті жағдаятты басқаруға деген ұмтылысынан аңғарылады.

Сұхбат дискурсының өзіне тән коммуниканттар моделі бар. Сұхбаттың диалогтен басты айырмашылығы да осы жерден көрінеді. Сұхбат 3 коммуникант арасында өтеді. Алдымен сұхбат алушы – журналист, сұхбат беруші – тұлға және көзге көрінбейтін адресат. Үшінші адресат газет-журналдар үшін оқырмандар немесе оқырмандар тобы болуы мүмкін. Телевизиялық сұхбаттар үшін тыңдарман немесе көрермен. Дәл осы адресат ақпараттың негізгі тұтынушысы. Көрінбейтін адресаттың болуы журналистік сұхбат пен күнделікті диалогтің басты айырмашылығын көрсетеді.

Сонымен қатар сұхбат дискурсы коммуниканттардың «сөйлеу деңгейі» арқылы сипатталады. Журналист ақпарат алушыға қажетті сұрақтарды қойған кезде сұхбат беруші мен үшінші адресат – ақпарат алушы бір деңгейде болады. Сұхбат беруші танымал тұлға болса да жауап алушының мүддесіне бағытталады. Өйткені сұхбатты басқарушы да ұйымдастырушы да – сұхбат алушы саналады. Сондай-ақ сұхбат берушінің өзін-өзі таныстыруы сұхбат алушы мен көрінбейтін адресатты ақпараттандырады. Осы орайда сұхбат алушы – журналист «көп ақпарат+сұрақ» қағидасына негізделген сұхбат құруға бейімделеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысы үшін материалдар бірнеше дереккөзден жинақталды. Атап айтқанда «Ютуб» әлеуметтік желісінен 50-ден астам сұхбат жиналды. Сұхбат берушінің болмысын ашу үшін журналист қолданған коммуникативті стратегия мен тактикаларды анықтау барысында 25 сұхбатқа талдау жүргізілді. Аталған

ерекшеліктер айқын танылған сұхбаттардың кейбірі зерттеу жұмысының негізгі бөлімінде талданады. Зерттеу жұмысында жинақталған сұхбаттарды саралау үшін аналитикалық әдіс, когнитивті және дискурстық талдау үшін кешенді зерттеу әдістері, сұхбатқа қатысушы журналист пен сұхбат беруші адресаттың интенциясы мен коммуникативті әрекеттерін, вербалды қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу үшін прагматикалық әдіс те қолданылды. Сұхбат жанры ауызекі сөйлеудің обьектісі ретінде зерттеліп келеді. Оның ерекшеліктері мен категориялары мақала барысында шетелдік тіл білімінде, орыс тіл біліміндегі ғалымдардың еңбегіндегі сұхбат коммуникацияның негізгі моделі – ауызекі сөйлеу диалогінің прототипі ретінде қарастырылып, күнделікті сөйлеу барысында қолданылатын механизмдердің ашық көрініс табатын жиынтығы ретінде сипатталады. Негізінен, сұхбатты ғылыми талдау немесе сипаттау үшін коммуникативті оқиғаның болуы міндетті. Коммуникативті жағдаятқа қатысушы коммуниканттардың уәжді, ұнамды, ұнамсыз әрекеттері арқылы өзара сөйлеудің ерекшеліктері танылады [5, 27].

Орыс тіл біліміндегі сұхбаттың жанрлық сипаттамасына қатысты зерттеулер ұшырасады. Диалогтік сөйлеудің ерекшеліктерін қарастырған М.М.Бахтин еңбектерінде сұхбаттың жанрлық сипаттамасы айқындалады. Атап айтқанда ғалым сұхбатты сөйлеудің 1) бастапқы және қарапайым; 2) стандартталған және еркін деп сұхбаттың жанр ретіндегі аражігін ажыратады [6, 271]. Ғалым Г.Р.Шамьенова сұхбатты «қоғамдық диалог» деп атап, оның ұсыну немесе сұрау, растау немесе теріске шығару мақсаттарын көздейтін ақпараттық сөйлеу жанры деп таниды. Сұхбат жанрында жүзеге асатын ақпарат қарым-қатынастың ресми шарттарына толық жауап беріп, адресант пен адресаттан сыпайылық ережесін жиі сақтауды талап етеді [7, 143].

Ғалым Ю.З.Кантор сұхбат дискурсының өзіндік 5 ерекшелігін айқындайды:

- Журналистің диалогті ұйымдастыруы негізінде айқындалған психикалық үдерістерді білдіреді (пікір, проблема және идея, сендіру);
- Коммуникативті үдерістер сипатталады (хабарлама, келісім, өтініш);
- Коммуниканттардың ерікті интенциясы көрінеді (тілек, ниет білдіру);
- дискурсқа қатысушылардың эмоциясын ашық білдіруі (таңдану, дүрбелең, қорқыныш, реніш және т.б.);
- бағалауыштық лексиканың жиі қолданылуы [8, 26].

Ал ғалым С.Н.Ильченко сұхбатқа мынадай анықтама береді. «Сұхбат – журналистің респондентпен қоғамдық қызығушылық тудыратын ақпарат, пікірлер мен пайымдаулар алу мақсатында сұрақтар мен жауаптардың кезектесіп ауысуы жағдайында диалогтік қарым-қатынасын көздейтін коммуникация актісі» деп болжам жасайды да, сұхбатты хаттамалық, ақпараттық, проблемалық, сұхбат-портрет, сұхбат-блиц деп жіктейді [9, 77]. Қазақ тілтанымында сұхбатты салыстырмалы сипатта зерделеген ғалым М.Барманқұлов сұхбатты журналист пен сұхбаттасушы көзқарасына қарай төрт түрге бөлген:

- Сұхбат – көзқарас. Бұл танымал тұлға, ел азаматы, қоғам қайраткерілерінен алынған сұхбат;
- Сұхбат – хабарлама. Білімді, тәжірибелі маманнан алынған сұхбат;
- Сұхбат – эмоция. Оқиға куәгерімен болған сұхбат.
- Сұхбат – әлеуметтік зерттеу. Бұл жерде сұхбаттасушы адам емес, оның ұсынған фактілері мен айтқан ақпараттары маңызды. Сұхбаттың бұл түрінде сұрақ көп жағдайда жасырын түрде беріледі [10, 35]. Отандық тілтанымда сұхбат дискурсының гендерлік ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер сирек болғанымен, ер мен әйелдердің сөз қолданысына қатысты зерттеулер кездеседі. Атап айтқанда зерттеуші Г.Мамаева ер мен әйелдің сөз қолданысындағы лексикалық және синтаксистік ерекшеліктерді қарастырып, жыныстар арасындағы бағалауыштық лексика мен инвективтік лексиканың қолданысын айқындайды [11, 59]. Сонымен қатар көркем мәтіндегі гендерлік сипатты зерттеген Р.Тұрдалиева көркем мәтін тіліндегі гендерлік ерекшеліктерді психолингвистикалық аспектіде қарастырып, грамматикалық құрылымдағы гендерлік сипатты, ондағы психолингвистикалық көріністерді анықтайды [12, 69].

Сұхбат – құрылымдық ұйымдастырылуы тұрғысынан сөзсіз диалогке сәйкес келеді. Әлеуметтік тұрғыдан сұхбат интервьюер мен сұхбат алушы арасындағы интерактивті, мамандандырылған кәсіби байланыс деп танимыз. Жоғарыдағы зерттеулерге сүйене отырып, сұхбаттың түрлерін төмендегідей топтастыруға болады:

Сұхбат-портрет – танымал тұлғаны немесе сұхбат беруші кейіпкердің болмыс-бітімін, бейнесін ашуға бағытталған сұхбат түрі.

Блиц-сұхбат – шағын сұхбат түріне жатады. Бұл сұхбат негізінен газет-журналдарда көрініс табады. Кейіпкердің болмысын қысқа сұрақтар негізінде ашу.

Сұхбат-оқиға – кездейсоқ өтіп бара жатқан адмдардың белгілі бір оқиға туралы ой-пікірін білуге бағытталған кешенді сұхбат. Бұл сұхбаттың қатысушылары көрермендер, көшедегі кез-келген адамдар болады.

Сұхбат-сараптама – түсініксіз немесе даулы мәселе бойынша мамандардың сауалнамасы жатады.

Сұхбат дискурсында қолданылатын коммуникативті стратегияның басты мақсаты – адресат әлемінің моделін түзу. Коммуникативті модель сұхбат барысындағы ұсыныстар мен қарама-қайшылықтар, сұхбат алушы мен сұхбат берушіні бір коммуникативті орта түзуге итермелейтін ортақ тақырыптар мен оқиғалар арқылы айқындалады. Сұхбатқа қатысушы коммуниканттар өздерінің интерпретацияларын енгізеді, өз идеясын жүзеге асыруды көздейді. Сонымен коммуникативті стратегия сөйлеушінің жалпы коммуникативті мәселесін шешуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы ретінде түсінілсе, ван Дейк теориясы бойынша «жаһандық интенция», ал коммуникативті тактиканы сөйлеуге ықпал ететін бір немесе бірнеше әрекеттер деп қарастырған жөн.

Талқылау мен бақылау. Жинаған материалдарымыз негізінде сұхбат дискурсында қолданылатын коммуникативті стратегияны ынтымақты және қақтығысты деп бөлдік. Ынтымақты стратегияларға сұхбат алушы мен сұхбат беруші арасындағы үйлесімді диалогтен туындайтын, ақпарат беру, шындықтың жай-күйін хабарлау, қамқорлық таныту сияқты әрекеттер жатса, қақтығысты стратегияларға сұхбат алушы журналистің жолдаған сауалдарына сұхбат беруші тұлғаның жауаптан жалтаруы, тақырыпты өзгертуі, сұраққа толыққанды жауап бермеуі секілді әрекеттерден туындайтын диалог жатады.

Сұхбат барысындағы ынтымақты сөйлеу тактикалары ретінде тақырыпты өзгерту, тақырыпты дамыту, қолдау, ұсыныс айту тактикалары анықталды. Анықталған тактикалар негізінен сұхбат беруші мен сұхбат алушы арасында үйлесімді диалог орнатуға себеп болып, ынтымақты қарым-қатынас орнайды.

Тақырыпты өзгерту тактикасы:

Ютуб желісіндегі Жылқышыбай жүргізетін «Уақыт көрсетеді» бағдарламасында танымал саясаткер Заманбек Нұрқаділовтің жұбайы Нұрбике Нұрқаділовамен болған сұхбатта журналист тақырыпты өзгерту тактикасын жиі қолданады. Аталған тактика арқылы көрермен бірде саясаткердің жеке басына қатысты мәліметтермен танысса, енді бірде оның бірінші жарының кәсібі, ұлы мен қызының қызметі, екінші жары туралы ақпараттармен танысады. Яғни, журналистің тақырыпты өзгерту тактикасын жиі қолдануы арқылы – сұхбатқа арқау болған тақырып сан қырынан ашылады. Мысалы:

Сұхбат беруші: Құралайды үкімет әйелдер кеңесіне немесе басқа да жиындарға бір рет те шақырмайды ғой.

Журналист: Шақырмайды...

Сұхбат беруші: Стюардессалардың да формасын тікті.

Журналист: Қорқады ғой,иә, сонда.

Сұхбат беруші: Фамилиялары үшін жауап беріп отыр ғой. Қайрат та, Құралай да.

Журналист: Марқұм Заманбек ағаның өзі кетсе де атынан қорқады екен ғой.

Сұхбат беруші: Солай боп тұр.

Журналист: Көлеңкелерінен әлі күнге дейін қорқа ма?

Сұхбат беруші: Кім біледі. Неге қорқатындарын. Өліп қалды ғой. Енді неменеге қорқады. Қайрат немене бұзық бала ма? Құралай бұзық қыз ба?Ешкімнің ала жібін аттамаған балалар.

Аталған диалог үзіндісі ары қарай тақырыпты өзгерту тактикасымен жалғасады. Журналист сұхбат берушінің әңгімесін тыңдай отырып, ізеттілік танытып, тақырыпты ауыстырады.

Журналист: Сөзіңізді бөлейін. Бүгінгі шенділердің әйелдері кәсіп ашуға құмар. Қайда бармасаң,әйтеуір,керемет бизнес ашып қояды. Кезінде сізде де мүмкіндік болды ғой кәсіп ашуға. Болды ма әлде сіз оған мән бермедіңіз бе?

Сұхбат беруші: Кәсіп ашыңыз деп шетелден кәрістер келген. Кейіннен ашуға болар еді. Не қылам оны. Құралай ашты кәсіпті. Қолыма ақша түссе Құралайға берем ақшаны. Құралай Италиядан мата алып келеді. Қолына ақша түссе олар маған береді. Мен кәсіп ашпадым. Маған ол соншалықты керек болған жоқ. Күнкөрісіме өзіме қанағат болды. Бар ма болды қанағат жасадым.

Журналист: Жауабыңызға рақмет. Жалпы шенеуніктің әйелдері олардың қызметінің тұрақты болуына қаншалықты әсер етеді.

Сұхбат беруші: Әсер етеді ол былай. Әйелдің жиһаздарын ауыстырғанды жақсы көреді. Одан қала берсе мен анда барып демалам, мында барып демалам деуі мүмкін. Үкімет басына жастар келіп жатыр. Тек халықтың арасынан шыққан бала келсін деп айтам. Молшылықта өскен бала келіп, ол молшылықта өсіп үкіметтің жұмысын істей ме әлде молшылық іздей ме, халыққа бөліп бере ме? Егерде келіншегі мазасыз болса, қызметінің тұрақты болуы өте қиын.

Журналист: Қиын ба?

Сұхбат беруші: Өте қиын. Жоқтан басқаны айтпай, ақша әкеле бер. Анаған жоқ, мынаған жоқ десе өте қиын.

Жоғарыдағы сұхбаттың негізгі тақырыбы саясаткердің жеке басы мен қызметінің ерекшеліктерін ашу. Тақырыпты өзгерту тактикасы арқылы журналистің коммуникативтік әрекеті тұрмыстық әңгіменің жарыққа шығуына, дамуына алып келді. Яғни, саясаткердің жеке басы ғана емес, жұбайының да жеке тұрмыс тіршілігі тақырыпты өзгерту тактикасы арқылы танылды. Сұхбаттағы коммуникативтік оқиғаның желісі саясаткердің жеке басындағы жағдайлармен ғана шектелмей, тұтас отбасы, екінші жары, ұлы мен қызы, олардың қызметі, айналысатын кәсібіне қатысты да өрбиді. Аталған жайттардың барлығы журналистің тақырыпты өзгерту тактикасы арқылы көрерменге түсінікті болып отырады. Тақырыпты өзгерту тактикасы сұхбат барысында сұхбат берушінің жауабына қанағаттанбаған сәтте туып, жаңа тақырыпты дамыту тактикасына ұласады.

Тақырыпты дамыту тактикасының әрекет ету механизмдерін анықтаған ғалым А.Х. Юкер бұны «еске салғыштар» деп атайды. Яғни, алдыңғы тұжырымдар негізінде жасалған және сұхбат берушінің бұрын айтқан ойын дамытуға ынталандыру құралы ретінде қолданылатын тактика. Тақырыпты да дамыту тактикасы және оның коммуникативті бағыттары журналистік сұхбаттарда жиі кездеседі. Бұл тактиканың тақырыпты өзгерту тактикасынан айырмашылығы – сұхбат берушінің кейінгі сұрағы мен алдыңғы жауабы арасында семантикалық байланыстың болуымен ерекшеленеді. Мысалы, «Хабар» арнасындағы Аман Тасыған жүргізетін «Алғашқы» бағдарламасының қонағы әнші Мақпал Жүнісовамен болған сұхбатта тақырыпты дамыту тактикасы қолданылады. Бұл тактика негізінен адресат (сұхбат беруші) тарапынан орындалады.

Әнші (күліп): Астапыралла. Ұрланған қыз? Мен туралы ма?

Журналист: Бағдарлама сізге арналып отыр.

Әнші: Ойбаай...

Журналист: Алып қашып кеткен кездер болған жоқ па? Ұрлап кеткен.

Әнші: Болды, болды ғой. Ұрлап алып кетті ғой мені.

Осы тұста аңғарылатыны сұхбат барысында адресаттың тақырыпты дамытуы үшін журналист тарапынан коммуникативті қадамдар жасалады. Яғни, тележүргізуші «Ұрланған қыз» тақырыбын дамыту үшін адрсетқа жағдай жасайды. Тақырып жасырылған сары есікті ашады. Сонымен бірге есіктің арғы жағынан еден жуатын шелек пен еден жуғыштың тұруы – тақырыпты дамытудың коммуникативті қадамдары саналады. Тақырыпты

дамыту тактикасын көбінесе сұхбаттасушының өзі алдыңғы жауаптары арқылы ұсынады. Шебер журналист осы сәтті ұтымды пайдаланып, тақырыпты дамытуға ынталандырып, коммуникативті қадамдар жасайды.

Тақырыпты дамыту тактикасы сұхбат-портретте жиі қолданылады. Ол осы тұста қарым-қатынастың кездейсоқ ортасын құруға ықпал етеді және коммуниканттар арасындағы жақындық стратегиясының қалыптасып, сұхбаттасушының жеке басын ашуға қызмет етеді. Айталық, «Уақыт көрсетеді» бағдарламасының қонағы ауыр атлет Алмас Өтешовпен болған портрет-сұхбатта тақырыпты дамыту тактикасы спортшының жеке басын ашуға ықпал етеді:

Журналист: Қандай мәселелер бар сізде? Қиындықтарға тап болған сияқтысыз? Қазір өзіңізге қарап отырмын, ештеңеге зауқыңыз соғып отырған жоқ сияқты.

Спортшы: Қиындық деген... Қазақта қалай айтады. Ердің басына не келіп не кетпейді. Ердің басына күн туса етігімен су ішер дей ме? Сондай мәселе боп жатыр ғой қазір. Не айтам енді,бауырым...Бұл қазақ... Не айтсам болады. Бір көтерілсек бәрі қолпаштайды. Бір сүрінсек бәрі жек көріп кетеді. Мен осыны түсінбедім. Мен қолымнан келгеннің бәрін істедім. Анау 230 кг көтеру деген оңай нәрсе емес. Әшейін барып...доппинг дейді...Оны көтере салу деген оңай емес.

Журналист: Бір өгізді көтеру оңай емес.

Спортшы: Оңай нәрсе емес ол. Соны көтердік қой. Қазір менің белімнен 4 жерден грыжамын. Жүрмін...Білмеймін, енді не айтам... Қазақ халқын жақсы көрем өзім. Қазақ боп туғаныма қуанам. Бірақ мынадай нәрсе екен билікте ше,көтерілесің, сені бәрі қолпаштайды. Төмен түскенде қасыңда ешкім болмайды екен. Кезінде біз көтердік қой Илья Илин бар. Осыған шыдамай Владимир дарға асылып өліп қалды. Линдер де бар. Асылып өліп қалды барды да. Неге? Қалай? Сонда? Бізді үкімет пайдаланды кезінде. Біз туды көтердік. Одан кейін ешкім болмай қалдық. А неге олай? Қанша денсаулықты бердік. Омыртқадан омыртқа, тізден тізе қалмады. Бәрін істедік...Түсінбеймін...

Жоғарыдағы сұхбатта ауыр атлет Алмас Өтешовтің жауаптары арқылы тақырыпты дамыту тактикасы айқын аңғарылады. Аталған тактика арқылы спортшының жай-күйі, жеке басы, көңіл-күйі танылады. Журналист «Қандай өкпеңіз бар» деген сауал жолдамаса да спортшы өзінің билікке, көпшілікке деген өкпе-назын, ренішін ашып айтады. Бұл адресаттың келесі қаузайтын тақырыпқа жасаған коммуникативті қадамы деп айтуға болады. Сонымен қатар спортшының жауабында доппинг мәселесі де сөз болады. Шын мәнісінде доппинг мәселесіне қатысты журналистің арнайы сауалы бары сөзсіз. Алайда тақырыпты дамыту тактикасы арқылы келесі сауалдарға да коммуникативті қадам жасалды. Тақырыпты дамыту тактикасы спортшының жеке басындағы жайттарға жиі назар аудартады. Спортшы бірде өзге ауыр атлеттердің жағдайын сөз қылса (Осыған шыдамай Владимир дарға асылып өліп қалды. Линдер де бар. Асылып өліп қалды барды да), енді бірде өзінің денсаулығының сыр бергенін жасырмайды (Қанша денсаулықты бердік. Омыртқадан омыртқа, тізден тізе қалмады).

Аталған сұхбатта өзара әрекеттесудегі басымдық сұхбат беруші адресаттың иелігінде. Себебі спортшы өзінің жағдайын баяндай отырып, қазіргі ауыр атлетикадағы шешімін таппаған, қордаланған мәселелерді көрерменге жайып салады. Яғни, сұхбаттағы адресат көпшіліктің қызығушылығын тудыратын білімге, ақпаратқа қанық. Ауызша интеракция деңгейінде энцоклопедиялық үстемдік сұхбаттағы тақырыпты дамыту тактикасы арқылы байқалады. Яғни тақырыптың логикалық дамуы, сұхбат берушінің аялық білімі, ақпараттың қажетті тұсын көрерменге бере алуы адресаттың тақырыпты дамыта алуынан аңғарылады. Спортшымен болған сұхбатта ауыр атлеттердің жағдайы, олардың қиындыққа шыдамай өзіне қол жұмсауы т.б. көрерменге қажетті ақпараттардың үстемдік алғанын байқаймыз. Бұл ауызша диалогке негізделген сұхбаттағы тақырыпты дамыту тактикасының қолданысын байқатады.

Сұхбат дискурсындағы ынтымақтастық орнату үшін қолданылатын келесі тактика – қолдау тактикасы. Аталған тактика адресаттың жауабын адресант қолдап, қайта түсіндіру

барысында туындайды. Негізінен, гендерлік ерекшелік тұрғысынан қарасақ, сұхбат алушы әйел адам болған кезде қолдау тактикасы жиі қолданылады. Яғни, әйел тележүргізушілер алдында отырған сұхбат берушінің сөзін жиі бөлу арқылы қолдау көрсетеді немесе оның айтқан жауабын қайталап, көрерменге түсінікті тілмен жеткізу арқылы қолдайды. Айталық, «UlysMedia» арнасында өткен Forte Bank басшысының қазақша сұхбатында қолдау тактикасы сұхбат алушы адресант тарапынан жиі орындалады:

Журналист: Неліктен қоғамда банкирлер «ең сараң адамдар» деген ұғым қалыптасқан. Көбіне осылай жазылып жатады, айтылып жатады. Тіпті халықтың сенімі де осылай болып келеді.

Банкир:Біріншіден,сұхбатқашақырғаныңызүшінрақмет.Екіншіден,менкөрермендерге айтайын дегенім бірінші қазақ тілінде беріп отырған сұхбатым болғандықтан,сұхбат барысында орысша немесе ағылшынша қаржылық саласында қолданылатын сөздер еніп кетсе алдын-ала кешірім сұраймын. Бірақ енгізбеуге тырысамын. Сіздің сұрағыңызға келетін болсақ. Түсінідіріп кетейін, бұл біздің кәсіби жұмысымыздың бір бөлігі болып келеді. Өйткені біз банк есебінде ақшаны салымшылардан, депозиттерден аламыз да ол ақшаның біршамасын несие ретінде кәсіпкерлерге, компанияларға, жеке тұлғаларға береміз. Ол банктің ең басты функциясының бірі. Статистика бойынша 100 жеке тұлға несие алуға келсе, біз олардың бәрін тексеріп, шамамен 30-ына несие береміз. 70-іне жоқ деп айтамыз. Өйткені біз ол несиелерді қайтара алмасақ, мына салымшыларға ақшаларын қайтаруымыз керек 100 пайыз. Сондықтан ол үлкен жауапкершілік банк үшін. Сондықтан көп адамға жоқ бере алмаймыз деп айтқаннан кейін, сараң болу жұмысымыздың барысы болып келеді. Сараң болу кәсіби беткейіміз болып келеді.

Журналист: Десек те нарық та аттарын атамай-ақ қояйын жарнама болып кетеді. Табысына қарамай жан-жақтан несие беру қарқыны өсіп кетті. Өкінішке орай қоғамда несиесі жоқ қазақты кездестіру жоқтың қасы. Сонымен қатар мен тағы да ремарка жасай салайын. Жалпы бізде ұлыста біраз тұлғалар білесіздер, көп шенеуніктерге, үкімет тарапына, оппозияға да біздің алаң қашан да ашық. Және де менің атап өтетенім бізде өкінішке орай, банк секторы қазаққа, халыққа несие бергенде соншалықты ширақ боп келеді. Бірақ та қазақша сұхбат беруге, халықтың сұрақтарына екі тілде емес, тіпті қазақ тілінде жауап алу екіталай. Сондықтан біздің алаңға шығып отырған Қазақстан медиасында менің ойымша, сіз бірінші банкирсіз. Үштілдімін деп отырсыз. Дегенмен қарапайым қазақ халқына барлық институттың қаржылық саласындағы мәселелерді айту, түсіндіру менің ойымша, бұл қазіргі уақыт талабы болып отыр. Жаңа өзіңіз айтып отырсыз кешірім сұраймын деп. Қазіргі уақытта банк саласының қазақ тілінде сұрақтарға жауап беріп, сұхбаттарға қатысуы заман талабы. Осындай қарқынмен әрі қарай дами беру керекпіз деп ойлаймын.

Банкир: Жайлап-жайлап қосыламыз.

Журналист: Иә. Ал енді жаңа айтып отырмын несиесі жоқ адам жоқ. Неліктен осындай қарқын қаржылық салада болып кетті. Айтып отырсыз жаңа 30 пайыз ғана несие бересіздер.

Банкир: Иә ол біздің банкте ғана.

Журналист: Біркелі принцип жоқ иә, сонда?

Банкир: Біркелкі принцип жоқ. Өйткені әр банктің өзінің «риск аппетит» деген болады.

Журналист: «Риск аппетит»?

Банкир: Риск алу үшін сіздің қанша үлкен риск алуға дайынсыз. Әр банктің өзінің бизнес моделі болады.

Журналист: Әр банк өзі пайда табу үшін өзінің бір тәуекеліне барады деген сөз ғой.

Банкир: Мысалыға, мен айта кетейін, жекетұлғаларға несие берудің агенттіктің талабы бойынша ең жоғары пайызы – 56 пайыз. Ол өте жоғары.

Журналист: Иә, 56 пайыз. Айтпақшы, төмендетеміз дегенде болды ғой.

Банкир: Ондай пікірлер де болып жатыр. Жақында төмендетілуі мүмкін. Бізде Форте есебінде біз де қолдадық.

Журналист: Қолдадыңыздар...

Банкир: Айта кетейін дегенім, біз ондай жоғары пайызбен несие бермейміз. Біздің Forte Bank-те орташа несиенің бағасы 28-30 пайыз. Қазір базалық мөлшерлеме түсіп келе жатыр. Біз 45-56 пайыз аралығында несие бермейміз.

Сұхбат үзіндісінде аңғарылғандай журналист тарапынан қолдау тактикасы жиі орындалады. Тіпті журналистің екінші репликасы өте ұзақ әрі шұбалаңқы. Сонымен қатар журналистік диалогтық репликаларында сауал жолдаудан гөрі өзінің ойын айту басымырақ. Бұл әйел тіліне тән гендерлік ерекшелік деп қабылдауға болады. Яғни, әйел тележүргізушілер сұхбат барысында өзінің ойын, пікір жиі айтады, эмоцияға жол береді, түрлі бейвербалды амалдар жасайды (қол сілтеу, шашын сипап, басын шайқау). Келтірілген диалогтық үзіндіде адресант сұхбат берушінің жауабын жиі бөледі. Адресаттың жауан қолдау мақсатында оның берген жауабын кері қайталай ұсыну жиі орын алады. «Риск аппетит», «Қолдадыңыздар ғой», «біркелі принцип жоқ қой, иә» деген репликалары арқылы сұхбат берушінің жауабын қолдауы, нақтылауы көрінеді.

Әйел тележүргізушінің сұхбат барысында адресатты қолдау арқылы сөзін бөле беруі оның эмоциясымен, сөйлесім сәтінен алып отырған лəззатын, сезімін жеткізуге тырысуымен байланысты. Мәселен келесі сұхбатта:

– ...Содан мен өзімді ұстадым да, сол қызды іздеуге бел байладым. Содан үш жылға жуық, яғни екі жыл сегіз ай мен сол қызды іздедім.

– Екі жыл сегіз ай дейсіз бе...

– Иә. Бұрынғы жоғарғы оқу орнына бардым. Барлық құжаттарды ақтардым, көтердім. Бұрынғы тұрғын үйін, мекенжайын іздеп, екі жыл сегіз айдан кейін ғана таптым сол қызды. Сөйтсем ол қыз ауылында тұрады екен. Баламды алмаған... 15 жасар балам бар екен... Тұрмыс құрмаған. Сол ауылда жұмыс істейді екен мектепте. Оған барып барлық сырымды ақтарып, баламды көріп, кейін соған үйлендім...

– Со-ған?!.

– Иә! Екі жылдан кейін егіз қыз туып берді маған.Қазір 18 жасар ұлым, бір жасар екі қызым бар.

– Әне-е-е...

– Осы айтайын деген әңгімем. Мен бақыттымын...

– Мен... мен сіз үшін...

– Содан бері, Құдайға шүкір, өмірім орнына келді...

– Енді... біреу бізге бұл оқиғаны айтып берсе, біз сенбеген болар едік... Бауыржан мырза, желіде тұрсыз ғой. Сіздің өміріңізді көрерменмен бірге көз алдымыздан өткіздік. Кәдімгі бір кинодағыдай...

Келтірілген үзіндеде әйел адам ер адамның басынан өткен оқиғаға шын жан-тәнімен беріліп тыңдап отыр әрі оған толықтай эмоционалды-сезімдік күймен қатынас жасап, кейіпкердің тағдыр тауқыметінен шынайы уайым шегіп, қайғырып қолдау көрсетіп отыр. Кейіпкердің оқиғасы әйел адамды еліткені, елжіреткені соншалық – тележүргізуші әйел өзінің эмоциясын ұстай алмай кейіпкердің сөзін бөле берді. Кейіпкердің сөзін бөлу арқылы әйел тележүргізуші біріншіден, өзінің таңданысын, эмоциясын жасыра алмаса, екіншіден, оқиғаның маңызды деректерін бөліп көрсетуге, фактіге екпін түсіруге тырысады. Коммуникативтік акт кезінде сөйлесушілер арасында интеллектуалдық қатынаспен қатар эмоционалдық ықпалдастық та қатар орнауы қажет.

Ынтымақты қарым-қатынас барысында қолданылатын тактиканың соңғысы – ұсыныс айту татикасы. Ұсыныс айту тактикасы сұхбат дискурсында адресант тарапынан жиі орындалады. Бұл тактиканың басты мақсаты - адресаттың болмысын ашу, қоғамдағы резонанс (дүмпу) тудырған мәселелерге көзқарасын білу. Бұл мақсатқа жету үшін журналист сауалдың мазмұнын ұсыныс форматына лайықтайды. Сол арқылы кейіпкердің тұлғасын танытуға күш салады.

Нартай Аралбай: Сізбен сұхбатқа дайындық барысында жазбаларыңызды қарадым. Сол сәтте Оскар Уйляд деген данышпанның мына бір сөзі ойыма оралды. Цитатасын тауып

алдым. Пессимист – бұл игілік есік қаққанда соның дүрсіліне ашуланатын адам дейді. Сізге дайындалғанда ойладым. Ерлан ағам пессимист болып кеткен жоқ па ? Ол денсаулыққа да зиян ғой. Сізді пессимист деп бағалауға бола ма жоқ па? Үнемі осындай жаныңызды жеп жүресіз, қоғамдағы барлық оқиғаларға.

Ерлан Төлеутай: Енді ол пессимизм деген жақсы нәрсе емес қой. Мен енді жеке басым пессимист емес. Қоғам сені пессимист қылады. Абай айтады: Уайым ер қорғаны – есі барлық. Есің бар болған соң уайымдайсың. Ал енді ессіз адамдар жүре береді, қызыл-жасыл әлемге еніп. Сондықтан мен ойлаймын мен пессимист емеспін. Мені қоғамның өзі қазіргі болып жатқан ахуал еріксіз пессимист қылады. Мен бәрлкім сондай адам шығармын. Бәріне қиналам. Қазір қай жерді ашсаң да зар. Эфирді ашсаң да зар, жылап жатқан бір адам. Соның бәрі әділет іздейді. Әділет болмағаннан кейін бітті ғой. Кедей елде әділет болмайды екен.

Жоғарыдағы сұхбат танымал журналист, депутат Нартай Аралбайұлының өнертанушы, дәстүрлі әнші Ерлан Төлеутаймен болған сұхбатынан үзінді. Сұхбат барысында алғашқы коммуникативті қадамды журналист жасайды. Журналист тарапынан жасалған қадамдар ұсыныс айту, тілектестік тактикаларымен айрықшаланады. «Сізді пессимист деп айтуға бола ма» деген ұсыныс-сауалына сұхбат беруші қоғамдағы түйткілді мәселелерді қаузау арқылы жауап береді. Яғни сұхбат барысындағы ұсыныс-сауал тактикасы кейіпкердің қоғамдық, әлеуметтік көзқарасының жарыққа шығуына жол ашты. Сол арқылы кейіпкер өзінің пікірін, ойын ашық айтып, неліктен пессимист болғандығына нақты жауап береді. Бұл сұхбаттың өн бойында журналист тарапынан жай ғана сауалдар емес, ұсыныс айта отырып сауал жолдау жиі кездеседі. Бұл бірінші кезекте журналистің тыңғылықты дайындығы мен шеберлігін танытса, екіншіден, коммуникативті тактиканың орындалуы деп бағамдар едік. Тағы бірде журналист сауалды ұсынысқа айналдыра келіп былай дейді: Нартай: Сіз анау соңғы постыңыздың аяғын былай аяқтайсыз: «Көптен бері көңіл күйім болмай жүр еді. Бір серпіліп қалдым», - деп аяқтайтын постыңыз бар ғой. Енді мына сөздеріңізге қарап, сол постыңызға қарап, сізді «XXI ғасырдың Қазақ қоғамындағы Асан қайғысы» деп айтсақ бола ма?

Ерлан Төлеутай: Жооқ... ол енді артық шығар. Мен өзімді өзім бағалай алмаймын ғой. Бірақ Асан қайғылық бар. Өйткені өзімнің домбырам жалғыз досым. Қазір мен 50-ден астым. Былайша айтқанда достарымның бәрінен айырылдым. Көбісі өліп қалды. Ұлы достарым болды. Осындай идеяммен бөлісетін. Кеңес беретін адам жоқ. Баяғыда Мәшһүр Жүсіп Мәдиге барыпты ғой. Сонда түрмеге кіргізбейді дейді. Сонда айтады: «Ақылдасар кісім де жоқ. Алдында аға буын жоқ. Өзімнен кейін інілерім келе жатыр. Ал жалпы мысалы Дидар Амантай. Ол да ауырып қалды. Оған да үлкен салмақ түсті. Бізде осындай ерлер болды. Бірақ бәрін осындай рухани қысымдар, осындай берекетсіздіктер, қамқорлықсыз қалғандар. Көбісі өмірден өтіп жатыр. Құса болып. Өйткені мына қоғам бізді қанағаттандырмайды. Тіпті мен мұны жатөкпе деймін. Өйткені менің идеяларым мен арман-аңсарымды бұл билік түсінбейді.

Журналист тарапынан орындалған ұсыныс айту тактикасы адресаттың рухани өмірі мен шығармашылық кеңістігін оқырманға жайып салды. Сұхбат беруші өзінің досының жоқтығын, қазіргі рухани қысымның көптігін сонымен бірге алдында аға буын қалмағанын тілге тиек етеді. Өзінің қазіргі қоғамға қойған жаңа атауы да (жатөкпе) көрерменді бейжай қалдырмасы анық. Яғни, ұсыныс айту тактикасы сұхбат алушы адресант пен сұхбат беруші адресат арасында ынтымақтастықты нығайтып, көрерменге кейіпкерді жаңа қырынан таныстырады. Осы сұхбатты көрген жұртшылық әнші Ерлан Төлеутайды «XXI ғасырдың асан қайғысы» атап кетуі мүмкін. Бұл журналист тарапынан жасалған, сәтті орындалған тактика деп айтуға болады.

Сұхбат барысындағы сөйлеу стратегиясы – адресант пен адресат арасындағы коммуникативті мақсатқа жетуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы. Ал осы коммуникативті мақсатқа жету тек ынтымақты ғана болмауы мүмкін. Яғни адресаттың интенциясы негізінде туындайтын қақтығысты сөйлеу стратегиялары да сұхбат

дискурсында жиі қолданылады. біздің жинаған мысалдарымыз бойынша қақтығысты сөйлеу стратегиялары жауаптан жалтару, қарсы сұрақ, текетірес тактикаларынан тұратыны анықталды.

Коммуниканттардың сөйлеу қарым-қатынасындағы әрекеті әртүрлі. Адресанттың қойған сұрағына ішінара жауап беріп, негізгі ойды айтпау жауаптан жалтару тактикасын тудырады. Адресат тарапынан орындалатын бұл тактиканы ғалым ван Дейк «диалогтық» деп атайды. Яғни, диалогтық өзара әрекеттесудің мақсатқа жетпей, әңгіме тақырыбының өзгеріп, жауаптан жалтаруына алып келеді деп санайды.

Тележүргізуші Аман Тасыған жүргізетін «Talk like» жобасында сұхбат беруші Президенттің жеке күзетінің бұрынғы бастығы Амангелді Шабдарбаев журналист қойған сұраққа дәл жауап бермей, жауаптан жалтару тактикасын қолданады.

Аман Тасыған: Менің әріптестерім сізден бірнеше мәрте Рахат Әлиевтің өліміне қатысты сұрады. Байқаймын, сол сұрақты сіз айналып өтесіз. Рахат Әлиевтің өліміне сіздің қандай да бір қатысыңыз бар ма?

Амангелді: Мен сұхбатымды бар ғой алдында бердім. Абайға бердім, Гүлжанға бердім. Бәрі тыңдап өз пікірлерін айтып жатыр ғой. Өзі заңгер, өзі депутат прокуратураға запрос берді ғой. Жақында тыңдадым оны. Ол айтады: Генерал Шабдарбаевтың сөзінің жаны бар. Растауға болады және растамауға болады дейді. Менің ұран туралы айтқанымды. Сондықтан дейді аузым менікі деп сөйлей беруге болмайды дейді. Сондықтан мен қазір ол кісінің айтқанын тыңдап, сендерге жақсы сұхбат бере алмай тұрмын. Ауыз менікі деп сөйлей бергім келіп тұрған жоқ.

Аман: Тағы да жауап берген жоқсыз.

Жоғарыда сұхбатта айқындалғандай адресант пен адресат арасындағы коммуникативті қадам мақсатына жетпеді. Журналистің «Рахат Әлиевтің өліміне қатысыңыз бар ма?» деген сауалына адресат жауап бермей, жауаптан жалтарды. Басқа жағдайларды сөз етіп, сұрақтың жауабын жабулы күйде қалдырды. Бұл адресаттың жауаптан жалтару тактикасын қолдана отырып, негізгі шындықты жасырып қалуға оқталғанын көруге болады.

Сұхбат дискурсындағы қақтығысты сөйлеу тактикасының келесі түрі – қарсы сұрақ тактикасы. Аталған тактика сұхбат беруші тарапынан орындалады. Яғни журналисттің қойған сұрағына жауап беруден бұрын оның өзіне қайтарма жауап ретінде қарсы сұрақ қояды. Осылайша коммуникативті оқиға сұхбат беруші мен сұхбат алушы арасындағы қақтығысқа ұласады.

Журналист: Қазіргі бизнесіңіз қандай? Бау-бақша, егін егіп?

Композитор: Ол бизнес емес. Ауыл шаруашылықтағы кәсібім. Ақша жинағаннан кейін саласың ғой. Ауылда тұрып, продюсерлік орталық ұйымдастыра алмаймын ғой. Қаржымды ауылдағы өнеркәсіпке салып отырмын. 100 гектар жер алып, жеміс-жидек жабатын, үйдің қасынан шайхана, тойхана, сахна салдым. Бұған ақшаны қайда алды дейсің ғой? Бүкіл налогта тіркеліп тұр. Концерттен емес, концерттен пайда жоқ. Той ұйымдастыру арқылы. Өзің ойлашы, мен айтайын. Бір әнші 5 мың доллар. Мен оған той тауып бердім. Менің алатын ақшам 500 доллар. 10 пайыз заңды ақша алам. Салық комитетіне 3 пайыз салық төлеймін.

Журналист: Жаңағы ауыл шаруашылықтағы кәсібіңіз қандай?

Композитор: Тағы айтам. Құлағың естімей ме? Өтірік жынды боп отырсың ба?

Жоғарыдағы сұхбат ютуб желісіндегі журналист Ербол Сейілхан жүргізетін «Сұрауы бар» бағдарламасы. Бағдарлама қонағы – танымал композитор Қалдыбек Құрманәлі. Сұхбат барысында сұхбат беруші журналисттің өзіне қарсы сұрақ қояды. Яғни, адресат өзінің басындағы жағдайды түсіндіру үшін журналистің өзіне қарсы сұрақ тактикасын пайдаланып, көрермен назарын аудартады. Сұхбат беруші жауабындағы өзің ойлашы, Құлағың ести ме?, Өтірік жынды боп отырсың ба? сауалдары журналистің өзіне қарсы сұрақ боп қойылып тұр. Қарсы сұрақ тактикасының негізгі мақсаты - сұхбат берушінің маңызды мәселеге өзінің көзқарасын анықтау, көрермен назарын аударту. Сол арқылы сұхбаттағы коммуникативті оқиғаның дамуына жағдай жасау.

Журналист: Сіз кәсіп ашқан сайын, ақша тапқан сайын адамдар ойлайды. Қалдыбек Құрманәлі Шәмшінің концерттерін өткізіп ақша тауып жатыр. Шәмшінің атын пайдаланып жағдайын жасап жатыр. Бизнеске айналдырды деп. Ол әңгіме айтыла береді.

Композитор: айтыла берсін. Айналайын-ау, ешкім ақымақ емес қой. Билетің 5 мыңнан 15 мың арасы. Ол ақша қандай менің кәсібімдегі ақша қанша. Жылына Шәмші кеші бір рет өтеді. Сен сәл басыңды істетсейші. Математика оқып көрдің бе мектепте? Тоғыз жердегі тоғызым қанша?

Журналист: 81.

Композитор: Біледі екенсің ғой. Хабарың бар екен. Сен енді сұрақ қойып, анау көшедегі топастың дәрежесіне түспесейші. Сауатың бар адамсың ғой.

Қарсы сұрақ қою тактикасы барысында журналисттің жауап беріп, өз білімін дәлелдейтін сәттері болады. Сұхбат үзіндісінде көрсетілгендей адресат адресантқа яғни сұхбат алушыға сұрақ қояды (Математика оқып көрдің бе мектепте? Тоғыз жердегі тоғызым қанша?) Бұл сұхбат дискурсындағы адресаттың интенциясы негізінде анықталады. Сұхбаттағы тақырыпқа белсенділік танытып, өзінің ниеті мен дітін орындатуға тырысатын адресаттың тарапынан ғана қарсы сұрақ тактикасы орындалады.

«Уақыт көрсетеді» бағдарламасына сұхбат берген Бекболат Тілеухан жауабында қарсы сұрақ өте көп. Бұл жердегі қарсы сұрақ тактикасының мақсаты сұхбат беруші өзінің жеке басын ақтауға тырысады. Қоғамдағы халық қалаулысы туралы айтылып жатқан пікірлерге өзінің көзқарасын білдіреді. Мысалы:

Журналист: Сізге неге жиі жабыла береді осындай жалалар?

Бекболат Тілеухан: Сен осыған нанасың ба? Мен 250 млн. теңгені Медет Мұратбаевтан алды дегенге. Нанасың ба?

Журналист: Сіз енді құран ұстағаныңызға қарағанда нанбаймын.

Бекболат: Ұстаған кезде нанбайсың иә. Ұстамасам нанар едің иә?

Журналист: Иә.

Бекболат: 7 камаз қару сатты дегенге нанасың ба?

Журналист: Енді аға ол...

Бекболат: Жоқ, жоқ жауап берші. Нанасың ба? Сен халықтың өкілі ретінде айтшы

Журналист: Халықтың өкілі ретінде аға әркім әртүрлі ойлайды.

Бекболат: Жоқ, сен нанасың ба? Нұрсейіт Жылқышыбай нана ма Бекболат Тілеуханның 7 камаз қару сатты дегеніне? Жауап берші маған.

Журналист: біріншіден, мен сіздің бұрын соңды қару ұстағаныңызды көрген емеспін.

Бекболат: Нанбайсың иә?

Журналист: Иә.

Сұхбат желісінде байқалғандай, сұхбат беруші мен сұхбат алушының орны ауысып кетті. Себебі халықтың көкейіндегі сауалға жауап беру үшін сұхбат беруші Бекболат Тілеухан журналистің өзіне қарсы сауалдар қояды. Яғни, адресаттың интенция коммуникативті қадамды алғаш бастауға негіз болды. Қарсы сұрақ тактикасы арқылы саясаткердің жеке басы, оған жабылған жала т.б. мәселелер оқырманға жетеді.

Сұхбат барысындағы қақтығысты сөйлеуде қолданылатын тактиканың соңғысы – текетірес тактикасы. Қақтығысты сөйлеу стратегияларының ішінде сұхбат барысындағы дау-жанжал, қақтығыс, ашу-ызаға берілу текетірес тактикасы арқылы көрінеді. Сұхбат алушының сауалы мен әрекеті, білім-білігі жетіспеуі сұхбат беруші адресаттың ашу-ызасын тудырады. Яғни аталған тактика барысында алғашқы коммуникативті қадамды адресант жасайды. Бұл тактика кейде сұхбатқа қатысушы адресаттар арасында болуы мүмкін. Бұған себепкер – журналистің сауалы болады. Айталық, «Ашық алаң» бағдарламасында журналист Ерғанат Көпжасардың сұрағы сұхбат беруші екі адресат арасында текетірестің пайда болуына алып келеді. Сұхбатқа мән берсек:

Журналист: Ермұрат мырза, осы ЖСДП-ны сіз 200 мың долларға сатып жіберді деген әңгіме рас па?

1-ші адресат (Ермұрат Бапи): Жоқ, бұл әңгіме былай...

2-ші адресат (Тазабек Сәмбетбай): Рас.
Журналист: Кімге саттыңыз?
1-ші адресат (Ермұрат Бапи): Ол партияны мен төраға болған кезде...
2-ші адресат: Саяси сахнаны базар қылды.
1-ші адресат (Ермұрат Бапи): Әй, сен тұра тұрсайшы...
2-ші адресат: Саудагер, көпес!

Осысәттебіріншіадресатекіншіадресатқастакандағысудышашып, төбелесшығарады. Яғни, журналист тарапынан қойылған сауалға жауап берілмей, екі адресатта текетірес тактикасын қолданады. Аталған тактика сұхбат дискурсында жиі қолданылмайды. Алайда көрерменнің назарын аудару үшін, коммуникативті оқиғаның желісін бұзбау үшін адресаттар арасында орын алуы мүмкін. Бұл текетірес тактикасы сұхбат барысында адресаттың эмоциясының әрекетке ұласуын тудырады (қол жұмсайды, төбелеседі). Бұл тактика негізінен сұхбатқа қатысушы ер азаматтар арасында өтеді. Олардың гендерлік ерекшеліктеріне сәйкес, ер азаматтар көп сөйлемейді, қысқа жауап қайырады. Жауап беруге қиналған сәтте ғана немесе журналистің сауалы шамына тисе ғана сұхбат соңы осындай төбелеске ұласуы мүмкін. Бұны біз анықтаған текетірес тактикасы арқылы көруге болады.

Нәтижелер. Сұхбат дискурсында қолданылатын сөйлеу тактикаларының негізгі мақсаты сұхбат беруші адресаттың тұлғалық болмысын, дүниетанымын, әлеуметтік ұстанымын және коммуникативтік мінез-құлқын барынша жан-жақты ашу болып табылады. Бұл үдеріс тек ақпарат алмасумен шектелмей, адресаттың ішкі әлемін, көзқарастар жүйесін және бағалау позициясын айқындауға бағытталады. Осы тұрғыдан алғанда, сұхбат дискурсы – көпқабатты, прагматикалық және интерактивті сипатқа ие күрделі коммуникативтік құбылыс.

Сұхбаттың мазмұнын ұйымдастыру және оны көрерменге (немесе оқырманға) тиімді түрде ұсыну журналистің кәсіби құзыреттілігіне, тілдік шеберлігіне және коммуникативтік стратегияларды орынды таңдай білу қабілетіне тікелей байланысты. Журналист сұхбатты белгілі бір стратегияға – ынтымақты немесе қақтығысты модельге негіздей отырып құрастырады. Бұл таңдау сұхбаттың мақсатына, тақырыбына, адресаттың ерекшеліктеріне және коммуникациялық жағдаяттың сипатына тәуелді. Сұхбат дискурсындағы коммуникативті қадамдар екі тараптан да – журналист пен сұхбат беруші тарапынан жүзеге асады. Бұл өзара әрекеттестік диалогтың динамикасын айқындап, оның бағыт-бағдарын белгілейді. Зерттеу аясында сұхбат дискурсында қолданылатын коммуникативті стратегиялар шартты түрде екі негізгі түрге жіктеледі: ынтымақты және қақтығысты стратегиялар. Ынтымақты стратегиялар сұхбат үдерісінде өзара түсіністік пен сенімділікті қалыптастыруға бағытталады. Мұндай стратегиялар тақырыпты өзгерту, тақырыпты дамыту, сұхбат берушіні қолдау, ұсыныс білдіру сияқты тактикалар арқылы жүзеге асады. Аталған тактикалар коммуникацияның үйлесімді өрбуіне, ақпараттың еркін әрі толық жеткізілуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар сұхбат берушінің ашық болуына, өз ойын еркін жеткізуіне ықпал етеді. Ал қақтығысты стратегиялар, керісінше, пікір қайшылығын туындату немесе жасырын ақпаратты айқындау мақсатында қолданылады. Бұл жағдайда жауаптан жалтару, қарсы сұрақ қою, текетірес ұйымдастыру сияқты тактикалар іске қосылады. Мұндай тәсілдер көбіне проблемалық мәселелерді ашуда, қайшылықтарды анықтауда немесе сұхбат берушінің шынайы позициясын айқындауда тиімді болып табылады. Дегенмен, оларды қолдану жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді, себебі коммуникативтік шиеленіс сұхбаттың жалпы атмосферасына кері әсер етуі мүмкін. Әрбір тактиканың таңдалуы мен жүзеге асырылуы сұхбаттағы нақты коммуникативтік оқиғаның мазмұнына, мақсат-міндеттеріне және контекстік ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Осыған байланысты, сұхбат дискурсында кейіпкер болмысын ашуға бағытталған тактикалардың жүйесі жоғарыда аталғандармен шектелмейді. Бұл салада қосымша тактикаларды анықтау, олардың қызметін, құрылымын және прагматикалық әсерін жан-жақты талдау болашақ зерттеулердің өзекті бағыттарының бірі болып табылады..

Қорытынды. Коммуникативтістратегиябұлқарым-қатынасүдерісінұйымдастырудың кешенді әрі жүйелі үлгісі болып табылады. Ол коммуникацияның барлық деңгейлерін (мақсат қою, мазмұн таңдау, тілдік құралдарды іріктеу, адресат ерекшеліктерін ескеру, контексті бағалау) қамти отырып, ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге бағытталады. Коммуникативті стратегия сөйлеушінің ниеті мен мақсатын жүзеге асыруға негізделген және белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортада тиімді тілдесімді қамтамасыз ететін сөйлеу әрекеттерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ол дискурстың құрылымын, логикалық жүйесін және прагматикалық бағдарын айқындайды. Ал сөйлеу тактикасы – коммуникативті стратегияны нақты жүзеге асыру барысында қолданылатын жекелеген амал-тәсілдер мен мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы. Ол қысқа мерзімді мақсаттарды көздей отырып, нақты коммуникативтік жағдаятта қажетті нәтижеге жетуге немесе ықтимал жағымсыз әсерлердің алдын алуға бағытталады. Сөйлеу тактикасына аргументация тәсілдері, сұрақ қою, реплика беру, эмоциялық реңкті реттеу, вербалды және вербалды емес құралдарды үйлесімді пайдалану сияқты компоненттер жатады, яғни тактика стратегияның практикалық деңгейдегі көрінісі. Коммуникативті стратегия мен сөйлеу тактикасының өзара үйлесімді әрі орынды қолданылуы қарым-қатынас тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл құбылыс сұхбаттасушылар арасында сенімділік пен өзара түсіністікті қалыптастырып, психологиялық қолайлы атмосфера туғызады. Нәтижесінде коммуникация үдерісі мақсатқа сай ұйымдастырылып, ақпарат алмасу сапасы артады, ал сұхбаттың нәтижелілігі мен тиімділігі жоғары деңгейге көтеріледі. Сонымен қатар, мұндай үйлесім тұлғааралық қатынастарды нығайтып, кәсіби және әлеуметтік ортада табысты өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Gesch-Karramanlidis E. Reflecting on novice qualitative interviewer mistakes. The Qualitative Report, 2015. – 726 p.

2. Голованова Е. Эгоцентрический стиль в современной научной коммуникации // Челяб. гуманитарий. – 2012. –№ 4. – С. 33-37.

3. Дейк ван Т. Язык. Познание. Коммуникация / Т.Ван Дейк. – М.: Прогресс, 1989. – 321 с.

4. Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речиь / О.С. Иссерс. – М.: Наука, 2008. – 288 с.

5. Борисова И.Н. Дискурсивные стратегии в разговорном диалоге. – Екатеринбург: Урал. гос. ун-т имени А.М. Горького, 2011. – С. 21-48.

6. Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Эксмо, 2017. – 650 б.

7. Шамьенова Г.Р. Принцип вежливости как особая коммуникативно-прагматическая категория в русском речевом общении: дис. . канд. филол. наук // Саратов. – 188 с.

8. Кантор Ю. З. Диалогический текст интервью в коммуникативном аспекте: Автореф. дис. … канд. филол. наук. – СПб., 2001. – 56 с.

9. Ильченко, С. Н. Интервью в журналистике: как это делается : учеб. Пособие. – СПб. : С.-Петерб. гос. ун-т Высш. шк. журн. и мас. коммуникаций, 2016. – 236 с.

10. Әбдіжәділқызы Ж. Таңғы көңілашар бағдарламалардағы сұхбат жанрының кәсіби деңгейі мен заманауи аудиториясы // ҚазҰУ Хабаршы. Журналистика сериясы. – №2. – 2023. DOI: https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v68.i2.03

11. Мамаева Г. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер. филол. ғылым. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 153 б.

12. Тұрдалиева Р. Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолингвистикалық талдау: филол. ғылым. канд. дис.: 10.02.02. – Алматы, 2009. – 125 б.

Б.Е. АКМАГАМБЕТОВА, Г.А. САРСЕКЕ
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
И. ШАХИН
Эгейский университет, Измир, Турция

КОММУНИКАТИВНАЯ СТРАТЕГИЯ И ТАКТИКА В ДИСКУРСЕ ИНТЕРВЬЮ: ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ

Аннотация. Статья посвящена определению коммуникативной стратегии и тактики, используемых в дискурсе интервью. Коммуникативная стратегия и тактика, используемые журналистом для раскрытия образа интервьюера, являются основой для успешного диалогического участия. В исследовательской работе использовались аналитический метод для дифференциации собранных интервью, комплексные методы исследования для когнитивного и дискурсивного анализа. В ходе исследования речевые стратегии были классифицированы как солидарные и конфликтные. Предполагается, что солидарные стратегии устанавливаются с помощью тактики изменения темы, развития темы, поддержки, предложения, а конфликтная речь определяется тактикой уклонения от ответа, встречного вопроса. Научные суждения и выводы, полученные в результате исследования, дополняют теорию дискурса, область коммуникативной лингвистики новыми научными предположениями. Данное исследование направлено на выявление коммуникативных стратегий и тактик, используемых в дискурсе интервью, и анализ особенностей их использования.

Ключевые слова: коммуникативная стратегия, тактика, коммуникативный шаг, фоновые знания, гендер, интервью.

B.E. AKMAGAMBETOVA, G.A. SARSEKE
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
I. SHAHIN
Ege University, Izmir, Turkey

COMMUNICATION STRATEGY AND TACTICS IN INTERVIEW DISCOURSE: APPLICATION FEATURES

Annotation. The article is devoted to the definition of the communicative strategy and tactics used in the interview discourse. The communicative strategy and tactics used by the journalist to reveal the image of the interviewer are the basis for successful dialogical participation. The research used an analytical method to differentiate the collected interviews, as well as comprehensive research methods for cognitive and discursive analysis. In the course of the study, speech strategies were classified as solidarity and conflict. It is assumed that solidarity strategies are established using tactics of topic change, topic development, support, suggestions, and conflict speech is determined by tactics of evasion, counter-question.

The scientific judgments and conclusions obtained as a result of the research complement the theory of discourse and the field of communicative linguistics with new scientific assumptions. This research is aimed at identifying the communication strategies and tactics used in the interview discourse and analyzing the specifics of their use.

Keywords: communicative strategy, tactics, communicative step, background knowledge, gender, interview.

References

1. Gesch-Karramanlidis E. Reflecting on novice qualitative interviewer mistakes. The Qualitative Report, 2015. – 726 p.

2. Golovanova E. . Egosentricheski stil v sovremennoi nauchnoi komunikasii // Cheläb. gumanitari. – 2012. –№ 4. – S. 33-37.

3. Deik van T. İazyk. Poznanie. Komunikasia / T. van Deik. – M.: Progres, 1989. – 321 s.

4. İssers O.S. Komunikativnye strategii i taktiki ruskoi rechi / O.S. İssers. – M.: Nauka, 2008. – 288 s.

5. Borisova İ.N. Diskursivnye strategii v razgovornom dialoge. – Ekaterinburg: Ural. gos. un-t imeni A.M. Görkogo, 2011. – S. 21-48.

6. Bahtin M.M. Problemy poetiki Dostoevskogo. – M.: Eksmo, 2017. – 650 b.

7. Şamenova G.R. Prinsip vejlivosti kak osobaia komunikativno-pragmaticheskaia kategoria v ruskom rechevom obşenii: dis. . kand. filol. nauk // Saratov. – 188 s.

8. Kantor İu. Z. Dialogicheski teks intervü v komunikativnom aspekte: Avtoref. dis. … kand. filol. nauk. – SPb., 2001. – 56 s.

9. İlchenko, S. N. İntervü v jurnalistike: kak eto delaetsä : ucheb. Posobie. – SPb. : S.-Peterb. gos. un-t Vysş. şk. jurn. i mas. komunikasi, 2016. – 236 s.

10. Äbdıjädılqyzy J. Tañğy köñılaşar bağdarlamalardağy sūhbat janrynyñ käsıbi deñgeii men zamanaui auditoriasy // QazŪU Habarşy. Jurnalistika seriasy. – №2. – 2023. DOI: https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v68.i2.03

11. Mamaeva G. Erler men äielderdıñ söz qoldanysyndağy erekşelıkter. filol. ğylym. kand. dis.: 10.02.02. – Almaty, 2003. – 153 b.

12. Tūrdalieva R. Körkem mätındegı genderlık sipat: psiholingvistikalyq taldau: filol. ğylym. kand. dis.: 10.02.02. – Almaty, 2009. – 125 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Акмагамбетова Бибигуль Ерсаиновна – *Л*.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Акмагамбетова Бибигуль Ерсаиновна – докторант Евразийского национального университет имени *Л*.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Akmagambetova Bibigul Yersainovna – doctoral student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Сәрсеке Гүлнәр Әдебиетқызы – филология ғылымдарының кандидаты, *Л*.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Сарсеке Гульнар Адебиеткызы – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университет имени *Л*.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Sarseke Gulnar Adebietkyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Ибрахим Шахин – философия докторы (PhD), Еге университетінің профессоры, Измир, Түркия.

Ибрахим Шахин – доктор философии (PhD), профессор Эгейского университета, Измир, Турция.

Ibrahim Shahin – Doctor of Philosophy (PhD), professor at the Ege University, Izmir, Turkey.

ҒТАМР 16.01.07
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.02

***Д.Қ. БЕРГІБАЕВА[1]**
С.А. КЕНЖЕҒАЛИЕВ[2]
С.К. СЕРДАЛИНА[3]
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан[1,2]
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[3]
(e-mail: dinara.kaldybekkyzy@mail.ru[1], sayan582@mail.ru[2], saniya_serdalina@mail.ru[3])

ДІЛДІК ЛЕКСИКОН ЖӘНЕ ҚОСТІЛДІЛІК

Аңдатпа. Мақалада ділдік лексиконның қостілділік жағдайында қалыптасуы мен өзгеруі, екі тілдің сөздік жүйесінің семантикалық, прагматикалық және когнитивтік әсері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі бүгінгі қостілді қоғам жағдайында қостілділердің тілдік санасында сөздердің қалай ұйымдасатынын, қандай мағыналық байланыстар басым болатынын және екі тіл арасындағы бәсекелестік пен өзара толықтыру механизмдерінің қалай іске асатынын түсіндіру қажеттілігінен туындайды. Мақалада қостілді ділдік лексиконның құрылымына әсер ететін негізгі факторлар (тілдік орта, доминант тіл, тілдік тәжірибе, қолдану жиілігі, әлеуметтік-когнитивтік жағдайлар) талданып, әр тілдегі лексикалық элементтердіңбелсендіүдеріскетүсужылдамдығыменмағыналықжелілердегіорын ауыстыруы сипатталады. Сондай-ақ, қазіргі психолингвистикадағы ассоциациялық эксперименттер, сөзді тану жылдамдығын өлшеу әдістері және семантикалық өрістерді картографиялау тәсілдері қостілді тұлғалардың ішкі лексикалық жүйесін анықтаудың тиімді құралдары ретінде қарастырылады. Жүргізілген талдау екі тілдегі лексемалардың мағыналық байланыстары кейде бірін-бірі күшейтіп, кейде интерференция туғызатынын, бұл өз кезегінде сөйлеу үдерісіндегі сөз таңдауға, мағынаны белсенді үдеріске енгізуге және коммуникативтік шешім қабылдауға ықпал ететінін дәлелдейді. Мақала нәтижелері қостілділік жағдайындағы ділдік лексиконды зерттеудің тіл үйрету, когнитивтік диагностика, билингвтердің сөйлеу стратегияларын болжау және тілдік өзара әрекетті оңтайландыру тұрғысынан маңызды.

Түйін сөздер: ділдік лексикон, қостілділік, психолингвистика, семантикалық желі, тілдік сана, мәдени код, ассоциация.

Кіріспе. Қазіргі антропоөзектік лингвистикада адамның ішкі семантикалық жүйесі ретінде қарастырылатын ділдік лексикон тілдік сананың негізгі құрылымы ретінде маңызды зерттеу нысанына айналды. Әсіресе қостілділік жағдайында адам санасында екі түрлі тілдік жүйенің тоғысуы бұл мәселені одан сайын өзекті етеді. Қостілділік қазіргі әлемде табиғи әлеуметтік құбылысқа айналды. Бірнеше тілді қатар қолданатын адамның когнитивтік жүйесі монолингвке қарағанда өзгеше ұйымдасатыны соңғы онжылдықтардағы зерттеулерде дәлелденіп келеді. Әсіресе ділдік лексиконның құрылымы қостілділерде динамикалық түрде қайта қалыптасады, екі тілдің семантикалық өрістері бір-бірімен қабысып, когнитивтік жүйеде ортақ мағыналық кеңістік құра алады.

Зерттеудің мақсаты қостілділік жағдайындағы ділдік лексиконның ерекшеліктерін анықтау. Ділдік лексикон адамның сөздерді қабылдау, сақтау және белсенді үдеріске енгізу

механизмдерінің когнитивтік негізі. Қостілділік жағдайында бұл құрылым күрделене түсіп, тілдер арасында бәсеке, интерференция, мағыналық жылысу сияқты үдерістер пайда болады. Қостілділік жағдайындағы ділдік лексиконды зерттеу мәдени, когнитивтік және эксперименттік жүйеледі біріктіруді қажет етеді. Қостілділіктің когнитивтік ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу білім беру, аударма салаларында маңызды рөл атқарады.

Қолданылған әдістер мен алынған нәтижелер қостілділікті зерттеудің теориялық және практикалық негіздерін кеңейтуге ықпал етеді. Қостілділік жағдайындағы ділдік лексикон – когнитивтік, мәдени және эмоциялық үдеіседің тоғысында қалыптасатын күрделі құбылыс. Қазақ, орыс және ағылшын ғалымдарының зерттеулерін салыстыру қостілділіктің әртүрлі қырларын ашуға мүмкіндік береді. Қазақ ғалымдары ұлттық мәдениет пен поэзияға ерекше назар аударса, орыс ғалымдары когнитивтік және әлеуметтік аспектілерді зерттеуде алға шығады. Ал, ағылшын ғалымдары нейролингвистикалық әдістер мен эксперименттерді кеңінен қолданады. Бұл зерттеулер қостілді қоғамдардағы білім беру жүйесін жетілдіру, аударма сапасын арттыру және тіл саясатын дамыту үшін маңызды практикалық құрал бола алады. Сонымен қатар, когнитивтік және эмоциялық ерекшеліктерді терең зерттеу қостілділіктің адам танымына әсерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қостілділік – қазіргі заманғы жаһандану үдерісінде адамдардың мәдени және тілдік бірегейлігін сақтау мен дамыту тұрғысынан маңызды құбылыс. Қостілді адамның ділдік лексиконы – екі немесе одан да көп тілдердің әсерінен қалыптасатын ерекше когнитивтік жүйе. Бұл жүйе адамның сөздік қорын, тілдік бірліктердің мағыналық байланыстарын және олардың адам жадында ұйымдастырылуын қамтиды. Қазақ ғалымдары қостілділік жағдайындағы ділдік лексиконды көбіне ұлттық мәдениет тұрғысынан қарастырады. А.Б.Қайдаров атап өткендей, «Қостілді адамның ділдік лексиконы үстем тілдің ықпалымен өзгереді, бірақ бұл ықпал ұлттық ұғымдардың маңызын жоққа шығармайды» [1, 112]. Мысалы, қазақ және орыс тілінде қатар сөйлейтін билингвтер үшін қазақ тіліндегі «тұңғиық» сөзі орыс тіліндегі «глубина» сөзінен терең философиялық мазмұнға ие екені анықталды. Шетел ғалымдары қостілділік жағдайындағы ділдік лексиконның құрылымы мен динамикасына ерекше назар аударады. Л.В.Щерба қостілді адамның ділдік лексиконының екі тілдің біртұтас жүйесінде әрекет ететінін және бұл жүйе жағдайға байланысты өзгеретінін атап көрсетеді [2, 98]. Оның пайымдауынша, лексикалық жүйелер бір-біріне әсер етуші динамикалық құрылымдар ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, Л.С.Выготский ділдік лексиконды мәдени-тарихи теория тұрғысынан зерттеп, «Қостілділік когнитивтік даму мен логикалық ойлаудың кеңеюіне ықпал етеді» [3, 134], – деп тұжырымдайды. Бұл бағытта орыс ғалымдары психолингвистикалық эксперименттерді жиі қолданады, мысалы, қостілділердің екі тілдегі сөздерді еске түсіру жылдамдығын зерттеу, екі тілдегі сөздік қордың дамуын қадағалау және тағы басқалары. Сондай-ақ, зерттеушілер қостілділікті когнитивтік және нейролингвистикалық тұрғыдан зерттеуге басымдық береді. М.Парадис қостілділердің ділдік лексиконы туралы былай деп жазады: «Екі тілдің сөздік қорлары бір-бірімен байланысады, бірақ әртүрлі тілдік мәнмәтінге байланысты әртүрлі дәрежеде іске қосылады» [4, 89]. Оның зерттеулері ми құрылымдары мен лексикалық байланыстардың нейрондық негіздерін ашуға бағытталған. А.Павленко өз еңбектерінде эмоциялық резонанстың қостілді адамның сөздік қорына әсерін зерттеді. Оның тұжырымы бойынша, «Қостілділер бірінші тілдің сөздеріне күшті эмоциялық мән береді, бұл олардың екінші тілде қарым-қатынас жасау кезінде белгілі бір қиындықтарға әкелуі мүмкін» [5, 56].

Ділдік лексикон – адамның ішкі семантикалық базасы, тілдік бірліктерді қабылдау, сақтау және белсенді қолдану механизмдерінің жиынтығы. Алғаш рет бұл ұғымды ғылыми айналымға енгізген Дж.Лайонз, Ч.Филлмор, Г.Айхенбаум тәрізді зерттеушілер сөз мағынасының психикалық табиғатын сипаттаған болатын [6, 56]. Кейінірек А.А.Потебня, Н.И.Жинкин, А.Р.Лурия еңбектері бұл мәселені когнитивтік тұрғыдан толықтыра түсті. Ал, қостілділік жағдайындағы ділдік лексикон жайлы өнімді еңбек еткен зерттеушілердің бірі Ф.Гросжан. Екі тілдің семантикалық жүйесі бір адамның санасында қатар қызмет

етіп, өзара әрекеттесетіндіктен, бұл бағыт көпшілікке қызықты әрі күрделі болып көрінді. Ф.Гросжан қостілді адамның вербалды механизмін «екі бөлек жүйеден құралған емес, тұтас бір интеграцияланған когнитивтік құрылым» ретінде көрсетеді [7, 14]. Сондықтан қазақ қоғамындағы қостілділік үшін бұл тақырып аса өзекті. Қазақстанда ерте жастан екі тілде білім алу, әлеуметтік ортада екі тілдің қатар қолданылуы ділдік лексиконның қалыптасу ерекшелігін күрделендіреді. Қостілділікке қатысты зерттеулерде К.Байрон қостілді тұлғаларда когнитивтік икемділік жоғары болатынын атап өтеді [8, 50]. Оның пікірінше, екі тілдің өзара жарысуы ділдік лексиконды үздіксіз белсенді күйде ұстайды. Т.А.Антонова қостілді адамның лексиконы екі бөлек жүйе емес, «біртұтас когнитивтік кеңістікке бірігіп орналасқан» деп көрсетеді [9, 41]. Ж.Кролл екі тілдің лексикалық жүйесі ми деңгейінде әрдайым бәсекеде болатынын, сөздерді белсенді үдеріске енгізу кезінде «қосарланған активтену» жүретінін дәлелдеді [10, 112]. У.Левелт сөйлеу өндірісінің сатылы моделінде сөзді белсенді үдеріске енгізу үдерісі мағына деңгейінен басталып, морфологиялық және фонологиялық деңгейлер арқылы жүзеге асатынын көрсетеді [11, 214]. Бұл модель қостілділікте екі тілдің мағыналық деңгейде ортақ, формалық деңгейде бөлек ұйымдасатынын түсіндіруге мүмкіндік береді. Демек, қостілділік жағдайындағы ділдік лексиконның өзіндік ерекшеліктері екі тілдің деңгейінде жүзеге асады.

Қостілді ортада лексикалық интерференцияның пайда болуы – заңды құбылыс. Бұл туралы А.Павленко қостілді адамның сөз қолданысында семантикалық ауысулар мен мағыналық қабаттасулар жиі кездесетінін атап өтеді [12, 89]. Мұндай ерекшеліктер тілдік тұлғаның лексикалық санасының кеңеюімен тікелей байланысты. Э.Сүлейменова қостілділік жағдайында қазақ тілінің лексикалық жүйесі жаңа коммуникативтік қызметтерді игеретінін көрсетеді [13, 156]. Ғалымның пікірінше, қостілділік – тілдің дамуына кедергі емес, керісінше оның функционалдық әлеуетін арттыратын фактор. Осыған ұқсас көзқарасты С.Бейкер де ұсынады. Ол қостілді тұлғаның лексикалық репертуары монолингвке қарағанда анағұрлым кең болатынын және бұл когнитивтік артықшылықтарға әкелетінін дәлелдейді [14, 73]. Демек, қостілділік лексикалық дамудың маңызды тетігі ретінде бағалануы тиіс.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Жоғарыда атап өтілгендей, ділдік лексикон мен қостілділік ұғымын зерттеушілер әр қырынан, түрлі әдістермен қарастырған. Зерттеудің негізгі міндеті – қостілділердің ділдік лексиконында (ментальды лексиконда) тілдік бірліктердің қалай сақталатынын, өзара байланысын және оларды тану үдерісінің жылдамдығы мен дәлдігін анықтау. Зерттеуге қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген 30 респондент қатыстырылды. Қатысушылардың тілдік құзыреттілігі алдын ала анықталып, олардың екі тілде де жоғары деңгейде коммуникативтік қабілетке ие екендігі ескерілді. Тәжірибе барысында респонденттерге мағыналық тұрғыдан өзара сәйкес келетін (синонимдік қатарлар) және бір-біріне қарама-қарсы (антонимдік жұптар) 50 лексикалық бірлік ұсынылды. Бұл сөздер екі тілде де ұсынылып, қатысушылардың оларды тану жылдамдығы (реакция уақыты) мен семантикалық топтарға дұрыс жіктеу сапасы арнайы өлшемдер арқылы тіркелді. Зерттеу әдістемесінде психолингвистикалық талдау, салыстырмалы талдау және сандық өңдеу тәсілдері қолданылды. Атап айтқанда, респонденттердің жауап беру уақыты мен қателік көрсеткіштері есепке алынып, олардың тілдер арасындағы семантикалық ассоциациялар құру ерекшеліктері сараланды. Сонымен қатар, сөздердің қай тілде ұсынылуына байланысты тану жылдамдығының өзгеруі, яғни бірінші және екінші тілдің өзара ықпалы да назарға алынды. Алынған нәтижелер қостілділердің ділдік лексиконында екі тілдің лексикалық бірліктері өзара тығыз байланыста сақталатынын және белгілі бір жағдайларда бір тілдегі мағыналық құрылымдардың екінші тілдегі бірліктерді тануға әсер ететінін көрсетті. Бұл құбылыс интерференция және трансфер механизмдері арқылы түсіндіріледі. Сонымен қатар, семантикалық тұрғыдан жақын сөздерді тану жылдамдығының жоғары болуы олардың ортақ концептуалдық өріске бірігетінін аңғартса, қарама-қарсы мағыналы бірліктерді ажырату барысында когнитивтік өңдеудің күрделірек деңгейі байқалды.

Талқылау мен бақылау. Талдау барысында мынаны аңғаруға болады:

• ана тіліндегі сөздер тезірек танылады, орташа есеппен жылдамдық екінші тілмен салыстырғанда шамамен 1,4 есе жоғары;

• екінші тілде берілген сөздерде мағынаны ажыратуға қосымша уақыт кетеді.

Бұл деректер туған тілдің когнитивтік басымдығының күшті екенін, сондай-ақ сол тілде қалыптасқан семантикалық торлардың терең әрі тұрақты болатынын айғақтайды. Екінші кезеңде респонденттерге екі тілде эмоциялық реңкі бар сөздер ұсынылды. Мысалы қазақ тіліндегі «махаббат» және орыс тіліндегі «любовь» сөздерінің эмоциогендік әсері бағаланды. Мұнда:

• көпшілік қатысушылар ана тіліндегі сөздерге әлдеқайда жылдам әрі күштірек эмоциялық жауап берген;

• екінші тілдегі бірліктер көбіне бейтарап, ресми сипатта қабылданған.

Бұл тұжырымдар А.Павленконың эмоциялық резонанс жөніндегі теориясын толықтай растайды: қостілді адамның бірінші тілімен байланысты сөздер эмоционалдық деңгейде анағұрлым терең бекітіледі [5, 93]. Жалпы тәжірибелер қостілді тұлғаның ділдік лексиконы екі тілдің өзара әрекеттесуінің негізінде қалыптасатынын көрсетті. Мұндай лексиконның бірнеше айқын қыры бар:

1. Екі тілдегі ұқсас мағыналар параллель ұйымдасады: мысалы, су – вода;

2. Мағыналық үйлеспеушілік орын алады: мысалы, көш (қазақ) сөзінің өрісі переезд (орыс) сөзімен толық сәйкес келмейді;

3. Код араластыру қалыпты құбылысқа айналады: «Бүгін meeting бар», «Кейін project жасаймыз» тәрізді гибрид құрылымдар жиі кездеседі.

Ф.Гросжан билингвтің лексикалық жүйесін «екі тілдің арасында орналасқан динамикалық қақпа» ретінде сипаттап, белсендірілген тіл қайсысы болса, сол тілдегі сөздер бірінші болып активтенетінін түсіндіреді [7, 48]. Ж.Кролл қостілділерде сөзді еске түсірудің бір тілдегілермен салыстырғанда баяуырақ болуы екі тілдің бір мезгілде іске қосылуымен түсіндіріледі деп көрсетеді [10, 115]. М.Парадис қостілділік когнитивтік әлеуетті кеңейткенмен, тілдер арасындағы ықпалдың (интерференцияның) күшею қаупін арттыратынын дәлелдеп берген [4, 102]. Қостілді ортада ділдік лексикон тек бір тілдің деректерімен шектелмейді; керісінше, екі тілдегі сөздер, мағыналық өрістер және грамматикалық үлгілер өзара тоғысып, күрделі жүйе құрайды. Мұндай синтез нәтижесінде тілдік санада әртүрлі тілдердегі баламалар бір уақытта қолжетімді болады. Мысалы, «кітап» сөзін естіген қостілді адамда автоматты түрде кітап–книга–book тәрізді үштік байланыстар іске қосылуы мүмкін. Осындай құрылым жаңа лексемаларды меңгеруді жылдамдатса да, екінші жағынан интерференцияны күшейтіп, сөздер мен мағыналарды шатастыру қаупін арттырады. Сондықтан қостілді аудиторияда тілдік білім беруде ділдік лексиконның ерекшеліктерін ескеру аса маңызды. Ф.Гросжанның семантикалық асимметрия туралы тұжырымында билингвтің сөздік жүйесінде лексикалық қолжетімділік әр тілдің тәжірибесіне қарай әртүрлі деңгейде жүзеге асатыны айтылады. Ана тіліндегі сөздер терең концептуалдық байланыстарға ие болса, екінші тілдегі сөздер бастапқы кезеңде көбіне фонологиялық сәйкестік арқылы бекінеді. Қазақ–орыс билингвтері үшін «жер» сөзінің толық мәндік өрісін (топырақ, аймақ, жер-ана») меңгеру үшін уақыт керек болуы мүмкін. Ж.Кролл мен А.Гроттың иерархиялық моделі қостілді лексиконды үш деңгей арқылы түсіндіреді: лексема (дыбыстық форма), лемма (мағына) және концепт (жалпыланған ұғым) [10, 115]. Қос тіл арасындағы байланыс бастапқы кезеңде дыбыстық форма арқылы жүзеге асса, тәжірибе артқан сайын семантикалық деңгейге ауысады. Ассоциативтік модельдер бойынша қостілді адамға бір тілдегі сөз ұсынылғанда, екінші тілдегі балама да автоматты түрде белсенді үдеріске енеді. Мысалы, «қала» сөзі берілсе, көптеген респонденттерде бірден «город» ассоциациясы пайда болады. Қостілді ресонденттер арасында жүргізілген сауалнама мынадай нәтижелерді көрсетті:

• жаңа сөзді есте сақтау кезінде қатысушылардың 70%-ы алдымен орысша нұсқасын еске түсіретінін айтқан;

• қазақтың этномәдени лексикасы (жусан, асар, қымыз) тікелей қабылданады;

• қателіктердің басым бөлігі семантикалық сәйкессіздікке байланысты интерференциядан туындайды.

Жалпы, қостілділердің ділдік лексиконы бірнеше сипатқа ие:

• тілдер арасындағы автоматты ассоциативтік байланыстар;

• интерференциялық қателіктердің жиілігі;

• мәтін ішінде код ауыстыру құбылысының тұрақтылығы;

• мәдени мағыналардың бірінші тіл арқылы жақсырақ бекітілуі.

• М.Парадис қостілді адамның миында тілдер оқшау емес, өзара функционалдық байланыста орналасатынын атап өтеді [4, 91]. Сол себепті бір тілдегі сөзді қолдану кезінде екінші тілдің элементтері де бейсаналы түрде белсенді үдеріске енгізеді. А. де Гроот қостілді лексиконды екі модельмен түсіндіреді:

• бөлек сақтау моделі: тілдік жүйелердің байланысы әлсіз;

• ортақ сақтау моделі: екі тіл ортақ концепт арқылы біріктіріледі [10, 120].

Тілді еңді меңгерушілер әдетте бірінші модельге тәуелді болса, тәжірибесі артқанда екінші модельге өтеді. Қостілді балалардың когнитивтік жүйесі анағұрлым икемді болады. Соңғы жылдары қостілділік нейробиологиялық деңгейде де зерттеліп келеді. У.Тьерридің қытай–ағылшын қостілділеріне жүргізген зерттеулері ағылшын сөзін оқығанда қытай графемалары бейсаналы түрде іске қосылатынын дәлелдесе, Дж.Кролл мен Д.Грин ұсынған нейрокогнитивтік модельде тілдер арасындағы ауысуды бақылауға жауапты жүйке тетіктері анықталған. Нейропсихологиялық және когнитивтік деректер қостілді мидың екі тілдегі ақпаратты қатар өңдеп, мағынаны белсендіру кезінде екі жүйені бір мезетте іске қосатынын көрсетеді. Бұл тілдер арасындағы бәсекелестікті де, өзара толықтыру мүмкіндігін де күшейтеді. Демек, қостілділік ділдік лексиконды икемді, динамикалық және үнемі жаңарып отыратын құрылымға айналдырады.

Нәтижелер. Зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, қостілділік жағдайындағы ділдік лексикон ана тілі мен екінші тілдің өзара байланысы арқылы құрылады. Қазақ және шетел ғалымдарының көзқарастарын салыстыра отырып, олардың қостілділікке әртүрлі әдіснамалық тәсілдерді қолданғаны анықталды. Қазақ ғалымдары ұлттық мәдениет пен тілдің бірегейлігіне назар аударса, орыс зерттеушілері психолингвистикалық талдауларға басымдық береді. Ал, ағылшын тілді ғалымдар нейролингвистикалық және когнитивтік эксперименттерді кеңінен қолданады. Зерттеу нәтижелері қостілділік жағдайында ділдік лексиконның екі деңгейлі құрылымға ие екенін көрсетті:

1. ұлттық-мәдени ядро;

2. қостілді коммуникацияға бейімделген периферия.

Сондай-ақ, қостілді ділдік лексикондағы мынадай ерекшеліктерді бөліп көрсете аламыз:

1. Лексикалық бәсеке (lexical competition). Қостілді тұлғада сөзді еске түсіру кезінде екі тілдегі бірліктер бір мезгілде белсенді үдеріске түседі. Бұл құбылысты ғылыми әдебиеттерде лексикалық бәсеке (lexical competition) деп атайды. Мысалы, қазақ-орыс қостілдісіне «терезе» сөзі айтылса, санада бір мезетте «терезе» және «окно» сөздері іске қосылады.

2. Семантикалық жылысу. Көптеген қазақ-орыс қостілділері арасында мынадай құбылыстар кездеседі: «удобно» сөзі қазақшада «ыңғайлы» мағынасынан бөлек «қолайлы, дұрыс, оңтайлы» деген кеңейген мағынада қолданылуы; «жарайды» сөзінің орыс тіліндегі «ладно» мағынасына аса жақын эмоциогендік реңк алуы сияқты жағдайлар.

3. Концептуалдық араласу (conceptual blending). Қостілділерде екі тілдің бейнелері араласып, жаңа мағыналық кеңістік түзе алады. Мысалы, «жол» концепті қазақ мәдениетінде сакралды-мәдени мәнге ие болса, орыс тілінің әсерімен утилитарлық «дорога» ұғымымен бірігіп, ұлғайған семантикалық өріс құрады. Ана тіліндегі сөздердің жоғары когнитивтік қолжетімділігі, эмоционалдық резонансының күші және тез белсенуі туған тілдің семантикалық жүйесінің тереңдігін көрсетсе, екінші тілдегі бірліктер көбіне формалды

мағынаға сүйеніп белсенеді. Бұл құбылыс ділдік лексикондағы асимметрияның табиғи көрінісі болып табылады. Қостілділердің сөзді тану жылдамдығындағы айырмашылықтар, ассоциативтік жауаптардағы аралас кодтар мен мағыналық жылысулар тілдер арасында жасырын семантикалық көпірлердің бар екенін көрсетті. Аталған көпірлер бір жағынан жаңа лексиканы меңгеруді жеңілдетсе, екінші жағынан интерференция туғызып, сөз таңдауда қателікке әкелуі мүмкін. Сондықтан қостілді ортада тіл үйрету үдерісінде лексиконды тікелей семантикалық байланыстарға сүйеніп қалыптастыру аса маңызды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде қазақша мәдени кодқа байланысты сөздер көбіне эмоциялық және бейнелік сипатта, ал орысша реакциялар прагматикалық және бейтарап сипатта болғанына көз жеткізілді. Жүргізілген зерттеу қостілділердің тілдік санасында лексикалық бірліктердің ұйымдасу ерекшеліктерін, олардың семантикалық өңделу тетіктерін және екі тілдің өзара ықпал ету дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері қостілділік психолингвистикасы саласындағы теориялық тұжырымдарды толықтырып қана қоймай, тіл үйрету әдістемесінде, аударматану мен когнитивтік лингвистикада қолдануға негіз бола алады. Расында да, тілдік санада сөздің тек мағынасы емес, мәдени-әлеуметтік тәжірибесі жинақталады. Қостілділердің ділдік лексиконында қазақ тілінің мәдени-ұлттық мазмұны, орыс тілінің қалалық ақпараттық мазмұны немесе керісінше реттілікте осы екі тізбек бір жүйеде қатар өмір сүретіні анықталды. Зерттеу нәтижелері қазақ-орыс қостілді тұлғалардың ділдік лексиконы күрделі, динамикалық, көпқабатты құрылым екенін дәлелдеді. Бұл нәтижелер қостілді білім беру, тілдік саясат, когнитивтік лингвистика үшін маңызды ғылыми база бола алады.

Қостілді тұлғаның ділдік лексиконы – екі тілдің сөздік жүйесі өзара ықпалдасып, күрделі когнитивтік құрылым түзе алатын ерекше психолингвистикалық феномен. Жүргізілген талдау мен тәжірибелер бұл жүйенің біртұтас болғанымен, оның ішкі ұйымдасуы тілдік тәжірибе, доминант тіл, әлеуметтік орта және эмоционалдық факторлар арқылы әртүрлі деңгейде реттелетінін көрсетті. Зерттеу нәтижелері қостілді адамның санасында лексикалық бірліктер жеке-жеке емес, екі тілдің семантикалық, фонологиялық және мәдени кодтары тоғысқан интеграцияланған желі түрінде сақталатынын дәлелдейді. Зерттеу қостілді тұлғаның ділдік лексиконы тілдік жүйелердің механикалық қосындысы емес, мәдени, когнитивтік және психологиялық факторлардың тоғысынан қалыптасатын кешенді құрылым екенін дәлелдеп берді. Бұл нәтижелер қостілділік жағдайында тіл меңгертудің тиімді әдістерін жасауға, интерференцияны азайтуға, семантикалық желілерді күшейтуге және сөйлеу стратегияларын оңтайландыруға практикалық негіз қалыптастырады. Осылайша, қостілділікке тән ділдік лексиконды зерттеу тек лингвистикалық қана емес, когнитивтік ғылым, білім беру әдістемесі және нейролингвистика үшін де маңызды ғылыми бағыт бола алады.

Әдебиеттер

1. Қайдаров А.Б. Қазақ тілтанымының мәселелері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013. – 368 б.
2. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука, 1974. – 428 с.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Педагогика, 1982. – 288 с.
4. Paradis M. Neurolinguistic Theory of Bilingualism. – Amsterdam: John Benjamins, 2004. – 320 p.
5. Pavlenko A. Emotions and Multilingualism. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – 214 p.
6. Lyons J. Semantics. Vol.1-2. – Cambridge: Cambridge University Press, 1977. – 897 p.
7. Grosjean F. Studying Bilinguals. – Oxford: Oxford University Press, 2008. – 324 p.
8. Bialystok E. Bilingualism in Development: Language, Literacy, and Cognition. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 304 p.
9. Антонова Т.А. Ментальный лексикон билингва: структура и функционирование. – М.: Языки славянской культуры, 2018. – 192 с.

10. Kroll J.F., de Groot A. Handbook of Bilingualism: Psycholinguistic Approaches. – New York: Oxford University Press, 2005. – 610 p.

11. Levelt W. Speaking: From Intention to Articulation. – Cambridge, MA: MIT Press, 1989. – 566 p.

12. Pavlenko A. The Bilingual Mental Lexicon. Journal of Psycholinguistic Research, 2009. – Vol. 38(1). – P. 71-98.

13. Сүлейменова Э.Д. Тілдік сана және қостілділік. ҚР ҰҒА Хабаршысы. Филология сериясы, 2016. – №3. – 150-160 б.

14. Baker C. Bilingual Education and Bilingualism. Applied Linguistics, 2011. – Vol. 32 (1). – P. 65-85.

Д.К. БЕРГИБАЕВА, С.А. КЕНЖЕГАЛИЕВ,
Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан
С.К. СЕРДАЛИНА
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

МЕНТАЛЬНЫЙ ЛЕКСИКОН И БИЛИНГВИЗМ

Аннотация. В статье рассматривается формирование и трансформация ментального лексикона в условиях билингвизма, а также семантические, прагматические и когнитивные механизмы взаимного влияния двух языковых систем. Актуальность исследования обусловлена необходимостью объяснить, каким образом в сознании билингвов организуются словарные единицы, какие типы смысловых связей оказываются доминирующими и как реализуются механизмы конкуренции и взаимодополнения между двумя языками в современной двуязычной среде. В статье анализируются ключевые факторы, влияющие на структуру ментального лексикона билингвов (языковая среда, доминантный язык, длительность языковой практики, частотность использования, социально-когнитивные условия), а также описываются особенности активации лексических элементов в каждом языке и их перераспределение в семантических сетях. Ассоциативные эксперименты, методы измерения скорости словесного распознавания и техники картографирования семантических полей рассматриваются как эффективные инструменты выявления внутренней лексической организации билингвов. Проведённый анализ демонстрирует, что семантические связи между лексемами двух языков могут как усиливать друг друга, так и порождать интерференцию, что влияет на выбор слов, скоростьсмысловойактивацииипринятиекоммуникативныхрешений. Полученныерезультаты подтверждают значимость изучения ментального лексикона в условиях билингвизма для разработки методов обучения языкам, когнитивной диагностики, прогнозирования речевых стратегий билингвов и оптимизации межъязыкового взаимодействия.

Ключевые слова: ментальный лексикон, билингвизм, психолингвистика, семантическая сеть, языковое сознание, культурный код, ассоциация.

D.K.BERGIBAYEVA, S.A.KENZHEGALIEV
Karagandy National Research University named after academician E.A.Buketov, Karagandy, Kazakhstan
S.K. SERDALINA
Eurasian National University named after L.N.Gumilyov, Astana, Kazakhstan

MENTAL LEXICON AND BILINGUALISM

Annotation. The article examines how the mental lexicon is formed and transformed in bilingual settings, focusing on the semantic, pragmatic, and cognitive mechanisms that mediate the interaction between two linguistic systems. The relevance of the study stems from the need to understand how lexical items are organized in the minds of bilingual speakers, which types of semantic relations become dominant, and how mechanisms of competition and mutual facilitation operate between the two languages in today's bilingual environment. The article analyzes the major factors influencing the structure of the bilingual mental lexicon linguistic environment, dominant language, duration of language experience, frequency of use, and socio-cognitive conditions. It further describes the activation speed of lexical elements in each language and their redistribution within semantic networks. Additionally, associative experiments, word-recognition latency measurements, and semantic-field mapping techniques are discussed as effective tools for uncovering the internal lexical organization of bilingual individuals. The analysis shows that semantic links between lexical units in both languages may reinforce one another or, conversely, lead to interference affecting lexical choice, semantic activation rates, and communicative decision-making. The findings underscore the importance of investigating the mental lexicon in bilingual contexts for language-teaching methodology, cognitive diagnostics, prediction of bilingual speech strategies, and the optimization of cross-linguistic interaction.

Keywords: mental lexicon, bilingualism, psycholinguistics, semantic network, linguistic consciousness, cultural code, association.

References

1. Qaidarov A.B. Qazaq tıltanymynyñ mäseleleri. – Almaty: Daik-Pres, 2013. – 368 b.
2. Şerba L.V. İazykovaia sistema i rechevaia deiatelnöst. – L.: Nauka, 1974. – 428 s.
3. Vygotski L.S. Myşlenie i rech. – M.: Pedagogika, 1982. – 288 s.
4. Paradis M. Neurolinguistic Theory of Bilingualism. – Amsterdam: John Benjamins, 2004. – 320 p.
5. Pavlenko A. Emotions and Multilingualism. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – 214 p.
6. Lyons J. Semantics. Vol.1-2. – Cambridge: Cambridge University Press, 1977. – 897 p.
7. Grosjean F. Studying Bilinguals. – Oxford: Oxford University Press, 2008. – 324 p.
8. Bialystok E. Bilingualism in Development: Language, Literacy, and Cognition. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 304 p.
9. Antonova T.A. Mentälnyi leksikon bilingva: struktura i funksionirovanie. – M.: İazyki slavänskoi kültury, 2018. – 192 s.
10. Kroll J.F., de Groot A. Handbook of Bilingualism: Psycholinguistic Approaches. – New York: Oxford University Press, 2005. – 610 p.
11. Levelt W. Speaking: From Intention to Articulation. – Cambridge, MA: MIT Press, 1989. – 566 p.
12. Pavlenko A. The Bilingual Mental Lexicon. Journal of Psycholinguistic Research, 2009. – Vol. 38(1). – P. 71-98.
13. Süleimenova E. D. Tıldık sana jäne qostıldılık. QR ŪČA Habarşysy. Filologia seriasy, 2016. – №3. – 150-160 b.
14. Baker C. Bilingual Education and Bilingualism. Applied Linguistics, 2011. – Vol. 32 (1). – P. 65-85.

Авторлар туралы мәлімет:

Бергібаева Динара Қалдыбекқызы – Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің докторанты, Қарағанды, Қазақстан.

Бергибаева Динара Калдыбеккызы – докторант Карагандинского национального исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Bergibaeva Dinara Kaldybekkyzy – doctoral student at Karagandy National Research university named after E.A.Buketov, Karagandy, Kazakhstan.

Кенжеғалиев Саян Ақылжанұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан.

Кенжегалиев Саян Акылжанович – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Карагандинского национального исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Kenzhegalyev Sayan Akylzhanovich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karaganda National Research University named after Academician E.A.Buketov, Karaganda, Kazakhstan.

Сердалина Сәния Қуанқызы – философия докторы (PhD), *Л*.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Сердалина Сания Куановна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Евразийского национального университета имени *Л*.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Serdalina Saniya Kuanovna – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer at L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

IRSTI 16.41.21
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.03

***Z.A. DOSZHAN[1]**
G.T. YERSULTANOVA[2]
M.T. KHASSANOVA[3]
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan[1,3]
Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan[2]
(e-mail: doszhan.zere@gmail.com[1], gyersultanova@gmail.com[2],
moldir.khassanova1991@gmail.com[3])

LEXICALISING MYTH AND CULTURAL MEMORY: A COMPARATIVE STUDY OF KAZAKH AND ENGLISH MYTHOLOGEMES

Annotation. This study investigates mythologemes core mythic concepts encoded in language in Kazakh and English cultures and examines their role in shaping cultural identity. Drawing on linguoculturology and cultural semantics, the research analyzes such figures as "Zhalmauyz Kempir", "Azireyil", "the Banshee", and "the Grim Reaper". A comparative qualitative design was employed, incorporating data from the British National Corpus, the national corpus of the Kazakh language, literary texts, and folkloric sources. Each mythologeme was examined in its linguistic and cultural context, with particular attention to patterns of lexicalization and metaphorization, and subsequently contrasted across the two languages. The findings demonstrate that although these figures share universal archetypal features primarily as representations of death or evil their linguistic realizations and semantic nuances are culturally specific. For instance, in Kazakh tradition, "Zhalmauyz Kempir" is portrayed as an active, child-devouring entity, whereas the Celtic "Banshee" functions as a passive harbinger of death. Similarly, "Azireyil" in Kazakh discourse evokes the notion of divine fate, while the English "Grim Reaper" embodies the personification of fearful inevitability. Despite cultural differences, both sets of mythologemes remain productive in contemporary language through idioms, metaphors, and media discourse, functioning as dynamic carriers of collective memory and value systems. The study demonstrates that mythologemes operate as adaptable linguistic-cultural constructs that preserve core symbolic meanings while continuously adjusting to evolving social contexts. This comparative analysis highlights how shared mythic motifs are reinterpreted within distinct cultural-linguistic frameworks, thereby reinforcing cultural identity, ethical norms, and national narratives.
Keywords: mythologeme, cultural identity, linguoculturology, mythology, archetype.

Introduction. The concept of mythologeme is a complex and interdisciplinary phenomenon, emerging at the intersection of linguistic, literary, and historical-cultural knowledge. Despite the term's long-standing use in the humanities, its definition remains controversial and lacks a clear interpretation. The intersystemic nature of mythologeme leads to varied interpretations in scholarly literature and expands the range of methodological approaches to its understanding.

One of the most authoritative definitions was proposed by Carl Gustav Jung and Karl Kerenyi, who viewed mythologeme as "the primary mythological reality of humanity" [1, 258]. Jungian myth criticism holds that archetypal motifs (such as monsters or harbingers of death) appear in all cultures, adapted to particular contexts [2, 69].

Мақалада түркі халықтарының заттық-тұрмыстық лексикасы тарихи, мәдени және этнолингвистикалық тұрғыдан кең көлемде қарастырылған. Түркі тілдеріндегі тұрмыстық атаулар халықтың күнделікті өмірі, шаруашылық жүйесі мен мәдени дәстүрлерінің көрінісі ретінде маңызды орын алады. Бұл лексика көне дәуірлерден бастап қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Зерттеу нәтижесінде түркі тілдерінде ортақ лексикалық элементтердіңмолдығыанықталды, бұлтүркіхалықтарыныңтарихи-мәденибайланыстары мен туыстығын дәлелдейді. Киім-кешек, ыдыс-аяқ, тұрғын үй, зергерлік бұйымдар сияқты сөздер түркі мәдениетінің бірегейлігін танытады. Заттық лексиканың этнолингвистикалық сипаты әрбір халықтың өмір салты мен дүниетанымының ерекшеліктерін ашады. Көптеген зерттеушілердің еңбектері тұрмыстық лексиканың тарихи даму жолын, семантикалық өзгерістерін, кірме сөздердің ықпалын және лексиканың бүгінгі қолданысын жан-жақты сипаттайды. Тілдік деректерді салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеу арқылы лексикалық бірліктердің шығу тегі мен таралу арналары нақтыланған. Түркі тілдеріндегі тұрмыстық сөздердің ұқсастығы мен айырмашылығы – бұл тілдердің ортақ негізге ие екенін, бірақ әрқайсысы өзіндік этнолингвистикалық бағытта дамығанын көрсетеді. Этимологиялық және семантикалық зерттеулер түркі халықтарының рухани, мәдени болмысын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Мақалада келтірілген деректер түркі халықтарының тарихи сабақтастығын, тілдік және мәдени мұраның өзара ықпалын ғылыми тұрғыда дәйектейді. Лексикалық қабаттың мәдени код ретіндегі рөлі, оның ұлт жадын сақтау мен мәдени бірегейлікті нығайтудағы маңызы ерекше атап өтілген. Бұл зерттеу – тек лингвистикалық ғана емес, сонымен бірге этнографиялық және мәдениеттанулық көзқарастар тұрғысынан да құнды еңбек. Түркі тілдерінің тарихи-мәдени тұтастығын зерделеуде тұрмыстық лексика маңызды зерттеу нысаны ретінде өзекті бола береді.

Әдебиеттер

1. Түймебаев Ж., Сағидолда Г. Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негізі. – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 408 б.

2. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (общетюркские и межтюркские основы на букву «Б»). – М.: Наука, 1978. – 229 с.

3. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков**.** – М.: Наука, 1984. – 229 с.

4. Отаров И.М. Профессиональная лексика карачаево-балкарского языка – Нальчик: Эльбрус, 1996. – 224 с.
5. Ахметьянов Р.Г. Общая лексика материальной культуры народов Среднего Поволжья. – М.: Наука, 1989. - 199 с.
6. Жанпеисов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-ата: Наука Казахский ССР, 1989. – 282 с.
7. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М.: Наука, 1985, 215 с.
8. Ишбулатова Х.Д. Бытовая лексика башкирского языка : Семантика, структура, источники формирования : диссертация ... кандидата филологических наук. – Уфа: РГБ ОД, 1999. – 197 с.
9. Хайрутдинова Т.Х. Бытовая лексика татарского языка. – Казань: Фикер, 2000. – 128 с.
10. Сагидолда Г. Абжамалова Ж. Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана, №2, 2025. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-2.01
11. Kozhakhmetova G., Tazhibayeva S., Sagidolda G., Beisenbayeva L., Abeshova N. An Ethnolinguistic Analysis of Jewellery Names Common in Turkic Languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics Article 2024. DOI: 10.32601/ejal.10113

М.Қ. ЕСКЕЕВА, Г.С. РАЙНБЕКОВА
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

БЫТОВАЯ ЛЕКСИКА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ: ИСТОРИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается бытовая лексика тюркских народов в историческом и культурном аспектах. Бытовая лексика играет важную роль как отражение повседневного образа жизни народа, его хозяйства, традиций и культуры. Анализируются происхождение и особенности развития языковых единиц, относящихся к бытовой лексике тюркских языков. Посредством общих наименований и различных диалектных вариантов выявляются исторические связи тюркских народов.

На основе этнолингвистических данных характеризуется функция бытовой лексики как культурного кода. Историческая глубина лексики раскрывается через древние письменные памятники и образцы фольклора. Наряду с этим рассматриваются современное употребление лексических единиц и изменения их значений.

В статье сопоставительно анализируются языковые материалы тюркских народов, а сходства и различия языковых единиц демонстрируют многогранность тюркского мировоззрения и образа жизни. Особо подчеркивается значение бытовой лексики в сохранении культурной памяти и обеспечении преемственности поколений. Результаты исследования позволяют глубже понять историческое развитие тюркских языков, а также их этническое и культурное взаимовлияние.

Ключевые слова: тюркские языки, предметно-бытовая лексика, ценности, язык, культура.

M.K. ESKEEVA, G.S. RAINBEKOVA
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

HOUSEHOLD VOCABULARY OF TURKIC PEOPLES: HISTORICAL AND CULTURAL ASPECTS

Annotation. This article comprehensively examines the household vocabulary of Turkic peoples from historical and cultural perspectives. Household vocabulary plays an important role as a reflection of everyday lifestyle, economic activities, traditions, and culture of the people. The origin and developmental features of linguistic units related to household vocabulary in Turkic languages

are analyzed. Historical connections among Turkic peoples are revealed through common terms and various dialectal variants.

Based on ethnolinguistic data, the function of household vocabulary as a cultural code is characterized. The historical depth of the vocabulary is demonstrated through ancient written monuments and folklore materials. In addition, modern usage of lexical units and changes in their meanings are also considered.

The article provides a comparative analysis of linguistic materials of Turkic peoples, where similarities and differences in language units demonstrate the diversity of the Turkic worldview and lifestyle. Special attention is paid to the importance of household vocabulary in preserving cultural memory and ensuring generational continuity. The research findings contribute to a deeper understanding of the historical development of Turkic languages and their ethnic and cultural interactions.

Keywords: Turkic languages, material and household vocabulary, values, language, culture.

References

1. Tüimebaev J., Sağidolda G. Altaistikanyñ tarihi-lingvistikalyq negızı. – Almaty: Qazyğūrt, 2015. – 408 b.
2. Sevortän E.V. Etimologicheski slovär türkskih iazykov (obşetürkskie i mejtürkskie osnovy na bukvu «B»). – M.: Nauka, 1978. – 229 s.
3. Musaev K.M. Leksikologia türkskih iazykov. – M.: Nauka, 1984. – 229 s.
4. Otarov İ.M. Profesionälnaia leksika karachaevo-balkarskogo iazyka – Nälchik: Elbrus, 1996. – 224 s.
5. Ahmetänov R.G. Obşaia leksika materiälnoi kültury narodov Srednego Povöljä. – M.: Nauka, 1989. - 199 s.
6. Janpeisov E.N. Etnokülturnaia leksika kazahskogo iazyka. – Alma-ata: Nauka Kazahski SSR, 1989. – 282 s.
7. İudahin K.K. Kirgizsko-ruski slovär. – M.: Nauka, 1985, 215 s.
8. İşbulatova H.D. Bytovaia leksika başkirskogo iazyka : Semantika, struktura, istochniki formirovania : disertasia ... kandidata filologicheskih nauk. – Ufa: RGB OD, 1999. – 197 s.
9. Hairutdinova T.H. Bytovaia leksika tatarskogo iazyka. – Kazän: Fiker, 2000. – 128 s.
10. Sagidolda G. Abjamalova J. Qazaq jäne özbek tılderındegı zattyq-tūrmystyq leksikanyñ semantikalyq salystyrmaly taldauy // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – Astana, №2, 2025. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-2.01
11. Kozhakhmetova G., Tazhibayeva S., Sagidolda G., Beisenbayeva L., Abeshova N. An Ethnolinguistic Analysis of Jewellery Names Common in Turkic Languages // Eurasian Journal of Applied Linguistics Article 2024. DOI: 10.32601/ejal.10113

Авторлар туралы мәлімет:

Ескеева Мағрипа Қайнарбайқызы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Ескеева Магрипа Кайнарбаевна – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Eskeyeva Magripa Kainarbayevna – doctor of Philological Sciences, professor at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Райнбекова Гульмира Сайлаубайқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Райнбекова Гульмира Сайлаубайевна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Rainbekova Gulmira Sailaybaievna – doctoral student at the L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.63
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.05

***М.С. ЖЫЛКЫБАЕВА[1]**

Ш. САПАРБАЙҚЫЗЫ[2]

С.Т. СПАТАЕВА[3]

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан[1,2]

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[3]

(e-mail: marzhan.zhylkybayeva@yu.edu.kz[1], sholpan.saparbaikyzy@yu.edu.kz[2], saltanat.spatayeva@yu.edu.kz[3])

*ҚЫТАЙ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ШЫҒЫС ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРКІ ҚАЛА АТАУЛАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН -КЕНТ/-КЕТ ФОРМАНТЫНЫҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада көне түркі кезеңдерінен жеткен тарихи-лингвистикалық, географиялық дереккөздерде кездесетін қала атауларындағы «-кент/-кет» форманттарының лингвистикалық табиғаты мен кеңістікте таралу ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу барысында түркі тайпаларының мекені болған Орта Азия мен Шығыс Түркістан аумағында шоғырланған ойконимдердің этимологиялық және тарихи-мәдени маңызы қарастырылды. Кей тұсында бір атаудың ежелгі араб-парсы, қытай және түркі жазбаларындағы деректерді салыстыра отырып, -кент\-кет\-канд форманттарының шығу тегі, таралу аймағы мен фонетикалық бейімделуі айқындалады.

Мақалада Ташкент, Ходжент (Қоженд), Суекент (Сүткент), Науакент (Навакет), Усбаникет (Арсубаникет, Субаникет), Жетікент (парсыша հефт деհ), Жент, Жаркент/Янгикент (С.П.Толстов еңбектеріне сүйенсек, екеуі бір қала), Баршынлыкент, Бикент (Бикет), Ордакент, Өзкент (Өзжәнд, Қайдар Дулат), Джабгукет сияқты тарихи ойконим атаулары мысалға алынған. Көрсетілген атаулардағы -кент\-кет\-канд (қанд) форманттарының қызметі мен этимологиялық мәні ашылып, түркі, соғды және иран мәдениеттерінің өзара байланысын көрсететін интеграциялық көрсеткіш ретіндегі рөлі айқындалады. Сонымен қатар ғылыми талдау барысында археологиялық, тарихи және этнолингвистикалық деректердің сабақтастығы сақталған.

Ғылыми мақалада келтірілген деректерді талдау нәтижесінде -кент\-кет\-канд форманттары Орта Азияның Сырдария аймағы, Шу-Талас аңғары мен Жетісу өңірінде қалыптасқан тұрақты тілдік бірлік ретінде қарастырылды. Мақала тарихи топонимика мен геолингвистика салаларының тоғысында жүргізілген кешенді зерттеу болып табылады және түркі өркениетінің қалалық мәдениетінің дамуындағы «кент» компонентінің маңызын ғылыми тұрғыда негіздейді.

Түйін сөздер: кент, кет, топоним топоним, ойконим, формант, көне түркі қалалары, геолингвистика.

** Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын ИРН: BR24993043 «Қытай және өзге де шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» атты нысаналы-бағдарламалық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.*

Кіріспе. Байырғытүркібабаларымызданмұрабопқалғанқазіргі Орта Азиякеңістігінде, анығырақ айтқанда, Сырдария өзені аймағында -кент, -кет,-қант (ханд) грамматикалық формантымен бірігіп жасалған қалалар, бекеттер, тұрақтар мен ордалар жиі кездеседі. Оған Ибн Русте «Китаб ал-а‘лак ан-нафиса» (X ғ.), Ибн Фадлан «Ар-Рисала»(Хғ.), әл-Истахри «Китаб масалик ал-мамалик» (Хғ.), Ибн Хаукал «Китаб ал-масалик ва-л-мамалик» (Хғ.), әл-Мукаддаси (әл-Макдиси) «Ахсан ат-такасим фи марифат ал-акалим» (Хғ.), ас-Сам‘ани «Китаб-ал-ансаб» (XIIғ.), Якут ал-Хамави «Му‘джам ал-булдан» (XIIIғ.) тағы да басқа араб саяхатшыларының еңбектері, Тан, Сүй, Хань әулеттері кезеңдеріндегі (б.з.д. 2ғ. – б.з. 10ғ.) ресми шежірелер және тарихи хроникалары мен Шыңғыс хан ұрпақтарынан патшалық еткен хандардың шежірелерінде жазылған Ташкент, Ходжент (Қоқенд), Суекент (Сүткент), Науакент (Навакет), Усбаникет (Арсубаникет, Субаникет), Жетікент (парсыша Һефт деһ), Жент, Жаркент (Янгикент С.П.Толстов еңбектеріне сүйенсек, екеуі бір қала), Баршынлыкент, Бикент (Бикет), Ордакент, Джабгукет Өзкент («Өзжәнд ол Өзкент деген атпен мәшһүр», – деп жазады Қайдар Дулат [1]) тағы басқа атаулар дәлел болады. Аталған көне түркі топонимдеріндегі грамматикалық тұлғалардың этимологиялық мәнін білу үшін атаудың қай кезеңнен бастап қолданысқа енгенін, қай кезеңдерде жазбаларға түскенін, тарихын, мағынасын тарихи тіл білімінің заңдылықтарына, тарих және географиялық ақпараттарға сүйене отырып анықтаймыз.

Көне қала атауларындағы -кент/-кет форманты түркі, иран және басқа да тілдік дәстүрлердің өзара ықпалдастығын көрсететін маңызды лингвистикалық және тарихи көрсеткіш болып табылады. Мұндағы «кент» (иран. kanth > парсы –kand/-kent) немесе парсы тіліндегі «رهش» (shahr) «қала» сөзі бастапқыда «қоныс», «елді мекен», кейін «қала» деген мағынада қолданылған. Бұл формант түркі тілдеріне Соғды мен Бактрия арқылы енген деген пікір бар. Шығыстанушы ғалым В.В.Бартольдтың: «Слово кент, утраченное и забытое местным иранским населением перешло в турецкие наречия» [2, 38], – дегенін негізге алатын болсақ, топоформант түркі тіліне иран тілінен енген деген пікірді негіздейміз. Бірақ Орталық Қазақстан өңірінен б.з.б. IX-VIII ғ.ғ. кезеңінде өмір сүрген көне «Кент» қаласы табылғанын білеміз. Қазба жұмыстарын жүргізген археологтардың сипаттамасы бойынша: «Кент – одно из наиболее изученных поселений Бегазы-Дандыбаевской культуры. Памятник находится в 220 км к ВЮВ от города Караганды и расположен в Кентском горно-лесном массиве. Ближайший населенный пункт – аул Кент, расположенный у выхода реки Кызылкеныш на равнину, от него до поселения вдоль реки – 6 км [3, 14]. Осы ретте түргештердің қара бозбала Шу (соғды тілінде – қара) туралы тарихи-генеалогиялық аңызы назар аударарлықтай. Шу қаған туралы аңыз бойынша, ертеде Шу өңірінде өзі жас, ақылды әрі батыр Шу атты қаған билік құрыпты. Бір күні Мысыр елінен келген саудагерден Зұлқарнайын патшаның Яксарттың арғы бетіне (Сырдарияның оң жағасындағы елдерге) соғыс ашқалы дайындалып жатқанын естіпті. Шудың жағасындағы қамалына әскер басшыларын жинап алып, ол былай депті: «Зұлқарнайын патша бізбен соғысқалы келе жатыр, әрқайсың өз жеріңе, қорығыңа барып үлкен жолдың бойындағы таулардан ағатын әр өзеннің жағасына кент салыңдар. Кенттің қақпасы берік, қамалы Алатаудай биік, ал қаланы қоршаған оры мына асау Шудай терең болсын. Кенттің қорығы жайшылықта аң мен малға толы болса, ал ел басына күн туғанда шөбі жылқыға жем, жасаққа азық болады. Әр кенттің жанындағы биікке қарауыл төбе, өзен өткелдерін қадағалайтын бекініс салынсын». Ертеңіне Шу қаған Қожакент (Сырдария) өзенін бетке ұстап, асығыс жүріп кетіпті. Арада жеті ай жеті күн өткенде жаңадан салынған 40 кентті: Қожакент, Теріс, Талас, Шу өзендері бойындағы өткелдерді жанай салынған бекіністерді көзімен көрген қаған, қамалына қайта оралыпты. Шабғар, Талас, Құлан, Меркі, Аспара, Баласағұн кенттері осы кезде салынған екен. Шу қаған осы сапарында Қаратаудағы, Бурылдағы, Мойнақтағы, Шөміштегі, Жетітаудағы, Тасөткел мен Хантауындағы мұнараларды салдырыпты. Ескендір Зұлқарнайынның Орталық Азияға б.д.д. 329-327 жылдары жаугершілікпен келгенін ескерсек, Шу қаған салдырған бұл қалалардың жасы б.д.д. IV ғасыр деп болжамдауға болады [4, 422] деген зерттеулер мен пікірлерді талқылай

келе, кент деген сөздің түркі даласында одан әлдеқайда ертерек пайда болғанын алға тартуға себеп табамыз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Іріктеп алынған қала атаулары араб-парсы деректеріндегі, Қытай жылнамаларындағы транскрипциялық нұсқалармен және көне, орта, кейінгі түркі жазба ескерткіштеріндегі атаулармен салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде кешенді түрде талданды. Зерттеу барысында «кент», «кет», «канд» формантарының әртүрлі тілдік ортада көрініс табуы, олардың фонетикалық өзгерістерге ұшырау себептері, дыбыстық сәйкестіктері мен алмасу заңдылықтары айқындалды. Атап айтқанда, парсы тіліндегі «канд» формасының түркі тілдерінде «кент/кет» түрінде бейімделуі, дауыссыз дыбыстардың редукциясы, ассимиляция және диссимиляция құбылыстары, сондай-ақ вокализм жүйесіндегі өзгерістер диахронды тұрғыдан қарастырылып, олардың тарихи даму кезеңдері сараланды. Бұл құбылыстар тек тілдік ықпалдың нәтижесі ғана емес, сонымен қатар аймақтың этникалық, мәдени және саяси тарихымен тығыз байланысты екендігі дәлелденді.

Геолингвистикалық талдау әдісі арқылы зерттеліп отырған ойконимдердің таралу аймағы нақтыланып, олардың кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері анықталды. Сырдария алқабы мен оған іргелес өңірлердегі «кент/кет/канд» формантары бар қала атауларының шоғырлану сипаты картаға түсіріліп, олардың тарихи-географиялық ареалы белгіленді. Нәтижесінде, бұл атаулардың белгілі бір мәдени-өркениеттік кеңістікке тән екендігі, олардың Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалық мәдениетпен сабақтастығы айқындалды. Сонымен қатар, атаулардың таралуындағы заңдылықтар арқылы көне қоныстану аймақтары, сауда жолдары және этникалық байланыстар жөнінде қосымша деректер алуға мүмкіндік туды. Әртүрлі дереккөздерден алынған материалдарды жүйелеу барысында тарихи жазба деректер, археологиялық қазба нәтижелері, этнолингвистикалық мәліметтер және географиялық сипаттамалар өзара сабақтастықта қарастырылды. Пәнаралық сипаттамалы әдіс арқылы қала атауларының шығу тегі, олардың тарихи мәртебесі, әкімшілік-саяси маңызы, сондай-ақ этникалық құрам мен мәдени ерекшеліктері жан-жақты сипатталды. Бұл тәсіл зерттеу нысанын біржақты емес, кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік беріп, ойконимдердің тек тілдік бірлік қана емес, тарихи-мәдени феномен ретіндегі табиғатын ашуға жол ашты. Осы аталған әдістердің үйлесімді қолданылуы Сырдария алқабындағы қала атауларындағы «кент/кет/канд» формантарының тарихи-лингвистикалық табиғатын терең әрі ғылыми негізде түсіндіруге мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері бұл формантардың көне иран тілдерінен бастау алып, кейін түркі тілдік ортада бейімделіп, аймақтық топонимиялық жүйенің ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетеді. Сонымен қатар, олардың диахронды дамуы арқылы Орталық Азиядағы тілдік және мәдени ықпалдастық үдерістерін, этносаралық қарым-қатынастар мен тарихи сабақтастықты айқындауға болады.

Талқылау мен бақылау. Кент сөзінің этимологиясына көз жүгіртетін болсақ, сөздікте «Кент – шағын мекен-жай немесе соқпалы қабырғалармен қоршалған көгалды аймақтағы қала. “ Кент” – ежелгі түркі сөзі. Алғашқыда үй-жай салып, топтасып өмір сүретін мекен ұғымын білдірген. Ежелгі шағын қалалар мен елдімекеннің көбі “Кент” аталған» [5, 512], – деген анықтаманың дәлелі ретінде түркі тілінде жазылған алғашқы шығармалардың бірі «Құтты біліктен» мысал келтірейік:

«Ел, кентке кел, кетер шелі құсаның,

Бар ізгілік ашар қақпа, құшағын» [6, 297]. Аталған еңбекте кент сөзі түбір тұлғасында ел-кент, ел, кент деп 2 рет, ұлыс-кент, ұлыс, кент деп 5 рет, кент деп 2 рет жиілікте қолданылғанына қарағанда, түркі жұртында хандық, ұлыс, елдерін шаһар, кент деп, уақыт өте келе топонимнің сипатына қарай анықтауыш сөзді қосып айтуы мүмкін деген тұжырымғакелдік. Тағыбірсебеп– Орта Азиядағыкөнетүркіатаулардықарастырыпжүрген ғалымдар: «Ancient Turkic place names in Kazakhstan frequently exhibit compositestructures, typically combining an adjective + noun, or noun + noun pattern» (Қазақстандағы ежелгі түркі жер-су атаулары көбінесе қосарланған құрылымдарды көрсетеді, әдетте сын есім + зат есім

немесе зат есім + зат есім үлгісінде болады) [7], – деп, қазақ жер су аттарының бөлшектен бүтінге қарай дамуын мысалдармен дәлелдейді. Осы уақытқа дейінгі топонимдердің грамматикасын қарастырған кей ғалымдар кент сөзін формант деп көрсеткен. Мысалы топонимист ғалым Э.М.Мурзаев: «Формант – словообразующий элемент, самостоятельно не употребляющийся в языке. Это могут быть аффиксы, грамматические показатели. Широко распространен в топонимике. В топонимике также топоформант» [8, 26], – дейді. «Топоформант (топонимический формант) – повторяющаяся часть ойконима (и топонима вообще), обычно суффикс или совокупность суффикса и грамматического окончания» деген анықтама берілген [9]. Жоғарыдағы деректерден көріп отырғанымыздай, «кент» сөзі формант емес, толық лексикалық мағынасы бар түбір сөз, сондықтан алдағы уақытта барлық «кент» сөзімен келген жер-су аттарын күрделі сөз ретінде қарастырамыз. Кент сөзі б.з.б. 9-8 ғ.ғ. Беғазы-Дандыбай мәдениеті кезеңінен бар сөз болғанымен, топонимиялық элемент ретінде VII ғасырдан бастап жиі кездесетінін байқаймыз. Сөзімізді ғылыми негіздеу үшін кент/кет/қанд сөздерімен кездесетін бірнеше қала атауларына мысалдар келтірейік.

Науакент (Синчень – жаңа қала, YII ғасыр) қаласы туралы Қытай деректерінде Батыс Түрік қағандығының соңғы қағанының ордасы болғаны айтылады. Х ғасырдағы Худуд әл-Әламның географиялық шығармасында: «Науакент Ұрын-Ардж тауының маңында орналасқан, бұрын қала болған, қазір қираған және қарақшылардың ордасына айналған», – делінеді [10, 23]. Ел тарихынан білетініміздей, Науакент Ыстықкөлдің жағасындағы Түркі жұрты үшін мәдени-тарихи маңызы зор Суяб қаласына жақын орналасқан. Тарихи деректерде ірі сауда және мәдени орталықтарының бірі болғаны туралы және бұл қала соғды саудагерлерінің тұрағы ретінде сипатталады.

Самарқанд атауының екінші сыңары кет/кент емес – канд. Неге Самарқандты қосып алды деген сұрақтың болуы заңды. Ең алдымен, Э.М.Мурзаев Хотан атауын зерттеу барысында Коканд, Самарканд, Шымкент, Ташкент топонимдерінің екінші сыңарын бір сөз деп қарастырған. Одан басқа «Во времена древних царей Самар ибн Африкиш, по приказу йеменского [царя] Туббы (приводят подлинное имя этого царя: Абу Карб ибн-Ифрикис Самар Иаруш) (Беруни, Памятники минувших поколений, стр. 133), вступил в эту область с пятисоттысячной конницей и осадил [город]. После взятия разрушил крепость и прочие здания его и сравнял их с землей. И по этой причине [город этот] получил название Самаркенд, [т.е. разрушенный Самаром]. Арабы [название это] арабизировали и назвали Самарканд»[11, 53], – деп, Махмуд Ибн Вали атаудың этимологиясына түсінік беруде Берудидің жазбаларына сілтеме жасайды. Көріп тұрғанымыздай, атаудың екінші сыңарындағы канд жоғарыда біз келтірген кент сөзімен мағыналас болып отыр.

Ташкент – Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі, оның атауы бірнеше тарихи-тілдік қабаттар негізінде қалыптасқан күрделі топоним болып саналады. Бұл атаудың құрамындағы екі негізгі компонент – «таш» және «кент» түбір сөздерінен жасалған. Бүкіл түркі тілдес халықтар тілінде ш\с фонетикалық өзгерістер мен айырмашылықтардың кездесетінін білеміз. Сондықтан атаудың алғашқы сыңарындағы таш (түркіше «тас») + кент (түрік, иран/соғдыша «қала», «қоныс») = «тас қала» немесе «жартасты қала» деген болжам жасайды ғалым В.В.Бартольд. Алайда кейбір араб және парсы саяхатшылары мен географтарының еңбектерінде қала «Мадинат аш-Шаш» (Шаш қаласы) деп көрсетілген [Ибн Хаукаль, IX ғ., әл-Мақдиси, Х ғ.]. Сондай-ақ Махмуд ибн Вали да өз еңбегінде Ташкент қаласының маңынан ағатын Шаш өзені туралы былай дейді: «Река Шаш – под Шашом подразумевается Ташкент и область эта находится по ту сторону реки Сейхун и не входит в составобластей Мавераннахра. Река Шашвнастоящеевремяизвестнаподназванием Чирчик и впадает в реку Сейхун»[11, 96]. Ал Қытай деректерінде бұл өңір «Cheshi» (車師) немесе «Shi» атауымен жазылған [12, 195] деген жазбаларды негізге алатын болсақ, атау ертеден Ташкент емес Шашкент болғанын байқау қиын емес. Сонымен, атаудың алғашқы сыңары таш емес шаш болуы мүмкін. Бұл жерде түркілік дыбыстық трансформацияны ескерсек, «Ташкент» атауы «Шашкент» атауының фонетикалық және морфологиялық дамыған түрі

ретінде де қарастыруды талап етеді. Атаудың өзінен басқа да қаланың бір аймағы болып саналатын бірнеше бөліктерінің атауы кент сөзімен бірігіп жасалған. Мәселен, «Из крупных районов Шаша – крепость Шахрухия, построенная в честь Мирза Шахруха, сына Амира Тимура-гургана и в древности его называли **Фанакет (Бенакет)** – средневековый (до XIII в.), город-крепость, разрушенный полчищами Чингиз-хана в 1220 году. Заново построен по приказу Тимура во второй половине XIV века и назван в честь Шахруха Шахрухией (И. Кастанье, Отчет о поездке, стр. 112—123). Шахрухия – весьма прочная и неприступная крепость на берегу реки Сейхун. И реку эту, по той причине, что протекает рядом [с этой крепостью], называют также [рекой] Шахрухия. Другой [район Шаша] – Бискент. Он тоже изобильный и благоустроенный; со многими селениями и деревнями; с просторными плодородными землями и нивами»[12,56]. Кент\кет сөздері қазіргі сөздіктерде қала деген сөзбен синонимдес қарастырылғанымен, жоғарыдағы деректерге назар салсақ, кент сөзі көбіне қаладан шағындау, базары бар, тарихи маңызы бар қамал атауларында кездескен сыңайлы. Осы кезде айта кететін тағы бір жайт –Фанакет, Бенакет деген атауларда кент емес кет деп берілген. Мұндағы «кент» пен «кет» сөздерінің айырмашылығы, негізінен, тілдік өзгеріс, фонетикалық бейімделу және диахрониялық дамуға байланысты деп ойлаймыз. Екеуі де көбіне елді мекен, қала, қоныс мағынасын білдіретін топонимиялық форманттар, бірақ қолданылу уақыты әртүрлі. Кент сөзі жоғарыда қарастырылды, ал -кет форманты – көне түркі және оғыз, қыпшақ диалектілерінде -нт дыбыс тіркесінің жеңілдетіліп айтылуы немесе түркі тілдерінде ауызекі тілде қолданылған болуы мүмкін. **Суйе-кент (Сүткент)** VII–IX ғғ. – Суйе (Suiye) – Жетісу өңіріндегі көне қала. Қытайдың Тан әулеті жылнамаларында (Tangshu) «Suiye» деп кездеседі. Түргештер, қарлұқтар мекендеген [13, 195], - деген деректер жазса, X ғасырда жазылған «Худудал-алам» атты парсы тіліндегі географиялық еңбекте қала туралы: «Сүткент – өзен жағасында орналасқан және молшылыққа кенелген қала. (Оның) тұрғындары жауынгер келеді. Ол – бейбіт түріктердің шоғырланған жері, олардың рулары (кабиле) ішінен көпшілігі мұсылмандықты қабылдаған», – деп сипаттайды. Келтірілген деректерге сүйене отырып, «Суйе-кент» деген атаудың түпкі негізінде «Суй (өзен) бойындағы қала» мағынасы жатқан болуы мүмкін деген болжамға келдік. Себебі логикалық тұрғыдан қарағанда, Суткент қаласы Сырдың жағасында орналасқан, оны Қытай көпестерінің жазбасы бойынша су жағасындағы қала деген мағынада қолданған болуы керек.

Нәтижелер. Жоғарыда талданған көне түркі қалаларының топоизоглосса екендігіне жол салдық деп ойлаймыз. Мұндағы топонимиялық тізбек туралы Э.М.Мурзаев: «Изоглосса – линия, ограничивающая ареал или сам ареал того или иного языкового явления (фонетического, морфологического, лексического). В топонимии топоизоглосса – граница области распространения одинаковых формантов географических названий, этимологий из каких-то определенных языков, фиксированных моделей», – деген анықтама берген [8, 21]. Біз қарастырып отырған кент сөзі бар топонимдердің геолингвистикалық тұрғыдан таралу ареалы Орта Азияның Сырдария маңы, Жетісу, Шу-Талас аңғары мен Шығыс Түркістанды қамтиды және тарихи көші-қон жолдары мен сауда бағыттарымен тығыз байланысты. Осындай тұжырым жасауға себеп: «Туркестан – обширная и приятная страна, она объемлет множество городов, степей и равнин, так, что подвластные ему местности разбросаны на восточной части пятого, шестого и седьмого климатов. Согласно автору Гара'иба, он в длину простирается от [северного] берега реки Сейхун до берегов реки Карамуран. И эту землю в настоящее время называют Моголистаном... Словом, страна Туркестан, как в древности, так и в последующем, была юртом и местом обитания потомков Тура ибн Яфаса (Тұран жері)» [11, 32]. Бұл – топоизоглоссалық талдау бағыттары бойынша кент\кет сөзінің топоизоглосса болатынының алғашқы дәлелі; Екінші, диахронды өзгерістер, яғни VI–IX ғасырларда Орхон жазбаларында «балық» (көне түркі тілінде «қала» деген мағынаны білдіреді) сөзі қала атауларында кең тараса, YII-XII ғ.ғ. араб-парсы, қытай жазбаларында«кент» сөзінің жиі қолданылғанын көріп отырмыз. Мысалы, Сүткент қаласы туралы Ибн Хаукал (X ғ.): «Суткент, онда мешіт бар. Ол түркілердің

жиналатын жері. Олардың арасында исламды қабылдаған әртүрлі тайпалар бар. Исламға оғыздар мен қарлұқтардың топтары кірген. Олар түркілердің арасындағы ең батылдары және тәкаппарлары», – десе, Әл-Беруни (XI ғ.): «Суткенд –Шаш өзені атымен белгілі Хазарт (Сырдария) өзенінің бойында орналасқан»[14,66], – дейді. Осы пікірлерді келтіру арқылы бір атаудың ежелгі араб-парсы, қытай және түркі жазбаларындағы деректерден әртүрлі дыбысталуын салыстыра отырып, -кент\-кет\-канд форманттарының шығу тегі, таралу аймағы мен фонетикалық бейімделуі айқындалды.

Қорытынды. Қазақ лингвистикасында көне түркі ономастикалық белгілер лексика-семантикалық жағынан топтастырылып, құрылымдық, фоно-морфологиялық тұрғысынан әр деңгейде зерттеу нысаны болды. Ал біздің зерттеу мақаламызда түркі тайпаларының мекені болған Орта Азия мен Шығыс Түркістан аумағында шоғырланған ойконимдердің этимологиялық және тарихи-мәдени маңызы қарастырылды. Кей тұсында бір атаудың ежелгі араб-парсы, қытай және түркі жазбаларындағы деректерді салыстыра отырып, кент\кет\канд форманттарының шығу тегі, таралу аймағы мен фонетикалық бейімделуі айқындалды. Мақалада қарастырылған тарихи-лингвистикалық деректер мен географиялық таралу негізінде «кент/кет» форманттары Орта Азия мен Шығыс Түркістан кеңістігінде қалыптасқан тұрақты топонимиялық тізбек екенін анықтадық. Бұл форманттар тек тілдік емес, тарихи-мәдени, саяси жүйелердің де көрінісі ретінде қарастырылды. Қала атауларындағы -кент/-кет/-канд сияқты элементтер көне түркі өркениетінің кеңістіктік құрылымын сипаттайтын маңызды индикаторлар болып табылады.

Қытай және басқа да шығыс жазба дереккөздерінде тіркелген көне түркі қала атауларындағы -кент/-кет форманты тарихи-лингвистикалық тұрғыдан маңызды ономастикалық индикатор болып табылады. Зерттеу барысында анықталған бұл форманттың көне түркі кезеңіндегі отырықшы өмір салтының, қалалық мәдениеттің, соған сәйкес әкімшілік-аумақтық құрылымның қалыптасуымен тығыз болғандығын көрсетеді, сонымен қатар көршілес халықтар арасындағы ұзақ мерзімді мәдени-тілдік ықпалдастықты дәлелдейді.

Шығыс дереккөздеріндегі қала атауларының фонетикалық репрезентациясы қытай иероглифтік транскрипциясының ерекшеліктерімен қатар, иран және соғды тілдік қабаттарының әсерін де айқын аңғартады. Соған қарамастан, -кент/-кет формантының семантикалық өзегі тұрақты сақталып, «қала», «урбанистік орталық», «қоныс» ұғымдарын білдіретін терминологиялық единица ретінде қызмет атқарған. Бұл деректер көне түркі топонимиясының қалыптасу үдерісінде көптілді орта мен тарихи-саяси жағдайлардың маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

-кент/-кет форманты көне түркі ономастикалық жүйесінің құрылымдық әрі семантикалық тұрғыдан өзекті компоненті болып табылады. Оны кешенді түрде талдау түркі халықтарының тарихи географиясын, урбанизация деңгейін және тілдік эволюциясын қайта зерделеуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері алдағы уақытта салыстырмалы тарихи лингвистика, топонимика бағытындағы зерттеулерге теориялық-әдіснамалық негіз бола алады.

Тақырып зерттеу жобасы аясында әлі де кеңінен қарастырылатын болады.

Әдебиеттер

1. Мұхаммед Қайдар Дулат Тарих-и рашиди. — Құрастырушы – М.Қойгелді. –Алматы: Қазақпарат, 2015 — 494 б.

2. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Л.: Изд-во Академии наук СССР, 1927. – 230 с.

3. Варфоломеев В., Ломан В., Евдокимов В. Кент – қазақ даласының орталығындағы қола дәуірінің қаласы = Кент – город бронзового века в центре казахских степей = Kent – the bronze age city in the center of kazakh steppes. – Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты, 2017. – 338 б.

4. Түркологиялық зерттеулер / Жауапты ред. Сағидолда Г. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 560 б.

5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 4-том / Бас ред. Н.Ә.Назарбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. – 720 б.

6. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. – Алматы: Таймас, 2007. – 536 б.

7. Imanberdiyeva S., Nurdauletova B., Koshimova B., Kulamanova Z., Alimkhan A. Lexico-Semantic Aspect of Ancient Turkic Toponyms of Kazakhstan// Forum for Linguistic Studies, 2025,7(8). – P.1222-1239. DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v7i 8.9760

8. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – М.: Мысль, 1974. – 382 с.

9. Альманах «Отечество». Вып. 15–16. – М.: Российский фонд культуры, 1999. – 208 с.

10. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 2005. – 728 б.

11. Махмуд ибн Вали. Море таин относительно доблестей благородных (География). Введение, перевод, примечания, указатели Б.А.Ахмедова. – Ташкент: Фан, 1977. – 168 с.

12. 班固 (BanGu). Ханьшу [Текст] : в 100 кн. / пер. с кит. яз., ред. изд. Ин-т истории Китая, Китайская академия наук. – Пекин :中华书局(Zhonghua Book Company), 1962. – Кн. 96. – (汉书 • 西域传 / Ханьшу. Батыс өлкелер туралы тарау).

13. Tangshu (旧唐书). T. 195, Батыс өңірлер тарауы (西域传). – Қытай тарихының ресми хроникасы, VII–X ғғ.

14. Ильясова З.С., Ноғайбаева М.С. IX-XIII ғасырлардағы араб деректеріндегі Сырдарияның орта және төменгі ағысы аймағының тарихи географиясы. Bulletin of history. №4 (111). 2023. DOI: https://doi.org/10.26577/JH.2023.v111.i4.06

М.С. ЖЫЛКЫБАЕВА, Ш. САПАРБАЙҚЫЗЫ
Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,
Актау, Казахстан
С.Т. СПАТАЕВА
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМАНТА -КЕНТ / -КЕТ В НАЗВАНИЯХ ДРЕВНЕТЮРКСКИХ ГОРОДОВ, ЗАФИКСИРОВАННЫХ В КИТАЙСКИХ И ДРУГИХ ВОСТОЧНЫХ ИСТОЧНИКАХ

Аннотация. В настоящей статье рассматриваются лингвистическая природа и особенности пространственного распространения формантов «-кент / -кет», зафиксированных в названиях городов, встречающихся в историко-лингвистических и географических источниках древнетюркского периода. В ходе исследования освещается этимологическое и историко-культурное значение ойконимов, сконцентрированных на территориях Средней Азии и Восточного Туркестана — регионах, некогда заселённых тюркскими племенами. В отдельных случаях происхождение, ареал распространения и фонетическая адаптация формантов -кент / -кет / -канд выявляются путём сопоставления данных древних арабо-персидских, китайских и тюркских письменных источников.

В статье в качестве примеров приводятся такие исторические ойконимы, как Ташкент, Ходжент (Коженд), Суекент (Сүткент), Науакент (Навакет), Усбаникет (Арсубаникет, Субаникет), Жетікент (перс. ҳефт деҳ), Жент, Жаркент (Янгикент; согласно исследованиям С. П. Толстова, оба названия относятся к одному городу), Баршынлыкент, Бикент (Бикет), Ордакент, Өзкент (Өзжәнд, Қайдар Дулат), Джабгукет. На основе анализа данных топонимов раскрываются функции и этимологическое содержание формантов -кент / -кет / -канд (қанд), а также их роль как интеграционного показателя, отражающего взаимосвязь тюркской, согдийской и иранской культур. При этом прослеживается преемственность археологических, исторических и этнолингвистических сведений.

По результатам анализа материалов, представленных в научной статье, форманты -кент / -кет / -канд рассматриваются как устойчивые языковые единицы, сформировавшиеся на территории Средней Азии — в Приаралье, Сырдарьинском регионе, в долинах Чу–Таласа и в Жетысу. Работа представляет собой комплексное исследование, выполненное на стыке исторической топонимики и геолингвистики, и научно обосновывает значение компонента «кент» в развитии городской культуры тюркской цивилизации.

Ключевые слова: кент, кет, топоним, ойконим, формант, древнетюркские города, геолингвистика.

M. S. ZHYLYKBAYEVA, SH. SAPARBAIKYZY
Sh.Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan
S. T. SPATAYEVA
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

HISTORICAL AND LINGUISTIC FEATURES OF THE -KENT / -KET FORMANT IN THE NAMES OF ANCIENT TURKIC CITIES RECORDED IN CHINESE AND OTHER EASTERN SOURCES

Annotation. This article examines the linguistic nature and spatial distribution characteristics of the formants "-kent / -ket," attested in the names of cities found in historical-linguistic and geographical sources from the Old Turkic period. The study highlights the etymological and historical-cultural significance of oikonyms concentrated in the territories of Central Asia and East Turkestan—regions historically inhabited by Turkic tribes. In certain cases, the origins, areas of dissemination, and phonetic adaptation of the formants -kent / -ket / -kand are identified by comparing data from ancient Arabic-Persian, Chinese, and Turkic written sources.

The article provides examples of historical oikonyms such as Tashkent, Khodzhent (Kozhend), Suekent (Sütkent), Nawakent (Navaket), Usbaniket (Arsubaniket, Subaniket), Zhetikent (Pers. Heft deh), Zhent, Zharkent (Yangikent; according to S. P. Tolstov, these two names refer to the same city), Barshynglykent, Bikent (Biket), Ordakent, Özkent (Özjand, Qaidar Dulat), and Jabghuket. Based on the analysis of these toponyms, the article reveals the functions and etymological meanings of the formants -kent / -ket / -kand (qand), as well as their role as an integrative indicator reflecting the interconnectedness of Turkic, Sogdian, and Iranian cultures. Continuity between archaeological, historical, and ethnolinguistic evidence is also traced throughout the study.

The analysis of the material presented in this study demonstrates that the formants -kent / -ket / -kand represent stable linguistic units that developed in the territories of Central Asia—specifically the Aral region, the Syr Darya basin, the Chu–Talas valleys, and the Zhetysu area. The work constitutes a comprehensive study conducted at the intersection of historical toponymy and geolinguistics, and it scientifically substantiates the significance of the "kent" component in the development of urban culture within the Turkic civilization.

Keywords: kent, ket, toponym, oikonym, formant, Old Turkic cities, geolinguistics.

References

1. Mūhammed Qaidar Dulat Tarih-i raşidi. — Qūrastyruşy – M.Qoigeldı. –Almaty: Qazaqparat, 2015 — 494 b.

2. Bartöld V.V. İstoria külturnoi jizni Turkestana. – L.: İzd-vo Akademii nauk SSSR, 1927. – 230 s.

3. Varfolomeev V., Loman V., Evdokimov V. Kent – qazaq dalasynyñ ortalyğyndağy qola däuırınıñ qalasy = Kent – gorod bronzovogo veka v sentre kazahskih stepei = Kent – the bronze age city in the center of kazakh steppes. – Astana: Qazaq ğylymi-zertteu mädeniet instituty, 2017. – 338 b.

4. Türkologialyq zertteuler / Jauapty red. Sağidolda G. – Astana: Saryarqa, 2012. – 560 b.

5. Qazaqstan ūlttyq ensiklopediasy. 4-tom / Bas red. N.Ä.Nazarbaev. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2002. – 720 b.

6. Ädebi jädıgerler. Jiyrma tomdyq. 5-t.: Jüsıp Balasağūn. Qūtty bılık /Köne türkı tılınen audaryp, alğy sözı men tüsınıkterın jazğan A.Q.Egeubaev. – Almaty: Taimas, 2007. – 536 b.

7. Imanberdiyeva S., Nurdauletova B., Koshimova B., Kulamanova Z., Alimkhan A. Lexico-Semantic Aspect of Ancient Turkic Toponyms of Kazakhstan// Forum for Linguistic Studies, 2025,7(8). – R.1222-1239. DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v7i 8.9760

8. Murzaev E.M. Ocherki toponimiki. – M.: Mysl, 1974. – 382 s.

9. Älmanah «Otechestvo». Vyp. 15–16. – M.: Rosiski fond kültury, 1999. – 208 s.

10. Qazaqstan. Ūlttyq ensiklopedia / Bas red. B.Aiağan. – Almaty: Qazaqstan ensiklopediasy, 2005. – 728 b.

11. Mahmud ibn Vali. More tain otnositelno doblestei blagorodnyh (Geografia). Vvedenie, perevod, primechania, ukazateli B.A.Ahmedova. – Taşkent: Fan, 1977. – 168 s.

12. 班固 (BanGu). Hänşu [Teks] : v 100 kn. / per. s kit. iaz., red. izd. İn-t istorii Kitaia, Kitaiskaia akademia nauk. – Pekin :中华书局(Zhonghua Book Company), 1962. – Kn. 96. – (汉书 • 西域传 / Hänşu. Batys ölkeler turaly tarau).

13. Tangshu（旧唐书）. T. 195, Batys öñırler tarauy（西域传）. – Qytai tarihynyñ resmi hronikasy, VII–X ğğ.

14. İläsova Z.S., Noğaibaeva M.S. IH-HIII ğasyrlardağy arab derekterındegı Cyrdarianyñ orta jäne tömengı ağysy aimağynyñ tarihi geografiasy. Bulletin of history. №4 (111). 2023. DOI: https://doi.org/10.26577/JH.2023.v111.i4.06

Авторлар туралы мәлімет:

Жылкыбаева Маржан Сарсекешовна – филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры, Ақтау, Қазақстан.

Жылкыбаева Маржан Сарсекешовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, Қазахстан.

Zhylkybaeva Marzhan Sarsekeshovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Yesenov, Aktau, Kazakhstan.

Шолпан Сапарбайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры, Ақтау, Қазақстан.

Шолпан Сапарбайқызы – Кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, Қазахстан.

Sholpan Saparbaykyzy – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Yesenov, Aktau, Kazakhstan.

Спатаева Салтанат Тойлыбекқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Спатаева Салтанат Тойлыбековна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Spatayeva Saltanat Toilybekovna – doctoral student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.33
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.06

Г.Ж. ИСКАКОВА[1]
Г.Т. ТЛЕУБЕРДИНА[2]
*** Ә.Қ. ТАҢСЫҚБАЙ**[3]
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан[1,2,3]
(e-mail: g.ristina@mail.ru[1] , guldentleuberdina@inbox.ru[2] , adilet_2_97@mail.ru[3])

*КӨРКЕМ МӘТІНДІ КОМИКС ФОРМАТЫНА БЕЙІМДЕУДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ: ОТАНДЫҚ ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Аңдатпа. Мақалада көркем мәтіндерді комикс форматына бейімдеу мәселесінің қазақ филологиясында қарастырылу деңгейі зерделенеді. Баяндаудың графикалық түрлеріне, атап айтқанда комикстерге қоғамдық қызығушылықтың артуына қарамастан, комикске негіз болатын түпнұсқа мәтіндерді бейімдеудің теориялық және әдістемелік негіздеріне арналған арнайы ғылыми зерттеулер отандық ғылымда жоқтың қасы екені анықталған. Әдеби шолу көрсеткендей, ғылыми жарияланымдар негізінен мәтінді ықшамдауға, жеңілдетіп түрлендіруге қатысты болса, мәтіннің бейвербалды компоненттерімен жұмыс істеу қағидалары зерттеушілердің назарынан тыс қалып отыр. Авторлар мәтінді комикстерге бейімдеу тек ықшамдаудан ғана емес, сондай-ақ филологтар мен суретшілер қатысатын кешенді жұмысты қажет ететінін атап көрсетеді. Ерекше маңызды аспект – визуализацияланатын түпнұсқа мәтіннің негізгі элементтерін анықтау және оларға мәдени, семантикалық және прагматикалық жүктемені ескере отырып, түсініктемелерді әзірлеу. Бейімдеу тек балалар әдебиетімен шектелмеуі керектігі атап өтіледі: дұрыс ұйымдастырылған жұмыс арқылы мазмұны мен құрылымы жағынан күрделі көркем шығармалардың графикалық нұсқаларын жасауға болады. Осылайша, мақалада қазақ тіліндегі мәтіндерді визуалды-графикалық форматқа бейімдеудің ғылыми негізделген әдістемесін қалыптастыру қажеттілігі негізделеді, ол ұзақ мерзімді перспективада ұлттық комикс туындысын дамытуға, қазақ тілі мен әдебиетін насихаттауға, оқытуға, сонымен қатар оқырмандар аудиториясын кеңейтуге ықпал етеді.
Түйін сөздер: мәтінді бейімдеу, комикс, креолды мәтін, қазақ тілі, көркем әдебиет, әдеби шолу.

Кіріспе. Қазіргі заманда, әсіресе жастар арасында, ақпаратты қабылдаудың визуалды, аудиовизуалды формалары басым екені белгілі. Цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілердің әсерінен қысқаша, көрнекі және лезде қабылдауға бағытталған ақпаратты қабылдаудың жаңа мәдениеті пайда болды. Осыған байланысты көркем мәтіндерді қысқартылған, мультимодальды форматтарға бейімдеу қажеттілігі артып отыр, оның ішінде мәтіннің креолизацияланған түрі ретіндегі комикстердің орны ерекше.

Айта кетерлігі, қазақстандық ғылыми-ағарту қауымдастығында мәтіндерді комикс форматына бейімдеуге деген көзқарас біржақты оң емес. Кейбір ғалымдар бейнелеу

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP27511079 «Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары: көркем мәтіндерді бейімдеу қағидаттары және танымдық комикстер құрастыру әдіснамасын зерттеу» жобасы аясында әзірленді.*

(визуализация) мәтіннің мағыналық тереңдігін жұтаңдатуы мүмкін деп есептей отырып, әдеби шығармаларды мұндай түрлендіруге қатысты сақтық танытады. Бұл көзқарас сөздіктерде «комикс» терминіне берілген анықтамалардан-ақ көрінеді. Мәселен, «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Комикс – зат. Ойды алдандыру сипатындағы өтпелі хикаяны беретін, қысқа мәтіндері бар суреттер сериясы. Комикс белгілі бір тақырыпта бірыңғай сюжетті және қысқа баяндалатын мәтінді, суреттер таралымы (юмористикалық, қырсықтылық, авантюрлық) бар шығарманың түрі» [1, 82], – деген анықтама беріліп, комиксты тек юмор жанрындағы шығарма деп білсе, «Баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігінің» авторлары бұдан жағымсыз реңкте анықтама береді: «Комикс – мазмұны түкке тұрғысыз суреттер арқылы берілетін қара дүрсін әңгіме. Мұндай комикстер АҚШ-та орасан зор мөлшерде (жылына 1 миллиард данаға дейін) шығарылады» [2, 89]. «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» бейтарап анықтама келтіріледі: «XIX ғасырда АҚШ-та пайда болған әдеби жанрдың бір түрі. Комикстер логикалық тұрғыдан өзара байланысқан, бір ортақ оқиғаны баяндайтын суреттер жиынтығынан тұрады» [3, 241]. Осындай үстірт анықтамалардың берілуі әдеби жанр ретіндегі комикстің қазақ филологиясында зерттелу өзектілігін айқындайды. Комикстердің отандық ғылымда «көңіл көтеретін жеңіл/ төмен жанр» екендігі туралы кең таралған пікірге қарамастан, әлемдік графикалық әдебиет тәжірибесі комикс форматының терең философиялық, моральдық және трагедиялық мағыналарды беруге қабілетті екенін көрсетеді. Комикстердің жанрлық палитрасы тек юмор мен фантастиканы ғана емес, сонымен қатар драманы, трагедияны, психологизмді, әлеуметтік сатираны қамтиды. Оған айқын мысал – моральдық таңдау, күш пен жауапкершілік, тарихи жады мен ұлттық сана мәселелерін көтеретін А.Мурдың «Қарауыл» (немесе «Сақшылар», түпнұсқа тілінде «Watchmen») комиксі. Бұл шығарма комикстердің интеллектуалдық жүктемесі жоғары күрделі өнер түрі бола алатынын дәлелдейді.

Комикс жанрының қазақ оқырманына жат, жаңа туынды деп те айта алмаймыз. Ағартушылық істе озық идеяларды қолданып, рухни жаңғырту жолында ерең еңбек еткен Алаш зиялыларының бірі Ж.Аймауытұлы еңбектерін мысалға ала аламыз. Ж.Аймауытұлы 1929 жылы «Жаман тымақ» [4] атты ертегіні комикс түрінде жарыққа шығарады. Кітапшаның бір ерекшелігі – шағын ғана ертегі жай ғана суреттермен емес, оқиға желісі көрсетілген суреттермен баяндалады. С.Қирабаев бұл жайында: «Жүсіпбек көп шығармасын жаңа, жас ұрпаққа арнады. Соларды жаңа рухта, күрескерлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін кітаптар жазды. Оның балаларға арнап жазған «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» сияқты ертегілері бар. Олар суретті кітапша үлгісінде жазылған» [5, 22], – деген. Сонымен, комикстер – прагматикалық табиғаты күрделі болып келетін бейнелі мәтін және оқу-тәрбие, үгіт-насихат қызметтерін тиімді атқаруға әлеуеті зор еңбектер.

Комикс форматына мәтін түзуді, не болмаса дайын мәтінді комикс форматына бейімдеу үдерісіне келер болсақ, әрбір тілде мәтінді бейімдеу үдерісіне тікелей әсер ететін өзіндік құрылымдық-семантикалық ерекшеліктер бары сөзсіз. Бір тілдегі мәтінге қатысты сәтті қолданылған әдіс басқа бір тілдегі мәтінді өңдеуде тиімді бола бермейді. Осыған байланысты қазақша мәтінерді бейімдеу мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді деп есептейміз. Бұл тұста аталған мәселенің қазақ филологиясы аясында қарастырылу деңгейін анықтау өзекті болып отыр.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеудің мақсаты – көркем мәтіндерді бейімдеу, оның ішінде комикс сияқты көрнекі форматтарға айналдыру мәселесінің қазақ филологиясында қарастырылу деңгейін анықтау, осыған сәйкес сараптама жүргізу. Шолу және аналитикалық сипаттағы зерттеу мәтінді бейімдеудің ғылыми ұстанымдарын, тәсілдерін анықтауға, ғылымдағы ақтаңдақтарды анықтауға бағытталған.

Ғылыми-әдіснамалық негіз мета ғылыми талдау қағидаларына, сондай-ақ тіл білімінің ғылыми библиографиясына және тарихнамасына тән әдістерге негізделген. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: синтез, талдау, салыстырмалы әдіс. Алынған

ақпаратты жүйелеу және жалпылау үшін синтез әдісі қолданылды, бұл осы саланың дамуының негізгі бағыттары мен үрдістерді анықтауға мүмкіндік берді. Әртүрлі тәсілдерді салыстыруға мүмкіндік беретін салыстырмалы әдіс те қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде көркем мәтінді бейімдеуге қатысты отандық зерттеу жұмыстары алынды. Соңғы зерттеулердің талдауы қазіргі үрдістер мен инновацияларды анықтауға жол ашты. Таңдалған тәсіл осы саладағы ғылыми зерттеулердің өзектілігін негіздеуге арналған.

Әдеби шолу барысында әртүрлі ақпараттық қорлар қолданылды, соның ішінде:

– диссертациялардың электронды қорлары (ұлттық және халықаралық);

– Scopus, Web of Science, JSTOR, ERIC, Google Scholar т.б. дерекқорларында индекстелген ғылыми журналдар;

– ҚР ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдардағы жарияланымдар;

– филология бағытындағы халықаралық конференция жинақтары.

Іздеу барысында келесі кілт сөздер және олардың әртүрлі комбинациялары қолданылды: комикс, мәтінді бейімдеу, бейімделген мәтін, креолды мәтін, қазақ тілі, семиотика, когнитивті лингвистика; адаптированный текст, адаптация текста, креолизированный текст, казахский язык; comics, adapted text, modified texts, simplified text, creolized text, Kazakh, semiotics, cognitive linguistics.

AND және OR іздеу операторларының қолданылуы іздеу үдерісін нақтылауға ықпал етті. Дерекқорында әдеби шығармаларды комикс форматына бейімдеуге тура және жанама қатысы бар 30-дан астам зерттеу анықталды. Зерттеу талаптарына сәйкес (отандық зерттеу болуы) 17 әдебиет іріктелді.

Тақылау мен бақылау. Қазақ филологиясында көркем мәтіндерді комикстерге бейімдеуге арналған арнайы зерттеулер болмағандықтан, бұл жұмыста талдау сабақтас сала – БАҚ-тағы мәтіндерді бейімдеуге, аударма ісінде бейімдеуге қатысты зерттеулер бойынша да жүзеге асырылды. Бұл тәсіл медиамәтіндердің, әсіресе заманауи мультимодальды формалардың (инфографика, плакаттар, иллюстрациялық мақалалар) вербалды және бейвербалды элементтерді біріктіретін креолизацияланған мәтіндер болуына байланысты. Мұндай зерттеулер аясында ақпаратты бейімдеудің лингвистикалық әдістері бұл жағдайда да өзекті, атап айтқанда: мәтінді қысқарту, синтаксистік құрылымдарды жеңілдету, лексикаға өзгерістер енгізу, сонымен қатар прагматикалық мақсатқа сәйкес иллюстрациялық қатарды таңдау. Бұл әдістер комикстерді дайындау барысында мәтінді бейімдеуде қолданылатын әдістермен ішінара сәйкес келеді. Бұл қолда бар теориялық білімді тірек ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Мәтін бейімдеуді қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытудың тиімді тәсілі ретінде есептей отырып, Г.Ж.Искакова мен А.М.Жиеналина бұл үдерістің лингвистикалық, лингвистикалық емес, прагматикалық, мәдени деген түрлерін анықтап көрсетеді:

1) лингвистикалық бейімдеу – лексикалық алмастыру немесе грамматикалық трансформация арқылы мәтінді жеңілдету;

2) лингвистикалық емес бейімдеу – мәтін көлемінің өзгеруіне, тақырыптық сызықтардың қысқаруына, мазмұнның жеңілдетілуіне байланысты өзгерту;

3) прагматикалық бейімдеу – түпнұсқа мәтін мен аударманың прагматикалық әсерін теңестіру;

4) мәдени бейімдеу – лингвомәдениеттану ақпаратының экспликациясына бағытталған [6, 147]. Мәтін бейімдеуде оқырманның жасын, әлеуметтік, ұлттық сипаттамаларын, оның тілдік құзыреттілік деңгейін т.б. ескеру қажеттілігіне баса назар аударады.

Ж.Т.Ибрагимованың «Фотобейне – ой көрінісі» еңбегінде «мәтін + сурет» қосындысының прагматикалық сипаты жайлы құнды ой-тұжырымдар келтірілген: «Кез-келген сурет мәтіннің өн бойындағы идеяны берумен қатар, сол идеяның адам санасына әсерін күшейтеді» [7, 55], «Адресатқа жағымды әсер ету үшін фотоақпаратта жансыз бейнелерге қарағанда жанды бейнелерді (адамды, жануарды) пайдалану өнімдірек. Сонымен қатар, бейнеге (иллюстрацияға) қарағанда фотосуреттер ойда жақсы сақталады. Адамдар

фотосуреттерді шынайы заттар мен жағдаяттардың көрінісі деп қабылдайды» [7, 56], «... кез-келген бейвербалды құралдар автордың белгілі мақсаттары үшін пайдаланылып қоймай, сонымен қатар мәтіндегі айтылатын ойдың мазмұнын ашып, мәнін толықтырып, оқырманның жан дүниесіне жол таба алатын бірден-бір фактор деуге болады» [7, 57]. Осында «мәтін + сурет» деп көрсетуіміздің себебі – жазбаша БАҚ-та не дегенмен мәтін бірінші орында тұрады. Комикстерге келер болсақ, ондағы мәтіннің немесе иллюстрацияның басымдығы туралы мәселені біржақты шешу мүмкін емес, өйткені комикс – жанр ретінде мультимодальды, креолизацияланған мәтін, мұнда вербалды және бейвербалды элементтер жеке емес, өзара байланыста қызмет етеді. Олардың өзара әрекеттесуі баяндаудың біртұтас семиотикалық кеңістігін құрайды: мұнда мәтін мағына береді, ал иллюстрация контекст, эмоция және динамиканы ұсынады. Дегенмен, мақсатты аудиторияға және жанрлық фокусқа байланысты акцент өзгеруі мүмкін. Балалар әдебиетінде, әдетте, көрнекілік басым түседі, өйткені ол қабылдауды жеңілдетеді және оқырман зейінін сақтауға көмектеседі. Жасөспірімдер мен ересектерге арналған графикалық романдарда мәтіннің философиялық немесе психологиялық тереңдігі бірінші орынға шығуы мүмкін, ал оның мазмұнын күшейтетін көрнекі элементтер екінші орында болады деп топшылауға болады. Десек те, комикстағы компоненттердің «басымдылықтары» туралы тұжырым жасау қиын. Маңыздысы – мәтін мен сурет арасындағы үйлесімділік, өйткені сурет мәтінді, мәтін суретті қайталамайды, бірін-бірі толықтырады. Бұл синерия комикстердің баяндау формасы ретіндегі әсерлілігінің мәні болып табылады.

А.Абилов, Н.Р.Хегай және Э.А.Ибрагимова өз зерттеулерінде кәсіби лексикадан тұратын медиа-мәтіндерді бейімдеу мәселесін қарастырады. Бұл да БАҚ дискурсындағы зерттеу болғанымен, болашақта комикстер үшін мәтін бейімдеу әдістемесін құруға икемі бар. Мәселен, бұл еңбекте дайджест туралы айтылады. Дайджест – материалды шоғырландырылған түрде көрсету, оны қажетті өлшемге дейін қысқарту, құрылымы жағынан да, тілі жағынан да өз стилінің қажетті шарттарына бейімдеу [8, 21]. Сондай-ақ көлемді мәтінді шағын мәтінге айналдырудың жолдары туралы айтылады. Атап айтқанда, біріншіден, ол мәтінге міндетті түрде кешенді талдау жүргізілгені абзал. Негізгі идеялары, тірек сөздері, қысқартуға түспеуі тиіс сөйлемдері анықталуы тиіс [8, 21]. Пікірлері қосылған бұл талданған мәтін журналистерге кейін жаңалық жазуда бағыт-бағдар береді. Бұл редактор мен журналист жайлы болса, біздің жағдайда филолог маман мен комикс жасаушы дизайнер арасындағы өзара әрекет болмақ. Комикс суретшілерінің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық интуициясын еш кемітпейміз, дегенмен көркем мәтінді бастапқы бейімдеу филологтың жұмысынан басталатынын атап өткен жөн. Ол мәтінді талдап түсіндіруге, негізгі фрагменттерді анықтауға және кейін комикс нобайына түсетін раскадровкалардың сипаттамасын беруге жауапты. Филолог ең алдымен шығарманың сюжетін, кейіпкерлердің болмысын, эмоционалдық келбетін түсінуге негіз болатын көріністерді таңдайды. Комикс өзінің табиғаты бойынша көркем мәтіндегі оқиғалардың бүкіл көлемін көрсете алмайтынын түсіну маңызды – әрбір әрекетті жеке кадр ретінде бейнелеу мүмкін емес. Сондықтан бейнелеу үшін қажетті фрагменттерді көрсетуде филологтың еңбегін асыра бағалау мүмкін емес. Бұл тұста монолог-диалогтардағы негізгі дәйексөздер, негізгі әрекеттер, оқиға желісі анықталады. Бұл БАҚ-тағы редактордың дайджест жұмысына ұқсас. Сонымен қатар филолог интонацияны, мәдени шындықты, эмоцияларды, стильдік ерекшеліктерді комиксте дәл беру үшін бейімделген мәтінге түсініктемелер мен нұсқаулар қосуы керек. Осылайша филолог семиотиканы, когнитивтік лингвистиканы, прагматиканы және лингвомәдениеттануды жақсы білуі керек, өйткені ол тек мәтінді бейімдеп қана қоймайды, сонымен бірге иллюстрацияларда жүзеге асырылатын мәдени бейнелерді де түсіндіреді. Өз кезегінде суретші мен дизайнер түпнұсқа мәтінмен танысып, бейнелеу бойынша ұсыныстар айтып, нақтылау сұрақтарын қоюы керек. Тек филолог пен суреткердің шығармашылық үйлесімінің нәтижесінде ғана көркем мәтінді сапалы бейімдеуге қол жеткізуге болады.

С.М.Иманқұлова мен Н.Ж.Егізбаева: «Мәтінді бейімдеу – қабылдаушының деңгейіне сай түпнұсқа мәтінді өңдеу» [9, 167], – деп көрсетеді де, оның келесідей түрлерін көрсетеді:

1) мәтінді бейімдейтін адамға қатысты – субъектілік бейімдеу (оқырманға түпнұсқалық мәтінді ұсынады да, сосын өзі түсіндірген/өңдеген жаңа мәтіннің авторы болады);

2) мәтінді не ақпаратты бейімдеу нысанына байланысты – референциалды бейімдеу (тілді оңайлату үшін мәтін тілдік деңгейге бейімделеді, яғни өңделеді);

3) бейімдеу адресатына қатысты – адресаттық бейімдеу (мәтін кең көлемдегі оқырмандарға, сондай-ақ шектелген оқырмандарға бейімделеді);

4) мәтінді өңдеу тәсіліне байланысты – инструменталды/құралдық бейімдеу (ауызша және жазбаша бейімдеу) [9, 168]. Бұл жерде де, жоғарыда атап өткеніміздей, мәтінді маман бейімдеуі қажет деген пікір айтылады: «Мәтіндегі ақпаратты бейімдегенде сол саланың маманы емес басқа адам өңдесе, оқырманға мағынасы толық жетпей жатады» [9, 167]. Еңбек авторлары мәтін бейімдеудің келесі жолдарын көрсетеді:

1) Редукция/ықшамдау – авторлық жаңалық енгізілгенде сөйлемдер мен құрылымдарды құрау нормасын қалпына келтіру мақсатында мәтін компоненттерінің қолдану тәртібін өзгерту.

2) Қосу – мәтіннің алғашқы мағынасын қалпына келтіру кезінде қолданылады, кей жерлерінде қалып кеткен ақпаратты мәтін оқырманына түсінбестік туындамас үшін белгілі бір деңгейде қалпына келтіру.

3) Инверсия – мәтіннің мағыналық тұтастығын көрсету үшін сөйлемдегі сөздердің дағдылы орын тәртібін өзгерту, алмастыру.

4) Цитация – бейімдеу тәсіліне жатпайды, аутентті мәтінді көшіріп, ондағы ақпаратты түсіну үшін мәтіннің формасы мен мазмұнына сай алмастыру, мақсаты – мәтіндегі бірізділікті сақтау.

5) Жою – артық қолданылған тілдік бірліктерді (қыстырма сөздер, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, қайталаулар, біржақты мысалдар, риторикалық сұрақтар мен таңданыстар, цитаттар, автордың ойына әсер етпейтін детальдар, түсініктемелер, талдаулар, сипаттамалар, мазмұнға нұқсан келтірмейтін сөздер мен сөйлемдер және т.б.) алып тастау.

6) Алмастыру – мәтіндегі күрделі оралымдарды, фразеологиялық тіркестерді, қиындық тудыратын грамматикалық не синтаксистік құрылымдарды басқасымен алмастыру [9, 168]. Бұл негізгі әдістерді көркем мәтінді комикс форматына түрлендіру кезінде тиімді қолдануға болады.

А.А.Игенова және К.А.Төлеубаева мәтіндерді бейімдеудің төмендегідей әдістерін көрсетеді:

1) сөздік қорды реттеу. Бейімдеушілер сирек кездесетін сөздердің орнына лексиканың актив қабатындағы сөздерді қолданады;

2) грамматикалық құрылымдарды жеңілдету. Бұл әдіс сөйлемдерді қысқартуды, етістік шақтарының жеңіл формасын қолдануды және есімше немесе шартты сөйлемдер сияқты күрделі синтаксистік құрылымдарды алып тастауды қамтиды. Мысалы, «Әкесі ұзақ сапардан шаршап келгеніне қарамастан, ұлының жиналып қалған әңгімесін мұқият тыңдады» деген күрделі сөйлем «Әкесі жолдан шаршаған, бірақ ұлының әңгімесін тыңдады» деп жеңілдетілуі мүмкін;

3) мәтін ұзындығын қысқарту. Бейімдеушілер жиі қосымша сюжеттерді, сипаттамалық элементтерді немесе түсінуді қиындатуы мүмкін күрделі метафораларды алып тастайды;

4) бейімделген мәтіндерге сөздіктер, мәдени контексті түсіндіру немесе көрнекі материалдар сияқты қосымша элементтер енгізілуі мүмкін [10].

М.К.Мамбетова, А.А.Карымхан және А.Қ.Әбдіқадырова пікірінше, қазақша мәтіндерді бейімдеу бұл саладағы жүйелеудің жоқтығынан және ғылыми зерттеулердің аз болуынан айтарлықтай қиын. Ағылшын тілімен салыстырғанда қазақ тілінде бейімделген мәтіндер қоры жоқ екені де аян [11, 62]. Ғалымдардың пайымдауынша, когнитивтік жүктеме қағидаларын ұстанып қана мәтінді оқыту мақсатында сәтті бейімдеуге болады. Расында да, қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеуге бағытталған ауқымды және жүйелі зерттеулер

жүргізу, сондай-ақ бейімделген мәтіндердің мамандандырылған қорын құру әртүрлі салаларда айтарлықтай нәтиже бере алар еді. Мұндай жұмыс тіл саясатының, БАҚ-тың, білім берудің және балалар әдебиетінің дамуына әсер етеді, өйткені бейімделген мәтіндер әдеби мұра мен ақпаратты қабылдаудың қазіргі форматтары арасында дәнекер қызметін атқарады. Комикс мәтінді алдын ала тілдік-семантикалық өңдеуді қажет етеді, бұл лингвистикалық дайындалған материалдың болуын ұлттық комикс саласын қалыптастырудың маңызды шартына айналдырады.

Нәтижелер. Адам іс-әрекетінің барлық дерлік салалары білім беруде де, жарнамада да, көркем мәтіндерде де, өнер саласында да креолизация құбылысына ұшырауы мүмкін. Ақпаратқа қанықкан қазіргі заманда адамзат ақпараттың үлкен ағымы мен көлеміне тап болды және уақыттың жетіспеушілігінен ұзақ мәтіндерді оқудан гөрі бейнелі мәтіндерге (креолизацияланған мәтіндерге) жүгінеді [12, 184].

Әдеби шолу қазақ тілінде комикстерді, атап айтқанда, аталған форматқа бейімделген көркем шығармаларды жасауға әлеуметтік сұраныстың болуына қарамастан, отандық филология әлі күнге дейін мәтінді бейімдеудің арнайы әдістемесін әзірлемегенін көрсетті. Қазірде қазақ тіліндегі мәтіндерді бейімдеудің қолданыстағы тәсілдері: синтаксистік құрылымдарды қысқарту, сөздік қорды азайту, пассив қабаттағы сөздерді актив қабаттағы сөздермен алмастыру және қосалқы элементтерді жою. Яғни, әдетте, тілдік материалды жеңілдетумен ғана шектеледі Бұл тәсіл қабылдауды жеңілдету үшін маңызды болғанымен, мәтінді көрнекі түрлендіруге қатысты тапсырмалардың кең ауқымын қамтымайды. Атап айтқанда, комикстерде көбінесе мәтіннің өзінен кем түспейтін мағынаны жеткізуші бейнесуреттермен жұмыс істеу әдістемесі бұлыңғыр және теориялық тұрғыдан түсініксіз болып қалады. Семиотикалық бейімдеудің нақты ұстанымдарының болмауы қазақ тілінде жоғары сапалы комикс туындыларын жасауды қиындатады, өйткені ілеспе визуалды кодсыз жеңілдетілген мәтін түпнұсқаның мәнерлілігі мен тереңдігін жоғалтады.

Соңғы жылдардағы жарияланымдар ғалымдардың бұл бағытқа енді-енді қызығушылық таныта бастағанын көрсетеді. Дегенмен бұл саланың әлеуетті дамуы ғылыми қауымдастықтың бір бөлігіне тән инерция мен консерватизмді жеңгенде ғана мүмкін болады. Сонда ғана қазақ тіл білімі мен әдебиетіне жаңашылдық пен заманауи форматтарды кіріктіруге ұмтылу жүйелі зерттеулерге, бейімдеудің ғылыми негізделген әдістемесін қалыптастыруға жетелейді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, комикс – көпшілік ойлағаннан күрделірек әдеби туынды. Көркем мәтіндерді комикс форматына бейімдеу тек балалар әдебиетімен шектеліп қалмағаны жөн. «Балалар» жанры ретінде кең тараған таптауырын оның әлеуетті функцияларын айтарлықтай тарылтады. Шын мәнінде, мәтінді түрлендіру үшін мұқият, әдістемелік тексерілген жұмыс жүргізілсе, мағыналық және эмоционалдық жүктемесі жағынан күрделі шығармалардың өзі графикалық түрге бейімделуі мүмкін. Мұндай жұмыс материалды талдау мен іріктеудің лингвистикалық әдістерін де, семиотика, визуалды әңгімелеу және психолингвистика саласындағы білімді де жетік меңгерген мамандарды жұмысқа тартуды талап етеді. Сауатты бейімделген комикс түпнұсқаның эмоционалдық және мағыналық тереңдігін сақтаумен қатар, оны көпшілік оқырман қабылдауына жеңіл етеді.

Қазақ халқы ежелден-ақ мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, фразеологиялық тіркестерді пайдалана отырып, терең де астарлы ойларды жеткізе білуімен ерекшеленген. Комикс жанр ретінде қазақтың дәстүрлі баяндауының эстетикасына да, қазіргі медиа-ортаның талаптарына да сәйкес келетін қысқа сөздер мен экспрессивті бейнелердің табиғи үйлесіміне мүмкіндік береді. Демек Қазақстандағы комикс индустриясының дамуы әдебиет пен тілді насихаттаудың тиімді құралы ғана емес, қазақ халқының бейнелеу мен ауыз әдебиет дәстүрінің заманауи жалғасы, оның жаңа формасы бола алады.

Осы тұрғыдан алғанда, комикс жанры қазақтың дәстүрлі баяндау тәсілдерімен табиғи үндестік таба алады. Комикс – мәтін мен бейненің синтезі арқылы оқиғаны ықшам әрі әсерлі жеткізетін заманауи медиа формалардың бірі. Онда қысқа диалогтар, нұсқа

репликалар, визуалды символдар кеңінен қолданылады. Бұл ерекшеліктер қазақтың мақал-мәтелдеріне, шешендік сөздеріне және ауызша әңгімелеу дәстүріне өте жақын келеді. Яғни, комикс арқылы қазақы ойлау жүйесіне тән бейнелілік пен астарлы мағына жаңа форматта қайта жаңғыра алады.

Қазақстандағы комикс индустриясының дамуы осы тұрғыда үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Біріншіден, ол жас ұрпаққа ұлттық әдебиет пен тілді заманауи, тартымды формада ұсынуға жағдай жасайды. Қазіргі жастар визуалды ақпаратты тез қабылдайды, сондықтан комикстер арқылы күрделі тарихи оқиғаларды, батырлар жырын, аңыз-ертегілерді немесе классикалық шығармаларды жеңіл әрі қызықты түрде жеткізуге болады. Бұл өз кезегінде оқырманның қызығушылығын арттырып, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтеді.

Екіншіден, комикс ұлттық мәдени кодтарды сақтап, оны жаңаша интерпретациялауға мүмкіндік береді. Мысалы, дәстүрлі кейіпкерлерді, архетиптерді немесе фольклорлық сюжеттерді қазіргі заманның контексінде бейнелеу арқылы олардың мәнін тереңдетіп, жаңа мағына беруге болады. Бұл – мәдени сабақтастықты сақтай отырып, оны жаңғыртудың тиімді жолы.

Үшіншіден, комикс индустриясы шығармашылық индустрияның бір бөлігі ретінде экономикалық және мәдени тұрғыдан да маңызды рөл атқара алады. Жергілікті авторлар мен суретшілер үшін жаңа мүмкіндіктер ашылып, ұлттық контенттің үлесі артады. Сонымен қатар, қазақ комикстерін халықаралық деңгейде таныстыру арқылы еліміздің мәдени имиджін нығайтуға болады. Қорытындылай келе, Қазақстандағы комикс индустриясының дамуы тек жаңа медиа саласының қалыптасуы ғана емес, ол – қазақ халқының бай ауыз әдебиеті мен бейнелеу дәстүрінің заманауи жалғасы. Комикс – өткен мен бүгінді жалғап, ұлттық құндылықтарды жаңа буынға жеткізетін тиімді құрал. Сондықтан бұл бағытты жүйелі түрде дамыту мәдениет пен тілдің болашағы үшін маңызды стратегиялық қадам болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық // Сөздікті құраст.: Қ. Күдеринова ж.б. – 8-том. К-Қ. – Алматы: Арыс, 2007. – 744 б.
2. Баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігі // С. Медеубекұлы, Б.Омарова, Р.Әбдиева. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2013. – 232 б.
3. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б. Мизамхан және т.б. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.
4. Аймауытұлы Ж. Жаман тымақ: сықақ өлеңдер // Ж. Аймауытұлы – Ташкент: Қазақстан баспасы, 1929. – 16 б.
5. Қайта оралған қаламгер: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады // Құраст. В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2003. – 272 б.
6. Искакова Г.Ж., Жиеналина А.М. Көркем мәтінді бейімдеу түрлері // «Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы Ұлы Дала құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Петропавл: СҚМУ, 2019. – Б. 146-150.
7. Ибрагимова Ж.Т. Фотобейне – ой көрінісі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №3 (49). – Б. 52-57. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v181.i1.ph18
8. Abilov A., Khegai N.R., Ibragimova E.A. Social orientation of media texts containing professional vocabulary, their adaptation and functioning // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series. – 2021. – №1. – P. 20-25. URL: https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/8/3
9. Иманқұлова С.М., Егізбаева Н.Ж. Тыңдалым мәтіндерін іріктеу және оларды бейімдеу түрлері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №1 (181). – Б. 162-170. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v181.i1.ph18

10. Игенова А.А., Төлеубаева К.А. Бейімделген көркем әдебиеттің қалыптасуы мен дамуы: әдебиетке шолу // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 213-222. DOI: https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686

11. Mambetova M.K., Karymkhan A.A., Abdikadyrova A.K. Adapting Kazakh texts for language learners: application of adaptation techniques // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2024. – №3 (195). – P. 58-67. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph06

12. Сарбасова А.Е. Креолизованные тексты в современной лингвистике // Вестник Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова. – 2025. – №1 (79). – С. 181-186. DOI: https://doi.org/10.70239/arsu.2025.t79.n1.21

Г.Ж. ИСКАКОВА, Г.Т. ТЛЕУБЕРДИНА, А.К. ТАНСЫКБАЙ
Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ АДАПТАЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА К ФОРМАТУ КОМИКСА: ОБЗОР ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация. В статье рассматривается уровень проработки вопроса адаптации художественных текстов к формату комиксов в казахской филологии. Несмотря на растущий интерес общественности к графическим формам повествования, в частности комиксам, установлено, что специальные научные исследования, посвященные теоретическим и методологическим основам адаптации оригинальных текстов, составляющих основу комиксов, в отечественной науке практически отсутствуют. Как показывает литературный обзор, научные публикации в основном посвящены сокращению и упрощению текста, тогда как принципы работы с невербальными компонентами текста остаются вне внимания исследователей. Авторы подчеркивают, что адаптация текста к комиксу требует не только сокращения, но и комплексной работы с участием филологов и художников. Особо важным аспектом является выявление основных элементов исходного текста, подлежащих визуализации, и разработка пояснений к ним с учетом культурной, семантической и прагматической нагрузки. Отмечается, что адаптация не должна ограничиваться детской литературой: при правильной организации работы можно создавать графические версии сложных по содержанию и структуре художественных произведений. Таким образом, в статье обосновывается необходимость формирования научно обоснованной методики адаптации казахских текстов к визуально-графическому формату, что в перспективе будет способствовать развитию национального комикс-творчества, популяризации и преподаванию казахского языка и литературы, а также расширению читательской аудитории.

Ключевые слова: адаптация текста, комикс, креолизованный текст, казахский язык, художественная литература, литературный обзор.

G.ZH. ISKAKOVA, G.T. TLEUBERDINA, A.Q. TANGSYQBAI
Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

LINGUISTIC FOUNDATIONS OF ADAPTING A LITERARY TEXT TO THE COMIC FORMAT: A REVIEW OF DOMESTIC SCHOLARSHIP

Annotation. The article examines the current state of research on the adaptation of literary texts into the comics format within the framework of Kazakh philology. Despite the growing public interest in graphic forms of storytelling – particularly comics – there is a notable lack of dedicated academic studies focused on the theoretical and methodological foundations of adapting original literary texts for visual formats in the domestic scholarly context. As the literature review reveals, most existing publications focus primarily on textual reduction and simplification, while the principles for working with non-verbal components remain largely underexplored. The authors argue that adapting texts into comics requires not only textual reduction but also a complex, interdisciplinary approach

involving philologists, artists, and designers. A particularly important component of this process is identifying the key narrative elements of the source text that warrant visual representation, and providing culturally, semantically, and pragmatically informed commentary to guide illustration. It is also emphasized that the scope of adaptation should not be confined to children's literature; with proper methodological planning, it is possible to produce graphic versions of literary works that are complex in both content and structure. Thus, the article substantiates the need to develop a scientifically grounded methodology for adapting Kazakh literary texts into visual-graphic formats. Such an initiative would not only contribute to the development of a national comic book tradition, but also support the popularization and pedagogical integration of the Kazakh language and literature, ultimately broadening the readership.

Keywords: text adaptation, comics, creolized text, Kazakh language, fiction, literature review.

References

1. Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı: on bes tomdyq / Sözdıktı qūrast.: Q. Küderinova j.b. – 8-tom. K-Q. – Almaty: Arys, 2007. – 744 b.

2. Baspa jäne poligrafia terminderınıñ tüsındırme sözdıgı / S. Medeubekūly, B.Omarova, R.Äbdieva. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2013. – 232 b.

3. Qazaq tılınıñ kırme sözder sözdıgı / Qūrastyrğandar: Ş. Qūrmanbaiūly, S.İsaqova, B. Mizamhan jäne t.b. – Almaty: Ūlttyq audarma bürosy, 2019. – 596 b.

4. Aimauytūly J. Jaman tymaq: syqaq öleñder / J. Aimauytūly – Taşkent: Qazaqstan baspasy, 1929. – 16 b.

5. Qaita oralğan qalamger: Halqymyzdyñ körnektı qoğam qairatkerı, ğalym, jazuşy Jüsıpbek Aimauytūlyna arnalady / Qūrast. V.Q. Küzembaeva. – Almaty: Ortalyq ğylymi kıtaphana, 2003. – 272 b.

6. İskakova G.J., Jienalina A.M. Körkem mätındı beiımdeu türlerı // «Mağjan Jūmabaev şyğarmalaryndağy Ūly Dala qūndylyqtary» atty halyqaralyq ğylymi-täjıribelık konferensianyñ materialdary. – Petropavl: SQMU, 2019. – B. 146-150.

7. İbragimova J.T. Fotobeine – oi körınısı // Abai atyndağy QazŪPU-nıñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2014. – №3 (49). – B. 52-57. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v181.i1.ph18

8. Abilov A., Khegai N.R., Ibragimova E.A. Social orientation of media texts containing professional vocabulary, their adaptation and functioning // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series. – 2021. – №1. – P. 20-25. URL: https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/8/3

9. İmanqūlova S.M., Egızbaeva N.J. Tyñdalym mätınderın ırıkteu jäne olardy beiımdeu türlerı // QazŪU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2021. – №1 (181). – B. 162-170. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v181.i1.ph18

10. İgenova A.A., Töleubaeva K.A. Beiımdelgen körkem ädebiettıñ qalyptasuy men damuy: ädebietke şolu // İasaui universitetınıñ Habarşysy. – 2025. – №1 (135). – B. 213-222. DOI: https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686

11. Mambetova M.K., Karymkhan A.A., Abdikadyrova A.K. Adapting Kazakh texts for language learners: application of adaptation techniques // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2024. – №3 (195). – P. 58-67. DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph06

12. Sarbasova A.E. Kreolizovannye teksty v sovremennoi lingvistike // Vestnik Aktübinskogo regionälnogo universiteta im. K. Jubanova. – 2025. – №1 (79). – S. 181-186. DOI: https://doi.org/10.70239/arsu.2025.t79.n1.21

Авторлар туралы мәлімет:

Искакова Гүлгүл Жеңісқызы – философия докторы (PhD), Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қауымдастырылған профессоры, Көкшетау, Қазақстан.

Искакова Гулгул Женисовна – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

Iskakova Gulgul Zhenisovna – Doctor of Philosophy (PhD), associate professor of the Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

Тлеубердина Гүлден Тоқатқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қауымдастырылған профессоры, Көкшетау, Қазақстан.

Тлеубердина Гульден Токатовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

Tleuberdina Gulden Tokatovna – Candidate of Philological Sciences, associate professor of the Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы – философия докторы (PhD), Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің лекторы, Көкшетау, Қазақстан.

Тансыкбай Адилет Кыдырбекулы — доктор философии (PhD), лектор Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

Tangsyqbai Adilet Qydyrbekuly – Doctor of Philosophy (PhD), lecturer at Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.31.41
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.07

***Ж.Ж. МАНАПБАЕВА[1]**
А.Е. АЛПЫСБАЕВА[2]
А.У. ЖУСУПОВА[3]
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан[1]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан[2]
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан[3]
(e-mail: zh.manapbayeva@iitu.edu.kz[1], aygul.alpysbaeva.91@mail.ru[2],
zhussupova.akb@gmail.com[3])

АУДАРМА САПАСЫН БАҒАЛАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Аударма сапасын бағалау – аударматану теориясы мен практикасы үшін маңызы зор акт. Ол сапалы аударманы сапасыз аудармадан ажыратуға, сәйкесінше «жақсы» аудармашыларды анықтауға, жас аудармашыларды дайындауға, жалпы аударма теориясын қалыптастыруға, т.б. мүмкіндік береді. Берілген мақалада аударма сапасын бағалау актісінің әдістемелік және практикалық негіздері сараланады. Авторлар сапа бағалаудың түрлі әдістерін – эквиваленттілік теориясына негізделген, функционалдық модельдерді сипаттай келе, Ганс Хенигтің аударма скопосына негізделген бағалау сценарийлері моделін практикада сынайды. Сондай-ақ, аударма қателіктерін талдауда Д.Бузаджидің классификациясын іс жүзінде тәжірибеден өткізеді. Мақаланың практикалық бөліміне әйгілі ғалым Стивен Пинкердің «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында тәржімаланған «Тіл – инстикт» оқулығының орыс және қазақ тіліндегі аудармалары арқау болды. Аталған модельдердің аударма сапасын бағалауда маңызы зор екендігін айта келе, авторлар бұл саланың әлі де терең эмпирикалық зерттеулерді қажет ететінін алға тартады. Қалың оқырманға сауалнамалар жүргізу, түрлі бағалау сценарийлерінің нәтижелерін топтастыру, жалпы ақпарат жинау мен өңдеуде көптілді корпустар, автоматты анализаторлар секілді технологиялар тарта отырып, осы саладағы субъективтіліктің алдын алуға болатынын баса айтады.
Түйін сөздер: аударма сапасын бағалау, аударма қателіктері, модель, Пинкер, аударма, бағалау сценарийі.

Кіріспе. Аударма сапасын бағалау – аударматану теориясы мен практикасы үшін маңызы зор акт. Ол сапалы аударманы сапасыз аудармадан ажыратуға, сәйкесінше «жақсы» аудармашыларды анықтауға, жас аудармашыларды дайындауға, жалпы аударма теориясын қалыптастыруға, т.б. мүмкіндік береді.

Гуманитарлық ғылымдағы формализацияға келмейтін категориялар секілді аударма сапасын бағалау актісі де субъективті табиғатынан арыла алмай отыр. Аударма сапасы туралы естілетін күнделікті пікірлер әр «бағалаушының» өзіндік «ұнайды/ұнамайды» деген сияқты «критерийлеріне», ал ғылыми дискурстағы бағалау жұмыстары аударматанушының сыңаржақты пікіріне негізделіп жатады. Дегенмен, біршама уақыт бойы жеке ғылым ретінде жетіліп келе жатқан аударматану теориясында аударма сапасын бағалау модельдері, критерийлері, т.б. негіздері, әлбетте, бар.

Аударматану ғылымы дамуының ерте кезеңінде сапа бағалау критерийлері салыстырмалы-салғастырмалы лингвистиканың нәтижелеріне сүйенген. Екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай отырып, қандай да бір грамматикалық категорияның аударма тіліндегі сәйкес эквиваленттері табылып, солардың негізінде аударма ережелері тұжырымдалған. Осы тұста транспозиция термині пайдаланыла бастайды. Транспозиция дегеніміз аудармашының түпнұсқа тілі мен аударма тілі құрылымында сәйкессіздіктер болған жағдайда аударма мәтініне жасайтын «өзгерістері». Аударма оқулықтарында, сәйкесінше, осындай транспозициялар жиналып, аударма қиындықтарын шешетін құрал ретінде беріліп отырған. Батыс аударматануында Уилстың «Ағылшын тілінің есімше конструкцияларын неміс тіліне қалай аудару керек?» [1] атты еңбегі – осының дәлелі.

Контрастивтік теорияны жақтаушылардың пікірінше, аудармашы түпнұсқа тілі мен аударма тілінің синтаксистік мен лексика-семантикалық құрылымдарын барынша ұқсас етіп аударуы керек. Осылайша екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтары негізінде контрастивті грамматиканы жасаудың маңызын алға қояды. Бірақ бұл теория екі тілдің құрылымдық, формалдық жағына ғана бағытталған.

Ю.Найда эквиваленттілік теориясын ары қарай өрбітіп, динамикалық эквиваленттілік теориясын ұсынады. Бұл теория бойынша, «түпнұсқа реципиентінің реакциясы аударма реципиентінің реакциясымен бірдей болатын» аударма дұрыс болып есептеледі [2, 159], яғни реципиент реакциясы негізгі сапа бағалау критерийі болып саналды. Дегенмен, оқырман реакциясын қалай «өлшеу» керек екені әлі де белгісіз болды.

Аударманың түпнұсқадағы формадан алшақ болып аударылатынын ескеріп, аударма сапасын бағалаудың жаңа моделін ұсынғандардың бірі – К.Райс [3]. Ол өз зерттеулерін лексикалық не синтактикалық құрылымдарға емес, мәтін типіне негіздеді. К.Райстың пікірінше, мәтіннің үш негізгі функциясы болуы мүмкін: мазмұндық мәтін (жаңалықтар, іскерлік хабарлар, ресми іс-қағаздар, оқулықтар), формалық мәтін (романдар, пьесалар, поэмалар), апеллятивті мәтіндер (жарнама, сатира, памфлет, сайлау алды бағдарламалар). Бір мәтінде бірнеше функция араласып келгендіктен, Райс басыңқы және бағыныңқы функция түсінігін де енгізеді. Осылайша, Райстың ойынша, аударма мақсаты – мәтін типін сақтау, басыңқы функцияны беру. Мысалы, жарнаманы аударғанда апеллятивті функциясын беру мақсатында мәтін формасы сақталмауы мүмкін.

К.Райстың теориясы контрастивтік теориядан біршама алға жылжығанымен, ол мәтін функциясының аударма кезінде өзгеретінін ескермейді, яғни оның теориясы түпнұсқа мәтініне және оның функциясына негізделеді.

Аударма сапасын бағалаудың тағы бір моделін Г. Фермеер 1978 жылы ұсынды [4]. Бұл модель скопос теориясы аясында қарастырылды. Кейінірек бұл теория функционализм деп атала бастады. Бұл теория жақтаушылары: Г.Хениг, К.Норд, К.Райс, т.б. Фермеердің пікірінше, түпнұсқа мәтін белгілі бір реципиенттерге белгілі бір мақсатпен жазылады. Сол сияқты, аударма да мәтін түріндегі «прагматикалық акт». Скопос теориясы бойынша аударма мақсаты түпнұсқа мәтінге емес, аударма реципиенттерінің сұранысы мен талаптарына сәйкес анықталады, яғни аудармашы аударма мәдениетіндегі реципиенттермен «танысып» алуы қажет.

Г.Фермеердің теориясы қызу талқыға түскені анық. Аударматанушылар оның теориясын «тым еркін», жүйесіз, түпнұсқаға тіптен байланыссыз деп айыптады. Шынында да, аударманың қандай скопосқа негізделгенін, аудармашының қаншалықты еркін аударғанын, жас аудармашыларды қалай даярлау қажет екенін (қандай ережелер арқылы) анықтау керек болды.

Функционализмді ары қарай өрбіткен Г.Хенигтің пікірінше, аударматануда ережелер болмауы керек, тек стратегиялар берілуі керек [5, 9]. Сол себепті ол «қажетті дәлдік деңгейі» ұстанымын ұсынады. «Қажетті» деген сөздің өзі функционализмде абсолюттердің болмайтынын білдіреді. Қажетті деңгей аударма функциясына қарай анықталады. Мысалы, сөздің белгілі бір контекстегі функциясы оның мәдени мағынасының қандай деңгейде берілу керек екенін анықтайды. Атқаратын функциясына қарай сөздің аудармасы да әр

түрлі болып шығады. Бұл – функционализмдегі ең қиын тұс, абсолютті ережелер жоқ, тек стратегия ғана бар, дұрыс аударма деген жоқ, тек «қабылданатын» аударма бар.

Г.Хениг аударма сапасын бағалаудың екі бағытын ұсынады: терапиялық және диагностикалық [5, 26]. Терапиялық бағыт бойынша аудармашы жасаған кішігірім қателер оның машықтарының аз екенін білдіреді. Диагностикалық бағыт бойынша, аудармадағы қате оны адресат байқаса ғана қате болып саналады. Бұл орайда адресат ретінде лингвисттер алынбайды.

Г.Хениг, сондай-ақ, аударма сапасын бағалауды оңтайландыру үшін «бағалау сценарийі» ұғымын енгізеді [5, 28]. Аударма функция қаншалықты әр түрлі болса, бағалау сценарийлері де соншалықты түрліше болып келеді әрі соған қарай басым критерийлер анықталады:

Кесте 1 – Хениг ұсынған бағалау сценарийлері

Критерий-лер / Бағалау сценарийі	Тексеріл-ген, түзетіл-ген, бағалан-ған.	Тиісті уақытта жасал-ған	Өрескел қателері бар. Ұтымды аударма нұсқалары бар.	Аударма тілінің мәтін стандарт-тары сақталған.	Түпнұсқа мәтінге (ТМ) не аударма мәтініне (АМ) бағыт-талған.	Терапия-лық (Т) не диагности-калық (Д) бағыт.
1. Тіл үйрену ортасы (мектептер) (мұғалімдер)	Жоқ	Жоқ	Ия	Сирек	ТМ	Т
2. Аударма курстары (Университет) (Лекторлар)	Сирек	Сирек	Иә/Жоқ	Иә/Жоқ	ТМ/АМ	Т/Д
3. Аударма-шыларды бағалау (Агенттіктер) (Кәсіби аудармашылар)	Жоқ	Сирек	Иә	Иә/Жоқ	ТМ/АМ	Д
4. Сапа бақылау (Аударма жасау бөлімі) (Кәсіби аудармашылар)	Иә	Иә	Жоқ	Иә	ТМ/АМ	Д
5. Аударма тұтынушылары	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә/Жоқ	АМ көбірек	Д/Т
6. Аударма сыншылары (Кітаптар, журналдар) (Лингвистер, әдеби сыншылар)	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Иә/Жоқ	ТМ көбірек	Д/Т

Осы кестедегі мәліметтерге сәйкес Хениг мынадай қорытынды жасайды:

- Барлық бағалау сценарийлеріне ортақ критерийлер жоқ.
- Ең жиі қолданылатын критерий – аударма тілінде мәтін жазу стандарттарын сақтау талабы.
- 50% жағдайда бағалау түпнұсқаға не аудармаға бағытталатыны анық емес. Осы жағдайларда терапиялық және диагностикалық бағыттардың да аралас екенін байқаймыз.
- Талаптары ең анық орталар – тіл үйрену сценарийі (мектептер) мен сапаны бағалау бөлімдерінде (компаниялар).
- Ең түсініксіз (бірізді емес) талаптар – университетте аудармашыларды даярлау факультеттерінде [6, 28-29].

Хениг ұсынған сценарийлер бағалаушы субъект пен бағалау мақсатын ескеруді талап еткенімен, бағалау критерийлерінің әлі де нақтылана қоймағанын аңғарамыз.

Белгілі бір сценарийдің маңызын, мәселен, ауызша аудармашылардың аударма сапасына қойылатын талаптарынан аңғаруға болады. Қазақстандық тәжірибелі аудармашылардың пікірлері аударма сапасын бағалауда когнитивтік құралдарды, мысалы, ықтимал болжау, қысу және сөйлеу модельдерін тануды ескерудің маңызын алға тартады [7, 62]. Көркем аударманың жөні бөлек. Соңғы жылдары көркем аударманы білім беру саясатының құралы ретінде талдауға қызығушылық артып келеді. Осыған орай, бейімделген аударманың қазақ даласында балалардың оқырмандық мәдениетін қалыптастырудағы маңызын атап көрсетеді [8, 9], яғни бұл орайда бағалау сценарийі мүлде бөлек болмақ. Бірқатар аударматанушылар поэтикалық аударманың күрделілігі мен аудармашының эстетикалық, лингвистикалық және мәдени кедергілермен бетпе-бет келуін талдап, поэзияны тәржімалауда функцияны сақтайтын трансформация түрлері мен стратегияларының маңызын алға тартады [9, 17].

Аударма сапасын бағалау модельдерін қарастыра келе, функционализм бағытының ең оңтайлы екенін мойындаймыз. Дегенмен, сапа бақыламас бұрын бағалау сценарийі мен критерийлерді анықтап алған дұрыс.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Берілген мақалада біз «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында қазақ тіліне тәржімаланған Стивен Пинкердің «The Language Instinct» атты еңбегінің орыс және қазақ тіліндегі аудармаларын салыстырмалы түрде қарастырамыз. Бұл оқулық жоғары оқу орындары студенттеріне, тіл білімі мен психологияға қызығатын көпшілікке арналған. Оқулықтың терең дидактикалық мәнін В.В.Наумов жан-жақты талдап дәлелдеп берген [6, 181]. Қазақ тіліндегі аударма авторлары – Ш.Құрманбайұлы, Е.Абдрасилов, С.Иманбердиева. Аударма Сүлеймен Демирел университетінің филология кафедрасында рецензияланып, 2019 жылы басылды. Ресми дерек бойынша қазақ тіліне аударма тікелей ағылшын тілінен жасалынған. Орыс тіліндегі басылымы ағылшын тілінен Е.В.Кайдалова тарапынан аударылып, В.Д.Мазоның жалпы редакциясымен жарық көрген (Едиториал УРСС баспасы, Мәскеу, 2004). Жалпы, орыс тіліндегі аударма түпнұсқаның ғылыми дәлдігін сақтай отырып, мазмұнды толыққанды жеткізуге тырысқан нұсқа ретінде ғылыми ортада танымал.

Мақаланың келесі бөлімінде Хенигтің бағалау сценарийі практикада қолданылып, аудармадағы қателер мен ұтымды аударма нұсқалары анықталады. Қателерді жүйелеу үшін Д.Бузаджидің классификациясы [10] пайдаланылады.

Практикалық бөлімде келесі әдістер қолданылады: салыстырмалы-салғастырмалы талдау, түпнұсқа, орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндер арасындағы мағыналық және стильдік айырмашылықтарды анықтау мақсатында; компоненттік талдау, лексемалардың денотативтік және коннотативтік мағыналарын айқындау үшін; қателерді жіктеу әдісі, аудармадағы ауытқуларды Д. Бузаджидің классификациясы негізінде жүйелеу үшін. Барлық мысалдар жаппай іріктеу тәсілі арқылы таңдалады. Нәтижесінде, ағылшын тілінен орыс, қазақ тілдеріне ғылыми мәтіннің аударылу ерекшелігі, аударманың оң тұстары мен олқылықтары, орын алған қателіктердің лингвистикалық табиғаты сараланып, аударма сапасын ғылыми-теориялық тұрғыдан бағалауға әрекет жасалынады.

Талқылау мен бақылау. Хенигтің жіктемесінен біз алтыншы бағалау сценарийін негізге аламыз. Бұл сценарий бойынша бағалаушы субъект – лингвисттер (аударматанушылар), ал бағаланатын объект – кітап.

Бірінші критерий – объектінің тексерілгенін, түзетілгенін не бағаланғанын анықтау. Аталған аударма әдеби және ғылыми редакциядан өткен. Дегенмен, редакторлардың пікірлерін қарап шығуға мүмкіндік бола бермейді. Мұндай ақпарат, әлбетте, аударма сапасын бағалауға үлкен үлес қосары анық.

Алтыншы сценарий бойынша тиісті уақыттың бөлінгенін де тексеру мүмкін емес. Бірақ бұл критерий де аударма сапасына әсер ететіні анық. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жасалатын аудармалардың көп жағдайда өте тығыз уақытта жасалып, сапасы соның себебінен сын көтермей жататыны белгілі.

Хенигтің тәжірибесінде қателер алтыншы сценарийде аталмағанымен, біздің жергілікті аударматануда, керісінше, бұл критерийге көп көңіл бөлінеді. «Тіл – инстинкт» оқулығындағы қателерді Д.Бузаджидің классификациясы бойынша анықтап көрелік. Жалпы, ғалым төрт қателер тобын атап көрсетеді [10, 109]:

1. Мәтіннің денотативті мағынасына байланысты мазмұндық қателер. Оның ішінде екі категория аталады:

1.1 Ақпаратты алып тастау, қосу, алмастыру нәтижесінде түпнұсқаның денотативті мағынасының бұрмалануы. Мәселен, келесі мысалда (2-кесте) түпнұсқа авторы жеке адам мен адамдар тобының айырмашылығын, коммуникацияның адамдар өміріне ықпалын көрсеткісі келеді. Түпнұсқадағы solitary human деген тіркес жалғыз адам деп аударылады, яғни адам жалғыз жүріп те түрлі мәселелерді шешіп, жобалар жасайды делінген. Орыс тілінде жалғыз сөзі отдельный деп берілсе, қазақ тілінде әрбір деп аударылған (бұл орыс тіліндегі каждый сөзінің аудармасы). Қарап отырсақ, қазақ тілінде «жалғыз», «жеке» секілді денотативті семалар түсіп, автордың интенциясы берілмей қалған.

Кесте 2 – Мәтіннің денотативті мағынасына байланысты мазмұндық қате

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Қазақ тіліндегі аудармасы
“To be sure, a solitary human is an impressive problem-solver and engineer. But a race of Robinson Crusoes would not give an extraterrestrial observer all that much to remark on. What is truly arresting about our kind is better captured in the story of Tower of Babel, in which humanity, speaking a single language, came so close to reaching heaven that God himself felt threatened.” [11, 16]	“Несомненно, каждый отдельныйиндивидвпечатляет своей способностью решать проблемы и создавать проекты. И все же порода Робинзонов Крузо не дала бы повода в этом убедиться внеземному наблюдателю. То, чем люди действительно способны удивить, заключено в истории Вавилонской башни, в которой человечество, говорящее на одном языке, так близко подобралось к небесам, что сам Господь почувствовал угрозу.” [12]	“Сөз жоқ, әрбір адам жобалар жасап, мәселелерді шеше алатын қабілетімен таңдандырады. Дегенмен Робинзон Крузолар қабілетін танып-білу үшін сырттай бақылап-қадағалаған, тосын пайда болған аңдушыға бәрібір сыр алдырмас еді. Адамдардың көру қабілетінің қандай екенін Бабыл мұнарасының тарихынан-ақ байқауға болады, онда бір тілде сөйлейтін адам баласының аспанға тым жақындап барғанын Жаратушының өзі қатер көрген.” [13, 14]

2-кестеде денотативті мағына бұрмалануының тағы бір мысалы бар. Орыс тіліндегі удивить сөзі увидеть сөзімен шатастырылған болуы керек – аудармашы қазақ тілінде көру етістігін алған. Шындығында, түпнұсқада адамның көру қабілеті емес, бір-бірімен қарым-қатынас орнатып, биік белестерді бағындыра алу қабілеті сипатталады.

1.2 Мәтіннің денотативті мағынасының дәл аударылмауы. Мәселен, 3-кестедегі қазақша аудармаға назар аударайық. Біреу сөзін оқығанда реципиенттің ойында қандай ассоциациялар туындайды? Біздің ойымызша, реципиент қандай да бір тірі адамды

елестетеді. Түпнұсқада бұл сөз one есімдігіне сәйкес келеді. Түпнұсқа авторы бұл есімдікті octopus сөзін қайталамас үшін қолданған. Бірақ орыс тіліндегі кому-нибудь және қазақ тіліндегі біреу сөздері сегізаяқты меңземейді. Бұл жағдайда осьминог, сегізаяқ сөздерін қайталаған жөн болар еді деп ойлаймыз.

Кесте 3 – Мәтіннің денотативті мағынасына байланысты мазмұндық қате

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Қазақ тіліндегі аудармасы
“Think about what these words have done. I did not simply remind you of octopuses; in the unlikely event that you ever see one develop stripes, you know what will happen next.” [11, 16]	“Подумайте о том, что сделали эти слова. Я не случайно напомнил вам об осьминогах: если вам представится редкий случай увидеть, как по кому-нибудь пошли полосы, вы уже будете знать, что случится потом.” [12]	“Осы сөздердің нені мегзеп тұрғаны туралы ойланып көріңіздерші. Мен сіздерге сегізаяқ туралы бекер айтқан жоқпын: егер біреудің өн бойын жолақ қаптаса, онда мұндай сирек жағдайдың соңы неге апарып соғатынын алдын ала біле беріңіздер.” [13, 14]

Сол сияқты тағы бір мысалға назар аударайық (4-кесте). Ағылшын тіліндегі club soda дегеніміз минералды газдалған сусынның атауы [14]. Орыс тіліндегі содовая вода деген тіркес те осындай сусынды білдіреді [15]. Ал қазақ тіліндегі содалы су калькасы сусын атауын білдіре ме? Біз үшін бұл жай ғана сода қосылған суды білдіреді және оның түпнұсқадағыдай дақ кетіретін қасиеті де жоқ болуы мүмкін. Мәтінде ары қарай club soda сусынын дүкеннен сатып алуға болатыны айтылады [11, 16], ал қазақша содалы суды дүкеннен сатып алу қисынға келмейді (“Мүмкін, кейін, келесі жолы ол туралы еске алмау үшін, күндер, айлар, жылдар өткен соң, сол екі зат күтпеген жерден қайта қосылып кетпесін десеңіз, супермаркетке кіргенде, он мыңдаған пайдалы заттың арасынан тек бір ғана нәрсені, яғни содалы суды таңдарсыз.” [12]). Мұның орнына минералды су деп алған дұрыс болар еді.

Кесте 4 – Мәтіннің денотативті мағынасының бұрмалануы

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Қазақ тіліндегі аудармасы
“Cherries jubilee on a white suit? Wine on altar cloth? Apply club soda immediately. It works beautifully to remove the stains from fabrics.” [11, 15]	“Праздник вишен на белом костюме? Вино на напрестольной пелене? Немедленно застирайте это содовой водой! Она прекрасно выводит пятна.” [12]	“Ақ кәстөмді былғаған шие ме? Мерекелік дастарқандағы шарап па? Кешіктірмей, содалы сумен жуыңыздар. Ол дақты өте жақсы кетіреді.” [13, 13]

2. Түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерін аударуға байланысты қателер. Бұл жағдайда түпнұсқаның стильдік/жанрлық ерекшеліктері дұрыс аударылмайды, түпнұсқа калькаланады, аударма тілінің узусы бұрмаланады. Мысалы, 5-кестедегі мысалда түпнұсқа авторы dedicated, expert help эпитеті арқылы осы микроконтекстің экспрессиясын арттырмақ болған. Орыс тіліндегі аудармада ол активная помощь тіркесі арқылы аударылған. Орыс тілінде тіркестің көркемдігі белгілі бір дәрежеде сақталғанымен, қазақ тіліндегі нұсқа орысша нұсқаның калькасы болып шыққан. Тілімізде көмек белсенді бола алмайды. Мұның орнына көмегін аямады секілді тіркес тек денотативті мағынаны ғана емес, түпнұсқа стилін де сақтауға мүмкіндік берер еді.

Кесте 5 – Түпнұсқаның калькалануы, аударма тілі узусының бұрмалануы

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Қазақ тіліндегі аудармасы
“The Department of Brain and Cognitive Sciences’ librarian, Pat Claffey, and computer system manager, Stephen G. Wadlow, those most admirable prototypes of their professions, offered dedicated, expert help at many stages.” [11, 8-9]	“Библиотекарь отделения мозга и когнитивистики Пэт Клаффи и менеджер компьютерной системы Стивен Г. Вадлов, вызывающие восхищение профессионалы, на многих стадиях работы оказывали активную помощь, связанную с их полем деятельности.” [12]	“Ми және когнитивистика бөлімінде істейтін кітапханашы Пэт Клаффи мен компьютерлік жүйе менеджері Стивен Г. Вадлов – мықты кәсіби мамандар, олар жұмыстың түрлі кезеңдерінде өздерінің қызмет салаларына қатысты белсенді көмек көрсетті.” [13, 12]

3. Автордың бағасын беруге байланысты қателер. Бұл топ түпнұсқаның экспрессиясын бейтараптаумен байланысты. Ағылшын тіліндегі (6-кесте) burdened with memorizing тіркесі орыс тіліне вынужденным зубрить деп берілген. Түпнұсқа авторы бұл микроконтексте тіл үйренушілердің кейде орынсыз әрі пайдасыз ережелерді тыным таппай жаттап жататынын айтады. Орыс тіліндегі зубрить сөзі түпнұсқаның экспрессиясын жақсы сақтағанымен, қазақша аудармада жақсы білетін тіркесі түпнұсқаның денотативті мағынасын да, экспрессиясын да беріп тұрған жоқ. Мұның орнына қандай да бір лексиканы таңдауына сөздердің жиілігі қалай әсер ететінін бас көтермей жаттауына тура келетін деп берген дұрысырақ болар еді деп ойлаймыз.

Кесте 6 – Түпнұсқадағы экспрессияның бейтараптануы

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Қазақ тіліндегі аудармасы
“For students unaware of the science of language and mind, or worse, burdened with memorizing word frequency effects on lexical decision reaction time or the fine points of the Empty Category Principle, I hope to convey the grand intellectual excitement that launched the modern study of language several decades ago.” [11, 7].	“Студентам, не знакомым с наукой о языке и мышлении или, хуже того, вынужденным зубрить, как влияет частотность слов на время принятия лексического решения или заучивать милые особенности Принципа пустой категории, я надеюсь передать тот огромный восторг ума, благодаря которому несколько десятилетий назад и возникли современные исследования языка.” [12]	“Тіл мен ойлау ғылымынан бейхабар, бірақ ойын қорытып сөйлегенде сөз жиілігінің сұхбаттасушыға қалай әсер ететінін жақсы білетін, пайдасы жоқ категория-қағидаттардың айырма-белгілерін жаттайтын студенттерге адамзат ақыл-ойы көз жеткізген лингвистикалық жетістіктерді жария етсем деймін.” [13, 10]

4. Аударма тілі нормалары мен узусының қате берілуі. Бұл топқа аудармадағы орфографиялық және пунктуациялық қателер, жалқы есімдердің қате аударылуы, сандық мәліметтердің қате берілуі, т.б. жатады. Мәселен, 4-кестеде орыс тіліндегі костюм сөзі (ағылшын тіліндегі suit) қазақ тіліне кәстөм болып берілген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мұндай транскрипция бар болғанымен, оның өте сирек қолданылатынын айта кету керек. Біріншіден, кәстөм сөзінде қосымша коннотациялар бар, бұл сөзді көбіне жасы егде тартқан, кірме сөзге тілі келмейтін тұлғаның айтуы мүмкін. 4-кестедегі микроконтексте кәстөм сөзінің киім деген семасы ғана басыңқы функция атқарып тұр, сол себепті жай ғана киім деп аударуға да болар еді.

Аудармашылардың белгілі лингвист Ноам Хомскийдің тегіне берген аудармасы назар аударарлық (7-кесте). Ағылшын тіліндегі Chomsky есімі Чомски болып дыбысталады, дегенмен орыс тілінде Хомский деген аударма әйгілі Мехико, Техас сөздерінің аудармалары секілді орныгып кеткен. Қазақ лингвистикасында да Хомский нұсқасы кездеседі. Қазақ

аудармашылары дұрыс транскрипцияны алуды дұрыс деп ұйғарған болуы керек. Біздің ойымызша, Хомский нұсқасын алған дұрыс, себебі Чомский нұсқасы белгілі лингвист туралы ассоциативтік ақпарат бермейді.

Кесте 7 – Түпнұсқадағы экспрессияның бейтарапталуы

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аудармасы	Қазақ тіліндегі аудармасы
"Noam Chomsky made penetrating criticisms and helpful suggestions, and Ned Block, Paul Bloom, Susan Carey, Ted Gibson, Morris Halle, and Michael Jordan helped me think through the issues in several chapters." [11, 8]	"Ноам Хомский сделал глубокие критические замечания и полезные предложения, а Нед Блок, Пол Блум, Сьюзен Кэри, Тед Гибсон, Моррис Халле и Майкл Джордан помогли мне продумать отдельные положения в некоторых главах." [12]	"Ноам Чомский терең сын-ескертпелер мен пайдалы ұсыныстар айтты, ал Нед Блок, Пол Блум, Сьюзен Кэри, Тед Гибсон, Моррис Халле мен Майкл Джордан маған кейбір тараулардағы жекелеген ережелерді ойластыруға көмектесті." [13, 11]

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Тіл – инстинкт» еңбегінің қазақ тіліндегі аудармасында Д. Бузаджи ұсынған аударма қателіктерінің барлық негізгі түрлері кездеседі. Қателердің басым бөлігі мәтіннің денотативтік мағынасының бұрмалануымен және түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерінің толық сақталмауымен байланысты екені анықталды.

Атап айтқанда, денотативтік қателер ақпараттың түсіп қалуы, мағыналық алмастыру немесе лексикалық сәйкессіздік нәтижесінде түпнұсқа авторының интенциясын жеткізуде қиындықтар туғызған. Мұндай қателер ғылыми-көпшілік мәтін үшін аса маңызды болып табылады, себебі олар оқырманның мәтінді қабылдауына және ғылыми ақпаратты дұрыс түсінуіне тікелей әсер етеді.

Стилистикалық қателер көбіне орыс тіліндегі нұсқаның калькалануынан туындағаны байқалды. Бұл қазақ тіліндегі аудармада тілдік узустың бұзылуына және мәтін экспрессиясының әлсіреуіне алып келген. Авторлық бағалаудың бейтараптануы да жиі кездесетін құбылыс ретінде анықталды.

Г.Хенигтің алтыншы бағалау сценарийі тұрғысынан қарастырғанда, зерттелген аудармада аударма тілінің мәтін стандарттарын сақтау критерийі маңызды орын алатыны дәлелденді. Бағалау үдерісінің түпнұсқа мәтінінен гөрі аударма мәтініне бағытталатыны байқалды, бұл калькаға негізделген құрылымдарға берілген сын арқылы айқын көрінеді.

Сонымен қатар, қателерді талдау нәтижелері терапиялық және диагностикалық бағыттардың қатар қолданылатынын көрсетті. Бір жағынан, кейбір қателер аудармашылардың кәсіби машықтарының жеткіліксіздігін аңғартса, екінші жағынан, бұл қателердің көпшілік оқырман тарапынан қалай қабылданатынын анықтау үшін қосымша диагностикалық зерттеулер қажет екені байқалды. «Тіл – инстинкт» секілді қазіргі таңда жаппай аударылып жатқан ғылыми мәтіндерді талдау жобасы бірқатар отандық ғалымдардың еңбектерінде де беріледі [16, 120].

Қорытынды. Аударма сапасын бағалау әлі де толығырақ зерттеуді қажет етеді. Аударматану тарихында сапа бағалаудың түрлі модельдері ұсынылғанымен, сыңаржақты, субъективті бағалау практикасы әлі де орын алып жатыр. Княжева аударма сапасын бағалауда әр түрлі факторларды ескеру қажет екендігін жеке монографиясында жан-жақты қарастырады [17, 195].

Аударма сапасын бағалауда, ең алдымен, бағалау сценарийін, бағалау критерийлерін, оның ішінде аударма қателіктерінің классификациясын анықтап алған жөн. Райстың мәтін функциясына негізделген моделі мәтін жанрын сақтауда маңызды құрал болып табылғанымен, ол аударма кезінде мәтін функциясының өзгеруі мүмкіндігін есепке алмайды. Хениг ұсынған сценарийлер бағалау актісінің прагматикалық сипатын ашуға көмектеседі, дегенмен бағалау критерийлері әр сценарийде нақты бекітілмеген.

Жалпы, аударма сапасын бағалауда Хениг пен Бузаджидің модельдерін пайдалана келе мынадай сұрақтарға жауап іздедік:

– Әр түрлі бағалау сценарийлері бойынша берілген бағалар қаншалықты әр түрлі? Бағалау нәтижелері бойынша аударма сапасын бағалаудың жаңа моделін жасауға болады ма?

– Көпшіліктің аударма сапасын бағалауын қалай жүргізуге болады?

Бірінші сұрақ бойынша ауқымды эмпирикалық мәліметтер қажет әрі оларды тиісті түрде талдау керек. Екінші мәселе бойынша көпшілікке аударма сапасын бағалауға арналған сауалнамалар беруге болады деп ойлаймыз. Бұл да ауқымды эмпирикалық зерттеуге айналмақ.

Жалпы, қандай да бір аударманы бағалау үшін жергілікті аударматануда ақпараттық ресурстардың аз екенін атап айту керек. Көптілдік корпустар, автоматты мәтін анализаторлары, т.б. ғылыми еңбектердегі субъективтіліктің, шалалықтың алдын алуға көмектесер еді.

Жергілікті аударматану саласында аударманы сапалы бағалауға қажетті ақпараттық ресурстардың жеткіліксіздігі – өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі таңда көптеген зерттеулер мен сараптамалар көбіне жеке зерттеушінің тәжірибесіне, интуициясына немесе шектеулі мысалдарға сүйеніп жүргізіледі. Мұндай жағдайда субъективтілік пен біржақтылықтың орын алуы заңды, ал бұл өз кезегінде аударма сапасын ғылыми тұрғыдан дәл әрі кешенді бағалауға кедергі келтіреді.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін көптілдік корпустарды құру аса маңызды. Мұндай корпустар әртүрлі тілдердегі түпнұсқа мен аударма мәтіндерді салыстыра отырып, нақты тілдік заңдылықтарды, стильдік ерекшеліктерді және аудармадағы жүйелі үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, автоматты мәтін анализаторлары мен цифрлық лингвистикалық құралдар аударманы талдауды анағұрлым объективті деңгейге көтереді. Олар сөз қолданыс жиілігін, синтаксистік құрылымдарды, терминологиялық дәлдікті және семантикалық сәйкестікті сандық көрсеткіштер арқылы бағалауға жағдай жасайды.

Мұндай технологиялар ғылыми еңбектердегі үстірт пайымдаулар мен дәлелсіз тұжырымдардың алдын алып, зерттеудің дәлдігі мен сенімділігін арттырады. Сонымен бірге, аудармашылардың кәсіби даярлығын жетілдіруге, оқу бағдарламаларын жаңартуға және жалпы аударма сапасын жүйелі түрде көтеруге ықпал етеді.

Сондықтан аударматану саласында заманауи ақпараттық ресурстарды дамыту – тек техникалық қажеттілік қана емес, бұл ғылыми әдіснаманы жетілдірудің, халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті зерттеулер жүргізудің және ұлттық аударма мектебін нығайтудың маңызды шарты болып табылады.

Әдебиеттер

1. Wilss W. Englische Partizipialkonstruktionen und ihre Wiedergabe im Deutschen. // In K.R. Bausch and H.M. Gauger (eds) Interlinguistica. Sprachvergleich und Übersetzung. Festschrift für Mario Wandruzka. – Tübingen: Niemeyer, 1971. – P. 555-568.

2. Nida Eugene A. Toward a science of sranslating. – Leiden: E.J. Brill, 1969. – 341 p.

3. Reiß K. Möglichkeiten und Grenzen der Übersetzungskritik. – München: Max Hueber, 1971. – 124 p.

4. Vermeer H.J. Ein Rahmen für eine allgemeine Translationstheorie. – Berlin: Lebende Sprachen, 1978. – P. 99-102.

5. Honig H.G. Positions, Power and Practice: Functionalist Approaches and Translation Quality Assessment, Current Issues In Language and Society, 4:1, 1997. – P. 6-34.

6. Наумов В.В. Язык как инстинкт: Pro # contra (рецензия на книгу Пинкер С. "Язык как инстинкт") // Хроника, 2012; Вып.: 4.0; 4551. – С. 175-181.

7. Mirzoyeva L., Yerzhan A. Kazakhstani Simultaneous Interpreters' Perceptions Concerning Interpretation Techniques and Tools // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – Vol. 6, No. 6. – P. 54-64. – DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7140.

8. Daurenbekova L. N., Kartayeva A. M., Zhumatayeva Z. N., Bekenova G. Sh., Nurlanova A. N. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos de Tradução. – 2024. – Vol. 44, No. 1. – P. 1-12. – DOI: https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583.

9. Алпысбаева А.Е., Ашимханова С.А., Әбдіманапова М.Б. М. Жұмабаевтың «Гүлсім ханымға» өлеңінің лингвопоэтикасы және аудармадағы көрінісі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2024. – №1. – 7–23 б. – DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.01

10. Бузаджи Д.М., Гусев В.В., Ланчиков В.К., Псурцев Д.В. Новый взгляд на классификацию переводческих ошибок. М.: Всероссийский центр перевода, 2009. – 120 с.

11. Pinker S. The Language Instinct. New York, NY: HarperCollins, 2007. – 494 p.

12. Пинкер С. Язык как инстинкт: Пер. с англ. / Общ. ред. В. Д. Мазо. — М.: Едиториал УРСС, 2004. – 456 с. URL: https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Linguist/Pinker/01.php

13. Пинкер С. Тіл – инстинкт. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019 жыл. – 386 б.

14. Club soda. URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Club_soda (Алынған күні: 17.08.2023)

15. Содовая вода URL: https://ru.wiktionary.org/wiki/%D1%81%D0%BE%D0% B4%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F_%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D0%B0 (Алынған күні: 17.08.2023)7

16. Жұмабекова А.Қ., Ауелбекова А.Е. Ғылыми дискурстың баламалылығына жету аспектілері. // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық сериясы. № 1. 2021. – Б. 114-122.

17. Княжева Е.А. Оценка качества перевода: проблемы теории и практики. // Вестник ВГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2010. № 2. – с. 190-195.

Ж.Ж. МАНАПБАЕВА
Международный университет информационных технологий,
Алматы, Казахстан
А.Е. АЛПЫСБАЕВА
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
А.У. ЖУСУПОВА
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ОПЫТ ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА ПЕРЕВОДА

Аннотация. Оценка качества перевода является актом, имеющим большое значение для теории и практики переводоведения. Она позволяет отличить качественный перевод от некачественного, выявить «достойных» и обучить молодых переводчиков, развить общую теорию перевода и т.д. В данной статье анализируются практические и методологические основы акта оценки качества перевода. Авторы описывают различные методы оценки качества перевода (такие как модели, основанные на теории эквивалентности, функциональные модели), проводят практический анализ модели оценочных сценариев, основанной на теории скопоса и предложенной Гансом Хенигом. Предлагается практическое представление классификации переводческих ошибок, предложенной Д.Бузаджи. Материалом для практической части статьи послужили переводы на казахском и русском языках учебника «Язык как инстинкт» известного ученого Стивена Пинкера, переведенного в рамках проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке». Отмечая практическую значимость вышеуказанных моделей в оценке качества перевода авторы обращают внимание на необходимость еще более глубоких эмпирических исследований. Авторы подчеркивают, что субъективность в оценке переводов можно избежать, проводя анкетирования для широкого круга реципиентов, путем объединения результатов по различным сценариям оценки и привлечения технологий (таких как многоязычные корпуса, автоматические анализаторы при сборе и обработке информации).
Ключевые слова: оценка качества перевода, переводческие ошибки, модель, Пинкер, перевод, оценочный сценарий.

ZH. ZH. MANAPBAYEVA
International Information Technology University, Almaty, Kazakhstan
A.E. ALPYSBAYEVA
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakshtan, Almaty
A.U. ZHUSSUPOVA
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE PRACTICE OF TRANSLATION QUALITY ASSESSMENT

Annotation. Translation quality assessment is an act of great importance for the theory and practice of translation studies. It allows you to distinguish a high-quality translation from a poor-quality one, identify "worthy" translators, and train the young ones, develop a general theory of translation, etc. This article analyzes the practical and methodological foundations of the act of assessing the quality of translation. The authors describe various methods for assessing the quality of translation, such as models based on the equivalence theory, functional models, and conduct a practical analysis of the scopos-based evaluation scenario model proposed by Hans Hoenig. Also, a practical presentation of the classification of translation errors proposed by D. Buzaji is proposed. The material for the practical part of the article was the translations in Kazakh and Russian of the textbook "The Language Instinct" by the famous writer Steven Pinker, translated as part of the project "New Humanitarian Knowledge. 100 new textbooks in the Kazakh language". Noting the practical significance of the above models in assessing the quality of translation, the authors draw attention to the need for even deeper empirical research. The authors also emphasize that subjectivity in the evaluation of translations could be avoided by conducting surveys for a wide range of recipients, by combining the results of various evaluation scenarios and using technologies such as multilingual corpora, automatic analyzers when collecting and processing information.

Keywords: translation quality assessment, translation errors, model, Pinker, translation, evaluation scenario

References:

Wilss W. Englische Partizipialkonstruktionen und ihre Wiedergabe im Deutschen. // In K.R. Bausch and H.M. Gauger (eds) Interlinguistica. Sprachvergleich und Übersetzung. Festschrift für Mario Wandruzka. – Tübingen: Niemeyer, 1971. – P. 555-568.

2. Nida Eugene A. Toward a science of sranslating. – Leiden: E.J. Brill, 1969. – 341 p.
3. Reiß K. Möglichkeiten und Grenzen der Übersetzungskritik. – München: Max Hueber, 1971. – 124 p.
4. Vermeer H.J. Ein Rahmen für eine allgemeine Translationstheorie. – Berlin: Lebende Sprachen, 1978. – P. 99-102.
5. Honig H.G. Positions, Power and Practice: Functionalist Approaches and Translation Quality Assessment, Current Issues In Language and Society, 4:1, 1997. – P. 6-34.
6. Naumov V.V. İazyk kak instinkt: Pro # contra (resenzia na knigu Pinker S. "İazyk kak instinkt") // Hronika, 2012; Vyp.: 4.0; 4551. – S. 175-181.
7. Mirzoyeva L., Yerzhan A. Kazakhstani Simultaneous Interpreters' Perceptions Concerning Interpretation Techniques and Tools // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – Vol. 6, No. 6. – P. 54-64. – DOI: https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7140.
8. Daurenbekova L. N., Kartayeva A. M., Zhumatayeva Z. N., Bekenova G. Sh., Nurlanova A. N. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos de Tradução. – 2024. – Vol. 44, No. 1. – P. 1-12. – DOI: https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583.
9. Alpysbaeva A.E., Aşimhanova S.A., Äbdımanapova M.B. M. Jūmabaevtyñ «Gülsım hanymğa» öleñınıñ lingvopoetikasy jäne audarmadağy körınısı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2024. – №1. – 7–23 b. – DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.01
10. Buzaji D.M., Gusev V.V., Lanchikov V.K., Psursev D.V. Novyi vzgläd na klasifikasiu perevodcheskih oşibok. M.: Vserosiski sentr perevoda, 2009. – 120 s.

11. Pinker S. The Language Instinct. New York, NY: HarperCollins, 2007. – 494 p.
12. Pinker S. İazyk kak instinkt: Per. s angl. / Obş. red. V. D. Mazo. — M.: Editorial URSS, 2004. – 456 s. URL: https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Linguist/Pinker/01.php
13. Pinker S. Tıl – instinkt. – Almaty: Ūlttyq audarma bürosy, 2019 jyl. – 386 b.
14. Club soda. URL: https://en.wikipedia.org/wiki/Club_soda (Alynğan künı: 17.08.2023)
15. Sodovaia voda URL: https://ru.wiktionary.org/wiki/%D1%81%D0%BE %D0%B4%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%8F_%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D0%B0 (Alynğan künı: 17.08.2023)
16. Jūmabekova A.Q., Auelbekova A.E. Čylymi diskurstyñ balamalylyğyna jetu aspektıleri. // Toraiğyrov universitetınıñ Habarşysy. Filologialyq seriasy. № 1. 2021. – B. 114-122.
17. Knäjeva E.A. Osenka kachestva perevoda: problemy teorii i praktiki. // Vestnik VGU. Seria: Lingvistika i mejkülturnaia komunikasia. 2010. № 2. – s. 190-195.

Авторлар туралы мәлімет:

Манапбаева Жаннура Жарканбековна – философия докторы (PhD), Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті тілдер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Манапбаева Жаннура Жарканбековна – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор кафедры языков Международного университета информационных технологий, Алматы, Казахстан.

Manapbayeva Zhannura Zharkanbekovna – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Languages Department of the International Information Technology University, Almaty, Kazakhstan.

Алпысбаева Айгүл Ерболатқызы – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің постдокторанты, жетекші ғылым қызметкер, Алматы, Қазақстан.

Алпысбаева Айгуль Ерболатовна – доктор философии (PhD), постдокторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, ведущий научный сотрудник, Алматы, Казахстан.

Alpysbayeva Aigul Erbolatkyzy – Doctor of Philosophy (PhD), postdoctoral fellow at Al-Farabi Kazakh National University, leading researcher, Almaty, Kazakhstan.

Жүсіпова Ақбота Өтепбергеновна – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Жусупова Акбота Утепбергеновна – доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры иностранных языков Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Zhussupova Akbota Utepbergenovna – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer at the Department of Foreign Languages, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.01.47
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.08

***Ф.А. ОСПАНОВА[1]**
П.Ж. БАЛХИМБЕКОВА[2]
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана, Қазақстан[1,2]
(e-mail: F_Ospanova@mail.ru[1], Peri_75_@mail.ru[2])

БИЗНЕС ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктерін зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі саналады. Бизнес саласының интернационализациясыменжаһанданууыағылшынтіліндегікөптегентерминдердің әлемнің басқа тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне де енуіне әкелді. Бұл кірме сөздер тілдік, мәдени және кәсіби ортаға елеулі ықпал етіп, жаңа терминологияны қалыптастырды. Ағылшын тіліндегі бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктерін зерттеу тіл білімінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Бұл зерттеу арқылы экономикалық және іскерлік қарым-қатынаста қолданылатын терминдердің шығу тегін, олардың қазақ тіліне ену жолдарын және қолдану ерекшеліктерін анықтауға болады. Ағылшын тіліндегі бизнес терминологиясында кірме сөздер нарықтық қатынастар, қаржы, менеджмент және технологиялар салаларында кеңінен қолданылады. Әдетте, бұл сөздер қысқа әрі түсінікті болғандықтан, ақпаратты дәл жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, «outsourcing», «benchmarking», «brainstorming» сияқты сөздер халықаралық деңгейде танымал болып, көпшілікке түсінікті ұғымдарға айналды. Ағылшын тіліндегі бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің қазақ тіліне енуін зерттеу арқылы бұл сөздердің қалай қабылданатынын, жаңа мағыналарға ие болатынын және қазіргі іскерлік ортада қаншалықты кең таралғанын көруге болады. Бұл зерттеулер қазақ тілінің терминологиялық қорын дамытуға және іскерлік тілдің ұлттық негізін қалыптастыруға көмектеседі.
Мақаланың мақсаты – кірме сөздердің пайда болу себептерін, олардың тілдегі орнын, сондай-ақ олардың бизнес коммуникациясына әсерін анықтау болатын. Мақаланы жазу барысында лингвистикалық, лексикалық-семантикалық талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи әдіс, сауалнама алу әдістері кеңінен қолданылды.
Жалпы, кірме сөздердің адаптациясы екі негізгі жолмен жүзеге асады: транслитерация және калька әдісі. Транслитерация барысында ағылшын сөздері сол қалпында қабылданады немесе жазылуы өзгертіледі, бірақ мағынасы сақталады. Мысалы, «маркетинг» (marketing), «менеджмент» (management), «офис» (office). Калька әдісімен сөздер ағылшын тіліндегі мағынасына сай аударылып қолданылады, мысалы, «адам ресурстары» (human resources), «қосымша құн» (added value). Кірме сөздер халықаралық деңгейде стандартты терминология құруға мүмкіндік береді, бұл әр түрлі мәдениет өкілдерінің бір-бірін жақсы түсінуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, бұл терминдер белгілі бір компанияның ішкі корпоративтік мәдениетін көрсетіп, оны сыртқы ортадан ерекшелейді. Кірме сөздердің шамадан тыс қолданылуы кейде тілдік ассимиляцияға және мәдени ерекшеліктердің жойылуына әкелуі мүмкін.
Түйін сөздер: термин, нарық, экономика, іскерлік, мағына, англицизм.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану үдерісі әлем халықтарының мәдени және экономикалық қатынастарының күшеюіне алып келіп, бұл өз кезегінде тілдік кеңістікте әртүрлі салалық терминдердің пайда болуына әсер етуде. Әсіресе, ағылшын тілі іскерлік және экономикалық қатынастардың негізгі құралына айналып, көптеген елдерге оның терминологиясы белсенді түрде еніп жатыр. Бизнес және экономика саласында жиі қолданылатын кірме сөздер, әсіресе ағылшын тілінен алынған терминдер, күнделікті өмірде де, кәсіби ортада да кеңінен таралған. Мұндай сөздер тілдік қолданысты жаңғыртып, ақпарат алмасуды жеңілдетіп, әлемдік тәжірибені тезірек меңгеруге мүмкіндік береді. Осыған орай, ағылшын тілінен енген бизнес терминологиясының ерекшеліктерін, олардың қазақ тіліне қалай ықпалдасып жатқанын, қоғамдағы қабылдануы мен қолданыс аясын зерттеу – өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл зерттеу іскерлік қарым-қатынастағы терминологиялық өзгерістерді талдауға және қазақ тілінің қазіргі даму бағыттарын түсінуге жол ашады. Ағылшын тілінен енген кірме сөздер бизнес терминологиясында жиі қолданылуы, оларды түсінудің және пайдаланудың маңыздылығын арттыра түседі. Мысалы, «бенчмаркинг», «кадрлық менеджмент», «маркетинг» секілді сөздер қазақ тіліне енгенімен, олардың нақты мағынасын түсіну мен қолдануда кейбір қиындықтар туындайды. Бұл терминдер тек сөздердің аудармасы емес, белгілі бір бизнес процестердің мәнін, стратегияларын және стандарттарын білдіреді.

Кірме сөздердің артықшылығы – олар халықаралық терминдер болып табылатыны, сөйтіп, кәсіби ортада біркелкілікті қамтамасыз етеді. Дегенмен, олардың түсінбеушілікке, мәдени және тілдік сәйкессіздікке себеп болуы мүмкін. Атап айтқанда, кейбір кәсіпкерлер американдық немесе еуропалық терминологияны қолданғанда, жергілікті нарықтың ерекшеліктерін ескермей, тілдік тосқауылдарға кезігіп жатады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеу тілі мен мәдениетінің дамуына ықпал етіп, бизнес саласында қазақ тілін қолдаудың маңыздылығын арттырады. Қазақ тіліне енген бизнес терминологиясының ерекшеліктерін айқындау және оларды қазақ тілінің грамматикалық ережелеріне сай бейімдеу принциптерін ұсыну мен жаңа терминдердің қазақтілінеәсеріменқолданужиілігінанықтаубарысындабірнешеәдістүрлеріқолданылды.
Атап айтқанда, кірме сөздерді қазақ тіліне аудару кезінде қолданылатын лексикалық және семантикалық ерекшеліктерін талдау үшін лингвистикалық әдістер пайдаланылды. Бұл жөнінде ағылшын тілі сөздік қорларының этимологиясын зерттеу арқылы қазақ тілінің терминологиялық қорына кіретін қаржылық терминдерді енгізу тәсілдеріне талдау жасалады [1]. Бұл әдісте сөздердің құрылымын, семантикалық өзгерістерін және жаңа тілдік контексте қолданылуына мән берілді. Ағылшын тіліндегі бизнес терминдерінің қазақ тіліне енуі кезінде олардың бастапқы мағыналық ерекшеліктері сақтала ма, әлде жаңа мағына ала ма – осыны зерттеу мақсатында. лексикалық-семантикалық талдау әдісі арқылы терминдердің мағыналық құрылымы зерттеледі. Мысалы, «бизнес», «менеджмент», «офис» сөздері бастапқы мағыналарын сақтаса, ал кейбір терминдер жаңа мағынаға ие болуы мүмкін.

Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы ағылшын тіліндегі терминдердің ұқсастықтарызерттеліп, қалай пайда болып, қазақ тіліне қашан және қандай жолдармен енгені анықталды. Казақ тіліндегі термин сөздердің көпшілігі халықаралық термин сөздерден енгендігі анықталады [2]. Мысалы, «маркетинг» терминінің ағылшын тіліндегі «market» (нарық) сөзінен шыққанын, бұл сөздің Қазақстанда кең таралып, нарықтық экономика енгізілген 1990 жылдары енгізілгенін анықтауға болады. Қазақ тілді бизнес ортада кірме сөздердің қолданылуын зерттеу мақсатында, түрлі бизнес саласындағы мамандардан сауалнама алу тиімді әдіс болып табылады. Бұл әдіс кірме сөздердің қабылдану деңгейін және қазақ тілді ортада қолданылу тиімділігін анықтауға жақсы көмектесті.

Талқылауменбақылау. Қазіргіуақытташетелдіксөздердіңтілгеенуіжәнеқолданылуы әлеуметтік маңызды тілдік процестердің бірі болып табылады. Бір тілдің екінші тілге енуі, әсері - экстралингвистикалық себептерден туындайтын халықаралық қатынастар

саласында болатын құбылыс. Халықтар арасындағы мәдени, саяси, экономикалық және әскери байланыстар тілдегі жаңа элементтердің ассимиляциясын тудырады [3, 86]. Батыс әлемімен іскерлік қатынастардың дамуы мен көбеюі бірқатар қаржылық және коммерциялық терминдерді аудару қажеттілігін тудырды. Бұл үрдіс батыстың бизнес әлемінің халықаралық терминологияда басты рөл алуымен байланысты болды. Шетелдік элементтер осылайша ұлттар арасындағы мәдени және іскерлік байланыстардың нәтижесі болып табылады [4, 173].

Кірме сөз – әмбебап тілдік құбылыс Тілдер әрқашан бір-біріне әсер етеді және адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда сөздер мен басқа тілдік элементтер алмасады [3, 86}. Халықтар арасындағы мәдени, саяси, экономикалық және әскери қарым-қатынастар тілге жаңа элементтердің сіңуіне әкеледі.Қазіргі уақытта шетелдік сөздердің тілге енуі және қолданылуы әлеуметтік маңызды тілдік процестердің бірі болып табылады. Бір тілдің екінші тілге енуі, әсері - экстралингвистикалық себептерден туындайтын халықаралық қатынастар саласында болатын құбылыс. Халықтар арасындағы мәдени, саяси, экономикалық және әскери байланыстар тілдегі жаңа элементтердің ассимиляциясын тудырады. Батыс әлемімен іскерлік қатынастардың дамуы мен көбеюі бірқатар қаржылық және коммерциялық терминдерді аудару қажеттілігін тудырды. Бұл үрдіс батыстың бизнес әлемінің халықаралық терминологияда басты рөл алуымен байланысты болды. Шетелдік элементтер осылайша ұлттар арасындағы мәдени және іскерлік байланыстардың нәтижесі болып табылады.

Қазіргі қазақ тіліне кірме сөздердің басым бөлігі белсенді ағылшын тілінен енір отыр Бұл XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап енген сөздерден бастау алады. Көптеген зерттеушілер ағылшын тілінің американдық нұсқасының қайнар көзі деп санайды.

Қазақстан мен ағылшын тілді елдер арасындағы байланыстардың артуы тілімізге елеулі әсерін тигізуде. Мұның себебі, Қазақстанда ағылшын-американдық мәдениетке және өмір салтына деген қызығушылықтың артуы, бұл англицизмдердің таралуына ықпал етті. Сонымен қатар, АҚШ экономикалық, саяси және техникалық даму тұрғысынан алпауыт ел болып саналады. А.Д.Дуличенко басқа тілдерге деген қызығушылық ағылшын-американдық әсер негізінен мәдени және техникалық құбылыстарға байланысты екенін айтады [4, 315]. Мысалы, риэлтор сөзі (ағылш. realtor) және прайм-тайм (ағылш. prime-time) дәл мағынасын береді.

Зат есімдер, сондай-ақ белгілі бір мағыналарға ие сөздер тілге тез енгіш. тілдік баламасы жоқ жаңа құбылыстарды білдіретін кірме сөздер де оңай енеді [5, 70]. Көбінесе тілде аудармасы қиын немесе баламасы жоқ сөздер ең көп таралады. Мұндай шет тіліндегі сөздердің енуіне рецептор тілімен салыстырғанда бастапқы тілдің беделі әсер етеді. Оның себептері әртүрлі болуы мүмкін; осылайша, үстем етуші беделді болып саналады, нәтижесінде ол субъектілердің тіліне әсер етеді. Шетелдік лексиканың рецептор тіліне енуі лингвистикалық және экстралингвистикалық себептерден де туындайы.

Қазіргі уақытта тілімізде лексикалық даму тұрғысынан экономика және бизнес саласындағы сөздер басымдық танытуда. 1990 жылдардың басында елдің экономикалық өмірінде үлкен өзгерістер болып, сол уақытқа дейін белгісіз қызмет саласының, сондай-ақ онымен байланысты лексиканың пайда болуына әкелді, яғни англицизмдер ерекше маңызды рөл атқарды (ағылшын тілінен «broker» - брокер, ағылшын тілінен «distributor» - дистрибьютор, ағылшын тілінен «marketing» - маркетинг, ағылшын тілінен «management» - менеджмент). М.В. Китайгородская [5, 168] экономикалық терминдердің төмендегідей түрлерін сипаттайды:

- жаңа мағынасы бар немесе жаңа коннотациясы бар кеңестік экономика терминдері (ағылшын тіліндегі «bucks» - жарг.бакс., бейтарап мәні бар - доллар, ағылшын тіліндегі «image» - сурет);

- кеңес дәуірінен бейтарап стильде қолдануға арналған терминдер (ағылшын тілінен «brand» - брэнд, бұрынғы мәні бар бренд, ағылшын тілінен «dealer» - дилер, бұрынғы мағынасы - саудагер, сату агенті, ағылшын тіліндегі «press - release» пресс-релиз, бұрынғы

мәні - басып шығаруға арналған хабарлама, ағылшын тіліндегі «rating» - рейтинг, бұрынғы мағынасы - бағалау);

- басқа тілдерден алынған жаңа терминдер (ағылшын тіліндегі «holding» - холдинг, холдинг компаниясы, «media holding» - медиахолдинг).

Экономикалық өміріміздің басым бөлігі мысалы, сыртқы сауда халықаралық экономикамен байланысты, сондықтан көптеген терминдер халықаралық болып табылады. Халықаралық құбылыстарды сипаттайтын нарықтық экономика терминдері көбінесе белгілі мағынасы бар арнайы термин жүйелерін құрайды. Мақаланы жазу барысында қазіргі заманғы бизнес саласындағы терминдер ағылшын тілінен қазақ тіліне талданып, сонымен қатар тақырып бойынша зерттеу жұмыстары жүргізуге мән бердік.

Кез келген тілдің даму барысында кірме сөздердің енуі табиғи заңдылық. «Кірме сөз» терминінің көптеген анықтамалары бар. Энциклопедиялық лингвистикалық сөздікте: «Кірме сөздер – тілдік процестің нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысатын шет тілінің элементі (сөз, морфема, синтаксистік құрылым, т.б.). коммуникациялар, сондай-ақ элементтерді бір тілден екінші тілге ауыстыру процесі» [6]. Англицизмдер ағылшын тілінен алынған. Олар 18-19 ғасырдың басында орыс тіліне ене бастады, бірақ олардың сөздік қорға енуі бүгінгіден аз болды. Тек 20 ғасырдың соңында кірме сөздер қарқынды ене бастады. Осыған байланысты нарықтық экономиканың белсенді дамуы, жаһандану және елдер мен ғаламдық Интернет арасындағы ынтымақтастық маңызды рөл атқарды. Бүгінгі таңда англиизмдер лексикамызда еніп, қызметтің әртүрлі салаларында: саясатта, экономикада, мәдениетте, медицинада, спортта, технологияда және бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде қолданылады. Кірме сөздердің көпшілігі негізінен экономика мен бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылады.

Бұл өз кезегінде қоғамдық және ғылыми өмірдегі қарқынды өзгерістермен түсіндіріледі. Экономикалық саладағы англицизмдердің енуінің негізгі себептерін қарастырайық:

- жаңа құбылыстар мен концепцияларды атау қажеттілігі (аутсорсинг, дефолт, т.б.);

- концепцияларды мамандандыру қажеттілігі (маркетинг, менеджмент, лизинг және т.б.);

- сөз тіркесін ұғыммен ауыстыру үрдісі (шоу-рум-тауарлар үлгілерін көрсетуге арналған көрме залы, секонд-хенд-пайдаланылған, киілген киімдер т.б.);

- қолайлы және мәнерлі сөзге ұмтылу (офис - кеңсе, франшиза - кәсіпкер және т.б.). Басқа да мысалдарды келтіруге болады. Мысалы, ықпалды тұлғалар мен танымал бағдарламаларда шетел сөздерін қарқында қолдану белең алуда. Демек, англицизмдерді үлкен тақырыптық топтарға бөліп көрсетуге болады:

1. Тұлғалар мен кәсіптердің атаулары: дилер, менеджер, кеңсе менеджері, топ-менеджер, және т.б.;

2. биржалықжәнебанктікқызметтіңәртүрлішарттары: клиринг, сауда, чартерлік,траст, мониторинг, инвестиция, бартер, доллар, чек және т.б.;

3. Әртүрлі типтегі бірлестіктерді құрайтын жеке және қоғамдық құрылымдардың атаулары: консультативтік, холдингтік және т.б.;

4. Коммерциялық қызмет түрлерінің және әртүрлі экономикалық бағдарламалардың атаулары: аутрайт, аутрейд, аутсорсинг, және т.б.;

5. Бағалы қағаздар мен валюта атаулары: облигация, фьючерс, варрант және т.б.

Зерттеу барысында бизнес саласындағы лексикадан 50 сөз талданып, үш тақырыптық топқа (іскерлік, қаржылық, экономикалық) терминдерге топтастырылды.

1. Іскерлік терминдер – шаруашылыққа қатысты сөздер, яғни айналым, сатып алу немесе тауарларды сату. Іскерлік термин тобы ең маңызды болып табылады. Ол мына сөздерді қамтиды: варрант, венчур, дилер, демпинг, дистрибьютор, лизинг, ликвид, реимпорт, жалға беру, реэкспорт, жылжымайтын мүлік агенті, роялти, сиф, факторинг, фоб, холдинг.

2. Қаржылық терминдер қаржыны ұйымдастыруға және ақша-несие операцияларына қатысты терминдер болып табылады. Мысалы: актуарий, вальвация, ваучер, дисконт, клиринг, свопфьючерс, т.б.

3. Экономикалық терминдер мен сөздер. Бұл топ, бір жағынан, күнделікті қолданыста бар жиі қолданылатын кәсіби экономикалық терминдер. Мысалы: доллар, бартер, бизнес, брокер, бизнесмен, доллар, импорт,маркетинг, менеджер, менеджмент, оффшор, чек, экспорт, т.б.

Экономикалық кірме сөздер бұрыннан кәсіби терминологияның бір бөлігі болды. Уақыт өте келе олар тілдік нормаларға бейімделіп, сөздік қорларға белсенді ене бастады. Бірақ олардың кейбіреулері бөгде өзге тілдік элементтер болғандықтан, тілдің белсенді сөздік құрамына ене алмайды дейтін пікірлер де баршылық. Кейбір ғалымдар кірме сөздердің енуіне қарсы және оның ана тіліне кері әсері бар деп есептейді. Басқа тіл ғалымдары тіл жүйесінің жаңаруын қолдайды. Енді қазақ тіліне енген бірнеше кірме терминдерінің уәжі мен қолоданысына тоқталайық.

«Аудит» сөзі алдымен ағылшын тіліне латын тілінен «audit» - «тыңдау» сөзінен енген. «Аудио» деген сөз мағынасына жақын келеді [7]. Қазіргі уақытта бұл термин кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметтеріне білікті талдау жасау, басқару элементтерін тексеру деген сияқты анықтамалармен сипатталады [6]. Технологиялық аудит – өндірісті бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өнім мен қызмет сапасын жақсартып, ресурстарды тиімді пайдалану.

«Банк» сөзі тек несие деген мағынаны бермейді. Ол «banco» итальян тілінен аударғанда «орындық» дегенді білдіреді. Яғни, бұрын ақшамен жұмыс жасау орындықта отырып жүргізілген. «Банк» деген сөз осыдан шыққан [5]. Бүгінгі күні «банк» қазақ тілінде былайша анықталады: «Ақшалай операцияларды жүзеге асыратын серіктестіктер арасындағы өзара төлемдер мен есеп айырысулардағы делдалдық және ақша операцияларын реттейтін мекемелер»[6].

«Банкроттық» сөзі екі итальяндық сөзден тұрады: «Банко» және «Руптус». «Банк» сөзін «орындық» сөзінен шықты десек, несие берушілер дәрменсіз боған жағдайда дәстүр бойынша отырған орындығын сындыратын болған. Осылайша банкроттық сөзі жасалған [5]. Айта кету керек, «банкроттық» сөзі тек экономикалық емес, құқықтық тұрғыдан да қолданысқа ие. Банкроттық — кәсіпорындардың жұмысын тоқтатып, шығыны кірісінен асып кетуі салдарынан туындап, борышқордың сот шешімі бойынша банкрот деп танылуы.

«Бизнес» сөзі ағылшын тілінде «қамқорлық» немесе «уайымдау» деген мағынаны білдіріп, XIII ғасырлың екінші жартысында іскерлік аясында қолданыла бастаған. Кейін «шағын және орта» сөздермен тіркесіп, кәсіпорынның көлемін көрсетеді. 19 ғасырда адамдардың бизнесті жасау және дамыту қабілетіне қарай ағылшын тілінде «businessman» сөзі пайда болды. Яғни, «бизнес және адам» сөздерінің бірігуінен жасалып, саудамен айналысатын адамды білдіреді [5]. Қазақ тіліне 20 ғасырдың аяғында енді. Күрделі сөздер бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылады.

«Бизнес идея» сөзіндегі «идея» грек тіліндегі «пішін» немесе «үлгі» дегенді білдіреді. Кейін грек тілінен латын тіліне, одан француз тіліне және басқа тілдерге ене бастайды. Сөздіктерде «идея» сөзі:«Идея – түр, образ, тек, сыртқы көрініс; «eidos»

- іс-әрекет амалы, пайымдау, образ әртүрлі философиялық жүйелерде рухтың (кейінірек білімнің) ең дамыған формаларын белгілеу үшін қолданылатын ұғым дегенді білдіреді [5, 38].

Келесі «биллинг» сөзі. «Билл» түбір сөзінің латын тіліндегі алғашқы мағынасы «мойынға арналған алқа» дегенді білдірген. Орта ғасырда латын тілінде бұл сөз «мөр, бұйрық немесе мөр басылған хат» дегенді білдірген.

«Есеп айырысу». Көне ағылшын тілінде 14 ғасырда тілге еніп, «есепті төлеу» мағынасын білдірген. Қазіргі сөздіктегі мағынасы: 1.Шот-фактураны беру. 2. Көлікті дайындау/беру.

«Бренд» сөзі ағылшын тілінен қазақ тіліне 20 ғасырдың соңында келді. Ескі скандинав және көне неміс тілдерінде бұл «от» деген мағынаны білдірген. Ағылшын тіліндегі «burn» - «жану» деген сөз «бурн-бренд» сөздерімен түбірлес. Ертеректе мал иесі малының терісінің бір жағы ерекше көрінуі үшін күйдіріп, таңба жасайтын болған. Тұтқындар мен құлдар да бұрын осылай таңбаланған. Кейінірек тауарды ерекше етіп көрсету үшін ағылшындықтар 1827 жылы жиі қолдана бастаған.

«Бюджет» термині де латын тілінен енген. «Ақшаға арналған былғары сөмке», француз тілінің «буже» - «ақшаға арналған былғары дорба» мағынасын беретін сөздер қаржылық ұғым ретінде ағылшын тілінде 18 ғасырда қолданылған. Мысалы, қаржы министрі өзінің қаржылық жоспарларын былғары әмиянда алып жүрді [5]. Қазіргі заманда бұл термин 1.«заңнамалық процедура бойынша белгілі бір уақыт аралығында мемлекет, кәсіпорын немесе мекеменің сметалық кірістер мен ақшалай шығындар», 2. Күнкөріс құралдары, жалпы жеке табыс немесе шығындар» деген мағынада жұмсалады [6].

«Инвестиция», «инвестор» сөздері орта ғасырда латын тіліндегі «vestir»-«киіну» етістігінен шыққан. 14 ғасырда ел басқарушы үшін тақ тәжі мен шапанды киюдің өзі билік күшіне қалай әсер ететінін білдірсе, кейінірек бұл сөз саяси мәнге ие болды. XVII ғасырда саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар экономикалық тұрғыдан үкіметтің қаржылық қолдау мақсатында сауда компанияларына тапсырыс беру маңызды болды Кейіннен неміс тілінен одан басқа тілдерге енеді. Бүгінгі күні ол «Бір елге немесе шет елге, іске, кәсіпорынға ұзақ мерзімді пайда табу үшін капитал салу сияқты экономикалық мағынада қолданылады [6].

Капитал сөзі латын тілінен аударғанда «capital» - «көсем», кейін «байлық» мағынаға ие болған. Сөздікте: «1. Жалдамалы еңбекке жүгінген кездегі қосымша құн алу. 2. одан әрі баю үшін пайдаланылатын мүлік,ақша, құнды қағаздар. 3. (метафоралық) байлық ретінде адамның ішкі рухани бай-қасиеттер» [6]. Оның орыс тілінде кеңінен таралуына Карл Маркс шығармалары ықпал етті.

«Клиент» сөзі латын тілінде «ізденуші» мағынасынан туындап, ағылшын тілінде демеушілік мағынаға ие болды және оның қазіргі экономикалық концепциясында тұрақты қонақ, тұтынушы, сатып алушы, кез келген мекеме, компания, ұйымдар немесе кез келген несиелік, коммерциялық, өнеркәсіптік ұйым, заңды немесе жеке тұлға т.б.қолданылған [5].

«Компания» сөзі латын тілінде әскери топтарды атау үшін, орыс тіліндегі «отряд» сөзіне ұқсас мағынаны берген. Қазіргі уақытта сөздіктерде: «1.Бірге уақыт өткізетін қауым, адамдар тобы. 2. Коммерциялық немесе өнеркәсіптік, әдетте кәсіпкерлер бірлестігі арқылы құрылатын бизнес анықтамасын береді [5]. Бұл терминдер бизнес-үлгі зерттеулері мен стратегиялық басқару арасындағы байланыстарда зерттеледі [11,1].

«Кредит» сөзі және оған қатысты «несие және кредитор» сөздері талданған мысалдарда 7 рет кездесті. Бұл термин латынның «кререр» - «сену, сенімділік білдіру» етістігінен шыққан. Сөз ағылшындарда XVI ғасырда қаржы саласында қолданылса, француз, неміс тілдерінде де «сенім» мағынасында жұмсалған. Қазіргі кезде сөздіктерде: «1.Белгілі бір мерзімге несие беру. 2. Ақшалай белгілі бір мақсатқа бөлінген сома. 3. (метафоралық түрде) Сенім, күш» дегенді білдіреді [6].

Ал «логотип» сөзі - латын тіліндегі «логос» - «сөз» деген сөздердің бірігуінен және «тип» - «із, белгі» деген мағынаны білдірген [9]. Қазіргі сөздіктерде: 1.Өндірушінің өз өнімін, бұйымын таңбалау үшін пайдаланатын тауар белгісі. Өндірушінің мүдделерін дәл де анық білдіруге тиіс.2. Бұл термин 19 ғасырдың басында типографияда кеңінен қолданылды, яғни ол шрифттің екі немесе үш таңбасының бірігуін білдірді. 19 ғасырдың ортасына қарай қайта теруді қажет етпейтін мәтіндік клише болды. Қазіргі кезде компания немесе кәсіпорын тауарларының шығаратын брендік сауда белгісі ретінде жақсы білеміз.

«Саммит» сөзі түбірі латынның «summus - «жоғары» сөзінен шығып, орта ғасырда француз тілінде де «биік орын» дегенді білдірген. Уинстон Черчилль бұл сөзді 1950 жылы ағылшын тілінде әртүрлі мемлекеттер басшыларының кездесуі жиналысында «жоғары лауазым» деген мағынаны білдіруде қолданған. Қазіргі кезде анықтамасы: «Мемлекет, үкімет басшыларының кездесулері мен келіссөздері» [8].

«Сектор» сөзі латын тілінен «кесу» дегенді білдіреді. Экономика саласына алғаш рет 1920 жылы ағылшын тілінен қолданысқа ие болды. Қазіргі мағынасы: «1. (математикада) Доғамен және екі радиуспен шектелген шеңбердің бөлігі. 2. Радиалды сызықтармен бөлінген аумақ. II. 1. кез келген жердің бөлігі; өріс, өріс. 2. бір нәрсенің ажырамас бөлігі» [9].

Келесі сөз – «экспорт». Түбірі латын тілінен аударғанда «exportare -«атрибут» апару дегенді білдіреді. Сөз XVII ғасырдың ортасында «бір елден бір елге тауар тасымалдау» мағынасында жұмсалса [5], қазіргі мағынасы: «1.Елден тауарлар, капитал, қызметтер, технология және т.б. шығару. 2. Белгілі бір мерзім ішінде шетелге кеткен тауарлар мен қызметтердің жалпы құны немесе жалпы саны.

Келесі «энергия» - «энергетика» сөзімен түбірлес грек тілінде «энергиай» - «белсенділік» дегенді білдіреді. Грек тілінде «Энэргон» - «жұмыс үстінде» деген де мағынасы бар. XIX ғасырдың басында латын тіліне, одан әрі Батыс Еуропа тілдеріне енеді [5].

Бұқаралық ақпарат құралдарында да «банкрот», «компания», «бренд»,«инвестиция», «инвестор», «инфрақұрылым», «экономика» «бизнес» т.б. терминдерінің қолданылу аясы соңғы жылдарда қарқынды қолданылып жатқанын көруге болады. Бұл экономиканың дамуымен, жаһандану үдерісінде тілдер тоғысуы салдарынан кірме сөздердің енуінің заңдылығымен байланысты. Бұл мақалада бизнес терминологиясында кірме сөздердің ерекшеліктерін саралау барысында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері талданып, пайыздарға айналдырылды. «Сөйлеу барысында ағылшын сөздерін респонденттердің 72,9%-ы қолданатындығын айтса, 27,1%-ы – қолданбайтындығын. Англицизмдерді қолданудың себептері бойынша (57,1%) оларға оңай деп жауап берсе, 28,6% - «нақты аудармасы жоқ» деген жауап нұсқалары алынды. Экономикалық салада тіліміздеанглиизмдердің көп болуы

- Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттары әлемнің негізгі экономикалық көшбасшылары;
- басқа тілде аналогтарының жоқтығы;
- экономикалық, саяси, әлеуметтік және т.б өзгерістер;
- Ағылшын тілі бүгінде халықаралық қатынас құралымен байланысты деген тұжырым жасалды. Сонымен қатар, Интернет және мобильді технологиялардың, нано технология, цифрлық қосымшалардың дамуы сияқты салалар қазіргі таңда мехатроника зерттеулерін жеделдетуде [10, 1].

Нәтижелер. Ағылшын тіліндегі бизнес терминологиясындағы кірме сөздер қазіргі замандағы жаһандану мен тілдердің өзара әсерлесуінің тікелей көрінісі. Бизнес саласы үнемі жаңарып, өзгеріп отырады, сондықтан әртүрлі елдер мен мәдениеттер арасында терминдер жиі алмасып жатады. Көптеген бизнес терминдер, әсіресе ағылшын тіліне тән сөздер, халықаралық деңгейде қолданылады және оларды басқа тілдерге аудармастан сол күйінде қолдану кең таралған. Мысалы, «startup», «branding», «outsourcing», «benchmarking» сияқты терминдер әртүрлі тілдерге кірігіп кеткен. Кірме сөздердің көбісі бастапқы ағылшын тіліндегі қалпында немесе транслитерация арқылы қолданылады. Мысалы, «менеджмент», «маркетинг», «аутсорсинг» сияқты терминдер орыс және қазақ тілдерінде жиі кездеседі және жалпыға түсінікті. Кейбір ағылшын терминдері жаңа тілде өзіндік мағыналық реңк алады. Мысалы, «контент» сөзінің бастапқы мағынасы «мазмұн» болса да, бизнес контекстінде бұл термин көбінесе медиа және маркетинг саласына байланысты пайдаланылады.

Ағылшын тіліндегі бизнес терминологиясында қысқартулар көп кездеседі, олар басқа тілдерде де қысқарған күйінде жиі қолданылады. Мысалы, «CEO» (Chief Executive Officer), «HR» (Human Resources), «PR» (Public Relations) және т.б.

Көптеген ағылшын бизнес терминдері басқа тілдерде баламасы болмағандықтан, оларды ағылшын тілінде сол күйінде қабылдау қажеттілігі туады. Мысалы, «франчайзинг», «инновация», «диджитализация» сияқты сөздер бұрынғы тілдік қорда болмаған ұғымдарды танытады.

Кейбір ағылшын сөздері басқа тілдерде бірнеше сөзбен жеткізілетін күрделі ұғымдарды қысқартып, ықшам түрде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе қаржы және технология саласында байқалады, мысалы, «cash flow», «deadline», «networking» деген сөздер мысал бола алады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, ағылшын тіліндегі бизнес терминологиясында қолданылатын кірме сөздердің ерекшеліктері бірнеше маңызды аспектілерге негізделген. Біріншіден, бұл сөздер халықаралық қарым-қатынастар мен жаһандану үдерісінің қарқынды дамуымен бірге кеңінен таралып, түрлі тілдерге кірігіп отыр. Ағылшын тілі бизнес саласындағы доминант тіл ретінде, түрлі елдердің экономикалық, қаржылық және технологиялық салаларына әсерін тигізіп, әр түрлі лексикалық бірліктердің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл терминдердің көбісі бастапқы мәнін сақтағанымен, кейбір сөздер жергілікті тілдік және мәдени ерекшеліктерге бейімделіп, жаңа мағыналарға ие болуы да мүмкін.

Екіншіден, ағылшын тілінен енген терминдер бизнес саласындағы ақпарат алмасу, кәсіби тілдің қарапайым әрі дәл құрылуы үшін қажеттілік тудырып отыр. Мысалы, «менеджмент», «маркетинг», «инновация» сынды терминдер көптеген тілдерде сөзбе-сөз аударылмай, бастапқы күйінде қолданылуы, олардың универсалды түсіністік деңгейін арттырады. Сонымен қатар, мұндай кірме сөздер тілге шапшаң еніп, өзге тілдегі синонимдердің орнына кеңінен қолданыла бастауы да байқалады.

Үшіншіден, ағылшын тіліндегі бизнес кірме сөздері жаңа ұғымдарды меңгеруге мүмкіндік беріп, экономикалық, қаржылық, басқарушылық салалардағы білімді тереңдетуге көмектеседі. Олар көп жағдайда нақты және қысқа болып келеді, сондықтан да бизнес қатынастарды тиімді және уақытылы орнату үшін қолайлы. Жалпы ағылшын тіліндегі кірме сөздер бизнес терминологиясының дамуында маңызды рөл атқарады және олардың қолданылуы заманауи экономика мен басқару саласында қажетті әрі маңызды құбылыс болып табылады. Олар халықаралық коммуникацияның ажырамас бөлігіне айналып, әр елдің бизнес саласында ортақ тіл қалыптастыруда.

Зерттеу барысында ағылшын тіліндегі бизнес терминологиясында қолданылатын кірме сөздердің ерекшеліктері бірнеше маңызды аспектілерге негізделетіні және бұл құбылыс қазіргі жаһандану дәуірінде ерекше қарқын алып отырғандығына көз жеткізілді. Ең алдымен, мұндай сөздердің кең таралуы халықаралық экономикалық байланыстардың күшеюімен, трансұлттық компаниялардың көбеюімен және цифрлық технологиялардың дамуы арқылы жеделдей түсті. Ағылшын тілі бизнес пен қаржы саласында жетекші тіл ретінде қызмет атқарып, әлемнің түрлі елдеріне ортақ кәсіби коммуникация құралына айналды.

Кірме терминдердің маңызды ерекшелігі – олардың семантикалық тұрақтылығы мен сонымен қатар икемділігі. Көптеген жағдайларда бұл сөздер бастапқы мағынасын сақтай отырып қолданылады, өйткені олар нақты бір кәсіби ұғымды дәл әрі ықшам түрде білдіреді. Алайда кейбір тілдерде бұл терминдер жергілікті мәдени-тілдік контекске бейімделіп, қосымша реңктерге ие болады немесе мағынасы сәл өзгеріске ұшырайды. Мысалы, «manager» сөзі кей елдерде тек басқарушыны білдірсе, басқа контекстерде кеңесші немесе үйлестіруші рөлін де қамтуы мүмкін.

Кірме сөздердің фонетикалық, графикалық және морфологиялық бейімделуі де маңызды рөл атқарады. Олар қабылдаушы тілдің дыбыстық жүйесіне икемделіп, жазылу нормаларына сәйкес өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, мұндай сөздерге жергілікті қосымшалар жалғанып, жаңа туынды сөздер жасалады (мысалы, «маркетингтік», «брендтеу», «менеджерлік»). Бұл құбылыс кірме лексиканың тілдің ішкі жүйесіне сіңісіп, оның бір бөлшегіне айнала бастағанын көрсетеді.

Ең бастысы, ағылшын тілінен енген бизнес терминдері көбіне ықшамдылық, әмбебаптық және прагматикалық дәлдік қасиеттерімен ерекшеленеді. Олар күрделі ұғымдарды қысқа әрі нақты жеткізуге мүмкіндік береді, сондықтан кәсіби ортада жиі қолданылады. Дегенмен, мұның кері жағы да бар: шамадан тыс кірме сөздерді қолдану ұлттық тілдің табиғи дамуына әсер етіп, түсініксіздік немесе тілдік ала-құлалық тудыруы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Келимбетов К.Н. Заимствования английских терминов финансовой и банковской сферы в казахском языке. Tiltanym. 2015; (4):1 7–27.

2. Мамбетова М.К., Несипбай Г.Б. Словообразовательные модели бизнес-терминов в казахском и английском языках: сопоставительный анализ. Tiltanym. 2023; 92 (4): 84–94. DOI: https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-4-84-94

3. Шанский Н.М. *Л*ексикология современного русского языка. *И*зд. 2-е, испр. – М.: Просвещение, 1972. – 328 с.

4. *Д*уличенко А.*Д*. Русский язык конца XX столетия. Slavistische Beiträge. München: Verlag Otto Sagner, 1994. – 59 с.

5. Китайгородская М.В. Современная экономическая терминология. (Состав. Устройство. Функционирование). Под ред. Е.А. Земской. 162-236. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 79 с.

6. *Л*ингвистический энциклопедический словарь // гл. редактор В.Н. Ярцева. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 682 с.

7. Көксу Ж. Аудит дегеніміз не? URL: https://economica.kz/@audit

8. Марк А. Черчилль и дипломатия саммитов. 2020. – 108 с. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/cherchill-i-diplomatiya-sammitov-modeli-voennogo-vremeni-dlya-podderzhaniya-poslevoennogo-mira

9. Business Dictionary: English-Russian and Russian-English. – M.: UNVES, 2001. – 688 p.

10. Ritter Thomas, Letti Christopher. The wider implications of business-model research. Volume 51. Issue 1, 2018. DOI: https://doi.org/10.1016/j.lrp.2017.07.005

11. Dirican C. The Impacts of robotics and artificial intelligence on business and Economics. 2015. Volume 195. July 2015. – 573 p. DOI: https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.06.134

Ф.А. ОСПАНОВА, П.Ж. БАЛХИМБЕКОВА

Евразийский национальный университет имени *Л*.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ЗАИМСТВОВАННЫХ СЛОВ В ДЕЛОВОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Аннотация. Исследование особенностей заимствованных слов в деловой терминологии на сегодняшний день является актуальной задачей. Интернационализация и глобализация в сфере бизнеса привели к тому, что множество терминов из английского языка проникли в другие языки мира, включая казахский. Эти заимствованные слова существенно влияют на языковую, культурную и профессиональную среду, формируя новую терминологию. Изучение особенностей заимствованных слов в английской деловой терминологии является одной из важных областей языкознания.

В английской терминологии заимствованные слова широко применяются в таких областях, как рыночные отношения, финансы, менеджмент и технологии. Как правило, эти слова краткие и понятные, что позволяет точно передавать информацию. Например, такие слова, как «outsourcing», «benchmarking», «brainstorming», стали международно признанными и понятными для широкой аудитории терминами. Исследуя проникновение заимствованных слов из английской системы бизнес-терминов в казахский язык, можно увидеть, как эти слова воспринимаются, приобретают новые значения и насколько широко используются в современном деловом контексте. Эти исследования способствуют развитию терминологического фонда казахского языка и формированию национальной основы деловой речи.

Цель статьи заключается в том, чтобы определить причины появления заимствованных слов, их место в языке, а также их влияние на бизнес-коммуникацию. В процессе написания статьи широко использовались методы лингвистического и лексико-семантического анализа, сравнительно-исторический метод и методы опроса.

В целом адаптация заимствованных слов осуществляется двумя основными способами: транслитерацией и методом калькирования. При транслитерации английские слова

Аңдатпа. Қадыр Мырза Әли – қазақ поэзиясында ұлттық рухты көркем сөз арқылы орнықтырып, шығармашылық болмысын ұлттың тыныс-тіршілігімен тұтастырған көрнекті қаламгер. Ақын поэзиясының негізгі ерекшелігі – халықтық дүниетаным мен күнделікті тұрмысты терең философиялық пайыммен ұштастыра отырып, ұлттық болмысты көркемдік деңгейде бейнелеуі. Оның шығармалары қазақ қоғамының әлеуметтік-психологиялық келбетін, мінез-құлық ерекшеліктерін және рухани дамуын тұтас қамтиды. Қадыр Мырза Әлидің поэтикалық тілі – ауыл ортасында қалыптасқан халықтық сөз қазынасына негізделген. Ақын ұлттық тарих пен мәдениетті, тұрмыс-салт ерекшеліктерін поэзия тілімен нақыштап, ауыл кеңістігі арқылы ұлттық мінезді сомдайды. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармашылығы қазақ ауыл поэзиясының көркемдік биігі ретінде бағаланады. Ақын үшін ауыл – тек географиялық мекен емес, ұлттық рух пен салт-дәстүрдің, тіл мен танымның сақтаушысы. Қадыр поэзиясында ауыл өмірі адам болмысының барлық кезеңдерін қамтиды. Балалық шақтан қарттыққа дейінгі өмір жолы, ауыл адамдарының этикалық нормалары мен психологиялық ахуалы шынайы әрі көркем бейнеленеді. Бұл сипат ақын өлеңдерінің тәрбиелік және танымдық мәнін арттырып, ауыл поэзиясын ұлттық педагогикамен сабақтастырады. Әсіресе балаларға арналған жырларынан ұлттық тәрбие, адамгершілік пен ізгілік қағидалары айқын аңғарылады. Ақын шығармаларында қазақ даласының табиғи көріністері мен ауыл тіршілігінің белгілері кеңінен қамтылады. Дала бедері, жайлау мен қыстау, төрт түлік, киіз үй, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлер ауыл поэзиясының негізгі символдарына айналады. Бұл көркем детальдар қазақ халқының тарихи жадын, мәдени сабақтастығын танытып, ауылды ұлттық құндылықтар шоғырланған рухани кеңістік ретінде көрсетеді.
Түйін сөздер: Атамекен, қазақ ауылы, адамгершілік, поэзия, ұлттық болмыс, көркемдік сипат.

Кіріспе. Зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде Қадыр Мырза Әли поэзиясы алынып, ақын шығармаларындағы ұлттық болмысты айқындайтын көркемдік жүйе мен жанрлық ерекшеліктер кешенді түрде талданды. Қадыр Мырза Әли поэзиясы – қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға, рухани тұтастығын нығайтуға бағытталған көркемдік жүйесі кемелденген әдеби мұралардың бірі. Ақын шығармашылығы қазақ

әдеби үдерісінің ішкі заңдылықтарымен сабақтасып, ұлттық поэзияның идеялық-көркемдік дамуында маңызды орын алады. Қадыр Мырза Әлидің поэтикалық әлемі халықтық дүниетанымға, ұлттық болмысқа және тарихи сананың терең қабаттарына негізделген тұтас көркем жүйе ретінде танылады. Ақын үшін әдебиет ұлттың рухани өмірін айқындайтын, қоғамдық сананы қалыптастыратын әрі тарихи жадыны жаңғыртатын басты құрал. Осы тұрғыдан алғанда, Қадыр Мырза Әли поэзиясында ұлттық бейне, халықтық мінез, салт-дәстүр, тарихи тәжірибе мен мәдени код көркемдік тұрғыда жинақталып, терең мағыналық жүк арқалайды. Ақын өлеңдерінде қазақ халқының өмір салты мен дүниені қабылдау ерекшеліктері философиялық пайыммен ұштасып, ұлттық сипаттағы поэтикалық ойлаудың көрінісін айқындайды. Қадыр Мырза Әли поэзиясының басты ерекшелігі күнделікті тұрмыстық құбылыстар мен тарихи-әлеуметтік мәселелерді көркем ой сүзгісінен өткізіп, жинақталған әрі типтік бейнелер арқылы ұсынуында. Ақын халықтық болмысты тек суреттеу деңгейінде ғана емес, оны қоғамдық сана тұрғысынан терең пайымдап, рухани құндылықтар жүйесі ретінде таныта білді. Осы арқылы Қадыр Мырза Әли ұлттық тарих пен қазіргі қоғамдық болмыстың өзара сабақтастығын ашып, ұлттық рухтың эволюциясын көркем түрде бейнелеген қаламгер ретінде ерекшеленеді.

Қадыр Мырза Әли туындыларын жанрлық-тақырыптық тұрғыда саралау арқылы олардың дүниеге келген тарихи кезеңіндегі әдеби үдерістің жалпы сипаты, сол дәуірге тән көркемдік бағдарлар мен эстетикалық талаптар айқындалды. Аталған талдау нәтижесінде Қадыр Мырза Әли поэзиясының қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызы нақтылауға мүмкіндік туды. Ақын шығармаларының ұлттық рухты бейнелеудегі көркемдік тәсілдері, поэтикалық құрылым ерекшеліктері мен идеялық бағыт-бағдары жүйелі түрде сараланды. Сонымен қатар ақын поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдықтың өзара қатынасы, халықтық поэтика элементтерінің жаңаша көркемдік шешім табуы, поэтикалық ойлау жүйесінің даму эволюциясы арнайы зерттеу нысанына айналды.

Қадыр Мырза Әли поэзиясы қазақ қоғамының кең ауқымды рухани болмысын көркем бейнелеу арқылы уақыт пен кеңістік, сезім мен ой, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы өзара байланыстарды көркемдік заңдылықтар негізінде үйлестіре білді. Ақын шығармалары ұлттық поэтикалық ойлау жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейтіп, қазақ өлеңінің эстетикалық өрісін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Осы тұрғыдан алғанда, Қадыр Мырза Әли мұрасы ұлттық әдебиеттің рухани және көркемдік дамуындағы іргелі құндылықтардың бірі болып саналады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Поэзиядағы ұлттық болмыс – халықтың тарихи жадын, дүниетанымын және рухани болмысын танытатын маңызды көркемдік категориялардың бірі. Бұл тұрғыда поэзия тек эстетикалық құбылыс емес, сонымен қатар мәдени-танымдық қызмет атқаратын күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Аристотель айтқандай, «Поэзия – адамның іс-әрекетін еліктеу арқылы бейнелейтін өнер» [1, 35], яғни ақын шығармашылығында шындық көркем бейне арқылы қайта жаңғырады. Осы бейнелеу үдерісінде ұлттық сипат ерекше орын алады.

Қазақ поэзиясында ұлттық бейне тіл, дәстүр, тарихи сана және мәдени код арқылы көрініс табады. Академик, Зәки Ахметов атап өткендей, «өлең – сөз өнерінің ең ықшам, ең әсерлі түрі» [2, 24]. Сондықтан онда халықтың рухани болмысы жинақталған түрде беріледі. Ұлттық бейне поэзиялық мәтінде символдар, метафоралар, архетиптік образдар арқылы қалыптасып, ұлттың өзіндік келбетін айқындайды. Сонымен қатар, поэзиялық мәтіннің ішкі құрылымы мен мағыналық тереңдігі ұлттық мазмұнды жеткізуде маңызды рөл атқарады. Әдебиеттанушы, Роман Якобсон «Поэтикалық функция – тілдің өзіне, оның құрылымына бағытталуы» [3, 98] – деп көрсетсе, бұл ұлттық ерекшеліктің ең алдымен тілдік деңгейде көрінетінін дәлелдейді. Ал, зерттеуші Юрий Лотман пікірінше, «Поэтикалық мәтін – мағыналардың күрделі жүйесі» [4, 123]. Демек, ұлттық бейне де осы көпқабатты мағыналар жүйесі арқылы ашылады.

Поэзиядағы ұлттық бейне тек сыртқы сипаттармен шектелмей, халықтың рухани тәжірибесімен, тарихи жадымен тығыз байланысты. Бұл жөнінде академик, Рымғали

Нұрғали «әдебиет – халықтың рухани өмірінің айнасы» [5, 74] – деп атап көрсетеді. Яғни поэзиядағы ұлттық бейне – ұлттың ішкі жан дүниесінің, тарихи санасының және мәдени болмысының көркем көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда Қадыр Мырза Әлі поэзиясы қазақ ұлтының бейнесін көркемдік тұрғыдан терең әрі көпқырлы бейнелеуімен ерекшеленеді. Ақын шығармаларында қазақ халқының болмысы, дүниетанымы, мінезі мен рухани құндылықтары ықшам, бейнелі әрі философиялық мазмұнда көрініс табады.

Әдебиеттанушы ғалым С.Қирабаевтың Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы идеялық тереңдік пен ұлттық мазмұнды арнайы атап көрсетуі ақын шығармашылығының ғылыми қауым тарапынан жоғары бағаланғанын дәлелдейді [6, 129]. Зерттеуші пікірлері ақын поэзиясының көркемдік қуаты мен рухани маңызын айқындап, оның қазақ әдебиетіндегі орнының берік екендігін көрсетеді. Зерттеу барысында Қадыр Мырза Әли шығармаларындағы ұлттық образдардың қалыптасу тетіктері, олардың семантикалық жүктемесі мен көркемдік қызметі айқындалды. Ақынның поэтикалық бейнелеу жүйесінде дәстүрлі ұлттық ұғымдардың жаңа мазмұнмен толығып, заманауи поэтикалық кеңістікте қайта жаңғыру үдерісі анықталды. Бұл бағыттағы талдау Қадыр Мырза Әли поэзиясының белгілі бір тарихи-мәдени кеңістікте қалыптасқанын, сол кезеңдегі әдеби-эстетикалық үрдістермен тығыз байланыста дамығанын көрсетуге негіз болды. Ақын туындыларын тұтас әдеби процесс контексінде қарастыру оның поэзиясын тек жекелеген шығармалар немесе тақырыптар аясында ғана емес, ұлттық әдеби дамудың маңызды бір буыны ретінде бағалауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан алғанда, Қадыр Мырза Әли поэзиясы қазақ поэзиясының көркемдік жүйесін байытып, ұлттық эстетикалық ойлау жүйесінің дамуына елеулі үлес қосқан шығармашылық құбылыс ретінде танылады.

Талқылау мен бақылау. Қадыр Мырза Әли поэзиясында ауыл бейнесі ерекше көркемдік мәнге ие. Ақын үшін ауыл қазақ халқының өзін-өзі тану кеңістігі, ұлттық болмыстың қайнар көзі әрі рухани түпқазығы. Ақын жырларында бейнеленетін қарапайым ауыл көріністері – төрт түлік мал, жусан иісі аңқыған дала, кең жазық пен қоңыр тіршілік көріністері – ұлттық дүниетанымның поэтикалық символдарына айналған. Бұл образдар арқылы ақын қазақ халқының өмір салты мен табиғатпен үйлесімді болмысын көркемдік тұрғыда жинақтап көрсетеді. Ауыл тақырыбы Қадыр Мырза Әли поэзиясында тек ностальгиялық сипатта ғана емес, ұлттық сананы қалыптастыратын философиялық кеңістік ретінде көрінеді. Ақын ауыл өмірін ұлттық мінез, адамгершілік құндылықтар мен тарихи жадының көрінісі ретінде қабылдап, оны поэтикалық ойдың өзегіне айналдырады. Осы арқылы ауыл бейнесі ақын шығармаларында ұлттық болмыстың, мәдени кодтың және рухани сабақтастықтың көркемдік моделі ретінде орнығады.

Қаламгердің «Иірім» атты кітабында ол адам бойындағы игі қасиеттерді дәріптейді. Мұнда ерекше назар ауыл адамдарының өмірі мен тұрмысындағы ұлттық құндылықтарға аударылады. Ауыл адамдарының бойындағы сөзге тоқтау, уәдеге берік болу, салт-дәстүрді сақтау және ортақ игілікке үлес қосу сияқты қасиеттер ақынның ойынша, кісіліктің көрінісі болып табылады. Ғылыми тұрғыдан қарасақ, бұл көзқарас әлеуметтік моралды теориялармен үйлеседі: адамның қоғамдағы мінез-құлқы, оның моральдық бағдарлары, дәстүр мен мәдени нормаларға деген құрметі – оның адамгершілік деңгейін көрсететін белгілер санатында. «Кісілік деген ұлы қасиет. Кісіліктің үлкен-кішісі болмайды. Оның қай-қайсысы да бағалы, қай-қайсысы да қымбат» деген ойында адамгершіліктің адам өміріндегі рөлі мен мәнін атап көрсетеді [7, 94]. Бұл тұжырымдама бойынша, кісілік – адамның ішкі моральдық сапасы, оның қоғамдағы орнын анықтайтын басты қасиет болып саналады. Кісіліктің ерекшелігі – ол сыртқы жағдайға, әлеуметтік мәртебеге тәуелді емес, әрбір адамның бойында туындайтын жеке адамгершілік белгісі. Яғни, кісілік үлкен-кішіге бөлінбейді, оның құндылығы әрбір адам үшін бірдей.

Сонымен қатар, қазақ ауылында кісілік қасиет тек жеке тұлға деңгейінде ғана емес, қоғамдық байланыстар жүйесінде де көрінетіндігін терең зерттеді. Мысалы, мал-мүлікті бөлісу, ортақ еңбекке атсалысу, туыстық және көршілік қарым-қатынастарды сыйлау сияқты дәстүрлер – қоғамдағы сенім мен бірлікті нығайтады. Осы тұрғыдан алғанда,

қаламгердің шығармашылығында адам бойындағы кісілік пен ұлттық дәстүрдің өзара байланысы көрініс табады.

Осылайша, қаламгердің шығармалары тек адамгершілік, кісілік мәселесін көтеріп қана қоймай, қазақ қоғамының мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар жүйесімен байланысын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Бұл бағытта зерттеу жасау қазіргі әдебиеттану мен этнография ғылымдары үшін де маңызды: ол қазақ ауылының рухани өмірін, тұлға тәрбиесі мен әлеуметтік нормаларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. «Ауыл – атамекен пернесі» деген өлеңінде:

«Тату ауыл бөліскен малтасын да,
Бір ұстайды арасын,
Балтасын да.
Бір атайдың шақшасы
Бір атайдың
Кетіп қала береді қалтасында» [8, 158]. Бұл өлең қазақ ауылының бірлігін, бауырмашылдық және адамгершілік қасиеттерін бейнелейді. Ауыл адамдары өзара бөлісіп, ортақ игілікті бағалайды, сыйластықтың өлшемі дүниемен емес сеніммен өлшенеді. Өлеңде көрсетілген бұл сипаттар – ұлттық дәстүрді сақтау және өзара сыйластық сияқты қасиеттердің көрінісі. Автор белгілі бір бұйым немесе зат арқылы ғана емес, адамдар арасындағы қатынастың моральдық және адамгершілік ерекшеліктерін суреттеп, әр адам үшін маңыздылығына тоқталады. Бұл шығармашылық тәсіл арқылы өлең қазақ қоғамындағы рухани құндылықтарды дәріптеп, ауыл өмірінің қарапайымдылығы мен адамгершілігін ашып береді.

Ауыл өмірі мен қала өмірін салыстыра суреттейтін «Ауыл және жұмақ» атты өлеңде әлеуметтік-философиялық мазмұнды терең бейнелейді. Шығармада қала мен ауыл кеңістігі қарама-қарсы қойылып, олардың адам санасына, рухани болмысына тигізер әсері талданады. Қала өмірінің қарбалас ырғағы, үздіксіз қозғалысы мен тығыз құрылысы адамдар арасындағы табиғи қарым-қатынастың әлсіреуіне алып келгені көркем түрде сипатталады.

Ал ауыл тіршілігі кең тыныс табиғатымен, адамдардың бір-біріне деген пейілі мен жылылығымен ерекшеленеді. Ақын зәулім ғимараттар көкжиекті көлеңкелеп, адамның еркін тыныстауына мүмкіндік бермейтін қала кеңістігін суреттеу арқылы ауылға деген сағынышты күшейте түседі. Бұл арқылы ауыл өмірі рухани тазалықтың, табиғилықтың символы деген ой қалыптасады.

Өлеңде тұрмыс ағымына сай қалыптасқан тіршілік салты адамның ішкі әлеміне әсер ететіні меңзеліп, қала өмірінің жедел қарқыны мен ауыл өмірінің баяу, үйлесімді сипаты салыстырмалы түрде ашылады.

«Тақпаймын астананың бағына мін,
Тұрмыстың ағымына бағынамын.
Әйтсе де
Көкті сүзген мүйіз үйді
Көргенде
Киіз үйді сағынамын» [9, 196].

Осылайша, ақын ауыл мен қала тақырыбы арқылы заманауи қоғамдағы рухани алшақтауды көрсетіп, ұлттық болмыс пен дәстүрлі өмір салтының маңызды бөлігі деп суреттейді.

«Мен үшін ауылымның әр күні – өлең,
Махаббат дейтін мәңгі бар бір емен» [10, 250]. Ақынның «Шаруа» деп аталатын тағы бір өлеңі осылай басталады. Бұл жолда автор ауыл ұғымын тек географиялық мекен ретінде емес, рухани-эмоциялық кеңістік ретінде танытады. Ақын үшін ауылдың әрбір күні поэзияға пара-пар, яғни мағыналы, мазмұнды әрі эстетикалық құндылыққа ие. Бұл жерде «өлең» метафорасы ауыл өмірінің үйлесімділігін, табиғилығын және адам жанына жақын болмысын білдіреді. Ал «махаббат дейтін мәңгі бар бір емен» тіркесі арқылы автор ауылға

деген сезімнің тұрақтылығы мен беріктігін көркем бейнелейді. Емен ағашы – мықтылық пен ұзақ ғұмырдың символы. Осы символ арқылы ақын ауылға деген сүйіспеншіліктің уақыт пен кеңістікке бағынбайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мәңгілік құндылық екенін меңзейді. Аталған жолдар өлеңнің идеялық өзегін тереңдетіп, ауылды адам болмысының бастауы, рухани тірегі ретінде көрсетеді. Ақын ауыл өмірін махаббат, тұрақтылық және рухани сабақтастық ұғымдарымен сабақтастыра отырып, ұлттық дүниетанымның негізін айқындайды.

Қадыр поэзиясының көркемдік табиғатын зерттеген сыншы-ғалым Б. Кәрібаева ақын шығармаларындағы драматизмнің өзіндік сипатын айқындайды. Зерттеушінің пікірінше, Қадыр өлеңдеріндегі драмалық сипат ойлар мен ұғымдар арасындағы қарама-қарсылықтан туындамайды, керісінше, жаратылыс пен адам өмірінің терең философиялық қабаттарынан бастау алады [9]. Бұл тұжырым ақын поэзиясының мазмұндық-идеялық аясын кеңейтіп, оның дүниетанымдық тереңдігін танытады. Осы тұрғыдан алғанда, Қадырдың поэтикалық танымы өмір құбылыстарын байыппен зерделеуге негізделген. Ақын назарынан болмыстың ұсақ-түйек көріністеріне дейін тыс қалмай, оларды философиялық пайыммен көркемдік деңгейге көтере біледі. Мұндай көркемдік қырағылық пен ой тереңдігі Қадыр шығармашылығын ерекшелендіріп, оны шынайы дарын иесі ретінде танытатын басты белгілердің бірі болып табылады.

Ақынның тіршілік, тұтастық, адамергершілік турасында жазған шығармаларының басым көпшілігі кеңістік, қоғам, дала ұғымымен сабақтасып жатады. Оны «Студент» деп аталатын келесі шумақтан аңғара аламыз.

«Басталмаған қаланың дастаны әлі
Бірінші жыл дала деп жас тамады.
Бірінші жыл ауылы естен кетпей,
Бесінші жыл қимайды астананы» [8, 133]. Берілген өлең жолдарында аллитерациялық қайталау тізбегі айқын байқалады. Ақын «дала» және «ауыл» ұғымдарын қатар алып, оларды біртұтас образдық жүйе ретінде дамытады. Бұл ұғымдар өлең құрылымында тек географиялық кеңістік мәнінде ғана емес, лирикалық кейіпкердің ішкі дүниесімен, сағыныш пен аңсау сезімдерімен астаса өріледі. Аллитерация арқылы өлеңнің әуезділігі күшейіп, «бірінші жыл» тіркесінің қайталануы уақыт ағымын, туған жерден алыстаудың психологиялық салмағын көрсетеді. «Дала» мен «ауыл» образдары лирикалық сананың бастапқы, таза күйін білдірсе, «астана» ұғымы кейінгі өмір кезеңін, бөтен кеңістікті меңзейді. Осылайша, дыбыстық қайталау мен мағыналық сабақтастық ақынның туған жерге деген сағыныш сезімін тереңдетіп, көркемдік тұтастықты қамтамасыз етеді. «Дала» және «ауыл» лирикасының дамуын зерттеп, талдау жүргізіп, поэзиядағы ұлттық рухты айғақтаған Т.Шапаев ауылды «дала» ұғымымен сабақтастыра келіп «Дала – халықтық болмыс, ұлттық рухтың символы болса, ауыл оның тіршілікке, мазмұнға толы және бір жанды, төл көрінісі. Дала – ауыл. Шынына келсек, поэзиямыз үшін бұл тақырып бөліп-жарып, жіктеп-жіліктеуге келе бермейтін тұтас ұғым. Сол дала, сол ауыл бүгінде ұлан-асыр поэзиялық тебіреністер арсеналына айналды», - деген тұжырымды алға тартады [11, 110]. Жоғарыдағы Т. Шапаевтің пайымдауына негіз болатын ақынның тағы бір өлеңі «Дала дастарқаны» деп аталады.

«Қонаққұмар дастарқан
Картасындай ауылдың» [8, 78]. Қазақ ауылының болмысын тұрмыстық детальдар арқылы жинақтап көрсететін көркем поэтикалық мәтін ретінде құнды. Ақын ауыл өмірін абстрактілі пайымдаулармен емес, күнделікті тіршілікте кездесетін нақты бейнелер арқылы суреттейді. Соның нәтижесінде ауыл әлеуметтік және мәдени тұрғыдан тұтас жүйе ретінде қабылданады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, отбасы құрылымы, табиғатпен байланыс бір-бірінен ажырамайтын өмір салты ретінде көрінеді. Өлеңдегі басты көркемдік өзек – дастарқан бейнесі. Ол ауылдың ішкі құрылымын танытатын жинақтаушы символ қызметін атқарады. Дастарқанға қойылған тағамдар арқылы қазақ ауылының экономикалық тірегі саналатын мал шаруашылығына негізделген тұрмыс

айқындалады. Сонымен қатар қонақжайлылық пен қауымдастыққа тән бірлік идеясы да осы образ арқылы ашылады. Мәтінде отбасы ішіндегі дәстүрлі қатынастар да бейнеленеді.

«Енесі көз алмайды

Елпілдеген келіннен» [8, 78]. Ене мен келін арасындағы байланыс ауылдағы тәртіп пен моральдық жауапкершіліктің көрінісі ретінде берілген. Бұл қатынас жеке отбасының шеңберімен шектелмей, ауылдық ортаға тән әлеуметтік бақылау мен тәрбие жүйесін аңғартады.

«Дастарқанға салынған бүкіл ауыл суреті» [12, 79] деген жолдар ақынның ауыл өмірін бір ғана образ арқылы жинақтап көрсету шеберлігін танытады. Ауыл тұрмысында тұтынылатын тағам атаулының барлығы табиғи өнімдерден дайындалатындықтан, олардың әрқайсысының астарында маусымдық тіршілік пен қажырлы еңбек жатыр. Ақын төрт мезгілдің әрқайсысы ауыл өмірінде өзіндік науқанымен ерекшеленетінін аңғартады: жаздағы мал бағу, күзгі өнім жинау, қысқы соғым, көктемгі төл алу сияқты жұмыстар тағамның молдығы мен сапасын айқындайды. Химиялық қоспасыз ас, табиғи таза су ауыл тұрмысының экологиялық тазалығын көрсетсе, әрбір тағамның табиғат жағдайымен, еңбек ырғағымен тығыз байланысы ауыл адамының қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүретінін дәлелдейді. Осылайша дастарқан бейнесі арқылы ақын ауыл өмірінің еңбекке негізделген, табиғи әрі тұтас жүйесін көркем түрде ашады.

Нәтижелер. Қазақ поэзиясында ауыл бейнесі ұлттық болмыстың көркемдік айнасы іспетті. Ақын поэзиясындағы ауыл көріністері тек тұрмыстық суреттеу деңгейінде қалып қоймай, халықтың тарихи жады, рухани құндылықтары мен дүниетанымдық негіздерін танытатын терең философиялық мазмұнға ие. Ауылды қазақтың мінезін, болмысын, ұлттық санасын қалыптастырған киелі кеңістік ретінде бейнелейді. Ақын үшін ауыл – ұлттың рухани бесігі. Оның өлеңдерінде ауыл тіршілігі арқылы қазақ халқының еңбекке көзқарасы, өмірге сабырлы қатынасы, табиғатпен етене байланысы көрініс табады. Және адамды адам ететін орта, мінез бен мейірімнің, төзім мен парасаттың мектебі қалыптасатын киелі мекенге балайды. Бұл сипаттауларда этнографиялық детальдар мен философиялық түйіндер өзара сабақтасып, ұлттық ойлау жүйесінің тұтастығын айқындап тұр.

Ақын поэзиясындағы ауыл бейнесі көбіне дәстүрлі қазақы құндылықтармен астасып жатыр. Шаңырақ, қыстау, мал шаруашылығы, ат әбзелі, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді ұғымдар ауыл өмірінің ажырамас бөлшегі ретінде сипатталған. Бұл детальдар поэтикалық құралға айналып, ұлттың өмір сүру салты мен рухани болмысының көркем көрінісін жасайды. Ауыл тіршілігі арқылы ұрпақтар сабақтастығын, дәстүр жалғастығын өлең жолдарымен, поэтикалық пайланыспен тереңінен сөз етті. Поэзиясындағы ауыл көріністерінің тағы бір маңызды қыры – ұлттық мінезді танытуы. Ауыл адамын дархан, қонақжай, сөзге тоқтай білетін, досқа адал, әзіл-қалжыңға жақын бейне ретінде суреттейді. Бұл бейнелер жалпылама емес, нақты ұлттық психологияға негізделген. Ауылдағы қарапайым тіршілік арқылы ақын қазақтың ішкі мәдениетін, рухани тазалығын, адамгершілік өлшемдерін көрсетеді. Ақын шығармаларында ауыл мен табиғат егіз ұғым ретінде беріледі. Дала, өзен, қырат, мал, жыл мезгілдері барлығы ауыл өмірінің бөлінбес бөлігі. Табиғат көріністері адам көңіл-күйімен, ұлттық танымменастаса отырып суреттеледі. Бұл Қадыр поэзиясына тән синкретті көркемдік тәсіл. Ауылдағы табиғи орта қазақтың еркіндікке, кеңдікке ұмтылған болмысын айқындайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында адам болмысының өзегі саналатын имандылық ауыл тіршілігімен біте қайнасып қалыптасты. Ауыл кеңістігінде адамның дүниеге келуі, өсуі мен ержетуі, еңбекке араласуы мен қария жасына жетуі табиғи өмір ырғағымен үйлесім тауып, мінез-құлық пен рухани жауапкершіліктің қалыптасуына негіз болды. Ата мен бала арасындағы сабақтастық, үлкен мен кішінің арасындағы сыйластық пен ізет күнделікті ауыл өмірінде жазылмаған заң ретінде орнықты. Осындай ортада әдептілік, арлылық, инабаттылық секілді қасиеттер жеке адамның ғана емес, тұтас қауымның құндылығына айналды. Ауылда жастардың үлкенге құрметі, үлкеннің кішіге қамқорлығы өмір сүру дағдысы ретінде қабылданып, тәрбиенің басты тетігі қызметін атқарады. Үлкен туынды болсын, кіші туынды болсын, қандай шығарма жазса да, автордың біршама ұзақ толғаныста болатыны белгілі. [13, 31]. Бұл рухани құндылықтар ауыл поэзиясында да айқын көрініс тауып, адамгершілік пен

тазалықты дәріптейтін басты тақырыпқа айналды.

Қадыр Мырза Әли ауыл тақырыбын бүгінгі заманмен байланыстыра қарастырды. Дәстүрлі ауыл құндылықтарының әлсіреуіне алаңдаушылық білдіріп, ұлттық негізден ажырамауға үндейтін шығармалары көп. Ақын үшін ауыл – өткеннің сарқыншағы емес, болашақтың рухани тірегі.

Қорытынды. Қадыр Мырза Әли қазақ руханиятының биік өлшеміне айналған дара тұлға. Ол поэзиясында ұлттың тарихи жадын жаңғыртып қана қоймай, ұлттық сананың терең қабаттарын көркем оймен саралай білді. Ақын халықтың қуанышы мен қасіретін, арман-үмітін, мінезі мен мүддесін біртұтас рухани құбылыс ретінде танытып, қазақ болмысының көркем философиясын жасады. Оның өлеңдеріндегі ұлттық сипат сыртқы белгілермен шектелмей, халықтың ішкі жан әлемін, моральдық ұстанымын, рухани жауапкершілігін айқындайды. Ауызша әдебиет пен жазбаша әдебиеттің бастауында тұрған поэзия жанрының алатын орны ерекше. Поэзия адамзаттың ең көне әрі ең өміршең өнер түрлерінің бірі [14, 56]. Халықтың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, арман-мұратын, қуанышы мен қайғысын көркем тілмен өрнектеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Өткен мен бүгінгі тарихты қысқа да нұсқа жолдар арқылы оқырманға жеткізу поэзияның басты ерекшеліктерінің бірі. Бір шумақ өлеңнің өзінде тұтас бір дәуірдің тынысы, халықтың тағдыры мен замана үні көрініс таба алады. Сондықтан поэзия тек көркемдік құрал ғана емес, ол тарихи жадтың, ұлттық рухтың айнасы [15]. Қадыр Мырза Әли тек жыр жаратушы ғана емес, ұлт алдындағы азаматтық парызын терең сезінген ойшыл ақын [16, 38].

Халықтың кемшілігін жасырмай, ұлт тағдырына алаңдаған сыншыл көзқарасын ашық білдіре отырып, елдік сананы оятуға, рухты серпілтуге ұмтылды. Ақын шығармашылығында еңбекқорлық, жауапкершілік, шындыққа адалдық сынды қасиеттер көркемдік ұстанымммен ұштасып, тұлғалық өнеге деңгейіне көтерілді. Қазақ халқының рухани биігін айқындайтын көркем шежіренің қалыптасуына жол сілтеп, ұлттық әдебиеттің алтын қорынан берік орын алып, уақыт өткен сайын тағылымдық, танымдық және тәрбиелік маңызын арттыра бермек. Қадыр ұлттың сөз арқылы сөйлеген ар-ожданы, рухани болмысының мәңгілік үні. Ақын лирикасындағы ауыл географиялық ұғымнан әлдеқайда кең, ол ұлттық код, рухани кеңістік, мәдени жады. Сондықтан Қадыр поэзиясын ауыл концептісі арқылы зерделеу қазақ ұлттық болмысын танудың маңызды бір жолы.

Ақынның жырларында ұлттық мінез, әсіресе, қарапайымдылық, кеңпейілділік, сөзге тоқтау, табиғатпен етене байланыс сияқты қасиеттер арқылы айқындалады. Ол қазақтың болмысын асқақ пафоспен емес, керісінше, қарапайым өмір шындығы мен терең философиялық пайым арқылы жеткізеді. Осы тұрғыда Қадыр Мырза Әлі поэзиясы ұлттық бейнені идеализацияламай, оны өмірдің өз ағымында, шынайы қалпында көрсетеді. Сонымен қатар, ақын шығармаларында тілдің поэтикалық мүмкіндіктері ерекше қолданыс табады. Қысқа да нұсқа, нақылға жақын ой түйіндеулер, афористік тіркестер арқылы ұлттық дүниетанымның мәні ашылады. Бұл оның поэзиясын халықтық ойлау жүйесіне жақындатып, ұлттық бейненің тіл арқылы көрінуін күшейтеді. Мұнда жоғарыда аталғандай, поэтикалық тілдің құрылымы мен мазмұны ұлттық ерекшелікті танытудың негізгі құралына айналады.

Қорытындылай келе, Қадыр Мырза Әлі поэзиясы – ұлттық бейнені терең философиялық, тілдік және көркемдік деңгейде бейнелеген маңызды әдеби құбылыс. Ақын шығармашылығы арқылы қазақ поэзиясындағы ұлттық болмыстың көркемдік моделі айқындалып, ол жалпы ұлттық рухты танытудың жарқын үлгісіне айналады.

Әдебиеттер

1. Аристотель. Поэтика. – М.: Художественная литература, 1983.
2. Ахметов З. Лермонтов шығармаларының Абайға әсері // Әдебиет және искусство, 1950. – № 8. – Б. 60-65.
3. Якобсон Р. Лингвистика и поэтика // Структурализм: «за» и «против». – М.: 1975. – 360 с.
4. Лотман Ю. М. Анализ поэтического текста. – Ленинград: Просвещение, 1972. – 258 с.
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 267 б.
6. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 218 б.
7. Мырза Әли Қадыр. Иірім. – Алматы: Атамұра, 2004. – 360 б.
8. Мырза Әли Қадыр. Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2010. – 440 б.
9. Кәрібаева Б. Қадыр поэзиясы хақында // Жұлдыз. – №10, 1985.
10. Қуаныш Т. Жайықтың жыр жампозы: монография. – Орал: Ағартушы, 2012. –230 б.
11. Шапаев Т. Қазақ поэзиясындағы лирикалық тұлға проблемасы. – Алматы, 1994. – 240 б.
12. Мырза Әли Қ. Таңдамалы: Өлеңдер. – Алматы, Жазушы, 2005. – 424 б.
13. Г. Толыбаева. Қадыр Мырза Әли эсселеріндегі дүниетаным мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №3(143). – 2013. URL: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/264/255.
14. Жұбанов Заман бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1972 – 456 б.
15. Daulet Zh., Amanzhol A., Sagymbai Zh., Maktagul O., Meruyert Zh. Metaphors in the Language of Zhyrau: Structural Features and Functional Role / [Text] Daulet Zh., Amanzhol A., Sagymbai Zh., Maktagul O., Meruyert Zh. // – 2025. Volume 07. DOI: https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls
16. Нұрахметов С. Қадыр Мырзалиевтің ақындық шеберлігі. – Алматы: Жазушы, 1994. – 214 б.

А.Д. ӘЛТАЙ, М.С. ЖӘЛЕЛОВА
Евразийский Национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Г.Қ. ҚИАРЫСТАНОВА
Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан

КОНЦЕПТ АУЛА В ПОЭЗИИ КАДЫРА МЫРЗА АЛИ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ

Аннотация. Кадыр Мырза Али — выдающийся поэт казахской литературы, сумевший посредством художественного слова утвердить национальный дух и органично связать свое творческое мировоззрение с жизнедеятельностью народа. Отличительной особенностью поэзии поэта является глубокое художественное осмысление национального бытия через синтез народного мировоззрения и повседневного быта с философским мышлением. Его произведения всесторонне отражают социально-психологический облик казахского общества, особенности национального характера и духовное развитие народа. Поэтический язык Кадыра Мырза Али опирается на народное словесное наследие, сформированное в сельской среде. Осмысливая национальную историю и культуру, традиции и обычаи, поэт посредством образа аула художественно воплощает национальный характер. В этом контексте его творчество по праву рассматривается как вершина художественного развития поэзии, посвящённой казахскому аулу. Для поэта аул не просто географическое пространство, а хранитель национального духа, традиций, языка и мировоззрения. В поэзии Кадыра Мырза Али сельская жизнь охватывает все этапы человеческого бытия от детства до старости. Жизненный путь человека, этические нормы и психологическое состояние сельских жителей представлены в его стихах с особой художественной выразительностью и достоверностью. Данная особенность усиливает воспитательное и познавательное значение поэтического наследия поэта, сближая сельскую поэзию с принципами национальной педагогики. Особенно ярко идеи национального воспитания, нравственности и гуманизма проявляются в произведениях, адресованных детям. В творчестве поэта широко представлены природные картины казахской степи и

элементы сельского быта. Рельеф степи, жайляу и кыстау, традиционное животноводство, юрта, национальные игры и обряды становятся ключевыми символами поэзии аула. Эти художественные детали раскрывают историческую память и культурную преемственность казахского народа, представляя аул как духовное пространство, в котором сосредоточены национальные ценности.

Ключевые слова: Отчизна, казахский аул, нравственность, поэзия, национальная идентичность, художественная специфика.

A.D. ALTAY, M.S. ZHELELOVA
Eurasian national university named after L.N.Gumilyov Astana, Kazakhstan
G.K. KIARYSTANOVA
Eurasian Humanitarian Institute named after A.K.Kusainov

THE CONCEPT OF THE VILLAGE IN THE POETRY OF KADYR MYRZA ALI AND NATIONAL IDENTITY

Annotation. Kadyr Myrza Ali is a prominent figure in Kazakh poetry who established the national spirit through artistic expression and closely integrated his creative worldview with the life and consciousness of the people. The distinctive feature of the poet's work lies in his ability to artistically represent national identity by combining folk worldview and everyday rural life with profound philosophical reflection. His poetry comprehensively depicts the socio-psychological image of Kazakh society, its behavioral characteristics, and its spiritual development. The poetic language of Kadyr Myrza Ali is rooted in the folk lexical heritage shaped within the rural environment. Through poetic representation of national history, culture, and traditional ways of life, the poet constructs the national character by means of the village space. From this perspective, his creative legacy can be regarded as the artistic pinnacle of Kazakh village poetry. For the poet, the village is not merely a geographical location but a guardian of national spirit, traditions, language, and worldview. In Kadyr Myrza Ali's poetry, village life encompasses all stages of human existence—from childhood to old age. The life path of individuals, along with the ethical norms and psychological states of rural people, is portrayed with authenticity and artistic depth. This quality enhances the educational and cognitive value of the poet's works, linking village poetry with the principles of national pedagogy. Notably, his poems written for children clearly reflect the ideals of national upbringing, morality, and humanistic values. The poet's works vividly depict the natural landscapes of the Kazakh steppe and the essential elements of rural life. Steppe reliefs, summer and winter pastures (zhailau and kystau), livestock, yurts, national games, and traditional customs become central symbols of village poetry. These artistic details reveal the historical memory and cultural of the Kazakh people, presenting the village as a spiritual space where national values are continuity concentrated.

Keywords: Homeland, Kazakh village, morality, poetry, national identity, artistic features.

References

1. Aristotel. Poetika. – M.: Hudojestvennaia literatura, 1983.
2. Ahmetov Z. Lermontov şyğarmalarynyñ Abaiğa äserı // Ädebiet jäne iskustvo, 1950. – №8. – B. 60-65.
3. İakobson R. Lingvistika i poetika // Strukturalizm: «za» i «protiv». – M.: 1975. – 360 s.
4. Lotman İu. M. Analiz poeticheskogo teksta. – Leningrad: Prosveşenie, 1972. – 258 s.
5. Nūrğali R. Qazaq ädebietınıñ altyn ğasyry. – Astana: Kültegın, 2002. – 267 b.
6. Qirabaev S. Keñes däuırındegı qazaq ädebietı. – Almaty: Bılım, 1998. – 218 b.
7. Myrza Äli Qadyr. İırım. – Almaty: Atamūra, 2004. – 360 b.
8. Myrza Äli Qadyr. Qadyrdyñ qadırı. Qadyr Myrza Äli. Tañdamaly tuyndylarynyñ köp tomdyğy. – Almaty: Qazyğūrt, 2010. – 440 b.

9. Kärıbaeva B. Qadyr poeziasy haqynda // Jūldyz. – №10, 1985.
10. Quanyş T. Jaiyqtyñ jyr jampozy: monografia. – Oral: Ağartuşy, 2012. – 230 b.
11. Şapaev T. Qazaq poeziasyndağy lirikalyq tūlğa problemasy. – Almaty, 1994. – 240 b.
12. Myrza Äli Q. Tañdamaly: Öleñder. – Almaty, Jazuşy, 2005. – 424 b.
13. Г. G. Tolybaeva. Qadyr Myrza Äli eselerındegı dünietanym mäseleleri // QazŪU habarşysy. Filologia seriasy. – №3(143). – 2013. URL: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/264/255.
14. A. Jūbanov Zaman būlbūldary. – Almaty: Jazuşy, 1972 – 456 b.
15. Daulet Zh., Amanzhol A., Sagymbai Zh., Maktagul O., Meruyert Zh. Metaphors in the Language of Zhyrau: Structural Features and Functional Role / [Text] Daulet Zh., Amanzhol A., Sagymbai Zh., Maktagul O., Meruyert Zh. // – 2025. Volume 07. DOI: https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls
16. Nūrahmetov S. Qadyr Myrzalievtıñ aqyndyq şeberlıgı. – Almaty: Jazuşy, 1994. – 214 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Алтай Аманжол Дуйсенбайулы – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Altai Amanzhol Duisenbaiuly – Doctor of Philology, Professor, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

Жәлелова Меруерт Серікқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан

Жалелова Меруерт Сериковна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Zhalelova Meruert Serikkyzy – doctoral student of L.N.Gumilyov Eurasian national university.

Қиарыстанова Гүлжан Қанатқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Киарыстанова Гульжан Канаткызы – магистр педагогических наук, старший преподаватель Евразийского гуманитарного института имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан.

Kiarystanova Gulzhan Kanatkyzy – master of Pedagogical Sciences, senior lecturer of the Eurasian humanitarian institute named after A.K.Kusainov, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.09.91
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.14

***Ш.А. БАКИРОВА[1]**
Л.Қ. БАЙМЫШ[2]
Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы Университеті, Шымкент, Қазақстан[1]
Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан[2]
(e-mail: sholpan.2030@mail.ru[1], laura.baymysh@mail.ru[2])

Ж. БЕКТҰРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ САРЫН

Аңдатпа. Мақалада Ж.Бектұровтың өмір жолы мен шығармашылық мұрасы қарастырылып, ақын поэзиясындағы азаттық идеясының көркемдік көрінісі талданады. Зерттеу нысаны ретінде хан Кенеге арналған өлеңдері алынып, олардың тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері, тарихи шындықты бейнелеу сипаты және ұлттық рухты танытудағы поэтикалық қызметі сараланады. Ақын шығармаларында халықтың отаршылдық езгіге қарсы күресі, ел тәуелсіздігін аңсау сарыны және Кенесары Қасымұлы тұлғасының тарихи үдерістегі орны көркемдік тұрғыдан пайымдалады. Кенесары бейнесі ұлт бостандығы жолындағы күрестің символы ретінде сипатталып, оның тарих сахнасына шығуы заман талабы мен тарихи қажеттілік ретінде түсіндіріледі.
Зерттеу барысында Орталық Қазақстан өңіріндегі, соның ішінде қазіргі Қарағанды облысы аумағындағы әдеби-рухани мұра жасаушылардың шығармашылығы сөз етіледі. Тоталитарлық жүйе кезеңінде есімдері көмескі тартқан, шығармалары әділ бағасын алмаған ақындар мұрасын тәуелсіздік кезеңі тұрғысынан қайта зерделеудің маңызы айқындалады. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен кеңестік билік тұсындағы идеологиялық қысым жағдайында туған поэзиядағы еркіндік идеясының тарихи сабақтастығы көрсетіледі.
Мақалада отаршыл патша үкіметіне қарсы көзқарас ұстанып, белгілі бір кезеңде кеңестік биліктен үміт күткен Ж.Бектұров шығармашылығы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның рухани құндылықтары тұрғысынан бағаланады. Ақын поэзиясындағы туған жерге сүйіспеншілік, ұлттық намыс, тарихи жад және азаттық мұраттарының көркемдік жүйесі талданып, оның қазақ әдебиетіндегі орны айқындалады. Ж.Бектұров мұрасы ұлт руханиятының маңызды бір бөлігі ретінде қарастырылып, оның жалпыадамзаттық құндылықтармен үндестігі ғылыми тұрғыда тұжырымдалады.
Түйін сөздер: Кеңестік жүйе, отарлау саясаты, ұлт-азаттық қозғалыс, азаттық идеясы, тоталитарлық тәртіп.

Кіріспе. Жетпіс жылдан астам уақыт бойы үстемдік құрған кеңестік жүйе әлемдік тарихтағы ірі империялық құрылымдардың бірі ретінде өз идеологиялық ұстанымдарын қатаң түрде жүзеге асырып отырды. Бұл жүйе, сырттай алғанда, теңдік пен бауырластық ұранын көтергенімен, іс жүзінде ұлттық бірегейліктерді әлсіретуге, этникалық ерекшеліктерді жоюға бағытталған орталықтандырылған саясат жүргізді. Әсіресе саны аз ұлттардың рухани-мәдени мұралары кеңестік идеология талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оларды шектеу, бұрмалау немесе толықтай жою әрекеттері орын алды. Мұндай саясаттың салдары ретінде ұлттық тарихи жадтың үзілуі, дәстүрлі мәдени кодтардың әлсіреуі, рухани сабақтастықтың бұзылуы сияқты күрделі құбылыстар қалыптасты.

Қазақ халқының әдеби-мәдени мұралары да осы идеологиялық сүзгіден тыс қалмады. XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы сынды ақындар өз дәуірінің әлеуметтік-саяси ахуалын шынайы бейнелеп, отарлық езгінің зардаптарын ашық жырлағаны үшін кеңестік әдебиеттануда «зар заман ақындары» деген атаумен сипатталды. Бұл атау ғылыми тұрғыдан бейтарап термин емес, керісінше, белгілі бір идеологиялық бағалауыш жүктемесі бар ұғым ретінде қолданылды. Аталған ақындардың шығармалары ұзақ уақыт бойы «реакцияшыл», «кертартпа» ағым өкілдерінің туындылары ретінде бағаланып, оқу бағдарламаларында біржақты түсіндірілді. Соның нәтижесінде олардың мұраларының шынайы көркемдік-эстетикалық және тарихи-танымдық құндылығы толық ашылмай, бұрмаланған күйде ұсынылды. Жалпы алғанда, адамзат өркениетінің даму тарихында көркемөнердің негізгі тақырыптарының бірі – еркіндік пен тәуелсіздік идеясы болып табылады. Әдебиет пен өнер туындылары көбіне жеке адамның ғана емес, тұтас халықтың бостандыққа ұмтылысын, рухани тәуелсіздігін бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ақын-жыраularының шығармашылығы да ұлттық азаттық идеясының көркем көрінісі ретінде бағалануы тиіс. Олар өз дәуіріндегі тарихи өзгерістерді, отарлық қысымның күшеюін, әлеуметтік теңсіздікті терең сезініп, оны поэтикалық тіл арқылы жеткізе білді. Бұл шығармалар тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар тарихи дерек көзі, ұлттық сананың айнасы ретінде құнды.

Патшалық Ресейдің отарлау саясаты кеңестік кезеңде жаңа формада жалғасын тапты деуге негіз бар. Большевиктік-коммунистік жүйе ұлттық элитаны, дәстүрлі билік институттарын (хандық жүйе, билер институты), сондай-ақ батырлар жыры, шешендік өнер, тарихи жадты сақтаушы фольклорлық мұраларды идеологиялық тұрғыдан қайта қарастырып, олардың маңызын төмендетуге немесе мүлде жоққа шығаруға тырысты. Қазақ халқының батырлары, хандары мен сұлтандары көбіне «феодалдық үстем тап өкілдері» ретінде сипатталып, олардың тарихи рөліне теріс баға берілді. Бұл үрдіс ұлттық тарихи сананы әлсіретіп, ұлттың өзін-өзі тану үдерісіне кері әсерін тигізді. Аталған құбылыстарды қазіргі гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан қарастырғанда, оларды мәдени геноцид немесе рухани ассимиляция үдерісі ретінде бағалауға болады. Себебі мұндай саясат белгілі бір халықтың тілін, мәдениетін, тарихи жадын жүйелі түрде әлсіретуді көздейді. Дегенмен, қандай қысым болса да, ұлттық сана толықтай жойылып кетпейтіні белгілі. Ғалымдардың пікірінше, адам санасын толықтай бақылауда ұстау мүмкін емес, өйткені тарихи шындық пен рухани құндылықтар уақыт өте келе қайта жаңғырып, қоғамдық санада өз орнын табады. Осы заңдылық қазақ халқының тарихынан да айқын көрінеді: тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын бұрмаланған немесе тыйым салынған мұралар қайта зерттеліп, өз бағасын ала бастады. Адамзат баласының көркемөнері пайда болғаннан бастап, тәуелсіздікті, еркіндікті жырламаған туынды жоқ десек, артық айтқандық бола қоймас. Адам еркіндігін аңсаған өнер туындысы авторға ел азаттығын армандайтын биікке көтерілуіне алғышарттар жасады. Патшалық отарлау саясатын еш дабыра қылмай-ақ кеңестік дәуірде жете жалғастыра білген большевиктік-коммунистік жүйе қазақтың айтулы батыр, әйгілі шешен, ақындарын, атақты хан, сұлтандарын, әлемдегі ешбір елде жоқ ерекше құбылыс жырларын ұлт жадынан өшіруге тырысты. Бұл аса қатерлі, тұтас бір халықты мәңгүрттендіруге бағытталған қауіпті генацид еді. Осыдан келіп, «... адамды қанауға, құл қылуға болар, алайда оның санасын мәңгі – бақи бұғауда ұстау қиын, себебі, ерте ме кешпе, шыңғырған шындық жарыққа шығады» деген ғалым пікірімен келіспеске шараң жоқ [1, 27].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеудің материалы ретінде Жайық Кәгенұлы Бектұровтың поэзиялық мұрасы, атап айтқанда азаттық, тәуелсіздік, ұлттық рух мәселелерін арқау еткен өлеңдері мен жоқтау-толғау циклдері алынды. Сонымен қатар ақынның мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған әдеби-сын мақалалары, тарихи-танымдық еңбектері және замандастары туралы жазған зерттеу сипатындағы жазбалары қамтылды.

Зерттеу барысында отандық әдебиеттану ғылымындағы азаттық идеясы, ұлттық рух, тарихи сана, көркемдік дәстүр мен жаңашылдық мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер

пайдаланылды. Бұл еңбектер зерттеу тақырыбын теориялық тұрғыдан негіздеуге, ақын шығармашылығын әдеби үдеріс контексінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Ақынның дүниетанымдық және көркемдік ойлау жүйесін айқындау мақсатында оның шығармалары мазмұндық-тақырыптық тұрғыдан жүйеленіп, идеялық-көркемдік ерекшеліктері сараланды. Жинақталған материалдар негізінде Ж.Бектұров туындыларындағы азаттық сарынының тарихи-философиялық негіздері, поэтикалық табиғаты және ұлттық идеямен сабақтастығы зерделенді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-әдеби талдау принципі, көркем мәтінді кешенді қарастыру ұстанымы, мазмұн мен түр бірлігі теориясы, сондай-ақ дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы туралы әдебиеттану ғылымындағы тұжырымдар құрайды. Зерттеу барысында әдеби шығарманы қоғамдық-әлеуметтік жағдаймен, тарихи шындықпен және авторлық ұстанымммен бірлікте қарастыру қағидаты басшылыққа алынды.

Мақаланы дайындау барысында төмендегідей ғылыми әдістер қолданылды:

– тарихи-әдеби талдау әдісі – ақын шығармаларын дәуірлік әдеби үдеріс аясында қарастыру, азаттық идеясының тарихи негіздерін анықтау мақсатында;

– мәтіндік және поэтикалық талдау әдісі – өлеңдердің құрылымдық жүйесін, образдар табиғатын, көркемдік құралдар қызметін саралау үшін;

– салыстырмалы талдау әдісі – Ж. Бектұров поэзиясындағы азаттық идеясын қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі еркіндік сарындарымен сабақтастыра қарастыру мақсатында;

– жүйелеу және жинақтау әдістері – зерттеу барысында алынған ғылыми тұжырымдарды бірізді қалыптастыру үшін;

Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңде жүргізілді. Алғашқы кезеңде тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттерге талдау жасалып, теориялық негіздер айқындалды. Екінші кезеңде Ж.Бектұров шығармалары тақырыптық және идеялық тұрғыдан топтастырылып, мәтіндік талдау жүргізілді. Қорытынды кезеңде алынған нәтижелер жүйеленіп, ғылыми тұжырымдар жасалды.

Осылайша, қолданылған әдіснамалық ұстанымдар мен зерттеу әдістері Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық идеясын тарихи, философиялық және поэтикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді және ақын мұрасының ұлттық әдебиет тарихындағы орнын айқындауға негіз болады.

Талқылау мен бақылау. Тәуелсіздік – киелі ұғым. Ол бірдің емес, мыңның, көптің, баршаның арман-аңсары. Ал, терең үңілген жан бұл ұғымның әлдеқайда күрделі, қатпар-қатпар тылсым да құпияға толы ұғым екенін байқаса керек. Тәуелсіздік, азаттық, еркіндік бодандықта бола тұрып, өзін отарлап отырған империяға қарсылық білдіру, күреске шығу, ақындардың бостандыққа үндеген жырларының қай уақытта болса да тұтас бір идеологияның қызметін атқаруы қалың халықтың назарын аудармай қойған жоқ.

С.Қасқабасовтың: «Тәуелсіздік деген – кең ұғым. Бұған ру-тайпаның өзін қорғауы, мемлекеттің өз егемендігін сақтау үшін шайқасуы, ұлттың тәуелсіздік үшін күресі, тіпті жеке адамның бас бостандығы, сезім еркіндігі үшін және қайраткерлердің ой мен сананың, ар мен ұжданның азаттығы үшін күресі жатады» [2, 4], – деп келетін пікірі айрықша ден қоюға тұрарлық

Тәуелсіздік – қоғамда, өмірде, айнала қоршаған ортада ғана емес, әр адамның ішкі болмысына ұя салған Жақсылық пен Жамандықтың алғашқысын жақтаған адам пиғылы. Тәуелсіздіктің салтанат құруы немесе кешігіп келуі – бәрі де адам болмысымен тығыз байланысты. Тәуелсіздік – адам рухының өре-деңгейі. Биіктігінің немесе аласалығының көрсеткіші. Тұтас бір ұлттың, халықтың еркіндікке, азаттыққа ұмтылып, отарлаушы елдің қанды шеңгелінен құтылуды ғана емес, тағдырдың пешенесіне жазып қойған жазмышына деген қарсылығы деп те ұғынамыз.

Р.Нұрғали: «Кеңес үкіметі, партиялық органдар қаншалықты қаталдық жасап, қырағылық көрсеттім дегенмен, алаш идеялары, ұлттық азаттық рухы, тәуелсіздік сарындары, әсіресе әдебиетте, өнерде, ғылымда жойылып кеткен жоқ» [3, 81], – дейді.

Қазақ халқы – ғасырлар бойы тәуелсіздікке ұмтылған халық. Алайда арғы-бергі тарихта мемлекеттігінен айрылып, бодандықтың ауыр қамытын киіп, тұтас XIX ғасыр мен

кеңестік дәуір деп аталатын XX ғасырдағы жетпіс жылдан астам уақыт бойы қазақ ұлтының көрген теперішін еш халық көрген жоқ деп батыл айтуға болады. Адамзат баласының тарихында өз халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған атақты тұлғалар көп болған, алайда олардың басым бөлшегі қазақтың тарихына есімдері алтын әріппен жазылған Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б. көрген азап пен қорлықты көрген жоқ. Егер бір миллионға да толмайтын халықтың өкілі иман Шәміл орыс отаршылдығына қарсы күрессе, көтеріліс жеңілген соң Кавказдың сол перзентіне орыс империясы кешірім жасады, ал «тірі тұрғанда орыстың отарлау саясатынан қазақты азат етем» деген ұлтымыздың ұлы перзенті Кенесары хан Қасымұлының XIX ғасырдағы ауыр тағдыры көп нәрсені аңғартса керек. Демек, бірлік, ынтымақ, ұйымшылдық ұғымдарының отаршылдық жылдарында қазақтың өз ішіндегі өре-деңгейін, әрірек алғанда, Азияны мекендеген түркі тілдес туысқандардың ұжымшылдығын пайымдап, саралау көп нәрсені аңғартса керек дегенді айтқымыз келеді. Ал, бұл жайттар тарихи жағдаяттардан туындаған еді. Өз кезеңінде осынау қалыптасқан жағдайлар өзгеше рухтағы, соңғы серпін, жаңа лепке негізделген, азаттық идеясын арқау еткен поэзияның тууына алғышарттар жасады, отты да өміршең поэзияны тарих сахнасына шығарды.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, исламдық мәдениет, жыраулар поэзиясы, сәл бертіндегі ақындар мұралары, жыраулар поэзиясы, сәл бертіндегі ақындар мұрасы, XX ғасыр басындағы алаш ұранды әдебиет өкілдері бүгінгі күнге ұлы өсиет қалдырды. Кеңестік дәуірде осынау өсиет ұлттық рух қанша жаншылса да, өз жемісін бермеді деп ешкім айта алмас. Тоталитарлық тәртіп тұсында замана тынысын, кеңестік зұлымдық саясатты ашық айтып, жырлауға мүмкіндік болмағандықтан, көкірегінде намысы бар ұлт зиялылары ишарамен, тұспалдап жеткізуге тырысты.

Сана еркіндігінен кеңестік дәуір тұсында қалай айрылғанымыз мәлім, алайда сол тоталитарлық жүйеден азат болған кезімізде ұлттық рух көмескі тартып, өз асылымыздан гөрі, өзгенің жылтырағына тәнті болып жүргеніміз жасырын емес қой. Қазіргі егемен еліміздегі рухани экспансия элементтерінің орын алғандығы, басқа діни секталар ықпалына қазақтың берілуі, сыбайлас жемқорлық, ұлттық өнердің сахнадан біртін-біртін ығыстырыла бастауы бәрі де шындық емес пе? Ендеше, кешегі құлдық, бодандық психологиядан толықтай арылып бітпегеніміз және ақиқат.

Бауыржан Омарұлы: «Қазақ әдебиетіндегі зар заман ақындарының ой-тұжырымдарын олардың өздері ғұмыр кешкен кезеңге көзқарастарының жиынтығы тұрғысынан бағалағанның өзінде жыр жүйріктерінің мұраларынан ғибрат аларлық нәрсе аз емес» [4, 118], – деп айтқандай. Яғни кешегі абыз өнерпаздардың, атақты жыраулар мен ақындарымыздың бірі ғана емес, бірегейі – Жайық ақынның көрегендігіне тәнті боласың ... Осынау тұлғаның бойына ақындық, зерттеушілік, журналистік, дарыған еді. Ол өз замандастарының ішінде ұлттық тарих пен руханияттың бірден-бір жоқшысы деген қасиетті атқа ие бола алды.

Ж.Бектұровтың өмір жолын сол тұстағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдайлардан бөліп қарауға болмайды. Құжаттарында туған жылы – 1912 жыл, аз естеліктеріне сүйенсек, 1911 жылы қазіргі Ақмола облысы Аққөл ауданындағы Амангелді аулында дүниеге келген. Ауылда мұғалім болған, мұғалімдік оқу бітірген соң 1934 жылы Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының мұғалімдер курсын, 1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітереді. Жиырма жасынан бастап, Қазақстан өлкелік комсомол комитеттерінде бірінші хатшы болып қызмет істейді. 1937 жылы «Лениншіл жас» газетінде редактордың орынбасары болып жүргенінде «халық жауларымен байланысы бар» деген күдікпен қызметінен босатылады. 1942 жылы «халық жауы» деген атпен айыпталып, өлім жазасына кесіледі. 1942 жылдың 9 желтоқсанындағы осы үкім 1945 жылдың 17 ақпаны күні 10 жылға ауыстырылады. 1947 жылы түрмеден мерзімнен бұрын болса да, үнемі бақылауда болады. Жұмыс таба алмайды, астанаға келуге құқығы жоқ. Ақыры, Талдықорғанға кетіп, мектепте мұғалім болады. Ж.Бектұровтың жабылған жаладан ақталуы – 1955 жыл. Ол,

Қазақстан Республикасының «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес республика Жоғарғы сотынан толықтай ақталғандығы туралы анықтама алуы-1993 жылдың 22 қыркүйегі.

ЖАЗУШЫ САЙЫН МҰРАТБЕКОВТІҢ СЫНШЫЛЫҚ ҚЫРЫ

Аңдатпа. Мақалада әлем әдебиетінің алтын қорына «Жусан исі», «Жабайы алма» атты үздік туындыларымен енген Сайын Мұратбековтің сарабдал сыншылық қасиеті сөз болады. Оның сыни мақалалары – автордың білім парасатын ғана емес, айқын, берік тенденциясының, талантты тани білетін аңғарымпаздығының көрсеткіші, зияткерлікті зерделеудің ерен үлгісі. Парасат пайымы мен эрудициясы білінетін білікті әдебиетшінің ой жүйесі қисынды, пікірі айқын.
Балалар әдебиетінің классигі, аудармашы, прозаик Мұратбековтің сыни сипаттағы мақалалары бүгінге дейін зерттеу нысаны болған жоқ. Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде С.Мұратбековтің ғылыми сипаты терең, азаматтық позициясы айқын танылатын сыни, танымдық мақалаларының алғаш зерделенуін айтуға болады. Қазақ жазушыларының болмыс-бітімін, кісілік келбеті мен қабілет-қарымын танытатын, өз пікірін олар жазған шығарманың көркемдік шырайымен сабақтастыратын, қала берді зерттеушілік зеректігін аңғартатын мақалаларында Б.Майлин, Б.Соқпақбаев, М.Мақатаев, Қ.Ысқақ, Р.Тоқтаров, Б.Тоғысбаев, О.Сүлейменов сынды қаламгерлердің шығармашылық портреті сомдалған. Сыншы әр жазушының сюжет құру шеберлігіне, адам өмірі мен характерінің шындығын ашқандығына бойлай отырып, олардың ұлт әдебиетіндегі орнын да айқындап береді. Шығармашылық тұлғалардың әдеби портретін сомдау барысында сыншы барды бағалайды, әдебиет әлеміне көркемдік өріс ашқан қадау-қадау туындыларындағы ақиқатты айтады.
Мұратбеков мақалаларының құндылығы – әрбір сөз еткен жазушысын өз көзімен көріп, аралас-құралас болып, жан дүниесінің нәзік қатпарын, қалың жұрт біле бермейтін құпиясын білгендіктен, шығармасының астарын ашып, тереңіне бойлай алғандығында деуге болады. Авторлар пайымдау, талдау, салыстыру, қорыту әдістерін пайдалана отырып, сыншының өзгеше бір нұсқалы таным-пайымы, парасатты ой-пікірлерінің өрістілігі, түйін-тұжырымдарының дәлдігін ашып көрсетуге талпыныс жасайды. Зерттеу нәтижесін тұлғатану, шығармашылық зертхана бағытындағы еңбектер жазуда, «Қазақ әдебиетінің сыны», «Қазақ әдебиеті» курстарында пайдалануға болады.
Түйін сөздер: шығармашылық портрет, зерттеушілік зерде, тұлғатану, зертхана, дерек, тұлға, типология.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің көрнекті балалар жазушысы ретінде танымал Сайын Мұратбековтің суреткерлік келбетін құрайтын қырларының бірі – оның сыншылдығы деуге

болады. Ауыл, бала өмірін тереңнен толғаған прозасы мен көркем аудармалары лайықты бағасын алғанымен, бүгінге дейін сыншылық қырына жете мән берілмеді. Шығармашылық зертханасына үңіле қарап, індете зерттегенде оның адамдық болмысын танытатын әрі әдебиетке келуіне, өзіндік сара жолын салып, сирек дарын иесі ретінде танылуына мұрындық болған ағалар салған сара жол мен дәстүрге адалдық екенін пайымдау қиын емес. Қаламгерлер жайындағы білгірлікпен айтқан, орныкты түйін-тұжырымға толы мақалалары сын кітап болып шықпаса да жеке тұлғаның шығармашылық зертханасын зерттеу үшін қажет әрі маңызды екендігі белгілі. Кәсіби әдебиеттанулық зерттеу демесек те, жазушылардың идеялық-шығармашылық принциптеріне жан-жақты қарап, ұлттық сөз өнерінің өткені мен бүгінгі тәжірибесіне қосылған үлес деп қарауға немесе эстетикалық ойды тереңдетудің бір жолы ретінде танып, бағалауға болады. Мұратбеков пайымы жолдас-жоралық ниеттен, субьективизмнен ада. Сыншының қатардағы оқырманнан басты айырмашылығы кәсіби пән сөздері арқылы көркем мәтінді таныту екенін басты назарда ұстаған. «Дарынды сөзді сынау үшін де білім керек, бірақ қара сөзді шығармаларға керек болған пән білімі емес, басқа түрлі білім керек. Бұған ғылым білімінен гөрі өнер білімі көбірек керек! Ұстаның мінін көбінесе ұсталар көреді. Сондай-ақ дарынды сөздің мінін ақындық дарыған адам көбірек көрмек» [1, 77] деген А.Байтұрсынұлы пікірі С.Мұратбековке қатысты айтылғандай. Кемел суреткердің мықтылығын тану үшін түйсік, талғаммен тани білетін өре, кәсіби қырағылық керек екені белгілі.

Әдістеме және зерттеу әдістері. С.Мұратбеков шығармашылық портретін сомдаған жазушылар қатарына Б.Майлин, Б.Соқпақбаев, М.Мақатаев, Қ.Ысқақ, Р.Тоқтаров, Б.Тоғысбаев, О.Сүлейменов т.б. жатады. Сыншы өз парасат-пайымының безбеніне салып, бірқатар қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар сөз зергерлерінің суреткерлік шеберлігін ашуға тырысады. Олардың жазушылық шеберлігін айқындау мақсатында, тұлғалық болмысымен қатар, шығармашылық зертханасына деңдей бойлайды. Әдеби қауымға белгісіз құпия қоймасын ақтарады, өзі білетін, көзімен көрген деректері негізінде салиқалы, салмақты тұжырымдар жасайды.

Әдебиеттанушы Ю.Борев шығармашылық иесінің құндылықтар дәрежесін «қабілетті – өнерлі – дарынды – данышпан» басқышында қарастырғаны мәлім [2]. Сыншы С.Мұратбеков мақалаларында осы категориялар айқын көрініс тауып отырған. Тәуелсіздік дәуір көзқарасы тұрғысынан кеңес әдебиетін зерделеп, зерттеп, баға беруде жазушылардың стилі мен көркемдік шеберлігі зерделенген бұл еңбектердің маңызы зор. Соны ашып көрсетуде салыстыру, баяндау, талдау әдістері басшылыққа алынды. Тұлға типологиясындағы ең күрделі категория – шығармашылық адамы екенін отандық ғылымда теориялық тұрғыда зерделеген ғалым – А.Қалиева. Шығармашылық иесіне тән танымдық әрекеттердің қыр-сырын танып-білудің маңыздылығын көрсетті [3]. Әдебиеттің кенже қалған саласы саналатын сын жанрындағы зерттеулерге мән беру, жазушылардың сыни еңбектеріне обьективті тұрғыда баға берудің бүгінде өзіндік дәстүрі қалыптасып келеді [4]. Ұлт жазушыларының әр кезеңдегі қызметі жаңашылдық пен бастамашылық сипатымен ерекшеленіп, қоғамның әлеуметтік-мәдени өркендеуіне серпін беретіндігі, соның нәтижесінде ұлт дамуына елеулі үлес қосқан тарихи тұлғалардың көпқырлы болмысы ашылып, маңызы арта түсетіндігі белгілі [5].

Талқылау мен бақылау. Б.Майлиннің қазақ әдебиетінің классигі, әңгіме жанрының атасы екендігі бүгінде дау тудырмайтын аксиомаға айналған. Сондықтан классик шығармашылығы қай қырынан қарастырылса да артық емес. «Гоголь шинелінен шыққанбыз» дейтін Достоевский мақамына салып Мұратбеков те бүкіл қазақ жазушыларын Майлин күлкісінен шыққан деуінің өзіндік мәні бар. Ауыл тақырыбына қалам сілтеген, тіпті әңгіме жанрына келген жазушының бәрі Бейімбет өнегесінен сусындағанын тамыршыдай тас басады. Шағын жанр шеберінің шығармашылық портретін жасау үшін жан-жақты ізденіп, жүзден аса прозалық туындысын оқып, әр туындысында екі-үш типтік кейіпкердің сомдалып отырғанын дәлелдейді. «Қайталанбайтын, сол бір шығармадағы бір көрінуімен ғана мәңгі жатталып есте қалатын толып жатқан бейнелер бүкіл қазақ

даласынан дабырласа жиналып кеп Бейімбет кітабында бас қосқандай. Әрқайсысының өмірі, тағдыры, мінез-құлқы, жүріс-тұрыстары, сөйлеген сөздеріне дейін «қазақпын, қазақпын» деп тұрғандай [6].

«Әлдебір шығарма жайлы ақтарылып отырып адал, әділ пікір алысу – өнер адамының көркем туындысы арқылы аңғарылған терең де ойлы сырын, өзіндік дара бейнесін тап басу; авторға деген жарқырап көрінген сүйіспеншілік, махаббат; оның бар арман-мұраты жүзеге асуына көмектесіп, бүткіл жан дүниеңмен шығармасының мазмұн байлығына ену; тамаша өмір жырының нәрін бойға сіңіріп, ой-санаң, ақыл-құдіретіңмен жүрегің жарылғанша қуанып, салтанат құру, рахатқа бөлену; өкінішті, жасық, алдамшы бір дүние ұсынған авторға өз ортаңның наразылығы мен көңіліңнің күйінішін айқара жайып салып, ашу-ызаңды бар болмысыңмен ағыңнан жарыла, ақтарылып отырып айту» [7, 184]. Қазақ даласының ұңғыл-шұңғылына дейін айрықша терең сезінгендіктен, сол кезеңдегі Мырқымбайлардың сөзін мен айтпасам кім айтар деген авторлық позициясын Мұратбеков сезе, тани, көре білді. Б.Майлиннің өзі қазанында қайнап жүрген аумалы-төкпелі заманның ащысы мен тұщысын, ақ-қарасын дәл танып анықтауды мұрат тұтқандығын бағамдады. Майлиннің қазақ кедейлерінің жиынтық образы болған Мырқымбайдың тағдырына қайшылықты тартыс, бүкіл бір дәуірдің, ескі мен жаңаның, арпалысқан кезеңнің күресін сыйдырған дарынын Мұратбеков әлем әдебиетінде сирек кездесетін құбылыс, жазушы шеберлігінің шыңы деген пікірге саяды.

Басын бәйгеге тігіп, қазақ даласындағы адам төзгісіз ауыр тұрмысты, ел басына түскен нәубет, қасіретті, жан түршіктірер аштық зардабын бір емес бірнеше туындысында («Күлпаш», «Айт күні») бере білген Майлиннің батылдығын жоғары бағалайды. ХХ ғасыр басындағы заман шындығы қаз-қалпында берілген «Сексен сом» әңгімесінде тартыстан жапа шеккен жазықсыз кедейдің жан күйзелісімен қатар, большевиктердің қиянатынан титықтаған ел, жасқаншақ адамдарының қауқарсыз, аянышты әрекетін автор залым ауылнайдың жан түршігерлік жымысқы әрекеттерімен қарама-қарсы суреттеген. Сонымен бірге қазақы мінезді сынға алғанын «мұндай қатал жолдарды халқын үлкен жүрекпен сүйген, жақсысына қуанып, ит қылығына қатты күйінген ызалы жазушы» [6] ғана жаза алатынын дәл көрсетіп, Бейімбет Майлинды үлкен жүректі ұлы тұлға ретінде таныды. Жазушы жөніндегі С.Мұратбеков жазушы Б.Майлин шығармашылығына тереңдеу арқылы қазақ халқының дүниетанымында ұлттың рухани тереңдігін бейнелейтін ұлттық рух, ұлттық снаа ұғымдарына айрықша назар аударып, мән-мазмұнын ашып көрсетті [8]. Ғылыми-танымдық маңызының артықшылығы да осында деуге болады

Жаңаша сараптаудың соны стилін көрсете алған С.Мұратбеков жиырма бір жасында «Шұғаның белгісі» атты романтикалық сарындағы классикалық дүниені тудырып, зор талантын жарқыратып көрсеткен жазушыны «Томпыш» новелласымен танымал болған Ги де Мопассанмен салыстыра қарап, әдеби құбылыс деп баға береді. Қазақтың бар жақсысы өзгеден келген, аға әдебиеттен үйреніп, үлгі алған деген тенденция өршіп тұрған кезеңде мұндай компаративистикаға барған С.Мұратбеков те осал емес.

Кемел суреткер деңгейінен биіктей түспесе жаңылмаған жазушыны қанша жас болса да, әлеуметтік мәні зор үлкен тақырыптарды еркін игерген шығармашылық кекселігін Абайдың Әбдірахманға арнаған «жасқа жас, ойға кәрі едің» деген ойымен салыстыруға болады. «Шұғаның белгісі» – жазушылық шеберлігіне, талант қуатының құдіреттілігіне тәнті етіп, бір деммен оқылатын, оқиғасы жұп-жұмыр, кесек дүние. С.Мұратбеков бұл туындыны ғашықтық сезімі қаншалықты мөлдір, таза болса да, өмірі трагедиямен аяқталатын «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебек» сынды дастандардың жалғасы ретінде қарайды.

Сарабдал сыншы өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің өсу, өркендеу жолдарын шиырлай отырып, ұлт әдебиетінің шырқау биікке шығуына мұрындық болған таланттарды көріп, танып, бағалай білді. Соның ішінде, тағылымды, тартымды туындыларымен оқырман жүрегіне жол тапқан Б.Соқпақбаевтың туа бітті талант иесі екенін таныды. Оның туындыларын өзіндік сырлы бояуы бар, шуақты шыншыл шығарма санады. Салған беттен

оқушысын еліктіріп әкететін туындыларын талдай отырып, жазушының тым қарапайым көрінетін нық сөйлемінде тұнып тұрған деталь, штрихтарды сыйғыза білген бедерлі суреттерін айшықтайды. Бердібектің бір ғана шығармасымен шектелмей, барлығына ортақ іргелі сипатын ашып көрсетеді. Жазушы шығармасының басты қасиеттері ретінде тіліндегі албырт ойнақылықты, кейіпкерлерінің ұшқыр қиялшылдығы мен тапқырлығын, бай юморын, адамға деген шексіз махаббатын атап көрсетеді.

Көре алмаушылық пен іштарлықтың салдарынан көп уақытқа дейін балалар жазушысы деген атақтың көлеңкесінде қағажу көріп келген дарынды жазушының, ұлтымыздың рухани байлығына айналған шығармалардың авторының шын мәнінде халықтық жазушы екенін қалтқысыз таныды. Саясаттан сая іздемей, идеологиядан ықтамай өткен, оқырмандары да көп, әлем тілдеріне аударылған (16 тілге) шығармалары үлкен сұранысқа ие болса да «әдебиет сынымыз я ұқпады, я ұқса да таршылық жасап мойындағысы келмеді ме, әлде өрелері жетпеді ме, ... осынау жаңа қыры және мықты қыры, жаңа шыққан биігі онша қолдау таппай, еленбей, ескерілмей қалды. Сол баяғы «балалар жазушысы» дегенді басыңқырай айтып, «үлкендерге» арналған шығармалары соның көлеңкесінде болатын. Сезімтал жазушыға бұл әрине, ауыр тиетін» [9, 70].

Жазушының шығармашылық ғұмырының бағдарламасы іспетті «Бұлақ» атты өлеңдер жинағын атап көрсете отырып, дәл осы жинақтың автордың поэзияда байқап көрген сөз қадірі мен қасиетін поэзия безбенімен өлшеуді үйрене отырып, прозаның көркемдік биігіне еркін шырқап көтерілгенін меңзейді. Бердібек прозасының артықшылығы ретінде кеңес әдебиетіндегі жасанды форма мен жалаң схематизмнен бас тартып, жалған пафосқа бармай, тақырыптық сонылығы, идеялық жаңалығымен балалар әдебиетінің көкжиегін кеңейткендігін баса көрсетеді. Соның ішінде жазушының «Балалық шаққа саяхат» повесі мен «Өлгендер қайтып келмейді» романын талдай отырып, онда көтерілген қадау-қадау мәселелерге герменевтикалық талдау жасайды.

«Қанмен жазғандай өмірден ойып алған жүз беттік шығармасы» – «Балалық шаққа саяхат» повесіне [9, 72] жасалған әлеуметтік талдауда қазақ жерінде 20-жылдардың аяғы мен 30-шы жылдардың басында орын алған саяси-әлеуметтік жағдайды ашық суреттей отырып, ұжымдастыру кезінде орын алған келеңсіз оқиғалар, теңсіздік, адам құқығының тапталуы, күштілердің әлсіздерге жасаған қиянаты бағамдалады. Яғни, өзі өмір сүрген дәуір көрінісін боямасыз дәл береді. Соның ішінде бастықтың үйіндегі молшылық, қарапайым ауыл адамдары өмірінің, қиын жағдайының өзгеріссіз қалғандығы тек Б.Соқпақбаев қана емес, С.Мұратбеков прозасында да кеңінен суреттелген. Осы тұста екі жазушының обьектісі мен авторлық позициясы аралығында сабақтастық, үндестік байқалады. Мұратбековтың «Қызғаныш» әңгімесінде тоңмойын, дойыр колхоз председателі Дауылбай жалғыз сиырын асырай алмай, шөп сұрай келген почташы жесір әйелге шөп үйіліп тұрған өз қорасының маңындағы шашылған шөпті теріп жеуін ұсынса; Соқпақбаевта үш бірдей азаматы колхоз жұмысына жегілген қарапайым отбасы мүшелері аш құрсақ, күні бойғы қорегі – сұйық арпа көже, оның өзі бірде бар, бірде жоқ (бастықтың үйінде ақ түйенің қарны ақтарылып, ақ май төгіліп жатыр). Яғни, екі автор да социализм заманындағы коммунизмді күтіп, қиялға беріліп жүрген кеңес адамдарының тұрмыстағы теңсіздігін, қоспасыз, шынайы өмірін өлтіре сынға алады. Бірақ, екеуі де байқатпай, бала көзімен қараған болып, бала ойы, бала тілімен жеткізеді. «Баланың аузымен әзілдей отырып келеңсіздікті, адамды нақұрыс етіп қойған, қылышынан қан тамған системаны суреттейді. Нағыз реалист жазушының өзі өмір сүрген ортаға, қоғамға өшпестей етіп салған таңбасы осы болса керек» [9, 71].

Юморға бай жазушы стилін Марк Твен, Гоголь сынды юмористермен шендестіре талдайды, Бердібектің өзіне тән қайталанбас ұлттық қасиетін көрсетеді. Кейіпкерлерінің бәрі – ірі, ірі болатын себебі шыншыл. Қанатын аяусыз қырқып түсіретін қатал да қатыгез қоғамда өмір сүрсе де алған бетінен қайтпайтын, қиындыққа төзетін, қандай қысталаң шақта да әділдіктің ақ туын желбіретіп, қысастық көрсе де сенімінен, оптимизмінен айрылмайтын қайсар жандар, әділетсіздікпен қатар аштық, жалаңаштықты көрсе де сағы сынбайтын, тек алға ұмтылатын, адал болуды, басын кессе де шыншыл болуды мақсат еткен қайсар жандар.

«Балалық шаққа саяхат» повесінің заңды жалғасындай болған, қуат-қабілетін аямай жұмсаған кемел жазушының «Өлгендер қайтып келмейді» романы – қанша уақыт өтсе де ескірмейтін, өз оқырманын жоғалтпайтын өміршең, шынайы туынды. Елдің сынға түскен ауыр кезеңі – соғыс уақытындағы тыл өмірі суреттелген, әлі бұғанасы қатпаған баланың оқуды тастағанына колхоздың қуанатын, қатал өмір табалдырығын аттаған жастың қым-қуыт тірлігі.

«Мен аштықтан бұратылып өлер едім, бірақ сапасыз, ойластырылмаған дүние ұсынбас едім» дейтін Н.Гоголь секілді өнер мұраты, суреткер парызы атты асқақ ұғымды қастерлеген жазушы Б.Соқпақбаев таршылықта тарығып, қиыншылықта қысылып өссе де, күнделікті өмірінде, жұмыс орны, жазушылар арасында тек шындықты жақтап, бүгінгінің бәрі жалған, бәрі көзбояушылық, халықты алдау деп ашық айтып өтті. Өмір бойы қорқумен өтіп өлетін болдық қой, бір шындықты айтатын кез болмай ма екен. Халықты алдап болдық қой - деп шырқыраған жазушы жазуын да тым ерте тоқтатты. Оған себеп – шындықтың тұншықтырылуы, өзінің мылқау шешенге айналуына деген наразылық.

Осы романнан соң көп уақыт қалам тартпай кетеді. Себебін сұрағандарға: «жазушы тағдыры – ауыр тағдыр. Ол өмір құбылыстарын, қаны сорғалаған қоғам қайғы-қасіреттерін бетін бүркемей шынайы көрсетуі керек. Ал оған сенің қарым-құлашың жеткенмен, анық та айқын бейнелеуге мүмкіндігің бар ма? Мәселен, мына романымда кейіпкерлерді қиялдан туғызғаным жоқ. Өмірдің өз өзегінен ойып алдым. Оным өзіме ұнағанымен басқаларға, басшыларға ұнады ма? Қара бояуды қалың жаққасың деп көп жерін, тұздығы татиды-ау деген нағыз дәмді жерлерін сызды да тастады. Қанша шырылдадым. Жүрегімді жұлғаннан кем әсер еткен жоқ. Кім тыңдады, кім ескерді? Бүрге шаққандай болған жоқ. Басың байлаулы, аяқтарың тұсаулы болған соң, көретін күнің сол екен. Енді жазып қажеті не?» [9, 17].

«Тілін тістеген ақын тұншығып» (М.Әлімбаев), цензураның өткір қайшысына түсіп, мықтап күзелген шығармасына жаны ашыды. Жауапкершілігі күшті, азаматтық болмысы таза, суреткерлік интуициясы мықты жазушы кемеліне келіп толысқан шағында жазудан «жеріп» кетті (Б.Мұқай). «Ойлау жүйесі стереотиптеніп, кеңес идеологиясының құлақ кесті құлына айналған белсенділермен» (Б.Мұқай) күресуге құлқы болмады, дарыны тұсауланды. Ақиқатты баяндаса әлеуметке сөзі жетпейтінін, сүзгіден өтпейтінін түсінді. С.Мұратбеков халық басына түскен зұлматты көзімен көрген жазушының бұл наразылығы халқы мен заман алдындағы жауапкершілікті тереңінен түсінгендігінің белгісі екенін бағамдай алды. Бұл наразылық өмір шындығынан және өз тәжірибесінен түзілген мәні зор мазмұн, үлкен қорытынды екенін ұғынды.

Мұқағали ақынмен өндірдей жас кезінен таныс болған Сайын оны ақындығымен қатар көңілінде түк кірбің жоқ, аңқылдаған жігіт ретінде танып, кісілік қасиетін жоғары бағалады. Онымен бірге аңға шыққан кезіндегі оқиғаны негізге ала отырып «Біреу» атты әңгімесін жазды (1978). Сынның да алуан түрі болады. Ерекше шабытпен жазылып, оқырманның да сезіміне, көңіл-күйіне әсер етіп, сол туындыны оқуға ынтықтырар отты, жанды сын болады немесе салқынқандылықпен жазылатын сын болады. Авторлық позициясы мен қуаты, сол жазушыға деген құрметі сезіліп тұрар сындар болады. Мәселен, С.Мұратбековтің Мұқағали ақынмен қалай танысып, кездескені жайындағы шағын ғана мақаласы «Біреу» әңгімесін оқуға жетелейді.

«Шығармашылық ұлы жолдың еңісіне қарай да, өріне қарай да шауып жүлделі болған ақтаңгер жүйріктің аршынды құлашын» танытатын жазушы Қ.Ысқақ шығармасының шынайылығымен оқырман жүрегін шымырлататын жазушы екендігі С.Мұратбеков назарынан тыс қалған жоқ. Сыншыға Қ.Ысқақ соғыс жылдарындағы қазақ аулының тұрмыс-тіршілігін суреттеген «Қоңыр күз еді» повесімен ғажап әсер етіп, жоқшылық жайлаған ауыл, ауыр тұрмыс, жетімдік көрген балаң шақ және балғын махаббаттың ояна бастауы, мұңға толы өмірдің сәулелі кезеңі біртіндеп өз тереңіне батырып, көңілді тебіренткен күйге түсірді. Қарапайым суреттеу, жай көріністің өзімен сырлы жұмбақты, жас адам жүрегінің бұлқынысын, түкпір тереңде жатқан құпиясын, сезініп, ұғындыратын

туындының көркемдік жетістігі орасан. Автор қаламында қазақтың қара сөзінің келісті бір көркемдікке айналып, жан біткендей күйге түскенін көріп, жазушы талантының суреткерлік қасиетін зерделеді. Жазушылық шеберлігін, стиль ерекшелігін, мен мұндалап тұрар ерекше сөйлемдерін, әсем өрнегін безбендеді.

Іздену-өсу жолында екенін дәлелдеген, Алтай өлкесін мекендеген кержақтар өмірін арқау еткен «Бұқтырма сарыны» повесінде – табиғат пен адамның өзара тығыз байланысын, табиғат ананың қатігез шағында адамның берілмес қайсарлығын, өмір үшін күресін нанымды суреттейді. Нақты байқағаны – Қ.Ысқақ туындыларының барлығы дерлік қарапайым халық өкілдерінің өмірінен алынғандығы. «Оның кейіпкерлері қай заман, қай қоғамдық дәуірде де жерге жақын жүрген, тек өз еңбектерімен ғана күнкөріс кешкен қалың бұқараның өкілдері. Олар үшін социализм де, капитализм де тек сөз жүзіндегі айырмашылықтары болмаса, іс жүзіндегі күнделікті тіршілігіне пәлендей өзгеріс енгізе алмайды» [10]. Сайында да дәл осындай.

Қ.Ысқақ прозасын әрі сурет, әрі сүлде жағынан қарастырған С.Мұратбеков тілі өрнекті, әуезді, лұғаты таза; мазмұн-мұраты адамзатқа ортақ дүние санап, «ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алғандығын» [1, 256] дәлелдейді. Он бес жасында алғаш туындысы А.Нұрқатовтан тілі, көркемдігі тұрғысынан лайықты бағасын алғанымен, драмасы Қ.Сатыбалдин, өлеңдері С.Сарғасқаев тарапынан қатты сынға ұшыраған жазушы Бек Тоғысбаев білім ордасына келіп (ҚазМУ), М.Әуезов, З.Қабдолов, А.Тоқпановтардың дәрісін тыңдап, білімін, ой-өрісін кеңейткен соң жиырма жасында кейіпкері Өтеғали қарттың тағдыры мен табиғатқа деген іңкәр сезімін әсерлі баяндаған «Аққу көлі» атты әңгімесін жазды. Бұл әңгімеге Ш.Айтматов, Ә.Нұрпейісов жоғары баға берді. Жас болса да қоршаған ортаны қорғау проблемасына дендей еніп, сезімталдықпен келген, табиғат пен адам поэзиясын сезіне алатын қасиетке ие Б.Тоғысбаевты Ш.Айтматов жарқын дарын ретінде танып, оң батасын берсе; классик Ғ.Мүсірепов «жаңа талап, жас үміт» деп бағалайды. Әдебиет алыптарынан жоғары баға алғасын Тоғысбаев әр шығармасына асқан жауапкершілікпен қарап, майталман прозашыға айналады. Міне, жазушының шығармашылық ғұмырнамасындағы осы өсу, кемелдену жолдарымен, ерекшелігімен С.Мұратбеков таныстырады.

Ақын О.Сүлейменов шығармаларын орыс тілінде жазғанымен, бүкіл болмысымен қазақ ақыны, асқақ, рухты өр халықтың ұлы екендігін өзгелер де мойындаған (Н.Тихонов, Л.Мартынов, К.Симонов, М.Луконин, Б.Слуцкий, Д.Самойлов, т.б.). Олар Олжас ақын поэзиясындағы ұлттық даралықты, ақындық ерекшелігін бағалаумен қатар, поэтикалық ой мен екпіннің, образдың қуаттылығы, тақырып аясының кеңдігі мен сезім ұшқырлығына, шалқар шабытына, тегеурінділігіне тәнті болғандығын жарыса жазып жатты (Н.Тихонов). Расында ақын орыс тілінде жазса да, оның туындылары қазақ мәдениетімен ұласып, ұштасып, жыраулар поэзиясының айбынды дәстүр рухы сезілетіндігін С.Мұратбеков дәл тапты.

Тарих жөнінде ақиқат сөз айтып, айнымас шындықты қалпына келтіруге тырысқан еңбегіне «өлеңдеріндегі темір тегеурін, алмас қылыштай жарқылдаған өткірлік, бірде ұйтқытып дауылдатқан, бірде үйіріп құйындатқан дала табиғатының алапат күші, ең бастысы сол даланың еркін желіндей көшпелі халықтың қайсар мінезі ұлы бабалар дәстүрін еске түсіреді» деп баға берді [11]. Мұратбековтің қанында бар, бойын кернеген бабалар рухы ақын көкірегінен жаңа арна ашты деген пайымына Олжас ақынның бойындағы атойлап тұрған ұлтына деген махаббаты мен адами қасиеттері ықпал етті деуге болады. Оның «ақындығына қарап елін таны» деген азаматтық позициясын, профессионалдық мәдениетін аңғарды.

Сайын Олжас ақынның шығармашылық портретін сөз еткенде «Арғымақтар» атты жыр жинағын, «Аз и Я» кітабын және «Көшпелілер және мәдениет: қазақ эксперименті» (ЮНЕСКО курьерінде 1977 жылы жарияланған) атты мақаласын ғана алады. Өйткені, дәл осы еңбектер О.Сүлейменовтің адамзат алдындағы қазақ халқының орнын, қазақтың тарихы тереңде жатқан көне мәдениет иесі екенін дәлелдеп, адамзат тарихындағы орнын

ойып тұрып алып берген еңбектер болатын. Жас болса да кеңестік ғылымда қалыптасқан қазақ туралы жаңсақ, қиянатқа толы ғылыми тұжырымдарға тойтарыс бергенін және сол үшін көрген қиындықтарын тәптіштей баяндайды. Алған бетінен қайтпаған қайсарлығына, ұлты үшін күресе білген үлкен жүрегіне бас иеді. Тіпті, «Арғымақ» атты алғашқы жыр кітабымен таныс болғандығының әсерінен Олжасты алғаш көргенде адамның арғымағына ұқсатады. Олжастың өзге жаратылысты дара тұлға екенін таниды. Мамандығы геолог-барлаушы Қазақстан өлкесінен пайдалы кен іздеу жылдарында қазақтың тұрмыс-тіршілігі, дәстүр-салтымен етене танысып, өмір мектебінен өтеді. Жиырма беске жаңа толған жас ақынның алғашқы шығармасымен әлемдік поэзия көгінің ең жоғарғы төрінен орын алып, талант қуатымен дүниені таңқалдырып, әлем халқының алдында қазақ поэзиясы ғана емес, кеңестік поэзияның мәртебесін көтеріп, биікке көтергендігімен (Париж, Нью-Йорк университетінде) мақтанады.

Нәтижелер. С.Мұратбеков әдеби, танымдық, сыни мақалаларында өзі жақсы білетін, әріптес, дос ретінде араласқан беталысы бөлектеу, ой-толғамдары өткір де нық, белгілі бір биіктерді бағындыра алған шығармашылық иелерінің жазушылық шеберлігі, шығармашылық зертханасы жайында, көпшілік біле бермейтін қалтарыс тұстарын танытатын, қаламгерлердің болмыс-бітімі, қабілет-қарымы, ой-өрісі, таным-тағлымы, тұрмыс-тіршілігі жөнінде тың мәліметтер береді. Әдебиетті сүйгендіктен, өзі де ұлттық бояуды нысана етіп, қазақы құндылықтардың қадірін біліп, әр сөздің салмағы мен сөлін сезінгендіктен салиқалы ой айтады.

Уақыттың қатал сынынан сүрінбеген, кеңестік кезеңдегі идеологиялық талдаудан бөлек, жаңа ой, жаңа талдау автор мақалаларының көркемдік, эстетикалық талғам танымын танытады. Мәселен, кесек басталып, қызықты оқиға, сомдалған образдармен еліктіріп әкететін жазушы Б.Майлиннің опасыз тағдырына налиды. Кесапат кезеңге, қазағына бергенінен берері көп жазушыны кемел шағында мерт қылған зұлымдарға қарғыс айтады. Сол секілді Қ.Ысқақтың көркем прозада тудырған сүбелі дүниелеріне обьективті бағасын береді. Жазу стилінің өзгешелігіне, тілінің шұрайлылығына әділ бағасын беріп, шығармашылық шеберлігі, өзіндік ерекшелігі, даралық сипаты жөнінде сүбелі ой айтады. Рухани кеңістіктегі Олжас Сүлейменов шығармашылығы жайында келісті сөз қозғайды.

С.Мұратбеков пайымынша, Ж.Бюффонның «Стиль – ол адам» деген пікіріне Олжас Сүлейменов шығармашылығы толық сай келеді. Оның шығармашылық стилі арқылы азаматтық болмысы, ұстанған бағыт-бағдары айқын көрінеді. Проблемалық өткір ой-толғаныстары, қаламгерлік көзқарасы мен азаматтық позициясын айқын танытады. Өзекті де ділгір мәселелерге дер кезінде белсене араласып, мақсатына жетпей тынбайтын көшелі тұлғасы айқындалады. Шығармашылық ғұмырындағы сүбелі еңбек, он бес жыл уақытын сарп еткен, ұзақ ізденіс, ғылыми терең толғаныс пен талмай зерттеудің нәтижесінде – «Аз и Я» кітабы жарық көрсе; «Игорь жасағы туралы жырды» зерттеуі – қиындығы, тартысы, дау-дамайы көп зерттеу. Себебі, үш ғасыр бойғы зерттеулер славян мұрасы деп танылған еңбекті (оның үстіне мыңдаған еңбектер жазылған) дешті қыпшаққа ортақ дүние ретінде санайды. Ғылыми диссертация тақырыбын «Игорь жасағы туралы жырдағы» тюркизмдер» деп алып, жырды половец-орыс тілдері араласқан қостілді деп дәлелдеді. Кеңестік ғылыми орта үшін айыпты болған бұл ақиқат қазақ санасын сілкінтті, талғамының тереңдігіне оқырманның көзін жеткізді. Ақын поэзиясы ауқымының кеңдігін, әлеуметтік салмағын, парасаттылығын, көркемдік қуаттылығын, ұшқырлығын еселеп, оны адамзаттың ақынына айналдырды. Тарихи сабағы мен тәлімі осында жатса керек.

Қорытынды. С.Мұратбековтің ойшылдық өресі көркем шығарманы талдау барысында байқалады. Зерттеу нысаны еткен әрбір тұлғаның стильдік даралығын тәпсірлейді, нақты талдаулар негізінде дарынның даралығын дәлелдейді. Әрбір туындысын зерделеуде ерекшелігін екшеуге тырысып, табиғатын тап басып таниды. Суреткердің әдеби процеске тигізген әсерін анықтап, ұлт әдебиетін өркендету жолындағы еңбегі мен рөлін айқындайды. Өзі жақсы, жетік білген, көзімен көргенін дүниесін жазғандықтан құнды. Әрбір мақаласында шығармашыл тұлғаның даралық сипатын пайымдау бағытын

ұстанғандықтан тұлғалық мәдениеттің бастауы сынды әсер етеді. Сауатты мін айтады. Әдебиеттің бағыт-бағдар, жөн-жосығын танып-білуге жол ашады.

С.Мұратбековтің әдеби-сын еңбектерінде талдау нысанына алынған тұлғалардың шығармалары кешенді түрде зерделенеді. Ол әрбір туындының идеялық мазмұны мен көркемдік құрылымын, образдар жүйесін, композициялық ерекшеліктерін біртұтас жүйеде қарастырып, шығарманың табиғатын дәл тануға ұмтылады. Зерттеушінің басты ерекшелігі – әрбір шығарманың өзіндік болмысын екшеп, жалпылама сипаттаудан гөрі, нақты көркемдік белгілер арқылы даралықты айқындауы. Бұл тәсіл ғылыми талдаудың нақтылығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, С.Мұратбеков қаламгердің әдеби үдерістегі орнын анықтауға ерекше мән береді. Ол белгілі бір автордың шығармашылығын жеке-дара қарастырумен қатар, оның ұлттық әдебиет дамуына қосқан үлесін, көркемдік жаңалықтарын, дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығындағы рөлін саралайды. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуші еңбектері әдеби процесті тұтас жүйе ретінде түсінуге, оның ішкі динамикасын ашуға мүмкіндік береді. Қаламгердің ұлт әдебиетін өркендету жолындағы еңбегін бағалауда тарихи-әдеби контексті ескеруі – оның ғылыми әдіснамасының маңызды қыры.

С.Мұратбековтің сыншылық қыры да ерекше назар аударады. Ол көркем шығармаға баға беруде сауатты, дәлелді пікір айтуға ұмтылады, кемшіліктерді көрсету барысында субъективтілікке жол бермей, ғылыми негізге сүйенеді. Оның сыни пікірлері әдебиеттің даму бағыттарын айқындауға, көркемдік талаптардың қалыптасуына ықпал етеді. Осы арқылы зерттеуші әдеби процестің сапалық деңгейін арттыруға өз үлесін қосады. Оның талдау әдістері, теориялық тұжырымдары мен практикалық пайымдары ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына елеулі үлес қосып, әдебиеттегі тұлғалық және көркемдік құндылықтарды танудың жаңа деңгейін қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 256 б.

2. Борев Ю.Б. Эстетика. Учебник. – Алматы: Национальное бюро переводов, 2020. – 408 с.

3. Калиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм. Монография. – Алматы: Сейітжанова Ж.Д., 2012. – 200 б.

4. Ерсаинова А.Б. Сәбит Мұқановтың әдеби-ғылыми шығармашылығы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. –№2. – 2022. – Б. 110-116. DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.11

5. Несипбекова А.С., Смагулов Ж.К. Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. –№4. – 2024. – Б. 118-125. DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.19

6. Мұратбеков С. Үлкен жүректі ұлы тұлға // Алматы ақшамы. 1994, 11 шілде. – Б. 11.

7. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.34: Әдебиеттану және әдеби сын (1960-1990). – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. – 408 б.

8. Dalelbekkyzy A.; Bisengali Z.-G.; Toleubayeva A.; Zhanat A.; Baitanasova K.M. National code: Metaphysics and unity of historical consciousness. Analele Universitǎ Ńii din Craiova. Istorie, Anul XXIV. No 1(35)/2019. – P. 105-1115. URL: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56285140900

9. Мұратбеков С. Шындықты ғана жазған. Кітапта: Жұмбақ жазушы. Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер. – Алматы: Service Press, 2024. – 236 б.

10. Мұратбеков С. Қуатты дарын // Қазақ әдебиеті. – 2005, 25 наурыз (№12). – Б 4-5.

11. Мұратбеков С. Халқын асқақтатқан ақын // Егемен Қазақстан, 1996, 17 мамыр. –Б. 7.

Д.К. ИБРАГИМОВА, С. АСЫЛБЕКҰЛЫ, Г.Б. ТОКШЫЛЫКОВА
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

ПИСАТЕЛЬ САИН МУРАТБЕКОВ КАК ЛИТЕРАТУРНЫЙ КРИТИК

Аннотация. В статье рассматриваются критические статьи Саина Муратбекова, вошедшего в золотой фонд мировой литературы своими выдающимися произведениями «Запах полыни» и «Дикая яблоня». Его критические статьи являются индикатором не только высокого интеллекта автора, но и ярким примером аналитического мышления. В критических работах писателя С. Муратбекова прослеживается эрудиция, логичность изложения, чёткость суждений.

Научная новизна исследования заключается в том, что впервые изучены критические статьи С. Муратбекова, имеющие глубокую научность и четкую гражданскую позицию. В своих работах он рисует творческий портрет таких писателей, как Б. Майлин, Б. Сокпакбаев, М. Макатаев, К. Ыскак, Р. Токтаров, Б. Тогысбаев, О. Сулейменов. В критике, обращая внимание на мастерство каждого писателя в создании сюжета, С. Муратбеков определяет также их место в национальной литературе. Создавая литературные портреты, критик оценивает творчество и честго пишет о произведениях искусства, открывших художественный горизонт для мировой литературы.

Ценность статей Муратбекова в том, что он сумел раскрыть творчество каждого писателя, о котором говорил, проникнуть в глубины его сознания. Используя методы рассуждения, анализа, сравнения и обобщения, авторы пытаются раскрыть уникальные и неповторимые познания критика, широту его рациональных мыслей и точность его выводов. Результаты исследования могут быть использованы при написании работ по критическому мышлению, в творческих лабораториях, а также на курсах «Критика казахской литературы» и «Казахская литература».

Ключевые слова: творческий портрет, исследовательский интеллект, личность, лаборатория, личность, типология

D.K. IBRAGIMOVA, S. ASSYLBEKULY, G.B. TOKSHYLYKOVA
Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

WRITER SAIN MURATBEKOV AS A LITERARY CRITIC

Annotation. The article examines the insightful critical qualities of Sayyn Muratbekov, who entered the golden fund of world literature with his outstanding works “The Smell of Wormwood” and “Wild Apple Tree”. His critical articles are an indicator not only of the author’s intelligence, but also of a clear, strong tendency, a keen eye for talent, a brilliant example of the study of intelligence. A skilled writer, distinguished by common sense and erudition, possesses a logical structure of thought and clear judgments.

Critical articles by Muratbekov, a classic of children’s literature, translator and prose writer, have not been the subject of research until now. The scientific novelty of the study lies in the fact that for the first time critical and educational articles by S. Muratbekov, which have deep scientific character and a clear civic position, have been studied. In his articles, revealing the essence, individuality and abilities of Kazakh writers, linking their opinions with the artistic spirit of works, demonstrating their innate research acumen, he paints a creative portrait of such writers as B. Mailin, B. Sokpakbayev, M. Makatayev, K. Yskak, R. Toktarov, B. Togysbayev, O. Suleimenov. The critic, paying attention to the mastery of each writer in creating a plot, to the truth of human life and characters, also determines their place in national literature. Creating a literary portrait of creative personalities, the critic evaluates everything and tells the truth about works of art that opened the artistic horizon for world literature. The value of Muratbekov’s articles is that he was able to reveal the essence of each writer he spoke about, to penetrate into the depths of their work, to see them with his own eyes, to be alone

with them, to know the subtle layers of their souls, secrets inaccessible to the general public. Using methods of reasoning, analysis, comparison and generalization, the authors try to reveal the critic's unique and unrepeatable knowledge, the breadth of his rational thoughts and the accuracy of his conclusions. The results of the study can be used when writing papers on personal thinking, in creative laboratories, as well as in the courses "Criticism of Kazakh Literature" and "Kazakh Literature".

Keywords: creative portrait, research intelligence, personality, laboratory, typology.

References

1. Baitūrsynūly A. Alty tomdyq şyğarmalar jinağy. I tom. – Almaty: El-şejıre, 2013. – 256 b.
2. Borev Iu.B. Estetika. Uchebnik. – Almaty: Nasionälnoe büro perevodov, 2020. – 408 s.
3. Kalieva A. Körkem ädebiet: şyğarmaşylyq tūlğa jäne psihologizm. Monografia. – Almaty: Seiıtjanova J.D., 2012. – 200 b.
4. Ersainova A.B. Cäbit Mūqanovtyñ ädebi-ğylymi şyğarmaşylyğy // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. –№2. – 2022. – B. 110-116. DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.11
5. Nesipbekova A.S., Smagulov J.K. Mağjan men Säken: tūlğalar tūtastyğy // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. –№4. – 2024. – B. 118-125. DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.19
6. Mūratbekov S. Ülken jürektı ūly tūlğa // Almaty aqşamy. 1994, 11 şılde. – B. 11.
7. Klasikalyq zertteuler: Köp tomdyq. T.34: Ädebiettanu jäne ädebi syn (1960-1990). – Almaty: Ädebiet älemı, 2014. – 408 b.
8. Dalelbekkyzy A.; Bisengali Z.-G.; Toleubayeva A.; Zhanat A.; Baitanasova K.M. National code: Metaphysics and unity of historical consciousness. Analele Universită Ńii din Craiova. Istorie, Anul XXIV. No 1(35)/2019. – P. 105-1115. URL: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56285140900
9. Mūratbekov S. Şyndyqty ğana jazğan. Kıtapta: Jūmbaq jazuşy. Berdıbek Soqpaqbaev turaly estelıkter. – Almaty: Service Press, 2024. – 236 b.
10. Mūratbekov S. Quatty daryn // Qazaq ädebietı. – 2005, 25 nauryz (№12). – B 4-5.
11. Mūratbekov S. Halqyn asqaqtatqan aqyn // Egemen Qazaqstan, 1996, 17 mamyr. –B. 7.

Авторлар туралы мәлімет:

Ибрагимова Дина Қыдырбекқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Ибрагимова Дина Кыдырбековна – докторант Казахскогонационального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Ibragimova Dina Kydyrbekovna – doctoral student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Асылбекұлы Серік – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Асылбекұлы Серик – доктор филологических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Assylbekuly Serik – Doctor of Philological Sciences, Professor at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Тоқшылықова Гүлназ Базарбайқызы – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Токшылыкова Гульназ Базарбаевна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Tokshylykova Gulnaz Bazarbaevna – Doctor of Philosophy(PhD), senior lecturer at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.71.01
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.18

Д.М. ИХСАН
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: ikhsandaniyar@gmail.com)

*ТҮРКІСТАН МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ФОЛЬКЛОРДЫҢ ЖАРИЯЛАНУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың 20-жылдарында шығып тұрған «Ақ жол», «Шолпан», «Сана» басылымдарында жарық көрген фольклор үлгілері жинақталған. Алаш зиялыларының фольклортанушылық қызметі (жариялау, зерттеу), Білім комиссиясының фольклортану бойынша атқарылған істері Түркістан баспасөзі негізінде талданады. Зерттеудің мақсаты – Түркістан баспасөзінде берілген фольклор үлгілерін жинақтау және фольклортану бойынша жазылған мақалаларды талдау. Зерттеу жасау барысында түсіндіру, сипаттау, жинақтау, жүйелеу, талдау әдістері қолданылды.
Теориялық маңыздылығы Түркістан баспасөзінде фольклортану бойынша жазылған мақалаларды таныту, жеткізу. Тәжірибелік маңыздылығы бұрын беймәлім болған ел аузындағы шешендік сөздер мен жырларды, оны ұсынған авторларды анықтау, бүркеншік есіммен жазылған әдеби мақалалардың авторын нақтылау.
Зерттеу нәтижелері Түркістан баспасөзінде фольклорға қатты көңіл бөліп, ұмытылмауына зор үлес қосқанын дәйектейді. Нәтижелер Алаш зиялыларының фольклортанушылық қызметін және Ә.Диваевтың кітаптарының шығуына жәрдем еткенін тереңірек білу үшін қосымша зерттеулер жүргізу қажет екенін көрсетеді.
Түйін сөздер: фольклор, баспасөз, этнография, фольклортану, эпос, алаш.

Кіріспе. Совет үкіметінің алғашқы жылдарында алаш зиялылары Түркістан АКСР-інің орталығы Ташкент қаласына топтасты. Түркістан ағарту халық комиссариаты жанынан Білім комиссиясы құрылып, түркі халықтарының әдеби, мәдени мұраларын жинақтау жұмысы қолға алынды. Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлы басқарған тұста ұйымның жұмысы жанданып, органы есебінде журналдар шығып, бірлестіктер ұйымдастырылды. Халық ауыз әдебиетін жинақтау мен насихаттауды негізгі міндеттеріне айналдырды. Әсіресе, Ташкент қаласында шығып тұрған «Ақ жол» газеті мен «Шолпан», «Сана» журналдарында Алаш қайраткерлерінің жинақтаған фольклор үлгілері, фольклортанушылар туралы жазған мақалалары мен әдеби шолулары жиі жарияланды. «Айқап», «Қазақ» сынды империя тұсында шыққан басылымдардағы фольклор жариялау, зерттеу, насихаттау жұмыстары Түркістан баспасөзінде тың серпін алып, зиялылардың фольклортанушылық қызметі айрықша көрініс тапты.

Алаш қайраткерлері баспасөзде фольклор үлгілерін жариялап қана қоймай, өз шығармаларына негіз қылды. Академик С.Қасқабасов әдебиет пен фольклорды байланыстыратын генетикалық, оппозициялық, үндестік, қарымта сынды төрт типін

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «BR28713085 – XX-XXI ғасырлардың алғашқы ширегіндегі зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы кешенді пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында әзірленді.*

атайды [1, 48]. Соның ішінде алашшыл рухтағы қаламгерлерге фольклор айырықша қызмет атқарғанын жазады. «…алашшыл қаламгерлер фольклорлық материал арқылы қоғамдағы адам еркіндігі, ұлт тәуелсіздігі идеяларын дәріптеп, көнеден тамырын тартқан фольклорлық жанрлар мен сюжеттер арқылы тарихи тұлғалар бейнесін елдік мұратқа жетудегі идеал ретінде көрсетіп жаңа заманның кемшіліктерін көрсетуге тырысты» [2, 149]. Алаш азаматтарының бастамасымен Түркістан Республикасына қарайтын облыстарға экспедициялар жөнелтіліп, халық ауыз әдебиетінің мол мұрасы жинақталды. Бұл жұмысқа Ташкенттегі қазақ ағарту институтының студенттері де жұмылдырылды. Дегенмен қаражат тапшылығы мен мүмкіндіктің аздығына байланысты баспасөз арқылы сұрау салып, іздестіру ең тиімді жол болды. Сондықтан да халық мұрасының жинақталуына, қорлардың құрылуына мерзімді басылымдардың ықпалы зор. Мәселен, Беларусь фольклор коллекциясының қалыптасу тарихы «Naša Niva» газетімен тығыз байланысты болса, қазақ халқында бұл міндетті «Қазақ» газеті (1913-1918), кейін Түркістан баспасөзінде «Ақ жол» газеті атқарды. Және 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Беларусь елінде фольклор жинау ісін «ұлт қалыптастыру кезеңіндегі патриоттық міндет» деп қабылдауы Алаш қайраткерлерінің ұстанымымен үйлеседі [3].

Патшалық Ресей үкіметі қазақ қоғамын іштей ыдыратып, талан-таражға салып, ұлттық тілі мен мәдениетінен, руханиятынан және халық ауыз әдебиетінен ажыратуға тырысқан болатын. Алаш қайраткерлері Совет одағының енді-енді қалыптаса бастаған, әлі саясатын толық жүргізбей тұрған шағында, нақтырақ айтсақ, ХХ ғасырдың 20 жылдарында ұлттық рухты көтеру үшін баспасөз арқылы халық ауыз әдебиетін барынша насихаттады. «Энн Марки мен Энн О`Коннордың жазуынша, фольклор – ауызша, дәстүрлі авторы белгісіз әрі өзгермелі құбылыс; ол динамикалық сипатқа ие және бір адамнан екінші адамға, бір топтан басқа топқа, бір ұрпақтан келесі ұрпаққа берілген сайын өзгеріп отырады» [4]. Ғалым С.Қасқабасов фольклорды қара сөз, өлең, сөйлесу деп үш үлкен текке бөлген болатын [5, 19].

Мақалада алаштану саласында зерттеу жұмысын жүргізіп жүрген ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Мәселен, «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» ұжымдық монографияны атап көрсете аламыз. Бұл еңбекте ұлттық фольклорды жинау мен жариялау мерзімді басылымдар негізінде қарастырылып, ұлттық фольклорды зерттеушілердің қызметтері жазылған [6]. Алайда «Қазақ», «Сарыарқа», «Айқап» басылымдарына баса мән беріліп, Түркістан баспасөзінен «Ақ жол» газетіндегі халық мәдениеті қарастырылған. Сонымен қатар А.А.Макатова, А.А.Әбсадық «Reflection of kazakh folklore in the newspaper Birlik tuy» мақаласында «Бірлік туы» газетіндегі қазақ фольклорының көрінісіне тоқталса [7], Д.Жақан «Ақ жол» газеті және халық мәдениеті» мақаласында газеттегі фольклор материалдарды талдайды [8].

Алаш қайраткерлерінің баспасөзде фольклор жариялау, зерттеу, насихаттау жұмыстары көбіне «Қазақ», «Айқап», «Абай», «Сарыарқа» т.б. 1920 жылға дейін шыққан басылымдарда ғана қарастырылып, Түркістан баспасөзі көп жазыла бермейді. Зерттеуіміздің басты мақсаты – «Ақ жол», «Шолпан», «Сана» басылымдарында жарияланған фольклор үлгілеріне сипаттама беру және фольклортану бойынша жазылған мақалаларды талдау.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың зерттеу материалы ретінде Х.Есенқарақызы құрастырған «Ақ жол» (газеті) көптомдығының 2, 5, 9, 10, 13-томдары, «Алаш көсемсөзі» он томдығының «Шолпан» журналы берілген 1, 2-томдары мен «Сана» журналы басылған 5-томында берілген фольклор үлгілері мен мақалалар алынды. Себебі, ХХ ғасырдың 20 жылдарында шыққан басылымдар аты аталған жинақтарда барынша толымды, жүйелі берілген.

Жалпы ғалым Т. Қожакеев көптомдығының алтыншы томында берілген мақаласында Түркістан Республикасында жарық көрген газет-журналдар деп 8 басылымды, Ж.Нұсқабайұлы «Қазақ журналистикасының тарихы» атты еңбегінің екінші бөлімінде Ташкентте шығарылған қазақ басылымдарын санын бесеу деп көрсетеді. Ал біздің зерттеуімізше, Ташкентте 10 қазақ басылымы шыққан деп әзірге топшылаймыз. Түркістан баспасөзі негізінде деп қарастырсақ та, нақты үш басылымды ғана алып отырмыз. Өйткені,

бұл газет-журналда көптеген Алаш қайраткері редакторлық еткен, қызмет істеген, көсемсөздер мен көркем шығармаларын жиі жариялаған және үкімет пен Білім кеңесінің басты мінбері саналған.

Зерттеу барысында түсіндіру, сипаттау, жинақтау, жүйелеу, талдау әдістері қолданылды. Аты аталған әдістер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толықтай сәйкес келеді. Фольклор үлгілерінің жанрын нақтылау кезінде жүйелеу әдісі, мазмұнын ашу барысында түсіндіру, сипаттау әдістері, қайраткердің зерттеу мақалаларын қарастыру барысында талдау әдісі жүргізілді.

Талқылау мен бақылау. «Ақ жол» газеті 1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап «Жаңа өріс» негізінде Түркістан Орталық партия Комитетінен шығарылды. Басылым арқылы Түркістан өңірінің тыныс-тіршілігін толық білуге болады. Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлы 1925 жылы Мәскеуде шыққан «Бұрынғы езілген ұлттар» зерттеу еңбегінде Түркістан аймағына Закаспий, Самарқан, Сырдария, Ферғана, Жетісу облыстары қараған жазады [9, 106].

Газетте өзекті мәселелерді көтерген қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық, әдеби-публицистикалық мақалалар басылған. Басты авторлар ретінде С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, Ғ.Бірімжан, Қ.Құлетұлы, С.Оспанұлы, т.б. атаймыз. «Ақ жол» газеті ұлттық межелеуден кейін 1925 жылдың ортасынан бастап Шымкент қаласында шығып тұрды. 1920-1925 жылдар аралығында Ташкент пен кейін Шымкентте шыққан газеттің ұстанымы екі бөлек болды. Сол себепті 1926 жылдың 27 наурызында Сырдария губерниялық комитеті «Ақ жол» және «Смычка» газеттерін «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттерімен қосу туралы қаулы қабылдады [10, 117].

«Ақ жол» газеті фольклор жинау ісімен тікелей айналысқан Білім кеңесінің хабарлары мен деректерін жариялап отырған. Яғни, Білім кеңесінің бастамасын қолдап, қуаттаған деуіміз қажет. Мәселен, 1921 жылғы №21 санына «Білім комиссиясынан» атты қысқаша ақпарат берілген [11, 25]. Мақалада Түркістан халық-ағарту комиссариаты жанында қазақ-қырғыз оқушылары үшін керекті кітаптар даярланатын білім комиссиясы құрылғанын мәлімдейді. Енді комиссия кітап қылып басу үшін қазақ-қырғыз тілінде халық әдебиетінен жазба сөздер мен оқу кітаптарын сұратады. Лайықты болса, 32 сомнан ақша берілетінін атап көрсетеді. Ал 1922 жылы шыққан №129 санға «Келден» (Алаш қайраткері Х.Болғанбай) бүркеншік есімімен «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы» атты мақаланың үшінші бөлігі жарияланған [12, 200]. Мақалада білім комиссиясының атқаратын, істеліп жатқан жұмыстары, жобалары туралы мәлімет берілген. Оқу-ағарту ісіне қатысты мәселелерді реттейтін комиссия 5 бөлімге бөлінгені жазылған. Халық ауыз әдебиетін жинаудағы Ә.Диваевтың еңбегіне былайша баға береді: «бұл күнгі сөйленіп жүрілген халық аузындағы сөздер де ол уақытқа дейін бірте-бірте ұмытылар деген оймен қазақ-қырғыз этнографиясын, халын, әдебиетін жинаған, жинауға тырысқан кісі жалғыз-ақ этнограф Әбубәкір ағай Диваев болған» [12, 201].

Алаш қайраткерлері фольклор жинақтау ісімен шұғылданған Ә.Диваевты ерекше қадірлеп, құрметтеген. Білім кеңесінің алғаш шығарған кітаптарының қатарында Ә.Диваев жинаған батырлар жыры бар. Газеттің 1923 жылғы №253 санына Мағжан Жұмабайдың «Жажеке» бүркеншік есімімен «Жеті батыр» мақаласы жарияланған. Осы мақалада халық ауыз әдебиетін жинақтаудың маңыздылығы туралы мынадай құнды пікір айтылады: «бұрынғы әдебиетімізді жинап бастыру деген сөз бізден бірталайдан бері айтылып келе жатқан еді. 10-15 жылдан бері құрылған түрлі ұйымдарымыз мақсаттарының негізгі біреуі қылып, осы мәселені қылушы еді. Шіркін, бұрынғы әдебиетіміз бай-ау деп сілекейін шұбырытып, аузын көпіртіп әңгіме соғушы еді. Бұл мәселе газеттерімізде аз жазылған еді» [13, 206].

Мақалада Ә.Диваевтың материалдарының сұрыптауы нәтижесінде жарық көрген Қобыланды батыр, Шора Нәрікұлы, Бекет батыр, Қамбар батыр, Шора батыр, Алпамыс батыр, Едіге батыр жырлары кітап болып шыққаны айтылып, бағасы жазылған. Батырлар жырының негізгі идеясы – жерін жаудан қорғаған батырларды дәріптеу, үлгі

ету. Алаш қайраткерлері баспасөз арқылы да, кітап түрінде де халықтың рухын оятатын туындыларды барынша насихаттады. «Ерлік эпосына жататын түркі ескерткіштерінен, ел мен жер қорғаудағы жойқын жорықтарынан түркі халқының ел болудағы ізгі арманын, мақсат-мүддесін байқаймыз» [14, 111].

Ел мұрасын жинаушыларды дәріптеу, насихаттау ісін Алаш оқығандары «Айқап», «Қазақ» басылымдарында бастап, «Ақ жол» газетінде әрмен қарай жалғастырды. Мәселен, М.Дулатұлының «Қазақ» газетінің 1915 жылғы №155 санына шыққан «Әбубәкір Ахмеджанұғлы Диваев» мақаласындақысқашағұмырнамасынжазып, ғалымныңеңбектерін қазақ тілінде кітап қылып бастыру керек екенін айтады. Бұл игі үрдіс «Ақ жол» газетінде де жалғасын тауып, 1923 жылдың 29 наурызындағы №288 сан – Ә.Диваевтың ғылым жолында жүргеніне 40 жыл толуына орай мерейтойына арналды. С.Оспанұлы «Этнограф Әбубәкір Ақметжанұлы Диваевтың 40 жылдық юбилейі» мақаласында ғалымға «қазақ тарихына өшпес таңба, өлшеусіз өрнек қалдырған тұлға», «қазақ-қырғыздың ардақты қариясы» деп лайықты бағасын береді. 1923 жылдың 22 наурызында құттықтау мейрамы жасалып, Түркістан Халық комиссарлар кеңесі арнайы қаулы шығарады. Қаулыда зейнетақы беру, жинақтағандарын кітап қылып шығару мәселелері де көтерілген [15].

Мағжан Жұмабай фольклортанушының жинаған мұрасын кітап қылып шығарды. 1924 жылы Әбубәкір ақсақал Диваевтің қазақ-қырғыз әдебиеті үшін қырық жылдық еңбегінің тойына Түркістан қазақ-қырғыз білім комиссиясынан тарту деп Ә.Диваев жинаған әдебиет түрлерінен түзілген оқу кітабы шықты. Ақын 1923 жылдың 30 мамырында кітапқа жазған алғысөзінде лайықты бағасын береді.

М.Жұмабай мен Ә.Диваевтың бірлесе қызмет қылуы Білім кеңесінің ағзасы болуы деп санаймыз. 1923 жылғы №302 санда Түркістандық қазақ-қырғыз білім комиссиясының уақытша бастығы М.Жұмабай мен Ә.Диваев қол қойған «Қазақ-қырғыз елінің тұрмысын, жол шарасын суреттеген һәм басқа ауызда жүрген әдебиетті жинау үшін программасы» басылған. 30 бөлімнен тұратын бағдарлама бойынша зерттеушілер материал жинап, білім мекемесіне жіберуі қажет. Жинаушылардан таза қазақ-қырғыз тұрмысынан жинауға тырысуын, елдің өткен тұрмысын сұрастыруын, әр материалдың қай облыс, қай үйез, қай болыста кімнен алынған, яки істелгені туралы жазуын өтінеді. Сондай-ақ тек осы бағдарлама арқылы жинау қажет еместігін, керек болса үсті-үстіне қосуын да сұрайды. Бағдарлама 30 бөлімнен тұрады.

Бесік жыры туралы жазғанда бесік жырының бір түрін жазып алуға тапсырма береді. Бақсылық туралы: «бақсылық кімге қонады, қалай қонады? Қандай бақсылар болған һәм не істеген, осы күні бақсы бар ма? т.б.» деп сұратады. Аруақты, киелі адамдар, керемет әулиелер туралы, киелі жерлер, обалар, таулар, тастар, ағаштар туралы әңгімелерді «қияли әңгіме» деп, от туралы, ай көргенде, жұлдыз аққанда, жел шыққанда, және шаруаға байлаулы бие, байлағанда, құс шығарғанда, желі аттау һәм басқа түрлі ырымдарды «қияли ырымдар» деп атайды.

Баспасөз арқылы фольклор жинау өте тиімді болған. Өйткені білім комиссиясының мүшелері қазақ жерінің түпкір-түпкіріне баруына қаражат пен уақыт тапшылығы жол бермейді. Ал елдің әр қиырына таралып жатқан «Ақ жол» газеті арқылы қаншама құнды жазбаларды жинақтауға мүмкіндік алды.

«Ақ жол» газеті арқылы Білім комиссиясы ауызша әдебиетті жинау жолында өнімді еңбек қылып, бірнеше кітап әзірлегенін де біліп отырмыз. Мәселен, «Кенесары-Наурызбай», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» қиссалары мен Мағжан Жұмабайдың «Ауызша әдебиеттен құралған ересектерге оқу кітабы», т.б. Сондай-ақ елдегі ауыз әдебиетін жинау үшін және Түркістанның түрлі жерлеріндегі тарихи ескерткіштерді, мазарларды, молаларды жазып алу үшін, жазда алты жерге арнап кісі жіберуді міндеттеген.

1923 жылдың №374 санына М.Жұмабайдың «Базар жырау» атты мақаласы жарық көрген. Мақалада жазба әдебиеттің негізі ауыз әдебиетінде екені жазылады. «Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай, ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті» [16, 370].

Білім комиссиясы арқылы халық ауыз әдебиетінің жиналуына, зерттелуіне үлес қосқан, Ташкентте 1922 жылдың қарашасынан 1923 жылдың қазанына дейін ғана тұрған Мағжан Жұмабай шығармаларында фольклор үлгілерін өте шебер пайдалана білді. М.Жұмабайдың «Оқжетпестің қиясында», «Ертегі», «Өтірік ертек», «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Жүсіп хан» поэмаларында фольклор сюжеттері, жанрлық белгілері көрініс тапқан.

Ташкенттегі қазақ зиялылары баспасөз арқылы көп іске себепші болды. Мәселен, 1921 жылдың №50 санында «Қазақ-қырғыз институты» дейтін хабарда қазақ ағарту институтының студенттеріне арналған жиналыс туралы жазылған. Жазғы демалысты тиімді өткізу мәселесі көтерілген мәжілісте студенттер 5 топқа бөлінген. Соның ішінде ел ішіндегі ескі әдебиетті жинап, халыққа үлгі-насихат таратып, жастарды ұйымдастыратын «әдебиет жинаушы топ» құрылды. Қазақ ағарту институтының жай-күйі, студенттердің тұрмысы баспасөзде жиі басылып тұрды.

Баспасөзде қазақ фольклорына қатысты деректі мақалалар, әдеби шолулар мен сыни мақалалар үзбей басылып тұрды. Мысалы, 1923 жылғы №331 санда қазақ газеттерінің қандай болуы керектігі туралы «Жандосовтың» «Қазақ газеттері туралы» мақаласында қазақтың халық әдебиетіне молырақ орын беріліп, халық әдебиетінің бай кені жарыққа шығуын сұрайды. «Қ-Ы» псевдонимімен «Тілсіз жұртшылық тіршілігі жоқ» дейтін мақалада патша үкіметінің мақсаты қазақ ішіне орыс тілін сіңіру болғанын, сол үшін қазақтың ескі әдебиетін ұмыттырып, ұлттық сезімін өшіріп, қазақ тілінің қадірін кетіруді ойластырғанын жазады [16, 149]. Демек фольклор ұмытылса, ұлттық сана-сезім де өшеді. Сол себепті қазақ оқығандары ел әдебиетін жинақтап, жариялау бері халықтың сана-сезімін жаңғырту жолында істеген ерліктерінің бірі деуге болады.

1923 жылғы №366 санда «Октябрь өзгерісінен кейін қазақ әдебиеті» (авторы: Хасенғали) атты мақала жарияланады. Әдебиетте оқыту әдебиеті, пән әдебиеті, ділмар әдебиет, саяси әдебиет, балалар әдебиеті, сахна әдебиеті, уақытты матбұғат дейтін бөлімдер пайда болғаны жазылған. Ділмар әдебиетті жазғанда мысалдар келтіреді.

Одан бөлек Хасанғалидың газетте «Алғыс айтамын» (1925 жыл, №567) атты мақаласы жарық көрген. Мақалада баспасөз арқылы қазақтың ескі сөзін сүйген азаматтардан мақал жазып жіберулерін сұрағанын баяндайды. Өтініш бойынша Қызылжардан А.Жанталыұлы 200, Қазалыдан Ә.Базарұлы 180, Пішпекьен М.Жаналыұлы 60 мақал жазып жібергенін жазады. Алаш қайраткерлері фольклор мұраларын жинап қана қоймай, оны мақалаларына да қосып, айналымға енгізді. Мәселен, Алаш қайраткері Ғ. Бірімжан «Ақ жол», «Шолпан» басылымдарына жазған түрлі тақырыптағы мақалаларында 45 мақал-мәтел, 18 нақыл сөз, 13 авторлық афоризм қолданған.

«Шолпан» журналы 1922-1923 жылдар аралығында Ташкент қаласында шықты. Журнал «саясат-шаруашылық, білім-әдебиет туралы айында бір шығатын қырғыз-қазақ» басылымы делінген. Бас редакторы – И.Тоқтыбайұлы. Журналда С.Қожанұлы, Н.Төрекұл, С.Асфендиар, М.Дулатұлы, т.б. қалам қайраткерлерінің мақалалары жарық көрді. Басылым «саяси һәм жалпы», «шаруашылық», «партия тіршілігі», «білім», «әдебиет», «бұйрық-жарлықтар» сынды бөлімдерден тұрған.

«Ақ жол» газетінде «О.Ғ.» бүркеншік есімімен «Білім комиссиясының мәжілісі» дейтін көлемді мақала жарияланған. Мақалада Орынборда шықпақшы болған «Білім туы» журналының орнына екі қалаға ортақ журнал шығарылатын болып, жазушылар ұйымы құрылған [11, 89]. 1921 жылғы №28 санда қазақ-қырғыз, өзбек, түрікпен тілдерінде халық ағартушы комиссариат жанындағы білім комиссиясы атынан «Шолпан» журналы шығатыны айтылған [11, 160].

Журналдың №1 санына (1922 жыл, қазан) Ә.Диваевтың «Орхон жазуы» туралы бірнеше сөз» және «Түркістан қырғыз-қазақтарының ескі тұрмысы туралы жазба сөздер» атты мақалалары жарық көрген [17]. Екінші мақалада 1920 жылы Жетісу өлкесіне барған ғылыми экспедицияның нәтижесі берілген. Екі мың бетке жуық дерек жиналған экспедицияда қыз ұзату, қайынға бару, үлкен кісіні жерлеу, т.б. сөздер бар.

1922 жылдың күзінде Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндамасы» жарық көрді. Баяндамада оқулықтар мен кітап шығару ісіне байланысты қордаланған мәселелердің шешу жолдары баяндалған. Білім комиссияның жұмыстары «Ақ жол» газетінде, кейін «Шолпан» журналында жарияланып тұрды. Ә.Диваевтың жинақтаған бар материалын кітап түрінде шығара алмағандықтан ұйым қысқа мерзімді жоспар құрады. Жоспар бойынша қолда бар фольклор үлгілерін Түркістан мерзімді басылымдарына жариялай беру керектігін мақұлдайды. Бір жағы Ташкенттегі қазақ ағарту институты мен өңірдегі мектептерге журналдар оқулық қызметін де атқарған. Соның нәтижесі іспетті «Әділ би» атты ертегі жарияланған. Ертегіде бидің әділ төрелігі, тапқырлығы суреттеледі. Түйенің көзін, әкесінің құнын, бір кесек етін бұлдап, сұрап келгендерді би бір ауыз сөзбен тоқтатып, ер жігіттің басын ажалдан арашалап қалады. Ертегі қазақ биінің ежелден келе жатқан даналығының айқын көрінісін көрсетеді.

1922 жылдың №2 санында «*Ләйлі, Мәжнүн*» жыры басылған. «*Ләйлі, Мәжнүн*» – арабтың ескі әңгімесі негізінде жазылған өлең. Өлеңде махаббат тақырыбы қозғалады. Журнал басқармасы жырды қазақ оқырманы ескі әдебиеттің асыл жұрнағымен танысу үшін басқан. Фруди Бағдадидің өлеңін аударған – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Одан бөлек «Қоңыр» бүркеншік есімімен «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақала жарық көрген. «Қоңыр» – М.Әуезұлының псевдонимі. Мақалада халық ауыз әдебиетіне лайықты баға беріледі. Жазба әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына ауыз әдебиетінің үлесі бар екенін айтып өтеді. Ауыз әдебиеті туралы «бай, өрнекті, түрі тар, ойы көп кестелі» деп орыс ғалымдарының сынын келтіреді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан мысал келтіреді» [17, 220].

Екінші нөмерде қырғыз халық әдебиетінен «Бидайық» ертегісі жарияланған. Ертегі кей жерінде өлең, кей тұсында әңгіме түрінде берілген. Авторы – Әулиеата үйезі, Қарқол болысының 4-ауылының қырғызы Момынәлі Ибраһимұлы. 1903 жылы туып, 1923 жылы 20 жасында наурыз айында өмірден өткен. Момынәлі халықтың әдет-ғұрпы, халық әдебиеті оның ішінде ертегілерді, мақалдарды, тақпақ сөздерді, жақсы білетін кісі болыпты.

1923 жылдың №6-7-8 сандарында фольклор үлгілері жарияланған. М.Дулатұлының «Қазақ-қырғыздың ата тегі туралы» мақаласы берілген. Тарихи аңыз-әңгімелер қамтылған мақала бірнеше бөлімнен тұрады. «Қазақ-қырғыздың атын, тегін теріс ұғыну» атты бөлімде қазақ пен қырғыздың екі бөлек екені туралы айтылса, «қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері жұрт болғаны туралы» бөлімде қырғыз халқының тарихы жайында жазылған [18, 297]. Тәрбие, білім, әдеби «Сана» журналы 1923-1924 жылдары Ташкентте екі айда бір шығып тұрды. Бас шығарушысы – Х.Досмұхамедұлы. Тәрбие, білім, әдеби журналда Ж.Аймауытұлы, Ә.Диваев, Қ.Кемеңгерұлы, т.б. қаламгерлердің шығармалары жарық көрді. Журналдың «мектеп», «әдебиет», «халық әдебиеті», «мәдени майданы», «тәрбие-тәлім», «сын», «ойын-сауық» атты бөлімдері болған. Бір ерекшелігі, халық ауыз әдебиетіне бөлек айдар берілген.

«Сана» журналы әрі Ташкентте құрылған қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтуші «Талап» қауымының басты басылымы, әрі оқушыларға оқулық есебінде шықты. Алаш зиялылары құрған ұйымның мәдени-рухани салаға қан жүгірткенін академик Д.Қамзабекұлы былайша атап көрсетеді: «Абай мен Мағжан жинағын жариялауға ұйытқы болды, «Ақ жол» газетін нағыз ел газеті ете алды, ғылыми-танымдық бағыттағы «Шолпан», «Сана», «Сәуле» журналдарын шығарды» [19, 252].

Журналдың алғашқы саны 1923 жылдың қаңтар айында жарық көрді [20]. Бұл санда Ә.Диваевтың екі материалы ұсынылған. Бірі – бесік жыры, екіншісі – Айекенің жоқтауы. Ә.Диваевтың ел арасынан алған «Бесік» жыры – қазақ елінің ұлттық ерекшеліктері, ақ жарма тілегі жазылған ерекше жыр. Бас-аяғы 28 шумақтан тұратын жырдың мәні зор. Бесік жыры, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі – даланың даналық философиясы көрініс табатын ауыз әдебиетінің көрнекті түрлері.

«Айекенің жоқтауындағы» Айеке – Сырдария облысы, Ақмешіт уезі, Жөлек болысының болыснайы. 1809 жылы жауларының қолынан қаза тапқан. Жоқтауды қызы

Қалдықыз Бұдабай ақынға шығартқан. Бұл жоқтау 1883 жылы Ташкенттегі Я.Я.Ливотич оқу кітабында қазақша жарық көрген. 1903 жылы толықтырылып, орысшаға аударылған нұсқасы Ә.Диваевтың этнографиялық материалдарының 9-бөлімінде басылған.

Жоқтауда Айекенің тұлғалық келбеті айрықша суреттеледі. Айекенің замандастары мен достарына жасаған қамқорлығы, пайдалы істері айтылады. Осы арқылы азаматтық болмыстың ерен үлгісін көрсетіп кеткен Айекенің есімі ел есінде қалары сөзсіз екенін, «әкең өлсе де, әкеңнің көзін көргендер өлмесін» деген мақалдың мағынасын ашып көрсетеді.

Осы нөмерде шешендік сөздер де берілген. «Жажеке» бүркеншік есімімен (М.Жұмабай) Қоқыш ақсақалдан естігенім деп «Тобықты арғын Құнанбай мен қоңырат Сапақ бидің қағысқанын» жариялаған. «Ж» псевдонимімен (бұл да М.Жұмабай) Бекен ақсақалдан естігенім деп «Бала бидің бір оқиғасын» «қарауыл арғын Қанайұлы Бекболат бидің орыс төремен қақтығысқанын», «З-Л» молдадан естігенім деп «Үш жүздің сынын», Жуан шәкірттен естігенім деп «Тұрсынбай батырдың» айтқанын жариялатқан. Тілеке есімді автор «Қай жүз көп» атты шешендік сөзді ұсынса, Кәрім Назаруұлының «Қымбат намаз» дегені берілген.

«Ойын-сауық» бөлімінде бүгінгі таңда ұмытылып кеткен ойын түрлері және 10 жұмбақ берілген. Адамның ой-өрісінің дамуына пайдасы мол жұмбақтың халық ауыз әдебиетінде алар орны ерекше. Журналда жұмбақтардың берілуі, әрі оған оқырманнан жауап алуы құптарлық іс. Бір жауапты үш түрлі етіп беруінің өзіне тапқырлықты қажет етеді.

1924 жылдың қараша айында №2-3 сандары жарық көрді. Мұнда М.Тынышбайұлының «Мырза Едіге батыр» атты мақаласы жарияланған. Мақалада И.М.Мелиоранскийдің Едіге туралы 8 ертегі жинағанын айтып өтеді. Ертегідегі Едіге мен тарихи шығармадағы Едіге бейнесін саралап, талдаған мақаладан біршама мағлұмат пен дерек алуға болады.

«Халық әдебиет» атты арнайы бөлімде «Қалмақтың қарғысы», «Абайылда хан айдаудан келгенде Орынбай ақынның айтқаны» (жинаушы Қошке), «Айдың қойға батасы», «Адай Абыл ақынның сөздерінен қалған бір жұрнақ», «Аруақпен айтысу» берілген. Аруақпен айтысу туралы журналда былайша мәлімет беріледі: «Қазақтың ел әдебиетінің түрі көп екені мәлім. Осы күнге дейін жарыққа шыққан түрлерде ескерілмей келе жатқан түр – аруақпен айтысу. Қазақ жұрты өліктерін өте сыйлайды. Там салу, ас беру, өліктің аруағына сиыну секілді ырымдар қазақтың бұрынғы шамандығынан қалған ырымдар» [20].

Басылымда Аймаңдай деген қыздың моланың басында айтқан айтысы берілген. Күйеуі жау қолынан қаза тауыпты. Қыз біресе өзі болып, біресе күйеуі болып айтысады. Жоқтау түрінде жазылған айтыс әрмен қарай осы сарында жалғаса береді. Күйеуінің ел үшін атқарған істері мен адамшылық бет-бейнесін айта отырып, өмірден өткеніне қапаланады.

Нәтижелер. Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі бойынша зерттеу жүргізу барысында біршама ғылыми нәтижеге қол жеткіздік. Біріншіден, Түркістан мерзімді баспасөзі ұлттық фольклорды жариялау мен зерттеу жұмыстарында маңызды қызмет атқарғаны қарастырылды. «Ақ жол» газеті Алаш қайраткерлері қызмет істеген Білім комиссиясының жұмысын насихаттап, қоғамға қозғау салғаны, Түркістан өңіріндегі білім ордалары мен ұйымдарды, сауатты, көзі ашық оқырманды елшіл әдебиетті жинақтау ісіне жұмылдыра білгені анықталды. «Шолпан» мен «Сана» журналдарын шығарудағы негізгі мақсаттың бірі Білім кеңесінде жинақталған фольклор үлгілерін жариялау екені нақтыланды.

Екіншіден, қазақ қаламгерлері ұлттық фольклорды жинақтап, зерттеп қана қоймай, шығармаларына негіз етіп алғаны талданды. XX ғасырдың 20 жылдары жазылған Алаш қалам қайраткерлерінің көркем шығармаларында фольклор үлгілері көркемдегіш құрал ретінде емес, ойды астарлап берудің, халықтың тарихи санасын қалыптастыратын бір құралы болғаны нақтыланды.

Үшіншіден, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бастаған алаш көсемдерінің «Қазақ» газетіндегі ұлттық фольклорды жариялау, зерттеу жұмыстарын Түркістан баспасөзінде Алаш қозғалысының екінші толқыны әрмен қарай жалғастырып, әдеби сабақтастық үзілмегені нақты мысалдар арқылы көрсетілді. Түркістан баспасөзінде

фольклордыжариялау, зерттеуісініңбасы-қасында Алашқайраткері Халел Досмұхамедұлы тұрғаны нақтыланды. Сонымен қатар әдеби бүркеншік есімдердің авторлары кім екені ажыратылды.

Төртіншіден, Түркістан мерзімді баспасөзінде жарияланған ұлттық фольклордың жанрлық түрлері қарастырылып, фольклортану мәселесі бойынша жазылған мақалаларға сипаттама берілді. Ә.Диваевтың жинақтаған деректеріне жазылған рецензиялар мен құттықтау мақалалары талданды.

Қорытынды. Қорыта келе, алаш қайраткерлері империяның құрсауынан шыққан қазақ қоғамына төл тарихы мен бай мұрасын қайта қауыштыру үшін ең бірінші кезекте ұлттық фольклорды жариялау, жинақтау ісіне ден қойды. Халық ауыз әдебиетіне қатысты, ел арасында кеңірек таралған, бірақ авторы белгісіз шығармаларды жинақтап, кітап қылып шығару, басылым беттеріне жариялау ісіне аса белсенді болды. Ұлт мұрасын сақтайтын, ел игілігіне айналдыратын бірден-бір маңызды алаң ретінде баспасөзді алға шығарды. Осылай, 1920 жылдары Түркістан үкіметінің қолдауы нәтижесінде Алаш зиялылары Түркістан баспасөзін ұлтшыл бағытта қалыптастырып, «Қазақ» газетінің атқарған қызметін әрмен қарай жалғастырды. Әлихан Бөкейханның Д. Әділұлына: «не балаларға сабақ беріп, не жорналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой» [19, 254], – деп бір-ақ ауыз сөзбен өткен ғасырдың 20 жылдары Алаш қайраткерлері қай салада болмасын, ұлтқа қызмет қылғанын айтып өтеді. Алайда 1924 жылғы ұлттық межелеуден кейін Алаш қайраткерлеріне әдебиет, мәдениет, баспасөз саласында қуғын басталып, Алаштың ұлттық басылымдарын Советтік идеологияны дәріптейтін басылымдар алмастырды.

XX ғасырдың 20 жылдарындағы Алаш әдебиетінде қазақ фольклорының үлгілері молынан ұшырасады. «Ақ жол» газетінде жарияланған қоғамдық-саяси, әлеуметтік бағыттарда жазылған көсемсөздерде фольклор үлгілерін қолданып, қолданысқа да енгізді. Фольклор қазақ әдебиетінің қайнар көзі ғана емес, ұлттың жаны, ұлттық сананы қалыптастыратын, халықтың бірегей болмысын танытатын код деп білді.

Қорыта айтқанда, ұлттық фольклор – адамды тәрбиелейтін, дұрыс жол көрсететін мол мұра. Ал өткен ғасырдың 20-жылдары фольклордың қызметі бұдан да тереңірек болды. Алаш қайраткерлері ұлттық санасынан ажырап қалған, отаршылдық жүйенің қыспағынан шыққан тұтас ұлтты тәрбиелейтін бірден бір құрал деп білді. Сол себепті де Ә. Диваевтың материалдарының ішінен ең әуелі батырлар жырын шығарды. Баспасөз арқылы қазақтың хандары мен би-шешендерінің, сал-серілерінің сөздерін үзбей беріп отырды. Алаш зиялыларына қысқа уақыт болса да, ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған істерін орындауға Түркістан баспасөзі мол мүмкіндік берді деуге болады.

Әдебиеттер

1. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 303 б.

2. Қасқабасов С.А., Карипбаев Ж.Т. Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №3. – 2024. – Б. 142-152. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.13

3. Hrynevich Y.. The History of the Formation of Folklore Collections in Belarus // Folklore: Electronic Journal of Folklore. – №91. – 2023. – P. 71-94. DOI: https://doi.org/10.7592/FEJF2023.91.hrynevich

4. Unsworth E.. Community, nationalism and folklore collection: a comparison of W.B. Yeats's The Celtic Twilight and Oein DeBhairduin's Why the moon travels. // Irish Studies Review. – №33 (4). – 2025. – P. 1-17. DOI: https://doi.org/10.1080/09670882.2025.2604056

5. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 бет.

6. Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор (ұжымдық монография). – Алматы: Балауса, 2024. – 424 б.

7. Makatova A.A., Absadyk A.A. Reflection of kazakh folklore in the newspaper // Абылайхан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. – №4. – 2025. – Б. 213-230. DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.015

8. Жақан Д.С. «Ақ жол» газеті және халық мәдениеті // Керуен. – №3. – 2024. – Б. 136-151. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-11

9. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы / Құраст. Д. Қамзабекұлы. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре. – 2013. – 384 б.

10. Махат Д. Тіл мен діл тағдыры: Тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат. – Астана: Ана тіл – Ана тарих, 2007. – 192 б.

11. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 2 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. – 384 б.

12. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 5 том // Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. – 384 б.

13. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 9 том // Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. – 384 б.

14. Алимбаев А.Е. Ежелгі жыр-дастандардағы ерлік пен қаһармандық // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №3. – 2023. – Б. 102-114. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.07

15. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 10 том // Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. – 384 б.

16. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 13 том // Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2020. – 384 б.

17. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 1-кітап: Шолпан. – Алматы: Өнер, 2010. – 352 б.

18. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 2-кітап: Шолпан. – Алматы: Өнер, 2010. – 360 б.

19. Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы (зерттеу мақалалар). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 408 б.

20. Алаш көсемсөзі. 10-томдық. 5-кітап: Сана. – Алматы: Өнер, 2011. – 320 б.

Д.М. ИХСАН

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

ПУБЛИКАЦИЯ И ИССЛЕДОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ФОЛЬКЛОРА В ТУРКЕСТАНСКОЙ ПЕРИОДИЧЕССКОЙ ПЕЧАТИ

Аннотация. В статье собраны образцы фольклора, опубликованные в изданиях «Ак жол», «Шолпан», «Сана» 1920-х годов. На основе туркестанской печати анализируется фольклористическая деятельность интеллигенции Алаш (публикации, исследования), работа Просветительской комиссии по фольклористике. Целью исследования является сбор образцов фольклора, представленных в туркестанских изданиях, анализ статей, написанных по фольклористике. В ходе исследования использовались методы объяснения, описания, синтеза, систематизации и анализа.

Теоретическое значение статей, написанных по фольклору в туркестанской прессе, состоит в их ознакомлении и распространении. Выявление ранее неизвестных народных пословиц и стихотворений, их авторов, а также установление авторов литературных статей, написанных под псевдонимами.

Результаты исследования показывают, что туркестанская пресса уделяла большое внимание фольклору и внесла значительный вклад в его сохранение. Дается представление о фольклорной исследовательской деятельности и творчестве казахской интеллигенции партии Алаш. Это указывает на необходимость дополнительных исследований, чтобы лучше понять, что способствовало публикации книг А. Диваева.

Ключевые слова: фольклор, издание, фольклороведения, эпос, Алаш.

D.M. IKHSAN
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

PUBLICATION AND STUDY OF NATIONAL FOLKLORE IN THE TURKESTAN PERIODICAL PRESS

Annotation. The article contains folklore samples published in the Ak Zhol, Sholpan, and Sana publications of the 1920s. Based on the Turkestan press, the folklore activities of the Alash intelligentsia (publications, research), and the work of the Enlightenment Commission on Folklore Studies are analyzed. The purpose of the study is to collect folklore samples presented in Turkestan publications and analyze articles written on folklore studies. The study employed the methods of explanation, description, synthesis, systematization and analysis.

The theoretical significance of articles written on folklore in the Turkestan press lies in their familiarization and dissemination. Identification of previously unknown folk proverbs and poems, their authors, as well as identification of authors of literary articles written under pseudonyms.

The results of the study show that the Turkestan press paid great attention to folklore and made a significant contribution to its preservation. The results provide insight into the folklore research activities of the Alash intelligentsia and the work. This indicates the need for additional research to better understand what contributed to the publication of Divaev's books.

Keywords: folklore, publication, folklore studies, epic, Alash.

References

1. Qasqabasov S. Oiörıs. – Almaty: Jıbek joly, 2009. – 303 b.
2. Qasqabasov S.A., Karipbaev J.T. Alaş ädebietındegı fölklorlyq negızder // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – №3. – 2024. – B. 142-152. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.13
3. Hrynevich Y.. The History of the Formation of Folklore Collections in Belarus // Folklore: Electronic Journal of Folklore. – №91. – 2023. – P. 71-94. DOI: https://doi.org/10.7592/FEJF2023.91.hrynevich
4. Unsworth E.. Community, nationalism and folklore collection: a comparison of W.B. Yeats's The Celtic Twilight and Oein DeBhairduin's Why the moon travels. // Irish Studies Review. – №33 (4). – 2025. – P. 1-17. DOI: https://doi.org/10.1080/09670882.2025.2604056
5. Qasqabasov S. Janazyq. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b.
6. Alaş qairatkerlerı jäne ūlttyq fölklor (ūjymdyq monografia). – Almaty: Balausa, 2024. – 424 b.
7. Makatova A.A., Absadyk A.A. Reflection of kazakh folklore in the newspaper // Abylaihan atyndağy qazaq halyqaralyq qatynastar jäne älem tılderı universitetınıñ Habarşysy. – №4. – 2025. – B. 213-230. DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.015
8. Jaqan D.S. «Aq jol» gazetı jäne halyq mädenietı // Keruen. – №3. – 2024. – B. 136-151. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-11
9. Kemeñgerūly Q. Üş tomdyq şyğarmalar jinağy / Qūrast. D. Qamzabekūly. T.1. – Almaty: El-şejıre. – 2013. – 384 b.
10. Mahat Danagül. Tıl men dıl tağdyry: Tarihi derekter, uaqyt bederı jäne aqiqat. – Astana: Ana tıl – Ana tarih, 2007. – 192 b.
11. «Aq jol» (gazetı). Köptomdyq. 2 tom // Qūrast. H. Esenqaraqyzy. – Nūr-Sūltan: Alaşorda, 2020. – 384 b.
12. «Aq jol» (gazetı). Köptomdyq. 5 tom // Qūrast. H. Esenqaraqyzy. – Nūr-Sūltan: Alaşorda, 2020. – 384 b.
13. «Aq jol» (gazetı). Köptomdyq. 9 tom // Qūrast. H. Esenqaraqyzy. – Nūr-Sūltan: Alaşorda, 2020. – 384 b.
14. Alimbaev A.E. Ejelgı jyr-dastandardağy erlık pen qaharmandyq // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – №3. – 2023. – B. 102-114. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.07
15. «Aq jol» (gazetı). Köptomdyq. 10 tom // Qūrast. H. Esenqaraqyzy. – Nūr-Sūltan: Alaşorda, 2020. – 384 b.

16. «Aq jol» (gazetı). Köptomdyq. 13 tom // Qūrast. H. Esenqaraqyzy. – Nūr-Sūltan: Alaşorda, 2020. – 384 b.
17. Alaş kösemsözı. 10 tomdyq. 1-kıtap: Şolpan. – Almaty: Öner, 2010, – 352 b.
18. Alaş kösemsözı. 10 tomdyq. 2-kıtap: Şolpan. – Almaty: Öner, 2010. – 360 b.
19. Qamzabekūly D. Alaş arqauy (zertteu maqalalar). – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2017. – 408 b.
20. Alaş kösemsözı. 10-tomdyq. Sana. – Almaty: Öner», 2011, 5-kıtap. – 320 b.

Автор туралы мәлімет:

Ихсан Данияр Маратұлы – *Л*.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.
Ихсан Данияр Маратулы – докторант Евразийского национального университета имени *Л*.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.
Ikhsan Daniyar Maratuly – doctoral student of L.N.Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.07.29
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.19

***А.М. КЕНЖЕҚОЖАЕВА[1]**
С.Б. ЖУСАНБАЕВА[2]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан[1,2]
(e-mail: almakenzhekozha@gmail.com[1], szhusanbaeva@mail.ru[2])

МЕТАПОЭТИКАНЫҢ МЕТАМӘТІНДІК ӨЛШЕМДЕРІ (А. ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Мақалада А. Құнанбайұлы шығармалары негізінде метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері зерттеледі. Зерттеу жұмысының мақсаты – ақын өлеңдеріндегі метамәтіндік өлшемдерді анықтау арқылы метапоэтиканың көрінісін айқындау. Мақалада авторлар метамәтін мен метапоэтиканың байланысын нақты шығарма мәтіні негізінде талдаудың тиімді тәсілін ұсынып, ақын метапоэтикасының ерекшеліктерін саралайды. А.Құнанбайұлы шығармаларында метапоэтикалық бірліктердің белсенді көрініс табуы, соған сәйкес метапоэтикалық талдаулар жүргізу қажеттілігі қазақ әдебиеттануы ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениет пен философияның мән-мазмұнын танытуда өзекті екені дәлелденген. Зерттеу материалы ретінде А.Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі алынған. Себебі А.Құнанбайұлы поэзия мәтінінің ішінде сөз өнері, өлеңнің құдіреті, тілдің поэтикалық қызметі және ақындық жөнінде ішкі пайым жасау үлгісін шебер қолданған. Зерттеу нәтижелері ақын өлеңдерінің метамәтіні оның метапоэтикасын зерттеудегі негізгі дереккөзі екенін айқындайды. Сонымен қатар метапоэтикалық талдау метамәтін және авторлық рефлексияны түсінудегі ұтымды тәсіл екенін дәлелдейді. Мақаланың теориялық ақпараты мен жүзеге асырылған талдау үлгісі зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық маңызын танытады. Сондай-ақ аталмыш зерттеу жұмысы қазақ әдебиеттану ғылымындағы метапоэтикалық зерттеулердің дамуына мол үлес қосады деп күтіледі.
Түйін сөздер: Абай Құнанбайұлы, метапоэтика, метамәтін, өлең, рефлексия.

Кіріспе. Қазақ әдебиеттану ғылымында «метамәтін» термині жиі қолданыс тауып, метамәтіндік талдаулар белсенді жүргізіліп келе жатқаны белгілі. Мұндай ізденістер қаламгер шығармасындағы ішкі мәтінді, яғни «мәтін ішіндегі мәтінді» түсіну, автордың ішкі рефлексиясын айқындау мақсатын ұстанады. Шығарманың өз ішінде «оқшауланууы», белгілі бір астарлы мән-мағынаның артуы секілді мәтінді, сөз астарын, ойды танытатын ерекшеліктердің барлығы – метамәтінге тән сипаттар. Біздің зерттеуімізде метамәтіннің аталмыш ерекшеліктері мен өлшемдері негізінде Абай Құнанбайұлының метапоэтикасын айқындауға баса мән берілген. Метамәтінге, атап өткендей, «мәтін ішіндегі мәтін» деп түсініктеме берілгеніне назар салсақ, метапоэтикалық деректердің де поэтикалық мәтін ішінде болуы, біздің зерттеуімізде, «өлең ішінде өлең туралы», «өлең ішінде өнер туралы», «мәтін ішінде шығармашылық, ақындық» туралы ойдың берілуі метапоэтика теориясының нысаны метамәтін екенін дәлелдейді.

Метамәтіндік талдаулар қазақ әдебиетінде шығармалардың интертекстуалды байланысын, авторлық көзқарастар мен дәуірлік әдеби үрдістерді көрсетуге бағытталған.

Мұндай талдаулар әдебиетті тек жеке шығармалар жиынтығы ретінде емес, тұтас мәдени, тарихи және рухани кеңістікпен сабақтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы зерттеулер әсіресе XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен шетелдегі қазақ әдебиетінің даму үрдістерін терең түсінуге маңызды үлес қосуда. Метамәтіндік талдаулардың көмегімен автордың поэзиялық әдісі, тақырыптық-идеялық жүйесі, әдеби дәстүрмен байланысы, сондай-ақ шетелдегі қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуындағы сабақтастық айқындалады.

Көркем шығарма тудырушы, яғни ақынның өз мәтінін және мәтін ішіндегі мағынаны өзіндік интерпретация, дүниетаным мен шығармашылық тәжірибесі негізінде сол көркем мәтін ішінде зерттеуі, талдауы тыңдаушыға немесе зерттеушіге авторлық түпкі ойды тануға мүмкіндік беретін құнды дерек деп түсінеміз.

Абай Құнанбайұлының метапоэтикасын зерттеуде метамәтіндік өлшемдердің кең көлемін байқаймыз. Мысалы, автордың өзін ақын ретінде тануынан туындаған авторефлексиясы, тіл мен сөз, өлең туралы танымынан туындаған поэтикалық рефлексиясы, өлеңнің өзге мәтіндермен немесе қалыптасқан дәстүрлермен байланысқа түсуін айқындайтын интермәтіндік өлшем, сонымен қатар, «ақын – өлең – тыңдаушы» арасындағы байланысты түсіндіруден туындаған коммуникативтік өлшем т.б. барлығы метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері ретінде қарастырылады.

Мақалада ақын шығармаларына метапоэтикалық талдау жүргізуде аталған метамәтіндік өлшемдердің сипаттарына жүгінеміз. Ақынның көркем шығарма құрылымын сақтай отырып, көркем мәтіннің поэтикалық шарттарынан алыстамай-ақ, мәтін ішінде зерттеу жүргізуі сөз өнерін меңгеру деңгейін айқындай түсті. Зерттеу нәтижесінен ақын өлеңдері метамәтінінің метапоэтиканы зерттеудегі басты дереккөзі екенін нақты мәтінге талдау жүргізу арқылы айқындау, дәлелдеу күтілетіндіктен, мақалада жоғарыда атап өткен өлең мәтінінде орныққан Абай метапоэтикасына тереңдеп, ақынның ішкі ізденісін бақылауға баса көңіл бөлінді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің көпшілігі метапоэтикалық талдауды қажет ететіні зерттеу барысында анықталды. Сондықтан метапоэтикалық талдау әдістемесі негізге алынды. Бұл зерттеу материалының нақты зерттеу мақсатын жүзеге асыруға қызмет ететінін танытады.

Метапоэтиканың алғашқы көрінісі автордың көркем мәтін немесе өзге қаламгердің шығармашылығы жөніндегі нақты еңбектерінде көрініс тапса, екінші көрінісі метамәтіндік тізбектерді, өлшемдерді мәтіндегі желілерге сүйене отырып түсіндіруді және талдауды талап етеді [1, 19]. Зерттеу барысында метапоэтиканың аталған екінші көрінісі негізге алынды. Ғылыми мақалада Абай Құнанбайұлы шығармаларының метамәтіні негізінде метапоэтиканы айқындау мақсаты жүзеге асырылатындықтан, негізгі герменевтикалық, поэтикалық және логикалық талдау, баяндау әдістерінің өзара байланысы зерттеу әдістері ретінде қарастырылады. Мұндай әдістерді жүзеге асыру үшін басты зерттеу материалы ретінде ақынның туындысы, нақтырақ айтсақ, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі таңдалып алынды. Аталмыш шығарманы өзге де метапоэтикалық сипаты басым өлеңдер ішінен іріктеп алуда Абай Құнанбайұлының ақындық пен өлең, тыңдаушы арасындағы үндестікте өнердің пайда болуы, нақты адресатқа бағытталуы және өнердің өзгеге пайда келтіруі, сонда ғана өлеңді өнер деп тануға болатыны секілді т.б. құнды авторлық рефлексия нәтижелері назарға алынды.

Талқылау мен бақылау. Ақын өлеңдеріне метапоэтикалық талдау жасау үшін, алдымен, метапоэтикалық талдаудың мәніне тоқталып өту маңызды. Метапоэтикалық талдауда ақын өлеңін метамәтін ретінде қарастыра отырып, өлең тілі мен ақын қолданған сөз орамдарын және мәтіндердің мағыналық қызметін, астарлы рефлексиясын түсіне аламыз. Ғылыми мақалада Абай Құнанбайұлының өлеңдеріне метапоэтикалық талдау жүргізу үшін метамәтіннің көпөлшемді сипатын алуымыздың бірнеше негізі бар. Мәселен, метамәтін ұғымына әдебиеттану ғылымында XIX ғасырда алғаш теориялық анықтама беру ұмтылыстарына шолу жасасақ, неміс ғалымы Фр.Шлегельдің «поэзия поэзиясы» («Die

Poesie der Poesie») терминін кездестіреміз. Ғалым бұл терминді «трансцендентальді поэзия», яғни «бір нәрсенің шегінен шығу» немесе «шыңына шығу» деген сөз тіркесімен сипаттаған [2]. Ал кейінірек В.Жирмунскийдің осы терминді назарға алып, өзінің О.Мандельштам поэзиясы туралы зерттеуінде: «...оның өлеңдерін өмір поэзиясы емес, «поэзия поэзиясы» деп атауға болады» [3], – деп тұжырымдауы метапоэтикаға тән нысандардың бірі – ақынның өзінің немесе өзгенің өмірді көркем қабылдау ерекшеліктерін өлең ішінде беру тәсілін білдіреді.

Метамәтін өлшемдерінің әдебиеттанудағы қызметінің негізінде тереңдей түскен метапоэтиканы А.П.Франк «поэтологиялық өлең» деп атап, оны өлеңнің өзі туралы және жалпы поэзия туралы айтылған өлең деп түсіндіреді. Зерттеуші «поэтологиялық өлеңнің» екі түрін ажыратады. Бірі – «өлеңдегі поэтика» деп аталып, өз ішінде шығармашылық теориясын, яғни өлеңді қалай жазу керектігін түсіндіреді және мұндай өлеңдер прозалық баяндауға бейімділік береді деп таниды. Екіншісі – «поэтика өлең ретінде», яғни олардың мазмұны мәтін құру үдерісі ретінде көрініс табады. Мұнда құрылым мазмұнды бергендіктен, біріншідегідей прозада қайталап баяндау мүмкін емес екенін атап өтеді [4]. Өлеңге метамәтін өлшемдерін анықтай отырып метапоэтикалық талдау жасау үшін метамәтіннің нақты әдебиеттанудағы аталмыш қызметінің теориялық негізін түсіну маңызды. Сонымен әдебиеттанудағы метамәтін ұғымын мәтін туралы автор сөзі ретінде танимыз.

Метамәтін мен метапоэтиканың аталған сипаттары мен ерекшеліктеріне назар аударсақ, Абай Құнанбайұлының метапоэтикасы мен шығармаларының метамәтіні өзекті зерттеу нысаны екені байқалады. Зерттеудің негізгі материалы ретінде қарастырылған Абай Құнанбайұлының 1889 жылы жазылған «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі. Шығармада өлеңді өнер деп тану, өлең жазудағы ақынның мақсаты, сөз қасиеті, туындының тіні, яғни кең мағынасында шығармашылық табиғатын суреткерлік тұрғыда және зерттеушілік тұрғыда ашу құбылысы анық аңғарылады. Мұнда өлеңді ақынның көркемдік зерделеуінің жемісі, поэтикалық тілді қолдану шеберлігі [5, 85] деп танысақ, өлең өнері туралы зерттеуі мен авторлық рефлексияны көркем поэзия шарттарымен үндестікте, жігін жазбай беруі ақынның кәсіби ізденіс тәжірибесі мен өнер туралы мол білімін аңғартады.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» шығармасы 5 шумақтан тұрады.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңлінің көзі ашық, сергек үшін [6, 72], – деген алғашқы шумақ ақынның дара поэтикалық теориясы мен ұстанымының қалыптасқанын танытады. Мұнда өлеңнің мән-мағынасы тікелей өнер иесінің өлең жазудағы мақсатын айқындауға және тыңдаушысына ішкі рефлексия арқылы интерпретациялауға бағытталып тұрғаны байқалады. Суреткерлік өнер құпиясын, шығармашылық табиғатын сол суреткерден артық түсіну мүмкін емес. Ал ақынның өнер туралы өзіндік зерттеу нәтижесін поэзия шарттарынан аттамай, поэтикалық ауқымда беруі Абай Құнанбайұлының шебер шығармашылық тәжірибесін көрсетеді. Мұны поэтикалық мәтін үйлесімін сақтай отырып, ақынның метапоэтикалық мәтін ішінде өнер, философия, ғылымның өзара байланысы туралы «терең шындық» теориясын меңгеру ерекшелігі деп санаймыз. Суреткерге тән мұндай ерекшелік ақын тілінің метаконтекстік тіл сипатымен үндестігін танытады [7, 64].

Өлеңнің түпкі идеясы ақындық мақсатты, өлең жазудағы әр суреткердің назарға алуы тиіс шарттарды ғана емес, сонымен қатар автордың адамгершілік, ақыл, білім, ғылым жайын тыңдаушының есіне салып, санада бекітуін мақсат етеді. Мұндай нақты идея ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Өлең сөздің патшасы», «Білімдіден шыққан сөз», «Сегіз аяқ», «Қуатты оттай бұрқырап» секілді т.б. көптеген өлеңдерінің негізі екені анық.

«Ақынның осы өлеңінде адам болу жолында әсіресе ғылым мен ақыл жайын қайталай түсіп, бекіте беруі де орынды әрі қисынды» [8, 27] – деген зерттеуші пікірі де осының дәлелі. Абай Құнанбайұлы өлеңнің бірінші шумағында өлең жазудың мақсаты, өзіндік ұстаным мен шығармашылық үдерісте тілдің қасиеттерін ақынның толық түсінуі, өлең мәнінің мазмұнсыз болмауы, өлеңнің кімге арналуы қажеттігін, тыңдаушы көңілі мен танымының қандай шарттарға сай келуі керектігін авторлық және поэтикалық рефлексия параллелінде сөз басы ретінде берсе, екінші шумағында сол айтылған сөз бен өлең мәнін түсіну үдерісі туралы тыңдаушымен коммуникацияға түсу мақсатын ұстанады. Мәселен,

Түзу кел, қисық-қыңыр қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей [6, 72], – деген жолдарда ақын өлең сөзінің сипатын ғана емес, оны тыңдаушының өнерді түсінуі мен талғамы жөнінде толғам жасайды. «Түзу кел, қисық-қыңыр қырын келмей» деген тармақта ақынның «түзу келу», «қисық-қыңыр келмеу» секілді ұсыныстарын, біріншіден, өлең тудырудағы суреткердің ұстануы тиіс шарттар екенін ескерсек, оның жалғасы ретінде автор сөзінің тыңдаушыға түсінікті әрі дөп жетуіне назар аудару керектігін айтқанын аңғардық. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей» дей отырып, өлеңде сөздің сыртқы сипатына емес, ішкі мәніне дендеп ену қажеттігін атап өтеді. Ал кейінгі тармақтарындағы «Шу дегенде құлағың тосаңсиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей» немесе «Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай, Және айта бер дейді жұрт тыным бермей» деген авторлық ой өзегінен «сөз танымас» тыңдаушыны, сөздің тыңдаушы танымына жетпеуі, мәнінің ашылмауы, қабылданбауы, сонымен қатар тілдің қасиеті мен сөздің құдіретін танымаудан тыңдаушы талғамының төмендегенін алға тартады. Мұнда ақын өзінің өнер және оны қабылдаушы туралы ішкі ойын нақты тыңдаушыға бағыттағанымен, өлең тармақтарындағы мағына адамның жеке тұлғасы емес, оның өнерді қабылдауы мен қолдануы туралы метапоэтикалық элементтерді қамтыған.

Кейінгі шумағында ақын өлеңнің қасиеті мен өлең ішіндегі мәннің, ой өзегінің, сонымен қатар өлеңді құрайтын сөздің сипатын айқындап береді:

Сөз айттым Әзрет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек, сары-ала қыз.
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз [6, 72].

Берілген шумақтағы авторлық рефлексия қандай? Мұнда Абай Құнанбайұлы шын өнердің мазмұны, идеясы мен құрамындағы сөз жиынтығы, ой байланысының нақты шарттарын санамалап өтеді. Мысалы, «Сөз айттым Әзрет Әлі, айдаһарсыз, Мұнда жоқ алтын иек, сары-ала қыз» деген жолдарда өлеңнің әсірелеп «айқайлаған» сөздерден таза болуы қажет екенін байқатады. Сондай-ақ өлең жазудағы дара ақындық ұстанымын, өлеңнің түп идеясының шолақ болмауын, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі желікпе қалжың мен құмарлық, өмірдің әр кезеңіндегі өз күйіне налу немесе бос сөзділікті ұйқасқа салуды өлең деп танымау керектігін жеткізеді. Осы тұста ақын шығармаларының көркемдік кеңістігімен қатар терең философиялық сырды, нақты білімге сүйенгендікті, ғылымға ұмтылғандықты байқатуы өзіне дейінгі және кейінгі суреткерлерден ерекшелейтін бір белгісі екенін атап өткеніміз жөн. Шумақтың соңғы жолдарындағы «Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз» дегеніне назар салсақ, «қызыл» деген, метафоралық сипатында, сөздің сыртқы «көркемдігі», «сұлулығы» болса, ақын өз өлеңдерінде «қызыл сөз» тіркесінің дәстүрлі мағынасына «әсірелеу», «бос сөз» және сөздің сыртқы көркемдігіне ұмтыла отырып, ішкі мағынасын жоюы секілді қосалқы сипаттарды үстейді. Мұнда ақынның өлең сөздің сипаты туралы сыни тұрғыдан ой өрбіткенін көруге болады. Оны «Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» деген тармақ та растайды.

Батырдан барымташы туар даңғой,
Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүнем байқалған ғой.
Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп,
Қиналмай, қызыл тілім, кел, тілді ал, қой! [6, 72] –

деген шумақта ақынның әуелі өзінің өлең арқылы жеткізгісі келген идеясын, сөз астарын «даңғой», «қызшыл да, қызықшыл», «арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз», «елірмелі маскүнем», жалпы «бәңгі», яғни ойсыз, ессіздердің түсіне алмасын айтады. Бұдан шығатын ой – өнер – түсінікті, мағыналы әрі мазмұнды, адамға белгілі бір идея мен мақсатты жеткізу, пайдалы болу, тәрбиелеу құралы. «Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп, Қиналмай, қызыл тілім, кел, тілді ал, қой!» деген соңғы тармақтарда өлең мен сөздің мәні, түзулігіне сай тыңдаушының талғамы мен ойының түзелуі, қалыптасуы керек екенін ескертеді. Олай болмаса, тілдің қасиетін жойып, «қызыл сөзге» алдана беру ақын тарапынан өнер құдіретін жойса, тыңдаушы тарапынан көңіл көзінің, рухани танымның әлсіреуін білдіреді. Осы тұста талғамсыз тыңдаушының «шын» өнерді жою мүмкіндігін, ал «қызыл сөзді» өлеңнің тыңдаушы талғамын бұзу мүмкіндігін, ақырында өнердің құнсыздануы секілді астарлы мәннің туындайтынын аңғардық.

Ақын соңғы шумақта:

Өлеңі бар өнерлі, інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.
Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез
Қанша қызық болады өзіңізге? [6, 72] –

деп қорытындылайды. Автордың ақындық пен өлең өнеріне талдау жүргізуін әр тармақтағы тұжырымдарынан көре аламыз. Мұнда «өлеңі бар өнерлі» дегені – ақын, «есіл өнер» дегені – ақындық, өлең екені айқын. Ақынның ақындыққа деген көзқарасы аталмыш өлең өнерінің негізгі мақсатын дөп түсіндіреді. Ол – өзіне және өзгеге пайдалы болу. Ақын мұны «Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, Есіл өнер қор болып кетер түзге» деген тармақтарда сипаттайды. Демек Абай Құнанбайұлы берілген өлеңнің көркемдік құрылымын сақтай отырып, өлең өнерінің үлкен ғылым екенін өз заманында танып, зерттеген деген тұжырымға келеміз.

Нәтижелер. Абай Құнанбайұлы өлеңінің мән-мағынасын талдай отырып, зерттеу нәтижесінде метапоэтиканы айқындауда өлеңдегі метамәтіннің басты дереккөз екені, ал метамәтіндік өлшемдердің негізгі талдау құралдары екені анықталды. Сондықтан метапоэтикалық талдау жүргізу үшін зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай метамәтіндік өлшемдерге жүгіндік. Ақын өлеңінің метапоэтикасын тануда метамәтіндік өлшемдердің мәтіндегі қызметі мен сипаттарына көңіл бөлінді. Мысалы, 1-кестеде метапоэтикалық талдау жүргізудегі метамәтіндік өлшемдердің нақты қызметі мен ерекшеліктері негізге алынды. Соған сай ақын өлеңінің нақты мәтіні мысалында метапоэтикалық қыры тыңдаушының да, зерттеушінің де қабылдауына ашыла түсетіні анықталды.

Кесте 1

№	Метамәтіндік өлшем түрлері	Мәтіндегі қызметі, сипаты	Мысалы
1	Авторефлексиялық өлшем	1) автордың яки лирикалық субъектінің шығармашылық үдерісі туралы ой-толғамы; 2) автордың немесе лирикалық субъектінің ақындық туралы ой-толғамы; 3) автордың немесе лирикалық субъектінің сөз, ой, шабыт т.б. жөніндегі мотиві және лирикалық «менінің» ішкі-сыртқы көрінісі	«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» [6, 72]. Жалпы, өлеңнің барлық шумағынан авторлық рефлексияны аңғарамыз. Десек те нақты шығармашылық үдеріс, ақындық пен өлең, сөз туралы және оны өзінің ішкі талдауынан өткізіп, суреткердің өнер туралы танымында қалыптасқан тұжырымын берілген тармақтардан анықтадық.
2	Поэтикалық рефлексия	1) автордың немесе лирикалық субъектінің тіл мен сөздің шекарасы және мүмкіндіктері туралы ой-толғамы; 2) автордың немесе лирикалық субъектінің тілдің метафораларын берудегі ерекшелігі; 3) автордың немесе лирикалық субъектінің өлең ішінде нақты сөз бен өрнекті беруге талпынысы және поэзияны әлемді танудың ерекше формасы ретінде түсіндіруі	«Түзу кел, қисық-қыңыр қырын келмей, Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей» [6, 72]. «Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз, Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» [6, 72]. Берілген тармақтарда ақын тіл қасиетін, сөз құдіретін түсіну мен оны қолдануда және қабылдауда ішкі мән-мағына мен түпкі мақсатты танудың маңыздылығын көрсетеді. Өлеңнің поэтикалық қырымен қатар, аксиологиялық және философиялық ішкі мәніне көңіл бөлінуі керектігі түсіндіріледі. Поэтикалық рефлексия өлшемінің қызметіне сай берілген мәтінде автордың өлең өнерін ғылым деп танып, дүниені танудың бір формасы ретінде қарастырғанын байқадық.
3	Интермәтіндік өлшем	1) автордың өлең ішінде өзге мәтіндермен диалогқа түсуі; 2) өзге қаламгерлер шығармаларына жүгінуі; 3) ақынның мәдени және поэтикалық контекстегі өзін-өзі анықтауы	«Сөз айттым Әзрет Әлі, айдаһарсыз, Мұнда жоқ алтын иек, сары-ала қыз. Кәрілікті жамандап, өлім тілеп, Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.» [6, 72]. Мұнда ақынның мәтінде «Сөз айттым Әзрет Әлі, айдаһарсыз» деп сипаттауынан мәтін ішіндегі өзге мәтін көрінісін аңғарамыз. Мәселен, мұндағы «Әзрет Әлі» деп қолданған бір ғана атау негізінде автордың сол атау төңірегінде жинақталған, халық дүниетанымында бекіген, аңызға айналған «Зұлпықарымен, Дүлдүлімен және жалынымен» еске оралатын кейіпкер туралы тағы бір мәтінді еске түсіруін, мәтін ішілік диалог барын байқаймыз. Өлең сөзінің аса жалынды, әсірелеушіліктен таза болуы керектігін бір ғана сөз астарында түсіндіреді.

4	Коммуникативтік өлшем	1) өлең мәтінінің коммуникациялық әрекет ретіндегі сыртқы көрінісі; 2) мәтіннің диалог ретіндегі ішкі рефлексиясы; 3) ақын – сөз – тыңдаушы үштігі	Өлеңі бар өнерлі, інім, сізге Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге. Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, Есіл өнер қор болып кетер түзге. Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез Қанша қызық болады өзіңізге? [6, 72]. Мұнда метамәтіннің коммуникативтік өлшемі негізінде автордың тыңдаушымен өлең мәтініндегі сыртқы және ішкі диалогы айқын көрініс тапқан. Ақынның өнер туралы өз ізденісінің нәтижесін сол өлең арқылы тыңдаушыға ұсынуы, аталған «ақын – сөз (өлең) – тыңдаушы» арасындағы тікелей және жанама коммуникацияны көрсетеді.

Ақын өлеңін метапоэтика теориясына сай метамәтіндік өлшемдерде талдау арқылы автордың дүниетанымы мен эстетикалық танымын, философиялық базасын, сонымен қатар поэтологиялық аксиология, шығармашылық генезис, поэзияның адам өміріндегі рөлі секілді мәселелердің жауабын саралауға мүмкіндік алатынымыз белгілі болды [9, 241]. Ақын өлеңінің метапоэтикасын метамәтіндік өлшемдерге басымдық бере талдау нетижесінде метапоэтиканың қамтитын деректерінің метамәтіндік базаға сүйенетінін дәлелдедік. Метапоэтика метамәтін секілді тек ішкі мәтіндік байланыстарды ғана емес, мәтінді ақын шығармашылығының нәтижесі деп қарастырып, сол шығармашылықтың пайда болу үдерісін, автордың шығармашылық кеңістігінің, яғни мәтіннің құрылуы туралы толық ақпаратты қамтитынын анықтадық [10, 29].

Метапоэтикалық аспектіде ақын мен ақын тұлғасының арасындағы байланыс, шығармашылық ізденіс, ақындықтың мәні секілді мәселелердің шешімі табылады [11, 2]. Сондықтан Абай Құнанбайұлының метапоэтикасын зерттеу ақынның суреткерлік шеберлігін ғана емес, қазақ әдебиетінде бүгінге дейін қалыптасқан өнер туралы толғамдар мен нақты ізденістерді анықтауға жол ашады. Мұндағы басты ерекшелік өлең өнерін бақылау арқылы жанама зерттеу емес, ішкі шығармашылық үдерістермен суреткердің өз рефлексиясы арқылы тікелей танысу. Бұл ғылымдағы нақтылық пен дәлдік қағидаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Абай Құнанбайұлының метапоэтикасында «ақын – өлең – тыңдаушы» тізбегі өнерді тудыру мен түсінудің негізгі жүйесі екенін байқадық. Бұл ақын шығармаларының поэтикалық қыры мен өзі меңгерген өнер түрін зерттеу үдерісін, шын өлең мен өнердің сырын, тілді құрал ретінде танудың, өлең жазуда сөз таңдаудың жарқын көрінісін айқындады.

Мақалада метамәтіндік өлшемдер арқылы Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» шығармасына метапоэтикалық талдау жүргіздік, нақты тұжырымдарға қол жеткізуге тырыстық.

Метамәтінді метапоэтиканың негізгі дереккөзі ретінде нысанға алдық. Сол арқылы метапоэтиканың шығармашылық үдерісі мен табиғатындағы автордың көзқарасын, шығармашылық шеберлігін, дүниетанымы мен ішкі рефлексиясын айқындауға мүмкіндік беретін күрделі теория екенін аңғардық. Метамәтін мен метапоэтиканың өзара ұқсастығы және айырмашылығы ақын өлеңіне талдау жүргізу барысында нақты әрі көрнекі сипат алды.

Зерттеу барысында метапоэтиканы талдауда көрініс тапқан авторефлексиялық, поэтикалық, коммуникативтік, интермәтіндік өлшемдер Абай Құнанбайұлы шығармасындағы метапоэтикалық бірліктерді ғана емес, ақын метапоэтикасының өзегін, яғни ақындық пен өлең өнерін, тіл мен сөз қасиеттері туралы тұжырымдарын еркін танып, талдауға мүмкіндік берді.

Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» шығармасының метапоэтикалық теорияға сай келуі және өлеңнің әр шумағы мен тармағындағы, сөз орамдарындағы өнер туралы авторлық ішкі рефлексия метамәтін өлшемдеріне сәйкес анықталды. Метапоэтиканы метамәтін өлшемдері негізінде талдау тек өлең ішіндегі өлең туралы суреткер ізденісі мен тұжырымын ғана емес, жалпы өлеңнің идеясы мен мазмұнын, ақынның шығармашылық ұстанымын танудың ұтымды жолы деп тұжырымдаймыз.

Қаламгерлер метапоэтикасын зерттеу Батыс Еуропа және орыс әдебиеттану ғылымында белсенді көрініс тауып, өзектілігін бүгінге дейін сақтап келе жатқанын ескерсек, қазақ әдебиеттануында да осы бағытта ізденіс жүргізу шығармашылық тұлғаларының туындыларын тереңдей талдауға мүмкіндік береді деп тұжырымдаймыз. Сондықтан Абай Құнанбайұлының метапоэтикасын зерттеу ұлттық әдебиет пен мәдениетті, философияны, өнер туралы талғам мен түсініктерді танытуда өзекті деп есептейміз.

Зерттеу барысында қарастырылған теориялық ақпараттар мен практикалық талдау үлгісі жұмыстың ғылыми және практикалық маңызын айқындап берді. Метапоэтикалық талдауды метамәтін өлшемдерімен байланыста қарастыру қазақ әдебиеттануындағы метапоэтикалық зерттеулердің дамуына өз үлесін қосады деп сенеміз.

Әдебиеттер

1. Штайн К.Э. Русская метапоэтика: учеб. словарь. – 2-е изд. – М.: Флинта, 2016. – 601 с.
2. Шлегель Ф. Эстетика. Философия. Критика. В 2-х тт. Т 1. – М.: Искусство, 1983. – 449 с.
3. Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – Л.: Наука, 1977. – 376 с.
4. Frank A.P. Theorie im Gedicht und Theorie als Gedicht // Literaturwissenschaft zwischen Extremen: Aufasatze und Ansaze zu altuellen Fragen einer unsicher gemachten Disziplin, 1997. – P. 131-169.
5. Аймұхамбет Ж.Ә. Абай өлеңдері метопоэтика парадигмасында // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №3(136). – 2021. – Б. 84-93. DOI: https://doi.org/10.32523 / 2616-7174-2021-136-3-84-93
6. Құнанбаев А. (Ибраһим). Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Өлеңдер. Поэмалар. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 242 б.
7. Штайн К.Э., Петренко Д.И. Метапоэтика. Поэты исследуют русскую поэзию: монография. – Ростов-на-Дону: Полиграф-Сервис, 2018. – 534 с.
8. Әліпхан М. Абай танымы мен тағылымының өзегі М. Әуезов зерттеуінде // Ясауи университетінің хабаршысы. №1(123). – 2022. – Б. 21-33. DOI: https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02
9. Федотова С.В. Литературоведение под «бритвой Оккама», или Оправданность приумножения терминов (поэтика – метапоэтика – поэтология) // Ученые записки Орловского государственного университета. Серия: Гуманитарные и социальные науки. №4(48). – 2012. – С. 238-244.
10. Ходус В.П. Метапоэтика драматического текста А.П. Чехова: монография. – Ставрополь: СГУ, 2008. – 416 с.
11. Álvarez Castaño E.J. Visiones metapoéticas en la poesía inglesa de finales del siglo XX // European Public & Social Innovation Review, 2024, 9. – P. 01-15. DOI: https://doi.org/10.31637/epsir-2024-446

А.М. КЕНЖЕКОЖАЕВА, С.Б. ЖУСАНБАЕВА
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

МЕТАТЕКСТУАЛЬНЫЕ ИЗМЕРЕНИЯ МЕТАПОЭТИКИ (НА ОСНОВЕ ТВОРЧЕСТВА А. КУНАНБАЙУЛЫ)

Аннотация. В статье исследуются метатекстуальные измерения метапоэтики на основе произведений А. Кунанбайулы. Цель исследовательской работы – выявить проявление метапоэтики путем определения метатекстуальных измерений в стихах поэта. В статье авторы предлагают эффективный способ анализа взаимосвязи метатекста и метапоэтики на основе текста конкретного произведения и дифференцируют особенности метапоэтики поэта. Доказано, что в произведениях А. Кунанбайулы активно отражаются метапоэтические единицы, в соответствии с которыми необходимость проведения метапоэтического анализа актуальна не только в казахской литературоведении, но и в изложении сущности национальной культуры и философии. Методика работы основана на выводах Фр. Шлегеля о метатексте и К.Э. Штайна о метапоэтике. Материалом исследования послужило стихотворение «*Не для* забавы *я* слагаю *стих*» А. Кунанбайулы. А. Кунанбайулы умело использовал в тексте поэзии образец внутреннего видения искусства слова, силы стихотворения, поэтической функции языка и поэтичности. Результаты исследования показывают, что метатекст стихов поэта является основным источником в изучении его метапоэтики. Кроме того, метапоэтический анализ доказывает, что это рациональный подход к пониманию метатекста и авторской рефлексии. Теоретическая информация статьи и реализованная модель анализа отражают научную и практическую значимость исследовательской работы. Ожидается, что данная исследовательская работа внесет значительный вклад в развитие метапоэтических исследований в казахской литературоведческой науке.

Ключевые слова: Абай Кунанбайулы, метапоэтика, метатекст, стих, рефлексия.

A.M. KENZHEKOZHAYEVA, S.B. ZHUSANBAEVA
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

METATEXTUAL DIMENSIONS OF METAPOETICS (BASED ON THE WORKS OF A. KUNANBAYULY)

Annotation. The article examines the metatextual dimensions of metapoetics based on the works of A. Kunanbayuly. The aim of this research is to identify manifestations of metapoetics by determining metatextual dimensions in the poet's poems. In the article, the authors propose an effective method for analysing the relationship between metatext and metapoetics based on the text of a specific work and differentiate the features of the poet's metapoetics. It has been proven that A. Kunanbayuly's works actively reflect metapoetic units, according to which the need for metapoetic analysis is relevant not only in Kazakh literary studies, but also in the presentation of the essence of national culture and philosophy. The methodology of our work is based on the conclusions of Fr. Schlegel on metatext and K.E. Stein on metapoetics. The material for the research was the poem "I do not compose poetry for amusement" by A. Kunanbayuly. This is because A. Kunanbayuly skilfully used in his poetry a model of internal vision of the art of words, the power of poetry, the poetic function of language and poeticism. The results of the research show that the metatext of the poet's poems is the main source in the study of his metapoetics. In addition, metapoetic analysis proves that this is a rational approach to understanding metatext and authorial reflection. The theoretical information in the article and the implemented analysis model reflect the scientific and practical significance of the research work. It is also expected that this research will make a significant contribution to the development of metapoetic studies in Kazakh literary studies.

Keywords: Abai Kunanbayuly, metapoetics, metatext, poem, reflection.

References

1. Shtain K.Je. Russkaya metapojetika: ucheb. slovar'. – 2-e izd. – M.: Flinta, 2016. – 601 s.
2. Shlegel' F. Jestetika. Filosofiya. Kritika. V 2-h tt. T 1. – M.: Iskusstvo, 1983. – 449 s.
3. Zhirmunskii V.M. Teoriya literatury. Pojetika. Stilistika. – L.: Nauka, 1977. – 376 s.
4. Frank A.P. Theorie im Gedicht und Theorie als Gedicht // Literaturwissenschaft zwischen Extremen: Aufasatze und Ansaze zu altuellen Fragen einer unsicher gemachten Disziplin, 1997. – P. 131-169.
5. Aimūhambet J.Ä. Abai öleñderı metopoetika paradigmasynda // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ūlttyq universitetınıñ habarşysy. Filologia seriasy. №3(136). – 2021. – B. 84-93. https://doi.org/10.32523 / 2616-7174-2021-136-3-84-93
6. Qūnanbaev A. (İbrahim). Tañdamaly şyğarmalar. Ekı tomdyq. Bırınşı tom. Öleñder. Poemalar. – Almaty: Qazaq universitetı, 2021. – 242 b.
7. Shtain K.Je., Petrenko D.I. Metapojetika. Pojety issleduyut russkuyu pojeziyu: monografiya. – Rostov-na-Donu: Poligraf-Servis, 2018. – 534 s.
8. Älıphan M. Abai tanymy men tağylymynyñ özegı M. Äuezov zertteuında // İasaui universitetınıñ habarşysy. №1(123). – 2022. – B. 21-33. https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.02
9. Fedotova S.V. Literaturovedenie pod «britvoi Okkama», ili Opravdannost' priumnozheniya terminov (pojetika – metapojetika – pojetologiya) // Uchenye zapiski Orlovskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Gumanitarnye i social'nye nauki. № 4 (48). – 2012. – S. 238-244.
10. Hodus V.P. Metapojetika dramaticheskogo teksta A.P. Chehova: monografiya. – Stavropol': SGU, 2008. – 416 s.
11. Álvarez Castaño E.J. Visiones metapoéticas en la poesía inglesa de finales del siglo XX // European Public & Social Innovation Review, 2024, 9, pp. 01-15. DOI: https://doi.org/10.31637/epsir-2024-446

Авторлар туралы мәлімет:

Кенжеқожаева Алма Мейірбекқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Кенжекожаева Алма Мейирбековна – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Kenzhekozhayeva Alma Meiyrbekovna – doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Жусанбаева Сауле Бейсентаевна – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Жусанбаева Сауле Бейсентаевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Zhusanbaeva Saule Beisentayevna – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.71.07
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.20

***А.А. МАКАТОВА**[1]
А.А. ӘБСАДЫҚ[2]
А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
(e-mail: makatovaayagoz.99@mail.ru[1], absadyk.aa@ksu.edu.kz[2])

«АБАЙ», «САНА», «ТАҢ» ЖУРНАЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОР МАТЕРИАЛДАРЫ

Аңдатпа. Аталмыш мақалада XX ғасырдың басында жарияланған «Абай», «Сана» және «Таң» журналдарында басылған қазақ фольклор үлгілері талдауға түсті. Бұл журналдар арқылы фольклор үлгілерін жинау мен жариялау ісінің жай-күйін саралауға мүмкіндік аламыз. Себебі, бұл басылымдар қазақ фольклортану ғылымының дамуына өзіндік үлес қосқан журналдардың қатарына енеді. Сондай-ақ бұл журналдар ауызша мұраны жазбаша формада ұсынған мерзімдік басылымдардың қатарына жатады. Журнал бетінде басылған қазақ фольклор мұраларын жариялаушы тұлғалардың есімдерін көрсету, жарық көрген фольклор үлгілерін сұрыптау мақсаты көзделді. Бұл басылымдар арқылы фольклорды жинақтау мен жариялау ісінің маңызы тұжырымдалады. Мақалада халықтың рухани және әдеби мұрасын сақтау мен жинау ісіндегі мерзімді басылымдардың қажеттілігі айқындалды. Журналда жарияланған аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, жоқтау т.б. фольклор үлгілері қазақ қоғамының рухани мәдениетінің бір көрінісі ретінде қарастырылды.
Жасалған зерттеу негізінде аталмыш журналдардың сандарынан қазақ фольклор үлгілері мен деректері туралы мысалдар терілді. Мақаланы жазу барысында қазақ фольклор үлгілерін тақырыптық топтарға жіктеу әдісі пайдаланылды. Кейбір мысалдарды талдау кезінде сипаттау әдісі қолданылды. Жинақталған мысалдар XX ғасырдың басында басылған қазақ фольклоры үлгілерінің сол кезеңнің рухани келбеті мен қоғамдық сипатын ашудағы көрінісі ретінде сипатталды. Ұсынылған мысалдарды талдау мен жіктеу қазақ фольклор үлгілерін дереккөз ретінде қолдануға, ғылыми айналымға енгізу мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады. Бұл мақаланың практикалық құндылығын арттыра түседі.
Түйін сөздер: қазақ фольклоры, Таң журналы, Абай журналы, Сана журналы, мерзімдік басылым, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, фольклорлық жанрлар.

Кіріспе. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы уақыт аралығында алғашқы қазақ баспасөзі қалыптасып, ауыз әдебиеті ауызша түрден жазбаша түрге бет бұрды. Осы кезеңде әртүрлі бағытта жұмыс жасап жүрген газет пен журнал беттерінде қазақ әдебиетіне қатысты деректер мен мақалалар басылды. Соның ішінде, ауыз әдебиетіне қатысты түрлі деректер, тіпті толық нұсқадағы, кейде ішінара фольклор үлгілері де жариялана бастады. Аталмыш мақаланың басты мақсаты осы кезеңдегі мерзімдік басылымдарда қазақ фольклоры қалай көрініс тапты, оны жариялаушы кімдер болды деген сынды сауалға жауап іздеу. Бұл сұрақтарға жауап беру арқылы фольклор үлгілерінің баспа бетінде жариялану жай-күйін бағалай аламыз. Осы мақсат негізінде Таң, Сана және Абай журналдары негізгі зерттеу нысанына айналып отыр. Бұл журналдарда жарияланған қазақ фольклор

үлгілерін мазмұны жағынан тақырып бойынша топтастыру және сипаттама беру міндеті алға қойылды. Қазіргі таңда мерзімдік басылымдар жаңаша зерттеу нысанына айналып отыр. Осы бағытта зерттеушілер мен ғалымдар жаңа көзқараспен, жаңашыл бағытта тың зерттеулер жүргізуде. Жалпы, қазақ фольклорының табиғаты мен қызметі жайында тарихи және әдеби еңбектерде көптеген мағлұматтар келтірілген. Солардың бірінде, XIX ғасырдағы әр түрлі баспасөздердің негізгі мақсаттары: білімнің әлі де болса аз зерттелген саласы - фольклортану ғылымына материалдар жинап беру; әрі қазақтың төл мәдениетін сақтап қалуды және оның орыс мәдениетімен байланысын нығайтуды көздеді. Бұл туралы Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин өз еңбектерінде атап өткен [1, 27].

1911 жылы «Айқап»журналы, ал 1913 «Қазақ» газетінен бастап «Бірлік туы», «Сарыарқа» мен т.б. мерзімді басылымдарқоғамдық ойды өсіріп, көкжиегін кеңітті. Егер ескішіл дәстүріндегі әдебиетте көркем әлем аясы мен көркем дәстүрлер канонға айналған шығыстық-мұсылмандық шеңберімен ғана шектелсе, жаңа қаламгерлер ұлттық әдебиетте жалпы адамзаттық тақырыптарды кіргізіп, жаңашыл үрдістерді талаптарды ұлт әдебиетінің алдына қоя алды [2, 145].

Осы бағытта қазақ фольклоры туралы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми бағыттағы еңбектері мол. Атап айтқанда, Zhussupov N., Orazbek M., Mukusheva K., Akynbekova A., Bakenova R. Publicism of the early 20th century: Manuscripts of Maspkhur Zhusup [3], Zhusipov N., Baratova M., Kadyrova B., Gulnaz K. Legends devoted to Abylai Khan in the manuscripts by Mashkhur-Zhusip [4], Чобанғлу Ө., Әшірханова Қ., Жұматаева З. Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі [5], Stelios Michalopoulos and Melanie Meng Xue Folklore [6], Ашенова А.Т. Мерзімді баспасөзде көтерілген фольклорды жинау мәселесі [7], Қазақ әдебиетінің тарихы [8], [9], Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш [10], Қасқабасов С. Жаназық [11] пен Ойөріс [12] еңбектері, Жүсіпов Н.Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы [13].

Аталмыш ғылыми мақаланың басты мақсаты – Абай, Таң және Сана журналдарының қазақ фольклорын жариялаудағы қызметін саралау. Зерттеудің негізгі бағыты – аталмыш журналдардағы тарихи аңыз-әңгімелердің, батырлар жырының, мақал-мәтелдердің жиналу мен жариялану ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдау. Мақал-мәтелдер – сол әлемнің, өмірдің өзі сияқты өте күрделі құбылыс, сондықтан мақал-мәтелдерден қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғаларды, бір халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, тіпті тарихын, сан ғасырлық тәжірибесін көруге болады. Мақал-мәтелдер халық фольклорының ажырамас атрибуты ғана емес, белгілі бір халықтың мәдениетінің атрибуты ұлттың өмірінің көрінісі, халықтың ойы мен табиғаты [5, 208].

Жұмыстың басты идеясы – қазақ фольклор материалдарының қазақ қоғамындағы оқырманға ұсыну маңыздылығы мен сол уақыттағы фольклордың дамуын бағалау.

Мақаланың практикалық маңыздылығына журнал номерлеріндегі қазақ фольклор үлгілерін жүйелеу мен болашақта фольклорлық зерттеулерде дерек ретінде қолдану мүмкіндігін кеңейту жатады.

Жұмыстың негізгі нәтижелері ретінде Таң, Сана, Абай журналдарында басылып шыққан фольклор мұраларын мазмұндық ерекшеліктерін сандық және сапалық жағынан сипаттау көзделді. Журналдардың қазақ фольклортану ғылымының дамуына қосатын үлесін айқындау.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың негізгі зерттеу материалына Абай, Таң және Сана журналдарының барлық сандары таңдалып алынды. Бұл журналдар XX ғасырдың алғашқы ширегінде жарыққа шығып отырды. Басты бағыт басылым беттерінде жиі жарияланған қазақ фольклор материалдары мен мысалдарына қойылды. Фольклорлық туындыларды жинау кезінде олардың тақырыптық бағыты және мазмұндық сипаты сапалық және сандық тұрғыдан зерттелді.

Зерттеу мәселесі — Таң, Сана, Абай журналдарында басылған фольклор үлгілерін анықтау және олардың тақырыптық топтастырылуы арқылы қазақ фольклорының XX ғасырдың басындағы дамуына қосқан үлесін көрсету. Мақаланы жазу барысында

жарияланған барлық журнал сандарына шолу жасалынды. Бұдан бөлек, фольклор үлгілерін сұрыптау және тақырыптар бойынша топтастыру іске асырылды. Мақаланы жазу барысында сипаттамалы әдіс бойынша мәтіндердің мазмұнына талдау жүргізілді.

Талқылау мен бақылау. XX ғасырдың басында басылған журналдардың сандарында көрініс тапқан фольклор туындылары қазақ фольклортану аспектісінің маңызды зерттеу нысанына айналып отыр. Бүгінгі күні Алаш көсемсөзіне жататын аталмыш журналдарды зерделеу әлі де өзекті. Алаш қайраткерлері Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бірлесе отырып 1918 жылы Алаш (Семей) қаласында шығып отырған Абай журналының ерекшелігі «Қазақ» газеті қалыптастырған тәуелсіздік рухын одан әрі кемелдендіріп, философиялық, психологиялық терең талдауларға құрылған жарияланым болуы [14]. Бас редакторы Халел Досмұхамедұлы болған, 1923-1924 жылдары Ташкент қаласында жарық көрген «Сана» журналында қазақ фольклор үлгілері жиі басылған. Бұл журналдың о бастағы ұстанған мақсаты «жаңа саналы» адам қалыптастыру емес, ұлттық негізден білім алған ұрпақ тәрбиелеу еді. Бұл журналда «Мектеп», «Әдебиет», «Халық әдебиеті», «Мәдениет майданы», «Тәрбие-тәлім», «Сын», «Ойын-сауық» бөлімдері болды [15, 10]. 1925 жылы Семей қаласында жарық көрген «Таң» журналының жарияланымдары араб қарпінен кириллицаға түсірілді. Журналды шығаруға жауаптылар – Ш.Тоқжігітов, А.Сайдалин, Ш.Джантілеуов деп көрсетілген. Журналды шығарушылардың бірі ретінде М.Әуезов те аталады [16]. Бұл журналда әдебиет, руханият пен мәдениет мәселелері атты бөлім болды. Осы бөлімде әдеби шығармалар мен өлеңдер жарияланып отырды. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілері, хандар мен би-шешендердің нақыл сөздері, Асан қайғының айтқандары, Бұқар жыраудың жырлары әр санда жарияланды. Бұл қазақты рухани нәрден, ұлттық болмысынан ажыратпауға бағытталған әрекет еді [17, 18].

Енді, осы журналдарда басылған қазақ фольклор үлгілері мен мәтіндеріне назар аударсақ. Олар негізгі төрт топқа топтастырылды. Әуелі, ауызша тараған тарихи аңыз-әңгімелер, екінші топқа – батырлар жыры, үшінші топқа – азалау фольклоры (жоқтау, көңіл айту т.б.) және соңғы топқа дидактикалық сарындағы фольклор үлгілері (мақалдар, жұмбақтар) жатқызылды.

Сана журналында ауыздан ауызға тараған тарихи аңыз мазмұнындағы әңгімелер мол басылған. Жалпы, тарихи аңыздар өмірде болған нақты тарихи тұлға жайында немесе оның төңірегінде орын алған оқиғаға негізделген, алайда халықтың танымына сай мифологиялық, яки эпикалық сипат алған ауызша әңгімелер. Бұндай тарихи аңыздарды көбінесе жыраулар мен қариялар айтып таратқан. Байқағанымыздай, фольклор үлгілерін журнал бетіне басып шығарған материалдарды авторлардың көпшілігі ауызша естіген, яғни, қариялардан естіп хатқа түсірген. Мәселен, Тобықты арғын Құнанбай мен қоңырат Сапақ бидің қағысқаны (Сана, 1923, №1, 106 бет) атты әңгімені жариялаушы Жажеке болғанымен, оны авторға айтып берген Қоқыш ақсақал екендігін, автор ақсақалдан естідім деп шығарма соңында көрсетуі арқылы түсіндіреді. Демек, қазақ фольклорының бұл түрін негізгі таратушысы егде жастағы ақсақалдар болған. Олардың қатарына: Қоқыш ақсақал, Бекен ақсақал, З-Л молда, Жуан шәкірт, Көкбай ақсақал, Шәкәрім ақсақал жатқызылды. Ал осы фольклор мәтіндерінің журнал бетіне теріліп, шығуына себепкер тұлғаларға: Тілеке Ж., Кәрімқұл Назарұлы, М.Жұмабаев, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Сәбит, Жаманқұлұлы Рақымжан, Мұхтар, Жұмат Шанин, Әбдіш Біләлұлы, Д.Х. жатады.

Әуелі, жинақталған тарихи аңыз-әңгімелердің тізімі мен жинаушыларды көрсетуді жөн санадық. Келесі мысалдар халық арасында батырлар, би-шешендер жайында тараған тарихи әңгімелер мен аңыздар тобына жатады. Оны жинаушы және теруші авторлардың есімдері қоса берілді. Мысалы, Бекболат би (Абай, 1918, №2, 91-92 бет), Шын бақтың айнасы, жариялаушы Шәкәрім (Абай, 1918, №4, 145-147 бет), Ескі сөз, теруші: Сұлтанмахмұт (Абай, 1918, №4, 164-165 бет), Бетім ау, құдағи ғой (Абай, 1918, №4, 165-171 бет), Жанақ пен Рүстем, жинаушы: Сәбит (Абай, 1918, №6, 237-242 бет), Билер сөзі: Ақ найман Ойсынбай, жинаушы: Сұлтанмахмұт, дәл осы бетте атауы жоқ әңгіме авторы Көпеев (Абай, 1918, №10, 329-330 бет), Ескі сөз, жинаушы: Ғабдулла Байтасов (Абай, 1918, №11, 369-370 бет), Бала

бидің бір сөзі (Сана, 1923, №1, 107 бет) жинаушы Бекен ақсақалдан естідім. Ж., Үш жүздің сыны, жинаушы З-Л молдадан естідім (Сана, 1923, №1, 108 бет), Қай жүз көп? жариялаушы Тілеке (Сана, 1923, №1, 109 бет), Тұрсынбай батыр, жариялаушы Жуан шәкірттен естідім. Ж. (Сана, 1923, №1, 110 бет), Қарауыл арғын Қанайұлы Бекболат бидің бір орыстың төресімен қағысқаны, жариялаушы Бекен ақсақалдан естідім Ж. (Сана, 1923, №1, 111-112 бет), Қымбат намаз, жариялаушы Кәрімқұл Назаруұлы (Сана, 1923, №1, 113 бет), Абайылда хан айдаудан келгенде Орымбай ақынның айтқаны, жинаушы Қошке (Сана, 1924, №2-3, 307-308 бет), Аюдың қойға батасы, жариялаушы Қарабала (Сана, 1924, №2-3, 309-310 бет), Адай Абыл ақынның сөздерінен қалған бір жұрнақ, жариялаушы Д.Х. (Сана, 1924, №2-3, 311 бет), Абылай мен Қайыршы сөзі, жариялаушы Жаманқұлұлы Рақымжан (Таң, 1925, №1, 118 бет), Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзі (Көкбай ақсақалдың айтуынша), жинаушы: М. (Таң, 1925, №1, 118-119 бет), Асан қайғы желмая мініп, желдіртіп Сарыарқаны аралап жүргендегі жерге қойған сындары, жариялаушы Жаманқұлұлы Рақымжан (Таң, 1925, №1, 134-137 бет), Бұқар жырау сөзі (Көкбай ақсақал айтуынша), жинаушы Мұхтар (Таң, 1925, №1, 137-138 бет), Жаман бақсының сарыны (Көкбай, Құраш ақсақалдардың айтуынша), жинаушы М. (Таң, 1925, №1, 139 бет), Хан мен уәзір (ескілікті сөз), жариялаушы Жұмат Шанин (Таң, 1925, №1, 144-146 бет), Бұқар жыраудың Керейге айтқан сөзі (Көкбай ақсақалдан), жинаушы М. (Таң, 1925, №1, 146-147 бет), Жиренше әңгімесі (Мәшһүр Жүсіп айтуынша), жинаушы Әбдіш Біләлұлы (Таң, 1925, №1, 148-149 бет), Ай, Таңсықтың қоштасқаны (Жанақ ақын айтуындағы Қозыкөрпеш-Баяннан), жариялаушы жазылмаған (Таң, 1925, №2, 288-289 бет), Сыбан Ақтайлақ би (Көкбай ақсақал айтуынша), жинаушы Мұхтар (Таң, 1925, №2, 289-291 бет), Төлеңгіт Тәңке батырдың сөзі (ел аузынан), жинаушы: Шәймерден (Таң, 1925, №2, 324-325 бет), Жеке би, жинаушы: Ыбырай Қасен (Таң, 1925, №2, 341-343 бет), Ізбасты би, жинаушы: Абдоллаұлы (Таң, 1925, №2, 343-344 бет), Асан Қайғының жерге қойған сындарына (аз түзеу), жариялаушы: ел аузынан жазып алдым – Шәймерден (Таң, 1925, №2, 349 бет), Тіленші мен Ер Жәнібек әңгімелері, жинаушы Жаманқұлұлы Рақымжан (Таң, 1925, №3, 128-130 бет), Алтыбай ақынның Тіленшіге айтқан сөзі (Көкбай ақсақал айтуынша), жинаушы: М. (Таң, 1925, №3, 134-135 бет), Сүйіндік Едіге бидің сөзі, Байбекұлы Уайда (Таң, 1925, №3, 136-137 бет), Қазыбек би сөзі (Таң, 1925, №3, 151 бет), Ескі билік (Шәкәрім ақсақал айтуынша) (Таң, 1925, №3, 151-152 бет), Қараменде мен Кеңгірбай (Қабекең) (Шәкәрім ақсақал айтуынша), (Таң, 1925, №3, 170-172 бет), Сарышуаш би, жинаушы: Жаманқұлұлы Рақымжан (Таң, 1925, №3, 172-173 бет). Қорытындылай келе, журналдарда жарияланған тарихи аңыздар қазақ фольклорының құрамдас бір бөлігі болып саналады.

Келесі тақырыптық топқа батырлар жыры жатқызылды. Батырлар жыры фольклордың эпикалық жанрына жатқызылатын классикалық үлгінің бірі. Сана журналының білім бөлімінде Мырза Едіге батыр (Ертектегі Едіге мен тарихтағы Едіге) атты батыр туралы (Сана, 1924, №2-3, 216-224 бет) тарихи жыр баяндалған. Дәуітбек (оқшау өлең), жариялаушы С.Дөнентайұлы (Таң, 1925, №1, 132-134 бет), Қобыланды батыр (Ел әңгімесіндегі Қобыланды ел қиялының ұлы батыры), жариялаушы Мұхтар (Таң, 1925, №1, 177-186 бет), жалғасы әдебиет бөлімінде ұсынылған Қобыланды батыр, жариялаушы: Мұхтар (Таң, 1925, №2, 345-348 бет).

Батырлар жырынан бөлек, азалау фольклорының ішіне енетін жоқтау, қоштасу секілді өлең жырлар кездеседі. Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Өлген адамның қатыны, я қызы, я келіні зарлы үнмен өлген адамның тірідегі істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз [6, 134].

Жоқтау өлеңдерге жататын мысалдар: Абайдың басылмаған өлеңі (бір немесе інісі өлгенде айтқан) (Таң, 1925, №2, 291-292 бет), Бөгенбай батыр өлгенде Үмбетей жыраудың Абылай ханға естірткен сөзінен (Таң, 1925, №4, 342 бет), Күдері Қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны (Таң, 1925, №4, 312-314 бет), Әруақпен айтысу (Сана, 1924, №2-3, 312-315 бет), жариялаушы Д.Х. бұл шығарма жоқтаудың бір түріне жатады, сондай-ақ, там

салу, ас беру, өліктің аруағына сиыну секілді ырымдар туралы сөз етіледі. Наурызды қосқан ескінің бір өлеңінде (Таң, 1925, №4, 340 бет) Жәнібек өлгенде қызы келіп әкесін жоқтайды, сол жырдан үзінді ұсынылған.

Дидактикалық фольклор формасы жағынан қысқа, шағын, әрі өмірлік тәжірибеге құрылған халықты жақсы қасиеттерге баулитын, ізгілікке тәрбиелейтін ауыз әдебиетінің жиынтығы. Журнал беттерінде дидактикалық фольклор үлгілері толық және ішінара жарияланған. Мысалы, Сана журналында жұмбақтар (1923, №1, 169-170 бет) және оның жауаптары толық нұсқада көрсетіліп басылған. Ал «Жарлы болсаң, арлы болма, қалауың тапса, қар жанады, сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ, атың шықпаса жер өрте, жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол, алтын көрсе, періште жолдан шығады, ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті» секілді мақалдардың мазмұны мен ғибрат алар қызметін сынай бағалаған Мақал туралы, Абайдың сөзі (Абай, 1918, №7, 255-256 бет) атты тақырыпта ішінара жарияланған мақалаға жатқызуға болады. Себебі, мақалдар толық нұсқада тізбектеліп ұсынылмайды, автор тарапынан ел аузында жүрген мақалдар талдауға түсіп, қалың оқырманға ұсынылады. Осындай ішінара мақала мазмұнында фольклорға қатысты материалдар ретінде кездесетін мысалдарға Сана журналындағы тәрбие-тәлім бөлімінде «Басқыш мектепте қолданылатын жиынды программа» атты Наурыз күні істелетін жол-жоралар таныстыру керектігі жайында (Байтасұлы Абдолла) ұсыныс нышанындағы мақаласын (Сана, 1924, №2-3, 207 бет) жатқызуға болады. Бұл деректер фольклор үлгісіне толық мысал бола алмаса да, қазақ фольклорын зерттеу үшін қосымша дерек ретінде пайдалануға болады.

Маусымдық ғұрып фольклоры үлгілеріне жататын: наурыз жайындағы өлеңдер, Сол күні қоштасып көрісу туралы, жинаушы: Шәкәрім (Таң, 1925, №4, 338-339 бет) толық нұсқада басылған фольклорлық материалға жатады.

Нәтижелер. ХХғасырдыңбасындашығыпотырған Абай, Таңжәне Санажурналдарында қазақ фольклор үлгілері жиі жарияланғандығы анықталды. Аталмыш журналдардың тақырыптық-мазмұнындағы әдебиет, руханият, халық әдебиеті сынды бөлімдері фольклор үлгілерін жариялаушы алаң болып табылды. Басылған мысалдар қазақ халқының рухани және мәдени мұрасы туралы әртүрлі ақпараттар береді. Мәселен, жұмбақтар, мақалдар, жоқтау өлеңдері сол кезеңнің өмір тәжірибесі мен рухани болмысын түсінуге көмектеседі. Жалпы саны 47 мысалдар жиналды, соның ішінде тарихи аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, дидактикалық фольклор үлгілері, жоқтау, наурыз туралы өлеңдер жататындығы анықталды. Демек, ең жиі кездесетін фольклор мұрасына тарихи бағыттағы аңыз-әңгімелер жататындығы анықталды. Тарихи аңыз-әңгімелерді талдау нәтижесінде олардың көпшілігі би-шешендердің, халық әншілері мен жыраулардың, хандардың өмірі мен оқиғаларына арналғандығы айқындалды. Демек, сол кезеңде хан-билердің айтқан сөзі бағытындағы мәселелер жиі көрініс тапқан. Тарихи аңыз-әңгімелердің жалпы саны – 38, батырлар жыры – 3, жоқтау – 5 мысал және 1 наурыз туралы өлең маусымдық ғұрып фольклоры болып табылды. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар шағын дидактикалық фольклорлық жанр ретінде қарастырылды. Бұл фольклорлық үлгілер қоғамдағы адамгершілік қасиеттерді жетілдіру мен болашақ жас ұрпақтың саналы өсуіне бағытталған құрал ретінде қызмет атқарды. Жүйеленген барлық мысалдарды қазақ фольклортану ғылымында ақпарат көзі ретінде пайдаланылуға болады.

Қорытынды. Зерттеу барысында газет беттерінен 47 мысал жинақталып, олар өзара төрт тақырыптық топтарға, соның ішінде тарихи аңыздар, батырлар жыры, дидактикалық фольклор мен жоқтау өлеңдер секілді тақырыптарға жүйеленді. Фольклор үлгілерін талдау барысында сипаттау және жүйелеу әдістері қолданылды. Байқағанымыздай, Абай, Сана, Таң журналында тарихи аңыз әңгімелер, жоқтау мен наурыз жыры және дидактикалық сарындағы қазақ фольклор материалдары кездеседі. Мақалдар халық даналығының көрінісі ретінде тәрбиелік, тағылымдық қызмет атқарады.

Қорытындылай келе, Сана, Таң және Абай журналдары фольклорды жинақтаушы қызметін ғана емес, оны ұлт санасына сіңіруге тырысқан құнды мәдени алаңға жатады.

Жинақталған барлық мысалдар бүгінгі фольклортану ғылымы үшін маңызды дерек қатарына жатады. Аталған журналдар тек фольклорды жинақтаушы қызмет атқарғанымен шектелмей, қазақ қоғамының рухани өміріне әсер ететін маңызды мәдени алаңға айналды. Бұл басылымдар халық ауыз әдебиетін, дәстүрлі жыр-дастандар мен мақал-мәтелдерді жинақтап қана қоймай, оны ұлттық сананы қалыптастыру, ұрпаққа жеткізу, адамгершілік және рухани құндылықтарды насихаттау құралдары ретінде қолданды. Журналдардың беттерінде жарияланған материалдар арқылы қазақ әдебиеті мен мәдениеті арасындағы сабақтастық сақталып, дәстүрлі және жаңа әдеби үрдістерді байланыстыруға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, бұл басылымдар қоғамның білімге, өнерге, әдебиетке деген қызығушылығын оятып, ұлттық идеяны таратуда, ұлт бірлігін нығайтуда маңызды рөл атқарды.

Жалпы алғанда, «Сана», «Таң» және «Абай» журналдары – қазақ руханиятының маңызды институттары болып, фольклор мен әдеби мұраны зерттеу, насихаттау, қоғамның мәдени-рухани дамуына үлес қосу тұрғысынан тарихи және мәдени маңызға ие. Журналдарда жарияланған мақалаларды сараптай келе, мынадай ерекшеліктерді атап өтуге болады. Журналдардың бөлімдерінде ел аузында тараған әңгімелер мен аңыздар жиі жарияланған. Тіпті, батырлар жыры мен халық арасында танымал би-шешендердің айтқан нақыл сөздерін қағаз бетіне түсіру ісінің қолға алынуы, соған бағытталған арнайы бөлімдердің болуы талданып отырған журнал саясаты мен идеологиясының мақсаты көкейкесті тақырыптарды көпшілік оқырманға таныстыру екендігін байқатады.

Журнал сандарында мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың жазбаша басылып шығарылуы, жастардың бойында тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мен насихаттау мақсатында оразан зор рөл атқарды. Осылайша, XX ғасырдың алғашқы жартысында жарияланған журналдардың номерлерінде жарияланған фольклор материалдары қазақ халқының рухани және әдеби мұрасының сақталуы мен таралуына үлес қосты. Алаш көсемсөзіне жататын бұл журналдар ұлттық әдеби мұраны жинау мен жариялауда өзіндік ықпал еткен құнды басылымдар деп бағалауға болады.

Жалпы алғанда, «Сана», «Таң» және «Абай» журналдары – фольклор мен әдеби мұраны зерттеу, насихаттау, қоғамның мәдени-рухани дамуына үлес қосу тұрғысынан тарихи және мәдени маңызға ие.

Әдебиетттер

1. Атабаев Қ. Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870- 1918). тар. ғыл. докт. дисс. автореферат. – Алматы, 2000. - 54 б.

2. Қасқабасов С., Карипбаев Ж. Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №3. – Б. 142-153.

3. Zhussupov N., Orazbek M., Mukusheva K., Akynbekova A., Bakenova R. Publicism of the early 20th century: Manuscripts of Maspkhur Zhusup // Man in India. – 2017. – № 14 (97). – P. 419-429.

4. Zhusipov N., Baratova M., Kadyrova B., Gulnaz K. Legends devoted to Abylai Khan in the manuscripts by Mashkhur-Zhusip // Middle East Journal of Scientific Research. – 2013. – № 4 (14). – P. 485-489.

5. Чобаноғлу Ө., Әшірханова Қ., Жұматаева З. Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – №2. – Б. 207-220.

6. Stelios Michalopoulos and Melanie Meng Xue. Folklore // *The Quarterly Journal of Economics.* – 2021. – 136 (4). – 1993 – P. 2046.

7. Ашенова А. Т. Мерзімді баспасөзде көтерілген фольклорды жинау мәселесі // Фундаментальные и прикладные исследования: гипотезы, проблемы, результаты. – 2018. – Б. 58-63.

8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Фольклор. – Алматы: Ғылым, 1948 – 440 б.

9. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том. 2-кітап. – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 296 б.

10. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
11. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
12. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: Жібек Жолы, 2009. – 303 б.
13. Жүсіпов Н. Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы: филол. ғыл. д-ры ғылыми ... дисс. автореф.: маманд. 10.01.09 «Фольклористика» / Н. Қ. Жүсіпов – Алматы, 2006. - 47 б.
14. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 8- Кітап.: Абай. – Алматы: Өнер, 2011. – 384 б.
15. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 5- Кітап.: Сана – Алматы: Өнер, 2011. – 320 б.
16. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 6- Кітап.: Таң. – Алматы: Өнер, 2011. – 368 б.
17. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 7- Кітап.: Таң. – Алматы: Өнер, 2011. – 368 б.

А.А. МАКАТОВА, А.А. АБСАДЫК
Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан

МАТЕРИАЛЫ КАЗАХСКОГО ФОЛЬКЛОРА В ЖУРНАЛАХ «АБАЙ», «САНА», «ТАН»

Аннотация. В данной статье проанализированы образцы казахского фольклора, опубликованные в начале XX века в журналах «Абай», «Сана» и «Тан». Благодаря этим журналам мы получаем возможность дифференцировать состояние сбора и публикации образцов фольклора. Это связано с тем, что эти издания входят в число журналов, внесших свой вклад в развитие казахской фольклористики. Эти журналы также относятся к периодическим изданиям, в которых устное наследие представлено в письменной форме. Целью было указать имена лиц, издающих казахское фольклорное наследие, напечатанное на страницах журнала, а также отсортировать опубликованные образцы фольклора. В этих публикациях формулируется значение обобщения и публикации фольклора. В статье определена необходимость периодических изданий в деле сохранения и сбора духовного и литературного наследия народа. Образцы фольклора, опубликованные в журнале: рассказы-легенды, песни героев, плач (жоктау) и т.д. рассматривались как одно из проявлений духовной культуры казахского общества.

На основе проведенного исследования из данных журналов были набраны примеры и материалы казахского фольклора. В ходе написания статьи был использован метод классификации образцов казахского фольклора на тематические группы. При анализе некоторых примеров использовался метод описания. Собранные примеры характеризовались как отражение образцов казахского фольклора, напечатанных в начале XX века, в раскрытии духовного облика и общественного характера того периода. Анализ и классификация представленных примеров позволяют использовать образцы казахского фольклора в качестве источников, расширить возможности введения в научный оборот. Это увеличивает практическую ценность статьи.

Ключевые слова: казахский фольклор, журнал «Тан», журнал «Абай», журнал «Сана», периодическое издание, песни героев, пословицы, фольклорные жанры.

A.A.MAKATOVA, A.A.ABSADYK
Kostanay Regional University named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

MATERIALS OF KAZAKH FOLKLORE IN THE JOURNALS «ABAI», «SANA», «TAN»

Annotation. This article analyzes the samples of Kazakh folklore published in the early XX century in the journals «Abai», «Sana» and «Tan». Thanks to these journals we get an opportunity to differentiate the state of collection and publication of folklore samples. This is due to the fact that these editions are among the journals that contributed to the development of Kazakh folkloristics. These journals are also among the periodicals in which oral heritage is presented in written form. The aim was to indicate the names of persons publishing Kazakh folklore heritage printed in the pages of the journal, and to sort the published samples of folklore. These publications formulate the meaning of generalization and publication of folklore. The article identifies the necessity of periodicals in preserving and collecting the spiritual and literary heritage of the people. Samples of folklore published in the magazine: stories-legends, songs of heroes, lament (joktau) etc. were considered as one of the manifestations of the spiritual culture of Kazakh society.

Based on the conducted research, examples and materials of Kazakh folklore were typed from these magazines. In the course of writing the article, the method of classifying samples of Kazakh folklore into thematic groups was used. The method of description was used in analyzing some examples. The collected examples were characterized as a reflection of samples of Kazakh folklore, printed in the early twentieth century, in revealing the spiritual image and social character of that period.

Keywords. Kazakh folklore, magazine «Tan», magazine «Abai», magazine «Sana», periodical, songs of heroes, proverbs, folklore genres.

References

1. Atabaev Q. Merzımdı basylym Qazaqstan tarihynyñ derek közı (1870- 1918). tar. ğyl. dokt. ... diss. avtoreferaty. – Almaty, 2000. - 54 b.

2. Qasqabasov S., Karipbaev J. Alaş ädebietındegı fölklorlyq negızder // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2024. – №3. – B. 142-153.

3. Zhussupov N., Orazbek M., Mukusheva K., Akynbekova A., Bakenova R. Publicism of the early 20th century: Manuscripts of Maspkhur Zhusup // Man in India. – 2017. – № 14 (97). – P. 419-429.

4. Zhusipov N., Baratova M., Kadyrova B., Gulnaz K. Legends devoted to Abylai Khan in the manuscripts by Mashkhur-Zhusip // Middle East Journal of Scientific Research. – 2013. – № 4 (14). – P. 485-489.

5. Chobanoğlu Ö., Äşırhanova Q., Jūmataeva Z. Maqal-mätelderdegı ūlttyq mınezdıñ körınısı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2003. – №2. – B. 207-220.

6. Stelios Michalopoulos and Melanie Meng Xue. Folklore // The Quarterly Journal of Economics. – 2021. – 136 (4). – 1993 – P. 2046.

7. Aşenova A. T. Merzımdı baspasözde köterılgen fölklordy jinau mäselesı // Fundamentälnye i prikladnye issledovania: gipotezy, problemy, rezültaty. – 2018. – B. 58-63.

8. Qazaq ädebietınıñ tarihy. 1-tom. Fölklor. – Almaty: Čylym, 1948 – 440 b.

9. Qazaq ädebietınıñ tarihy. On tomdyq. 6-tom. 2-kıtap. – Almaty: Qazaqparat, 2006. – 296 b.

10. Baitūrsynov A. Ädebiet tanytqyş. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.

11. Qasqabasov S. Janazyq. Är jylğy zertteuler. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b.

12. Qasqabasov S. Oiörıs. – Almaty: Jıbek Joly, 2009. – 303 b.

13. Jüsıpov N. Q. HH ğasyrdyñ bırınşı jartysyndağy qazaq fölklortanu ğylymy: filol. ğyl. d-ry ğylymi ... diss. avtoref.: mamand. 10.01.09 «Fölkloristika» / N. Q. Jüsıpov – Almaty, 2006. - 47 b.

14. Alaş kösemsözı. 10 tomdyq. 8- Kıtap.: Abai. – Almaty: Öner, 2011. – 384 b.

15. Alaş kösemsözı. 10 tomdyq. 5- Kıtap.: Sana – Almaty: Öner, 2011. – 320 b.

16. Alaş kösemsözı. 10 tomdyq. 6- Kıtap.: Tañ. – Almaty: Öner, 2011. – 368 b.

17. Alaş kösemsözı. 10 tomdyq. 7- Kıtap.: Tañ. – Almaty: Öner, 2011. – 368 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Макатова Аягоз Артуровна – А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің докторанты, Қостанай, Қазақстан.

Макатова Аягоз Артуровна – докторант Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан.

Makatova Ayagoz Arturovna – doctoral student of Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

Әбсадық Алмасбек Ахметұлы – филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің профессоры, Қостанай, Қазақстан.

Абсадык Алмасбек Ахметулы – доктор филологических наук, профессор Костанайского регионального университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан

Absadyk Almasbek Akhmetuly – Doctor of Philology Sciences, professor of the Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan

ҒТАМР 17.09.09
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.21

***А.Т. МҰСТОЯПОВА[1]**

Ж.Ж. ИБРАИМОВА[2]

Ж.Ж. ЖАМАНОВА[3]

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(e-mail: mustoypova2017@gmail.com[1], flowervictory85@gmail.com[2], zhanara.76_76@mail.ru[3])

ДЖОРДЖ ОРУЭЛДІҢ «1984» РОМАНЫНДАҒЫ ПСЕВДОКАРНАВАЛ ПОЭТИКАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты – Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасын зерттеу. Жанр категорияларын анықтаудың жаңа тәсілдері мен қазіргі әдістемелік құралдардың пайда болуы әдебиеттану зерттеулеріне жаңа мүмкіндіктер әкелді. Мақала авторлары жанрды тұрақты өзгеріске ұшырайтын жүйе ретінде қарастырады, ол әдебиеттің дамуымен үздіксіз түрленіп қана қоймай, сонымен қатар жаңа жанрлық формалардың қалыптасуына немесе олардың пайда болуына ықпал етеді. Қазіргі әдебиетте антиутопия жанры балама тарих, киберпанк және басқа да іргелес жанрлардың негізіне айналуда. Бұл антиутопия жанрын зерттеуді маңызды етеді, өйткені оның жанрлық ерекшеліктері көптеген заманауи шығармаларда кездеседі. Әдебиеттерге қысқаша шолу британ жазушысының «1984» романының жанрлық ерекшелігі қаншалықты зерттелгенін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мақалада Дж.Оруэлдің «1984» романын псевдокарнавал белгілері тұрғысынан талдауға талпыныс жасалады. Псевдокарнавал карнавалға қарама-қарсы құбылыс ретінде қарастырылады. Романдағы псевдокарнавал поэтикасы М.Бахтиннің карнавал концепциясы мен әдебиеттің карнавалдандырылуы туралы тезисіне сүйене отырылып талданады. Зерттеліп отырған антиутопиялық романның поэтикасы карнавал поэтикасына қарама-қарсы принципте құрылған.Мақалада карнавал мен псевдокарнавал поэтикалары салыстырмалы талдау негізінде қарастырылады.
Түйін сөздер: антиутопия, карнавал, псевдокарнавал, жанр, карнавал мәдениеті, дүниетаным.

Кіріспе. Қазіргі жанр зерттеулері оның табиғатын қайта қарауды ұсынып, тарихи қалыптасқан тұрақты белгілер мен қатаң классификациялардан бас тартуға шақырады. Оның орнына жанр икемді, көп өлшемді жүйе ретінде қарастырылады. Э.Харт: «Әдебиетті поэзия, роман, драма; лирика, романтика, трагедия түрлеріне бөлу – бұрын сыншылар үшін айқын болып көрінгенімен, қазір олай емес», - деп жазады [1, 1265]. Ғалымның пікірінше, дәстүрлі жанр теориясы не оны жай сипаттаумен шектелді, не қатаң шектеулер қойды. Мұндай тәсіл күрделі мәтіндік үйлесімдерді түсіндіре алмады. Э.Харттың ойынша, жанрды дискурс тұрғысынан талдау мәтіндердің өзара байланысын және олардың мәдени құбылыстармен қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Ол былай дейді: «Жанр әлі де әдеби сыншыларға көркем шығармаларды мәдениетпен байланыстыруға көмектеседі,

бірақ енді бұл міндет формалистік немесе идеалистік емес, материалистік негізде шешілуі мүмкін» [1, 1266]. Джордж Оруэлдің «1984» [2] антиутопиялық романын псевдокарнавал поэтикасы тұрғысынан талдау оның жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді, әсіресе ол карнавалдық мәдениет белгілері бар мәтіндерге қарсы пікірталас пен оппозицияда көрінеді.

Әдебиеттанушылардың «1984» романына ғылыми қызығушылығы үдеген емес. Олар шығарманың әртүрлі қырларын, мәселен, романдағы тоталитарлық мемлекет бейнесін, романға тарихи оқиғалардың әсерін, образдар мен құбылыстардың символизмін, қазіргі мемлекеттермен байланысын, шығарма тілінің тарихи ерекшеліктерін, сондай-ақ үгіт-насихат пен қоғамды бақылау механизмдерін және басқа да көптеген аспектілерді зерттейді.

Әрине, қазіргі зерттеушілер британ жазушысының романының жанрын назардан тыс қалдырмайды. Олар антиутопияның типологиялық белгілерін (П.Вилер), антиутопия жанрының өзгеруін (Б.Кларк) және оның қазіргі дамуын (П.Вармингтон) зерттейді. Сондай-ақ, Дж.М.Моррис пен А.Л.Кростың «антиутопия» немесе «дистопия» терминдерін қарастырған еңбектерін атап өткен жөн. Зерттеушілер «дистопия» терминінің негізінде грек тіліндегі dus түбірі жатқанын, оның «жаман», «қиын», «теріс» деген мағыналарды білдіретінін, түбірі topos (орын, жер) сөзімен бірігіп, «жаман орын», «қорқынышты қоғам» деген мағына беретінін атап өтеді. «Антиутопия» термині «утопия» сөзінен туындаған, ал бұл сөз өз кезегінде грек тіліндегі ou (жоқ) және topos (жер) сөздерінен құралған, яғни тура мағынасында «жоқ жер», «болмайтын орын» дегенді білдіреді. Алайда бұл анықтама көбінесе «жақсы жер» ретінде түсіндіріледі. Әдебиетте «антиутопия» термині қол жетпейтін идеалды қоғам ретінде көрінетін, алайда іс жүзінде қорқынышты, дистопиялық қоғамды сипаттау үшін қолданылады [3]. Бұл тұжырымда антиутопияны жақсы жағынан көрінуге тырысатын, бірақ шын мәнінде олай көрінбейтін белгілі бір жер немесе қоғамдық құрылым ретінде қарастыру маңызды екені айтылады, яғни автор сол жердің немесе қоғамның шынайы табиғатын ашып, оның дұрыс еместігін, яғни қателігін көрсетеді.

Б.Кларк «1984» романының жанрлық ерекшеліктері мен оның сыншыл бағыты «әдеби және саяси контекстке» байланысты болғанын атап өтіп, бұл контексті «бұған дейінгі утопиялар орнатқан жалпы ережелермен, сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі идеологиялық қақтығыстармен» түсіндіреді [4, 226]. Зерттеуші Дж.Оруэлл өз шығармасында заманауи идеологиялық мәселелер мен тоталитарлық тәжірибелерді қолданды деп есептейді. Бұл жазушыға «антиутопиялық баяндаудың негізін қалап, билік пен мемлекеттің табиғаты туралы ой толғауға» мүмкіндік берді [4, 230].

А.Абдельбаки мен П.Макманус өз еңбектерінде антиутопияны шағын жанр ретінде қарастырса, Е.М.Маркус оны толық қалыптасқан, дербес жанр деп есептейді. Оның пайда болуын капитализмнің әлеуметтік құрылым ретіндегі дамуы мен ондағы қайшылықтарымен байланыстырады [5, 637]. Қазіргі көзқарас бойынша, антиутопия жанрлық категория ретінде өзгермелі және қосымша белгілер мен функциялар арқылы өзін кеңейте алады. С.Изомаа, Ю.Корпуа және Ю.Тейттинен бұл туралы былай деп жазады: «Бұл антиэссенциалистік көзқарас, бір жағынан, теориялық тұрғыдан мықты, екіншіден, кросс-мәдени талдау үшін ыңғайлы, әсіресе уақыт өте келе, бұл жанрлардың өзгеруіне және әртүрлі мәдениеттерге бейімделуіне мүмкіндік береді…» [6, 12]. Зерттеушілер антиутопия жанрының өзгермелілігін оның әртүрлі формаларға ене алатындығымен түсіндіреді, мысалы: «антиутопиялық фильмдер, телесериалдар, цифрлық ойындар мен графикалық романдар. Антиутопиялық фантастика да анықтамасы бойынша антиутопияға жатпайтын басқа баламалы оқиғалар мен готика, қорқынышты әңгімелер, апаттар мен солардан аман қалғандар туралы фантастика сияқты жанрлармен араласып, әрбір ортада жаңа салаларға ене алды». Нәтижесінде, бүгінгі таңда антиутопиялық белгілер өнер, әдебиет және жалпы мәдени өндіріс саласында дерлік кездеседі» [6, 14]. Біз үшін кері процесс те аса маңызды болып көрінеді, яғни антиутопия мәдени құбылыстарды өзіне сіңіріп, мәдени дәстүрді өзінше бейімдейді. Отандық зерттеушілер де Дж.Оруэлдің «1984» романына

назар аударады, алайда бұл туындының жанрлық табиғатына қатысты мәселелер олардың ғылыми қызығушылық аясынан тыс қалып отыр. Б. Қызырбекқызы романның өзектілігін атап өтіп, шығармадағы оқиғалар мен қазіргі әлемде жүріп жатқан үдерістер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындайды [7]. Ал З.Б.Баймусина мен Д.С.Розиева Дж.Оруэлдің «1984» романы мен В.Сорокиннің «Опричниктің күні» романдарын салыстыра отырып, тоталитарлық мемлекеттегі қоғамды басқару құралы ретіндегі жаңатілді талдауға баса назар аударады [8].

Осылайша, «1984» романына, соның ішінде оның жанрлық табиғатына арналған зерттеулердің көптігіне қарамастан, жанр категориясының икемділігі мен жаңа сыни тәсілдер бұл шығарманы басқа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оны мәдени феномен ретінде карнавалға қарама-қарсы, оның «оппоненті» болып табылатын псевдокарнавалдың типологиялық белгілерін бейнелеу тұрғысынан талдауға болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы зерттеу М.Бахтиннің карнавал тұжырымдамасына негізделеді, оның мәні әдеби шығармаларда карнавал және карнавал мәдениеті феномені ой елегінен қайта өткізіліп, түрленуінде. Бұл әдіс карнавалдандырылу деп аталады. М.Бахтин еуропалық романды дамытқан үш негізгі: эпикалық, риторикалық және карнавалдық бағытты анықтайды. Сонымен қатар ғалым олардың арасында өтпелі формалардың бар екенін атап өтеді [9]. Антиутопия романының жанрын сөз еткенде, Бахтиннің «карнавалдық түбірі» өзінше қайта ойластырылған деп айтуға болады, бұл талдау нысанын – псевдокарнавал поэтикасын және оны зерттеу әдісін айқындайды.

Типологиялық талдау Дж.Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал белгілерін, олардың көрінісі мен маңызын анықтауға мүмкіндік берді, осылайша зерттеліп отырған шығарманың поэтикасының ерекшелігін айқындауға ықпал етті. Компаративистік талдау Бахтин карнавалының типологиялық белгілерімен салыстыру арқылы псевдокарнавалдың сипаттарын анықтау әдістемесін қамтамасыз етті.

Контекстуалды талдау шығарманы мәдени феномен, яғни карнавал парадигмасы тұрғысынан зерттеуге және интерпретациялауға негіз болды. Мақала авторлары мәдениет пен әдебиеттің көпқырлы байланыстарын тұтас қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелі тәсілді қолданды.

Талқылау мен бақылау. «Псевдокарнавал» ұғымын қолдана отырып, біз Бахтиннің карнавалдандыру тұжырымдамасына сүйенеміз. Айта кетер жайт, М. Бахтиннің карнавал идеясы әдебиеттанудағы зерттеулерге әсер етіп қана қоймай, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда да дамыды. Қазір психотерапияны карнавал түрінде түсіндіретін тұжырымдамалар жасалып жатыр [10], ал заманауи медиа жаһандану дәуірінде медиакарнавал ретінде қарастырылады [11].

М. Бахтиннің пікірінше, карнавалдандыру әдеби-жанрлық дәстүрге айналып, бастапқы қайнар көзі – карнавалдан ажырағанымен, көркем әдебиетте карнавалдық элементтердің сақталуын білдіреді. Ғалым бұл дәстүрдің көріністерін Рабле мен Достоевский романдарынан табады. Бахтиннің карнавал тұжырымдамасынан туындаған псевдокарнавал антиутопиялық әлемді бейнелеудің маңызды көркемдік құралы болып табылады, және бұл мәтіннің әртүрлі деңгейлерінде байқалады. Б.А.Ланин мен М.М.Боришанская сияқты зерттеушілер А.Зиновьевтің шығармашылығындағы псевдокарнавал поэтикасы мен мениппейлік дәстүрлерді талдаса [12], А.Т.Ламина псевдокарнавал концепциясы арқылы антиутопия мен орыс киберпанкындағы қорқыныш табиғатын айқындайды [13].

М.Бахтин ерекше карнавалдық дүниетанымға назар аударады. Ол қорқыныштан арылтатын, табиғаттың жаңаруын және қоғамның дағдарыс пен тыйымдардан босауын білдіретін құбылыс ретінде сипатталады. Карнавал ресми салмақтылық пен догматизмге қарсы тұрып, тоқырау, дағдарыс, барлық иерархиялық қатынастар мен артықшылықтардың абсолюттенуіне жол бермейді. Карнавалдың маңызды функциясы – норманың, өмірдің әдеттегі ағымының және заңның уақытша бұзылуы. Карнавал қалыптасқан нормалар мен әлеуметтік қатынастарға, қоғамдағы барлық жағымсыз, дағдарыстық және халықтың тіршілік қуатын тежейтін құбылыстарды әшкерелейтін пародияға айналады. Ол өзіне тән

ритуалдарды, тілді, карнавалдық формалар мен символдарды қалыптастырады. Айта кету керек, карнавал қатысушылары үшін оның уақытша құбылыс екені айқын: мереке кезінде нормалар бұзылғанымен, карнавал аяқталған соң, олар қайта қалпына келеді.

Псевдокарнавалда біз бәрі керісінше екенін көреміз. Ол карнавалдың толық қарама-қарсы құбылысына айналады, кері әсер тудырады. Егер карнавал нормаларды уақытша бұзып, әлеуметтік қатынастарды мазақ етсе, псевдокарнавал керісінше, карнавал бұзған немесе азайтқан нәрселерді абсолюттік және жалпыға міндетті етіп бекітеді. Псевдокарнавалда қалыптасқан тәртіптен ешқандай уақытша да, тұрақты да ауытқуларға жол берілмейді. Ол карнавалдың өміршең, шығармашылық күшін бұзып, оның позитивті негізін жоққа шығарады. Карнавал болуға тиістілер (ойын, өзін ақиқат пен шындық ретінде көрсету әрекеттері) антиутопиялық шындыққа айналады. Бұл шындықтың өзі қалыпты жүйеде норманың бұзылуына, қателікке, ауытқуға әкеліп, дұрыс емес құбылыс ретінде көрініс табады.

М.Бахтиннің пікірінше, карнавал қалыптасқан көзқарастардан, нормалар мен әдеттерден арылуға көмектеседі. Ол әлемді басқаша көруге, бәрінің салыстырмалы екенін түсінуге және өзгерістердің заңды құбылыс екенін, сондай-ақ басқа әлемдік тәртіптің мүмкін екенін ұғынуға мүмкіндік береді. Ал псевдокарнавал, керісінше, үстем көзқарасты қолдап, кез келген баламаны жоққа шығарады. Ол толық сенім мен мойынсұнуды талап етіп, әлемге билік нұсқағандай қараудан басқа мүмкіндік бермейді.

М.Бахтиннің айтуынша, күнделікті өмірде қорқынышты болып көрінетін нәрселер карнавалда «күлкілі қорқыныштарға» айналады. Осылайша, қорқыныш күлкі арқылы жеңіліп, халықтың қуаты мен күшін басып тастайтын нәрселер әжуаланады. Ал псевдокарнавалда, керісінше, қорқыныш күшейтіліп, асыра дәріптеліп, одан да үрейлі әрі жиіркенішті болып көрінеді. Гротесктің арқасында қазіргі әлемнің баламасыз екені туралы түсінік бұзылады. Бір жағынан, Дж.Оруэлл Океания әлемін гипербола арқылы суреттейді, екінші жағынан, осы әлемнің шектен шыққан көріністерін бейнелей отырып, оның қалыптан тыс және жол беруге болмайтын жүйе екенін көрсетеді. Антиутопияда гротеск өзіне тән комизмін жоғалтқан. Онда қорқынышты, үрейлі, қараңғы атмосфераны бейнелеу басты орын алады, бұл өз кезегінде әлемнің сұсты табиғаты мен оған деген үрейді айқын көрсетеді.

Карнавалдағы негізгі принцип – күлкі. М.Бахтиннің айтуынша, карнавалдың күлкілі бастамасы қорқыныш сезімін жойып, адам санасына, қоғам энергиясына және оның шығармашылық әлеуетіне еркіндік береді. Карнавалдағы күлкі – өмірді мадақтайтын күш, ол өлім алдындағы үрейді жеңуге көмектеседі және терапиялық рөл атқарады. Ал псевдокарнавалда басты қағида – қорқыныш. «1984» романының атмосферасы түгелдей үрей мен қорқынышқа қанық. Қорқыныш адамның еркін, әрекет ету қабілетін жоя алады. Айналасындағы әлемнің мәнсіздігі мен қоршаған ортаның қорлығын көре білу қабілеті, партияның қайшылыққа толы ұрандарына күмәндануы – Уинстонның ой еркіндігінің және басқа шындықты елестете алу қабілетінің көрінісі. Маңызды жайт, карнавалдағы күлкі сыртқа бағытталып, адамдарды біріктіреді, ал антиутопия әлеміндегі қорқыныш адамның ішкі дүниесіне еніп, оны тұйықтандырады және өзгелерден өзін оқшау ұстауға мәжбүрлейді.

Карнавал атмосферасында еркіндік, бостандық, тіпті анархия билік етіп, адамдар арасында еркін және *фамильярлық* қарым-қатынас байқалады. Карнавалдық мінез-құлық нормалары мен тіл шекараларды бұзып, иерархиялық қатынастарды жояды. Карнавал әлеуметтік шығармашылық пен революцияны имитациялап, негативті энергияны шығаруға және ашық сын айтуға мүмкіндік береді. Ал псевдокарнавалда, керісінше, еркіндік жоқ – мұнда мәжбүрлеу, баламалы ойды жою және толық бақылау орнайды, бұл күн тәртібінен бастап тілдік қарым-қатынас нормаларына дейін көрініс табады. Карнавал – жаңаруды әкелетін мереке. Псевдокарнавал – өзгермейтін, шығатын есігі жоқ түрме.

Карнавал жалпыхалықтық және әмбебаптық идеяларды көздегендіктен, ондағы кеңістік – бәрін біріктіретін алаңдар мен көшелер. Карнавал кеңістігі у-шуға, *ың-жың*

дауысқа толы. Антиутопияда псевдокарнавал әлеміндегі адамдар көбінесе бақылауға ыңғайлы жабық, тар, ауасы тар бөлмелерде көрсетілсе, көше мен сыртқы әлем қауіп-қатерге толы, дүшпандық орта ретінде көрініс табады. Антиутопиялық әлемнің кеңістігі әрдайым шектеулі, тұйық. Сонымен қатар антиутопиялық қоғамда адам жеке кеңістік құқығынан айрылады, ал оңаша қалу – жалған, иллюзиялық ұғымға айналады. Мемлекеттің толық бақылауындағы бөлмеде адам өзін еркін сезіне алмайды, рухани және физикалық ыңғайсыздықта өмір сүруге мәжбүр.

Карнавалдағы уақыт өмір және өлім циклі философиясымен тығыз байланысты. Карнавал табиғат пен қоғам өміріндегі дағдарыс кезеңдерінде өткізілген. Табиғаттағы өлім мен жаңарудың циклдері өлімді жаңа бастаманың басы ретінде қабылдауға негіз болды. Өйткені өлім жаңаруды әкеледі, ал өмір сөзсіз өлімге жетелейді. Сондықтан карнавал аяқталуды қабылдамайды және шексіз болашаққа бағытталған. М.Бахтиннің пікірінше, карнавалдық дүниетаным нақты бір қорытындыны мойындамайды, өйткені әрбір аяқталу – жаңа бастаманың бастауы [9]. Ғалым мысалға патшаны таққа отырғызу және тақтан құлату дәстүрін келтіреді, өйткені бұл процесс карнавалдық дүниетанымның мәнін – өзгерістер мен ауысулардың, өлім мен жаңарудың пафосын білдіреді. Әлемде, өмірде бәрі уақытша, бәрі өзгереді, сондықтан М.Бахтиннің айтуынша, карнавал – «бәрін жойып, бәрін жаңартатын уақыттың» мерекесіне айналады [9]. Ал псевдокарнавалда, керісінше, уақыт тоқырауға ұшырап, өмір уақыттың ағымын сездірмейтіндей. Бұған қоса, Партия қоғам құрылымында ештеңенің өзгермейтінін, ереже-заңдардың, иерархияның биржола бекітілгенін адамдардың саналарына құйып тастаған. Партия тек қазіргі уақытты ғана емес, өткенді де өз бақылауында ұстайды. Ф.Джеймисон: «Алайда «1984» романының ең басты есте қаларлық ерекшелігі – адамның өткенді жоғалту элегиялық сезімі мен жадына деген сенімсіздігі», -деп, антиутопиялық әлемдегі уақыттың маңыздылығына назар аударады [14, 200]. Бұл – күшті символ, өйткені өткеннен айрылу уақыттың үзілгенін білдіреді. Ал уақыт өзгерістер әкелуі тиіс, бірақ псевдокарнавал әлемінде бұл өзгерістерге ешқашан орын жоқ. Дж.Оруэлл романындағы псевдокарнавал – уақытша құбылыс емес, керісінше, мәңгілікке ұмтылып, қалыпты норманы биржола жоққа шығаратын жүйе. Антиутопияда уақыт тоқтап қалған. Айта кететін жайт, псевдокарнавалдың аномалиясына Уинстон қарсы тұрғанда ғана, уақыт қозғалып, қандай да бір мәнге ие болады. Уинстон бейнебір уақыт механизмін іске қосқандай, бірақ бұл ұзаққа созылмайды.

Карнавалдың маңызды қасиеттерінің бірі – ойын. Карнавалда бәрі «сияқты», «төңкерілген әлем», «керісінше өмір» («monde a l'envers») түрінде өтеді [9]. М.Бахтиннің пікірінше, карнавалда өмірдің өзі ойынға, ал ойын өмірге айналады. Карнавалда адамдар маска киіп, күнделікті өмір шеңберінен шығады, сонда ғана, Бахтиннің пікірінше, олардың шынайы болмысы мен өзара қарым-қатынасы ашылады. Осылайша, карнавалдағы ойын ерікті және ақиқатты ашуға бағытталады. Ал псевдокарнавалдағы ойын ережелері мәжбүрлі түрде қабылданады: адамдар маскаларын өз ойлары мен сезімдерін жасыру үшін тағуға мәжбүр. Ойын ережелерін бұзу ғайып болу қаупіне әкеледі. Бұған қоса, ол тек қатысуды емес, болған жағдайды шынайы қабылдап, оған сенуді талап етеді. Жай ғана формалды ойын жеткіліксіз – билік адамдардың ой-санасы мен жан-дүниесін бақылауға ұмтылады. Дж.Оруэлл романында псевдокарнавал шынайы өмірдің жалғыз мүмкін формасына айналған. Океания тұрғындары «ойнайды», өздерін басқа қырынан көрсетіп, аман қалу үшін мәжбүрлі түрде таңылған ережелерге бағынады: «...Бірақ бет әлпеті сол күйі, ештеңе аңғарылмады. Қорыққаныңды көрсетуге болмайды! Қарсылық танытуға болмайды! Көзіңдегі ұшқынның өзі ұстап беруі мүмкін» [2, 42]. «...бет әлпетіңнен не ойлап отырғаныңды біліп қоюы әбден мүмкін...беттің тартуы, көздің ойнақшуы, өз өзіңнен күбірлеп сөйлеу сияқты титтей әрекеттің өзі сені ұстап беруі мүмкін» [2, 68]. Тіпті қарсылықтың өзі ойынды талап етеді: «Мейлі, таңның атысы мен күннің батысына дейін аңдысын, ең бастысы, ақылмен әрекет етіп, оны да алдап соғуға болады. Олар қанша айлакер болса да, адамның ойын оқи алмайды» [2, 171]. Псевдокарнавалдағы «ойын» қоғамдық және жеке өмірдің барлық салаларын қамтиды. Тіпті білім беру

жүйесінің өзі осы ойынға негізделген: «Ең жаманы, Із кесушілер сияқты ұйымдар бала біткенді кішкентайынан озбырлыққа үйретіп жатыр. Оның әндері, бұқаралық шерулері, байрақтары, туристік сапарлары, оқу тапаншасымен жасалатын саптағы жаттығулары, ұрандары, Көкеге табыну – бәрі олар үшін ерлікпен парапар. Озбырлар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, мемлекетті сатып кеткендермен, опасыздармен, іріткі салушылармен, ой қылмыскерлерімен жұмыла күреседі» [2, 29]. Ережелерді бұзу «ғайып болу» қаупін төндіреді: «Адамдар түннің ортасында өзінен-өзі жоғалып кетеді. Аты-жөнің барлық тізімнен өшіріліп, артыңда қалған қолтаңбаңды жоқ қылады, естеліктерің саналардан өшіп, біржола ұмыт боласың. Сөйтіп, ізім-қайым жоғаласың, олар мұны «ғайып болды» деп атайды» [2, 24]. Дж.Оруэллдің псевдокарнавалдық шындығында абсурдты рәсімдер мен күлкілі заңдар адамды күлдіруі керек еді. Алайда, керісінше, олар қорқынышты әрі үрейлі көрінеді, өйткені олардың шынайы табиғатын ашуға тырысу өлімге әкеледі. Мұнда ойын өмір мен өлім шекарасына тым жақындап кеткен, ал өліммен ойнау мүмкін емес.

Карнавалда кейіпкерге мұқтаждық жоқ, оның пайда болуына негіз де жоқ, өйткені бәрі қоғамға өз еркімен бірігіп, карнавал атмосферасына толық сіңеді. Онда ерлік танытудың, қарсылық көрсетудің, күресудің керегі жоқ, себебі карнавалдың өзі – символдық, ойын түріндегі қарсылықтың көрінісі. Ал псевдокарнавалда міндетті түрде бүлікшіл кейіпкер болады, ол қоғамға, қалыптасқан нормаларға, билікке қарсы тұрады. МакМанустың пікірінше, антиутопияның басты кейіпкерінің ішкі қайшылығы және оның жүйеге қарсылығы сюжеттің негізгі элементтері болып табылады. Себебі «антиутопиялық сюжет орнатылған тәртіп пен оған қарсы нәрсенің арасындағы қарама-қайшылыққа негізделеді» [15, 388]. А.Абдельбакидің пікірінше, антиутопияның маңызды белгісі – басты кейіпкердің жеке даралығы, оның қоғамның ұжымдық санасына қарсы тұруы. «Бас кейіпкерді айналасындағы қоғамнан өзгеше ететін нәрсе – оны өмірге басқаша қарауға итермелейтін жеке даралық сезімі... Осылайша, антиутопия қоғам жеке азаматтың даралығын жоққа шығарып, көпшіліктің даралығымен біріктескен кезде пайда болады» [16, 26]. Антиутопиядағы айқын даралық кейіпкердің өліміне әкелуі мүмкін, сондықтан адамдар өз әрекеттерін, қол қимылдарын, сөздерін мұқият бақылауды үйренеді.

Карнавал – бұл жан мен тәннің мерекесі, онда күлкі, мол дастарқан, у-шу, көңіл көтеру, сезімдердің тасуы мен әсерлі эмоциялар молынан көрініс табады. Карнавал аясындағы мінез-құлық нормаларының, дененің, қимылдардың ерекше еркіндігімен, әрекеттердің шектеусіздігімен, қарым-қатынастағы әлеуметтік иерархияны елемеумен сипатталады. Мұның барлығы – күлкі мәдениетінің мұрасы. М.Бахтин карнавал барлық тыйымдар мен шектеулерді, әлеуметтік-иерархиялық теңсіздік пен адамдар арасындағы дистанцияны, сондай-ақ солармен байланысты құрмет пен этикет ережелерін жойғанын атап көрсетеді. Ғалым мұны карнавалдық дүниетанымның маңызды факторы деп есептейді. Ал псевдокарнавалда, керісінше, қатаң иерархия қалыптасып, ол жай ғана құрмет көрсетуді емес, Партия мүшелерінің алдында қорқыныш пен құлдық ұруды талап етеді. Қысым көрген адамдар тұйық, олар азық-түлікпен жеткілікті қамтамасыз етілмегендіктен және материалдық жағдайларының ауыр болғандықтарынан, әлсіреп, жүдеген. Үздіксіз бақылау мен қарым-қатынас жасаудың алдын ала белгіленген форматы еркек пен әйелдің арасындағы сезімді, физикалық тартымдылықты, сенімділік пен шынайылықты жояды.

Карнавалдың негізгі әрекеттерінің бірі – биліктің бейнесі ретінде карнавал патшасын ойын түрінде таққа отырғызу және біраз уақыттан кейін (өйткені бәрі уақытша, бәрі өзгереді) оны тақтан құлату. Ал псевдокарнавал әлемінің парадигмасында мұндай жағдайдың болуы мүмкін емес, өйткені биліктің ауысуы туралы ойдың өзі санада орын алмауы керек. Дж.Оруэлдің антиутопиясында Көке мен Партияның билігі мәңгілік болып көрінеді. Оның үстіне Көке ешқашан тікелей әрекет етпейді, өйткені ол көрінбейді, алыстан басқаратын құпия тұлға. Шын мәнінде оның бар-жоғы белгісіз, бірақ ең маңыздысы – ол әр адамның өмірінде, жанында, ой-санасында. Және сол сананың өзінде де ол ауыспайды, өзгермейді.

Карнавалдық мәдениет еркін, шектеусіз сөйлеу мәнерінде көрініс табады, оған қалжың, тұрпайы сөздер мен қарапайым халық тілі жатады. М.Бахтиннің айтуынша, мұндай еркіндік тек сөйлеуде ғана емес, ым-ишарада да байқалады. Карнавал тілі әлеуметтік нормалардан асып түсіп, адамның мәртебесі, жасы немесе мүлкіне қарамастан қолданылады, сондықтан күнделікті өмір логикасы тұрғысынан ерекше әрі орынсыз болып көрінеді [9]. Антиутопиядағы псевдокарнавалдық әлемде арнайы жасалған жасанды тіл – жаңатіл қолданылады. Ол адамның сөйлеу еркіндігін шектеп, ойлау қабілетін қарапайым деңгейге дейін төмендетеді. Бұл ресми атаулардың қысқартылуынан (миниправ, минимир, минилюб, минизо) айқын көрінеді. Сөздерді өзгерту мен мағыналарын бұрмалау ойды, тілді және жеке тұлғаның өзін-өзі білдіруін басып-жаншудың құралына айналады. Романның жаңатілге арналған қосымшасында былай делінген: «Жаңатілдің мақсаты – тілді Ағылсоцтың ізбасарларының дүниетанымын және рухани әуестігін білдіруге арналған қажетті құралға айналдыру ғана емес, сондай-ақ одан өзгеше ойлау әдісін мүлде жоққа шығару. Сол себепті кітапты басып шығару кезінде Партия мүшесіне қажетті деген түсініктерді мейлінше нақты, барынша аз сөзбен білдіру көзделген. Кез келген сөздің астарлы немесе ауыспалы мағынасымен қоса, оларды кездейсоқ, тіпті жанама жолмен «қолдану» мүмкіндігін де жоқ қылған» [2, 305]. Тіл рұқсат етілмеген ұғымдарды білдіретін сөздерден тазартылып отырған. Жаңатілде метафораларға, екіойлылыққа, астарлы мағынаға орын болмауы керек еді. Дж.Оруэлл тілдік «реформаның» түпкі мақсаты жаңа сөздер жасау емес, керісінше, бұрынғыларын жою екенін көрсетеді. Жаңатіл жасаушылардың бірі Сайм бұл туралы былай дейді: «Жаңатілдің басты мақсаты – адамзаттың ойлау диапазонын тарылту… Өстіп-өстіп ешкім ойша қылмыс жасай алмай қалады, өйткені оны жеткізетін сөз болмайды ғой» [2, 58]. Осылайша, карнавал тілі ойлау мен қиялды еркін етсе, псевдокарнавал тілі керісінше, оларды шектеп, еркін ойды тұншықтырудың құралына айналады.

Нәтижелер. Псевдокарнавал – бұл М.Бахтин сипаттаған жаңартушы, жасампаз карнавал емес, керісінше, оған қарама-қарсы: қараңғы, сұсты, үрей тудыратын құбылыс, әрі ол норманы уақытша емес, түбегейлі жоюға ұмтылады.

Егер карнавал әлемі күнделікті өмірге пародия ретінде құрылса, Дж.Оруэлдің антиутопиясында Океаниядағы өмір қалыпты тіршіліктің қорқынышты пародиясына айналады. Осылайша, карнавал мен норма романда өз орындарын ауыстырған.

М.Бахтиннің карнавалына қарама-қарсы Дж. Оруэлл жасаған псевдокарнавал – бұл мереке емес, қорқынышты күнделікті өмір; ол «болмыс, өзгеріс пен жаңаруды» емес, керісінше, мызғымас тұрақтылықты, өзгермеуді, алмастырылмауды және тоқырауды бейнелейді.

Дж.Оруэллдің шығармасында псевдокарнавал бұрынғы тәртіпті жоймайды, керісінше, жалғыз «ақиқатты» бекітіп, билікті нығайтып, қатаң иерархия құрып, түрлі нормалар мен тыйымдар енгізеді.

Романда ол ритуал, ұран, символдар мен тіл арқылы көрініс тауып, қалыпты өмірді күйретеді. Бұл құбылыстар күлкілі, қисынсыз, адамдарға жат көрінеді, бірақ Партия оларды, тіпті ақылға қонымсыз болса да, қабылдауға мәжбүрлейді. Псевдокарнавал шынайылықты басып алды және нағыз карнавалдан оның айырмашылығы – ешқашан аяқталмауында.

«1984» романында псевдокарнавал карнавал сияқты норманы уақытша бұзбайды, керісінше, оны толықтай жоққа шығарып, норманың орнын басады, өзін норманың жалғыз формасы ретінде жария етеді. Оған бұрынғы әлеуметтік қатынастарды, моральді, тарихты, тілді, ойлауды жоққа шығару тән.

Қорытынды. Дж.Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал феномені халықтық карнавалдың табиғаты мен мәнімен шартталған, олардың байланысы қарама-қарсы қатынастар арқылы көрінеді. М. Бахтиннің әдебиетті карнавалдандыру тұжырымдамасы антиутопия жанрының псевдокарнавалдық сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Псевдокарнавал мен карнавал арасындағы айырмашылық бинарлық оппозициялар арқылы көрініс табады: күлкі/қорқыныш атмосферасы, бостандық рухы бар/тәуелді орта,

ойын/мәжбүрлеу, ашық/тұйық кеңістік, болашаққа ұмтылған уақыт/тоқыраған қазіргі шақ, жойылатын/бекітілген иерархиялық қатынастар, ауыспалы/өзгермейтін билік, азат ететін/бағындыратын ойын, еркін/шектелген тіл, шығармашылық/шаблонға сүйенген ой.

Британдық жазушының романында псевдокарнавал поэтикасы жанрлық, құрылымдық, композициялық және мағыналық деңгейлерде көрініс табады. Ол атмосфера, әлемді қабылдау, уақыт пен кеңістік, күлкі мен қорқыныш концепциялары, иерархия, мінез-құлық нормалары, ойын мотиві және тіл арқылы бейнеленген.

Зерттеудің жаңалығы мен маңыздылығы псевдокарнавал тұжырымдамасын дамытуда және оны антиутопиялар мен әлеуметтік құбылыстарды талдаудың теориялық шеңбері ретінде көрсетуінде жатыр. Дж.Оруэлл иерархиялық қатынастардың сипатын, бинарлық оппозициялардың ерекшеліктерін және мінез-құлық нормаларын қалыптастыру механизмін анықтауға мүмкіндік беретін маркерлерді белгілеген. Роман талдауында қолданылған псевдокарнавал концепциясы биліктің орнату механизмдерін айқындауға ғана емес, шығарманың семантикасын терең түсінуге және оның ішкі логикасын біріктіруге де мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде антиутопия жанрының поэтикалық ерекшеліктерін жаңа қырынан пайымдауға жол ашады.

Әдебиеттер

1. Hart E. Embodied Literature: A Cognitive-Poststructuralist Approach to Genre // Rivkin J., Ryan M. Literary Theory: An Anthology. Third Edition. – John Wiley&Sons, 2017. – P. 1265-1283.
2. Оруэлл Д. 1984. – Алматы: Мазмұндама, 2021. – 328 б.
3. Morris J.M., Kross A.L., eds. The A to Z of Utopianism // The A to Z Guide Series, № 36. – Lanham, Toronto, Plymouth: The Scarecrow Press, 2009.
4. Clarke B. Orwell and the Evolution of Utopian Writing // The road from George Orwell: his achievement and legacy / Alberto Lázaro (ed.). – Bern; Berlin; Bruxelles; Frankfurt am Main; New York; Oxford; Wien: Lang, 2001. – P. 225-250.
5. Marques E.M. Survival by Promise: Dystopian Fiction as Denouncer of the Capitalocene // Gragoatá, Niterói. – 2021. – Vol. 26. – № 54. – P. 620-641. DOI: https://doi.org/10.22409/gragoata.v26i55.47601
6. New Perspectives on Dystopian Fiction in Literature and Other Media / Edited by Saija Isomaa, Jyrki Korpua and Jouni Teittinen. — Cambridge Scholars Publishing, 2020.
7. Baimussina Z.B., Roziyeva D.S. Newspeak as a Tool of Totalitarism in the Works of 1984 by G. Orwell and Day of the Oprichnik by V. Sorokin. – Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Philological Sciences. – 2022. – № 4 (67). – P. 283-293. DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.021
8. Қызырбекқызы Б. Актуальность романа «1984» Джорджа Оруэлла в современном мире: Параллели и отличия. 31.03.2014 г. URL: https://adebiportal.kz/ru/news/view/aktualnost-romana-1984-dzordza-oruella-v-sovremen nom-mire-paralleli-i-otliciia 25299
9. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Эксмо, 1963. – 362 с.
10. Драбкина Т.С. Терапевтический карнавал. – Журнал практической психологии и психоанализа. – 2004. – №1. https://psyjournal.ru/articles/terapevticheskiy -karnaval
11. Иосиф Дзялошинский. Медиакарнавал в эпоху глобализации. – МедиаАльманах. – 2019. – № 3. – С. 18-28.
12. Ланин Б.А., Боришанская М.М. Русская антиутопия XX века. – М.: Онега, 1994. – 248 с.
13. Ламина А.Т. Псевдокарнавал в романе-антиутопии и произведениях русского киберпанка. – Мир науки, культуры, образования. – 2021. – № 1 (86). – С. 358-360.
14. Jameson F. Archaeologies of the Future. The Desire Called Utopia and Other Science Fictions. – London, New York: Verso, 2005. — 431 p.
15. McManus P. Dystopia and Class: The Strange Case of Dystopian Fiction // Routledge Companion to Literature and Class / Ed. Gloria McMillan. — New York: Routledge, 2021. – P. 381-395. URL: https://cetapsrepository.letras.up.pt/id/cetaps/126924
16. Abdelbaky A. A Perfect World or an Oppressive World: A Critical Study of Utopia and Dystopia as Subgenres of Science Fiction // International Journal of English Language, Literature and Humanities. – 2016. – Vol. IV. – Is. III. – P. 17-33.

А.Т. МУСТОЯПОВА, Ж.Ж. ИБРАИМОВА, Ж.Ж. ЖАМАНОВА
Карагандинский национальный исследовательский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

ПОЭТИКА ПСЕВДОКАРНАВАЛА РОМАНА ДЖОРДЖА ОРУЭЛЛА «1984»

Аннотация. Целью данной статьи является исследование поэтики псевдокарнавала романа Джорджа Оруэлла «1984». Появление новых подходов к определению категории жанра и современных методологических инструментов способствует новым перспективам в литературоведческих исследованиях. Авторы статьи исходят от определения жанра как подвижной конструкции, которая не только постоянно трансформируется под воздействием развития литературы, но и порождает или способствует формированию новых жанровых форм. В современной литературе жанр антиутопии служит появлению смежных жанров, таких как альтернативная история, киберпанк и др. Это обстоятельство актуализирует исследования жанра антиутопии как базовой формы для современных художественных повествований, в которых присутствуют жанровые черты антиутопии. Краткий обзор литературы позволяет определить степень исследованности жанровой природы романа «1984». В предлагаемой статье делается попытка проанализировать роман Дж.Оруэлла «1984» с точки зрения присутствия в нем черт псевдокарнавала, который определяется как феномен, противоположный карнавалу. Анализ поэтики псевдокарнавала романа основан на концепции карнавала М.Бахтина и его тезисе о карнавализации литературы. Поэтика анализируемого романа-антиутопии построена на противопоставлении поэтики карнавала. В статье осуществлен сопоставительный анализ поэтик карнавала и псевдокарнавала.

Ключевые слова: антиутопия, карнавал, псевдокарнавал, жанр, карнавальная культура, мироощущение.

A.T. MUSTOYAPOVA, ZH.ZH. IBRAIMOVA, ZH.ZH. ZHAMANOVA
Academician E.A. Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan

THE POETICS OF THE PSEUDO-CARNIVAL OF GEORGE ORWELL'S NOVEL "1984"

Annotation. The purpose of this article is to explore the poetics of the pseudo-carnival of George Orwell's novel "1984". The emergence of new approaches to the definition of genre categories and modern methodological tools contributes to new perspectives in literary studies. The authors of the article proceed from the definition of genre as a movable structure that is not only constantly transformed under the influence of the development of literature, but also generates or contributes to the formation of new genre forms. In modern literature, the genre of dystopia serves as the emergence of related genres such as alternative history, cyberpunk, etc. This circumstance actualizes the research of the dystopian genre as a basic form for modern artistic narratives, which contain genre features of dystopia. A brief review of the literature allows us to determine the degree of investigation of the genre nature of the novel by the British writer "1984". The proposed article attempts to analyze the novel by G.Orwell's "1984" from the point of view of the presence in it of the features of a pseudo-carnival, which is defined as a phenomenon opposite to carnival. The analysis of the poetics of the pseudo-carnival of the novel is based on the concept of carnival by M.Bakhtin and his thesis on the carnivalization of literature. The poetics of the analyzed dystopian novel is based on the juxtaposition of carnival poetics. The article provides a comparative analysis of carnival and pseudo-carnival poetics.

Keywords: dystopia, carnival, pseudo-carnival, genre, carnival culture, worldview.

References

1. Hart E. Embodied Literature: A Cognitive-Poststructuralist Approach to Genre // Rivkin J., Ryan M. Literary Theory: An Anthology. Third Edition. – John Wiley&Sons, 2017. – R. 1265-1283.

2. Oruell D. 1984. – Almaty: Mazmūndama, 2021. – 328 b.

3. Morris J.M., Kross A.L., eds. The A to Z of Utopianism // The A to Z Guide Series, № 36. – Lanham, Toronto, Plymouth: The Scarecrow Press, 2009.

4. Clarke B. Orwell and the Evolution of Utopian Writing // The road from George Orwell: his achievement and legacy / Alberto Lázaro (ed.). – Bern; Berlin; Bruxelles; Frankfurt am Main; New York; Oxford; Wien: Lang, 2001. – R. 225-250.

5. Marques E.M. Survival by Promise: Dystopian Fiction as Denouncer of the Capitalocene // Gragoatá, Niterói. – 2021. – Vol. 26. – № 54. – P. 620-641. DOI: https://doi.org/10.22409/gragoata.v26i55.47601

6. New Perspectives on Dystopian Fiction in Literature and Other Media / Edited by Saija Isomaa, Jyrki Korpua and Jouni Teittinen. — Cambridge Scholars Publishing, 2020.

7. Baimussina Z.B., Roziyeva D.S. Newspeak as a Tool of Totalitarism in the Works of 1984 by G. Orwell and Day of the Oprichnik by V. Sorokin. – Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Philological Sciences. – 2022. – № 4 (67). – R. 283-293. DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.021

8. Qyzyrbekqyzy B. Aktuälnöst romana «1984» Jorja Oruella v sovremennom mire: Paraleli i otlichia. 31.03.2014 g. URL: https://adebiportal.kz/ru/news/view/aktualnost-romana-1984-dzordza-oruella-v-sovremennom-mire-paralleli-i-otliciia 25299

9. Bahtin M. Problemy poetiki Dostoevskogo. – M.: Eksmo, 1963. – 362 s.

10. Drabkina T.S. Terapevticheski karnaval. – Jurnal prakticheskoi psihologii i psihoanaliza. – 2004. – №1. https://psyjournal.ru/articles/terapevticheskiy-karnaval

11. İosif Dzäloşinski. Mediakarnaval v epohu globalizasii. – MediaÄlmanah. – 2019. – № 3. – S. 18-28.

12. Lanin B.A., Borişanskaia M.M. Ruskaia antiutopia HH veka. – M.: Onega, 1994. – 248 s.

13. Lamina A.T. Psevdokarnaval v romane-antiutopii i proizvedeniah ruskogo kiberpanka. – Mir nauki, kültury, obrazovania. – 2021. – № 1 (86). – S. 358-360.

14. Jameson F. Archaeologies of the Future. The Desire Called Utopia and Other Science Fictions. – London, New York: Verso, 2005. — 431 p.

15.McManus P. Dystopia and Class: The Strange Case of Dystopian Fiction // Routledge Companion to Literature and Class / Ed. Gloria McMillan. — New York: Routledge, 2021. – R. 381-395. URL: https://cetapsrepository.letras.up.pt/id/cetaps/126924

16. Abdelbaky A. A Perfect World or an Oppressive World: A Critical Study of Utopia and Dystopia as Subgenres of Science Fiction // International Journal of English Language, Literature and Humanities. – 2016. – Vol. IV. – Is. III. – R. 17-33

Авторлар туралы мәлімет:

Мұстояпова Айнаш Төкішқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан.

Мустояпова Айнаш Токушевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Карагандинского национального исследовательского университета им. академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Mustoyapova Ainash Tokushevna – candidate of Philological Sciences, associate professor, Academician E.A.Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan.

Ибраимова Жеңісгүл Жалғасбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессор ассистенті, Қарағанды, Қазақстан.

Ибраимова Женисгуль Жалгасбаевна – кандидат филологических наук, ассистент профессора Карагандинского национального исследовательского университета им. академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан

Ibraimova Zhenisgul Zhalgasbaevna – candidate of Philological Sciences, assistant professor, Academician E.A.Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan.

Жаманова Жанар Жексенбайқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан.

Жаманова Жанар Жексенбаевна – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель Карагандинского национального исследовательского университета им. академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Zhamanova Zhanar Zheksenbaevna – Master of Humanities, Senior Lecturer, Academician E.A.Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.25
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.22

***А.Н. НҰРБАЕВА[1]**
Қ.Т. ТӨЛЕБАЕВА[2]
Л.Н. ДАУРЕНБЕКОВА[3]
Alikhan Bokeikhan University, Семей Қазақстан[1,2]
А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан[3]
(e-mail: Nurbaeva.1986@bk.ru[1], tulebaeva82@mail.ru[2], daurenbekova.laura@mail.ru[3])

*ПРЕЦЕДЕНТТІК ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ (ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Мақалада прецедентті құбылыстың көркем шығармада қолданылуына талдау жасалады. Талдауға түскен тілдік материалдар Шәкәрім шығармаларынан алынған. Зерттеу барысында прецедентті құбылыстардың тіл білімінде зерттелуіне шолу жасалып, прецедентті құбылыстардың жіктелуіне тоқталады. Шәкәрім шығармаларындағы прецедентті есімдер лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топқа бөлініп қарастырылады. Мақалада жинақтау, жүйелеу, қорытындылау, лексика семантикалық талдау, топтастыру, интерпретация т.б. зерттеу әдістері қолданылды. Тілдегі прецедентті феномендерді зерттеп, зерделеудің мәні зор, себебі оларды танып, мәнін ұғыну арқылы ұлттық болмысқа, ұлт тарихы мен мәдениетіне қатысты ақпараттар аламыз. Мақалада Шәкәрім шығармаларында қолданылған прецедентті есімдер мен ұлттық прецедентті феномендер ұлт тарихындағы ұлағатты есімдерді, тарихан белгілі тұлғаларды, ұлттық мәдениет пен ұлттық сананы танытуға қызмет етеді деген тұжырым жасалды.
Зерттеудің теориялық маңызы: бұл мақала көркем шығармадағы прецедентті құбылыстарды лингвомәдени бағытта зерттеулерге өз дәрежесінде үлес қосады. Сонымен қатар Шәкәрім шығармаларының тілін жаңа бағыттарда зерттеулерге мұрындық болады деп ойлаймыз. Зерттеудің практикалық маңызы зерттеу нәтижелерін «Лингвомәдениеттану», «Прецеденттілік құбылыс» сынды арнайы курстар дәрістерін құрастыруға, оқу-әдістемелік кешендер дайындауда, курстық және дипломдық жұмыстарды жазу барысында қолданудан көрінеді.
Кілт сөздер: прецеденттілік, прецедентті феномен, прецедентті құбылыс, прецеденттік атаулар, лингвомәдениеттану, мәтін, символ

Кіріспе. Көркем әдебиет тіліндегі прецедентті құбылыстарды когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтаным тұрғысынан қарастыру тілдің қызметін, әлеуетін тереңірек аша түсуге септігін тигізеді. Ұлттық прецедентті феномендер көркем шығарма тілінде қолданылып, ұлттық болмысты, ұлттық мәдениет пен ұлттық сананы танытуға

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» атты гранттық қаржыландырылатын ғылыми жоба аясында әзірленді.*

қызмет етеді. Зерттеушілер прецедентті құбылыстарды құрылымдық және мағыналық тұрғыдан қарастыра келе, прецеденттік атаулар, прецедентті мәтін, прецедентті жағдай, прецедентті айтылым деген түрлерін анықтайды. Сондай-ақ прецедентті феномендер әлеуметті прецедентті, ұлттық прецедентті және универсалды прецедентті деп те жіктеледі. Прецедентті есімдер деп мәтінде ұшырасатын көпшілікке белгілі жалқы есімдерді атаймыз. Прецедентті есімдерді белгілі бір оқиғаларға негізделген мәдени белгі, символ ретінде танимыз.

Прецедентті есім дегеніміз тілді қолданушыларға прецдентті оқиға арқылы танымал, прецдентті мәтінде ұшырасатын белгілі есім. Прецедентті мәтіндер белгілі бір мәдениеттің көрінісі болып табылады және оқырманға сол ұлттың тарихынан, дүниетанымы мен философиясынан ақпараттар жеткізеді. Әдеби шығармаларда ұшырасатын прецедентті құбылыстар цитата, эпитет, аллюзия т.б. интермәтіндік құралдар арқылы беріледі.

Прецедентті бірліктер тарихтағы белгілі тұлғалар, мифтік бейнелер, ұлттық таным туралы мол ақпаратты жинақтап, келесі ұрпаққа жеткізеді. Сондықтан прецедентті бірліктерді ұлттық мәдениет туралы білімінің қайнар көзі деп тануға болады. Прецедентті мәтіндерді зерттеу арқылы ұлттың дүниетанымынан, мәдениет пен тарихтан хабар береді. Прецедентті есімдер әдеби шығармаларда қолданылып, географиялық жер-су атауларын, қазақтың дүниетанымын білдіреді. Бұл мақалада біз белгілі ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында қолданылған прецедентті есімдер мен ұлттық прецедентті феномендерді талдауды мақсат еттік. Ақын шығармаларындағы прецедентті бірліктер ұлттық мәдениет пен ұлттық сананы таныту, тарихи шындықты баяндау, ұлттық колоритті жеткізу, эмоционалды экспрессивті мағына беру, оқырманның дүниетанымын кеңейту, шығармадағы этномәдени ақпаратты жеткізу сияқты мақсаттарда да қолданылады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу барысында материалдарды жинақтау, жүйелеу, қорытындылау, лексика-семантикалық талдау, топтастыру, интерпретация т.б. зерттеу әдістері қолданылды. Прецеденттілік белгілі бір лингвомәдени қауымдастыққа ортақ, ұжымдық санада орныққан және мәтінде қайта-қайта қолданылу арқылы ерекше мағыналық және прагматикалық жүктеме алатын тілдік бірліктердің қасиетін білдіреді. Зерттеу барысында мәтіндерден прецедентті мәтіндер, прецедентті есімдер және прецедентті жағдаяттар анықталып, олардың семантикалық, прагматикалық және лингвомәдени ерекшеліктері талданды. Прецедентті бірліктерді айқындау үшін олардың мәдени-тарихи танымдылығы, интертекстуалдық сипаты және адресат тарапынан танылу деңгейі негізгі өлшемдер ретінде алынды.

Аталған әдістердің жиынтығы мәтін мазмұнындағы прецеденттілік құбылысын кешенді түрде сипаттауға және оның коммуникативтік-функционалдық маңызын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуші ғалым В.Красных: «прецедентті есім жалқы есім ретінде қызмет атқарады. Прецдентті есімдерге қойылатын шарттардың бірі оны көпшіліктің қабылдауы және прецедентті есім прецедентті жағдайдың символы ретінде қызмет атқаруы керек. Мұндай тілдік бірліктердің құрылымы ядро және периферия қабаттарынан тұрады» [1, 199] деген ой түйеді. Б.Абдыханова «Фольклорлық шығармалардың прецедентті мәтін ретіндегі лингвомәдени қызметі (XXI ғ. көркем шығармалары негізінде)» [2] тақырыбындағы ғылыми зерттеуінде фольклорлық прецедентті мәтіндерді лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастырады.

Талқылау мен бақылау. Г.Ж.Снасапова, Ж.Нұрсұлтанқызы, Г.С.Оралбаеваның «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кейбір прецедент есімдердің лингвомәдени ерекшеліктері» [3] тақырыбындағы зерттеу еңбегінде тілдегі негізгі мәдени қорға жататын қазақ және ағылшын лингвомәдениет өкілдерінің танымында өзіндік рөл атқаратын бірқатар прецедентті есімдер талданған. Аталған зерттеуде қазақ және ағылшын халықтарының тілдік санасындағы кейбір прецедентті есімдердің орны айқындалған. Мақала авторлары: «прецедентті есімдер уақыттың дегеніне бағынбайтын, ұлт өкілдерімен бірге мәңгі жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын ерекше лингвомәдени бірліктер» деп бағалайды.

Л.Б.Телғараева, *Л*.Ж.Мұсалының «М.Мағауиннің «Аласапыран» романындағы прецедентті феномендердің ерекшелігі» [4] атты мақаласында жазушы Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романындағы прецедентті құбылыстардың ерекшеліктері талданып, аталған романды этномәдени ақпарттары мол прецедентті мәтін ретінде қарастырады. Шығармадағы прецедентті оқиға, прецедентті есім, прецдентті айтылым сияқты прецедентті құбылыстардың көріністері, қолданылу мақсаттарын талдай келе, жазушының прецедентті есімдерді тарихи шындыққа көз жүгірту, ұлттық колоритті жеткізу, эмоционалды экспрессивті мағына беру, оқырманның дүниетанвмын кеңейту, шығармадағы этномәдени ақпаратты жеткізу мақсатында қолданғаны анықталған. Мақала авторлары «романда этномәдени ақпаратты құрайтын прецедентті феномендер тек тілдік қана емес, сондай-ақ қоғам мен тілдік санада болып жататын мәдениеттанулық үдерістерді білдіреді» [4, 112] деген тұжырым жасайды.

Ж.А.Жақыпов, Б.А.Абдыханова «Фольклорлық ілкі мәтіндердің қазіргі көркем шығармаларда берілу тәсілдері» атты зерттеу мақаласында XXI ғасыр көркем шығармаларында кездесетін фольклорлық прецедент мәтіндердің орны мен оның оқырман тарапынан қабылдануы қарастырылады. Зерттеушілердің пікірінше: «Фольклорлық прецедентті мәтіндердің қазіргі көркем әдебиетте екі көрінісі бар. Олар – прецедентті есімдер мен айтылымдар. Бұлардың кейінгі көркем мәтіндерге кірігуінің өзіндік жолдары бар. Көркем шығарма авторлары фольклорлық элементтерді қолдануда әртүрлі тәсілдерді пайдаланады» [5]. Аталған зерттеуде фольклорлық прецедентті қолданудың бірнеше тәсілдері айқындалып, мысалдар арқылы дәлелденген. Мұндай тәсілдер қатарында фольклорлық прецеденттің транформациялануы; тақырыпат түрінде қолданылуы; көптік мағынада пайдаланылып жағымсыз эмоция туғызуы; жалқыдан жалпыға өтіп фольклорлық ілкі антропоним ретінде көрініс беруі; сұраулы сөйлем арқылы берілген прецедентті мәтіндер; теңеу арқылы берілген прецедентті есімдер; экспрессивті бағалауыштық метафора арқылы берілген прецедентті есімдер және контекстуалдық антонимдерді қоодау сияқты тәсілдерді көрсетеді [5, 198]. Мақала авторлары «Прецедентті мәтін» деген сөзді қазақ тілінде «ілкі мәтіндер» деп атайды.

А.С.Игисинова, Г.М.Раева «Қазақ әйелінің болмысын сипаттайтын ұлттық прецедентті феномендер» тақырыбындағы зерттеу мақаласында қазақ әйелдерінің болмысын сипаттайтын ұлттық прецедентті феномендерді, олардың түрлерін қарастырған.

«Прецедентті феномендер деп белгілі бір қауымдастықтың барлық өкілдеріне ортақ, сол қауымдастық өкілдерінің ұжымдық тілдік санасында бекітілген, декодтау үрдісінде қиындық туғызбайтын дискурс бірліктері. Қыздарға байланысты прецедентті айтылымдар үлесі жоғары болғанынан, қазақ халқының қыз балаға деген айрықша құрметін, қыздың тәрбиесіне баса мән беретінін аңғардық. Қазақ әйелінің болмысын сипаттайтын ұлттық прецедентті феномендер қазақ халқы үшін өзекті құбылыстар мен болмыс фактілерін көрсетеді, сондықтан олар біздің ұжымдық санамызда әлі күнге дейін сақталып келеді. Алайда «менталдық» жаһандану дәуірінде адамдар арасындағы ақпараттың жедел алмасуына, ерлер мен әйелдердің қоғамдағы әлеуметтік рөлдерінің өзгеруіне байланысты әйел адамның болмысына деген көзқарас өзгеруде» [6, 24]- деген тұжырымға келеді.

Ал Г.Төкенқызы т.б. авторлардың ғылыми мақаласында Абайдың қара сөздеріндегі интертекстуалдық мәтіндер зерттеу нысанына алынған. Мақалада ақын шығармаларындағы интермәтіннің тілдік табиғаты зерделенеді. Интермәтін қазіргі кезде көркем, публицистикалық және жарнамалық мәтіндерде көрініс табады. Аталған мақалада авторлар тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, прецеденттік есімдерді интермәтіндік қолданыстар ретінде талдайды. Мақала авторлары: «Интермәтіндік қолданыстар кейіпкерлерді суреттеуге, сипатталған оқиғаларға автордың көзқарасын білдіруге, автор ойын жеткізуге мүмкіндік береді. Интермәтіндерді тиімді қолдану шығарманың оқырманға әсер ету функциясының артуына ықпал ететіндігі расталды, өйткені ол оқырманның мәдени, тарихи білімін кеңейтеді және ұлттық кодты дамытуға ықпал етеді» [7, 247] - деп есептейді.

Прецедентті есімдер А.Адилова мен А.Қаппасованың «Газет тіліндегі түркі тілдеріне ортақ фольклорлық прецедентті есімдер» тақырыбындағы мақаласында қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінде қолданылған прецедентті есімдер қарастырылған. Аталған зерттеуде түркі тілдеріне ортақ фольклорлық прецедентті есімдердің қолданысы талданады. Мақала авторлары қазақ тілінде жарық көретін баспасөз материалдары тақырыпаттарында кездесетін түркі тілдеріне ортақ фольклорлық прецеденттік есімдерді талдайды. «Прецедентті мәтіндерге ежелгі аңыздар, миф әңгімелер, халық әндерін жатқызсақ, сол фольклордағы кейіпкерлер атауы прецедентті есім болмақ. Фольклорлық прецедентті есімдер – әлемнің ұлттық-тілдік бейнесін құраушылар. Фольклор арқылы, фольклорлық прецедентті есімдер арқылы әр халықтың болмысы, құндылығы көрінеді» [8, 182] деген тұжырым жасалады.

«Прецедентные имена в массовой коммуникации» атты көлемді монография жазған зерттеуші Е. Нахимова прецедентті есімдерді бірнеше түрге жіктейді:

1) көркем шығарманы білдіретін прецеденттік атаулар;

2) уақытты көрсете отырып, маңызды істі көрсететін прецедент атаулары;

3) болған орынды белгілей отырып, жағдайды көрсететін прецеденттік атаулар;

4) компания, зауыт, банк сияқты кәсіпкерлік объетілерді білдіретін прецеденттік атаулар;

5) үлкен маңызы бар географиялық орындарды білдіретін прецеденттік атаулар;

6) кейінгі мемлекеттің тарихи өмірін еске түсіретін елдің прецеденттік атауы;

7) ірі кемелердің прецеденттік атауы [9,73].

Г. Мадиева прецедентті есімдердің адамзаттың когнитивтік кеңістігін құрайтын универсалды (Гамлет, Наполеон, Гитлер) және ұлттық когнитивтік негіздегі нағыз ұлттық (Қарабай, Плюшкин) деп жіктейді [10, 89].

Бұл зерттеулерден байқағанымыздай, тілдегі прецедентті құбылыстар когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану сияқты ғылым салаларына нысан бола алады. Шәкәрім шығармаларындағы прецедентті есімдерді лексикалық-семантикалық мағынасына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

1) шығармаларындағы тарихи тұлғаларды білдіретін прецедентті есімдер: Қорқыт ата, Әнет баба, Нысан абыз, Әбілғазы Баһадүр хан, Шыңғыс хан, Жошы, Әз Жәнібек хан, Әбілқайыр хан, Қасым хан, Әмір Темір т.б.;

2) географиялық жер-су атауларын білдіретін прецедентті есімдер: Мауренахар, Самарқанд, Ферғана, Дәшті Қыпшақ, Еміл, Еділ, Жайық, Қаратал, Шу, Есіл, Талас, Ертіс, Нұра, Іле, Балқаш, Сырдария, Ташкент және т.б.;

3) қазақтың дүниетанымын білдіретін прецедентті есімдер: Алла Тағала, Адам-Ата, Хауа ана, Тәңір, Нұх пайғамбар, Ғайса пайғамбар, тышқан темір жылы, барыс темір жылы және т.б.;

4) әлеуметтік категорияларды білдіретін прецедентті есімдер: ұлыс, хан, патша, сұлтан, бек, қолбасы, аламан, елші, саудагер, князь т.б. Шәкәрім шығармаларында тарихи тұлғаларды білдіретін прецедентті есімдер мол ұшырасады.

Мысалы, Қорқыт есімі Шәкәрімнің бірнеше шығармасында кездеседі. «Қорқыт сарыны» өлеңінде:

«Қобызбен Қорқыт сарнаған,
Қалмады жері бармаған.
Мұңлы әнмен өмір суреттеп,
Сол әнін соған арнаған» [11,128] - дейді.

Қорқыт – тұтас түркілерге ортақ данышпан, жырау, қобызшы. қын Қорқытты тұтас түркі мәдениетінің данышпаны, жырауы, қобызшысы ретінде көрсетеді. Мұнда Қорқыт есімі жай атау ғана емес, тарихи-мәдени символ қызметін атқарады, яғни шығарманың лексикалық құрылымында ұлттық руханият пен тарихтың экспрессивті белгісі ретінде көрінеді.

Қорқытқа арналаған мұңлы ән арқылы ақын этномәдени мән мен философиялық астарды жеткізеді. Бұл прецедентті есімнің қолданылуы оқырманға тарихи тұлғаның

рухани бейнесін танытып, ұлттық құндылықтарды дәріптейді. Сонымен қатар, ол көркем мәтінде интертекстуалдық байланыс тудырады, яғни Қорқыт есімі түркі халықтарының ортақ мәдени жадысына сілтеме жасайды.

Қорқыт есімі «Қорқыт, Қожа Хафиз» өлеңінде де кездесуі – ақынның бұл тарихи тұлғаға деген тұрақты қызығушылығы мен құрметін көрсетеді. Мұнда прецедентті құбылыс оқырманның тарихи санасына әсер ететін, философиялық ой салатын элемент ретінде көрініс табады. Ақын Қорқытты тек тарихи тұлға ретінде ғана емес, рухани-адамгершілік үлгісі, ұлттық санаға әсер ететін символ ретінде пайдаланады. Қорқыт есімінің Шәкәрім шығармаларындағы қолданылуы прецедентті құбылыстардың тілдік көрінісі ретінде ұлттық мәдениет пен әдеби сананы насихаттауға қызмет етеді. Бұл прецедентті бірліктердің көркем мәтіндегі рөлі – тарихи ақпарат беру, философиялық астар жеткізу және этномәдени құндылықтарды ұрпаққа жеткізу. Шәкәрім шығармаларындағы прецедентті есімге мысал ретінде Наушеруен есімін атауға болады. «Наушеруан аңда жүріп киік атқан» өлеңі сюжетті, диалогты, шығыс дәстүрімен жазылған насихат өлең. Наушеруан – тарихта белгілі парсы жұртының патшасы.

Өлеңде Наушеруанның әділдікті жоғары қоятын патша екендігін баяндалады. Наушеруанның бойындағы даналық, жанашырлық пен адалдығы оның өзгеге үлгі боларлық адам екендігін көрсетеді.

«Мұны айтсаң алатындай тілді кесіп,
Мақтанады менен кім әділ десіп.
Теңдіктің атын естіп, дәмін татпай,
Өтеміз де жүректі қайғы тесіп» [11, 96], – деген жолдары арқылы Шәкәрім Наушеруанның бір шымшым тұзды сатып алуымен, өзін қосшылармен тең болуға құқылық мүмкіндік жасап отыр. Яғни, үлгі боларлық іс көрсетіп отыр, патшаның осы әрекетін Шәкәрім өз ойына өзек етіп, насихат өлең ретінде жазған.

Түркі, араб тілдерінен бөлек орыс тілін жетік білген Шәкәрімге оның ақындық ортасы әдеби шығармаларды жазуына, аудармамен айналысуына ықпал етті. «Молдалар өзгелерді кәпір дейді» өлеңінде ақын бірнеше орыс әдебиеті өкілдерін нұрға теңейді.

Білсе егер Салтыков пен Толстойың,
Сезсе олардың айтылған терең ойын.
Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алса,
Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын.
Лермонтов, Некрасовтай ақындарын,
Өнеге етсе солардың мақұлдарын.
Өзімшіл, надандықтан көзі ашылып
Аңғарар адал жолға жақындарын – [11, 124].

Бұл өлең жолдарында М.Е.Салтыков-Щедрин, Л.Н.Толстой, Н.В.Гоголь, М.Ю.Лермонтов, А.С.Пушкин, Н.А.Некрасов сияқты классикалық әдебиет өкілдері аталады. Есімдері аталған орыс әдебиетінің көрнекті ақын-жазушылары сол кезеңдегі надандықпен күресіп, жаңашылдыққа ұмтылған жандар. Сол себептен де олардың тек өз елінде емес, барлық елге үлгі бола алатындығы айтылған. Аталған антропонимдер белгілі бір тарихи-мәдени кезеңмен, гуманистік идеялармен, ағартушылық бағытпен тығыз байланысты болғандықтан, мәтінде жай атау қызметін емес, кең мәдени-танымдық мазмұнды білдіретін лингвомәдени белгі ретінде қолданылады.

Ақын бұл прецедентті есімдерді көркем мәтінде үлгі, өнеге, рухани бағдар ретінде ұсынады. Салтыков-Щедрин мен Гоголь есімдері арқылы қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздікті әшкерелеу, надандық пен екіжүзділікті әжуалау идеясы меңзелсе, Толстой тұлғасы моральдық тазалық, рухани кемелдік және адамгершілік қағидаларымен ассоциацияланады. Ал Пушкин мен Лермонтов есімдері еркіндік рухы, ақындық миссия және ұлттық сананы ояту идеясымен астасады. Некрасовтың аталуы халық тағдырына жанашырлық пен әлеуметтік жауапкершілік ұғымдарын өз бойына жинақтайды.

Прецедентті есімдердің бұл қатарда жүйелі түрде берілуі кездейсоқ емес. Ақын оларды ағартушылық дискурстың негізгі символдары ретінде қолдана отырып, қазақ қоғамын рухани жаңғыруға, білім мен мәдениетті игеруге үндейді. «Ғибрат алу», «өнеге ету» сияқты лексемалар бұл есімдердің семантикалық жүгін күшейтіп, олардың оқырман санасындағы бағалауыштық мәнін арттырады.

Сонымен қатар, бұл өлең жолдарында прецедентті есімдер интертекстуалдық байланыс құралы қызметін атқарады. Шәкәрім қазақ оқырманын әлемдік әдеби-мәдени кеңістікке жетелей отырып, ұлттық руханияттың дамуын жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастырады. Мұнда прецедентті құбылыстар тек мәдени салыстыру объектісі емес, ұлттық сананы жаңғыртудың тетігі ретінде көрінеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы аталған прецедентті есімдерді қолдану арқылы көркем мәтіннің мағыналық өрісін кеңейтіп, оқырманға моральдық-этикалық бағдар береді. Бұл прецедентті бірліктер ақын шығармаларында тарихи-мәдени ақпаратты жеткізу, ағартушылық идеяны насихаттау және қазақ қоғамын рухани жаңару жолына бағыттау қызметін атқарады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы тек өте сауатты адам болған. Көптеген елдің шығармаларын салыстыра оқи отырып, білген деректерін өз шығармашылығында ерекше қолдана білген. Ақынның сөз саптауы, ерекше сөз байланысын құрастыра алуы оның шығармашылығында жиі кездеседі. «Ойдан шығарылған бар түрлі әндерім» өлеңінде:

Сезер ме еді,
Оларға салып берсе Сиреннің әнін?
Гомер ән сиқырын көрсеткен Сиреннен,
Қиялдаған оймен тереңнен, - [11,168]

деп берілген өлең жолдарында Гомер есімін қолдануы оның грек әдебиетімен де таныс екенін аңғартады. Гомер – эпикалық ақыны. Өлеңдері мен дастандарын ел аралап жүріп, ішекті аспаптың әуеніне қосылып, айтып шығарған. Гомер есімі бұл шығармадан бөлек Абайдың жиырма жетінші сөзінде аталады.

Шәкәрім Адам баласының өз жанын танып білмеуіне философ ғалым Конттың (1797-1857) жанның ғарыштық табиғатынан көз жазып қалуы себепті:

«Ойменен тапқан бұлдыр деп,
Дене мен пәнге байлаған

Баяғы Конттың сөзі еді» [11, 131], - деп Конттың пікірін сынайды. Конт (1797-1857) сыртқы бес сезім арқылы танылатын нәрсені ғана шындық деп танып, жан сырын танып білуді ескермейді.

Ақын туындыларында ұлт тарихындағы маңызды тұлғалар, мифтік бейнелер қолданылады. Сондай есімдердің бірі - Әнет баба мен Нысан абыз есімдері.

«Әнет Бабаң Арғынның ел ағасы ... сол кезде тоқсан беске келген жасы». «Тоқсан беске үстеме – «әрі би, әрі молла» деген жолдарда Әнет баба есімі кездеседі. Нысан Абыз мәжусилік заманның өкілі. Ол туралы аңыздарда әрі қобызшы, әрі сәуегей адам ретінде бейнеленеді. Қазақ халқы сондай сәуегейлігі бар, көреген, ақылгөй адамдарға абыз есімін берген.

Шәкәрім өзі Нысан Абызды дәулескер бақсы, айтқаны дәл келетін көпті көрген, мейірімді адам ретінде таныстырады. Сонымен қатар Нысан абыз жай адам емес, тылсым күш иесі ретінде сипатталады: «Жаман айтсам, жабығып қала көрме, - Жынның сөзін жасырып қала алмаймын» [11,89], - дейді.

Абыздың батырға бал ашатын көрінісі – «Еңлік - Кебектің» ең әсерлі тұстарының бірі.

Нысан Абыз қысылып батқан терге,
Қарады да сөйлейді Кебек ерге:
- Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан,
Батырым, ондай қызға көңіл бөлме...

Шәкәрім шежіресінде Адам ата, Хауа ана, Нұх пайғамбар т.б. көптеген пайғамбарлар мен әулие әнбиелер есімдері аталады.

«Атамыз Адам пайғамбарды Алла Тағала топырақтан жаратып жан беріп, оның оң қабырғасынан анамыз Хауаны жаратып, Хауа анамыз жыл сайын бір ұл, бір қызды егіз тауып, алдыңғы жылғы ұлға келер жылы туған қызды беріп, келер жылғы ұлға алдыңғы жылғы қызды беріп, өсіп-өніп, қырық мың кісі болғанда, Адам пайғамбар мың жасында өтіп, онан бір жыл соң Хауа анамыз өтіпті» [12].

Мысалы:

«Түріктер ескі заманда будда, христиан, зәрдәшт діні сықылды әр түрлі дінге кірсе де, онан да бұрын өздерінің бір түрлі діні болған, оның анығы білінбесе де, ескі замандағы қытайлар сықылданып жер, ағаш, темір, от, су - сол бес нәрсені құрметтеген екен, жыл есептегенде де сол бес нәрсені 12 хайуан атына қосып, 60 жылдық есептері болған. Мысалы, тышқан темір жылы, барыс темір жылы дегендей және бұл түрік жұрты бұрынғы ескі ғұрыптарын осы уақытқа шейін қоймаған» [12]. Бұл мысалда тышқан темір жылы, барыс темір жылы деген жыл атаулары қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының дүниетанымындағы жыл санау ғұрпы туралы ақпарат береді.

Л.Абикенованың мақаласында Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінің әдеби маңызы талданады. Мақала авторы бұл шежіреде тарихи тұлғалар мен тарихи жер су атаулары туралы мол ақпарат берілетінін айтады [13]

Шәкәрім шығармаларында кездесетін жер-су атауларын да прецедентті құбылыс ретінде тануға болады:

«Бұлардан керейлер Қара Ертіспенен барлық һәм Ерен қабырға арасында арғын, найман менен Еміл өзенінен Қараталға шейін һәм Нұра өзеніне шейін көшіп жүрді. Дулат Қаратал өзені менен Шу арасында болды. Қаңлы менен қарлұқ аралас Талас өзенінен Сырдарияға шейін жүрді» [12, 7].

Шәкәрім шығармаларында қолданылған прецедентті есімдер ұлттық прецедентті феномендер, ұлт тарихындағы ұлағатты есімдерді, тарихтан белгілі тұлғаларды танытуға қызмет етеді.

Шәкәрім шығармаларында діни прецедентті есімдер ұшырасады. Шәкәрім ислам дініне терең бойлаған ақын. Оның «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» сияқты еңбектерінде Мұса, Иса, Мұхаммед пайғамбар есімдері жиі кездеседі. Бұл есімдер арқылы ақын діни этиканы насихаттайды.

Мысалы. Мұса, Иса, Мұхаммед – үшеуі де хақ жолын айтты. Бұл жолдардан Шәкәрімнің Алладан келген ақиқат діндер арасындағы үндестікке, ақиқатқа ден қойғанын аңғарамыз.

Шәкәрім шығармаларында Шыңғыс хан, Ескендір сияқты тарихи тұлғалар есімдері де аталады. Ақын мұндай прецедентті есімдерді тарихи-танымдық мақсатта ғана емес, адам мінезін, билік пен руханияттың тартысын көрсетуде де пайдаланады.

Нәтижелер. Ақынның туындыларында философиялық және әдеби контексте қолданылған прецедентті есімдер қолданылған. Шәкәрім ұлы Абайдың шәкірті ретінде Шығыс және Батыс философиясын жетік меңгерген. Оның өлеңдерінде Лұқпан хәкім, Сүлеймен патша секілді ойшфлдар мен әділ билердің есімдері де жиі ұшырасады. Ақын олардың өмірлерінен түрлі оқиғаларды келтіру арқылы адамгершілікті, адами болмасты насихаттайды.

Прецедентті есімдер әртүрлі қызмет атқарады: тәрбиелік, танымдық, астарлы ойды жеткізу, интертекстуалдық байланыс. Прецедентті есімдер ұлттық әдебиеттегі мәдени кодтардың бірі ретінде ерекше мәнге ие. Прецедентті есімдер тек атау емес, мәдени ұғым қызметін атқарады. Олар арқылы ұлттық идеалдар қалыптасады, тарихи сана жанданады, тілдің экспрессивті қуаты артады. Олар басқа прецедентті құбылыстармен салыстырғанда ықшам, жоғары танымал, символдық мәнге бай тілдік бірліктер болып табылады.

Прецедентті құбылыстар халық жадысымен, тарихымен, әдебиетімен, дінімен және танымымен тығыз байланысты. Прецедентті құбылыстарды тек тура мағына емес, астарлы, эмоциялық, бағалауыш реңк болады. Олар адресаттың эмоционалдық қабылдауына әсер етеді. Прецедентті бірліктер этностың дүниетанымын, тарихын, сенімін, философиясын білдіреді.

Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, халықтың дүниетанымын, тарихын, мәдени кодын сақтайтын жүйе. Соның ішінде прецедентті құбылыстар, әсіресе прецедентті оқиғалар, ұлттың рухани-әлеуметтік тәжірибесін тасымалдайтын бірегей тілдік құралға айналды. Олар белгілі бір этностың есінде ерекше орны бар, көпке ортақ, тарихи, әлеуметтік немесемәдени маңызға ие оқиғалар. Мысалы, Шәкәрім шығармаларында осындай тарихи оқиғаларды білдіретін прецедентті оқиғалар ақынның «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінде көп орын алған. Мысалы, ақтабан шұбырынды оқиғасы, аңырақай шайқасы т.б. Прецедентті оқиғалар арқылы халық өзінің тарихи тәжірибесін тілде сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізеді.

Прецедентті оқиға – этностың тарихи жадысында сақталған, тіл мен мәдениетте символдық мәнге ие болған тарихи, діни немесе әлеуметтік оқиғалар. Ақынның «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» еңбектерінде де Құран, Турат және Інжілде айтылатын діни мәтіндер мен оқиғалар жиі кездеседі. Мысалы: Адам ата мен Хауа ананың жаратылысы, Нұх пайғамбардың кемесі, Мұса пайғамбар мен теңіздің жарылуы, Иса пайғамбардың азап шегуі, т.б. оқиғалар діни прецедентті оқиғаларға жатады. Бұл оқиғалар адамгершілік, жауапкершілік, тазалық, күнә сияқты моральдық ұғымдарды жеткізеді.

Прецедентті есімдер мәдени ақпаратты тасымалдаушы, концепт қалыптастырушы және ұлттық санада орныққан таным нысаны ретінде сипатталады. прецедентті есімдер тек трихи декер емес, ұлт жадынды когнитивтік образ ретінде орнығады. Прецедентті есімдер белгілі бір концептілермен тығыз байланыста болады. Мысалы, Абай прецедентті есімі даналық, ізгілік, адамгершілік концептілерімен тығыз байланысты болса, Жиренше есімі тапқырлық, әділдік, шешендік концептілерімен байланысады. Қорқыт есімі өлім, өмір, мәңгілік концептілерімен үндеседі.

Шәкәрім тарихи санаға ерекше мән берген. Ол адамзат тарихындағы әділет пен зұлымдықтың тартысын терең түсініп, өз туындыларында шебер суреттейді. Ақын прецедентті оқиғаларды өз туындыларында бірнеше мақсатта пайдаланады:

Үш анық еңбегіндегі прецедентті оқиғаларды философиялық астар беру үшін, ақиқатты іздеу, рухани танымдық мақсатта қолданады. Адам Ата, Нұх пайғамбар туралы прецедентті оқиғаларды күнә жасамау, жауапкершілік, адалдық сияқты моральдық тәрбие беру мақсатында қолданады. Шыңғыс хан, Ескендір есімдерін қолдану арқылы тарихи сана қалыптастыруды көздейді. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінде түрлі аңыз әңгімелерді беру арқылы бұрынғы өткен дәуірлер мен қазіргі уақыт арасын жалғау яғни мәдени жалғастық үшін пайдаланады. Шәкәрім тарихи немесес діни оқиғаларды тікелей баяндап қана қоймай, оларды метафора, аллегория, символ түрінде қолданады.

Мысалы. Нұх кемесі – құтқарылу, арылу символы.

Ескендірдің айнасы – менмендік пен шындықтың қарама-қайшылығы.

Қиямет күні – әділет пен есептің келуі. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы прецедентті оқиғалар – ақынның тарихи және рухани танымының көрінісі. Олар тек баяндау құралы ғана емес, моральдық, танымдық, көркемдік сипатқа ие тілдік бірліктер болып табылады. Мұндай прецедентті оқиғалар арқылы ақын адамзат өмірінің мәні мен мақсатын, қоғам мен биліктің шынайы болмысын ашып көрсетеді.

Шәкәрім шығармаларында прецедентті мәтіндер де ұшырасады. Құранның «Бақара» сүресіндегі «Біз адамды махаббатпен жараттық» деген идеясын Шәкәрім өлеңмен өрнектеп:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті» деп жеткізеді.

Абай өлеңіндегі «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» Шәкәрімде:

«Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек» [11, 76] деп беріледі.

Ақын шығармаларынан Ислам хадистерінен алынған прецедентті мәтіндерге де мысалдар келтіруге болады. Мысалы, хадисте «Жақсылық пен жамандықтың қайтарымы бар» делінсе, Шәкәрім:

«Біреуге не қылса,
Алдыңа өзі келеді...» [11, 23].

Мұнда хадистің мағынасы өлең жолдарымен берілген. Бұл – прецедентті мәтіннің авторлық интерпретациясы.

Шәкәрім шығармаларындағы прецедентті бірліктер шығарманың мағынасы мен көркемдік деңгейін тереңдетеді, философиялық танымдық сипатын арттырады. Ақын қолданысындағы прецедентті бірліктер – тәрбие мен адамгершілік негізі. Ол Шығыс пен Батыс ойшылдарын, пайғамбарларды, тарихи билеушілерді, олардың бсынан өткен оқиғаларды жеткізе отырып, адам бойындағы ең маңызды қасиет – ар мен ұятты дәріптейді. Прецедентті құбылыстар арқылы ақын қазақ мәдениетінің тереңдік өлшемін көрсетеді.

Қорытынды. Прецедентті мәтіндерді зерттеудің, олардың мағынасына тереңірек үңілудің мәні зор. Себебі, біз оларды жан-жақты зерттеу арқылы ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, танымы туралы мол ақпарат аламыз.

Зерттеу барысында Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері мен поэмаларында кездесетін прецедентті есімдер лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа жіктелді. Атап айтқанда, тарихи тұлғаларды білдіретін прецедентті есімдер, географиялық жер-су атауларын білдіретін прецедентті есімдер, қазақ халқының дүниетанымын бейнелейтін прецедентті есімдер және әлеуметтік категорияларды білдіретін прецедентті есімдер анықталды. Бұл топтастыру ақын шығармаларындағы прецедентті бірліктердің жүйелі түрде және мақсатты қолданылғанын көрсетеді.

Шәкәрім шығармаларындағы прецедентті бірліктердің жүйелі түрде және мақсатты қолданылғанын көрсетеді. Ақын әрбір прецедентті есімді тек тарихи немесе мәдени дерек ретінде емес, көркем мәтіннің философиялық астарын ашатын, ұлттық сана мен рухани құндылықтарды қалыптастыратын символдық құрал ретінде пайдаланады.

Сонымен қатар, прецедентті есімдер мен прецедентті құбылыстар шығарманың мәтіндік құрылымында интертекстуалдық байланыстар, яғни тарихи және мәдени контексттің көрінісі ретінде қызмет етеді. Олар оқырманға тарихи шындықты жеткізу, ұлттық колоритті көрсету, эмоционалды экспрессия беру, сондай-ақ философиялық және моральдық ойды тереңдету үшін қолданылған.

Шәкәрім шығармаларындағы прецедентті есімдер мен бірліктер тіл мен мәдениеттің тоғысқан нүктесі болып табылады. Олар ұрпаққа тарихи жадыны сақтауға, ұлттық сананы қалыптастыруға, рухани құндылықтарды дәріптеуге және әдеби мәтіннің семантикалық кеңістігін байытуға қызмет етеді. Сонымен, прецедентті мәтіндерді жан-жақты талдау тілдік, мәдени және философиялық тұрғыдан маңызды, себебі олар ұлттық әдебиет пен мәдениет сабақтастығын көрсететін негізгі құралдардың бірі болып табылады. Шәкәрім шығармаларында ұлт тарихында айрықша орын алатын тұлғалардың есімдері, тарихи оқиғалармен байланысты атаулар, кеңістікке қатысты жер-су атаулары, сондай-ақ қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын айқындайтын прецедентті есімдер молынан кездеседі. Ақын бұл бірліктерді көркемдік мақсатта ғана емес, ұлттық сананы ояту, тарихи жадты жаңғырту, оқырманды рухани-танымдық тұрғыдан тәрбиелеу мақсатында қолданған. Осы тұрғыдан алғанда, прецедентті есімдер мен ұлттық прецедентті феномендер шығарманың мазмұндық тереңдігін арттырып, ұлттық мәдениетті танытудың маңызды құралына айналады.

«Көркем әдебиеттегі прецеденттік конструкциялар лингвокогнитивтік тұрғыдан ерекше, себебі олар белгілі бір ұлттың тарихи, мәдени және тілдік тәжірибесін бейнелейді. Сондай-ақ, олар тілдік тұлғаның мінез-құлық үлгісін қалыптастыратын стереотип ретінде қызмет етеді» [14, 21]. Сонымен қатар, көркем шығармадағы прецедентті оқиға, прецедентті есім, прецедентті айтылым сияқты прецедентті құбылыстар тарихи шындықты баяндау, ұлттық колоритті жеткізу, эмоционалды-экспрессивті реңк қалыптастыру, оқырманның дүниетанымын кеңейту және этномәдени ақпаратты жеткізу қызметтерін атқарады. Шәкәрім еңбектеріндегі прецедентті оқиғалар философиялық астар беру, ақиқатты іздеу, рухани кемелдену, моральдық-этикалық тәрбие беру, тарихи сана қалыптастыру және

өткен мен бүгінді байланыстыру, яғни мәдени сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

Ақынтуындыларындағыпрецеденттібірліктердіңметафора,аллегория,символтүрінде берілуі олардың көркемдік-эстетикалық қызметін күшейтіп, мәтіннің семантикалық өрісін кеңейтеді. Мұндай қолданыстар арқылы автор күрделі философиялық ойларды ықшам әрі әсерлі түрде жеткізеді.

Қорытындылай келе, прецедентті құбылыстар тіл мен мәдениеттің тоғысар тұсы болып табылады. Олар тіл иесі ұлттың тарихи жадын сақтап, рухани құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін маңызды лингвомәдени бірліктер санатына жатады. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, прецедентті құбылыстар тілдің прагматикалық әлеуетін арттырып, мағыналық ауқымын кеңейтеді және көркем мәтіннің коммуникативтік әсерін күшейтеді. Осыған орай, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы прецедентті құбылыстарды зерттеу қазақ тіл біліміндегі лингвомәдени және когнитивтік бағыттағы зерттеулерді толықтырып, ұлттық мәдени мұраны тануға елеулі үлес қосады.

Әдебиеттер

1. Красных В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? – М.: Победа, 2003. – 375 с.
2. Абдыханова Б. Фольклорлық шығармалардың прецедентті мәтін ретіндегі лингвомәдени қызметі (XXI ғ. көркем шығармалары негізінде): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. – Астана, 2018. - 147 б.
3. Снасапова Г.Ж., Нұрсұлтанқызы Ж., Оралбаева Г.С. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кейбір прецедент есімдердің лингвомәдени ерекшеліктері. //Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (65) 2022, Б. 167-180. DOI 10.48371/PHILS.2022.65.2.013
4. Телғараева Л.Б., Мұсалы Л.Ж.М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы прецедентті феномендердің ерекшелігі. Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. № 2(94)/2019. – Б. 27-33. https://philology-vestnik.ksu.kz/apart/2019-94-2/4.pdf
5. Жақыпов Ж.А., Абдыханова Б.А. Фольклорлық ілкі мәтіндердің қазіргі көркем шығармаларда берілу тәсілдері. //Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. № 4(92)/2018. Б. 20-27
6. Игисинова А.С., Раева Г.М. Қазақ әйелінің болмысын сипаттайтын ұлттық прецедентті феномендер. //Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. – Алматы, 2022. №1. – Б.93-108. https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/245
7. Каппасова А., Адилова А. Газет тіліндегі түркі тілдеріне ортақ фольклорлық прецедентті есімдер. //XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Simpoziumu 11-13 İyun 2024. Bakı. – Б.122-128
8. Нахимова Е. А. Прецедентные имена в массовой коммуникации. – Екатеринбург: Жизнь, 2007. – 225 с.
9. Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания: – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 274 с.
10. Төкенқызы Г., Жумабекова Б.К., Жуманбекова Н.З. Абай Құнанбаев қара сөздеріндегі интертекстуалдық мәтіндер сипаты. // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. №1, 2022. Б. 92-97 https://vestnik-philological.tou.edu.kz/storage/articles/c1672dd55737aec33bab267168e716cf/
11 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 558 б
12. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
13. Abikenova L.T. Literary Significance of Shakarim Kudaiberdiuly's "Genealogy of Turkish, Kyrgyz-Kazakh and Their Khans" // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №4 (134). –Б. 258–267. DOI: https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.119
14. Чудинов А.П., Сегал Н.А. Прецедентный феномен «Преступление и наказание» в русскоязычном медиадискурсе //Русистика. 2023. Т. 21. № 2. – С. 242–253. DOI: http://doi.org/10.22363/2618-8163-2023-21-2-242-253

А.Н. НУРБАЕВА, К.Т. ТУЛЕБАЕВА
Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан
Л.Н.ДАУРЕНБЕКОВА
Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова Астана, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРЕЦЕДЕНТНЫХ ЯВЛЕНИЙ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ (НА МАТЕРИАЛАХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДЫУЛЫ)

Аннотация. В статье анализируется использование прецедентного явления в художественном произведении. Языковые материалы, поступившие на рассмотрение, получены в произведениях Шакарима. В ходе исследования дается обзор изучения прецедентных явлений в лингвистике и делается акцент на классификации прецедентных явлений. Прецедентные имена в произведениях Шакарима делятся (в зависимости от лексико-семантических особенностей) на несколько групп. В статье использованы следующие методы исследования: метод обобщения, систематизация, лексико-семантический анализ, группировка, интерпретация и др. Понимание прецедентных явлений в языке имеют большое значение, так как мы получаем информацию, относящуюся к национальной идентичности, истории и национальной культуре. В статье сделан вывод о том, что прецедентные имена и национальные прецедентные феномены, использованные в произведениях Шакарима, служат для представления великих имен в истории нации, исторических личностей, национальной культуры и национального сознания.

Данная статья вносит вклад в изучение прецедентных явлений в литературных произведениях лингвокультурологического направления. Мы также считаем, что результаты исследования откроют путь новым направлениям в изучении языка произведений Шакарима. Результаты исследования могут быть использованы при составлении лекций спецкурсов «Лингвокультурология», «Прецедентные явления», при подготовке учебно-методических комплексов, при написании курсовых и дипломных работ.

Ключевые слова: художественное произведение, прецедентное явление, прецедентное явление, прецедентные имена, прецедентный текст, прецедентная ситуация, прецедентное произношение

A.N. NURBAEVA, K.T. TULEBAYEVA
Alikhan Bokeikhan University Semey, Kazakhstan
L.N. DAURENBEKOVA
A.K.Kusainov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan

THE USE OF PRECEDENT PHENOMENA IN LITERARY TEXTS (BASED ON THE WORKS OF SHAKARIM KUDAIBERDULY)

Annotation. The article analyzes the use of a precedent phenomenon in a work of fiction. The language materials submitted for analysis were obtained in Shakarim's work. The study provides an overview of the study of precedent phenomena in linguistics and focuses on the classification of precedent phenomena. Precedent names in Shakarim's works are considered into several groups depending on lexical and semantic features. The article uses research methods: generalization, systematization, generalization, lexico-semantic analysis, grouping, interpretation, etc. Understanding precedent phenomena in language is of great importance, because by understanding them, we receive information related to national identity, history and national culture, and national consciousness. The article concludes that precedent names and national precedent phenomena used in Shakarim's works serve to represent great names in the history of the nation, historical figures, national culture and national consciousness.

Theoretical significance of the study: this article contributes to the study of precedent phenomena in literary works of the linguacultural direction. We also believe that the results of the study will open

the way to new directions in the study of the language of Shakarim's works. Practical significance of the study: the results of the research can be used in the preparation of lectures in special courses «Linguoculturology», «Precedent phenomena», in the preparation of educational and methodological complexes, in writing term papers and theses.

Keywords: artwork, precedent phenomenon, precedent phenomenon, precedent names, precedent text, precedent situation, precedent pronunciation

References

1. Krasnyh V. «Svoi» sredi «chujih»: mif ili reälnöst? – M.: Pobeda, 2003. – 375 s.

2. Abdyhanova B. Fölklorlyq şyğarmalardyñ presedenttı mätın retındegı lingvomädeni qyzmetı (HHI ğ. körkem şyğarmalary negızında): filosofia doktory (PhD) därejesın alu üşın daiynd. diss. – Astana, 2018. - 147 b.

3. Snasapova G.J., Nūrsūltanqyzy J., Oralbaeva G.S. Qazaq jäne ağylşyn tılderındegı keibır presedent esımderdıñ lingvomädeni erekşelikterı. //Abylai han atyndağy QazHQ jäne ÄTU Habarşysy, «Filologia ğylymdary» seriasy, №2 (65) 2022, B. 167-180. DOI 10.48371/PHILS.2022.65.2.013

4. Telğaraeva L.B., Mūsaly L.J.M. Mağauinnıñ «Alasapyran» romanyndağy presedenttı fenomenderdıñ erekşelıgı. Qarağandy universitetınıñ habarşysy. Filologia seriasy. № 2(94)/2019. – B. 27-33 https://philology-vestnik.ksu.kz/apart/2019-94-2/4.pdf

5. Jaqypov J.A., Abdyhanova B.A. Fölklorlyq ılkı mätınderdıñ qazırgı körkem şyğarmalarda berılu täsılderı. //Qarağandy universitetınıñ habarşysy. Filologia seriasy. №4(92)/2018. B. 20-27

6. İgisinova A.S., Raeva G.M. Qazaq äielınıñ bolmysyn sipattaityn ūlttyq presedenttı fenomender. //Abylai han atyndağy QazHQ jäne ÄTU Habarşysy, Filologia ğylymdary seriasy. – Almaty, 2022. №1. – B.93-108. https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/245

7. Kappasova A., Adilova A. Gazet tılındegı türkı tılderıne ortaq fölklorlyq presedenttı esımder. //XI Beynälxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Simpoziumu 11-13 İyun 2024. Bakı. B.122-128

8. Nahimova E. A. Presedentnye imena v masovoi komunikasii. – Ekaterinburg: Jizn, 2007. – 225 s.

9. Madieva G.B. İmä sobstvennoe v kontekste poznania: – Almaty: Qazaq universitetı, 2019. – 274 s.

10. Tökenqyzy G., Jumabekova B.K., Jumanbekova N.Z. Abai Qūnanbaev qara sözderındegı intertekstualdyq mätınder sipaty. // Toraiğyrov universitetınıñ habarşysy. Filologialyq seria. №1, 2022. – B. 92-97. DOI: https://vestnik-philological.tou.edu.kz/storage/articles/c1672dd55737aec33bab267168e716cf/

11 Qūdaiberdıūly Ş. Şyğarmalar jinağy. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 558 b

12. Qūdaiberdıūly Ş. Türık, qyrğyz-qazaq häm handar şejıresı. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 208 b.

13. Abikenova L.T. Literary Significance of Shakarim Kudaiberdiuly's "Genealogy of Turkish, Kyrgyz-Kazakh and Their Khans" // İasaui universitetınıñ habarşysy. – 2024. – №4 (134). –B. 258–267. DOI: https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.119

14. Chudinov A.P., Segal N.A. Presedentnyi fenomen «Prestuplenie i nakazanie» v ruskoiazychnom mediadiskurse //Rusistika. 2023. T. 21. № 2. S. 242–253. DOI: http://doi.org/10.22363/2618-8163-2023-21-2-242-253

Авторлар туралы мәлімет:

Нурбаева Анар Нұрлановна – Әлихан Бөкейхан университетінің докторанты, Семей, Қазақстан.

Нурбаева Анар Нұрлановна – докторант Алихан Букейхан университета, Семей, Казахстан.

Nurbaeva Anar Nurlanovna – doctoral student, Alikhan Bokeikhan University, Kazakhstan, Semey

Толебаева Құралай Тоқтарқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Әлихан Бөкейхан университетінің қауымдастырылған профессоры, Семей, Қазақстан.

Тулебаева Куралай Токтаровна – кандидат филологических наук, доцент Алихан Букейхан университета, Семей, Казахстан.

Tulebayeva Kuralay Toktarovna – Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University associate professor, Semey, Kazakhstan.

Дәуренбекова Лаура Ноғайбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Дауренбекова Лаура Нугайбековна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного института имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан.

Daurenbekova Laura Nugaybekovna – candidate of Philological Sciences, associate Professor of the A.K.Kusainov Eurasian humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.01.11
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.23

А.Қ. НҰРБАНОВА
Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
(e-mail: aigulkisap@mail.ru)

МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары жан-жақты талданады. Зерттеу барысында автор шығармалардағы педагогикалық идеялар, білімнің адам өміріндегі рөлі, моральдық-әдеби қағидалар мен ұлттық дәстүрдің тәрбиелік мәні қарастырылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдері мен поэмаларында көрініс тапқан ақыл-кеңес, өмірлік даналық және оқуға, ғылымға деген қызығушылық жас ұрпақты тәрбиелеу тұрғысынан бағаланады. Мақаланың мақсаты – әдеби мұрадағы білім мен тәрбие идеяларын жүйелеу және олардың қазіргі заман педагогикасы мен ұлттық тәрбиедегі өзектілігін көрсету. Мақалада оның шығармаларында білім мен тәрбие, ақыл-парасат, моральдық қағидалар, ұлттық дәстүр мен салт-сананың көрінісі талданады. Зерттеу барысында автор Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы білімге деген ерекше көңіл, ғылым мен оқуға шақыру, адамгершілікке баулу сияқты негізгі тақырыптарды қарастырады. Сондай-ақ ақынның өлеңдері мен шығармаларында көрініс тапқан өмірлік даналық, адамгершілік құндылықтар мен ұлттық тәрбие элементтері жүйелі талданады. Мақалада шығармаларды терең талдау арқылы олардың қазіргі замандағы тәрбиелік рөлі мен педагогикалық мәні ашылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы – тек көркем сөз өнері ғана емес, сонымен бірге ұлттық тәрбиенің, мәдениеттің, адамгершілік пен парасаттылықтың қайнар көзі болып табылады. Мақалада білім мен тәрбие идеяларының әдеби шығармалар арқылы ұрпаққа қалай жеткізілетіні, олардың қазіргі қоғамдағы педагогикалық құндылығы, рухани-адамгершілік тәрбиедегі рөлі зерттеледі. Сонымен қатар, жұмыста ақынның шығармашылығындағы білім мен тәрбие тақырыптарының жүйелі түрде талдануы олардың заманауи оқу-тәрбие үдерісінде қолдану мүмкіндіктерін ашады.
Түйін сөздер: рухани құндылықтар, ұлттық құндылықтар, білім мен тәрбие құндылықтары, моральдық-әдеби қағидалар, ұлттық дәстүрдің тәрбиелік мәні.

Кіріспе. Білім мен тәрбие – кез келген қоғамның дамуының басты факторлары болып табылады. Олар жеке тұлғаның қалыптасуында, рухани өсуінде, қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының тарихи дәстүрінде білім мен тәрбие бір-бірімен тығыз байланыста болған, бұл құндылықтар ата-бабамыздың өмірлік тәжірибесі мен халық даналығы арқылы жас ұрпаққа дәріптелген. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде білім мен тәрбие мәселесі тек қоғамдық өмірдің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананың қалыптасуы мен рухани кемелденудің айнасы ретінде көрініс табады. XIX ғасырдағы қазақ ақыны, ағартушы әрі қоғам қайраткері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – осы құндылықтарды өз шығармаларында кеңінен насихаттаған көрнекті тұлға. Оның шығармашылығы дәстүрлі ұлттық тәрбие мен білімді заманауи ой-пікір арқылы үйлестіріп, ұрпаққа тек білім алудың маңызын ғана емес, сонымен

қатар адамгершілік, ізгілікті, адалдық пен еңбекқорлық сияқты рухани құндылықтарды жеткізеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының ерекшелігі – олардағы тәрбиелік мән мен білімге шақыру тек сөз арқылы берілмей, көркемдік образдар мен поэтикалық идеялар арқылы терең сезіледі. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлттық дәстүр мен моральдық нормалар, сондай-ақ адам бойындағы ізгі қасиеттерді дамыту мәселесі маңызды орын алады. Қазіргі таңда білім мен тәрбие құндылықтарының маңызы бұрынғыдан да артып отыр. Жастарды жан-жақты дамыту, олардың рухани дүниесін байыту, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі қоғамның басты талаптарына айналды. Осы тұрғыдан қарағанда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар қазіргі кезеңде де өзекті педагогикалық және моральдық маңызы бар туындылар болып табылады. Осы мақалада біз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында білім мен тәрбие құндылықтарының көрінісін жан-жақты талдап, олардың ұлттық әдебиеттегі рөлі мен қазіргі қоғамдағы маңызын көрсетуге тырысамыз. Шығармаларындағы тәрбиелік бағыт, білімге деген шақыру және адамгершілік мәселелері осы зерттеудің негізгі зерттеу нысанын құрайды. Сонымен қатар, мақалада ақынның шығармалары арқылы ұрпаққа берілетін моральдық сабақтар мен білім беру мәні талданады, олардың қазіргі білім беру жүйесі мен рухани дамуға ықпалы қарастырылады. Мақала Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды сақтап, ұрпаққа жеткізудің маңызды аспектілерін көрсетеді және әдеби мұраның тәрбиелік мәнін ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында ғылыми материалдар мен әдістер қолданылды. Зерттеу материалы ретінде жарық көрген ғалымдардың ғылыми еңбектері (диссертация, монография, мақала т.б.) алынды. Жұмыс барысында алға қойылған мақсат-міндеттерге орай жинақтау, сипаттау, баяндау, салыстыру, топтастыру, анализ жасау, жүйелеу, тарихи классификациялау әдістері қолданылды. Аталған тақырыптың өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде талдау, салыстыру әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтарын талдау үшін қолданылатын әдістеме әдебиеттану, педагогика және әлеуметтану ғылымдарының тұжырымдарын қамтиды. Зерттеу барысында шығармалардың мазмұнын терең талдау, олардың тарихи-мәдени контекстін бағалау, және тәрбиелік аспектілерін анықтау басты мақсат болып табылады. Зерттеу әдістемесі негізінен гуманитарлық бағыттағы сапалық талдау әдісіне сүйенеді. Бұл әдістеме арқылы мәтіндердегі білімге шақыру, адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, ұлттық дәстүр мен моральдық құндылықтарды көрсету сияқты аспектілерді жүйелі түрде талдау мүмкіндігі туады. Сонымен қатар, зерттеу әдебиеттанудың компаративтік (салыстырмалы) тәсілін де қамтиды, яғни Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын өз дәуірінің басқа авторларының еңбектерімен салыстыру арқылы оның тәрбиелік маңызын бағалау жүргізіледі. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Контент-талдау әдісі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдері мен қара сөздерін оқу арқылы білім мен тәрбиеге қатысты негізгі тақырыптар мен идеяларды анықтау. Бұл әдіс арқылы автордың шығармаларындағы адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, білімге ынталандыру сияқты құндылықтар жүйелендіріледі.

2. Тарихи-компаративтік әдіс – шығармаларды жазылған дәуір контексінде қарастырып, оларды басқа ағартушы авторлардың еңбектерімен салыстыру. Бұл әдіс Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім мен тәрбие мәселесін қарау ерекшелігін ашуға мүмкіндік береді.

3. Семантикалық талдау – мәтіндердегі сөздер мен образдардың мағынасын терең зерттеу. Бұл әдіс шығармалардағы тәрбиелік мәнді, моральдық идеяларды, ұлттық дәстүр мен құндылықтарды нақты анықтауға көмектеседі.

4. Синтез және жүйелеу әдісі – алынған мәліметтерді жинақтау, оларды белгілі бір жүйеге келтіру және қорытынды жасау үшін қолданылды. Бұл әдіс арқылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтарының жүйелі көрінісі ұсынылады.

Зерттеу әдебиеттану теориясы, педагогикалық принциптер, ұлттық мәдениет және рухани құндылықтар тұжырымдарына негізделеді. Сонымен қатар, қазіргі білім беру мен тәрбие жүйесіндегі әдістемелік ұсыныстарға сүйене отырып, автор шығармаларындағы педагогикалық бағыттағы тәжірибелік маңыз қарастырылады. Осы әдістеме мен әдістер арқылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтарының көрінісі жан-жақты, ғылыми тұрғыдан дәлелденген түрде зерттеледі.

Талқылау мен бақылау. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін тарихи тұрғыдан аса күрделі кезең болды. Осы тұста елдің болашағын ойлаған зиялы қауым өкілдері халықты надандықтан арылтып, ғылым мен білімге үндеу қажеттігін түсінді. Мәшһүр Жүсіп осы ағартушылық бағытты ұстанып, шығармаларында «оқу», «білім», «ғылым» ұғымдарын басты құндылық ретінде көтерді. Ақын білімді тек дүниелік пайда үшін емес, адамның рухани кемелденуінің, адамгершілігінің негізі деп таныды. Ол білімсіздікті – қараңғылыққа, ал білімді – жарыққа теңей отырып, халықты ізденуге, оқуға, ойлануға шақырды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде білім – адамды адам ететін басты қасиет ретінде суреттеледі [1, 204]. Ол білім арқылы адам өзін, қоғамды, Алланы таниды деп есептеді. Ақынның пікірінше, шынайы білім тек кітап оқумен шектелмейді, ол – өмірді тану, ақиқатты іздеу, әділдікке ұмтылу. Ойшыл шығармаларында жастардың бос уақытты пайдасыз іске жұмсамауын, ғылым мен өнер үйренуін насихаттайды. Ол заманда қазақ жастарының оқу-білімге салғырт қарауын қатты сынға алып, мұндай жағдай халықтың артта қалуына себеп болатынын ескертеді. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тағы бір өзекті мәселе – тәрбие. Ақын тәрбие мәселесін отбасынан бастап, бүкіл қоғам деңгейінде қарастырады. Оның ойынша, тәрбие көрмеген, әдепсіз, имансыз адам – елге де, өзіне де пайдасыз. Тәрбие ең алдымен ата-ананың жауапкершілігі екенін айта отырып, ол баланы жастайынан еңбекке, адалдыққа, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету керектігін насихаттайды. Мәшһүр Жүсіп үшін тәрбие – адам бойындағы мінез-құлықты, ар-ожданды қалыптастыратын ең басты құрал. Ақын адам бойындағы жаман мінездерді – өтірік, өсек, көреалмаушылық, жалқаулықты қатты сынға алады. Мұндай жағымсыз қасиеттерден арылудың жолы – дұрыс тәрбие мен терең білімде деп көрсетеді. Бұл идеялар бүгінгі тәрбиелік үдеріс үшін де аса маңызды. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында қазақ халқының дәстүрлі тәрбиелік ұстанымдары кеңінен көрініс табады. Ол мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер арқылы ұлттың тәрбиелік тәжірибесін ұрпақ санасына жеткізуді мақсат етті. Ойшыл ұлттық салт-дәстүрді сақтауды, ата-баба жолын құрметтеуді тәрбиенің негізгі тірегі деп білді. Ұлттық тәрбиеден ажыраған халықтың болашағы бұлыңғыр болатынын ескертіп, елдің рухани тұтастығын сақтауға шақырды [2, 80]. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы үшін білім мен тәрбие – бірін-бірі толықтыратын ұғымдар. Тек білімді, бірақ тәрбиесіз адам қоғамға зиян келтіруі мүмкін, ал тәрбиелі, бірақ білімсіз адам өз мүмкіндігін толық жүзеге асыра алмайды. Сондықтан ақын екі құндылықтың қатар дамуын қолдайды. Ол білімді адамды – парасатты, тәрбиелі адаммен теңестіріп, нағыз кемел тұлға осы екі қасиеттің бірлігінен қалыптасатынын айқын көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтап қалу, жастарды рухани тұрғыдан тәрбиелеу – маңызды міндеттердің бірі. Ақынның еңбектері қазіргі білім беру мен тәрбие жүйесінде ұлттық және рухани құндылықтарды нығайтуға, жастардың санасын оятуға, елжандылық пен адамгершілікке тәрбиелеуге үлкен үлес қоса алады [3, 152]. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – қазақ әдебиетіндегі ағартушылық бағыттың ірі өкілі. Ол өз шығармаларында білім мен тәрбиені адам өмірінің ең басты тірегі ретінде қарастырады. Ақынның ойынша, білімсіз және тәрбиесіз адам – қоғам үшін қауіпті. Сондықтан ол өз өлеңдерінде халықты ғылымға, имандылыққа, адалдық пен еңбекке үндейді [4, 34].

Мәшһүр Жүсіп ең алдымен надандықты сынай отырып, білімнің маңызын ашады. Ол білімсіздікті рухани мешеулік деп түсінеді:

«Білімсіздің күні – қараң, түні – қараң,
Өз басына пайда жоқ, елге залал» [5, 109].

Бұл жолдарда ақын білімсіз адамның тек өзіне емес, айналасындағы қоғамға да зиян келтіретінін нақты көрсетеді. Білімді ол жарықпен теңестіріп, ал надандықты қараңғылық ретінде суреттейді. Тағы бір өлеңінде ол ғылымсыз діннің де толық болмайтынын ескертеді:

«Ғылымсыз оқыған намаз – құр әдет,
Ғылыммен болса ғана берер ғибрат» [6, 180].

Бұл ой ақынның білім мен имандылықты қатар қойғанын дәлелдейді. Мәшһүр Жүсіп жастарға арнап көп насихат өлеңдер жазған. Ол жас ұрпақты уақытты бос өткізбей, пайдалы іске жұмсауға шақырады:

«Жастықта ғылым үйрен, босқа жүрме,
Қартайсаң өкінерсің, қолды серме» [7, 133].

Бұл жолдарда ақын жастық шақ – білім алуға ең қолайлы кезең екенін ескертіп, кейінгі өкініштен сақтандырады. Бұл – тәрбиелік мәні өте жоғары өсиет. Мәшһүр Жүсіп тәрбиенің негізі адамгершілік деп біледі. Ол ар-ұятты бәрінен биік қояды:

«Ар кеткен соң адамдық та жоғалар,
Ұят кетсе, иман бірге жоғалар» [8, 145].

Бұл шумақ ақынның моральдық-философиялық көзқарасын айқын көрсетеді. Оның ойынша, ар мен ұяттан айырылған адам қоғамға пайда әкеле алмайды. Сонымен қатар ол екіжүзді, сөзі мен ісі қабыспайтын адамдарды қатты сынайды:

«Тілі басқа, жүрегі басқа екіжүзді,
Ондайдан сақтасын деп тілер бізді» [8, 146].

Мәшһүр Жүсіп еңбекті адамды тәрбиелейтін негізгі құрал деп есептейді. Ол жалқаулықты адамды аздыратын мінез ретінде көрсетеді:

«Еңбексіз мал табам деп үміт қылма,
Жалқаулық жолдасың болса – ұтылма» [8, 147].

Бұл жолдар арқылы ақын адал еңбекке, маңдай термен өмір сүруге шақырады. Еңбек пен білімнің қатар жүруі – ақын көтерген негізгі идеялардың бірі. Ақын ұлттық тәрбиені де ерекше бағалаған. Ол ата-баба жолын ұмытпауды, ел тарихын білуді парыз санайды:

«Өз жұртыңды, өз еліңді қор етпе,
Ата жолын аяқ асты таптама» [8, 148].

Бұл жолдардан ұлттық сана мен отансүйгіштік тәрбиесінің маңызын көреміз.

Қазақ халқының рухани ой-санасының қалыптасуында ағартушы-ақындардың орны ерекше. Солардың ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ұлттық дүниетаным мен діни-философиялық ойды, халықтық тәрбиені терең ұштастыра білген бірегей тұлға. Ол өз дәуірінің әлеуметтік мәселелерін көркем сөз арқылы көтеріп қана қоймай, халықты білімге, имандылыққа, адамгершілікке үндеді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы – қазақ қоғамы үшін күрделі кезең болды. Отаршылдықтың күшеюі, дәстүрлі өмір салтының өзгеруі, рухани дағдарыс білім мен тәрбие мәселесін алдыңғы қатарға шығарды. Осындай тарихи жағдайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары ұлттық сананы сақтаудың, рухани жаңғырудың маңызды құралына айналды. Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары жан-жақты талданып, олардың бүгінгі педагогикалық маңызы айқындалады. Сондықтан оның шығармаларында білім мен тәрбие бір-бірінен ажырамас тұтас құндылық ретінде көрінеді. Мәшһүр Жүсіп білімді адамның ішкі жан дүниесін тазартатын, ақыл-ойын жетілдіретін күш деп есептейді. Ол білім арқылы адам надандықтан, жалқаулықтан, жаман әдеттерден арылады деп сенді. Ақын білімсіздікті тек жеке адамның кемшілігі емес, тұтас ұлттың трагедиясы ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, білімсіз халық өз болашағын өзі жасай алмайды. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында жастарды оқуға шақыру айқын байқалады. Ол ғылымды үйренуді парыз санап, «білім іздеу – әр мұсылманның міндеті» деген қағиданы негізге алады. Ақын жастардың уақытты бос өткізбей, пайдалы істермен айналысуын қалайды. Сонымен қатар ол білім алуда табандылық пен еңбекқорлықтың маңызын ерекше атап өтеді. Оқу жолындағы қиындықтардан қорықпауға, сабырлы болуға үндейді. Ақын адам бойындағы

ең асыл қасиет – адамгершілік деп біледі. Оның шығармаларында адалдық, әділдік, сабыр, қанағат, мейірім секілді ұғымдар кеңінен насихатталады. Мәшһүр Жүсіп өтірік айту, екіжүзділік, көреалмаушылық, дүниеқоңыздық сияқты жағымсыз мінездерді қатты сынайды. Ол мұндай қасиеттер адамның да, қоғамның да азуына әкелетінін ескертеді. Имандылық – Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы басты тәрбие өзегі. Ол иманды адамды рухани таза, әділ, жауапкершілікті тұлға ретінде сипаттайды. Имандылық тек діни ұғыптарды орындаумен шектелмей, күнделікті мінез-құлықта көрінуі тиіс деп санайды. Ақын имандылықты ар-ұят, намыс, жауапкершілік ұғымдарымен тығыз байланыстырады. Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын тәрбиенің сарқылмас көзі деп бағалайды. Ол ұлттық құндылықтар арқылы жас ұрпақтың бойына елжандылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет қасиеттерін сіңіруді мақсат етеді. Ұлттық тәрбиеден айырылған халықтың рухани әлсірейтінін ақын өз шығармаларында ескертіп отырады.

Мәшһүр Жүсіп отбасын – адам тәрбиесінің бастауы деп таниды. Ата-ананың баланың мінез-құлқы мен болашағына әсері зор екенін айтады. Ол ата-аналарды балаға үлгі болуға, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Баланың бойындағы жақсы немесе жаман қасиеттер ең алдымен отбасында қалыптасатынын ақын ерекше атап өтеді. Қазіргі жаһандану жағдайында рухани құндылықтар әлсіреп, материалдық құндылықтар алдыңғы орынға шықты. Осындай кезеңде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы білім мен тәрбиенің тұтастығын сақтауға, рухани-адамгершілік тәрбиені күшейтуге, ұлттық сананы қалыптастыруға зор үлес қоса алады.

Нәтижелер. Зерттеу барысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэзиялық, прозалық және публицистикалық мұраларына талдау жасалып, оның шығармаларындағы білім мен тәрбиеге қатысты көзқарастары айқындалды. Талдау нәтижесінде төмендегідей қорытындылар анықталды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында білім – адамды кемелдікке жеткізетін негізгі құрал ретінде көрінеді. Ол надандықты қоғамның артта қалуының басты себебі деп танып, ғылым мен оқудың қажеттігін үнемі насихаттайды. Ақын білімді тек ақпарат жиынтығы емес, рухани жетілу мен адамгершіліктің негізі деп бағалайды [9, 184].

Зерттеу нәтижелері Мәшһүр Жүсіптің тәрбиені ұлттық құндылықтармен тығыз байланыста қарастырғанын көрсетті. Ол үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, елге қызмет ету, адалдық пен имандылық сияқты қасиеттерді тәрбиенің басты өзегі деп таныған. Шығармаларында исламдық дүниетаным айқын байқалады. Ақын имандылықты адамның ішкі мәдениетінің өлшемі ретінде көрсетіп, білім мен тәрбиені дінмен сабақтастыра қарастырады. Бұл оның рухани-адамгершілік тәрбиені бірінші орынға қойғанын дәлелдейді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жас ұрпақты ел болашағы деп танып, оларды білімге, еңбекке, әділдікке үндейді. Зерттеу барысында ақынның жастарды жалқаулықтан, бос әурешіліктен сақтандырып, пайдалы іспен айналысуға шақырғаны айқындалды. Зерттеу нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім мен тәрбие туралы ойлары қазіргі қазақстандық білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік, ұлттық тәрбие қағидаларымен үндес келетіні анықталды. Оның мұрасы бүгінгі тәрбиелік жұмыстарда тиімді пайдалануға лайық. Зерттеу барысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэзиялық шығармалары, философиялық ой-толғамдары, діни-ағартушылық бағыттағы еңбектері мен өсиет-нақыл сөздері жан-жақты қарастырылды. Талдау нәтижесінде ақын шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтарының қазақ халқының рухани дүниетанымымен, ұлттық болмысымен және діни-имандылық негіздерімен тығыз байланыста қалыптасқаны анықталды [10, 87].

Ең алдымен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білімге қатысты көзқарастары оның ағартушылық идеяларының негізін құрайтыны айқындалды. Ақын білімді адам санасын оятатын, қараңғылық пен надандықтан арылтатын басты күш ретінде бағалайды. Оның шығармаларында білімсіздік қоғамның артта қалуының, ел ішіндегі алауыздық пен рухани әлсіреудің негізгі себебі ретінде сыналады. Ал ғылым мен оқу халықтың мәдени дамуы мен өркениетке жетуінің басты шарты ретінде танылады. Бұл тұжырымдар ақынның білімді тек жеке тұлғаның емес, тұтас ұлттың дамуына қызмет ететін маңызды құндылық

деп қарастырғанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының білім ұғымын ақыл-парасатпен, адамгершілікпен және имандылықпен тығыз байланыста қарастырғанын дәлелдейді. Ақын үшін білім – тек дүниелік мақсаттарға жетудің құралы емес, ең алдымен рухани кемелдікке жетелейтін жол. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармаларында білім мен тәрбие өзара ажырамас бірлікте көрініс табады. Тәрбие мәселесіне қатысты жүргізілген талдау нәтижелері ақынның ұлттық тәрбиеге ерекше мән бергенін көрсетті. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тәрбиені ата-баба дәстүрі, салт-санасы, ұлттық мінез-құлқымен сабақтастыра қарастырады. Оның шығармаларында ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адал еңбек ету, елге қызмет ету сияқты құндылықтар тәрбиенің басты негізі ретінде сипатталады. Ақын дұрыс тәрбие алған ұрпақ қана қоғамның рухани тірегі бола алатынын атап көрсетеді [11, 246].

Зерттеу барысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы адамгершілік және имандылық тәрбиенің маңызы ерекше екені анықталды. Ақын исламдық дүниетанымға сүйене отырып, тәрбиенің негізін ар-ождан тазалығы, адалдық, сабырлылық, қанағатшылдық сияқты қасиеттерден іздейді. Ол адамның ішкі рухани дүниесі таза болмай, алған білімінің қоғамға пайдасы шамалы болатынын ескертеді [12, 85]. Бұл ойлар ақынның рухани-адамгершілік тәрбиені бірінші орынға қойғанын көрсетеді. Жастар тәрбиесіне қатысты зерттеу нәтижелері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жас ұрпаққа ерекше жауапкершілікпен қарағанын дәлелдейді. Ақын жастарды ел болашағы деп бағалап, оларды білімге құштар, еңбекқор, әділ әрі иманды болуға үндейді. Ол жалқаулықты, надандықты, дүниеқоңыздықты қоғам дамуына кедергі келтіретін жағымсыз қасиеттер ретінде сынайды. Жастарға арналған өсиет-нақыл сөздері оның шығармаларының тәрбиелік маңызын арттыра түседі. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тәрбие мәселесін тек жеке тұлға деңгейінде ғана емес, қоғамдық тұрғыда қарастырғанын көрсетті. Ақын әділетті қоғам қалыптастырудың басты шарты ретінде білімді, тәрбиелі және иманды азаматтарды алға тартады. Оның пікірінше, елдің болашағы мен ұрпақ тәрбиесі өзара тығыз байланысты [13, 120].

Қорытынды. Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары – қазақ халқының рухани мұрасының алтын қазығы. Ол білімді – рухани кемелденудің жолы, ал тәрбиені – ұлт болашағының негізі деп таныды. Ақынның ағартушылық, тәрбиелік идеялары бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды әрі тағылымды. Мәшһүр Жүсіп мұрасы – жас ұрпақты білімге, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде сарқылмас рухани қазына болып қала береді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары нақты өлең жолдары арқылы терең көрініс табады. Ақын:

- білімді – рухани жарық,
- тәрбиені – адам болмысының негізі,
- имандылықты – қоғамның тірегі ретінде қарастырды [15, 108].

Оның өсиетке толы өлең жолдары бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде де аса құнды рухани мұра болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары – қазақ халқының рухани дамуының маңызды негізі. Ол білімді – адамды кемелдікке жеткізетін күш, тәрбиені – қоғамды түзейтін басты құрал ретінде қарастырды. Ақынның ағартушылық, тәрбиелік ойлары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп мұрасын терең зерттеу – ұлттық руханиятты дамытудағы маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

Қазақ халқының рухани-мәдени мұрасында ерекше орын алатын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары – ұлттық сананы қалыптастыруда, өскелең ұрпақты білімге, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде аса маңызды құндылықтар жиынтығы болып табылады. Оның еңбектерінде білім мен тәрбие мәселесі бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылып, халықтық дүниетаным, діни-этикалық ұстанымдар және өмірлік тәжірибе негізінде терең философиялық мазмұнға ие болған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім ұғымы тек сауат ашумен немесе ғылым игерумен шектелмейді.

Ол білімді адамның рухани кемелденуінің басты шарты ретінде қарастырады. Ақынның ойынша, шынайы білім – адамды ізгілікке бастайтын, ақ пен қараны ажыратуға үйрететін, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіндіретін күш. Сондықтан ол өз шығармаларында білімсіздікті надандықпен теңестіріп, надандықты елдің дамуына кедергі келтіретін ең үлкен дерт ретінде сынайды. Бұл көзқарас бүгінгі білім беру жүйесі үшін де өзекті болып табылады. Тәрбие мәселесіне келгенде, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ұлттық тәрбиеге, ата-ана өнегесіне, үлкенді сыйлау мен кішіге қамқор болу дәстүріне айрықша мән береді. Оның шығармаларында адалдық, еңбекқорлық, сабырлылық, әділдік, имандылық секілді қасиеттер негізгі тәрбие құндылықтары ретінде көрініс табады. Ақын адам тәрбиесінің негізі отбасында қаланатынын, ал қоғамдағы моральдық ахуал әрбір жеке тұлғаның мінез-құлқымен тікелей байланысты екенін айқын көрсетеді. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде діни тәрбие мен адамгершілік тәрбиенің өзара сабақтастығы анық байқалады. Ол ислам дінінің адамды рухани тазалыққа, әділеттілікке, мейірімділікке тәрбиелейтін қырларын кеңінен насихаттай отырып, дінді соқыр сенім емес, парасат пен ақылға негізделген ілім ретінде түсіндіреді. Бұл тұрғыда ақынның көзқарасы ағартушылық бағытпен үндесіп, заманының озық ойлы тұлғаларының идеяларымен сабақтасады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары ұлттық болмысты сақтауға, халықтың тарихи жадын жаңғыртуға бағытталған. Ол өткен мен бүгінді байланыстыра отырып, келер ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беруді мақсат еткен. Ақынның өсиет, нақыл, ғибрат сөздері қазіргі жастардың рухани дамуына, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына зор ықпал ете алады.

Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары – қазақ халқының рухани байлығының ажырамас бөлігі. Оның мұрасы бүгінгі таңда да өз маңызын жоймай, ұлттық тәрбиенің, адамгершілік пен парасаттылықтың қайнар көзі болып отыр. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтарының қазіргі білім беру жүйесі үшін де маңызды екені айқындалды. Ақынның ағартушылық, ұлттық және рухани-адамгершілік бағыттағы идеялары жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор рухани мұра болып табылады. Сондықтан ақын шығармаларын оқу, зерделеу және білім беру үдерісінде пайдалану – өскелең ұрпақты жан-жақты, рухани бай, саналы азамат етіп тәрбиелеудің тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қасабек А. Ұлттық руханияттың құндылық болмысы // Қазақтану өрісі: Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Молдабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 б.
2. Худайбергенов Н. Қазіргі ғылымдағы жалпыадамзаттық құндылықтар жайлы түсінік. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б. 80-89.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар: Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, – 1990. – 152 б.
4. Zhuszupov N., Shalabay B., Baratova M., Ibraeva Zh., Lapytova Z., Mutalieva R., Abdullayeva K., SakenovJ. Las muestras conservadas del folklore: problema de la edición del libro del folklore de Mashkhur Zhussup //Revista ESPACIOS. ISSN 0798 1015. Vol. 38 (№ 55). –2017. – 34 p.
5. Мырзахметұлы М. М. Ж. Көпеевтің қазақ әдебиетіндегі орны. – Тараз: Ой толғаныстары. – Түркістан, 2005. – Б. 109-122.
6. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.
7. Мәшһүр Ж. К. Шығармалар жинағы. 2-том. – Павлодар, 2013. – 133 б.
8. Мәшһүр Ж. К. Шығармалар жинағы. 4-том. – Павлодар, 2013. – Б. 145-148.
9. Аңсабаев Д. М. М. Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы, 2003. – №1. – Б. 184-190.
10. Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н. Алаш ғалымдарының фольклортанушылық қызметі: Мәшһүр Жүсіп Көпеев. // Торайғыров университетінің Хабаршысы. №3, 2023. – Б. 87-98. DOI: https://doi.org/10.48081/VIQB3198

11. Жүсіпов Н.Қ. 20-ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы. Монография. – Павлодар, 2003. – 246 б.

12. Сүтжанов С. Мәшһүртану курсы. Дәрістер жинағы. Оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2009. – 85 б.

13. Баратова М. Н. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ұлттық өрнек мәні // Мәшһүр Жүсіп оқулары: республикалық ғылыми конференция материалдары. – Павлодар, 2001. – 117–122 б.

14. Барлыбаева Г.Г. Қазақ философиясындағы этикалық идеялардың эволюциясы. – Алматы: Егемен Қазақстан, 2011. – 112 б.

15. Есентайұлы С. Құндылықтардың төресі // Қазақ әдебиеті. – № 8(3224). – 108 б.

А.К. НУРБАНОВА
Торайгыров Университет, Павлодар, Казахстан

ЦЕННОСТИ ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСУПА КОПЕЕВА

Аннотация. В статье всесторонне анализируются ценности образования и воспитания в произведениях выдающегося представителя казахской литературы Машхура Жусупа Копеева. В ходе исследования автором рассматриваются педагогические идеи в произведениях, роль образования в жизни человека, нравственно-литературные принципы и воспитательное значение национальной традиции. Мудрость и интерес к чтению, науке, отраженные в стихах и поэмах Машхура Жусупа Копеева, ценятся с точки зрения воспитания подрастающего поколения. Цель статьи – систематизация идей образования и воспитания в литературном наследии и демонстрация их актуальности в современной педагогике и национальном воспитании. В статье анализируются нравственные принципы, отражение в произведениях национальных традиций и обычаев. Систематически анализируются элементы житейской мудрости, нравственных ценностей и национального воспитания, отраженные в творчестве поэта. В статье раскрывается их воспитательная роль и педагогическое значение в современном мире посредством глубокого анализа произведений. Литературное наследие Машхура Жусупа Копеева – это не только искусство художественного слова, но и источник национального воспитания, культуры, нравственности и добропорядочности. В статье исследуется, как идеи образования и воспитания передаются поколениям через литературные произведения, их педагогическая ценность в современном обществе, роль в духовно-нравственном воспитании. Систематический анализ тем образования и воспитания в творчестве поэта открывает возможности их применения в современном учебно-воспитательном процессе. Статья отражает важные аспекты сохранения и передачи национальных ценностей поколениям через произведения Машхура Жусупа Копеева и позволяет с научной точки зрения оценить воспитательное значение литературного наследия.

Ключевые слова: духовные ценности, национальные ценности, ценности образования и воспитания, морально-литературные принципы, воспитательное значение национальной традиции.

A.K. NURBANOVA
Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

THE VALUES OF EDUCATION AND UPBRINGING IN WORKS OF ART MASHKHUR ZHUSIP KOPEEVA

Annotation. The article comprehensively analyzes the values of education and upbringing in the works of the outstanding representative of Kazakh literature Mashkhur Zhusip Kopeev. In the course of the research, the author examines pedagogical ideas in the works, the role of education in

human life, moral and literary principles and the educational significance of the national tradition. Wisdom, life wisdom and interest in reading, science, reflected in the poems and poems of Mashkhur Zhusip Kopeev, are appreciated from the point of view of educating the younger generation. The purpose of the article is to systematize the ideas of education and upbringing in the literary heritage and demonstrate their relevance in modern pedagogy and national education. The article analyzes knowledge and upbringing, common sense, moral principles, reflection of national traditions and customs in his works. In the course of the research, the author examines such main topics as special attention to knowledge, a call to science and reading, and moral education in the works of Mashkhur Zhusip Kopeev. The elements of life wisdom, moral values and national upbringing reflected in the poet's poems and works are also systematically analyzed. The article reveals their educational role and pedagogical significance in the modern world through an in-depth analysis of the works. Mashkhur Zhusip Kopeyev's literary legacy is not only the art of artistic expression, but also a source of national education, culture, morality and integrity. The article explores how the ideas of education and upbringing are transmitted to generations through literary works, their pedagogical value in modern society, and their role in spiritual and moral education. In addition, a systematic analysis of the themes of education and upbringing in the poet's work opens up the possibility of their application in the modern educational process. The article reflects important aspects of the preservation and transmission of national values to generations through the works of Mashkhur Zhusip Kopeev and allows us to scientifically assess the educational significance of literary heritage.

Keywords: spiritual values, national values, values of education and upbringing, moral and literary principles, the educational significance of the national tradition.

References

1. Qasabek A. Ūlttyq ruhaniattyñ qūndylyq bolmysy // Qazaqtanu örısı: Oqu qūraly / Jalpy redaksiasyn basqarğan J. Moldabekov. – Almaty: Qazaq universitetı, 2005. – 204 b.
2. Hudaibergenov N. Qazırgı ğylymdağy jalpyadamzattyq qūndylyqtar jaily tüsınık. – Almaty: Qazaq universitetı, 2017. – B. 80-89.
3. Joldasbekov M. Asyl arnalar: Ädebi maqalalar. – Almaty: Jazuşy, - 1990. – 152 b.
4. Zhuszupov N., Shalabay B., Baratova M., Ibraeva Zh., Lapytova Z., Mutalieva R., Abdullayeva K., SakenovJ. Las muestras conservadas del folklore: problema de la edición del libro del folklore de Mashkhur Zhussup //Revista ESPACIOS. ISSN 0798 1015. Vol. 38 (№ 55). – 2017. – 34 p.
5. Myrzahmetūly M. M. J. Köpeevtıñ qazaq ädebietındegı orny. – Taraz: Oi tolğanystary. – Türkıstan, 2005. – B. 109-122.
6. Nūrmūratov S. Ruhani qūndylyqtar älemı: äleumettık filosofialyq taldau. – Almaty: QR BČM Filosofia jäne saiasattanu instituty, 2000. – 180 b.
7. Mäşhür J. K. Şyğarmalar jinağy. 2-tom. – Pavlodar, 2013. – 133 b.
8. Mäşhür J. K. Şyğarmalar jinağy. 4-tom. – Pavlodar, 2013. – B. 145-148.
9. Añsabaev D. M. M. Jüsıp şyğarmalarynyñ tärbielık mänı // Izdenıs. Gumanitarlyq ğylymdar seriasy, 2003. – №1. – 184-190 b.
10. Jüsıpov N. Q., Baratova M. N. Alaş ğalymdarynyñ fölklortanuşylyq qyzmetı: Mäşhür Jüsıp Köpeev. // Toraiğyrov universitetınıñ Habarşysy. – №3, 2023. – B. 87-98. https://doi.org/10.48081/VIQB3198
11. Jüsıpov N. Q. 20-ğasyrdyñ bırınşı jartysyndağy qazaq fölklortanu ğylymy. Monografia. – Pavlodar, 2003. – 246 b.
12. Sütjanov S. Mäşhürtanu kursy. Därıster jinağy. Oqu qūraly. – Pavlodar: Kereku, 2009. – 85 b.
13. Baratova M. N. Mäşhür Jüsıp şyğarmalaryndağy ūlttyq örnek mänı // Mäşhür Jüsıp oqulary: respublikalyq ğylymi konferensia materialdary. – Pavlodar, 2001. – 117–122 b.
14. Barlybaeva G. G. Qazaq filosofiasyndağy etikalyq ideialardyñ evolüsiasy. – Almaty: Egemen Qazaqstan, 2011. – 112 b.
15. Esentaiūly S. Qūndylyqtardyñ töresı // Qazaq ädebietı. – № 8(3224). – 108 b.

Автор туралы мәлімет:

Нұрбанова Айгүл Қисапқызы – Торайғыров университетінің докторанты, Павлодар, Қазақстан.

Нурбанова Айгуль Кисаповна – докторант Торайгыров университета, Павлодар, Казахстан.

Nurbanova Aigul Kisapovna – doctoral student at Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.01.11
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.24

***Ж.Б. СӘРСЕНБАЕВА[1]**
А.П. ҚҰРМАНБАЙ[2]
Г.С. ОБАЕВА[3]
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан [1,2]
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан[3]
(e-mail: s.zhansulu.kz@mail.ru[1], aizhankurmanbai@gmail.com[2], gso72@mail.ru[3])

*АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «МҰНАРА» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ: АРХЕТИП ЖӘНЕ САНА ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесінің архетиптік және психологиялық трансформациясы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі ұлттық әдебиеттегі әйел тұлғасының дәстүрлі әлеуметтік рөлдер шеңберінен шығып, рухани субъект, мәдени жадтың тасымалдаушысы және ішкі сана дамуының көркем бейнесі ретінде қалыптасу үрдісін ғылыми тұрғыда пайымдаумен байланысты. Мақсаты – «Мұнара» романындағы әйел бейнелерінің архетипін, оның мифопоэтикалық негіздерін және кейіпкердің ішкі психологиялық күйін талдау арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің суреттелуі қандай деңгейде екенін анықтау.
Мақаланы жазу барысында архетиптік-психоаналитикалық, мифопоэтикалық және герменевтикалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар мәтіндегі символдар, уақыт және кеңістік бірліктері, табиғат пен тотемдік бейнелердің қызметі талдана оытырып, олардың кейіпкер санасының трансформациясымен байланысы анықталды. Романдағы әйел бейнесі тек әлеуметтік тип немесе тұрмыстық деңгейдегі кейіпкер ретінде ғана емес, архетиптік сана кеңістігінде дамитын рухани тұлға ретінде қарастырылады. Автор кейіпкердің ішкі күйзелістерін, жалғыздығын, өзін-өзі іздеу, рухани жаңғыру кезеңдерінен өту барысын мифологиялық және символикалық бейнелер арқылы көркемдейді.
Нәтижесінде жазушы «Мұнара» романында әйел бейнесін әлеуметтік деңгейден рухани субъект деңгейіне көтергені, оны ұлттық мәдени кодтармен, архетиптік құрылымдармен және ұжымдық бейсанамен тығыз байланыста көркем бейнелегені тұжырымдалды. Роман құрылымы мен сюжеттік желісі кейіпкердің ішкі дамуын, жеке тұлғалану үдерісін және рухани кемелдену кезеңдерін көрсетеді. Осы тұрғыдан келегенде, «Мұнара» романы қазіргі қазақ прозасындағы әйел тұлғасының көркемдік интерпретациясын тереңдетіп, оның мәдени-философиялық және мифопоэтикалық мәнін ашатын маңызды шығарма ретінде бағаланады.
Түйін сөздер: әйел бейнесі, архетип, сана эволюциясы, трансформация, мифопоэтика, психологизм.

Кіріспе. Қазіргі қазақ прозасындағы әйел жанының терең психологиялық иірімдерін, рухани эволюциясын бейнелеуде түрлі ізденістер мен жаңашылдықтың озық үлгісін

** Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR31715839 «Әдебиеттану мен өнертану саласындағы іргелі зерттеулер: академиялық сабақтастық пен жаңа парадигмалар» жобасы аясында әзірленді.*

көрсетіп жүрген қаламгерлердің бірі – Айгүл Кемелбаева. Ол өз шығармашылығында қазақ әйелінің болмысын жалаң-жадағай түрде емес, ұлттық дүниетаным мен әлемдік мәдени-мифологиялық кеңістікті ұштастыра суреттеуде үлкен шеберлік көрсетіп жүр.

Мифопоэтикалыққолданыспенсимволдықбейнелеужүйесіоныңшығармашылығының ерекшелігін көрсетеді. Оның шығармаларында өмір мен өлім, жарық пен көлеңке, тән мен рух арасындағы күрделі қатынас нәзік психологиялық штрихтар арқылы ашылады. Кемелбаева прозасында реализм мен мистицизмнің, миф пен экзистенциализмнің элементтері селбесіп жатыр. Оның шығармаларының тамыры тереңнен, халық ауыз әдебиетінен тартылған.

Әйелбейнесі– оныңшығармаларыныңөзегінқұраптұратындай. Жазушыкейіпкерлерін әлеуметтік немесе тұрмыстық деңгейде ғана суреттеп қоймай, рухани-архетиптік кеңістікке көтере бейнелейді. Осы арқылы ол әйел табиғатын мәңгілік бастаулармен байланыстырады. Айгүл Кемелбаева шығармаларындағы әйел – тек эмоцияның көзі ғана емес, дүниенің тылсым сырын танушы, рухани эволюцияның субъектісі. Оның «Мұнара» атты романы әйелдің ішкі әлемін ұлттық мәдени кодтар, табиғат пен кеңістік символдары, архаикалық сана элементтері арқылы ашуға бағытталған.

Қазақәдебиетіндеәйелбейнесінрухани-мистикалық, архетиптікжәнеэкзистенциалдық негізде қарастыру XXI ғасырдың әдеби сыны мен әдебиеттануында жаңаша бағыт ала бастады. Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығы осы бағыттың көрнекті көрінісіндей. Оның прозасындағы әйел кейіпкерлер – ұлттық дүниетаным мен әлемдік мәдени архетиптер түйісінен туған күрделі рухани тұлғалар.

Архетип ұғымын К.Г.Юнг адамзаттың ұжымдық бейсанасында қалыптасқан әмбебап бейнелер мен символдар жүйесі ретінде қарастырған [1]. Бұл архетиптер адамның ішкі әлеміндегі қайшылықтарды, эволюцияны және өзін-өзі тану процестерін бейнелеуге мүмкіндік береді.

Кемелбаева шығармаларындағы әйел бейнесі – үздіксіз рухани қозғалыс пен ішкі кемелденудің көрінісі. Жазушы әйел кейіпкерлерін қоғам мен дәстүр шеңберіндегі пассив тұлға ретінде емес, өзін-өзі тануға, рухани жаңаруға ұмтылған саналы субъект ретінде бейнелейді. Бұл трансформация көбіне символдық деңгейде жүзеге асады: кейіпкердің табиғатпен тіл табысуы, түн мен жарық, өлім мен өмір арасындағы өткелдерден өтуі оның сананың архетиптік қабаттарымен бетпе-бет келуін білдіреді. Кемелбаева үшін әйелдің рухани эволюциясы – тек жеке тұлғаның дамуы ғана емес, ұлттық жад пен әйелдік бастау түптамырына оралу процесі. Осы арқылы жазушы әйел табиғатын мистикалық және философиялық кеңістікте жаңаша танытады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың теориялық және әдістемелік негізін әйел образының архетиптік, психоаналитикалық және мифопоэтикалық қырларын кешенді талдауға бағытталған заманауи гуманитарлық әдістер жүйесі құрайды.

Біріншіден, әйел бейнесін қарастыруда қазақ әдебиеттануындағы ғылыми пайымдар ескерілді. Осы бағыттағы отандық еңбектер жазушы шығармашылығын ұлттық дүниетаным мен гендерлік мәдениет контексінде пайымдауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романына талдау жасау барысында мифопоэтикалық талдау әдісі қолданылды. Бұл тәсіл туындының көркемдік кеңістігіндегі архетиптік бейнелер мен символдардың қызметін, жазушы қолданған метафоралардың рухани-экзистенциалдық мәнін анықтауға бағытталды.

Үшіншіден, әйел кейіпкердің рухани эволюциясын ашуда К.Г.Юнгтің архетип теориясы басшылыққа алынды. Юнг ұсынған архетиптер жүйесі кейіпкердің ішкі трансформациясын интерпретациялауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар экзистенциалдық және феноменологиялық талдау элементтері кейіпкердің болмыс пен өзіндік сана арасындағы күрделі қатынастарын айқындауға қолданылды.

Осы әдістердің синтезі А.Кемелбаева шығармашылығындағы әйел бейнесін біржақты әлеуметтік не психологиялық құбылыс ретінде емес, рухани-архетиптік кемелденудің көркем көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалы ретінде Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романы таңдалды. Бұл шығармақазіргіқазақпрозасындағыәйелбейнесініңрухани-архетиптіктрансформациясын зерттеуге ерекше мүмкіндік береді. Романда басты кейіпкердің ішкі әлемі, психологиялық иірімдері егжей-тегжейлі суреттелген, сондықтан ол әйел тұлғасының сана эволюциясын, рухани ізденісін және архетиптік қырларын зерттеуге тиімді.

«Мұнара» романының композициялық құрылымы мен сюжеті кейіпкердің ішкі псилогиялық өсуі мен өзін-өзі тануының кезеңдерін нақты көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеу үшін қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін талдауға арналған кең көлемді ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Атап айтқанда: «Образы женщин в дореволюционной казахской литературе» [2], «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы әйелдер образы» [3], «Эволюция образа женщины в геройском эпосе тюркоязычных народов (казахов, хакасов, алтайцев, киргизов, шорцев)» [4], «Типология женских образов в казахской прозе 20-30-х годов» [5], «Проблема автора и авторской позиции в женской прозе» [6], «Алғашқы қазақ романдарындағы әйелдер образын жасау эволюциясы» [7], «Әйел прозасындағы әйел образының ерекшелігі» [8], «Феминистская имагология» [9] және «Қазақ тарихи романындағы әйелдер бейнесінің жасалу ерекшеліктері (1960-1980 жж.)» [10] атты еңбектер зерттеу жүргізу барысында басты бағдар бола алды.

Бұдан бөлек, зерттеудің теориялық негізін архетип пен мифопоэтикалық талдау ұстанымдары құрайды. Архетип ұғымы мен ұжымдық бейсананың көркемдік қызметі К.Г.Юнг еңбектерінде жан-жақты негізделген [1]. Сондай-ақ Е.М.Мелетинский К.Юнг ұсынған теорияны тереңдете тұжырымдар жасайды [11]. Мифтік уақыт пен символдық қайталанудың мәнін ашуда М.Элиаде (1994) еңбектері маңызды рөл атқарады [12]. Қазақ әдебиеттануындағы мифопоэтикалық дәстүр мен архетиптік сана мәселелері С.Қасқабасов (1984), Т.Жұртбай (2005) және т.б. зерттеулерінде көрініс тапқан [13], [14]. Осы еңбектер Айгүл Кемелбаева шығармаларындағы архетиптік құрылым мен әйел бейнесінің рухани эволюциясын талдауда теориялық және әдістемелік негіз ретінде алынды.

Талқылау мен бақылау. Архетип ұғымы мен оның көркем мәтіндегі көрінісін талдауда К.Г.Юнгтің «ұжымдық бейсаналық» теориясы негізгі теориялық арқау болып табылады. Юнг адамзат мәдениетінде қайталанып отыратын әмбебап бейнелер жүйесін архетиптер деп танып, олардың рухани және психологиялық функцияларын анықтаған. Осы бағытты жалғастырған орыстың белгілі әдебиеттанушысы Е.М.Мелетинский архетиптерді мифологиялық жүйемен байланыстыра қарастырып, олардың көркем әдебиеттегі қызметін нақтылап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «ең маңызды мифологиялық архетиптер мен архетиптік мифологем ретінде Юнг ең алдымен «ана», «бала», «көлеңке», «анимус» («анима»), «данышпан қарт» («ақылды қария») архетиптерін бөліп көрсетті» деп атап өтеді (Мелетинский, 1994).

Е.М.Мелетинский К.Юнг ұсынған бұл алты архетипті адамзат мәдениетінің терең қабаттарында орныққан мифологиялық архетиптер ретінде бағалайды. Мұндай архетиптік бейнелер тек Батыс мәдениетіне тән құбылыс емес, қазақ дүниетанымында да көрініс табады.

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел кейіпкері – күрделі, көпқабатты тұлға. Ол тек әлеуметтік немесе тұрмыстық сипаттағы кейіпкер емес, рухани эволюцияның, психологиялық тереңдіктің, ұлттық мәдени кодтар мен архетиптердің тоғысуынан туған тұлға болып көрінеді. Романдағы басты әйел кейіпкері әйел табиғатының әртүрлі қабаттарын ашып көрсетеді: қоғамдағы рөлі, жеке тұлғалық ерекшеліктері, рухани ізденісі, қорқыныш пен үміт арасындағы күресі. Осы арқылы Кемелбаева қазақ әйелінің сана эволюциясын көркемдік тұрғыда бейнелейді.

К.Юнг теориясына сәйкес, «Мұнара» романындағы әйел кейіпкерінде бірнеше архетиптік компонент байқауға болады.

Айжан архетип бойынша – ізденуші, қаһарман (жеке тұлға ретінде қалыптасу жолында, төзімді, ар-намысты биік қояды), ал Жамал – көлеңке, патшайым, қатал ана – материалдық жағынан үстем, бақылаушы, құндылықтарды бұрмалаушы), Лиля – мифологиядағы

трикстер архетипін еске түсіреді, айлакер, қу, ұрлықшы, Рита – бала архетипінің бұзылған формасы, олай деуімізге себеп, ол ерте есейген, әлеуметтік мәртебені сүйеніш көреді, қиянат не манипуляция жасауға да бейімді көрінеді. Осы төрт бейне арқылы автор КСРО ыдырап, байланыс пен ақша арналары үзіліп, нарықтық қатынастар қиындаған сәттегі, яғни, өтпелі кезеңдегі әйелдің әлеуметтік тірегі мен тұрмыстық еңбегін бейнелейді.

Сананың, кейіпкердің ішкі пайымының өзгерісінің мұндағы ең маңызды қызметі – баяндаушы Айжанның архетиптік деңгейде «жолға шыққан» кейіпкер ретінде сомдалуы, яғни оның санасының жекелену, дара индивид болу процесіне түсуі. Романдағы әйел бейнесі сыртқы әлеуметтік сипаттамамен шектелмей, кейіпкердің ішкі әлеміндегі моральдық таңдаулар мен этикалық сынақтардың кеңістігіне айналады.

Айжан бейнесі – жай ғана әлеуметтік кейіпкер емес, ол Персона (әлеуметтік рөл) мен Анима (рухани бастау) арасындағы алшақтықты жоюға ұмтылған күрделі трансформацияланған архетиптік құрылым.

Бұл трансформация мәтінде бірнеше қабаттар арқылы ашылады. Бірінші, таңырқау және қызығу кезеңі: Айжан бай әрі бөтен әлеуметтік кеңістікке алғаш енген кезде таңырқау күйін бастан кешіреді. Ол заттардың молдығын, кеңістіктің тәртібін және тұрмыстың бөтен моделін қабылдай отырып, өзін жаңа мәдени-әлеуметтік құрылымның алдында тұрғандай сезінеді [15, 22]. Бұл кезең – табалдырықтан өту кезеңі, яғни кейіпкердің бұрынғы тәжірибеден өзге шындыққа қадам басуы. Екнші, ішкі қарсылық және қорғаныс кезеңі: Жамал тарапынан байқалған күдік, әлеуметтік қысым және мәртебелік теңсіздік Айжанның санасында қорғаныс механизмдерін іске қосады. Ол өзін ақтауға, өзінің моральдық тұтастығын сақтауға ұмтылады[15, 33]. Осы сәтте кейіпкер алғаш рет әлеуметтік иерархияның қысымын ішкі деңгейде сезінеді. Үшінші, шындықтың ашылуы кезеңі: Лиляның ұрлығының әшкереленуі Айжан санасында моральдық айқындау сәтін туғызады. Мұндағы мәселе тек кінәлі мен кінәсіздің анықталуында емес, қоғамдағы өтіріктің қалай қалыпты құбылысқа айналып, тіпті заңдастырылып кететінін түсінуде жатыр [15, 42]. Бұл кезең кейіпкердің дүниетанымындағы иллюзиялардың ыдырауымен сипатталады. Төртінші, құндылықтарды қайта жинақтау кезеңі: романның соңғы беттерінде Айжанның баяндау үні жинақталып, тереңдей түседі. Ол енді әлемді сыртқы әсемдік немесе тартымдылық өлшемдері арқылы емес, әділет, жауапкершілік және моральдық шындық өлшемдері арқылы бағалауға жақындайды [15, 43]. Бұл кезеңде кейіпкердің санасы жаңа этикалық тұтастыққа жетеді.

Романның бастауынан-ақ баяндау құрылымының өзгешелігін аңғарамыз. Нарратология тұрғысынан қарағанда романда әйелдің ішкі даусының салмағы басым. Роман бастауында бірінші жақтан баяндалып, ішкі монолог пен ой-толғаныс кейіпкер Айжанның тұлғасын ашудың негізгі құралына айналған. Ал диалог тұрмыстық пәрмен мен әлеуметтік алшақтықты, күштілікті білдіретін тұстарында қолданылып, қысқа репликалармен шектеліп отырған. Төрт әйел кейіпкердің барлығының болмыс-бітімі көбіне Айжанның баяндаушы көзімен ашылады.

Жамал – осы романның бірінші бөліміндегі негізгі билік иесі. Ол – қатардағы қарапайым әйел емес, оның бұл бөлімдегі рөлі одан әлде қайда кеңірек: ол қаржының, тәртіптің, мәртебе мен беделдің орталық фигурасы іспетті. Жамалдың романдағы осы рөлі әйел архетипінің «Ұлы Ана» моделін еске түсіреді: ол үйді қорғаушы, бәрін үйлестіруші, тәртіп орнатушы.

Десек те, «Ұлы Ана» архетипінің Көлеңкелі де қыры бар. Мысалы, оның күдік келтіруі, ұдайы бақылауда ұстауы, кей сәттердегі негізсіз қысымы осыны көрсетеді. Ақша жоғалған сәттегі Айжанға мән-жайды айтқызуы оның қамқорлығын емес, билеушілігін анық байқатады:

«...Жамалдың өзі екен, ол бірден төтесінен қайырды:

– Айжан, жақын күндерде біздің үйден көп ақша жоғалды, сен ештеңе көрмедің бе?

– ?!

– Үйде сақтаулы тұрған әжептәуір ірі сома ұрланды. Кім алса да, қайтарып бергені дұрыс болар.

– Оған менің мүлде қатысым жоқ! Мен ұры емеспін, – деп ызалана дауыстадым мен трубкаға, шынымды айтсам, ішім мұздап кетті. Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан дегеннің кері, сенімсіз, қайырсыз, күдікті іске басым байланған екен» [15,33]. Бұл тұстан оның екі жақты қарама-қайшы сипатын байқаймыз, бір жағынан қарасаңғ ол үйдің «ұйытқысы», ал екінші жағынан өзінен әлсізге тізе батырып, жүйкесіне әсер етуші де. Осылайша, кейіпкер-нарратор Айжан «күшті әйел» моделін көре отырып, күштің ар жағындағы көлеңкелі қырын да аңғарады.

Ал Жамалдың қызы Ритадан «Жетім/Жаралы бала» архетипін аңғарамыз. Автор Ритаға қатысты оқиғалар желісін әрі нәзік, әрі күрделі оқиғаларға тізбектеп отырған. Романдағы Ритаға қатысты алғашқы сюжет қарапайым ғана тұрмыстық деталь арқылы беріледі:

«Рита, телевизорды өшір, мультфильмді көріп біттің ғой» [15, 21]. Бір қарағанда, ананың балаға айтатын күнделікті тыйымдарының бірі сияқты. Бірақ романның өзге де фрагменттеріндегі теледидар, мультфильм, видеомагнитофон, жарнама, клиптің бәрі де Ританың ішкі әлемін құрап тұрған, оның бойындағы бос кеңістіктерді толтырып тұрған негізгі күш секілді түйіледі. Мәселен, автордың мына бір жолдары: «Рита өте зерек, бірақ сан миллиондаған балаға тән сол қабілетін телевизордың құбыжық әсері жұтып қоятын болса керек. Ол жарнама атаулыны жатқа соғады, қалай экраннан тұтынушы іздеген жылмайы, саудайы сөздер сайлайды, солай дублер тәрізді сөзбе-сөз жарыса қайталап отырғаны,» – оның экрандағы әлемге тым бағыныштылығын да білдіріп тұр [15, 29]. Ол тек көрермен ғана емес, соның ықпалында қалған субъект екенін де аңғартады. Оның американдық поп-мәдениет өкілдерін тамашалап, оларды қайталап-еліктеуі оның ішкі менін сыртқы жылтырақтармен тұмшалауға талпынысын, соның жетегінде кетіп бара жатқан қаупін де білдіреді. Автор суреттеген осы детальдардан-ақ оны архетиптік тұрғыдан «жаралы бала» деп тануымызға болады. Ол өзінің ата-анасының ыстық ықыласы, мейірім-махаббатынан гөрі экранның бергенін өзіне сіңіріп, ананың аялы алақаны мен жылуының орнына теледидар жылтырын өзіне қабылдап жатыр. Бұдан бөлек Ритаға берілген сыйлықтар, оның туған күні, демеушіліу пен класындағы оқиғалар оның санасында құндылық атаулының бәрі материалданып жатқанын көрсетеді. Романның бірінші бөліміндегі ең кішкентай кейіпкер екендігіне қарамастан, Рита да әйел әлемінің бөлігін құрайды. Жазушы оның айналасында болып жатқан оқиғалар, детальдардың бәрін де келешектегі әйелдің санасында құрылар заттың, мәртебенің символындай бейнелейді. Айжанның құрбысы *Лилия* бейнесі айлакер, нағыз епті қызметші ретінде бейнеленген.
Оның мінез-құлқы, болмысы мәдени қаһарманның зұлымдық пен қулықты астастыра білген антогоист саналатын мифологиядағы трикстер архетипін еске түсіреді. Еске түсірсек, трикстер қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен адамгершілік қағидаттарды бұзып, алдау және ұрлықты құрар ете отырып, мақсатқа жетеді.

Шығармада *Лилияның* жағымпаздыққа және жасырын иемденуге бейімділігі айқын көрсетіледі: «Қожайын әйелдің *Лиляға* бауыр басып қалуының сырын күтуші қыздың тым жағымпаз мінезінен іздеу керек сияқты. *Лиля* Жамалды сыртынан жақтырмаса да, көзіне құлдық ұрып, не айтса да зыр жүгіріп кететін ақжарқын қалып танытатынға ұқсайды» [15, 33]. Бұл сипаттың бәрі де оны трикстер бейнесіне жақындатады, өйткені мұндай тұлғаға айлакерлік, екіжүзділік және ережені бұзу тән.

Алайда кейіпкердің іс-әрекетінің негізгі себептері көбіне тіршілік ету қажеттілігімен байланысты. *Лилияда* трикстер секілді «әлемді қайта құру» ниеті емес, әлеуметтік жағдайдың себебінен осылайша әрекет етеді. Осы тұрғыдан алғанда да, оның айлакерлігі тек өмір сүруге бейімделудің бір формасы ретінде ғана көрінеді. Басқалай интерпретацияласақ, *Лилияны* жағдайдың құрбаны, өзін сақтау үшін манипуляцияға баруға мәжбүр болған тұлға ретінде қарастыруға болады.

Әртүрлі халықтардағы мифологиялық трикстер бейнелермен салыстырғанда, *Лилия* хаосты тудырушы емес, жай ғана тұрмыстық деңгейдегі айлакерге жақын. Оның әрекеттері сондайлық символдық мәнге ие болмай, жеке басын алып жүру, тұрмыс шеңберімен ғана шектеледі. Сол себептен де, *Лилия* бейнесі толықтай трикстер архетипіне тән деп кесіп

айтпаймыз – ол алдауды тіршілік етудің құралы ретінде пайдаланатын әйел, нақтырақ айтқанда ішінара ғана ұқсастық тапқан бейне.

Романда кейіпкерлерден бөлек «тазалық» және «ұрлық» секілді екі детальдің де архетиптік қызметі бар. Үзінділерде өте жиі қайталанатын мотивтердің бірі – тазалық, жуып-шаю. Бұл сөзсіз, күтушінің міндеті. Қаламгер мұндай қарапайым детальді жайдан-жай алмаса керек. Ендеше, пәтерді тазалау – күнәдан арылу, тәртіп орнату секілді көрінеді де, ал осы тап-таза кеңістікте ұрлықтың орын алуы қайта-қайта қайталанатын сыртқы рәсім – тазалыққүшейген сайын адамның ішкі моральдық тазалығының әлсірете көрсетуінің өзінде мән бар.

Роман атауына мән бере қарасақ, «Мұнара» символикалық деңгейде кейіпкер Айжанның биік мұратын белгілеп қоятын деталль емес, оның рухани болмысын, адалдығы мен сабырлылығын, сондай-ақ ішкі еркіндігін білдіретін код іспетті. Романның бірінші «Бала бағушы» бөлімінде осы мән ашыла түседі. Ал «Соңғы жолбарыс» атты екінші бөлімде жолбарыс – рухани болмыстың, табиғатпен үйлесімділіктің, ішкі гармонияның, шындықтың тотемдік нышаны ретінде беріледі.

Роман желісінде гендерлік норма көріністері кеңестік жүйеден кейінгі кеңістіктегі үй мен қызметті қатар алып жүретін міндетпен қабаттасып, қарапайым әлеуметтік деректермен толықтырылып отырған. Екінші жағынан, Жамал арқылы «асыраушы әйел» феномені де көрініс тапқан. Жалпы әйелдің асыраушыға айналуы, әкенің отбасындағы дәрежесінің әлсіреп, аралас некедегі мәдени құндылықтар жүйесіндегі әркелкілік те алғашқы бөлімдегі салмақты жүк көтеріп тұрған деталдар.

Романның алғашқы бөліміндегі уақыт посткеңестік күйреу кезеңін әсерлі суреттейді: ақша аударымдарының тоқтап қалуы, қоғамдағы күйзеліс, үлкен мегаполистегі аш қалу сезімдері нанымды бедерленген. Мәскеуде білім алып жүрген студент қыздың бір сәтте елінен келетін ақша арналарының жабылып, көнкөріс үшін бала бағып, күтуші болып кетуі оқиғалар легін ширата түседі. Автор басты кейіпкер арқылы контрасты екі әлемді қатар бетпе-бет қояды. Жап-жас студенттің интеллектуалды-білімге ұмтылған әлемін «көзге көрінбейтін үй тірлігімен» қақтығыстыра суреттейді.

Романда архетиптер «жалаң тип» деңгейінде емес, өтпелі кезеңдегі әйел тәжірибесінің түрлі қабаттарын құрайтын психомәдени модельдер ретінде көрінеді. Бір уақыт көші аяқталып, жаңа бір кезеңнің басталған сәтінде екі түрлі, бір-біріне қарама-қарсы типтегі екі кейіпкердің бір-біріне қарсы суреттелуі шығарманың мән-мазмұнын ерекшелендірген.

«Соңғы жолбарыс» атты екінші бөлімінде бір қарағанда автор мүлде өзгеше баянға қозғау салған. Бірақ аңдап қарасақ, кейіпкер Айжан осы бөлімдегі автор-баяндаушыға «сіңіп» кеткендей де. Бұл бөлімде табиғатпен үндес лиризм мен трагизм қатар өріліп, күшейе түскен. Осы бөлімдегі «Жолбарыс» әйел кейіпкердің сыртқы әлеуметтік рөлінен әлдеқайда биігірек. Жолбарыс – тотемдік бейне, рухани өзек деңгейіне көтерілген. Осыдан барып, автор екінші бөлімді сөзсіз бірінші бөлімнің жалғасы ретінде, әйелді тек әлеуметтік құрбан немесе еңбектенуші ретінде ғана емес, жасампаз рух иесі ретінде де көрсетеді. Яки, қоғамдағы түрлі трансформацияларға төтеп бере алатын алапат күш иесі ретінде бейнелейді.

Жолбарыс бейнесі тек аң емес, көне түркі және қазақ мифологиясындағы тотемдік мәнге ие, сол себептен де романда ол ұлттық рухтың символына айналады. Қазақ халық дәстүрінде жолбарыс – әлемнің төрт қырының қорғаны.

Түркі әлемінде жолбарыс – төрт бағыттың қорғаны, күн мен оттың символы ретінде қасиетке ие. Рухани ырымдарда жолбарысты түсінде көру – жақсы белгі, ал қазақ айтыстарында ақындардың рухани қамқоршылары ретінде жолбарыс пен қасқырдың ұғымы жиі аталады (мысалы, Жамбыл Жабаевтың тотемі жолбарыс).

Романның екінші бөлімінде аңдардың тұрмысы егжей-тегжей беріліп, анималистік проза стилінде суреттеледі, жолбарыстың табиғи әрекеті арқылы қазақтың «өршіл, мықты рухы» танытылады.

Осы бейнелердің барлығы автордың жаһанға қарапайым пейіштей емес, сана-сезім мен рухтың көтерілуін бейнелеуге ұмтылысын көрсетеді. Әдебиеттанушы-ғалым А.Қалиева атап өткендей, қазақ даласына қайтып оралған барысты жақсылық пен ұлттық рухтың жаңғыруының нышаны ретінде бағалау – осы символдық деңгейге негізделген тұжырым [15, 340].

Ғалым Е.Қанкей бұл роман жайында: «...бүгінгі әдебиеттануда «интеллектуалды проза» мен соның өзіне сәйкес оқырманы бар екені айтылып жүр. Енді бұған, қазақша айтқанда, құрақ көрпе сияқты «синтетикалық» шығармаларды да қосыңыз «Мұнара» романының бірінші бөлігіндегі «Бала бағушыны» әуелгі атаған түрге жатқызуға болса, екінші бөлігі «Соңғы жолбарыс» әртүрлі эпизодтар мен сюжеттерді құрастырып, кино тілімен айтқанда монтаждап берген «синтетикалық прозалардың» үлгісі деуге болады. Алайда, бұл екі бөлім іштей әлдебір философиялық (авторлық) өзектерімен байланысты екен», – деген екен.

Романдағы екі бөлімді біріктіретін басты философиялық өзек – адамның болмыстық ізденісі мен рухтың трансформациясы. Егер бірінші бөлімдегі «Бала баағушы» кейіпкері экзистенциалдық дағдарысқа түскен, әлеуметтік қысым мен тұрмыстық тауқыметтің құрсауындағы заманауи адамның бейнесін сомдаса, екінші бөлімдегі «Жолбарыс» сол адамның ішкі еркіндікке, табиғи тазалыққа және нысаналы рухқа ұмтылған метафоралық бейнесі іспетті.

Автор бұл екі бөлімді біріктіру арқылы мынадай маңызды ойларды түйіндейді: «Мұнара» – тек биік ғимарат емес, ол адам санасының өсу сатылары. Бірінші бөлімдегі қалалық суық ландшафт екінші бөлімдегі түз табиғатымен астаса отырып, адамның түп-тамырына (тотемге) қайта оралуын меңзейді.

Тәни және рухани азаттық: Кейіпкер Айжанның автор-баяндаушыға «сіңіп» кетуі – бұл жеке адамның шеңберінен шығып, жалпыұлттық, тіпті жалпыадамзаттық рух деңгейіне көтерілу процесі. Мұндағы «монтаждау» тәсілі оқырманға адам мен табиғаттың бөлінбейтін біртұтас энергия екенін ұғындырады.

Міне, А.Қалиева айтқан «ұлттық рухтың жаңғыруы» мен Е.Қанкей меңзеген «интеллектуалды проза» осы жерде түйіседі [16], [17]. Романның философиялық өзегі – жаһандану дәуірінде өз «Мұнарасын» (идеалды әлемін) тұрғызғысы келетін адамның ішкі арпалысы мен жеңісі іспетті.

Қорыта айтқанда, екі бөлімнің ішкі байланысы – антропологиялық тұтастықта. Автор әлеуметтік деңгейден (әйел тағдыры) мифологиялық деңгейге (жолбарыс рухы) өту арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңа сапалы синтетикалық прозаның үлгісін жасаған. Бұл – тәннің азабынан басталып, рухтың азаттығымен аяқталатын философиялық сапар.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі қазақ прозасындағы архетиптік құрылым мен сана трансформациясының жаңа сапалық деңгейін көрсететінін дәлелдейді. Романдағы Айжан бейнесі – жай ғана әлеуметтік кейіпкер емес, ол Юнгтік «Персона» (әлеуметтік рөл) мен «Анима» (рухани бастау) арасындағы алшақтықты жойып, өзінің шынайы болмысын аша алған тұлға. Бұл архетиптер кейіпкердің саналық трансформациясының кезеңдерін бейнелей отырып, оның әлеуметтік «Персонадан» рухани тұтастыққа өту процесін көрсетеді. Романдағы өзге әйел бейнелері архетиптік жүйе ретінде ұйымдастырылған. Жамал («Ұлы Ана»), Лиля («Трикстер»), Рита («Жаралы бала») бейнелері арқылы автор өтпелі кезеңдегі әйелдер тағдырының архетиптік картасын сызған.

Романның композициялық құрылымы да кейіпкер санасының трансформациясын бейнелеуге бағытталған. Романның екі бөлімі («Бала бағушы» және «Соңғы жолбарыс») арасындағы философиялық байланыс – адамның экзистенциалдық дағдарыстан рухани азаттыққа өтуін бейнелейді. Бұл құрылымдық тұтастық кейіпкердің бастапқы әлеуметтік тәуелді күйден рухани еркіндік деңгейіне дейінгі ішкі қозғалысын көрсетеді. Осы арқылы А. Кемелбаева қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлттық код пен әлемдік архетиптерді тоғыстырған жаңа сапалы синтетикалық прозаны ұсынған.

Айжанның бастан кешкен трансформациясы – тәннің азабынан басталып, рухтың азаттығымен аяқталатын философиялық сапар. Бұл процесс барысында кейіпкер әлеуметтік тәуелділік жағдайынан рухани автономия деңгейіне жетеді. Нәтижесінде, қазақ прозасындағы әйел образы әлеуметтік қалыптан шығып, жасампаз рух иесі ретіндегі жаңа сапалық деңгейге көтеріледі. Бұл – әйел бейнесінің әлеуметтік типтен архетиптік және экзистенциалдық субъект деңгейіне өтуінің көрінісі.

Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің тарихи эволюциясы «Мұнара» романындағы архетиптік трансформацияның мәдени негіздерін түсіндіруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Қазақ әдебиетінде әйел образы ежелден көркемдік дүниетанымның маңызды нысаны болғанымен, оны ғылыми тұрғыда жүйелі талдау XX ғасырдың екінші жартысында ғана қалыптаса бастады. Кеңестік кезеңде әйел бейнесі көбіне әлеуметтік-идеологиялық тұрғыдан қарастырылып, оның тұлғалық және психологиялық болмысынан гөрі қоғамдық қызметі мен әлеуметтік рөліне басымдық берілді.

Бұл кезеңдегі әйел бейнесінің ерекшелігі туралы зерттеушілер Сәуле Мыңжасарованың «Әйел бақыты» романына қатысты: «Романда сол кездің саяси режимдеріне ешқандай қайшылық деректер кездеспейді, қайта кеңестік әйелдің теңдігі мен еркіндігі туралы насихатқа негізделіп жазылған», – деген пікірді айтады [18,18]. Бұл тұжырым кеңестік әдебиеттегі әйел бейнесінің идеологиялық сипатта қалыптасқанын дәлелдейді.

Алайда уақыт өте келе қазақ әдебиетінде әйел бейнесінің табиғаты күрделене түсті. 1950-1960 жылдары әйел бейнесі қоғамдық қызметкер деңгейінен адамдық тұлға деңгейіне көтеріле бастаса, 1970-1980 жылдары психологиялық прозаның дамуына байланысты әйел бейнесі рухани ізденістің субъектісіне айналды. Бұл кезеңде әйел бейнесінің ішкі драматизмі, моральдық таңдауы және рухани азабы алдыңғы қатарға шықты. Әйел енді сыртқы әлеуметтік белсенділіктің объектісі емес, ішкі рухани қозғалыстың субъектісі ретінде бейнеленді.

Тәуелсіздік кезеңінде бұл үрдіс жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Әдебиеттануда гендерлік, мәдениеттанулық, психоаналитикалық және философиялық әдіснамалар кеңінен қолданылып, әйел бейнесі архетиптік құрылымдар мен ұлттық рухани код тұрғысынан қарастырыла бастады. Бұл бағыттағы зерттеулерде әйел бейнесінің мәдени және әлеуметтік трансформациясының күрделі сипаты атап көрсетіледі. Қазіргі зерттеулерде әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің кеңеюіне қарамастан, гендерлік теңсіздік мәселелерінің сақталып отырғаны да көрсетіледі [19].

Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің трансформациясы бірнеше негізгі деңгейде жүзеге асқанын анықтады. Біріншіден, әйел образы әлеуметтік типтен рухани тұлға деңгейіне өтті. Екіншіден, идеологиялық символдан психологиялық және экзистенциалдық субъект деңгейіне көтерілді. Үшіншіден, ұжымдық бейнеден жеке дара тұлға деңгейіне жетті. Бұл трансформация әйел бейнесінің архетиптік құрылымын және оның ұлттық мәдениетпен байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романында бұл трансформация толық көркемдік деңгейде жүзеге асқан. Романдағы Айжан бейнесі әйел тұлғасының әлеуметтік рөлмен шектелмейтінін, оның ішкі сана кеңістігі арқылы рухани тұтастыққа жететінін көрсетеді. Кейіпкердің рухани эволюциясы өмір мен өлім, қорқыныш пен үміт, жарық пен көлеңке арасындағы архетиптік қарама-қайшылықтарды еңсеру арқылы жүзеге асады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері «Мұнара» романындағы Айжан бейнесі қазақ прозасындағы әйел образының архетиптік трансформациясының жаңа кезеңін бейнелейтінін көрсетті. Бұл трансформация ұлттық мәдени архетиптер мен әлемдік психологиялық модельдердің синтезі негізінде жүзеге асқан. Нәтижесінде, әйел бейнесі әлеуметтік құрылымның объектісінен рухани трансформацияның субъектісіне айналып, ұлттық әдебиеттегі әйел тұлғасының жаңа архетиптік моделін қалыптастырды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері әйел бейнесін архетиптік және психологиялық трансформация тұрғысынан зерделеу қазіргі әдебиеттанудағы маңызды гуманитарлық парадигмалардың бірі екенін көрсетті. Әйел тұлғасы тек әлеуметтік немесе тұрмыстық

бейне ғана емес, ол – мәдениеттегі архетиптік жадтың, ұжымдық бейсананың және сана эволюциясының көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, әйел бейнесі адам болмысының ішкі қозғалысын және рухани қалыптасу үдерісін бейнелейтін архетиптік модель ретінде танылады.

Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы Айжан бейнесі қазіргі заманғы әйел бейнесінің трансформациясын көркем түрде көрсететін үлгі болып табылады. Романдағы әйел образы тек дәстүрлі қана емес, сонымен бірге заманауи қоғамдағы белсенді, білімді, өзіндік көзқарасы бар, моральдық және психологиялық тұрғыдан күрделі тұлға ретінде суреттелген. Айжан бейнесі арқылы автор әйелдің жеке адам ретіндегі дамуы, әлеуметтік рөлін өзгерту, қоғамдағы орны мен құқықтарын айқындау мәселелерін көркемдік тұрғыда ашып көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл образ әйелдің рухани кемелденуі, кәсіби және шығармашылық белсенділігі, отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілігі сияқты аспектілер арқылы дамытылып, қазақ прозасындағы әйел бейнесінің жаңа үлгісін қалыптастыруға үлес қосады. Ол әлеуметтік тәуелді тұлғадан рухани автономияға жеткен субъект ретінде қалыптасады. Бұл қазақ прозасындағы әйел бейнесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін дәлелдейді. Бұл тұжырым Ю.М.Лотманның «әйел мәдениеті» туралы концепциясымен де үндеседі. Ғалым: «Әйел мәдениеті дегеніміз – бұл тек әйелдердің мәдениеті ғана емес, ол – мәдениетке деген өзгеше көзқарас, оның көпүнділігінің ең қажетті бөлшегі» деп көрсетеді [20, 399]. Осы тұрғыдан алғанда, әйел бейнесі көркем мәтінде тек кейіпкер ғана емес, мәдениеттің рухани тұтастығын және саналық трансформациясын бейнелейтін маңызды архетиптік құрылым ретінде көрінеді.

Осылайша, «Мұнара» романындағы әйел бейнесі ұлттық әдебиеттегі әйел тұлғасының әлеуметтік типтен рухани субъект деңгейіне өткенін көрсетіп, оның мәдени жад пен сана трансформациясының көркем бейнесі ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Юнг К. Архетиптер және ұжымдық бейсаналық. – М.: Издательство АСТ, 2020. – 150 с.
2. Тойшыбаева С. Революцияға дейінгі қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнелері. – Алма-Ата: АН КазССР, 1963. – 145 с.
3. Тыныбаева С. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы әйелдер образы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 112 б.
4. Екшембаева Г. Түркітілдес халықтарда (қазақтар, хакас, алтай, қырғыз, шор) батырлық эпостарындағы әйел бейнесінің эволюциясы. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 198 с.
5. Исмаилова Ф. Қазақ прозасындағы әйел бейнелерінің типологиясы (20–30 жж.). – Алма-Ата: КазГУ, 1989. – 56 с.
6. Абдуллина Г. Автор және «әйел прозасы» шығармаларындағы автор позициясы мәселесі. – Уфа: БГУ, 1997. – 132 б.
7. Тапанова Г. Алғашқы қазақ романдарындағы әйелдер образын жасау эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 120 б.
8. Кенжебаева Г. Әйел прозасындағы әйел образының ерекшелігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 98 б.
9. Исмаилова Ф. Феминистік имагология. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 140 с.
10. Әбутәлиева Ж. Қазақ тарихи романындағы әйелдер бейнесінің жасалу ерекшеліктері (1960–1980 жж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 105 б.
11. Мелетинский Е.М. Әдеби архетиптер туралы. – М.: Российский государственный гуманитарный университет, 1994. – 136 с.
12. Элиаде М. Қасиетті және кәдімгі дүние / француз тілінен аударған, алғысөзі мен түсіндірмелерін жазған Н.К. Гарбовский. – Мәскеу: ММУ баспасы, 1994. – 143 б.
13. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984, – 272 б.
14. Жұртбай Т. Миф // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005.

15. Кемелбаева А. Мұнара: роман, әңгімелер, киносценарий. – Астана: Фолиант, 2023. – 380 б.
16. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: Evo Press, 2014. – 708 б.
17. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011жж.). – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.
18. Мәдібаева Қ. Қ., Төлеу А. Б. Сара Мыңжасарованың «Әйел бақыты» романындағы әйел образдарының гендерлік бірегейлігі // Керуен. – 2025. № 2 (87). –17–32 б. – ISSN 2078-8134. – DOI :10.53871/2078-8134.2025.2-01. https://keruenjournal.kz/main/article/view/1100/494
19. БасқынбаеваН., МассалимоваА., ӨмірбековаА., КүдеринаА., Әбікенов Zh. Қазақстанның қазіргі медиа кеңістігіндегі әйел бейнесі: гендерлік стереотиптердің трансформациясы үрдістері. Changing Societies & Personalities, Vol. 8, № 2 (2024), P. 443-464. URL: https://changingsp.com/ojs/index.php/csp/article/view/513/283
20. Лотман Ю. М. Орыс мәдениеті жайлы әңгімелер: XVIII–XIX ғғ. орыс дворяндарының тұрмысы мен дәстүрі. – СПБ.: Искусство, 1994. – 399 с.

Ж.Б. САРСЕНБАЕВА, А.П. КУРМАНБАЙ
Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан
Г.С. ОБАЕВА
Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан

ЖЕНСКИЙ ОБРАЗ В РОМАНЕ АЙГУЛЬ КЕМЕЛБАЕВОЙ «МҰНАРА»: АРХЕТИП И ТРАНСФОРМАЦИЯ СОЗНАНИЯ

Аннотация. В данной статье комплексно рассматривается архетипическая и психологическая трансформация женского образа в романе «Мұнара» известной представительницы современной казахской прозы Айгуль Кемелбаевой. Актуальность исследования обусловлена необходимостью научного осмысления процесса формирования женского образа в национальной литературе, который выходит за рамки традиционных социальных ролей и предстает как духовный субъект, носитель культурной памяти и художественное воплощение внутреннего развития сознания. Цель исследования – определить уровень художественного воплощения женского образа в современной казахской литературе путем анализа архетипической структуры женских персонажей романа «Мұнара», их мифопоэтических оснований и внутреннего психологического состояния.

В процессе написания статьи использовались архетипический, психоаналитический, мифопоэтический и герменевтический методы анализа. Наряду с этим были исследованы символическая система текста, категории времени и пространства, функции природных и тотемических образов, а также их связь с трансформацией сознания героини. Женский образ в романе рассматривается не только как социальный тип или бытовой персонаж, но и как духовная личность, развивающаяся в пространстве архетипического сознания. Автор художественно раскрывает внутренние переживания героини, её одиночество, поиск себя и этапы духовного возрождения через мифологические и символические образы.

В результате исследования установлено, что в романе «Мұнара» Айгуль Кемелбаева поднимает женский образ с социального уровня до уровня духовного субъекта, художественно связывая его с национальными культурными кодами, архетипическими структурами и коллективным бессознательным. Композиционная структура и сюжет произведения отражают внутреннее развитие героини, процесс индивидуации и этапы духовного становления личности. Таким образом, роман «Мұнара» представляет собой значимое произведение современной казахской прозы, углубляющее художественную интерпретацию женского образа и раскрывающее его культурно-философский и мифопоэтический смысл.

Ключевые слова: образ женщины, архетип, эволюция сознания, трансформация, мифопоэтика, психологизм.

ZH.B. SARSENBAYEVA, A.P. KURMANBAY
M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
G.S. OBAYEVA
Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

THE FEMALE IMAGE IN AIGUL KEMELBAYEVA'S NOVEL "MUNARA": ARCHETYPE AND TRANSFORMATION OF CONSCIOUSNESS

Annotation. This article comprehensively examines the archetypal and psychological transformation of the female image in the novel Munara by Aigul Kemelbayeva, a prominent representative of modern Kazakh prose. The relevance of the study lies in the scholarly interpretation of the process through which the female figure in national literature transcends traditional social roles and emerges as a spiritual subject, a bearer of cultural memory, and an artistic representation of the inner development of consciousness. The purpose of the study is to determine the level of artistic representation of the female image in contemporary Kazakh literature by analyzing the archetypal structure of the female characters in Munara, their mythopoetic foundations, and the psychological depth of the protagonist.

The research methodology is based on archetypal, psychoanalytic, mythopoetic, and hermeneutic approaches. In addition, the symbolic system of the text, the categories of time and space, and the functions of natural and totemic images were analyzed in order to reveal their connection with the transformation of the protagonist's consciousness. The female image in the novel is interpreted not merely as a social type or domestic character, but as a spiritual personality developing within the space of archetypal consciousness. The author artistically conveys the heroine's inner experiences, loneliness, self-search, and stages of spiritual renewal through mythological and symbolic imagery.

The results of the study demonstrate that in the novel Munara, Aigul Kemelbayeva elevates the female image from a social level to the level of a spiritual subject, presenting it in close connection with national cultural codes, archetypal structures, and the collective unconscious. The compositional structure and plot of the novel reflect the heroine's inner development, the process of individuation, and stages of spiritual maturation. In this regard, Munara represents an important work in contemporary Kazakh prose that deepens the artistic interpretation of the female image and reveals its cultural, philosophical, and mythopoetic significance.

Keywords: female image, archetype, evolution of consciousness, transformation, mythopoetics, psychological depth.

References:

1. İung K. Arhetipter jäne ūjymdyq beisanalyq. – M.: İzdatelstvo AST, 2020. – 150 s.

2. Toişybaeva S. Revolüsiağa deiıngı qazaq ädebietındegı äielder beineleri. – Alma-Ata: AN KazSSR, 1963. – 145 s.

3. Tynybaeva S. M. Äuezovtıñ «Abai joly» epopeiasyndağy äielder obrazy. – Almaty: Čylym, 1975. – 112 b.

4. Ekşembaeva G. Türkıtıldes halyqtarda (qazaqtar, hakas, altai, qyrğyz, şor) batyrlyq epostaryndağy äiel beinesınıñ evolüsiasy. – Alma-Ata: Nauka, 1987. – 198 s.

5. İsmailova F. Qazaq prozasyndağy äiel beinelerınıñ tipologiasy (20–30 jj.). – Alma-Ata: KazGU, 1989. – 56 s.

6. Abdullina G. Avtor jäne «äiel prozasy» şyğarmalaryndağy avtor pozisiasy mäselesı. – Ufa: BGU, 1997. – 132 b.

7. Tapanova G. Alğaşqy qazaq romandaryndağy äielder obrazyn jasau evolüsiasy. – Almaty: Qazaq universitetı, 1998. – 120 b.

8. Kenjebaeva G. Äiel prozasyndağy äiel obrazynyñ erekşelıgı. – Almaty: Qazaq universitetı, 2000. – 98 b.

9. İsmailova F. Feministık imagologia. – Almaty: Qazaq universitetı, 2006. – 140 s.
10. Äbutälieva J. Qazaq tarihi romanyndağy äielder beinesınıñ jasalu erekşelıkterı (1960–1980 jj.). – Almaty: Qazaq universitetı, 2006. – 105 b.
11. Meletinski E.M. Ädebi arhetipter turaly. – M.: Rosiski gosudarstvennyi gumanitarnyi universitet, 1994. – 136 s.
12. Eliade M. Qasiettı jäne kädımgı dünie / fransuz tılınen audarğan, alğysözı men tüsındırmelerın jazğan N.K. Garbovski. – Mäskeu: MMU baspasy, 1994. – 143 b.
13. Qasqabasov S. Qazaqtyñ halyq prozasy. – Almaty: Čylym, 1984, – 272 b.
14. Jūrtbai T. Mif // Älemdık mädeniettanu oi-sanasy. On tomdyq. 2-tom. Mifologia: qūrylymy men rämızderı. – Almaty: Jazuşy, 2005.
15. Kemelbaeva A. Mūnara: roman, äñgımeler, kinosenari. – Astana: Foliant, 2023. – 380 b.
16. Qazırgı ädebiettegı jalpyadamdyq qūndylyqtar. – Almaty: Evo Press, 2014. – 708 b.
17. HHI ğasyrdağy qazaq ädebietı (2001-2011jj.). – Almaty: Arda, 2011. – 640 b.
18. Mädıbaeva Q. Q., Töleu A. B. Sara Myñjasarovanyñ «Äiel baqyty» romanyndağy äiel obrazdarynyñ genderlık bıregeilıgı // Keruen. – 2025. № 2 (87). –17–32 b. – ISSN 2078-8134. – DOI:10.53871/2078-8134.2025.2-01. https://keruenjournal.kz/main/article/view/1100/494
19. Basqynbaeva N., Massalimova A., Ömırbekova A., Küderina A., Äbıkenov Zh. Qazaqstannyñ qazırgı media keñıstıgındegı äiel beinesı: genderlık stereotipterdıñ transformasiasy ürdısterı. Changing Societies & Personalities, Vol. 8, № 2 (2024), P. 443-464. URL: https://changing-sp.com/ojs/index.php/csp/article/view/513/283
20. Lotman Iu. M. Orys mädenietı jaily äñgımeler: XVIII–XIX ğğ. orys dvorändarynyñ tūrmysy men dästürı. – SPB.: İskustvo, 1994. – 399.

Авторлар туралы мәлімет:

Сәрсенбаева Жансұлу Бәденқызы – аударма ісі магистрі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.
Жансулу Сарсенбаева Баденовна – магистр переводческого дела, научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан.
Sarsenbayeva Zhansulu Bedenovna – master of Translation Studies, researcher of the M.O.Auezov Institute of literature and art, Almaty, Kazakhstan.

Құрманбай Айжан Пердебекқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.
Курманбай Айжан Пердебековна – магистр гуманитарных наук, научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан.
Kurmanbay Aizhan Perdebekovna – Master of Humanities, researcher at the Auezov Institute of literature and art, Almaty, Kazakhstan.

Обаева Гүлнәр Сәдуақасқызы – философия докторы (PhD), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, Ақтөбе, Қазақстан.
Обаева Гульнар Садуакасовна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан.
Obayeva Gulnar Saduakasovna – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer at K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

ҒТАМР 17.82.10
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.25

А.Қ. СЕЙПУТАНОВА[1]

***А.Н. НУРЛАНОВА**[2]

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан[1]
Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан[2]
(e-mail: anur_81@mail.ru[1], aiimgul@bk.ru[2])

Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІНДЕГІ» ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада қазақ поэзиясының көрнекті ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақтың жазбаша көркем тарихының дамуына үлес болып қосылған «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» нысанаға алынып, ондағы қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі туралы сөз етіледі. Сондай-ақ, ақын шежіресінің тарихи мәліметтермен сәйкес келуі дәлелді дәйектермен сараланып, қазақтың рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделенеді.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы шежірелік шығармалар - ұлттық сөз өнеріндегі алғашқы жазба үлгілерінің бірі. Жазба әдеби дәстүрдің қалыптасуында іргетас болып қаланған бұл туындылар әдеби дамудағы тарихилық заңдылығы аясында бағаланады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінің» қазақ халқының шығу тегі мен шежіресінің қалыптасу тарихына тигізетін әсері орасан зор. Мақалада шежіре қазақ дүниетанымының және тарихи білімінің көрсеткіші, ұлттық тарих үшін аса маңызды деректер қоры екендігі мысалдар негізінде дәлелденеді.

Ш.Құдайбердіұлының шежіресі нақтылығымен, ғылыми негізде жүйеленуімен, жалпы түркі халықтары ата тегінің түп төркінін қамти отырып, негізінен, қазақ халқының шежіресіне баса назар аударуымен ерекшеленетіндігі де айқындалып, шығарма қазақ халқының тарихын ғылыми негізде баяндау және қазақтың түп атасын анықтап ашып беру мәселесінде тарихи маңызы зор екендігі тілге тиек етіледі.

Тарих, этнография, тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар, тарихи аңыздар туралы құнды мәліметтер беріліп, қазақ тарихындағы деректер көзі болып табылатын ақын шежіресіндегі мағлұматтар мақалада нақтылы деректермен салыстырыла қарастырылып, ақынның қазақ әдебиетіндегі деректі прозаның дамуына қосқан үлесі жаңа көзқараста зерделенеді.

Түйін сөздер: қазақ тарихы, тарих пен әдебиеттегі сабақтастық, қазақ шежіресі, Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығы, «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», қазақ рулары, деректі проза.

Кіріспе. Кез келген халықтың пайда болуы және қалыптасу тарихы, оның қағазға түсуі – өте ұзақ та күрделі құбылыс. Қазақ тарихының таңбалануында шежірелік шығармалардың атқаратын қызметі орасан зор. «Қазақ-ежелден көшпелі халық. Ал

көшпенділердің өз заңы, қалтқысыз салт-санасы бар. Елдің бірлігіне нұқсан келтірмей, ханды сыйлатып, батырды құрметтетіп, халықтың бүтіндігін бұздырмай келген заңнан бетер мықты бұлжымас дәстүрі мен салты бар екені белгілі. Сол салт қазақтың ұлттық бет-бейнесін, бар ізгі қасиеттерін сақтап, ұрпақтарды тәрбиелеп, қазақ деген халықты заманнан заманға жетелеп келеді. Салттың сақшысы болған тарихтың сом тұлғаларының бейнесін ел жадында сақтап, жас ұрпаққа жеткізді. Бұл ретте ұлттық әдебиеттің алар орны зор. Әдебиет арқылы бүгінгі жас буын тарихты тани алады» [1, 258].

Шежіре – дәстүрлі түрде қалыптасып, халықтың көкейінде ғасырдан-ғасырға жетіп, жалпыхалықтық сипат алып, ұлт тарихы болып қалыптасқан, қазақтың дәстүрлі мәдениеті тудырған тарихи ілім-білімдер жинағы, халықтық жады. Жазу-сызуы кешеуілдеп дамыған қазақ халқы үшін шежіренің маңызы зор. Өйткені, ол халықтың тарихы туралы ресми еңбекпен пара-пар.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы шежірелік шығармалар – ұлттық сөз өнеріндегі алғашқы жазба үлгілері ғана емес, сонымен қатар тарихи оқиғаларды, тайпа мен рулық қатынастарды, қоғамның әлеуметтік құрылымын бейнелейтін маңызды деректер көзі болып табылады. Бұл шығармалар арқылы қазақ халқының рухани өмірі, мәдени дәстүрлері, құндылықтары және тарихи санасы кейінгі ұрпаққа жеткізіліп, әдебиет пен тарих сабақтастығы қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, шежірелік туындылар фольклорлық материалдармен тығыз байланыста дамып, ұлттық сөз өнерінің көркемдік, поэтикалық және идеологиялық қырларын ашады.

Осы тұрғыдан алғанда, шежірелік шығармалар қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосып, жазба әдебиеттің алғашқы тарихи және мәдени негіздерін қалаған, ұлттық сөз өнерінің дамуына жол ашқан маңызды әдеби феномен ретінде қарастырылады. Олардың қатарында XV-XVII ғасырлардағы З.Бабырдың «Бабыр-нама», К.Бинайдың «Шайбани-наме», М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди», Қ.Балхидың «Тарихи-и Қыпшақ», Қ.Жалайырдың «Шежірелер жинағынан» бастап, XVIII-XX ғасырлардағы Қ.Толыбайұлының «Баба тілі», Ә.Бahадүрдің «Түрік шежіресі», Ш.Уәлихановтың «Қазақ шежіресі», А.Құнанбайұлының «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» және т.б. атауға болады. Соның ішінде, 1911 жылы Орынбор қаласында жарық көрген Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінің» қазақ шежіресінің қалыптасу тарихына тигізетін әсері орасан зор.

«Шәкәрім қазақтың төл тарихының тамыр көздерін алыстан, сақ, ғұн заманынан іздеді» [2, 63]. Оның шежіресі нақтылығымен, ғылыми негізде жүйеленуімен, жалпы түркі халықтарының ата-тегінің түп төркінін қамтитындығымен де құнды еңбек. Өйткені, Ш.Құдайбердіұлы сол кездегі қазақ интеллигенциясының ішіндегі дәстүрлі шығыс білімімен қатар, орыс тілін білгендіктен, батыстық ілімді де меңгерген адам, Оның көркем тілмен тарихи шежіре жазуға білім деңгейі, көзқарас өресі толық жетті. Шежіреден ақынның шетел ғалымдарын біліп, олардың еңбектерімен таныс екендігі көреміз. «The policy of russification of the Kazakh people had negative consequences in terms of preserving the identity, religion, and traditions of the nation, as well as useful points in terms of the formation of the intelligence» [3, 2].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада зерттеу материалы ретінде Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» алынды. Жұмысты жазу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, талдау, жүйелеу және қорыту әдістері кеңінен қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы шежіреде берілген мәліметтер ресми тарих деректерімен салыстырылып, олардың шынайылығы мен дәлдігі бағаланды. Жекелеген ру аттары, олардың шығу тегі және тарихтағы рөлі талдау әдісі арқылы сараланып, әрбір деректің мәні мен контексті айқындалды. Жүйелеу әдісі негізінде шежіредегі тарихи деректер біріздендіріліп, құрылымдық тұрғыда топтастырылды, ал қорыту әдісі арқылы алынған нәтижелер талданды және нақты ғылыми тұжырымдарға айналды. Осы тәсілдер шежіредегі мәліметтерді ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеуге,

олардың тарихи, әлеуметтік және мәдени маңызын ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қолданылған әдістемелік тәсілдер қазақ әдебиеті мен тарихының сабақтастығын көрсетуге, шежірелік шығармалардың ғылыми тұрғыдан мәнін дәлелдеуге негіз болды.

Талқылау мен бақылау. Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінің екінші бөлігі - дәстүрлі рулар шежіресі. Енбектің бұл бөлігінде рулар генеологиясымен бірге толып жатқан қызықты аңыз-әңгімелер де берілген. Ш.Құдайбердіұлы өзінің шежіресінде Үш жүз жайлы айта келіп, Қаңлы, Қыпшақ, Қоңырат, Қара қырғыз, Керей, Найман, Уақ, Тарақты, Арғын руларына ерекше тоқталып, тарата айтады. Қаңлы тайпасы туралы шежіре былай сыр шертеді: «Қаңлы деген арбалы деген сөз. Үйғыр ішінен қаңлы атанған: Бұлар бұрын бек көп ел болған. Ыстамболдағы Османлы түрік те қаңлы нәсілінен, бұлар да әр түрлі түрік нәсілінің ішінде бар. Біздің Орта жүзде әр жерде аз ғана бар. Кейінгі аталарын білмеймін» [4, 72].

Бұл жердегі шежіреде айтылған «Қаңлы-арбалы» интерпретация «Оғыз қаған» жырынан алынған, ал шын мәнінде «қан» сөзі «кем», яғни өзен сөзімен мағыналас болса керек [5, 204].

Қытай тарихнамасындағы қазақ тарихын зерттеген ғалым Т.З.Қайыркен қаңлылардың қытай деректерінде ертеден-ақ кездескенін айтып, «қаңлы» атауының Ш.Құдайбердіұлы айтқан «арба» деген сөзінен шыққанын растайды: «Қаңлының атауы олардың негізгі қатынас құралы биік арба (гаочэ) болғанына байланысты пайда болған» [6, 372].

Ш.Құдайбердіұлы шежіресінде қыпшақ тайпасы жайлы былай баяндалады: «Бұл қаңлыдан бөлініп, елсіз бос жерге кеткендіктен қыпшақ атанған, Мағынасы бос, шөл, елсіз деген сөз. Шыңғыс ханнан көп бұрын Еділ-Жайық маңына барып бір патшалы жұрт болып тұрғанда Жошы хан алып қаратқан, солардың атыменен ол жақ Дешті Қыпшақ атанған... Қыпшақтың азайған себебі, әр түрлі түрік халқына қосылып кеткендіктен, көбі ноғай менен өзбек болып кеткен» [4, 77].

«Қыпшақ» атауының төркіні туралы болжамдар да сан алуан. Қазақ аңыздарында қыпшақтар тоқсан екі баулы деп аталады. 92 баулы қыпшақ Одағы дәуірлеп тұрған кезде XI-XII ғасырларда Қыпшақтар «Қытай көп пе, Қыпшақ көп пе!?» деп мақтана мәтелдейді екен.

Зерттеуші Т.З.Қайыркен Шәкірім пікірін шындыққа шығарып, қыпшақтардың құрамында шынымен де көптеген қаңлылар өмір сүргенін, қаңлы мен қыпшақтың таңба-белгілерінен де олардың тығыз қарым-қатынасын байқауға болатынын атап өтеді [6, 360].

Ш.Құдайбердіұлының шежіресінде айтылған Қоңырат тайпасы Орта жүз ішіндегі алты арыстың біріне жатады: «Қоңырат басында Орта жүзде болған, онан соң Ұлы жүзге барған. Рашид-ал дин менен Әбу-әл-ғазы хан сөзінше, Қоңырат Оғыз хан нәсілінен, дүрлігін деген таптың Жорлық мергенінің баласы, Қоңырат деген кісінің нәсілінен. Радловтың сөзінше, һәм қазақтың ескі сөзінше қоңырат - екі атаның баласы көк, көтенші деген» [4, 73].

Ақын еңбекте Қоңырат арысы Көктің ұлы, Көтенші деген екі тайпаға бөлінетіндігін айтады. Осы екі сөздің де түбірі, М.Тынышбайұлы жазғандай, көк сөзі дейді зерттеушілер. Көк (аспан) - Тәңірі деген ұғымда қолданылған. В.Радлов Көтеншіні «Көктаңше» деп жазады. Ғалым С.Аманжолов Көктің құсы немесе Көк тұңғышы болуы мүмкін дейді. Ал орыс зерттеушісі Н.Я.Коншин: «Үлкен Орда (Ұлы жүз) Үйсін және Қоңырат тайпаларынан тұрады деп жазады» [7, 168].

Ш.Құдайбердіұлы шежіресінде керейлер жайлы Рашид ад-дин, Әбу-әл-ғазы хан һәм Нажиб Ғасымбек, профессор И.Н.Березин, этнограф ғалым Н.А.Аристов пікірлерін келтіре кетіп, ру атауының шығуына балйанысты «қаралар» деген сөзді дұрыс деп білемін дейді [4, 74]. Керей туралы жазған шежіресінің соңында Ш.Құдайбердіұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі түрік нәсілді жұрттың көбінің ішінде керей бар. Шыңғыс хан кезінде керей ханы Оңхан деген еді» [4, 75], – дейді. Ш.Құдайбердіұлы айтып отырған Оң ханның бұрынғы аты - Тұғрыл. Цзинь патшалығы оған қытайша «Ван» атағын берді. Бұл атау қыр даладағы түркі-монғол халықтарының ауызекі тілінде «Оң» деп айтылатындықтан, оның үстіне, Тұғрылдың өзі бұрыннан хан деп аталғандықтан, бұдан соң, ел аузында «Оң хан» деп аталып кетті.

Орта жүзге жататын қазақ руларының арасындағы осы кезге дейін бағзы замандарда қолданылған атпен жасап келе жатқан рулардың бірі - наймандар. Найман руының шығу тегі туралы зертетулер өте көп. Бұл туралы Ш.Құдайбердіұлы өзінің шежіресінде орыс ғалымдарының пікірлерімен келіспейтінін айтады: «Найман деген сөз туралы да әр түрлі сөз бар, профессор Березин найман деген мағол тіліне сегіз деген сөз, сегіз ру ел болғандықтан айтылған дейді. Аристов найман деген Катон өзенінің бір айрығы еді, сол өзен атыменен қойылған дейді. Орта жүздегі найманның бергі аталары туралы жазылған Спасский, Аристов, Маевский деген орыс жазушылырының сөзінде шатақ қаталары көрінеді» [4, 77].

Ш.Құдайбердіұлы пікірін отырғанын көптеген ғалымдар қолдайды. Жапондық ғалым С.Мураяма «Монғолдардың құпия шежіресіндегі» наймандарға байланысты аталатын отызға жуық адам және жер-су аттары, оннан аса шен-шекпен, титул атауын сараптап зерттей келе олардың барлығы да ертедегі Орхон-Түрік тас жазуындағы жазбалармен сай келетіндігін дәлелдеп шықты [8, 55].

Ш.Құдайбердіұлының дерегінде Найман руы Софы мырзаның тұқымы дейді. Ш.Құдайбердіұлы айтып отырған Софы мырза қазақтың ауыз екі шежіресінде кездесе қоймайды. Алайда, бізге белгілі шежірелерде Найманның Өкіреш атану әңгімесі өте архаикалық түрде, қызықты қалпында сақталған. Ол бұл тайпаның көнелігін білдіреді. Найман шежірелерінің барлық нұсқаларына ортақ бір із бар: Найман екі әйел алған адам екен. Біріншісі Қырғауыл, екінші әйелі Ақсақал (Кейбір деректерде Ақсопы деп келеді). Сол Ақсопыдан «Өкіреш» атты ұлы болады. Найман шежіресі жайлы көптеген пікірлер, нұсқалар айтылса да негізгі сұлбасы ортақ. Желісі гомогенді, «бір ұрпақтан» болып шығады.

Уақ тайпасы туралы: «Уақ деген ел ескі шежірелерде жоқ. Абылай хан заманында ғана айтылады. Орыс жазушылары керейден шыққан ел болса керек дейді. Себебі орыс әскері алғаш жолыққанда керей, уақ аралас екен. Менің ойымша, уақ деген ұсақ ел деген сөзден», - дейді Ш.Құдайбердіұлы еңбегінде [4, 79 б.]. И.Г.Андреевтің, А.И.Левшиннің, Н.Я.Коншиннің еңбектерінде Керей мен уақты Уақ-Керей деп атап, бір тайпаға санайды [7, 36].

Моңғол шапқыншылығы дәуірінен кейін Уақ аты тарихта үш ғасыр бойы атаусыз қалады. XVI ғасырда қазақ даласында қалмақтармен болған соғыста аты аталатын батырлар арқылы уақ атауы тарих сахнасынан қайта көрінеді.

Орта жүзге кіретін рулардың бірі - Тарақты. Тарақты руының таралауы туралы Ш.Құдайбердіұлы былай дейді: «Орта жүз арғын ішінде Тарақты деген ел бар. Оның нәсілі кім екенін ешкім анықтап білмейді. Қазақ ішінде Тарақты - Арғынның «ноқта ағасы» деген бір сөз бар. Соған қарағанда, Тарақ таңбалы болып арғыннан бөлінген бір тап болса керек. Тарақты он екі ру: бәйбішеден төртеуі Әлі, Сары, Қыдыр, Жашы және бір қатыннан - Елеуке, Көгедей, Апай, Тоқтақұл, ең кіші қатыннан - Бөгеші, Бұлдырақ, Әйтей, Қосанақ» [4, 80].

Әдетте ру таңбалары рулар арасында қайталанбайды. Бір ғажабы, тарақ таңбасы үш жүзде де кездеседі: Ұлы жүзде Жалайыр, Орта жүзде - Тарақты. Кіші жүзде - Тама руларының таңбалары бірдей. Және, тағы бір таң қаларлығы, осы үшеуі де өз жүздерінің «ноқта ағасы» деп аталады. «. қазақ хандары шыққан төрелердің таңбасы да - тарақ. Яғни, «ноқта ағасы» елдерінің хандық билік төңірегіне де бір ынғайдан қатысы бар болуы әбден мүмкін» [9, 937].

Ш.Құдайбердіұлы шежіресінде Орта жүз руларының ішінде кеңінен тоқталған ру – арғындар.

Шежіреде арғын руының шығу тегі жайлы: «Арғын деген не себептен аталғаны туралы орыстың жазушылары әр түрлі сөз айтады. Соның ішінде қисындысы: «Түрік орхонский надпистегі» Ұлыг Ергин деген сөз сықылды көрінеді. Бұрынғы заманда осы Ұлыг Ергин деген тап мағол жұртының күншығысында жүрген. Оны қытайлар Баягу дейді. Берігірек заманда шежіреде Арғынның бөліне тұғыны Шыңғыс хан үлкен баласы Жошы менен онан

кішісі Шағатайға ел бөліп бергенде солардың қол астында Арғынут деп аталды» , - деген тұжырым бар [4, 81].

Шежіреде берілген мәліметтерге тарихшылар да назар аударып, арғын туының тарихы туралды ғылыми зерттеулерінде сілтеме жасаған [10, 2].

Ш.Құдайбердіұлы айтқан «Арғындар Шыңғыс ханға соғыспай қараған шығар» - бұл пікір дұрыс болса керек. Егер Карлұқ Арслан қаған Шыңғыс ханмен бейбіт тіл табысқаны рас болса, онда ол да рас. Арғындардың қарахан иеліктерінің құрамында көбінесе арғу қарлұқ атанып жүрген уақыты осы сияқты. Сонымен бірге, Арғын найман одақтас тайпалар, бірақ Ш.Құдайбердіұлы айтқан мәселе тарихи деректерде кездеспейді.

Тарихшы-ғалым М.Тынышбайұлы «Қазақ шежіресі» жинағында Арғындарды Шағатай ұлысының құрамында болғанын айтады: «Шағатай ұлысының құрамында болған Арғындар Темірдің 1376, 1389 және 1390 жылдардағы жойқын шапқыншылықтарына ұшырады: кейін 15 ғасырдың басында шығыстан жоңғарлардың шабуылы басталды да, 1456 жылы Арғындар бастысқа қарай кәдімгідей жылжып, Орыс ханның немересі Жәнібек ханның қарамағында болды. Арғындар арасында көшпелі өзбектердің ханы Әбілхайырға жақын жүргендердің қатарында қара қыпшақ Қобыланды мен Арғын руынан ел Ақжол деп аиаған Дайырқожа болған екен деген аңыз бар. Олар іштей жауласып, ақыры Дайырқожа Қобыландының қолынан қаза табады. Арғындар Әбілқайырдан Қобыландыны қысас қылып өлтіруге қолдарына беруін сұрайды, бірақ хан оны орындауға сескенген екен. Сонда Арғындар (және Керейлер) Жәнібек пен Керей сұлтанға ілесіп Әбілқайырды тастап кетеді» [11, 17].

Бұл оқиға бізге тарихтан белгілі. Қазақ хандығының құрылуын осы кезден бастап жүргендіктен, арғындар осы халықтың құрамындағы аға орынды алғаны күмәнсіз.

Ш.Құдайбердіұлы Орта жүздегі Арғын руының таралуын былай түсіндіреді: «Және менің өз ойымша, біздің осы Орта жүздегі Арғынның атасы Әбілғазы ханның шежіресіндегі айтатұғын Ойрат - Арғын аға деген кісінің нәсілі болса керек. Оның мәнісі мынау - Шыңғыс ханның кенже баласы Толу үлкен қаһан болған кезде, Ойрат атанған елден Арғын аға деген кісіні Хорасан деген жерге хан қойған. Сол мұсылманша 440 жылы, орысша 1262 жыл еді. Он жылдан соң, Арғын аға өлген соң, Толудың баласы Мәңке хан Арғын ағаның орнына өзінің інісі Хилләку яғни қазақша Әлеке ханды жіберген. Бұл Арғын аға Ойрат табынан дейтұғыны бұрынырақ мағұлдар ұйғыр, татарларды жеңіп қуғанда жерін қимай отырып қалғандар Қалмақ Ойрат атанғандықтан, бұл Арғын аға сондағы қалмақ атанып қалған елдің ішіндегі Байергін яки Ұлыг Ергін атанған Арғыннан болса керек. Және біздің үлкен атамыз Құнанбай қажы марқұм Арғын аға хан болған кісі екен деуші еді» [4, 83].

Ш.Құдайбердіұлы айтып отырған Ойрат Арғын аға Иран өлкесін билеген беглер бек, бірақ оның арғын руына тікелей қатысы жоқ. Сонымен бірге «Құнанбай қажының Арғын аға хан болған кісі» деген мәліметі үш мәселені нұсқауы мүмкін. Бірінші, егер әңгіме ойрат Арғын аға жөнінде болса, оның Иран жеріндегі билігі ханнан кем болған жоқ. Екіншіден, Хулагу тұқымынан да Арғын атты билеуші біраз жыл осы өлкеде билік құрды, үшіншіден арғын ішіндегі кейбір рулардың ұңдардың билеуші үштік әулетіне енгені деректерден белгілі.

Арғын атты рулар ноғай, өзбек, қырғыз, түрікмен, қазан татарлары, қырым татарларының құрамында бар.

Ерте заманнан қазақтар малдың жайылымына қарай жазда жайлауға, қыстың күні қыстауға, яғни бір жерден екінші жерге көшіп-қонып жүрген кезде елімізге көрші отырған елдер қоңсы қона бастаған. Мысалы өзбек, түркімен, татар, қырғыз, тәжіктердің кейбір тайпалары қыз алысып, қыз беру арқылы қазақтамен жақындасып кеткен. Қазақта Жүзге кірмейтін Қожа, Төре, Сұнақ, Қалаген, Төленгіт рулары бар. Ел ауызында Қожа мен Сунақты – арабтан, Төре – монғолдан, Төленгіт – қалмақтан тарайды дейді.

Төлеңгүт руының шығуы туралы: «Төлеңгүт деген елдің нәсілі Алтайдағы Тиліт көліндегі Алтайский-Горный қалмақ, яғни Алтайдағы тау қалмағы деп орыстардың айтатұғын қалмақ нәсілінен. Біздің қазақ бұл Орта жүздегі Төлеңгіт деген елді, арғындардың атасы

Дайырқожаның құлы дейді. Ол сөз рас болса, қалмақты қазақ шапқанда, тұтқын болған төленгіт-қалмақ болады. Әбілғазы хан сөзіне қарағанда да Ойрат атанған қалмақтан және хан Төленгіт деген бір сөз бар. Ол нағыз Төленгіт емес, ханға жиылғандар деген сөз», - дейді Ш.Құдайбердіұлы шежіресінде [3, 80].

Зерттеуші М.Қайыржан қажы өзінің «Қазақ» атты еңбегінде: «Төленгіттер – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ақсүйек-төрелерге (хандар мен сұлтандарға) қызмет етуші адамдардың әлеуметтік қауымы. Мысалы, Абылай ханмен 1000-нан астам төленгіттер отбасы көшіп-қонып жүрген», - дейді [12, 46].

Нәтижелер. Қазақ қоғамындағы рулық жүйе – тарихи-әлеуметтік, мәдени және этникалық тұрғыдан аса күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Қазақ дүниетанымында «рудан тыс адам жоқ» деген түсінік тек әлеуметтік жіктелуді ғана емес, әрбір адамның өз тегін, ата-бабасын, шыққан тамырын тануға деген ұмтылысын білдіреді. Бұл – ұлттың тарихи жадын сақтаудың, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Рулық шежіре арқылы әрбір қазақ өзінің жеті атасын біліп, ата-бабаларымен рухани байланысын үзбей, тарихи санасын қалыптастырады. Мұндай жүйе тек генеалогиялық ақпаратты ғана емес, сонымен қатар ұлттың мәдени кодын, дүниетанымын, салт-дәстүрін сақтаушы құрал ретінде қызмет атқарады.

Рулық құрылым қазақ қоғамында тек туыстық қатынастарды реттеуші жүйе ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік ұйымдасу формасы ретінде де маңызды рөл атқарды. Ол қоғамдық қатынастарды реттеуде, құқықтық нормаларды (әдет-ғұрып заңдарын) қалыптастыруда, әлеуметтік жауапкершілік пен өзара көмек дәстүрін орнықтыруда негізгі тетік болды. Рулық бірлік – қазақ қоғамындағы ынтымақ пен тұтастықтың негізі ретінде қарастырылып, ұлттың ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етті. Бұл тұрғыдан алғанда, рулық жүйе ұлттық бірегейліктің маңызды құрамдас бөлігі, мемлекеттіліктің тарихи іргетасы ретінде бағаланады. Қазақ халқының этникалық құрылымындағы ерекше құбылыс – үш жүз жүйесі. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзге бөліну тарихи-географиялық, саяси және этникалық факторлардың ықпалымен қалыптасқанымен, олардың барлығы түптеп келгенде біртұтас халықтың құрамдас бөліктері болып табылады. Әрбір ру өз шежіресін белгілі бір атадан таратып көрсеткенімен, бұл таралымдар ақыр соңында үш жүздің біріне, одан әрі ортақ түп негізге барып тіреледі. Бұл – «бар қазақ бір атадан тараған» деген тұтастық идеясын білдіретін маңызды концепция. Аталған ұғым қазақ қоғамындағы бірлік, туыстық, ортақтық сезімдерін нығайтып, этникалық тұтастықты сақтауға қызмет етті.

Түркі халықтарының шығу тегі мен туыстық байланыстарын зерттеуде шежірелік деректердің маңызы ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегі ғылыми айналымда маңызды орын алады. Бұл еңбек – тек шежірелік деректер жинағы ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының тарихи-этникалық қалыптасуын, олардың арасындағы туыстық байланыстарды, саяси-әлеуметтік құрылымдарын кешенді түрде сипаттайтын құнды ғылыми туынды. Шәкәрім еңбегінде тарихи деректер, ауызша шежіре материалдары, жазба деректер мен авторлық пайымдаулар үйлесімді түрде тоғыстырылған.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, шежіре - бұл халқымыздың ата тегінің таралуын, шығу тегін дәлелдейтін маңызды ақиқаттық жол. Ш.Құдайбердіұлының шежіресі қазақ халқының тарихын дұрыс баяндау және қазақтың түп атасын анықтап ашып беру мәселесінде ешқашан тарихи маңызын жоғалтпайтын баға жетпес асыл мұра. «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» қазақ тарихын көркемдік сипатпен бейнелеп берген әрі тарихи, әрі әдеби туынды , ал оның атворы Ш.Құдайбердіұлын қазақ мемлекеттілігінің тарихы бойынша ең үздік және зәру кітаптың авторы деп санауға толық негіз бар. «Шәкәрімнің шығармалары –оның ақындық, азаматтық, ойшылдық және данышпандық бейнесін мәңгілікетіп, оны қазақ руханиятының ең биік тұғырларының біріне қоятын құнды мұралар» [13, 257].

Ш.Құдайбердіұлының шежіресінде қазақ халқының жалпы тарихына, тіл мен әдебиетіне, этнографиялық ерекшеліктеріне қатысты маңызды мәліметтер молынан

берілген. Сонымен қатар, шежіреде тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі, ру-тайпалық құрылымдар, әлеуметтік қатынастар, саяси оқиғалар сияқты әлеуметтік және тарихи мәселелер де жан-жақты сипатталған. Бұл туынды өз құндылығын бүгінгі күнге дейін жоғалтпай, қазақ қоғамының тарихи санасын зерттеуде және ұлттық мәдениеттің сабақтастығын көрсету барысында сенімді дерек көзі болып есептеледі. Шежіре деректері әдебиеттану, тарих, этнография және фольклортану саласында ғылыми зерттеулер жүргізу үшін таптырмас материал болып табылады, себебі онда көрсетілген әрбір оқиға мен тұлға дәуірдің әлеуметтік-саяси контекстімен тығыз байланысты баяндалған. Осы тұрғыдан алғанда, Ш.Құдайбердіұлының шежіресі қазақ әдебиеті мен тарихын кешенді түрде зерттеуге, дәстүрлі мәдени құндылықтарды, халықтық дүниетанымды және рухани мұраны ғылыми тұрғыда бағалауға мүмкіндік береді. «Бүгінгі қоғам–күрделі сипатымен ерекшеленуде. Ғаламдық жаһандану жағдайында өткенді таразылап, рухани қуаттандыру–ең басты мәдени міндеттердің біріне саналуда»[14, 142]. Ендеше, «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» мұндай деректер қазақ халқының тарихын, әдебиетін және мәдениетін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Олар белгілі бір тарихи кезеңдердегі оқиғалар, ру-тайпалық қатынастар, әлеуметтік құрылымдар мен басқару жүйесі туралы нақты мәліметтерді қамтып, жеке мәселелерді айқын түсінуге жол ашады. Сонымен қатар, шежіреде берілген деректер әдебиет тарихындағы кейбір жеке тақырыптарды, атап айтқанда ауыз әдебиеті үлгілерінің шығу тегін, шежірелік пен эпикалық шығармалардың сабақтастығын, белгілі тұлғалардың шығармашылық және қоғамдық қызметін нақтылау үшін маңызды болып табылады.

Бұл туынды ғылыми тұрғыдан тарихи фактілер мен әдеби-мәдени құбылыстар арасындағы байланыстарды анықтауға, дәстүрлі мәдени құндылықтар мен ұлттық сананың қалыптасуын зерделеуге ықпал етеді. Осылайша, Ш.Құдайбердіұлының шежіресі қазақ тарихын, әдебиетін және мәдени мұрасын жан-жақты түсіну үшін сенімді және негізді дерек көзі болып табылады.

Әдебиеттер

1 Нурланова А.Н., Мешимбаева Б.Ш. Абай мен Шәкәрімді тоғыстырған ар ілімі //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. - №1(75). – Б. 257-261. DOI: https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.44

2 Тұрсын Х., Исин А., Таракчы В. Қазақ-түрік мәдени байланыстарындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы// ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы .– 2017. – No 2 (85). – Б. 56-65. https://bulletinhistory.kaznu.kz/index.php/1-history/issue/view/16/2-85-2017

3 Daurenbekova Laura N., Kartayeva Aizhan M., Zhumatayeva Zeinep N., Bekenova Gulnara Sh., Nurlanova Assem N. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos de Traducao. – 2024. – Vol. 44, Iss. 1. – P. 1-12. DOI: https://doi.org/10.5007/21757968.2024.e95583

4 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қарғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 270 б.

5 Хайдар Ә. Қаңлы (тарихи шежіре). – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 352 б.

6 Қайыркен Т.З. Қытай тарихнамасындағы қазақ тарихы: Тарихнамалық талдау. – Алматы: Дәуір, 2022. – 784 б.

7 Қарасаев Ғ. Қазақстанның шығыс өңірі XVIII-XX ғасыр басындағы батыс, орыс зерттеушілері шығармаларында, ғылыми-көпшілік басылымдары деректерінде. – Өскемен: Медиа-Альянс, 2006. – 392 б.

8 Қиянатұлы З.Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалар: IX-XI ғасыр. – Астана: Елорда, 2001. – 208 б.

9 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 160 б.

10 Ақанов М. Арғын тайпасының шығу тегі // Қазақстан тарихы. – 2007. - №5. – 17-23 бб.

11 Тынышбайұлы М. Қазақ шежіресі. – Целиноград: Қаламгер, 1991. – 92 б.

12 Макин Қ. Қазақ. – Алматы: Тамыр, 2018. – 64 б.

13 Тұрсынханова Қ.Қ., Мұқажанова Р.М. Шәкәрімнің ақындық кітапханасы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2024. – No 4. – 249-257 бб. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.24

14 Саурықов Е.Б., Тамабаева Қ., Елубаева Р. Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайбердіұлы діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2025. – No 1. – 142-151. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.14

А.Қ. СЕЙПУТАНОВА
Восточно-Казахстанский университет имени С.Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан
А.Н.НУРЛАНОВА
Казахстанско-Американский свободный университет,
Усть-Каменогорск, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКИЕ СВЕДЕНИЯ О КАЗАХСКИХ РОДАХ В «РОДОСЛОВНОЙ ТЮРКОВ, КЫРГЫЗОВ, КАЗАХОВ И ИХ ХАНОВ» Ш. КУДАЙБЕРДЫУЛЫ

Аннотация. В статье рассматривается произведение Шакарима Кудайбердыулы «Родословная тюрков, кыргызов, казахов и их ханов» как важный источник, отражающий вклад поэта в развитие казахской письменной историко-художественной традиции. Особое внимание уделяется сопоставлению изложенных в произведении сведений с историческими фактами, проводится научно-теоретический анализ генеалогических данных о казахских родах. Летописные произведения в истории казахской литературы рассматриваются как первые образцы письменности и важнейший этап становления национального литературного искусства. Подчеркивается значение труда Ш.Кудайбердыулы в формировании представлений о происхождении казахского народа, развитии исторической памяти и национального самосознания.

В статье доказывается, что «Родословная тюрков, кыргызов, казахов и их ханов» не только отражает казахское мировоззрение, но и служит значимой источниковой базой для изучения национальной истории. Генеалогический труд Шакарима Кудайбердыулы отличается точностью, системностью и научным подходом, охватывая как родословную казахского народа, так и общее происхождение тюркских народов.

Произведение содержит ценные сведения по истории, этнографии, описания исторических событий, личностей и легенд. Эти данные соотносятся с научными источниками, что позволяет по-новому осмыслить вклад Шакарима Кудайбердыулы в развитие казахской документальной прозы.

Ключевые слова: казахская история, преемственность в литературе и истории, хроника, Шакарим Кудайбердыулы, родословная, тюркские народы, казахские роды, документальная проза.

A.K. SEIPUTANOVA
S.Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan
A.N. NURLANOVA
Kazakhstan-American Free University, Oskemen, Kazakhstan

HISTORICAL FOUNDATIONS OF INFORMATION ABOUT KAZAKH TRIBES IN SH. QUDAIBERDIYULY'S "GENEALOGY OF THE TURKS, KYRGYZ-KAZAKHS AND KHANS"

Annotation. This scientific article examines the contribution of Shakarim Qudaiberdiyuly, a prominent poet of Kazakh poetry, to the development of Kazakh written historical literature through his work "Genealogy of the Turks, Kyrgyz-Kazakhs and Khans". The study focuses on the historical foundations of the information provided about Kazakh tribes in this genealogy. The correspondence between the poet's records and established historical data is analyzed using reasoned arguments, and the genealogical information is examined from a scholarly and theoretical perspective.

Genealogical works in the history of Kazakh literature represent the earliest examples of national written art. These texts, which laid the foundation for the written literary tradition, are evaluated within the framework of historical development in literature.

Shakarim Qudaiberdiyuly's genealogy has had a significant impact on shaping the history and origin narratives of the Kazakh people. The article argues that the genealogy serves as an important source of Kazakh worldview and historical knowledge. Through examples, it is shown that this work holds substantial value for national history.

Qudaiberdiyuly's genealogy is distinguished by its structured, scholarly approach and its broad coverage of the Turkic peoples' ancestry, while paying particular attention to the Kazakh lineage. The study emphasizes its historical significance in scientifically presenting Kazakh history and clarifying ancestral origins.

Valuable data on history, ethnography, historical events, figures, and legends are presented in the genealogy, and these are compared with concrete sources. The poet's contribution to the development of documentary prose in Kazakh literature is explored from a new perspective.

Keywords: Kazakh history, continuity of history and literature, Kazakh genealogy, Shakarim Qudaiberdiyuly's works, Genealogy of the Turks, Kyrgyz-Kazakhs and Khans, Kazakh tribes, documentary prose.

References

1. Nurlanova A.N., Meşimbaeva B.Ş. Abai men Şäkärımdı toğystyrğan ar ılımı//Abai atyndağy QazŪPU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2021. - №1(75). – B. 257-261. DOI: https://doi.org/10.51889/20211.1728-7804.44
2. Tūrsyn H., İsin A., Tarakchy V. Qazaq-türık mädeni bailanystaryndağy Şäkärım Qūdaiberdıūly// QazŪU Habarşysy. Tarih seriasy .– 2017. – No 2 (85). – – B. 56-65. URL: https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/issue/view/16/2-85-2017
3. Daurenbekova Laura N., Kartayeva Aizhan M., Zhumatayeva Zeinep N., Bekenova Gulnara Sh., Nurlanova Assem N. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos de Traducao. – 2024. – Vol. 44, Iss. 1. – R. 1-12. DOI: https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583
4. Qūdaiberdıūly Ş. Türık, qarğyz, qazaq häm handar şejıresı. - Astana: Altyn kıtap, 2007. - 270 b.
5. Haidar Ä. Qañly (tarihi şejıre). – Almaty: Daik-Pres, 2004. – 352 b.
6. Qaiyrken T.3. Qytai tarihnamasyndağy qazaq tarihy: Tarihnamalyq taldau. – Almaty: Däuır, 2022. - 784 b.
7. Qarasaev Č. Qazaqstannyñ şyğys öñırı XVIII-XX ğasyr basyndağy batys, orys zertteuşıleri şyğarmalarynda, ğylymi-köpşılık basylymdary derekterınde. – Öskemen: Media-Äläns, 2006. - 392 b.

8. Qianatūly Z.Moñğol üstırtın meken etken soñğy türkı taipalar: IH-HI ğasyr. –Astana: Elorda, 2001. – 208 b.
9. Beisenbaiūly J. Qazaq şejıresı. - Almaty: Atamūra, 1994. - 160 b.
10. Aqanov M. Arğyn taipasynyñ şyğu tegı // Qazaqstan tarihy. - 2007. – №5. – 17-23 bb.
11. Tynyşbaiūly M. Qazaq şejıresı. – Selinograd: Qalamger, 1991. – 92 b.
12. Makin Q. Qazaq. – Almaty: Tamyr, 2018. – 64 b.
13. 13 Tūrsynhanova Q.Q., Mūqajanova R.M. Şäkärımnıñ aqyndyq kıtaphanasy // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2024. – No 4. – B. 249-257. DOI: https://doi.org/10.55808/19994214.2024-4.24
14. Sauryqov E.B., Tamabaeva Q., Elubaeva R. Şerhan Mūrtaza men Şäkärım Qūdaiberdıūly dını tūjyrymdaryndağy ortaq saryndar // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2025. – No 1. – B. 142-151. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.14

Авторлар туралы мәлімет:

Сейпутанова Айымгуль Камзановна – филология ғылымдарының кандидаты, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, Өскемен, Қазақстан.

Сейпутанова Айымгуль Камзановна – кандидат филологических наук, профессор Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Seiputanova Ayymgul Kamzanovna – Candidate of philological sciences, Professor of S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

Нурланова Асем Нурланкызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Американдық еркін универстетінің профессоры, Өскемен, Қазақстан.

Нурланова Асем Нурланкызы – кандидат филологических наук, профессор Казахстанско-Американского свободного университета, Усть-Каменогорск, Казахстан.

Nurlanova Asem Nurlankyzy – Candidate of Philological Sciences, Professor, Professor of the Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.

ГРНТИ 17.82.31
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.26

А.Х. ХАМИДОВА[1]
М.А. КАНАФИНА[2]
***А.Т. ЖУМСАКБАЕВ**[3]
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева
Астана, Казахстан[1,2,3]
(e-mail: azima691@mail.ru[1], miraka@60mail.ru[2], aman.zhumsakbaev.91@mail.ru[3])

ЖЕНСКИЙ ИРОНИЧЕСКИЙ ДЕТЕКТИВ КАК ФОРМА СОЦИОКУЛЬТУРНОГО КОММЕНТАРИЯ (НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА ДАРЬИ ДОНЦОВОЙ «МАНИКЮР ДЛЯ ПОКОЙНИКА»)

Аннотация. В статье рассматриваются особенности женского иронического детектива как формы социокультурного комментария. Женская проза, ранее воспринимавшаяся преимущественно в рамках «легкого чтения», сегодня становится предметом культурологического и литературоведческого анализа. Произведения Дарьи Донцовой, одной из наиболее популярных писательниц постсоветского периода, позволяют рассмотреть, каким образом ирония, юмор и комизм превращаются в формы социокультурного комментария и психологической защиты человека эпохи перемен. Объектом исследования является роман Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника» как образец жанра женского иронического детектива.

На материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника» анализируются способы отражения социальных проблем, гендерных ролей и культурных стереотипов в современной массовой литературе. Автор показывает, что за внешней лёгкостью и юмористической интонацией скрываются актуальные вопросы морали, справедливости и самоопределения личности. Иронический детектив Донцовой выступает не только как развлекательный жанр, но и как зеркало общественного сознания постсоветской эпохи, демонстрируя динамику женских образов и изменение культурных

Ключевые слова: женский иронический детектив, социокультурный комментарий, массовая литература, гендерные роли, постсоветская культура, Дарья Донцова.

Введение. Ушедший XX век стал переходным для всех явлений. После Второй мировой войны начали происходить процессы, создавшие эпоху постмодерна и глобализации такой, какой мы ее знаем сегодня. Таким образом, и постмодерн и глобализация – являются процессами, уходящими далеко в историю, но достигшими своей интенсивной фазы относительно недавно.

Вхождение постмодернистской эпохи в свои права представляет собой постепенный, незаметный процесс, и в отличие от революций Нового времени, переход к эпохе «постмодерн» не является каким-то радикальным, чётко обозначенным хронологически событием.

Главными историческими событиями, с которыми следует считать начало становления культуры постмодерна – это изменения, произошедшие в экономически развитых странах во второй половине шестидесятых годов, которые в общем виде можно охарактеризовать как начало перехода от индустриального общества к постиндустриальному, или информационному обществу. При переходе к информационному обществу, формируется

единое информационное пространство, которое выходит за пределы одного конкретного государства и носит глобальный характер во всех сферах жизнедеятельности современного общества, т. е. идет процесс глобализации.

Глобализация – комплексный разнонаправленный процесс постепенного раскрытия того, что всё человечество связано в единый организм. Процесс глобализации подталкивает человечество к подъему над материальным уровнем и установлению связи друг с другом на более глубоком – духовном уровне.

Постмодерн и глобализация связаны в пространстве и времени. Они часто демонстрирует сходные признаки. Так, постиндустриальный век, повсеместное внедрение телекоммуникаций и компьютеров, принцип неопределенности одинаково характеризуют в исследованиях как глобализацию, так и постмодерн.

Среди характерных черт литературы постмодернизма можно выделить интертекстуальность, деконструкция, пародирование (пастиш), прием игры, «смерть автора», жанровый и стилевой синкретизм. Постмодернистские тенденции дополняют классические традиции модернизма, добавляя то, что раньше находилось под запретом, было обойдено вниманием, заключалось в жесткие рамки. Такой поворот в разных жанрах искусства открывает широкие возможности для творчества, т. е. допускается большая свобода для выражения человеческой индивидуальности.

Кроме того, постмодернизм дал искусству бесконечное разнообразие стилей, порожденное характерной для постмодернизма абсолютной свободой самовыражения. В литературе появились новые жанры (в том числе и иронический детектив).

Иронический детектив как феномен массовой литературы конца XX – начала XXI века занимает заметное место в современной культурной системе. Он отражает особенности массового сознания, социальные стереотипы и способы психологической адаптации личности в условиях постсоветских перемен [1, 12].

Одной из наиболее ярких форм этого жанра стал женский иронический детектив, объединяющий элементы криминальной интриги, бытовой прозы и комедийной сатиры. Актуальность исследования определяется возросшим интересом современной филологии к массовой культуре как зеркалу социальных и гендерных трансформаций [2, 5]. Женская проза, ранее воспринимавшаяся преимущественно в рамках «легкого чтения», сегодня становится предметом культурологического и литературоведческого анализа. Произведения Дарьи Донцовой, одной из наиболее популярных писательниц постсоветского периода, позволяют рассмотреть, каким образом ирония, юмор и комизм превращаются в формы социокультурного комментария и психологической защиты человека эпохи перемен. Объектом исследования является роман Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника» как образец жанра женского иронического детектива.

Методика и методы исследования. Методологическая основа исследования опирается на культурологический и гендерный подходы, позволяющие рассматривать художественный текст как отражение социокультурных процессов и форм коллективного сознания [3, 22]. Анализ произведения Дарьи Донцовой проводится в контексте идей диалогизма М.М.Бахтина, согласно которым литературное слово выступает ареной взаимодействия различных голосов культуры [4, 47]. Эта концепция позволяет рассматривать иронический дискурс Донцовой как форму диалога между массовым читателем и автором, между частным и общественным, женским и универсальным.

При этом используется семиотический подход Ю.М.Лотмана, трактующий художественный текст как систему культурных кодов [5, 60]. В романе «Маникюр для покойника» языковая игра и иронические клише рассматриваются как элементы вторичной моделирующей системы, в которой бытовая речь превращается в культурный знак, отражающий новые формы женской самоидентификации.

Значимым является и обращение к концепции массовых мифологий Р. Барта, позволившей выявить устойчивые клише, с помощью которых массовая культура конструирует образ «современной женщины» [6, 84] – ироничной, активной, но уязвимой.

Донцова трансформирует эти мифологемы, снижая их пафос и переводя их в сферу повседневного комизма.

В работе применяются методы текстологического, интертекстуального и нарратологического анализа, что позволяет исследовать иронический детектив как синтез повествовательных стратегий и культурных кодов. Особое внимание уделяется прагматическому аспекту речи персонажей, проявлению разговорной и сниженной лексики, формирующей эффект близости автора и читателя.

Кроме того, в исследовании используется сравнительно-типологический метод, направленный на выявление общих и отличительных черт женского иронического детектива по сравнению с традиционным классическим детективом. Такой подход позволяет показать, как женская проза переосмысливает детективный канон, превращая его в пространство культурной самоиронии.

Опора на труды отечественных и зарубежных исследователей Е.Бовсуновской, Е.Красовской, Е.Ульяновой, И.Левиной, Л.Ковтун позволяет интегрировать анализ в современный литературоведческий контекст [7, 10].

В исследовании также применим филологический метод. Филологический метод – этот метод исследования текста, направленный на демонстрацию культурного статуса определенного текста через взаимную обусловленность формы и содержания текста, а также их соответствие замыслу автора литературного произведения [11, 165].

Обсуждение и наблюдение. Роман Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника» является характерным примером синтеза бытового и детективного начал в жанре иронического детектива.

Экспозиция романа открывает узнаваемый для массового читателя мир московской обыденности. Евлампия – разведённая женщина средних лет, совмещающая заботу о доме, подработки, общение с подругами и случайные расследования, в которые она попадает словно бы случайно. Донцова сразу задаёт лёгкий, ироничный тон, с элементами бытовой философии. Первая фраза героини «Жизнь, как всегда, не задалась, но кофе и кусочек шоколадки способны сделать любой день лучше» [12, 3] формирует особую интонацию: мягкий скепсис, самоирония и внутреннее достоинство.

Завязка сюжета происходит в маникюрном салоне, где привычная сцена ухода за собой превращается в драматическую ситуацию: во время процедуры один из клиентов умирает. Внешне рядовое происшествие, но именно здесь Донцова включает свою фирменную модель «иронического расследования». Героиня, не доверяя полиции, пытается разобраться, что же произошло. В центре внимания оказывается не столько само преступление, сколько человеческие отношения, страхи, зависть и лицемерие — то, что составляет ткань повседневной жизни.

Развитие действия строится на чередовании комических сцен и бытовых наблюдений. Евлампия ведёт «расследование» между приготовлением обеда и походом за покупками, между разговором с подругой и телефонными звонками. Её «детективная интуиция» рождается из житейского опыта: она умеет слушать, сопереживать и видеть несоответствия в поведении людей. Донцова намеренно снижает пафос: вместо напряжённого поиска улик — ироничные диалоги, случайные догадки, наблюдения над смешными сторонами человеческого быта. Например, сцена, где Евлампия допрашивает подозреваемую маникюршу, превращается в пародию на классический допрос. Вместо напряжённого психологического поединка читатель видит комедийную сцену: героиня невольно обсуждает рецепты пирога, жалуется на бывшего мужа и параллельно делает логические выводы. Смех здесь выполняет двойную функцию: он и разряжает атмосферу, и помогает героине осознать абсурдность происходящего мира.

Кульминация наступает тогда, когда истина — случайно, как часто бывает у Донцовой, — раскрывается. Убийство оказывается следствием банального бытового конфликта, а не тщательно спланированного преступления. Таким образом, преступление теряет сакральный статус, характерный для классического детектива, и превращается в метафору человеческих слабостей — ревности, алчности, глупости.

Финал романа выдержан в духе бытового оптимизма. Евлампия не становится героиней-триумфатором: она просто возвращается к своей обычной жизни, к дому, подруге, кошке и чашке чая. В её словах — житейская мудрость: «Главное — чтобы был чай, подруга и кошка. Всё остальное как-нибудь приложится» [12, 147]. Здесь Донцова снимает идею катарсиса и заменяет её философией примирения: жизнь несовершенна, но именно в этом и заключается её человеческий смысл.

Через бытовой сюжет Донцова создаёт социокультурный комментарий, где в ироничной форме осмысливаются страхи и привычки постсоветского общества. Образы героев — «новые русские», мастерицы салона, офисные работницы — составляют коллективный портрет времени. Их язык, жесты, манеры передают атмосферу переходной эпохи, когда старые нормы утрачены, а новые ещё не сложились.

Таким образом, в «Маникюре для покойника» криминальный сюжет используется как повод для анализа обыденности. Расследование превращается в метафору постижения жизни, а комизм — в способ духовной адаптации. В отличие от традиционного детектива, где истина торжествует, Донцова утверждает простую, но гуманистическую мысль: спасает не справедливость, а чувство юмора, дружба и способность видеть свет даже в хаосе повседневности.

Сюжет романа развивается в традиционном для Донцовой ритме — от обыденного эпизода к абсурдной ситуации, где комизм соседствует с тревогой. Убийство в салоне красоты — не просто фабульная завязка, а метафора разрушенного порядка. Пространство, предназначенное для ухода и гармонии, превращается в арену хаоса, где сталкиваются разные социальные типы: «новые русские», одинокие женщины, бизнес-леди, мастерицы и чиновники. Героиня Евлампия Романова выступает как «наблюдатель внутри системы» — человек, не принимающий мир слишком серьёзно, но при этом не равнодушный к человеческим судьбам. Её роль — не разоблачить зло, а понять, как устроена жизнь. Такое смещение фокуса превращает расследование в форму познания обыденности.

«Иногда истина приходит не после логических рассуждений, а после чашки кофе и разговора с подругой» — говорит Евлампия, выражая бытовую философию, в которой ирония становится способом выживания. Ирония у Донцовой — не просто комический эффект, а форма эмоциональной защиты. В тексте она выполняет несколько функций:

- демифологизирующую — разрушает серьёзность жанра детектива;
- терапевтическую — помогает читателю дистанцироваться от тревожной реальности;
- коммуникативную — сближает автора и читателя, создавая эффект доверительного диалога.

Примеры самоиронии героини создают тональность лёгкости и внутренней устойчивости:

«Если бы я принимала всё всерьёз, давно лежала бы под наркозом — в лучшем случае у стоматолога» [12, 138]. Такие реплики — не просто юмор, а способ выстраивания новой модели женского поведения, где смех заменяет пафос и драму.

Повествование ведётся от первого лица, что усиливает эффект личного присутствия. Читатель как бы становится собеседником героини, разделяя с ней и бытовые трудности, и иронические наблюдения. Нарратив близок к устной речи — насыщен вопросительными и восклицательными интонациями, внутренними комментариями, ремарками. «Ну что, Евлампия, опять влезла не в своё дело? Да, влезла. А кто, если не я?» [12, 144].

Такой приём создаёт метатекстуальность — героиня осознаёт себя персонажем детектива, пародируя сам жанр. Автор разрушает границы между вымыслом и жизнью, между читателем и повествовательницей.

Речь персонажей в романе имеет двойственную природу. С одной стороны — разговорная, обыденная, насыщенная просторечиями, фразеологизмами, уменьшительно-ласкательными формами («мамочка», «ужастик», «кошмарик»), создающими иллюзию бытовой достоверности. С другой стороны — это художественно организованная речь, где за поверхностной простотой скрыта культурная рефлексия. Донцова мастерски

воспроизводитритмповседневногообщения, превращаяязыквинструментхарактеристики героев. Каждая реплика отражает социальный тип:светская пустота «новых русских», житейская ирония Евлампии, комизм бытовых выражений, обнажающих стереотипы массового мышления.

Таким образом, язык становится носителем культурного кода, передающего психологию времени.

Комизм в романе основан на контрасте между внешним и внутренним миром героев, между обыденной ситуацией и экзистенциальными смыслами. Евлампия может одновременно разыскивать преступника и думать о том, что пора кормить кошку — и именно эта несоразмерность делает текст живым, узнаваемым, человечным.

«Убить могут где угодно — хоть в ванной, хоть на кухне, а уж посуду всё равно мыть придётся» [12, 189]. Эта фраза выражает философию Донцовой: жизнь непредсказуема, но именно бытовая устойчивость — приготовленный ужин, порядок дома, юмор — становятся источником гармонии.

Финал романа подводит к выводу, что в мире, где справедливость относительна, единственной реальной опорой остаётся внутренняя гармония и чувство юмора. Донцова снимает трагизм, превращая бытовой абсурд в средство примирения человека с жизнью. Ирония становится способом культурной адаптации — для героини, и для массового читателя.

Таким образом, «Маникюр для покойника» — это не просто комедийный детектив, а своеобразный социальный микроскоп, через который писательница рассматривает повседневность, показывая, что за внешне лёгким сюжетом скрывается философия выживания, основанная на женской мудрости, юморе и человеческом достоинстве.

Результаты. Проведённый анализ романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника» как формы социокультурного комментария позволяет выделить несколько ключевых аспектов, определяющих специфику жанра женского иронического детектива и его функции в современной массовой литературе.

Дарья Донцова разрушает классическую модель детектива, смещая акцент с расследования преступления на внутренний мир героини. Преступление утрачивает статус сакрального события и становится поводом для бытового и морального анализа. В результате детектив превращается в комедию нравов, где вместо логической интриги центральным оказывается процесс бытового познания жизни.

Ирония выполняет не только художественную, но и социально-психологическую функцию. Через смех и самоиронию героиня и читатель преодолевают тревогу, связанную с неустойчивостью постсоветской реальности. Смех становится механизмом внутреннего равновесия, способом психологической самотерапии и культурной коммуникации между автором и читателем.

Роман демонстрирует феминизацию повествования: женская интуиция, эмпатия и повседневный опыт становятся равноправными инструментами познания мира. Евлампия Романова воплощает новый тип женской субъектности — активной, ироничной, независимой. Женская логика и чувство юмора в её исполнении служат альтернативой мужскому рационализму классического детектива.

Язык романа представляет собой синтез разговорной и литературной речи. Донцова активно использует сниженные и фразеологические конструкции, бытовые афоризмы, эмоциональные реплики, создавая эффект доверительного повествования. Эта стратегия обеспечивает особую близость автора и читателя, а также формирует лингвистическую модель массового сознания эпохи.

құралдарды және тарихи контекстi анықтайды. Сонымен қатар, олар өз зерттеу жобаларын құрастырып, шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы ақпаратты талдау, қорытынды жасау және презентациялау дағдыларын дамытады. Бұл тәсіл қазақ эпостарының тек фольклорлық құндылығын сақтау ғана емес, олардың оқытылатын материал ретінде заманауи білім беру бағдарламасына бейімделуіне, тарихи және әдеби танымдық қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Жобалық әдістемемен оқыту білім алушылардың белсенділігін арттырып, өз бетінше іздену және шығармашылықпен жұмыс жасаудағдыларынқалыптастырады.Осыретте, ерекшекөңілбөлетінқазақфольклорындағы эпостың табиғаты – ұжымдық сөз шеберлері, ұлттық-рухани болмыстың көрінісі. Қазақ халқының рухани мәдениетінде эпостық мұралар ерекше орын алатын "Қобыланды батыр", "Алпамыс батыр", "Ер Тарғын", «Қамбар батыр», т.б. көптеген эпостық жырлар ұлттың тарихи дүниетанымын, моральдық-этикалық ұстанымдарын бейнелейді. Яғни, білім беру жүйесіндегі ұлттық мұраларды оқытудың негізгі міндеттеріне ерекше мән беруіміз қажет. Дегенмен, қазіргі білім алушылардың дайын ақпараттан білім алатындары оқу орындарын алаңдататыны сөзсіз. Бұл білімді өз бетімен ізденуші, зерттеуші тұлға ретінде қалыптастыру әрекеттерін ойластыру маманның еншісінде. Сондықтан жоба әдісі арқылы оқыту эпостың этнопедагогикалық, мәдениеттанушылық, тілдік, философиялық және эстетикалық қырларын жан-жақты кешенді зерттеу жүргізуіне тиімді бағыттың бірі. ЖОО студенттері арасында өткізілген сауалнамалар мен пікірталастар, сондай-ақ дәріс пен практикалық сабақтардағы талдау жұмыстары негізінде олардың көзқарастары мен ой қорытындылары жүйеленді. Бұл бағытта белгілі педагог-ғалымдардың әдістемелік тұжырымдарына сүйене отырып, сабақ барысында тиімді тәсілдер қолданылды. Зерттеу нәтижелері қазақ эпосын оқытудағы жобалық оқыту әдісі студенттердің белсенділігін,

сыни ойлау қабілеттері мен топтық жұмыс мәдениетін жетілдіретінін көрсетеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. «Проектное обучение (англ. project-based learning), или метод проектов, - это подход, при котором студенты обучаются в процессе самостоятельного планирования и разработки решений для некой проблемы или задачи» [1] деген жобалық оқытудың мәнін қысқа да нақты ашып көрсетеді. Яғни, білім алушылардың нақты бір мәселені шешу мақсатында дербес немесе топпен зерттеу, талдаулары мен шығармашылық нәтижеге жету әрекеттерін айғақтайды.

Ғалым Е.Л.Касьяник жобалық әдіс туралы зерттеуінде: «Результаты выполненных проектов должны быть, что называется, «осязаемыми», т. е. если это теоретическая проблема, то конкретное ее решение, если практическая – конкретный результат, готовый к использованию (на занятии, в учреждении образования, в реальной жизни). Если говорить о методе проектов как о педагогической технологии, то эта технология предполагает совокупность исследовательских, поисковых, проблемных методов, творческих по самой своей сути» [2, 2]. Бұл пікірдің өзегі жобалық әдістің нәтижесі абстрактылы білімнің нақты, өлшенетін, қолмен ұстап көруге болатын нәтиже болуы керек деген ой. Яғни, теориялық сипатта нақты тұжырым, шешім немесе ғылыми дәлел келтіруі тиіс. Ал жоба практикалық бағытта болса, онда оның нақты қолдануға болатын өнімі (мысалы, сабақ жоспары, оқу құралы, бейнежоба, әлеуметтік жоба, әдістемелік нұсқаулық, веб-ресурс т.б.) болуы қажет. Автор жобалық әдісті педагогикалық технология ретінде қарастырады. Бұл өте маңызды тұжырым. Яғни, жобалық оқытудың басты ерекшелігі студент оқу процесінде білім алумен қатар, білім тудырушы, жаңа өнім жасаушы рөлін атқарады. Педагогикалық технология ретінде жобалық әдіс:

- жоспарлау, орындау, бағалау кезеңдерін қамтитын жүйелі процесс;
- оқу процесінде ізденіс, зерттеу, проблемалық оқыту және шығармашылық әдістерді біріктіретін кешенді құрылым.

Бұл тұрғыдан алғанда, жоба әдісі дәстүрлі репродуктивті оқыту тәсілдерінен түбегейлі өзгеше. Ол білім алушының өз бетінше ойлауына, мәселе шешу қабілетіне, шығармашылық іс-әрекетке сүйенеді. Яғни, «зерттеушілік», «ізденістік» және «проблемалық» ұғымдары жобалық оқытудың негізгі құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Яғни:

- Зерттеушілік әдіс – студент нақты деректер жинап, талдау жасайды, қорытынды шығарады;
- Ізденістік әдіс – ақпарат көздерін салыстырады, жаңа идея ұсынады;
- Проблемалық әдіс – білім алушыны нақты мәселені шешуге итермелейді;
- Шығармашылық әдіс – алынған білімді жаңа формада көрсетуге мүмкіндік береді (мысалы, бейне, инфографика, әдеби реконструкция, т.б.). Бұл әдістердің барлығы жобалық оқыту технологиясының өзегін құрайды және студенттің кәсіби тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Осы ретте, Нартова О.В. жобалық әдістің артықшылықтары және шектеулері туралы талдаулары: «Жобаның артықшылықтары, оқушының белсенділігі артады; сыни және шығармашылық ойлау дамиды; пәнаралық байланыс күшейеді; оқушының мотивациясы жоғарылайды. Ал, шектеулері, жобаны жоспарлау және іске асыру үшін уақыт талап етіледі; мұғалім тарапынан жоғары деңгейде кәсіби ұйымдастыру қажет» [3, 316]. Ғалымның аталған барлық тақырыптар үшін жоба әдісіне бірдей жарамды болмауы да мүмкін. Сондай-ақ, ғалымның ерекше атап өткен: «жобаны жоспарлау және іске асыру үшін уақыт талап етіледі. Мұғалім тарапынан жоғары деңгейде кәсіби ұйымдастыру қажет» [3, 317]. Әрине, жобалық тапсырма дайындықты, ақпарат жинауды, жоспарлауды, презентацияны қажет етеді. Бұл дәстүрлі сабақ форматына қарағанда көп уақыт алады. Яғни, Нартованың бұл шектеуі педагогикалық зерттеулерде расталған. Жоба әдісі әрбір оқу тақырыптары немесе пәнге тиімді деп айту өте қиын. Кейбір тақырыптар үшін дәстүрлі міндеттер тиімді де болуы мүмкін. Жалпы айтқанда, Нартованың жобалық әдіске қатысты артықшылықтары мен шектеулері, педагогикалық теория мен зерттеу нәтижелерімен үндес келеді.

Сол сияқты, ғалымдардың зерттеуінде: «By doing so, it aims to provide quantitative evidence for the role of culturally responsive content in shaping both cognitive and affective dimensions of student learning. This research, therefore, goes beyond traditional literary criticism to bridge theory and classroom practice. Ultimately, the study sets out to define the pathways through which ancient epic narratives can inform modern teaching methodologies, thereby extending the scope of epic studies into the realm of educational research» [4, 155] – деген пікірі заманауи педагогика мен фольклорлық зерттеуді тоғыстырған көзқарасын білдіреді. Ғалымның пікірі, көне эпостар мен әдеби мұраларды қазіргі білім беру үдерісіне енгізу, оқыту тәжірибесін жаңғыртудың тиімді жолдары туралы тоқталған. Бұл тәсіл теория мен практиканы байланыстырып, оқушылардың білімдік деңгейі мен ұлттық сана мен рухани сезімдерін дамытуға бағытталуы туралы ерекше айғақтайды. Ғалымдардың эпостық жырларды қазіргі білім беру жүйесінде қолдану арқылы рухани құндылық пен танымдық белсенділікті қатар қалыптастыруға болатынын ғылыми тұрғыда дәлелдеуді көздейді.

Қазақ эпосын оқыту контекстінде қарастыратын болсақ, жобалық әдіс арқылы оқыту барысында осы принциптері алға қойылады:

• Теориялық – студент эпостың идеялық-мазмұндық мәселесін ғылыми тұрғыдан шешеді. (мысалы, «Қобыланды батырдағы ерлік концептісі» туралы зерттеу).

• Практикалық – студент оқу процесінде қолдануға болатын өнім жасайды (мысалы, «Эпос кейіпкерлерінің заманауи бейнесі» және «Эпостағы батырдың үйлену жолын картография әдісіне түсіру» тақырыбында бейнежоба немесе карта көрмесі).

Оқыту принциптерінің негізінде жобалық әдісі арқылы оқыту үдерісі төрт кезеңнен қарастыруға болады:

1. Мәселені анықтау және тақырып таңдау. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырындағы отаншылдық идея, Эпостың әйел бейнелері жүйесі, Батырлық эпос пен қазіргі ұлттық сана байланысы, т.б.
2. Зерттеу және ақпарат жинау. Бұл кезеңде білім алушылар эпостың мәтінін, ғылыми мақалаларды, фольклорлық нұсқаларды талдайды, салыстырмалы әдіс қолданады.

3. Жобаны құрастыру және шығармашылық өнім жасау. Әдеби көрініс, деректі видео, интерактивті карта, кейіпкер портреті, цифрлық иллюстрациялар бәрі жобаның нәтижелік формасы болуы мүмкін.

4. Қорғау және рефлексия. Әр топ өз жобасын ұсынады, пікірталас жүргізеді, өзін-өзі бағалау және топтық талдау жүзеге асады.

Айта келе, бұл кезеңдер оқушының белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін арттырады. Яғни, бұрын эпостар әдеби-мәдени құбылыс ретінде қарастырылса, енді ол оқыту әдістемесін жетілдірудің құралы ретінде сипатталады. Мұндай тәсіл студентті өмірлік жағдайларда шешім қабылдауға, командамен жұмыс істеу және өзінің кәсіби саласында жаңа өнім ұсынуға дайындайды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ халқының тарихы ерлік пен елдік рухқа толы. Сан ғасырлар бойы ел тағдыры мен жер тұтастығын қорғаған батырлардың ерлігі халық жадында мәңгілік орын алады. Батырлық жырлар мен тарихи эпостар ұлттың рухани дүниесін, арман-мұратын, ерлік идеалын бейнелейтін асыл мұралар. Бұл туындыларда елін сүйген, туған жері үшін жанын қиған қаншама қаһарман тұлғалар күні бүгінге ел аузында айтылды. Әрине, бүгінгі қоғамда да батырлық ұғымы өз мәнін жойған жоқ. Уақыт пен заман өзгерсе де, елге деген адалдық пен жауапкершілік қасиеті адам бойындағы ең асыл құндылықтардың бірі болып қала береді. Қазіргі заманның қаһармандары өз ісінде ерлік пен жанқиярлық танытқан азаматтарымыз аз емес. Олар да эпостық батырлар секілді елінің тыныштығы мен халқының амандығы үшін күресетін жандар.

Осы орайда, батырлық жырларындағы дәстүрлі батыр бейнесі мен қазіргі заманның тұлғалық сипаттары салыстырмалы тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу барысында олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары, рухани байланыстары және ұлттық санадағы орны талданады. Жұмыстың басты мақсаты өткені мен бүгінді байланыстырып, батырлық ұғымының ұлт мәдениетіндегі үздіксіз жалғастығын көрсету. Өйткені батырлықтың іс әрекеті өткеннің тарихында қала бермейтіні, ол бүгінгі ұрпақтың бойындағы рух пен намыстың айғағы, жалғасы тарапынан деп түсіну.

Қазақ әдебиеттануы мен фольклортану ғылымында батырлық эпостың идеялық мәні мен қазіргі қоғамдағы жалғастығы туралы көптеген ғалымдар терең зерттеу жүргізген. Солардың ішінде Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Ш.Ыбырай, Серік Қасқабасов, С.Сәкен, т.б. ғалымдардың еңбектері батырлық тақырыбының тарихи және заманауи қырларын байланыстыра қарастыруда ерекше маңызға ие. Фольклортанушы-ғалым С. Қасқабасов та осы идеяны қолдай отырып, батырлық эпостың мәңгілік мәнін айқындайды. Ол еңбегінде: «Батырлар жыры – ерлік идеясын мәңгілік өмірге айналдырған көркем дүние. Ол тек өткеннің бейнесі емес, қазіргі заманның да рухани тірегі» (5, 112). Ғалымның пікірі батырлық жырдың уақыттан тыс құндылық екенін көрсетеді. Эпос пен бүгінгі қоғам арасында үзілмейтін рухани сабақтастығы. Яғни, бұрынғы батырдың қолындағы қару бүгінде білім мен ғылымға, кәсіби шеберлікке айналған. Бұрынғы жау шапқыншы болса, бүгінгі күрес өмір мен өлім, тәртіп пен жауапсыздық, әділдік пен әділетсіздік арасындағы рухани күрес. Осылайша, батырлықтың идеясы қоғамның әр кезеңінде жаңа мазмұн алып, адамзаттың игілігі үшін қызмет етуде. Демек ол әр кезеңде өз кейіпкерін тудырып отырады. Бүгінгі қоғам қаһармандары эпос батырларының заманауи бейнесі, ал олардың әрекеттері халық рухының өміршеңдігін дәлелдейді.

Яғни, батырлық және тарихи эпостардағы Отанға деген сүйіспеншілік, ел мен жер қорғау идеяларын анықтау және қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыру негізгі мақсат міндеттері анықталады. Мысалы,

- Эпос пен қазіргі батырлар арасындағы байланысты ашу;
- Батырлық пен отансүйгіштіктің қазіргі мәнін анықтау;
- Батырлық идеясының әр дәуірде жаңарып, жаңа мазмұн алуын көрсету.

Талқылау барысында бірнеше мысалдар келтіріп, талдауға сұрақтар ұсынуымызға болады. Мысалы, батырлық эпос кейіпкерлері мен бүгінгі қоғам қаһармандарының ұқсастығы мен айырмашылығын табу.

- «Қобыланды батыр» жырындағы Отан қорғау идеясын талдау. Талқылау сұрағы:Қобыланды батырдың ерлігі мен батырлық жолы нені дәлелдейді? Мысал келтіру.

- «Ер Тарғын» жырындағы ел бірлігі мен намыс мәселесі. Талқылау сұрағы: Тарғынның патриоттық бейнесі бүгінгі жас ұрпаққа қандай өнеге береді? Батырдың ерлігі мен рухы қазіргі заман кейіпкерлерімен салыстырғанда қандай ерекшеліктерге ие?

- «Алпамыс батыр» мен қазіргі әскери қызметкерлерді салыстыру. Сұрақтар: Екеуінің де басты миссиясы неде? Елге қызмет ету жолында қандай ұқсастық бар?

- Тарихи эпос «Бөгенбай батыр» немесе «Қабанбай батыр» жырларынан үзінді келтіру.

Бақылау тапсырмасы:Батырдың ел тағдыры үшін жасаған істерін жазып шығыңыз. Қай тұстардан халықтың бірлік рухы мен отаншылдық идеясы көрінеді?

Яғни, білім алушының зерттеу жұмысы барысында орын алатын мәселелерді талдауға ұсынамыз.

Кесте 1

Батырлық эпостардағы қаһарман бейнесі	**Қазіргі заман қаһарманының бейнесі**
• Қазақтың батырлық жырларының шығу тегі мен идеялық мазмұны; • «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», т.б. жырларындағы батыр тұлғасы; • Батырлардың негізгі қасиеттері: ерлік, намыс, адалдық, ел бірлігі; • Эпостық батырдың рухани және адамгершілік болмысы; • Батырдың ел қорғаудағы миссиясы мен ұлттық идеал ретіндегі рөлі.	• Бүгінгі қоғамдағы батырлық ұғымының жаңаша түсіндірмесі; • Қазіргі заман қаһармандары: әскери қызметкерлер, дәрігерлер, құтқарушылар, еріктілер; • Заманауи қаһармандардың ерлік әрекеттеріне нақты мысалдар (пандемия, төтенше жағдай, қоғамға қызмет, т.б.) келтіру; • Батырлықтың бейбіт өмірдегі көріністері мен жаңа формалары.
Батыр мен қаһарман бейнелерінің салыстырмалы талдауы	
• Эпос батырлары мен қазіргі қаһармандардың ортақ қасиеттері мен айырмашылықтары; • Батырлық идеясындағы жалғастық пен өзгеріс; • Рухани сабақтастық: ерлік пен елдік рухтың ұрпақтан ұрпаққа берілуі; • Салыстырмалы кесте мен мысалдар арқылы талдау; • Қоғамдағы батырлықтың тәрбиелік маңызы.	

Мұндағы екі тақырыптың айырмашылығы уақыт пен күрес тәсілінде берілуі сипатталады. Бұрынғы батырлар нақты жаумен шайқасса, қазіргі заман қаһармандары қоғамдағы қауіп-қатермен, аурумен, апатпен, тіпті немқұрайлылық пен жауапсыздықпен де күреседі. Батырлықтың көрінісі өзгергенімен, оның мәні мен рухы сол қалпында. Бүгінгі қаһармандардың ерлігі сыртқы жауға қарсы күрес емес, ішкі жауапкершілік пен азаматтық парызды орындаудағы табандылық. Сондықтан да эпос батырлары мен қазіргі қоғам қаһармандарын байланыстыратын негізгі идея адамзатқа қызмет ету, ел мүддесін жоғары қою және рухани беріктігі.

Еркінбекова З. зерттеуінде: “The ‘hero’ in Kazakh epic tradition is a complex cultural construct combining bravery, wisdom, and loyalty to the community” [5] Қазақша аудармасы, қазақ эпостық дәстүріндегі «қаһарман» ерлікті, даналықты, қоғамға адалдықты біріктіретін күрделі мәдени құрылым. Бұл дәйексөз қазақ эпостарындағы батыр бейнесінің көпқырлы

табиғатын дәл көрсетеді. Жырдағы батыр күш иесі, қоғамның рухани тірегі. Қазіргі заман қаһармандарында да осы үш қасиеттің жалғасы бар. Олар, батылдық қауіпті жағдайда шешім қабылдау қабілеті, даналық кәсіби білім мен парасаттылық және адалдық қоғамға және өз ісіне берілгендік. Бүгінгі батырлық ұғымы дәстүрлі эпостық бейненің эволюцияланған нұсқасы. Яғни, батырлық ұғымы уақытқа бағынбайтын қасиеті екенін түсіну. Ұрпақ ауысқанымен, батырлықтың мәні елге адал болу, намысты жоғары қою, ерлік жасау рухы өзгермейді. Демек, батырлық өткеннің аңызы емес, бүгіннің шындығы.

Осы ретте, эпостардан алынған мысалдар арқылы «нағыз батыр» ұғымының мәнін тапсырмалар арқылы анықтау.

Шығармашылық тапсырма: 3-5 минуттық бейнежобаға сценарий құру (мысалы, эпостан үзінді және қазіргі замандық параллель). Эпостық батырдың рөлінде қазіргі жастардың бірі өзін ел қорғаушы ретінде елестетіп бейнежазба түсіреді. Мысалы қысқаша сұхбат сұрақтары: Сіз үшін «батыр», «батырлық» ұғымы деген не? Егер осы батырлар бүгін өмір сүрсе, олар елін қалай қорғар еді? Қазіргі Қазақстанның батырлары кімдер деп ойлайсыз

Топтық бақылау жұмысы: Әр топ бірі батырды (мысалы, Қобыланды, Ер Тарғын, Махамбет, Бөгенбай) зерттеп, келесі қазіргі заман қаһарманына параллель ұсынады. Постер, инфографика, немесе видео-презентация түрінде қорғайды. Берілген тақырып аясында салыстырмалы кесте жасауды ұсынамыз:

Кесте 1

Көрсеткіш	**Эпос батыры**	**Қазіргі қаһарман**
Ерлік пен қайсарлық	Қобыланды	Әскери қызметкер...
Елге адалдық	Ер Тарғын	Дәрігер, еріктілер, т.б.
Рухани күш	Алпамыс	Азаматтық белсенді...

Қорытынды сұрақтарды айғақтау: Бүгінгі қоғамда батырлықтың өлшемі қалай өзгерді? Эпостағы батырлардың өнегесі қазіргі жастардың санасында сақталған ба?

Белгіленген сұрақтар аясында қарастыратын мәселелерді белгілеу:

- Зерттеу нәтижелерін жинақтау;
- Эпос батырлары мен қазіргі қаһармандардың ұқсастығы мен айырмашылығы жөнінде қорытынды ой;
- Қазіргі жастар үшін батырлық ұғымының тәрбиелік мәні;
- «Батырлық» мәңгілік рухани құндылық екендігін дәлелдеу.

Айта келе, қазақтың батырлық жырларындағы кейіпкерлер мен қазіргі заман қаһармандары бір рухтың, бір идеалдың жалғасы. Уақыт өзгерсе де, батырлықтың мәні өзгерген жоқ. Бүгінгі батыр елінің, халқының, адамзаттың игілігі үшін еңбек еткен тұлға. Батырлық – мәңгілік ұғым. Ол өткеннің ескерткіші емес, бүгіннің тірі рухы. Батырлар өткенмен бірге өмір сүрмейді, олар әр дәуірде ел үшін қызмет еткен әр жүректе өмір сүреді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жобалап оқыту әдісін қазақ эпосын меңгерту барысында қолданған оқушылардың когнитивтік, аффективтік және мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімді құрал ерекшеліктерін анықтай алдық.

Біріншіден, когнитивтік даму тұрғысынан, жобалық тапсырмалар (мысалы, «Батыр бейнесін қазіргі қаһарман бейнесіндегі үлгімен салыстыру», «Эпос кейіпкерінің заманауи бейнесін бейнежоба түрінде ұсыну») оқушылардың талдау, салыстыру, жинақтау қабілеттерін айтарлықтай арттырды. Оқушылар мәтін мазмұнын жаттап айту деңгейінен шығып, оның идеялық және құндылықтық өзегін ұғынуға бағытталды. Бұл Блум таксономиясының жоғарғы деңгейлерінің (анализ, синтез, бағалау) жеткен көрсеткіші.

Екіншіден, аффективтік нәтиже – оқушылардың эпостық кейіпкерлерге эмоционалды қызығушылығы мен ұлттық патриоттық сезімінің күшеюі арқылы байқалды. Сауалнама мен бақылау нәтижелері бойынша, жоба барысында оқушылардың ұлттық құндылықтарға,

батырлық пен ерлік идеяларына деген ішкі қатынасы нығайғаны анықталды. Бұл мәдени тұрғыдан мазмұнның әсерінің қалыптасуы негізінде дәлелдейді.

Үшіншіден, жобалау әдісінің әлеуметтік-коммуникативтік тиімділігі байқалды. Ол, топтық және жұптық жобалар барысында оқушылар пікірталас мәдениетін, рөлдік өзара әрекет дағдыларын дамытты. Осы арқылы эпостық тақырыптардың әдеби мазмұнын меңгеруі мен құндылықтық коммуникация алаңының айналуы ерекше атап өтуге болады.

Сонымен қатар, жобалық әдіс арқылы оқыту білім алушылардың пәндік және метапәндік құзыреттерін (ақпаратпен жұмыс, зерттеу жүргізу, шешім қабылдау, өзін-өзі бағалау) қалыптастырды. Зерттеу жұмысымызды диаграммада жобалап оқыту әдісінің қазақ эпосын оқытудағы негізгі үш нәтиже бағытының тиімділік деңгейін көрсетеміз.

1-сурет



Бұл көрсеткіштер білім алушылардың ойлау, эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Зерттеу барысында жобалық оқыту әдісін қолдану барысында, студенттердің:

- сыни және шығармашылық ойлау қабілетін арттырады;
- топта тиімді қарым-қатынас орнатуға үйретеді;
- ұлттық мәдениет пен рухани мұраға деген құрметін күшейткені байқалды.

Осы ретте, жобалық оқыту әдісінің нәтижесі эпос пен заманауи өмір арасындағы рухани көпірдің қалыптасуы. Білім алушылардың эпостық кейіпкерлердің ерлік, намыс, әділет секілді ұғымдарын бүгінгі қоғамның тұлғаларымен салыстырып, ұлттық болмысты заманауи контексте білім ойларын арттырды. Қазақ эпосын оқытудағы жобалық әдісі арқылы оқытудың теория мен тәжірибені біріктіріп, оқушылардың сыни ойлау, мәдени сезімталдық және азаматтық жауапкершілік қабілеттерін дамыту негізге алынды. Бұл әдіс білім алушының рухани-адамгершілік және тұлғалық қалыптасуға бағытталған жүйе екенін дәлелдейді.

Қорытынды. Қазақ эпосын жобалық әдіс арқылы оқыту – бұл ұлттық мұраны жаңа формада танып, білім беру кеңістігін тұлғалық және мәдени тұрғыдан байытатын тиімді педагогикалық әдістеме болып табылады. Жобалық тәсіл дәстүр мен инновацияны, ғылыми сарап пен шығармашылық әрекетті үйлестіре отырып, оқушыларға эпостардың терең мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдістеме педагогикалық парадигмалық өзгерістермен үндесіп, білімді бірлесе жасап шығару қағидасына негізделген: оқушылар мен мұғалім бірлесіп іздену арқылы эпостық мазмұнды тек есте сақтау емес, сонымен бірге оны талдау, интерпретациялау, өз тұжырымдарын жасау арқылы меңгереді.

Жобалық әдіс арқылы эпостардағы батыр бейнесін қазіргі қоғамдағы қаһарман ұғымымен салыстыруға мүмкіндік туады. Осы жолмен оқушылар батырлық ұғымының

тарихи, мәдени, әлеуметтік контексттерін зерттеп, оның моральдық мәні мен ішкі философиялық мазмұнын анықтайды. Батырлық пен қаһармандық тек тарихи оқиғаларға ғана байланысты емес, бүгінгі күннің адамдық қасиеттері, жауапкершілік және қоғамдық ұстанымдарымен сабақтасып, сабақтастық арқылы халық мәдениетінің тұрақтылығы мен рухани бірлігін көрсетеді.

Эпостық батырлық ұғымы халықтың рухани жадында мәңгілік құндылық ретінде қалыптасқан: дәуірге қарай оның бейнесі өзгергенімен, өзегінде елге адалдық, ерлік, әділдік және қоғам алдындағы жауапкершілік идеясы сақталады. Жобалық әдіс бұл құндылықтарды оқушыға көркемдік-танымдық тұрғыдан жеткізіп, тек тарихи фактіні меңгертуге ғана емес, сонымен бірге этикалық, рухани және шығармашылық ойлауды дамытатын құрал ретінде қызмет етеді.

Эпосты жобалық әдіс арқылы оқыту – бұл ұлттық мәдени мұраны заманауи білім беру процесінде тиімді қолданудың жаңа тәсілі, оқушылардың тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына және ұлттық сана мен рухани бірліктің нығаюына жол ашатын педагогикалық амал. Ең бастысы, қазақ эпостарын жобалық әдіс арқылы оқыту ұлттық мұраны жаңа формада тануға мүмкіндік беретін, білім беру кеңістігін тұлғалық және мәдени тұрғыда байытатын әдістеме болып табылады. Бұл әдіс дәстүр мен инновацияны, ғылыми сарап пен шығармашылық әрекетті ұштастырады, педагогикадағы парадигмалық өзгерістермен үндесіп, білімді бірлесе жасап шығару қағидасына сүйенеді. Жобалық әдіс оқушыларға эпостық батыр мен бүгінгі қоғам қаһарманы арасындағы байланыстың ішкі моральдық мазмұнын талдап, негізгі ұғымдарды түсінуге жағдай жасайды. Эпостардағы батырлық ұғымының сабақтастығы халықтың мәдени тұрақтылығы мен рухани бірлігін айғақтайды; дәуірге сай өзгерсе де, өзегінде елге адалдық, ерлік идеясы сақталады. Оқушылар тарихи-салыстырмалы, аналитикалық, жүйелеу, текстологиялық және рөлдік ойын әдістерін қолданып, эпостардағы кейіпкерлердің мінез-құлқын, моральдық шешімдерін зерттейді, олардың бүгінгі қоғамдағы өзектілігін бағалайды. Осылайша, жобалық әдіс арқылы эпостарды оқыту шығармашылық ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытып, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарға деген құрметті қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Что такое проектное обучение и где оно применяется? URL: https://skillbox.ru/media/education/chto-takoe-proektnoe-obuchenie-i-gde-ono-primenyaetsya/?utm_source
2. Касьяник Е.Л. Метод проектов: от теории к практике //Мастерство online [Электронный ресурс]. – 2015. – 4(5). URL: http://ripo.unibel.by/index.php?id=913
3. Нартова О.В. Инновационные технологии в образовании: проектная методика// Качество образования: системы, технологии, инновации: материалы международной научно-практической конференции. — Барнаул: АлгГТУ, 2007. — С. 316-317. URL: http://elib.altstu.ru/disser/conferenc/2007/kat/c2007.htm
4. Ayazhan Toibazar, Gulnaz Dautova1, Yerbol Aliyev & Talgat Turdali. Ethnic Narratives in Education: The Role of Kazakh Epics in Preserving Cultural Heritage and Identity. Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan. Journal of Ethnic and Cultural Studies 2025, Vol.12, No. 1, 154-177. DOI: https://doi.org/10.29333/ejecs/2414
5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 272 б.
6. Yergubekova, Z., & Rayeva, V. (2023). System of “Hero” conception in Kazakh heroic poems. EuroAsia Journal of Social Sciences and Humanities, 10(30). – P. 86-94. DOI: https://doi.org/10.5281/zenodo.7949107
7. «Қобыланды батыр» жыры. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 125 б.
8. «Ер Тарғын». Қазақ халық эпосы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 280 б.
9. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1987. – 531 б.
10. Тұрсынов Е. Қазақ эпосының поэтикасы. – Алматы: Білім, 2004. 320 б.

Н.А.МАЖИЕВА, Н.С.БАЛТАБАЕВА
Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Р.А.БЕРКЕНОВА
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

ПРЕПОДАВАНИЕ КАЗАХСКИХ ЭПОСОВ В ВУЗАХ ПО ПРОЕКТНОЙ МЕТОДИКЕ

Аннотация. В данной статье рассматриваются способы преподавания казахского эпоса в высших учебных заведениях методом проектов. Цель исследования – выявить возможности проектного обучения, сформировать творческие способности и исследовательские навыки будущих учителей, их отношение к национальным ценностям. То есть, проектное обучение ориентирует студентов на формирование самостоятельных искателей, аналитиков и мыслителей.

Проводится сопоставительный анализ жанровых особенностей и общих черт эпических произведений, определяется их роль в национальном мировоззрении. На примерах доказывается, что победа героя, его героизм в защите Родины, достигнутый через преданность любимой, является основным мотивом, выражающим вожделенные народом идеалы. Подобные сюжеты на протяжении веков находили своё продолжение в народном творчестве и сохранялись в народной памяти как образец. То есть, учитывая, что актуальность данной темы, изучаемой в области фольклора и педагогической науки, не теряет своей актуальности и в современный период, при использовании метода проектов студенты изучают тематические и содержательные особенности, исторические основы эпоса, всесторонне анализируют его художественно-эстетическую ценность и сочетают это с современными технологиями обучения. Такой подход повышает интерес студентов к национальному духовному наследию, развивает их предметные и метапредметные компетенции. На основе опросов и дискуссий, проведенных среди студентов университета, а также аналитической работы на лекциях и практических занятиях, были систематизированы их взгляды и выводы. В этом направлении, опираясь на методические выводы известных ученых-педагогов, на уроках использовались эффективные методы.

Результаты исследования показывают, что метод проектов при обучении казахскому эпосу повышает активность студентов, навыки критического мышления, культуру командной работы.

N.A.MAZHIYEVA, N.S.BALTABAEVA
Kazakh national woman's teacher training university, Almaty, Kazakhstan
R.A.BERKENOVA
International Taraz university named after Sherkhan Murtaza, Taraz, Kazakhstan

TEACHING KAZAKH EPICS IN UNIVERSITIES USING PROJECT-BASED METHODS

Annotation. This article examines project-based teaching methods for Kazakh epics in higher education institutions. The purpose of the study is to identify the potential of project-based learning, develop the creative and research skills of future teachers, and foster their attitude toward national values. In other words, project-based learning guides students toward developing into independent explorers, analysts, and thinkers.

A comparative analysis of the genre characteristics and common features of epic works is conducted, and their role in the national worldview is determined. Examples demonstrate that the hero's victory and his heroism in defending the Motherland, achieved through devotion to his beloved, are the primary motif expressing the ideals cherished by the people. Such stories have continued throughout the centuries in folklore and have remained in the people's memory as models. Considering that the relevance of this topic, studied in the fields of folklore and pedagogy, remains relevant today, using the project-based method, students explore the thematic and substantive features and historical foundations of the epic, comprehensively analyze its artistic and aesthetic value, and combine this with modern teaching technologies. This approach increases students' interest in the

national spiritual heritage and develops their subject-specific and meta-subject competencies. Based on surveys and discussions conducted among university students, as well as analytical work during lectures and practical classes, their views and conclusions were systematized. In this regard, drawing on the methodological findings of renowned academics and educators, effective methods were used in lessons.

Keywords: The study results show that the project-based method in teaching Kazakh epic poetry increases student engagement, critical thinking skills, and a culture of teamwork.

References

1. Chto takoe proektnoe obuchenie i gde ono primenäetsä? URL: https://skillbox.ru/media/education/chto-takoe-proektnoe-obuchenie-i-gde-ono-primenya etsya/?utm_source
2. Käsänik E.L. Metod proektov: ot teorii k praktike //Masterstvo online [Elektronnyi resurs]. – 2015. – 4(5). URL: http://ripo.unibel.by/index.php?id=913
3. Nartova O.V. İnnovasionnye tehnologii v obrazovanii: proektnaia metodika// Kachestvo obrazovania: sistemy, tehnologii, innovasii: materialy mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii. — Barnaul: İzd-vo AlgGTU, 2007. — S. 316—317. URL: http://elib.altstu.ru/disser/conferenc/2007/kat/c2007.htm
4. Ayazhan Toibazar, Gulnaz Dautova1, Yerbol Aliyev & Talgat Turdali. Ethnic Narratives in Education: The Role of Kazakh Epics in Preserving Cultural Heritage and Identity. Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan. Journal of Ethnic and Cultural Studies 2025, Vol.12, No. 1, 154-177. DOI: https://doi.org/10.29333/ejecs/2414
5. Qasqabasov S. Qazaqtyñ halyq prozasy. – Almaty: Jazuşy, 1984. – 272 6.
6. Yergubekova, Z., & Rayeva, V. (2023). System of "Hero" conception in Kazakh heroic poems. EuroAsia Journal of Social Sciences and Humanities, 10(30). – P. 86-94. DOI: https://doi.org/10.5281/zenodo.7949107
7. «Qobylandy batyr» jyry. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 125 b.
8. «Er Tarğyn». Qazaq halyq eposy. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 280 b.
9. Qoñyratbaev Ä. Epos jäne onyñ tipologiasy. – Almaty: Čylym, 1987. – 531 b.
10. Tūrsynov E. Qazaq eposynyñ poetikasy. – Almaty: Bılım, 2004. – 320 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Мажиева Назым Айтбайқызы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Мажиева Назым Айтбайкызы – докторант Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

Mazhiyeva Nazym Aitbaykizi – doctoral student, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Балтабаева Наргиза Смаиловна – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессор м.а., Алматы, Қазақстан.

Балтабаева Наргиза Смаиловна – доктор философии (PhD), и.о. ассоцированный профессор Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

Nargıza Baltabayeva – Doctor of Philosophy (PhD), associate professor Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Беркенова Рабиға Ағабекқызы – филология ғылымдарының кандидаты Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз, Қазақстан.

Беркенова Рабига Агабеккызы – кандидат филологических наук Международного Таразского университета имени Шерхана Муртазы, Тараз, Казахстан.

Berkenova Rabiga – The candidate of Philology Sciences Sherkhan Murtaza, International Taraz university, Taraz, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.31.31
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.30

*А.Н. ОРАЗ[1]
Қ.Т. МАЛИКОВ[2]
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан[1]
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан[2]
(e-mail: Aydana.oraz.1997@mail.ru[1], k.malikov@mail.ru[2])

*ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОРПУСТЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа. Бұл мақала қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде лингвистикалық корпус негізінде лексикалық дағдыларды қалыптастырудың әдістемелік моделін ғылыми тұрғыдан негіздеуге және оның тиімділігін эксперименттік жолмен дәлелдеуге арналады. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілін оқытуда корпустық тәсілдер арқылы лексикалық дағдыларды қалыптастырудың ғылыми негізін талдай отырып, тәжірибеде тексерілген әдістемелік жүйенің тиімділігін қарастырады. Зерттеу барысында қолданбалы лингвистика, корпустық лингвистика және деректерге негізделген оқыту (Data-Driven Learning) қағидаларына сүйене отырып, лексикалық дағдылардың номенклатурасы айқындалды. Оқу материалы Қазақ тілінің ұлттық корпусы деректеріне негізделіп, жиілік талдауы, коллокациялық талдау (MI-score ≥ 3.0), конкорданс және KWIC әдістері арқылы іріктелді. Эксперименттік оқыту алты апта көлемінде бақылау және эксперименттік топтарда жүргізілді. Зерттеу нәтижелері SPSS 26.0 бағдарламасында өңделіп, paired samples t-test, independent samples t-test, ANOVA және Spearman корреляциясы арқылы талданды. Эксперимент нәтижелері корпусқа негізделген әдістеменің білім алушылардың лексикалық дағдыларына елеулі әсер ететінін көрсетті. Сонымен қатар білім алушылардың жазбаша жұмыстарындағы сөздік қордың байлығы TTR, MTLD және коллокациялық тығыздық көрсеткіштері арқылы анықталды. Зерттеудің ғылыми нәтижелері лингвистикалық корпустарды қазақ тілін оқытуда жүйелі қолданудың тиімділігін дәлелдеп, оқу бағдарламалары мен әдістемелік материалдарды жаңғыртуға ғылыми негіз ұсынады. Ғылыми мақаланың зерттеу болжамына сай корпусқа негізделген оқыту әдістерінің білім алушылардың лексикалық дамуына ықпалын эмпирикалық деректермен дәлелдейді. Алынған тұжырымдар қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен цифрлық білім беру ресурстарын ғылыми негізде жетілдіруге мүмкіндік береді.
Түйін сөздер: корпустық лингвистика, деректерге негізделген оқыту (DDL), лексикалық дағдылар, Қазақ тілінің ұлттық корпусы, жиілік талдауы.

Кіріспе. Соңғы жылдары тіл білімінде, соның ішінде тілдерді оқыту әдістемесінде деректерге негізделген тәсілдерді (data-driven learning) қолдану оқу үдерісінде жақсы нәтиже көрсете бастады. Сондықтан да бүгінгі білім беру үдерісінде корпустық лингвистика

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP25794379 «Қазақ тілін оқытуда корпустық лингвистиканы қолдану арқылы лексикалық дағдыларды қалыптастыруды зерттеу және оның әдістемесін әзірлеу» тақырыбындағы гранттық жобасы аясында әзірленді.*

тілдік құбылыстарды эмпирикалық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік беретін жетекші бағыттардың біріне айналып отыр. Корпустық лингвистиканың теориялық негіздері мен зерттеу әдістері халықаралық деңгейде кеңінен дамығанымен, қазақ тілін оқыту контексінде оның әдістемелік әлеуетін жүйелі түрде зерделеу мәселесі әлі де өзекті болып отыр.

Корпустық лингвистика дербес ғылыми бағыт ретінде XX ғасырдың екінші жартысында тілдік деректерді компьютерлік өңдеудің дамуына байланысты қалыптасты. Алғашқы тіл корпустары ағылшын тілі материалдары негізінде жасалып, тілдік бірліктердің нақты қолданысын эмпирикалық тұрғыда зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл кезеңде корпустық лингвистика дәстүрлі интуитивті талдауға балама ретінде дерекке сүйенген тілдік сипаттауларды ұсынды. Кейінгі кезде уақыт талабына сай корпус әдістері тек лексикология мен грамматикада ғана емес, тілді оқыту әдістемесінде, дискурстық талдауда және қолданбалы лингвистикада кеңінен қолданыла бастады. Корпустық лингвистика лексикография саласындағы ең тиімді деп саналатын тәсілдердің бірі. Корпустық деректер мен компьютерлік технологияларды қолдану негізінде аз уақыт ішінде сөздіктерді құрастыруға, оны тәжірибе барысында қолдануға мүмкіндік береді. Алғаш рет тіл білімінде лингвистикалық деректер қоры Bank of English негізінде 1980 жылы Бирмингем университетінің COBUILD жобасы негізінде әзірленген. Ал корпусқа негізделген деректерді тұңғыш рет оқу үдерісінде Т. Джонс енгізіп, [1] аталмыш бағыт кейіннен компьютерлік оқыту (computer assisted language learning) жүйесінің қалыптасып дамуына, тілді оқытудағы «лексикалық тәсілдің» [2] қалыптасып, дамуына айтарлықтай ықпал етті.

Қазақстандағы корпустық лингвистиканың қалыптасуы мен даму мәселелері әлі де жан-жақты зерттеліп келе жатқан бағыттардың бірі. Дәстүрлі қазақ тіл білімінде тілдік құбылыстар көбіне көркем мәтіндерге немесе жеке авторлық үлгілерге сүйене отырып сипатталып келді. Ал корпусқа негізделген зерттеулер тілдік бірліктердің кең ауқымды мәтіндердегі нақты қолданысын, жиілік заңдылықтарын және контекстік вариативтілігін анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл тұрғыда Қазақ ұлттық корпусының (Qazaq National Corpus) құрылуы қазақ тіл біліміндегі маңызды кезеңдердің бірі десек болады. Қазақ тілі корпустық лингвистика саласының алғышарттары 2002 жылы қорғалған «Основные принципы формализации содержания казахского текста» атты А. Жұбановтың қазақ қолданбалы лингвистика саласындағы докторлық монографиялық еңбегінен бастау алды десек болады [3]. Сондай-ақ ғалымның «Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы», ««Қазақ» тексінің статистикасы» еңбектері осы бағытты ауқымды зерттеулермен толықтырды [4]. Қазақ тіліндегі корпустық лингвистиканың дамуы мәтіндерді автоматты өңдеу мен морфологиялық белгіленім қою мәселелерімен тығыз байланысты. Бұл бағыттағы іргелі зерттеулердің бірі – А. Жаңабекованың «Қазақ тілі мәтіндеріне морфологиялық белгіленім қоюдың ғылыми-тәжірибелік негіздері» атты еңбегі. Автор аталған зерттеуінде қазақ тілінің агглютинативті табиғатын ескере отырып, морфологиялық талдаудың теориялық қағидаларын және оларды автоматтандырылған түрде жүзеге асырудың практикалық тетіктерін жан-жақты қарастырады. Жаңабекова қазақ тіліндегі морфологиялық белгіленімнің басты қиындығы ретінде сөз формаларының көпвариантты лығын, аффикстердің жинақтала жалғануын және грамматикалық омонимияны атап көрсетеді. Осыған байланысты автор морфологиялық метабелгіленім жүйесін тек сөз табын белгілеумен шектемей, сөздің леммасын, грамматикалық категорияларын және синтаксистік әлеуетін қамтитын көпдеңгейлі құрылым ретінде ұсынады. Бұл тұжырым қазақ мәтіндерін корпусқа енгізу кезінде деректердің ғылыми дәлдігін қамтамасыз етудің негізгі шарты ретінде бағаланады. Жаңабекованың «Тіл корпустарының ғылыми-зерттеу әлеуеті» атты зерттеуінде корпустық лингвистика кең мағынада қарастырылады [5]. Автор тіл корпустарын тек мәтіндер жинағы емес, тілдік заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін кешенді ғылыми орта ретінде сипаттайды. Зерттеуде корпус деректерінің лексикалық, морфологиялық және дискурстық деңгейдегі талдауларға мүмкіндік беретіні, сондай-ақ тілдік бірліктердің қолданыс

жиілігі мен контекстік ерекшеліктерін анықтаудағы рөлі айқындалады. Бұл еңбекте қазақ мәтіндерін автоматтандыру мәселесі корпустық инфрақұрылыммен тікелей байланыста қарастырылады. Автор корпус құру барысында мәтіндерді цифрландыру, нормализациялау, морфологиялық және семантикалық белгіленім қою кезеңдерінің өзара сабақтастығын негіздейді. Мұндай жүйелі көзқарас қазақ тіліндегі корпустық ресурстардың сапасын арттыруға және оларды ғылыми зерттеулерде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Жаңабекованың зерттеулеріндегі маңызды тұжырымдардың бірі – метабелгіленімнің корпусқа негізделген тіл оқытуда ерекше рөл атқаратыны. Морфологиялық белгіленімі бар мәтіндер білім алушыларға сөз формаларының қызметін, грамматикалық мағыналардың контексте жүзеге асуын және лексикалық бірліктердің тіркесімділігін дербес зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл корпустық лингвистиканы білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыратын құрал ретінде қарастыруға негіз болады.

Корпустық лингвистиканың негізгі принциптері мен тәсілдерін ашуға, сондай-ақ оның қазақстандық лингвистика ғылымындағы дамуын талдауға арналған Г.Ж.Кучумова, Д.Р.Мухамеджанова, А.Б.Ибраева зерттеулерінде екі ақпарат бойынша контент-талдау жүргізеді. Авторлар корпустық лингвистиканы эмпирикалық тілдік зерттеулер жүргізудің тиімді әдіснамасы ретінде сипаттап, Қазақстандағы корпус жобаларының қазіргі жағдайына тоқталады. Зерттеуде ұлттық тілдік корпустардың ғылыми зерттеу мен білім беру саласындағы мүмкіндіктері айқындалып, сонымен қатар корпус деректерін қолдануда кездесетін шектеулер мен әдіснамалық қиындықтар анықталған. Бұл еңбек қазақ тілін оқытуда корпустық әдістерді енгізудің теориялық алғышарттарын негіздеуде маңызды орын алады [6].

Қазақ тілінің нақты қолданысын зерттеуде жиілік талдауы мен лексикалық құрылымдарды айқындаудың маңызын соңғы зерттеулерде Қазақ ұлттық корпусының деректеріне сүйене отырып, сөз формаларының жиілігін анықтау арқылы қазақ тілінің лексикалық жүйесінің эмпирикалық бейнесі ұсынылып жүр [7]. Зерттеу нәтижелері жиілік көрсеткіштерінің тілдік материалды ғылыми тұрғыдан іріктеуде, лексикалық минимумдарды айқындауда және оқу материалдарын деректерге негіздеп құрастыруда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Бұл зерттеулерде корпус деректерін пайдалану лексикалық бірліктердің қолданыс аясын нақтылауға мүмкіндік беретінін көрсетіп, олардың лексикалық дағдыларды қалыптастырудағы әлеуетін айқындауға мүмкінді беріп отыр. Корпусқа негізделген лексикалық талдаудың маңызды бағыттарының бірі – тұрақты тіркестер мен лексикалық құрылымдарды анықтау. Г.Сәрсеке осы бағыттағы зерттеуінде корпусқа негізделген статистикалық әдістерді – абсолютті және нормаланған жиілік, дисперсия (distribution/dispersion), және тіркес беріктігін бағалайтын көрсеткіштерді (мыс., MI / mutual information) қолданған [8]. Сонымен қатар бандлдарды функционалдық және прагматикалық тұрғыдан жіктеу арқылы оларды академиялық дискурс құрылымдарына сәйкес топтастырып, мәтінді ұйымдастыратын формулалар, байланыстырушы фразалар, тақырыптық өрнектер және т.б. үлгілерді құрастырған. Зерттеу жиілігі жоғары тұрақты үштіктердің академиялық жазылымда қайталанатын үлгілерге – кәсіби формулаларға, метадискурсивтік фразаларға (мысалы, нәтижені сипаттайтын және зерттеу әдісін түсіндіретін тіркестерге) және тақырыптық кластерлерге жататынын көрсетті. Бұл зерттеу мақаласында белгілі бандлдардың пәндік-регистірлік ерекшелігін анықтап, олардың академиялық мәтіндердегі коммуникативтік функцияларын сипаттады. Зерттеу жиілігі жоғары тұрақты үштіктердің академиялық жазылымда қайталанатын үлгілерге – кәсіби формулаларға, метадискурсивтік фразаларға (мысалы, нәтижені сипаттайтын және зерттеу әдісін түсіндіретін тіркестерге) және тақырыптық кластерлерге жататынын көрсетті. Сонымен бірге авторлар белгілі бандлдардың пәндік-регистірлік ерекшелігін анықтап, олардың академиялық мәтіндердегі коммуникативтік функцияларын сипаттаған. Бұл зерттеудің нәтижесі арқылы пәндік-модульдік «лексикалық минимумдар» жасауды ұсынып, сол минимумдарды оқу бағдарламасына енгізген кезде қандай бандлдардың

бірінші кезекте игерілуі керек екенін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, зерттеу эсселері, реферат жазу, презентация деген секілді академиялық мәтін түрлеріне байланысты тапсырма түрлерін таңдауда негіз болады. Аталған әдіс пен мен нәтижелерді корпусқа негізделген лексикалық модульдерді қалыптастыруда, тапсырмалар дизайнын жүйелеуде, оқыту нәтижесін сандық өлшеу үшін тікелей қолданылатын методологиялық ресурс ретінде қолдануға болады.

Корпустық деректерді оқу үдерісінде қолдану лексикалық материалды эмпирикалық түрде іріктеуге, жиілікті және коллокацияларды анықтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқу мақсаттарына сәйкес сөздік минимумдарды құрастыруға негіз болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, соңғы жылдардағы зерттеулер корпусқа негізделген оқыту тәсілдерінің тиімділігін ғылыми нәтижелерді ұсыну арқылы дәлелдеп жүр. Мысалы, корпусқа негізделген тапсырмаларды сабақ барысында қолдану тілдің лексикасын меңгеруде оң әсерін тигізетіні дәлелденгенімен, зерттеулердің нәтижесі әдістеменің біркелкі еместігін көрсетіп отыр. Осы орайда әртүрлі әдістемелік жүйе мен бақылау-эксперимент жұмыстарының ауқымы бұл саланың әлі де зерттеуді қажет ететінін айқындайды [9]. Тіл үйрету әдістемесіндегі зерттеулерде DDL тәсілінің тәжірибелік қолданысы (оқытушының рөлі, тапсырма дизайны, оқушының деректермен жұмыс істеу дағдысы) жан-жақты талданып жүр. Мысалы, Боултон [10] және Стейплз пен Энтони [11] сияқты авторлар корпустық материалдың оқу тапсырмасындағы бейімделуіне айрықша назар аударып, оқытушы-медиатор рөлінің маңыздылығына тоқталады. Ал лексиканы оқытудың корпус негізіндегі әдістері туралы талдау жасаған Дилин Лью [9] оқу-әдістемелік құралдарды құрастыруда корпус мысалдарын, жиілік тізімдерін және контексттік жаттығуларды қалай қолдану керектігін сипаттайды. Бұл тәсілдер біздің зерттеуге – B1 деңгейіндегі тіл үйренушілердің лексикалық дағдыларын дамытуға бағытталған корпустық талдаулардың үлгілерін ұсынуға тікелей негіз болды.

Қолданбалылингвистикасаласындакомпьютерліккорпустартілдіоқытутәжірибесінде тиімді құрал ретінде кеңінен қолданылып келеді. Осы тұрғыда білім алушылардың лексикалық дағдыларының қалыптасу деңгейі – олардың тілдік құзыреттілігін дамытудағы негізгі факторлардың бірі. Оқыту үдерісінің нәтижелілігі оқу материалы білім алушылар тарапынанбелгіленгенталаптарданжоғарыдеңгейдемеңгерілгенжағдайдағанақамтамасыз етіледі. Зерттеу нәтижелері корпустық лингвистиканың теориялық қағидаларын қазақ тілін оқыту әдістемесімен ұштастырып, деректерге негізделген оқытудың (DDL) қазақ тіл біліміндегі қолдану аясын кеңейтеді. Қазақ тілін меңгертуде лексикалық дағдылардың қалыптасуын эмпирикалық деректер арқылы сипаттап, лексикалық минимум, коллокация және контекст ұғымдарының әдістемелік мазмұнын нақтылау зерттеудің негізгі ғылыми жаңалықтарының бірі. Сонымен қатар корпус деректерінің лексикалық құзыреттілікті қалыптастырудағы рөлі ғылыми тұрғыдан негізделіп, қолданбалы лингвистика мен тіл оқыту теориясына елеулі үлес қосады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерушілердің лексикалық дағдыларын корпусқа негізделген тәсіл арқылы дамыту тиімділігін анықтауға бағытталды. Осы мақсатта нақты тілдік корпустар, арнайы құрастырылған оқу материалдары, лексикалық тест түрлері және статистикалық талдау құралдары қолданылды. Зерттеу әдістемесі корпустық лингвистиканың эмпирикалық тәсілдері мен педагогикалық эксперименттің классикалық құрылымына негізделді.

Зерттеудің негізгі материалдары үш деректер базасын қамтыды. Бірінші материалдық база ретінде Қазақ тілінің ұлттық корпусы пайдаланылды. Корпустың публицистикалық, көркем әдеби, ғылыми және ауызша транскрипцияланған мәтіндері жиілік, конкорданс және коллокациялық талдау жүргізу үшін қолданылды. Корпустың жиілік сүзгісі арқылы қазақ тілінің ең жиі қолданылатын 1000 бірліктен тұратын лексикалық минимумы анықталды. Коллокациялар модулінде 30 жиі қолданылатын етістіктің 120-дан астам тұрақты тіркестері есептелді. MI-score ≥ 3.0 болатын мағыналы тіркестері оқыту материалына енгізілді. Корпус деректеріне сүйене отырып мағыналық жағынан тұрақты,

ең жиі қолданылатын етістік+толықтауыш/ етістік+үстеу тіркестері ғана оқу материалы ретінде алынды.

Екінші материалдық база – 52 340 токеннен тұратын авторлық оқу корпусы**.** Бұл корпус A2–B1 деңгейіне бейімделген диалогтар мен оқу мәтіндерінен жинақталды және корпусқа негізделген оқу материалдарын әзірлеу үшін қолданылды. Оқу үдерісіне енгізу үшін автордың «Қазақ тілін оқытуда корпустық тәсілдерді қолдану (жаттығулар кешені)» оқу-әдістемелік құралының ішіндегі мәтіндерден 500 сөйлем (контекстік үлгілер) алынған [12] Бұл мәтіндер Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген корпус материалы негізінде іріктелді [13]. Оқу әдістемелік құралдың ішінде осы мәтіндерден конкорданс тапсырмалары, жиілік карталары, үлгілік сөйлемдер және контексті салыстыратын тапсырмалар жасалды. Үшінші материал – коллокациялық кіші корпус**,** құрамында қазақ тіліндегі 30 жиі етістіктің 6400 қолданысы бар. Бұл корпус етістіктердің тіркесімділік ерекшеліктерін анықтап, коллокацияны оқытуға арналған жаттығуларды құрастыру үшін пайдаланылды.

Зерттеуге қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеріп жатқан 10-сыныптың 62 білім алушысы қатысты. Қатысушылардың бастапқы деңгейін анықтау мақсатында Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау – QAZTEST жүйесінің лексика-грамматика бөлімі негізінде жасалған 30 сұрақтық диагностикалық тесттен өтті. Тест нәтижелері бойынша білім алушылар екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (31 білім алушы) және бақылау тобы (31 білім алушы). Екі топтың бастапқы лексикалық деңгейлері шамалас болды. Лексикалық дағдылардың қалыптасу деңгейін бағалау үшін 60 тапсырмадан тұратын авторлық тест қолданылды. Тест төрт бөліктен құралды: сөз мағынасын анықтау (25 тапсырма), сөз тіркестерін сәйкестендіру (20 тапсырма), контекстегі сөз таңдауды тексеру (10 тапсырма) және шағын мәтіндегі синонимдік алмастыруларды табу (5 тапсырма). Сонымен қатар жазбаша жұмыстардың лексикалық байлығы TTR (Type-Token Ratio – мәтіндегі бірегей сөздер саны мен жалпы сөздер санының арақатынасы), MTLD (Measure of Textual Lexical Diversity – мәтіндегі сөздік қордың алуан түрлілігін анықтайтын статистикалық көрсеткіш) және коллокациялық тығыздық коэффициенттері арқылы өлшенді. Білім алушылардың корпуспен жұмыс істеу дағдылары 12 сұрақтан тұратын Лайкерт сауалнамасы арқылы бағаланды.

Как показывает наш материал исследования, в Интернете функционируют, помимо новостной группы, и другие группы. Одну из них назовем «Группа по интересам» (Group of Interest) по тематической направленности участников полилога. Мы принимаем за основу подобных полилогов специфические характеристики исследователя М.Маркоччиа: характер компьютерного общения, асинхронность и публичность

«Группа по интересам» обнаруживают себя при просмотре фильмов, академических обзорах (зачастую в виде виртуальных учебных занятий) на YouTube канале. В качестве примеров представим Popcornflix, The Church of Almighty God, Encourage TV, English with Rupert, Accurate English и др.

Участники этой группы ведут беседу в разделе «Комментарии». Они зачастую имеют очень протяженный ход беседы по времени. Практически каждый последний зритель становится участником.

Все это свидетельствуем о функционировании полилога как самостоятельной формы речи.

Подвергнув анализу полилог в социуме, мы выводим такие новые параметры, как «характер», «перспектива», «действенность», «дееспособность». Эти параметры эксплицируют категориальный фон полилога.

Характером полилога назовем его принадлежность к тому или иному текстовому стилю.

Под перспективой полилога следует понимать тот факт, что он может быть использованным в процессе коммуникации с последующим развертыванием.

Действенность определяется нами как способность полилога расширить границы композиции коммуникативного акта, вызвать интерес к продолжению беседы.

Дееспособность заключается в способности полилога длительно функционировать во временной плоскости в семиотическом пространстве (континууме; термин Ю.М.Лотмана), будучи продолженным другими участниками коммуникации.

Таким образом, категориальный фон полилога представляет собой еще одно доказательство того, что полилог автономен по своему назначению в коммуникативном акте.

При применении ситуативного подхода усвоение языковых структур происходит посредством их практического применения; это, в свою очередь, способствует автоматизации речевых навыков.

Итак, в обучении устной речи наряду с коммуникативным подходом важно использование ситуативного, так как развертывание полилога ситуативно.

Результаты анкетирования: исследование показало, что 70% студентов знают значение термина «полилог», 100% - понимают значение термина «иноязычное говорение», 85% - были участниками коммуникативного акта из более, чем из 2-х человек вне рамок учебных занятий; 65% -были на уроках иностранного языка, на курсах по изучению иностранного языка участниками коммуникативного акта из более, чем 2-х человек; 100% отметили первостепенную важность развития устной речи при изучении иностранного языка; 80 % отдали предпочтение овладению иноязычной разговорной речью литературному; 85% связывают свой успех в овладении иностранным языком с умением спонтанно начать вести беседу. По результатам анкетирования студентов и магистрантов можно сделать вывод о том, что полилог так или иначе используется ими не только во время учебных занятий. Они выразили интерес к изучению иностранного языка и овладению навыками иноязычного говорения посредством различным форм речи; одним из главных отметили полилог.

100% респондентов (учителей школ и лицеев, преподавателей вузов) используют различные методики, 85% предпочтение отдают коммуникативному; 35% дали полный ответ-объяснение словосочетания «иноязычное говорение»; в процессе преподавания иностранного языка для развития навыков говорения 42% используют тренировочные упражнения, 35% - составление диалога; 23% - пересказ текста; 71% связывают такое понятие как «навыки говорения» с понятием «спонтанность речи», 29 % - с понятием «грамотная речь»; 64% респондентов считают, что для развития навыков говорения необходимо работа над диалогической речью; ответ о видах диалога 10% назвали «ситуативный», остальные назвали «диалог-дискуссия», «этикетный диалог» и т.п.

По результату анкетирования выявлено, что при обучении говорению респонденты едины в том, что ставят целью развитие навыков устной речи при обучении иностранному языку, чаще всего применяют тренировочные упражнения, не используют целенаправленно развитие навыков говорения посредством полилога.

Результаты сравнительного анализа: анализ показал, что студенты и магистранты предпочтение отдают разговорной речи в сравнении с литературной, приветствуют овладению навыками говорения посредством различных форм речи, полилог отметили как одну из главных для ведения беседы. В свою очередь, учителя и преподаватели не используют целенаправленно полилог как одну из форм речи для развития навыков говорения. Зачастую полилог рождается в таких разновидностях форм аудиторной работы как диспут, конференция. Вероятно, это связано с тем, что в учебных пособиях по иностранному языку отсутствуют конкретные задания на составление и ведение беседы в форме полилогической речи.

Заключение. Следует отметить тот факт, что в эпоху высоких технологий полилог становится второй (после диалога) формой существования языка, важнейшей областью проявления языковых закономерностей.

Выявленные в ходе исследования такие значимые характеристики и аспекты полилога, как категориальный фон, выраженность в формате информативно-концептуальной композиционно-речевой форме «сообщение» и рефлексивно-когнитивной композиционно-речевой форме «рассуждение», смысловая структура полилога представляют собой доказательство того, что полилог автономен по своему назначению в коммуникативном акте.

Эффективное корпоративное общение и трудовое взаимодействие в поликультурной среде требуют решение задач по обучению грамотному ведению беседы для адекватного восприятия всех участников коммуникативного акта с интенцией достижения цели. В этом формате, полилог становится необходимым компонентом коммуникации.

Следовательно, использование полилога как одного из форм речи в процессе обучения иностранному языку носит актуальный характер. Применение полилога в

качестве инструмента для развития навыков иноязычного говорения и формирования умений построения межкультурного общения всецело определяет успешность в лингво-социальном взаимодействии всех участников коммуникативной среды.

Перспективы дальнейшего исследования включают разработку вопроса о внутренней речи, анализ которой может выявить дополнительные детали полилога, наличие полилога в рамках текстов и дискурса других стилей и жанров: а также в установлении семантической структуры полилога для корректного выбора обучающего методического комплекса.

Результаты исследования могут быть использованы для дальнейшего совершенствования методики обучения иностранному языку и заявляют о детальной разработке методических рекомендаций и положений по активации полилога как самостоятельной формы речепорождения для развития навыков иноязычного говорения наряду с диалогом и монологом в образовательный процесс.

Исследование показало, что активация полилога в образовательный процесс становится необходимостью в условиях современного развития человечества, в эпоху высоких технологий, позволяющих вести коммуникацию дистантно; и это значит, что коммуникация осуществляется посредством различных онлайн платформ, на которых количество участников коммуникативного акта значительно возрастает. Таким образом, исследование было направлено на решение актуальных задач образования, связанные с формированием межкультурной лингвистической компетенции обучающихся.

Литература

1. Bublitz W. Gesprachsthema and thematische Handlungen im Englischen // Pragmantax: akten des 20. ling. Kolloq. – Tubingen: Niemeyer, 1986. – S. 225-235.
2. Manateresa Zanola, Bona Cambiaghi, Enrica Galazzi, Marie Christine Jullion (1998) Le dialogue d'embauche: forms et caractère // Di dialogue au polylogue. Approches linguistiques socio-pragmatiques, littéraires. Actes du 3e Colloque International Do.Ri.F. - Università – Roma - Duration: 24 Oct 1997 → 25 Oct 1997. – Published 1998. – P. 230-248. URL: https://publires.unicatt.it/en/publications/le-dialogue-dembauche-formes-et-caract%C3%A8re-10
3. Michel Marcoccia. On-line polylogues: conversation structure and participation framework in internet newsgroupsю – Journal of Pragmatics.- 2004 - Vol.36, Issue 1. – P. 115-145. URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0378216603000389
4. Beisenbayeva L. Zh. Assessing students' oral proficiency in cooperative learning (CEFR framework) //) // Scientific Journal. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. Philology №3. - 2025, P. 209-216 https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.18
5. Jian Tao LüUnidirectional floating of information: A case study of polylogue in a commercial colloquium. – Journal of Pragmatics.– 2006. Vol.38, Issue 4. – P. 475-489 . URL: ttps://www.sciencedirect.com/journal/journal-of-pragmatics/vol/38/issue/4
6. Яковлева Э.Б. Полилог – третья форма речи? \\ Известия высших учебных заведений. Поволжский край. Гуманитарныенауки. Филология. №1. – 2007. С.82-88
7. Hsueh-iChen.The Concept of the "Polylogue" and the Question of "Intercultural" Identity // Intercultural Communication Studies XIX. – 2010. – P. 54-64. URL: https://www-s3-live.kent.edu/s3fs-root/s3fs-public/file/04Hsueh-i
8. Patricia Bou-FranchNuria, Lorenzo-DusPilar, Garcés-Conejos Blitvich. Social Interaction in YouTube Text-Based Polylogues: A Study of Coherence// Journal of Computer-Mediated Communication. - 2012 – Vol. 17. - Issue 4. – P. 501-521. URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1111/j.1083-6101.2012.01579.x
9. Ron Walkary, DoenjaOogjes, ArmiBehzad.Two Years of Co-speculation: Polylogue of Pfilosophers, Desiners, and Tilting Bowl// Journal ACM Transactions on Computer-Human Interaction. - 2022. – Vol. 29. – Issue 5. – P. 44. URL: https://research.tue.nl/en/publications/two-yearsor-more-of-co-speculation-polylogues-of-philosophers-de
10. Argumentation In Complex Communication. Cambridge University Press Print publication year: 2022, P. 89 – 116. URL: https://www.cambridge.org/core/books/argumentation-in-complex-communication/embracing-polylogue/1AFEDAE946DA6C9F1FEB30BD7FE928B9

11. Marcin Lewinski, Mark Aakhus. Normative Evaluation of Polylogues. // Argumentation In Complex Communication. Published online by Cambridge University Press. – 2023. – P. 161-197. URL: https://www.cambridge.org/core/books/argumentation-in-complex-communication/embracing-polylogue/1AFEDAE946DA6C9F1FEB30BD7FE928B9

12. Nazmieva E.I., Andreeva E.A., Soboleva N.P.Foreign Language Teaching As a Factor Contributing To Intercultural Polylogue. - International Journal of Scientific Study.- 2017. - Vol. 5. - Issue 6. – P. 49-53. URL: http://www.ijss-sn.com/uploads/2/0/1/5/20153321/ijss-iran_sep_17_benson_oa10.pdf

13. Абрамова И.Е., Шерехова О.М. Обучение диалогу и полилогу на английском языке студентов-нелингвистов // Высшее образование в России. 2020. Т. 29. No 6. – С. 102- 110. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-navykov-ustnoy-rechi-na-inostrannom-yazyke-u studentov-neyazykovyh-vuzov

14. Юсупова, Л. Г. (2019) Развитие навыков устной речи на иностранном языке у студентов неязыковых вузов / Л. Г. Юсупова, А. М. Кабанов, Е. П. Желтова // Педагогическое образование в России. – 2019. – №1. – С. 84-92. URL: https://pedobrazovanie.ru/archive/848584/1/razvitie-navykov-ustnoj-rechi-na-inostrannom-yazyke-u-studentov-neyazykovykh-vuzov

15. Википедия.Полилог. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D0%BB%D0%BE%D0%B3

16. Исмагулова А.Е. Интерпретация понятия "полилог" в современной лингвистике // Вестник КазНУ. Серия филологическая.№ 4-5 (150-151), 2014. – С.99-104. URL: https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/574

17. Винокур Т.Г. Полилог // Большая российская энциклопедия. Электронная версия (2016) https://old.bigenc.ru/linguistics/text/3951431 (Дата обращения: 19.01.2025)

18. Журавлева Е.Б. (1991) Структурно-семантические модели полилога // Текст как единица коммуникации. – М.: 1991. – С. 31-34. URL: https://articlekz.com/article/23642

Г.Х. РАМАЗАНОВА
Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

ОҚУ ҮРДІСІНЕ ПОЛИЛОГТЫ БЕЛСЕНДІРУ

Мақала оқу процесінде оны белсендіру үшін полилогтың параметрлерін зерттеуге арналған. Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары бұрын жүргізілген зерттеулердің деректеріне сүйене отырып, полилог сөйлеудің дербес түрі ретінде, полилогтың шет тілі сабақтарында, сондай-ақ Интернетте танымалдығы туралы теориялық ережелерді талдау болып табылады. Сонымен қатар, полилогтың маңызды сипаттамалары белгіленеді, негізінен оқу процесінде маңызды.

Жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығын қысқаша сипаттау стихиялық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту құралы ретінде оқу процесінде полилогты белсендірудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы әдеби дереккөздерді талдауды, оқу үдерісіне қатысушылардың екі таңдаулы сауалнамасын және үздіксіз іріктеу әдісін қолдану арқылы тілдік материалды талдауды қамтиды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, тұжырымдары полилог құрудағы лингвистикалық құзыреттілік шет тілін үйренудің табыстылығына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді.

Зерттеудің құндылығы шет тілін үйрену кезінде мәдениетаралық қарым-қатынас ерекшеліктерін ескеретін білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу қажеттілігін растауында және полилогтың лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық аспектілерін ескере отырып, сөйлеуге үйрету стратегиясын жасауда.

Бұл жұмыс білім берудегі коммуникативті-бейімделген тәсілдің маңыздылығын айта отырып, шет тілін оқыту мен оқыту әдістемесін дамытуға маңызды үлес қосады. Бұл зерттеудің теориялық маңыздылығы.

Практикалық маңызы полилогты қолданудың маңыздылығын аша отырып, оның жаңа аспектілерін дамытуда; сондықтан нәтижелер әдіскерлер, шет тілі мұғалімдері және білім беру және мәдениетаралық қарым-қатынаспен айналысатын кез келген адам үшін қолайлы.

Түйін сөздер: полилогты белсендіру, полилог параметрлері. коммуникативті акт, коммуниканттар, оқу процесі.

G.H. RAMAZANOVA
Astana International University, Astana, Kazakhstan

ACTIVATION OF POLYLOGUE INTO THE EDUCATIONAL PROCESS

The article is devoted to the study of the parameters of polylogue for its use in the educational process. The purpose, main directions and ideas of scientific research come down to the analysis of theoretical provisions about polylogues in an independent form of speech, about the popularity of polylogues in classes in a foreign language, as well as on the Internet, based on data from previously conducted research. At the same time, significant characteristics of the polylogue are established, mainly important in the educational process.

A brief description of the scientific and practical significance of the work emphasizes the importance of activating polylogue in the educational process as a tool for the formation and development of spontaneous speaking skills.

A brief description of the research methodology covers an analysis of literary sources, a two-choice survey of participants in the educational process, and an analysis of language material using a continuous sampling method.

The main results and analysis, conclusions of the research work show that linguistic competence in constructing polylogues significantly influences the success of learning a foreign language.

The value of the study lies in confirming the need to develop and implement educational programs that take into account the features of intercultural communication when learning a foreign language and the development of a strategy for teaching speaking, taking into account the linguistic, sociolinguistic aspects of polylogue.

This work makes an important contribution to the development of methods of teaching and learning a foreign language, emphasizing the importance of a communicative-adapted approach in education. This is the theoretical significance of the study.

The practical significance lies in the development of new aspects of polylogue, revealing the importance of using polylogue; therefore, the results are acceptable for methodologists, foreign language teachers and anyone involved in education and intercultural communication.

Keywords: polylogue activation, polylogue parameters. communicative act, communicants, educational process.

References

1. Bublitz W. Gesprachsthema and thematische Handlungen im Englischen // Pragmantax: akten des 20. ling. Kolloq. – Tubingen: Niemeyer, 1986. – S. 225-235.

2. Manateresa Zanola, Bona Cambiaghi, Enrica Galazzi, Marie Christine Jullion (1998) Le dialogue d'embauche: forms et caractère // Di dialogue au polylogue. Approches linguistiques socio-pragmatiques, littéraires. Actes du 3e Colloque International Do.Ri.F. - Universitàa – Roma - Duration: 24 Oct 1997 → 25 Oct 1997. – Published 1998. – P. 230-248 https://publires.unicatt.it/en/publications/le-dialogue-dembauche-formes-et-caract%C3%A8re-10

3. Michel Marcoccia. On-line polylogues: conversation structure and participation framework in internet newsgroupsiu – Journal of Pragmatics.- 2004 - Vol.36, Issue 1. – P. 115-145. URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0378216603000389

4. Beisenbayeva L. Zh. Assessing students' oral proficiency in cooperative learning (CEFR framework) //) // Scientific Journal. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. Philology №3. - 2025, P. 209-216. URL: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.18

5. Jian Tao LüUnidirectional floating of information: A case study of polylogue in a commercial colloquium. – Journal of Pragmatics.– 2006. Vol.38, Issue 4. – P. 475-489. URL: https://www.sciencedirect.com/journal/journal-of-pragmatics/vol/38/issue/4

6. İakovleva E.B. Polilog – tretä forma rechi? \\ İzvestia vysşih uchebnyh zavedeni. Povoljski krai. Gumanitarnyenauki. Filologia. №1. – 2007. S.82-88

7. Hsueh-iChen.The Concept of the "Polylogue" and the Question of "Intercultural" Identity // Intercultural Communication Studies XIX. – 2010. – P. 54-64. URL: https://www-s3-live.kent.edu/s3fs-root/s3fs-public/file/04Hsueh-i

8. Patricia Bou-FranchNuria, Lorenzo-DusPilar, Garcés-Conejos Blitvich. Social Interaction in YouTube Text-Based Polylogues: A Study of Coherence// Journal of Computer-Mediated Communication. - 2012 – Vol. 17. - Issue 4. – P. 501-521. URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1111/j.1083-6101.2012.01579.x

9. Ron Walkary, DoenjaOogjes, ArmiBehzad.Two Years of Co-speculation: Polylogue of Pfilosophers, Desiners, and Tilting Bowl// Journal ACM Transactions on Computer-Human Interaction. - 2022. – Vol. 29. – Issue 5. – P. 44. URL: https://research.tue.nl/en/publications/two-years-or-more-of-co-speculation-polylogues-of-philosophers-de

10. Argumentation In Complex Communication. Cambridge University Press Print publication year: 2022. – P. 89-116. URL: https://www.cambridge.org/core/books/argumentation-in-complex-communication/embracing-polylogue/1AFEDAE946DA6C9F1FEB30BD7FE928B9

11. Marcin Lewinski, Mark Aakhus. Normative Evaluation of Polylogues. // Argumentation In Complex Communication. Published online by Cambridge University Press. – 2023. – P. 161-197. URL: https://www.cambridge.org/core/books/argumentation-in-complex-communication/embracing-polylogue/1AFEDAE946DA6C9F1FEB30BD7FE928B9

12. Nazmieva E.I., Andreeva E.A., Soboleva N.P.Foreign Language Teaching As a Factor Contributing To Intercultural Polylogue. - International Journal of Scientific Study.- 2017. - Vol. 5. - Issue 6. – P. 49-53. URL: http://www.ijss-sn.com/uploads/2/0/1/5/20153321/ijss-iran_sep_17_benson_oa10.pdf

13. Abramova İ.E., Şerehova O.M. Obuchenie dialogu i polilogu na angliskom iazyke studentov-nelingvistov // Vysşee obrazovanie v Rosii. 2020. T. 29. No 6. – C. 102- 110 https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-navykov-ustnoy-rechi-na-inostrannom-yazyke-u-studentov-neyazykovyh-vuzov

14. İusupova, L. G. (2019) Razvitie navykov ustnoi rechi na inostrannom iazyke u studentov neiazykovyh vuzov / L. G. İusupova, A. M. Kabanov, E. P. Jeltova // Pedagogicheskoe obrazovanie v Rosii. – 2019. – №1. – S. 84-92. URL: https://pedobrazovanie.ru/archive/848584/1/razvitie-navykov-ustnoj-rechi-na-inostrannom-yazyke-u-studentov-neyazykovykh-vuzov

15. Vikipedia.Polilog.https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D0%BB%D0%BE%D0%B3

16. İsmagulova A.E. İnterpretasia ponätia "polilog" v sovremennoi lingvistike // Vestnik KazNU. Seria filologicheskaia.№ 4-5 (150-151), 2014. - S.99-104 https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/574

17. Vinokur T.G. Polilog // Bölşaia rosiskaia ensiklopedia. Elektronnaia versia (2016) https://old.bigenc.ru/linguistics/text/3951431 (Data obraşenia: 19.01.2025)

18. Juravleva E.B. (1991) Strukturno-semanticheskie modeli poliloga // Teks kak edinisa komunikasii. – M.: 1991.– S. 31-34. https://articlekz.com/article/23642

Автор туралы мәлімет:

Рамазанова Гүлнар Хакімқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Астана Халықаралық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Рамазанова Гульнара Хакимовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Международного университета Астана, Астана, Казахстан.

Ramazanova Gulnara Hakimovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Astana International University, Astana, Kazakhstan.

ҒТАМР 14.35.09
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.32

Қ.С. ТЕЛГОЖАЕВА[1]
С.А. ОДАНОВА[2]
***М.Қ. ЖАЙЛАУБАЕВА[3]**
Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан[1]
Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан[2]
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан[3]
(e-mail: : k.telgozhaeva@aues.kz[1], odanovasagira22@gmail.com[2], marhabat.zhailaubaeva@gmail.com[3])

*ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОД НЕГІЗІНДЕГІ ВИРТУАЛДЫ ЖИ ЖҮЙЕСІ: ТІЛ ҮЙРЕНУШІЛЕРДІҢ ИКЕМДІ ДАҒДЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақаладаұлттық-мәденикодқанегізделгенвиртуалдыжасандыинтеллект (ЖИ) жүйесіне кіріктірілетін оқу-әдістемелік контентті жобалау ұстанымдары қарастырылған. Зертеу нысаны ретінде жүйенің өзі емес, болашақ цифрлық ортаға енгізуге дайын контенттік модель (ұлттық-мәдени кодқа сүйенген сценарийлер. Тапсырмалары кешен, бағалау рубрикасы және диалогтық спецификация) алынды. Контент дизайны дизайн-негізді зерттеу (Design-Based Research (DBR)) логикасымен кезең-кезеңімен жобалау-тексеру-нақтылау қағидасы бойынша ұйымдастырылды. Ұлттық-мәдени кодтар қолданбалы дидактикалық бірліктерге жіктеліп, олардың коммуникативтік қызметі айқындалды; мәдени кодтар икемді дағды көрсеткіштерімен матрицалық сәйкестендірілді; тапсырмалар типологиясы мен контент спецификациясы жасалды; CEFR негізінде A2-B1 деңгейлік саралау жүзеге асырылды. Үлгі кейс ретінде «Денсаулық» тақырыбы бойынша мақал-мәтел, тұрақты тіркес және көп мағыналықты деңгейге сай кіріктіру көрсетіліп, «ұлттық-мәдени код – прагматика – икемді дағды» байланысы нақтыланды. Нәтижелер екі қабатты кері байланыс «тілдік түзету + мәдени-прагматикалық балама) логикасына сүйенген виртуалды тьюторға арналған контенттік құрылымды ұсынатынымен құнды. Алдағы кезеңде модель әртүрлі тақырыптар бойынша кеңейтіліп, тиімділігі эмпирикалық апробация арқылы дәлелденеді деп күтілуде.
Түйін сөздер: икемді дағды, қатысым, жасанды интеллект, деңгейлеп оқыту, сыни ойлау, айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым.

Кіріспе. Цифрландыру және жаһандану дәуірінде тіл үйрету әдістемесі елеулі трансформацияға ұшырап, оның нәтижесі тек лингвистикалық құзыреттілікпен шектелмей, тұлғаның ақпараттық технологиялық мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана алуымен, яғни жасанды интеллект (ЖИ) және икемді дағдының (Soft skills) дамуы арқылы өлшенетін

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP26100757 «Генеративті жасанды интеллект қолданбасы арқылы тіл үйренушілердің икемді дағдыларын (Soft skills) дамыта отырып қазақ тілін деңгейлеп үйрететін IT әзірлемелер мен бағдарламалар кешенін даярлау» атты жоба аясында әзірленді.*

болды [1]. Бұл тұрғыдан алғанда, тіл үйрету енді тек грамматика мен сөздік қорды меңгерумен шектелмей, білім алушының өздігінен ақпарат іздеу, өңдеу, интерпретациялау қабілетін дамытуға бағытталған кешенді үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс.

Жаһандану және технологиялық даму үрдістері кәсіби біліктіліктен бөлек, тұлғаның әлеуметтік және мәдени құзыреттілігін арттыру қажеттілігін айқындайды. Яғни, «әлемдік еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер кәсіби салада ғана емес, әлеуметтік және мәдени кеңістікте де тиімді әрекет ете алатын, эмоционалды интеллекті дамыған және мәдениетаралық қатысымға бейім мамандарға сұраныстың артуына әкеп соқтырады» [2] – деген тенденция, тіл үйрету әдістемесінің әлеуметтік және мәдени компонентін күшейтуді, тілдік дағдыларды нақты өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Қазақ тілін үйретуде ЖИ технологияларын қолдану оқу үдерісін жаңаша ұйымдастырудың маңызды қадамы ретінде қарастырылады. Зерттеулер көрсеткендей, «ЖИ-ға негізделген оқыту жүйелері тіл үйренушілердің оқу үдерісін дараландыруға, олардың жеке қажеттіліктері мен тілдік деңгейлеріне сәйкес әрекет етуге, сонымен бірге мәдени коммуникативтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді» [3]. Демек, ЖИ оқыту процесінде оқушының қателіктерін, оқу стилін және коммуникативтік белсенділігін талдап, соған сәйкес тапсырмаларды бейімдеп ұсына алады. Нәтижесінде, тіл үйренушінің дербестігі, өздігінен білім алу дағдысы дамиды, бұл өз кезегінде икемді дағдының (Soft skills) негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, ЖИ виртуалды симуляциялар арқылы тілдік жағдаяттарды модельдеп, тіл үйренушінің айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді түрде дамытуға ықпал етеді [4]. Бұл әдіс әсіресе әлеуметтік және мәдени контексттерді ескере отырып, оқушының нақты өмірлік коммуникацияда тиімді әрекет етуін қамтамасыз етеді, яғни тіл үйрету процесі практикалық және интерактивті сипат алады.

Аталған мәселенің өзектілігі тілдің мәдени табиғатымен тығыз байланысты. «Тіл үйрену тек лексика мен грамматикамен шектелмей, белгілі бір ұлттың мәдени кодын, құндылықтар жүйесін және коммуникативтік мінез-құлық үлгілерін меңгеруді қамтиды» [5]. Байрам [6] тіл үйрену мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікпен ұштасқанда ғана толыққанды нәтиже беретінін атап көрсетеді. Қазақ тілін оқытуда ұлттық мәдениетке негізделген тілдік бірліктерді жүйелі енгізу тіл үйренушінің мәдени танымын, эмпатиясын және әлеуметтік бейімделуін дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде тіл үйретудің сапасын арттырады.

Зерттеудің негізгі бағыты – жасанды интеллект мүмкіндіктерін деңгейлік оқыту (A2–B1) контекстінде қолдану. CEFR талаптарына сәйкес [7] A2 деңгейі күнделікті әлеуметтік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін базалық коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған болса, B1 деңгейі күрделірек прагматикалық жағдаяттарға пікір білдіру және өз ойын дәл жеткізу қабілетін дамытуды көздейді. Осы тұрғыда ұсынылатын виртуалды әдістемелік жүйеде A2 деңгейіне қарапайым әлеуметтік және мәдени жағдаяттар, ал B1 деңгейінде күрделі мәдени және әлеуметтік мазмұны бар тақырыптар қамтылатын контент ұсынылады. Бұл тәсіл оқушыларға тек тілдік дағдыларды меңгеруге емес, сонымен қатар мәдени кодтарды түсіну, түрлі жағдайларда өз ойын дәл жеткізу және тиімді әрекет ету қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Виртуалды әдістемелік жүйенің дәстүрлі тіл оқыту жүйелерінен айырмашылығы лексика-грамматикалық материалдарды автоматты түрде саралап, тіл үйренушінің деңгейіне сай тілдік бірліктерді ұсына алуы мен оның коммуникативті стратегияларды дамытуға бағытталуында. ЖИ арқылы ұйымдастырылатын интерактивті орта жауапкершілік пен дербестікті арттыратын тіл үйренушінің қателерін талдауға, жедел кері байланыс беруге және оқу траекториясын икемді түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Осылайша, жасанды интеллект, ұлттық мәдени код және икемді дағдыны біріктіру қазақ тілін үйретудің әдістемелік жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтереді. Ұсынылған зерттеу ұлттық мәдени кодқа негізделген виртуалды ЖИ жүйесі арқылы тіл үйренушілердің

коммуникативтік және икемді дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауға бағытталған.

Цифрлық оқыту контекстінде материалды жеткізу және қолдану логикасы да қайта құрылуда. Қазақ тілін үйрету тәжірибесіне қатысты еңбектерде онлайн\офлайн форматтар, ашық білім беру платформалары мен мобильді қосымшалар тіл үйретудің негізгі арналарына айналғаны айтылады, ал мобильді құрылғылардың контент, карточка, ресурстарды жүктеп алып, кез келген ыңғайлы жерде үйренуге мүмкіндік беруі тіл үйренушінің уақытын тиімді пайдалануына ықпал ететіні көрсетіледі [8]. Сонымен бірге, мобильді оқыту әдіснамасында үздіксіздік пен бейімделу, дербестік, контексттілік, қолжетімділік, уақытты тиімді басқару сияқты қағидаттар ұсынылады. Бұл қағидаттар болашақта ЖИ жүйесіне кіріктірілетін оқу материалдарын (микросценарий, қысқа диалог, жедел кері байланыс үлгісі) жобалауда дидактикалық негіз ретінде алынады. Сонымен қатар ұсынылатын материалдардың ғылыми дәлдігі үшін бағалау өлшемдері алдын ала айқындалуы қажет. Мысалы, айтылым субтесті тілдік тестілеудің күрделі формасы ретінде сипатталып, ол тек тілдік білімді ғана емес, коммуникативтік құзыреттілікті, ойды жүйелі жеткізу, сөйлеу мәдениеті мен прагматикалық мүмкіндіктерді қамтитыны көрсетіледі [9]. Сондықтан да зерттеуде негізгі назар жүйеге енгізілетін A2-B1 деңгейлеріне сай сараланған ұлттық-мәдени кодқа негізделген тапсырмалар кешенін ғылыми талаптармен негіздеу мен талдауға аударылады.

Ұсынылған модель кейін оқу құралына арналған көп тақырыпты контенті (A2-B1) құрастыруға және оны виртуалды ЖИ ортасына бейімдеуге бағытталған әмбебап негіз ретінде қолданылады. Мақалада аталған модельдің іске асу үлгісі ретінде «Денсаулық» тақырыбы таңдалып, ұлттық-мәдени код-прагматика-икемді дағды байланысы деңгейлік саралау арқылы көрсетіледі. Зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің «AP26100757 «Генеративті жасанды интеллект қолданбасы арқылы тіл үйренушілердің икемді дағдыларын (Soft skills) дамыта отырып қазақ тілін деңгейлеп үйрететін IT әзірлемелер мен бағдарламалар кешенін даярлау» атты жобасы аясында жүргізілді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеу «виртуалды ЖИ жүйесін әзірлеу» емес, сол жүйеге кіріктірілетін оқу-әдістемелік контентті (сценарийлер, тапсырмалар, бағалау рубрикасы және ЖИ-ға арналған диалогтық спецификация) ғылыми негізде әдістемелік талаптарға сәйкестендіруге және жобалауға бағытталған.

Оқу-әдістемелік контенттің кезеңдік жобалау-тексеру-нақтылау қағидасын ұйымдастыру үшін дизайн-негізді (Design-Based Research DBR) зерттеу логикасы басшылыққа алынды [10]. Яғни, DBR логикасы «өнім» ретінде қарастыралатын оқу-әдістемелік контентті: 1) теориялық-ұғымдық негізді анықтау; 2) ұлттық-мәдени кодқа сүйенген контентті жобалау; 3) A2-B1 деңгейлеріне сәйкес саралау және тапсырма типологиясын құрастыру; 4) сараптамалық верификация және пилоттық апробация арқылы материалды нақтылаудан тұрады. Аталған әдіснамалар контентті «тілдік форма» деңгейінде емес, «мәдени-прагматикалық мәнмәтіндегі қатысымдық әрекет» деңгейінде жобалауға мүмкіндік берді.

Материалдарды іріктеу мен зерттеу 5 кезең бойынша жүзеге асырылды:

Бірінше кезеңде оқу үдерісінде қолдануға болатын нақты дидактикалық бірліктерді (этикет формулалары, прагматикалық стратегиялар, сөйлеу үлгілері, мәдени ұғымды түсіндіруге бағытталған мазмұн) және әр мәдени кодтың коммуникативтік қызметтер (сыпайылық таныту, өтініш айту, келісу\қарсылық білдіру, жанжалдың алдын-алу) айқындалып, оларды сценарий құрастыруға қажетті материалдар ретінде сипаттау үшін «ұлттық-мәдени код» ұғымы (қазақ мәдениетіне тән әрі қазақ лингвистикасында зерттелген ұлттық кодтар) концептуалды талдау арқылы жіктелді. Тілдік бірліктер оқу тапсырмаларын құрастыруға негіз болатын қолданбалы бірліктердің негізін құрайды.

Екінші кезеңде әр тапсырмаға «икемді дағды мақсаты» элементін міндетті түрде енгізуге және тапсырманың бағалау-рефлексия бөлігін құрастыруға негіз болатын түрлі

мәдени кодтар икемді дағды көрсеткіштерімен матрицалық сәйкестендіру тәсілі арқылы сәйкестендірілді. Әр мәдени кодтың тілдік қатысым барысында көрінетін икемді дағды көрсеткіштері белгіленді: мысалы, этикет коды коммуникация мәдениеті мен эмпатияға; ынтымақ коды бірлескен шешім қабылдау мен келіссөз дағдысына; жауапкершілік коды жоспарлау мен уәде беру мәдениетіне; лауазымдық қатынас, әлеуметтік бейімделу мен өзін-өзі басқаруға сәйкес келетін көрсеткіштер ретінде алынады.

Үшінші кезеңде тапсырма типологиясы құрастырылды. Контенттің бірізділігін және кейін виртуалды ортаға бейімдеу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында инструкциялық дизайн қағидалары негізінде тапсырмалар ортақ құрылыммен (контекст→ тілдік тірек→ жағдаяттық тапсырма→ кері байланыс→ бағалау) жобаланды. Типологиялық модельдеу арқылы алты әмбебап тапсырма түрі алынды: 1) формула таңдау\сәйкестендіру; 2) диалогты толықтыру); 3) рөлдік ойын; 4) медиация\мәдени түсіндіру; 5) сөйлеу мәнері мен сыпайылық деңгейін реттеу; 6) кейс және келіссөз. Мұндай тапсырмалар контенттің «әдіснамалық негізін» қалыптастырып, ұлттық мәдени кодтарға байланысты тапсырмалардың құрылымын дұрыс жүйелеуге және алдағы уақытта өзгеріс енгізуге мүмкіндік береді.

Төртінші кезеңде контент A2-B1 деңгейлері бойынша сараланды. Мұнда CEFR деңгейлік талаптарына сай әр тапсырманың тілдік күрделілігі, прагматикалық талаптары және әрекеттік мақсаты тілдік деңгейге сәйкес реттелді. A2 деңгейі үшін жоғары құрылымдалған тапсырмалар (қысқа диалог, дайын оралымдар, нақты әрекет, қадамдық тірек) ұсынылса, B1 деңгейінде дәлелдеу, салыстыру, келіссөз жүргізу, мәдени норманы түсіндіру сияқты прагматикалық тұрғыдан әрекеттер енгізілді. Сонымен қатар оқытуды сатылай қолдау (scaffolding) қағидасы арқылы А деңгейіне тән қатысымдық әрекеттер мен тірек элементтері (сөздік минимум, үлгі құрылым, нұсқаулық) күшейтіліп, B1 деңгейінде еркін жауап, таңдау, дәлелдеу мүмкіндігі ескерілді.

Бесінші кезең. Виртуалды ЖИ ортасына кіріктіруге дайын құрылым дайындау. ЖИ жүйесі бұл зерттеу аясында жасалмағанымен, дизайнды құрастыру және сценарийлік модельдеу әдістері арқылы әр сценарийдің болжамды диалог құрылымы, үйренуші жауаптарының типтік варианттары және кері байланыс логикасы алдын ала жоспарланды. Кері байланыс екі қалыпта қарастырылды. Бірінші тілдік түзету (лексика-грамматикалық қате, сөйлем құрау, байланыстыру құралдары), екінші мәдени-прагматикалық балама (сыпайылық деңгейі, контекстке лайық формула, келіспеушіліктің алдын-алу стратегиясы). Аталған құрылым кейін цифрлық жүйені іске асыру кезеңінде (толықтырулармен) контенттің әдістемелік бірізділігін сақтауға және «виртуалды тьютор» әрекетін стандарттауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда контентті жобалау процедурасы DBR әдіснамасы шеңберінде концептуал талдау-бейімдеу, инструкциялық дизайн және типологиялық модельдеу, CEFR негізіндегі деңгейлік саралау, дизайн қалыптастыру және сценарийлік модельдеу сияқты әдістер жиынтығы арқылы іске асырылды. Нәтижесінде ұлттық мәдени кодқа негізделген, икемді дағды көрсеткіштерімен байланыстырылған және A2-B1 деңгейіне сараланған тапсырмалар кешенін құрастырудың ғылыми-әдістемелік механизмі жасақталды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ тілін үйретуде «ұлттық-мәдени код-прагматика-икемді дағды» байланысын деңгейлік саралау арқылы нақты тапсырмалар жинағы мен ЖИ жүйесінің контенттін жобалау үшін (Денсаулық» тақырыбы үлгі ретінде талданады. Талдауда тапсырмалар «үш қабатты дизайн» қағидасымен сипатталады: 1) CEFR деңгейлік сипаттамаларына сай тілдік-әрекеттік нәтиже; 2) ұлттық-мәдени кодқа негізделген мазмұн (мақал-мәтел, тұрақты тіркес, көп мағыналылық және прагматикалық нормалар); 3) икемді дағды көрсеткіштерін бағалауға мүмкіндік беретін рефлексия және рубрикалық өлшемдер.

Денсаулық қазақ дүниетанымында физиологиялық күй ғана емес, құндылық ретінде танылатын мәдени ұғым. Мұны мақал-мәтелдер дәлелдейді:

«*Денсаулық – зор бойлық; Ақшаны оңай табарсың, Саулықты қайдан аларсың?!*» – саулықтың орны толмас байлық екенін бекітеді;

«*Аурудың жақсысы жоқ, Дәрінің тәттісі жоқ*» – емделудің қажеттігін, тәртіп пен төзімділікті танытады;

«*Ауруын жасырған өледі*» – адалдық пен жауапкершілікті күшейтіп, ауру белгісін дер кезінде айту мәдениетін талап етеді;

«*Ауру астан...*» – ем-шара және себеп-салдарын ойлауына жетелейді.

Осы паремиологиялық бірліктер денсаулық контекстінде бірнеше ұлттық кодты іске қосады: саулық құндылығы, адалдық\жауапкершілік, мейірім\қайырымдылық, ұят\арды бейтарап медиациялау, даналық\тәжірибе. Бұл кодтар икемді дағдылармен (жоспарлау, өзін-өзі реттеу, эмпатия, келіссөз, сыни ойлау, мәдениетаралық түсіндіру) матрицалық сәйкестендіру арқылы байланыстырылып, тапсырмалардың мақсат қою логикасын айқындайды.

Мақал-мәтелді деңгейге сай меңгертудің (A2-B1) принципі.

Мақал-мәтелдің оқу үдерісіндегі қызметі деңгей байынша күрделенеді:

A2 деңгейінде мақал-мәтел «түсіну-қолдану» форматында іске асады: үйренуші мақалдың жалпы мағынасын түсінеді және оны қысқа сөйлеммен өмірлік әрекетке байланыстырады (дәрігерге бару, алдын алу).

B1 деңгейінде мақал-мәтел «түсіндіру-дәлелдеу-медиация» деңгейінде өтеді: үйренуші мақал идеясын ашып, кейс бойынша шешім қабылдауды дәлелдейді (қажет болса шетелдікке мәдени түсіндіріледі). Мұнда мақал-мәтел көркем компонент қана емес, прагматикалық бағдар әрі икемді дағдыны іске асыратын мазмұндық жүйе ретінде қолданылады.

Көп мағыналы сөздерге назар аударту арқылы прагматикалық дәлдік қалыптастырылады. Кез келген тақырып аясында тілдік дәлдік үшін көп мағыналылықты ескеру маңызды. Мысалы, «тамақ» сөзі: тамақ – ас\тағам; жұтқыншақ. Сөздердің жағдаяттық қолданысын ашып көрсету. Тамағың суып қалды. Тамағым ауырып тұр. Мұндай түсіндірме мен талдау тіл үйренушің қызығушылығын арттырады. Көп мағыналылықты меңгерту тек тілдік құзыреттілікке емес, сыни ойлау (контексттік талдау), дәл коммуникация, әлеуметтік жағдаятқа бейімделу дағдыларына қызмет етеді. A2-де бұл айырма контекстке сүйенген сәйкестендіру арқылы меңгеріледі (емхана-дастархан). B1-де «қате қолданысты түзету», «нақты сұрақ қою» сияқты коммуникацияны бақылау стратегиялары енгізіледі.

Тұрақты тіркестердің прагматикалық қызметі. B1 деңгейінде денсаулық туралы сөйлесімді өрбіту үшін тұрақты тіркестер қолданылады. Мысалы, ас батпайды (ауырғаннан тамақ іші алмау; көңіл-күйі болмағандықтан ішпеу; тамақты ұнатпау). Ауырғаннан ас батпайды деп айту, ауру белгісін мәдени тұрғыдан ұлттық болмысқа сай жеткізуге көмектеседі және «дәрігерге нақты айту» (адалдық\жауапкершілік коды) талабын күшейтеді. A2-де мұндай тіркестерді тура баламасында беріп (тәбетім жоқ), B1-де фразеологизмді прагматикалық контексте қолдану орынды болмақ.

Кесте 1 – «Денсаулық» тақырыбының ұлттық код – A2-B1 – икемді дағды сәйкестігі

Ұлттық-мәдени код	**Денсаулықтың мәні**	**A2 деңгейіндегі оқу әрекеті**	**B1 деңгейіндегі оқу әрекеті**	**Икемді дағды**
Саулық құндылығы	Денсаулық – ең басты байлық	Алдын алу әрекеттерін атау	Алдын алу жоспарын дәлелдеу	Жоспарлау, өзін-өзі күту
Адалдық\ жауапкершілік	Ауру белгілерін жасырмай айту, емді дұрыс қабылдау	Дәрігерге барамын \ дәрі ішемін уәдесі	Кейс арқылы шешім қабылдау, дәлелдеу	Жауапкершілік, шешім қабылдау

Мейірім\ қайырымдылық	Көңіл сұрау, қолдау көрсету	Қолдау формалары, қысқа диалог	Байыппен түсіндіру,	Эмпатия, эмоционалды интеллект
Ұят\ар	Жеке мәселені айтуға ыңғайсыздану	Сыпайы сұрау, жауап формасы	Ұялу факторын түсіндіру, мәдени медиация	Өзін-өзі реттеу, әлеуметтік бейімделу
Даналық\ тәжірибе	Дұрыс кеңес пен шешім	Қарапайым кеңес формалары	Нұсқаларды салыстыру, дәлелмен ұсыну	Сыни ойлау, ақпараттық сауаттылық

Кесте 2 – Мақал-мәтелдерді А2-В1 деңгейінде қолдану үлгісі

Мақал-мәтел	**Ұлттық-мәдени код**	**А2-де түсіну\ қолдану**	**В1-де (түсіндіру, дәлелдеу, медиация)**	**Икемді дағды**
Ақшаны оңай табарсың, Денсаулықты қайдан аларсың?	Саулық құндылығы	2 сөйлеммен қолдану	5 қадамдық алдын-алу жоспары	Жоспарлау, өзін-өзі бағалау
Аурудың жақсысы жоқ, Дәрінің тәттісі жоқ	Тәртіп\ төзім	Дәріні ішемін әрекеті	Емді дұрыс қабылдауды дәлелдеу	Табандылық\ жауапкершілік
Ауруын жасырған өледі	Адалдық\ жауапкершілік	Дәрігерге айтамын	Кейс: «Ұят» факторын медиациялау, шешім	Сыни ойлау, жауапкершілік
Ауру астан	Ем-шара	Дұрыс тамақтанамын	Себеп-салдарын талдау	Сыни ойлау, шешім

Кесте 3 – Көп мағыналы және тұрақты бірліктердің қолданыс аясы контекст – деңгей – дағды

Тілдік бірлік	**Мағына**	**Дұрыс контекст**	**А2 тапсырма**	**В1 тапсырма**	**Икемді дағды**
Тамақ	Ас\тағам жұтқыншақ	Дастархан Емхана	сәйкестендіру	Нақтылау сұрағы+ қатені түзету	Сыни ойлау, коммуникация
Тамағың суып қалды	Тамақ суыды	Ас ішу	Қай жерде айтылады?	Сөйлеуде дұрыс қолдану	Контекст, сезіну
Тамағым ауырып тұр	Жұтқыншақтың ауыруы	Емхана	Диалогты толықтыру	Симптомды	Дәл айту
Ас батпайды	Тәбеттің болмауы	Ауырған\ күйзеліс	«тәбетім жоқ» баламасы	Ауру белгісін тұрақты тіркеспен жеткізу	Өзін-өзі бақылау

Кесте 4 – А2-В1 деңгейінің үлгі тапсырмалары

А2 деңгейі			
Тапсырма түрі	**Тапсырма**	**Ұлттық код**	**Икемді дағды**
Сәйкестендіру	Емхана\дастархан контекстіндегі «тамақ» сөзі	Дұрыс сөйлеу мәдениеті	Коммуникация
Диалогты толықтыру немесе жалғастыру	Дәрігер-науқас	Адалдық	Жауапкершілік
Рөлдік ойын	Көңіл сұрау, қолдау білдіру	Мейірім	Эмпатия
В1 деңгейі			
Кейс\келіссөз	«Ауруын жасырған ...» бойынша шешім	Адалдық+ар\ұят	Сыни ойлау, шешім
Медиация	Мақал мағынасын өзге ұлт өкіліне түсіндіру	Даналық, тәжірибе	Мәдениетаралық коммуникация
Сөйлеу мәнері мен сыпайылық деңгейін реттеу	Дәрігерлік кеңесті сыпайы түрде, жұмсартып қайта жазу	Әдеп \ мейірім	Эмоциялық интеллект
Ауру белгілерін анықтау	Ас батпайды, басым айналады, «қызуым көтерілді, ұйықтай алмаймын	Дәлдік жауапкершілік	Нақтылық

Ұсынылған үлгі «ұлттық-мәдени код» ұғымын тек мәдени ақпарат емес, қатысымдық әрекетті реттейтін прагматикалық құрал ретінде қарастырудың тиімділігін көрсетеді. Денсаулық тақырыбы бойынша мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді деңгейге сай ұсыну арқылы үйренуші тілдік бірлікті тек жаттап қоймай, оны әлеуметтік жағдаятта дұрыс қолдануға машықтанады. Бұл тәсіл икемді дағдыларды тілдік әрекеттің ішкі нәтижесіне айналдырады. А2-де қолдау көрсету, жауапкершілікке бағытталған қарапайым қолданыстар; В1-де дәлелдеу, келіссөз, мәдени түсіндіру, өзін-өзі бақылау мен бағалау сияқты күрделі әрекеттер жүзеге асады. Көп мағыналықтың жүйелі енгізілуі тіл үйренушінің прагматикалық дәлдігін арттырумен қатар, контекстке сүйене отырып, ойлану, нақтылау, ұлттық болмысқа сай әрекет ету сияқты дағдыларды дамытады. Бұл жоспарланған ЖИ жүйесінде кері байланысты (тілдік+мәдени прагматикалық) беру идеясымен толық сәйкес келеді.

Бұл кезеңде виртуалды ЖИ жүйесі әзірленбей, контенттің жобалық-әдістемелік құрылым ұсынылады. Дегенмен жасалған диалогтық спецификация мен тапсырма типологиясы кейін цифрлық іске асыруда контентің бірізділігін сақтауға мүмкіндік береді. Алдағы уақытты осы негіз бойынша оқу құралына арналған әртүрлі тақырыптар (уақыт, білім, еңбек, отбасы т.б.) А2-В1 деңгейлеріне сәйкес кеңейтіліп, виртуалды ЖИ жүйесіне кезең-кезеңімен кіріктіріледі; эмпирикалық тексеріс барысында тапсырмалардың тиімділігі мен кері байланыстың сапасы нақты оқу деректерімен дәлелденеді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері виртуалды ЖИ жүйесіне кіріктірілетін оқу-әдістемелік контентті ғылыми негізде жобалау бойынша алынған әдістемелік өнімдер жиынтығы ретінде сипатталды. Дизайн-негізді зерттеу (DBR) логикасына сай контент жобалау мәдени кодқа негізделген және А2-В1 деңгейлеріне сараланған тапсырмалар кешенін құрастырудың бірізді механизмі қалыптастырылды.

Концептуалды талдау нәтижесінде «ұлттық-мәдени код» оқу үдерісінде пайдалануға болатын дидактикалық бірліктерге бөлініп, олардың қолданбалы жіктемесі қамтылды. Әр кодтың коммуникативтік қызметі (сыпайылық таныту, өтініш айту, келіспеу\ келісу, жанжалдың алдын-алу, мәдени контекстті түсіндіру) нақтыланып, тапсырма сценарийлерін құрастыруға негіз болатын қолданбалы мазмұн жүйеленді.

Тапсырмалар кешенін біріздендіретін әмбебап типология және контент спецификациясы қалыптастырылды. Инструкциялық дизайн қағидалары негізінде тапсырмалардың ортақ құрылым айқындалды: контекст – тілдік тірек – жағдаяттық тапсырма – кері байланыс – бағалау. Типологиялық модельдеу нәтижесінде алты тапсырма іріктелді: сәйкестендіру; диалогты толықтыру, рөлдік ойын, медиация\мәдени түсіндіру, сөйлеу мәнері мен сыпайылық деңгейін реттеу; кейс және келіссөз. Мұндай топтастыру контентті кейін түрлі тақырыптар бойынша кеңейтуге және виртуалды ортаға бейімдеуге мүмкіндік беретін әдістемелік үлгі қызметін атқарады.

CEFR деңгейлік сипаттамаларына сүйенген A2-B1 деңгейлік саралау жүзеге асырылды. A2 деңгейіне базалық әлеуметтік қатысымды қамтамасыз етуге бағытталған жоғары құрылымды тапсырмалар (қысқа диалог, дайын оралымдар, қадамдық тірек) басымдыққа ие болды. B1 деңгейінде дәлелдеу, салыстыру, келіссөз, мәдени нормаларды түсіндіру сияқты прагматикалық тұрғыдан күрделірек әрекеттер енгізілді. Сонымен қатар сатылай қолдау қағидасы арқылы A2 деңгейінде тірек элементтері күшейтіліп, B1-де еркін жауап пен таңдауға негізделген әрекеттік күрделену қамтамасыз етілді.

Үлгі-кейс ретінде «Денсаулық» тақырыбы бойынша деңгейлік модель талданды. Тіл үйретудің A2-B1 деңгейлеріне сай ұлттық-мәдени код-прагматика-дағды байланысы алынды. A2-де мақал-мәтелдер мен қолдану формулалары «түсіну-қолдану» форматына берілсе, B1-де «түсіндіру-дәлелдеу-медиация» әрекеттері күшейтілді. Сонымен бірге әр тақырыпқа сай қолданылатын лексикалық бірліктердің көп мағыналылығына назар аударудың басымдығы да қамтылды. Сөздердің көп мағыналылығына назар аудару прагматикалық дәлдікпен қатар сыни ойлау, жауапкершілік, эмпатия, өзін-өзі басқару сияқты көрсеткіштерді әрекеттік түрде іске асыруға ықпал ететіндігі көрсетілді.

Виртуалды ЖИ ортасына кіріктіруге дайын диалогтық спецификация және екі қабатты кері байланыс логикасы сипатталды. Жобаның цифрлық іске асыру барысында контент бірізділігін сақтау мен «виртуалды тьютор» әрекетін стандарттауға әдістемелік негіз болатын кері байланыстың екі қабаты жүзеге асырылады.

Қорытынды. Зерттеудің өзектілігі қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдаятпен тікелей байланысты. Қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейгенімен, күнделікті және кәсіби коммуникацияда қазақ тілін еркін әрі прагматикалық тұрғыдан дәл қолдану, ұлттық-мәдени нормаларды (сыпайылық, мәдени контекст, әуезділік) сезіну, көп мағыналы бірліктер мен тұрақты тіркестерді контекстке сай қолдану сияқты қиындықтар сақталып отыр. Әсіресе өзге тілді аудиторияда тілді меңгеру «таза грамматика» деңгейінде қалып, нақты қатысымдық әрекетте іске аспауы – өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық-мәдени кодқа негізделген, A2-B1 деңгейлеріне сай сараланған тапсырмалар кешенін жүйелі түрде әзірлеу және виртуалды ЖИ ортасына бейімдеу қазақ тілін тиімді меңгертудің тетігі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері қазіргі цифрлық лингводидактикада қазақ тілін оқыту тек тілдік нормаларды меңгертумен шектелмей, тұлғаның мәдени-прагматикалық және икемді дағдысын кешенді дамытуға бағытталуы тиіс екендігін көрсетті. Ұлттық мәдени кодқа негізделген виртуалды ЖИ жүйесінің контентін жобалау – тіл үйрету әдістемесін жаңа сапалық деңгейге көтеретін стартегиялық қадам. Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар келесі ғылыми-прагматикалық маңыздылыққа ие:

1. Әдістемелік жаңалық. Мақалада ұлттық-мәдени код жай ғана танымдық ақпарат емес, виртуалды ортадағы қатысымдық әрекетті реттейтін прагматикалық алгоритм ретінде анықталды. «Денсаулық» тақырыбы аясындағы мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді деңгейлік саралау (A2-B1) арқылы тілдік бірліктерді икемді дағдылармен (эмпатия, жауапкершілік, сыни ойлау) матрицалық сәйкестендіру моделі жасалды.

2. Технологиялық трансформация: ЖИ жүйесінің рөлі тек автоматты тапсырма берумен шектелмей, үйренушінің мәдени қателіктерін тануға қабілетті «виртуалды мәдени тьютор» қызметіне ауысты. Біз ұсынған «екі қабатты кері байланыс» «лингвистикалық түзету мен мәдени-прагматикалық балама ұсыну) логикасы ЖИ жүйесіне тіл үйренушінің

коммуникативтік стратегияларын түзетуге және оның мәдени интеллектін дамытуға мүмкіндік береді.

3. Перспективалық маңызы. Ұсынылып отырған концептуалды модель Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің «AP26100757 «Генеративті жасанды интеллект қолданбасы арқылы тіл үйренушілердің икемді дағдыларын (Soft skills) дамыта отырып қазақ тілін деңгейлеп үйрететін IT әзірлемелер мен бағдарламалар кешенін даярлау» атты жоба аясының IT әзірлемелердің әдістемелік өзегі болып табылады. Ол оқу құралына арналған көп тақырыпты контентті (уақыт, білім, табиғат, экология, еңбек және т.б.) біріздендіріп дайындауға және оны виртуалды ЖИ жүйесіне кезең-кезеңімен кіріктіруге негіз болады деп жоспарлануда. Болашақта эмпирикалық апробация барысында тапсырмалардың тиімділігі, екі қабатты кері байланыстың сапасы және икемді дағды көрсеткіштерінің көрініс нақты оқу деректерімен дәлелденіп, қазақ тілін меңгерудегі прагматикалық және мәдени кедергілерді жүйелі түрде азайтуға ықпал етеді деп күтілуде.

Қорытындылай келгенде, ұлттық код пен жасанды интеллектің синтезі қазақ тілін меңгерудегі мәдени кедергілерді жоюға және бәсекеге қабілетті, эмоционалды интеллекті жоғары маман қалыптастыруға тікелей ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Shadiev R., Wang X. A review of research on technology-supported language learning and 21st century skills //Frontiers in Psychology. – 2022. – T. 13. DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.897689.
2. Poláková M. et al. Soft skills and their importance in the labour market under the conditions of Industry 5.0 //Heliyon. – 2023. – T. 9. – №. 8. URL: https://www.cell.com/action/showPdf?pii=S2405-8440%2823%2905878-4
3. Pikhart M. Intelligent information processing for language education: The use of artificial intelligence in language learning apps // Procedia Computer Science. – 2020. DOI: https://doi.org/10.1016/j.procs.2020.09.151
4. Zhai C., Wibowo S. A systematic review on artificial intelligence dialogue systems for enhancing English as foreign language students' interactional competence in the university // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2023. – T. 4. – C. 100134. DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeai.2023.100134
5. Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. Companion volume. – Strasbourg: Council of Europe, 2020. URL: https://rm.coe.int/cefr-companion-volume-with-new-descriptors-2018/1680787989
6. Byram M. Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence. – Clevedon: Multilingual Matters, 1997. – 124 p.
7. Kramsch C. Context and Culture in Language Teaching. – Oxford: Oxford University Press, 1993. – 295 p.
8. Karakaya K., Bozkurt A. Mobile-assisted language learning (MALL) research trends and patterns through bibliometric analysis: Empowering language learners through ubiquitous educational technologies // System. – 2022. – T. 110.
9. Күзекова Ж., Демесинова Ж.. Айтылым субтестілерінің құрылымы мен бағалау жүйесі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №. 3. – Б. 217-227.
10. Design-Based Research Collective. Design-based research: An emerging paradigm for educational inquiry // Educational Researcher. – 2003. – Vol. 32, No. 1. – P. 5–8. DOI: https://doi.org/10.3102/0013189X032001005

К.С. ТЕЛГОЖАЕВА
Алматинский университет энергетики и связи имени Г.Даукеева, Алматы, Казахстан
С.А.ОДАНОВА
Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева, Алматы, Казахстан
М. К. ЖАЙЛАУБАЕВА
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

ВИРТУАЛЬНАЯ СИСТЕМА ИИ НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОГО КОДА: ФОРМИРОВАНИЕ ГИБКИХ НАВЫКОВ (SOFT SKILLS) У ИЗУЧАЮЩИХ ЯЗЫК

Аннотация. В статье рассматриваются принципы проектирования учебно-методического контента, предназначенного для последующей интеграции в виртуальную систему искусственного интеллекта (ИИ) на основе национального культурного кода. Объектом исследования выступает не сама ИИ-система, а контентная модель, готовая к внедрению в цифровую среду (сценарии на основе национально-культурных кодов, банк заданий, оценочная рубрика и диалоговая спецификация). Проектирование контента организовано в логике Design-Based Research (DBR) поэтапно (проектирование-проверка-уточнение). Национально-культурные коды операционализированы в виде дидактических единиц и описаны по их коммуникативным функциям; проведено матричное соотнесение кодов с индикаторами гибкие навыки; разработаны типология заданий и спецификация контента; выполнена уровневая дифференциация A2-B1 на основе CEFR. В качестве кейса проанализирована тема «Здоровье», где показана уровневая интеграция пословиц, фразеологизмов и многозначности, а также уточнена связь «культурный код – прагматика – гибкие навыки». Практическая значимость работы заключается в предложении структуры контента для «виртуального тьютора» с двухслойной обратной связью (языковая коррекция + культурно-прагматическая альтернатива). В дальнейшем предполагается расширение модели по темам и эмпирическая апробация эффективности.

Ключевые слова: гибкие навыки, коммуникация, искусственный интеллект, уровневое обучение, критическое мышление, говорение, письмо, чтение, аудирование.

K.S. TELGOZHAYEVA
G.Daukeev Almaty University of Power Engineering and Telecommunications, Almaty, Kazakhstan
S.A. ODANOVA
K.Satpaev Kazakh National Technical University, Almaty, Kazakhstan
M.K. ZHAILAUBAYEVA
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

VIRTUAL AI SYSTEM BASED ON THE NATIONAL CULTURAL CODE: FORMING SOFT SKILLS COMPETENCE IN LANGUAGE LEARNERS

Annotation. This paper discusses principles for designing instructional content intended for future integration into a virtual AI-assisted learning environment grounded in national cultural codes. The focus is not on building the AI system itself, but on developing a content model ready for digital implementation (culturally coded scenarios, a task bank, an assessment rubric, and dialog specifications). The design process follows a Design-Based Research (DBR) framework through iterative cycles of design–review–refinement. National cultural codes are operationalized into teachable units and described via their communicative functions; the codes are mapped to soft-skills indicators using a matrix approach; a task typology and content specification are developed; and CEFR-based A2–B1 level alignment is applied. A “Health” topic case study demonstrates level-appropriate integration of proverbs, idioms, and lexical polysemy, clarifying the link between cultural codes, pragmatics, and

soft skills development. The study contributes a structured content blueprint for a "virtual tutor" with two-layer feedback (linguistic correction plus cultural-pragmatic alternatives). Further work is expected to extend the model to additional topics and validate effectiveness through empirical piloting.

Keywords: soft skills, communication, artificial intelligence, level-based instruction, critical thinking, speaking, writing, reading, listening.

References

1. Shadiev R., Wang X. A review of research on technology-supported language learning and 21st century skills //Frontiers in Psychology. – 2022. – T. 13. DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.897689.
2. Poláková M. et al. Soft skills and their importance in the labour market under the conditions of Industry 5.0 //Heliyon. – 2023. – T. 9. – №. 8. URL: https://www.cell.com/action/showPdf?pii=S2405-8440%2823%2905878-4
3. Pikhart M. Intelligent information processing for language education: The use of artificial intelligence in language learning apps // Procedia Computer Science. – 2020. https://doi.org/10.1016/j.procs.2020.09.151
4. Zhai C., Wibowo S. A systematic review on artificial intelligence dialogue systems for enhancing English as foreign language students' interactional competence in the university // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2023. – T. 4. – C. 100134. DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeai.2023.100134
5. Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. Companion volume. – Strasbourg: Council of Europe, 2020. URL: https://rm.coe.int/cefr-companion-volume-with-new-descriptors-2018/1680787989
6. Byram M. Teaching and Assessing Intercultural Communicative Competence. – Clevedon: Multilingual Matters, 1997. – 124 p.
7. Kramsch C. Context and Culture in Language Teaching. – Oxford: Oxford University Press, 1993. – 295 p.
8. Karakaya K., Bozkurt A. Mobile-assisted language learning (MALL) research trends and patterns through bibliometric analysis: Empowering language learners through ubiquitous educational technologies //System. – 2022. – T. 110.
9. Kuzembekova Zh., Demessinova Zh. Aitylym subtestileriniň qūrylymy men bağalau jüiesi // Euraziia gumanytarlyq institýtynyñ Habarshysy. Filologïia seriiasy. – 2025. – №. 3. – B. 217-227.
10. Design-Based Research Collective. Design-based research: An emerging paradigm for educational inquiry // Educational Researcher. – 2003. – Vol. 32, No. 1. – P. 5–8. DOI: https://doi.org/10.3102/0013189X032001005

Авторлар туралы мәлімет:

Телгожаева Құралай Сағымбекқызы – аударма ісі магистрі, Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Телгожаева Куралай Сагымбековна – магистр переводческого дела, старший преподаватель Алматинского университета энергетики и связи имени Г.Даукеева, Алматы, Казахстан.

Telgozhayeva Kuralay Sagymbekovna – Master of Translation Studies, senior lecturer of Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after G.Daukeev, Almaty, Kazakhstan.

Оданова Сағира Амангелдіқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Оданова Сагира Амангельдиевна – кандидат филологических наук, профессор Казахского национального технического университета имени К. Сатпаева, Алматы, Казахстан.

Odanova Sagira Amangeldievna – Candidate of philological sciences, professor of the Kazakh National Technical University named after K. Satpaev, Almaty, Kazakhstan.

Жайлаубаева Мархабат Қонысбайқызы – Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Жайлаубаева Мархабат Конысбаевна – докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Zhailaubayeva Markhaba Konysbaevna – doctoral student Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

ҒТАМР 16.21.07
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-1.33

Н.Б. ТОҒЫЗБАЙ[1]
Г.С. ЕРСҰЛТАНОВА[2]
***Н.Н. ЖУМАХАНОВА**[3]
«Ұлттық тестілеу орталығы» Астана, Қазақстан[1,2,3]
(e-mail: nurgul.9bai@gmail.com[1], ersultanovagulnur@gmail.com[2],
8533467@mail.ru[3])

ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАЗЫЛЫМ МЕН АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада ҚАЗТЕСТ жүйесі аясында жазылым және айтылым дағдыларын бағалаудың әдіснамалық негіздері мен ерекшеліктері қарастырылады. Жұмыстың мақсаты – жазылым мен айтылым көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтарды анықтау және оларды аймақтық тұрғыдан талдау. Талдау барысында аралас (сандық және сапалық) әдістер қолданылып, тестілеу нәтижелері негізінде деректер сараланды. Нәтижелер көрсеткендей, айтылым көрсеткішінен жазылым нәтижелері жоғары. Бұл айырмашылық тілдік ортаның ықпалы, диалектілік ерекшеліктер, жазылымның когнитивтік күрделілігі, әдістемелік жұмыстың жеткіліксіздігі және мәдени-коммуникативтік факторлармен түсіндіріледі. Сонымен қатар жазылымда орфографиялық және синтаксистік қателіктердің жиі кездесетіні анықталды. Жүргізілген талдау қорытындылары тілдік дағдыларды бағалауда аймақтық ерекшеліктерді ескеру қажеттігін көрсетеді. Жазылым мен айтылымды кіріктіре оқыту, жазба дағдыларды жүйелі дамыту және оқу үдерісін коммуникативтік бағытта жетілдіру ұсынылады. Мақала нәтижелері қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жетілдіруге және ҚАЗТЕСТ жүйесін ғылыми тұрғыдан дамытуға үлес қосады.
Түйін сөздер: ҚАЗТЕСТ, жазылым, айтылым, тілдік құзыреттілік, бағалау, талдау.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінде тілдік құзыреттілікті дамыту мен оны объективті бағалау мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Тілді меңгеру деңгейін анықтау – жеке тұлғаның коммуникативтік, мәдени және когнитивтік қабілеттерін кешенді бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіш. Заманауи педагогикалық парадигма бойынша тіл үйрету тек грамматикалық ережелер мен лексикалық бірліктерді меңгерумен шектелмей, сол білімді нақты өмірлік жағдаяттарда орынды әрі тиімді қолдана білу дағдысын қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыда ҚАЗТЕСТ тапсырмаларының мазмұны тілдік құзыреттіліктің барлық құрамдас бөліктерін қамтуға бағытталған. Жазылым мен айтылым тапсырмалары тестіленушінің ой-санасын, шығармашылық қабілетін, тілдік білімін нақты қолдану қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар, тапсырмалардың құрылымы когнитивтік, социолингвистикалық және мәдени аспектілерді ескере отырып жасалған, бұл әртүрлі контексттерде тілдік әрекет қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

ҚАЗТЕСТ жүйесінің ғылыми негізі тілдік білімді функционалды-коммуникативтік тұрғыдан бағалау тұжырымдамасына сүйенеді. Бұл бағыт тіл үйренушінің грамматикалық сауаттылығын ғана емес, сонымен қатар оның нақты әлеуметтік және мәдени жағдаяттарда

тілді орынды қолдану білігін кешенді түрде өлшеуге мүмкіндік береді [1, 2]. Мұндай тәсіл тілді меңгерудің сапалық деңгейін дәл бағалап, оны халықаралық тілдік стандарттармен (мысалы, CEFR – Common European Framework of Reference for Languages) салыстыруға жағдай жасайды.

Сондықтан тілдік құзыреттілікті өлшеу мен бағалауда ҚАЗТЕСТ жүйесін ғылыми тұрғыдан зерделеу – қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқытудың тиімділігін арттыру, бағалау үдерісін стандарттау және тіл үйретудің сапасын арттыру бағытындағы маңызды ғылыми-әдістемелік міндеттердің бірі болып табылады.

Тілді меңгеру деңгейін анықтау оның тек тілдік білімін емес, коммуникативтік әрекетте қолдану қабілетін де қамтиды. Қазақстанда бұл бағытта ҚАЗТЕСТ жүйесі маңызды рөл атқарады. Аталған жүйе тілдік дағдыларды кешенді бағалауға бағытталғанымен, жазылым мен айтылым нәтижелері арасында айырмашылықтардың байқалуы зерттеуді қажет етеді.

Осыған байланысты негізге мақсат – ҚАЗТЕСТ жүйесінде жазылым мен айтылым дағдыларын бағалаудың әдіснамалық негіздерін анықтау және аймақтық ерекшеліктерді талдау.

ҚАЗТЕСТ жүйесі тіл үйренушінің қазақ тілін меңгеру деңгейін халықаралық стандарттарға сәйкес айқындауға бағытталған және тілдік құзыреттіліктің барлық құрамдас бөліктерін – тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын кешенді түрде қамтып, тілдік білімнің функционалдық жағын анықтауға бағытталған.

– Тыңдалым бөлігі – диалогтар мен монологтарды тыңдау арқылы мәтінді түсіну дағдысын анықтауға арналған тест тапсырмалары.

– Оқылым бөлігі – әртүрлі мазмұндағы және стильдегі мәтіндерді оқып, түсіну дағдыларын анықтауға арналған тест тапсырмалары.

– Жазылым бөлігі – берілген сурет бойынша өз ойын жазбаша баяндау және берілген тақырыпқа эссе жазу.

– Айтылым бөлігі – әртүрлі тақырыптар бойынша қойылған сұрақтар мен тақырыптар бойынша өз пікірін сауатты жеткізу ұсынылады [3, 365 б].

Бұл дағдылардың ішіндегі жазылым мен айтылым тапсырмалары ашық тест тапсырмалары ретінде беріледі және тестіленушінің тілдік құзыреттілігін кең көлемде бағалауға бағытталады. Ашық тест тапсырмалары – бұл тестіленушіге дайын жауап нұсқалары ұсынылмайтын, еркін түрде өз ойын жазбаша немесе ауызша түрде білдіруді талап ететін тапсырма түрі. Ол көп таңдаулы тесттермен салыстырғанда тестіленушінің тілдік дағдыларын тереңірек бағалауға әсіресе, тілдік білімді практикалық тұрғыда қолдануға басымдық береді. Сонымен бірге, тапсырмалар арқылы тек лексика-грамматикалық білім ғана емес, ойды жүйелеу, дәлелдеу, пікір білдіру сияқты жоғары деңгейлі тілдік дағдылар бағаланады. Адамның тілдік қорын, логикалық ойлауын, пікірін дәлелдей алуын және тілдік жағдаятқа бейімделуін бағалауға мүмкіндік туады [4, 5].

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тілдік қатысым әрекетінің негізгі түрлері – тыңдалым, айтылым (сөйлесім), оқылым және жазылым дағдыларын дамыту мәселесі көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Бұл бағыттағы ғылыми зерттеулер тіл үйретудің коммуникативтік негізін қалыптастыруға және білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқыту теориясының негізін қалаған ғалымдардың бірі – профессор Ф.Оразбаева**.** Ғалымның зерттеулерінде тілдік қатынас адамның ойлау әрекетімен және әлеуметтік қарым-қатынасымен тығыз байланысты күрделі процесс ретінде қарастырылады. Оның еңбектерінде тіл үйрету барысында сөйлесім әрекетінің төрт түрін (тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым) кешенді түрде дамыту қажеттігі ғылыми тұрғыда дәлелденеді. Сонымен қатар зерттеуші сөйлесім әрекетінің тиімді қалыптасуы үшін коммуникативтік әдістер мен интерактивті тапсырмаларды қолданудың маңызын атап көрсетеді [6].

Сөйлесім дағдыларын дамыту мәселесі Э.Оразалиева**,** Ф.Оразбаева**,** А.Бөгенбаева және басқа зерттеушілердің еңбектерінде де қарастырылған. Аталған

ғалымдардың зерттеуінде студенттердің сөйлесім әрекетін дамытуда шығармашылық ойлау әдістерін қолдану тиімді екендігі дәлелденген. Зерттеу нәтижелері шығармашылық тапсырмалар студенттердің коммуникативтік қабілетін арттырып, тілдік материалды терең меңгеруге мүмкіндік беретінін көрсетеді [7].

Жазылым дағдыларын дамыту мәселесі де қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Жазылым – адамның ойын жүйелі, логикалық және сауатты түрде жазбаша жеткізу қабілеті. Зерттеулерде жазылым әрекеті мәтін құрастыру, эссе жазу, мәтінді редакциялау және құрылымдық ұйымдастыру сияқты бірнеше кезеңнен тұратыны көрсетілген.

Қазақ тілін оқыту барысында тілдік әрекеттерді өзара байланыста дамыту мәселесі де көптеген зерттеулерде қарастырылған. Мысалы, қазіргі әдістемелік зерттеулерде оқылым мен жазылым әрекеттерін интеграциялау арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға болатыны көрсетіледі. Мұндай тәсіл білім алушылардың мәтінді түсіну, талдау және өз ойын жазбаша түрде жеткізу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, отандық ғалымдардың еңбектерін талдау қазақ тілін оқытуда сөйлесім және жазылым дағдыларын дамыту мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелгенін көрсетеді. Атап айтқанда, Ф.Оразбаева, З.Күзекова, Н. Уәли, Б. Шалабай және басқа ғалымдардың еңбектерінде тілдік қатысым әрекеттерінің теориялық негіздері мен әдістемелік жолдары жан-жақты қарастырылған. Сондықтан қазіргі зерттеулерде аталған ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, сөйлесім және жазылым дағдыларын дамыту әдістерін жетілдіру маңызды болып табылады [8, 9, 10].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін тілдік құзыреттілікті бағалаудың коммуникативтік бағыты, Benjamin Bloom ұсынған танымдық таксономия [11] және Dell Hymes негіздеген коммуникативтік құзыреттілік теориясы құрайды [12]. Аталған теориялық тұжырымдар жазылым мен айтылым дағдыларын тек тілдік білім тұрғысынан ғана емес, когнитивтік, социолингвистикалық және психолингвистикалық қырларынан кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелерді саралау барысында аралас (mixed methods) әдіснама қолданылды, яғни сандық және сапалық талдау тәсілдері ұштастырылды. Сандық талдау тест нәтижелерін статистикалық өңдеуге бағытталса, сапалық талдау жазылым және айтылым тапсырмаларының мазмұнын, құрылымын және бағалау критерийлерін ғылыми тұрғыдан саралауға негізделді.

Талдау материалы ретінде 2025 жылы ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша өткізілген тестілеу нәтижелері алынды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ҚАЗТЕСТ тапсырушылар саны жыл сайын тұрақты түрде өсіп отыр. Егер алғашқы жылдары жүйеге қатысушылардың басым бөлігі мемлекеттік қызметкерлер болса, бүгінде оны жоғары оқу орындарының студенттері, оқытушылар, әскери қызметшілер және шетелдік азаматтар да тапсыруда.

Бұл үрдіс:

– мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызмет аясының кеңейгенін;
– тілді меңгеруді бағалаудың бірыңғай ұлттық стандарты қалыптасқанын;
– азаматтардың қазақ тілін меңгеруге деген ынтасы артып отырғанын көрсетеді [13].

Эмпирикалық деректер Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен, атап айтқанда Шымкент қаласы, Түркістан, Жамбыл және Қызылорда облыстары бойынша жиналған. Бұл өңірлер зерттеу нысаны ретінде кездейсоқ таңдалған жоқ. Біріншіден, аталған аймақтарда қазақ тілі табиғи тілдік орта ретінде кеңінен қолданылады, яғни ауызекі коммуникацияның үлесі жоғары. Екіншіден, осы өңірлерде ҚАЗТЕСТ тапсырушылар саны салыстырмалы түрде көп болғандықтан, деректердің репрезентативтілігі қамтамасыз етілді. Үшіншіден, алдын ала жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша аталған аймақтарда айтылым және жазылым көрсеткіштері арасында айырмашылық бар екендігі байқалған, бұл зерттеуді тереңдетуге негіз болды.

Саралау барысында жалпы саны бірнеше мың тестіленушінің нәтижелері қарастырылып, олардың жазылым және айтылым бойынша жинаған баллдары

салыстырмалы талдауға түсті. Сандық деректерді өңдеу барысында сипаттамалық статистика (орташа көрсеткіш, айырмашылық, пайыздық қатынас) қолданылды. Сонымен қатар аймақтық көрсеткіштерді салыстыру арқылы жазылым мен айтылым арасындағы диспропорция анықталды.

Сапалық талдау аясында жазылым және айтылым тапсырмаларының құрылымы мен мазмұны қарастырылды. Жазылым тапсырмалары Bloom's Taxonomy деңгейлері бойынша талданып, олардың талдау, жинақтау және бағалау сияқты жоғары деңгейлі когнитивтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталғаны анықталды. Ал айтылым тапсырмалары Communicative Competence теориясы негізінде бағаланып, тестіленушінің тілдік жағдаятқа бейімделу, әлеуметтік нормаларды сақтау және тілдік мінез-құлықты орынды қолдану қабілеттері сараланды.

Психолингвистикалық талдау барысында жазылым мен айтылым әрекеттерінің когнитивтік айырмашылықтары қарастырылдыкөрініс тапты. Жазылым – жоспарлау, редакциялау және бақылау сияқты күрделі ойлау операцияларын талап ететін саналы әрекет ретінде сипатталса, айтылым – автоматтандырылған, жедел жүзеге асатын тілдік процесс ретінде қарастырылды. Ал социолингвистикалық тұрғыдан зерттеу аймақтық тілдік орта, ауызекі сөйлеу тәжірибесі және мәдени коммуникация ерекшеліктері арқылы түсіндірілді.

Осылайша, қолданылған әдістер кешені ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі жазылым мен айтылым дағдыларының ерекшеліктерін жан-жақты талдауға, сондай-ақ аймақтық нәтижелер арасындағы айырмашылықтардың себептерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Талқылау мен бақылау. Бүгінгі күні аталған мәселені шешу жолында қазақстандық бағалау жүйесі ҚАЗТЕСТ тест тапсырмаларын әзірлеуде көпжылдық тәжірибеге сүйеніп келеді. Сонымен қатар педагогикалық өлшемдер мен білім сапасын бағалау саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізген халықаралық ұйымдар мен шетелдік тестілеу компанияларының озық тәжірибесі зерделеніп, заманауи әдіс-тәсілдер енгізілуде. Бұл өз кезегінде тест мазмұнының валидтілігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кейбір аймақтарда, әсіресе Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде тестіленушілердің айтылым көрсеткіштері жазылым нәтижелерінен жоғары. Аталған айырмашылық жүйелі сипатқа ие және бірнеше өзара байланысты факторлармен түсіндіріледі.

Кесте 1 – Айтылым мен жазылым арасындағы айырмашылыққа әсер ететін факторлар

Фактор	**Қысқаша түсіндірме**
Ауызекі тілдің күнделікті қолданысы	Оңтүстік аймақтарда қазақ тілі тұрмыстық, қоғамдық және мәдени қарым-қатынас құралы ретінде кең қолданылады. Ауызша тілдік тәжірибе тілдік автоматтануды арттырып, айтылым нәтижелерін жоғарылатады
Диалектілік ерекшеліктердің әсері	Аймақтық диалектілік және фонетикалық ерекшеліктер жазба нормадан өзгеше, бұл жазба жұмыста қателіктерге әкеледі. Мысалы: дыбыстық ассимиляция, ауызекі сөздер («бәсе», «қойшы енді»), қарапайым етістік формалары
Жазылымның когнитивтік күрделілігі	Айтылым автоматтанған, жылдам когнитивтік процесс болса, жазылым – жоспарлауды, грамматикалық бақылауды, логикалық құрылымдауды қажет ететін күрделі әрекет
Әдістемелік жұмыс шектеулілігі	Қазақ тілін оқыту көбінесе ауызша коммуникацияға бағытталған. Жазба дағдылар жеткіліксіз, бақылау кезеңінде жетілдіріледі
Мәдени-коммуникативтік құндылықтардың ауызша тілде көрінуі	Оңтүстік аймақтарда ауызша сөйлеу мәдениеті жоғары. Эмоциялық, экспрессивтік қатынас көбінесе ауызша тілде жүзеге асады, ал жазба тіл ресми, бейтарап сипатта.

Ауызекі тілдің күнделікті қолданыс аясының кеңдігі айтылым дағдысының табиғи түрде дамуына әсер етеді. Қазақ тілі тұрмыстық және әлеуметтік қарым-қатынаста белсенді қолданылатын ортада тілдік автоматтану жоғары деңгейде қалыптасады. Нәтижесінде тестіленушілер ойларын ауызша еркін жеткізе алады, бұл айтылым көрсеткішінің жоғары болуына ықпал етеді. Алайда бұл жағдай жазылым сапасына тікелей әсер етпейді, себебі жазба тіл өзіне тән нормалар мен құрылымдарды талап етеді.

Екіншіден, аймақтық диалектілік ерекшеліктердің ықпалы байқалады. Ауызекі тілде қалыптасқан фонетикалық және лексикалық ерекшеліктер жазба тілге ауысып, әдеби нормаға сәйкес келмейтін қателердің пайда болуына әкеледі. Бұл, әсіресе, орфография мен сөйлем құрылымында көрініс табады. Соның салдарынан жазылым нәтижелері төмендейді.

Үшіншіден, жазылым дағдысының когнитивтік күрделілігі маңызды рөл атқарады. Айтылым жедел әрі автоматтанған процесс болса, жазылым ойды алдын ала жоспарлауды, логикалық жүйелеуді және грамматикалық бақылауды талап етеді. Мұндай көпсатылы әрекет жеткілікті деңгейде қалыптаспаған жағдайда, тестіленушілер жазба тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болады.

Сонымен қатар, оқыту үдерісіндегі әдістемелік ерекшеліктер де әсер етеді. Қазақ тілін оқытуда көбіне ауызша коммуникацияға басымдық беріледі, ал жазылым дағдылары жүйелі түрде жеткілікті деңгейде дамытылмайды. Бұл жазылым көрсеткішінің салыстырмалы түрде төмен болуына алып келеді.

Мәдени-коммуникативтік факторлар да назар аударуды қажет етеді. Оңтүстік өңірлерде ауызша сөйлеу мәдениеті жоғары деңгейде дамыған, ал жазба тіл көбіне ресми және шектеулі қолданысқа ие. Осыған байланысты тестіленушілер ауызша тілде өз ойын экспрессивті әрі еркін жеткізгенімен, жазба тілде бейтарап және құрылымдық шектеулерге тап болады.

Бұдан бөлек, орфографиялық және пунктуациялық дағдылардың жеткіліксіз қалыптасуы, жазылымға деген мотивацияның төмендігі, сондай-ақ цифрлық коммуникацияның ықпалы (қысқартылған және бейресми жазу үлгілері) да жазба нәтижелердің сапасына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, оқу дағдысының жеткіліксіздігі де жазылым сапасының төмендеуіне ықпал ететін факторлардың бірі ретінде қарастырылады, себебі сапалы жазу дағдысы көбіне оқылым тәжірибесімен тығыз байланысты.

Осылайша, айтылым мен жазылым көрсеткіштері арасындағы айырмашылық бір ғана себеппен емес, өзара байланысты бірнеше факторлардың ықпалымен қалыптасатыны анықталды. Аталған факторлар тестілеу нәтижелерінде жүйелі түрде көрініс тауып, әсіресе аймақтық ерекшеліктермен тығыз байланыста байқалады.

Нәтижелер. 2025 жылғы ҚАЗТЕСТ тестілеуі нәтижелеріне сәйкес нақты аймақтық ерекшеліктерді келесі кестеден көруге болады. Бұл көрсеткіштер қатысушылардың жақсы және жоғары деңгейге жеткенін білдіреді.

Кесте 2 – Жоғары балл көрсеткіштері (31–50 ұпайлар қосындысы)

Аймақ	**Жазылым (31–50 балл)**	**Айтылым (31–50 балл)**	**Айырмашылық**	**Жоғары көрсетшік көрсеткен бөлік**
Шымкент	1082	1366	+284	Айтылым
Жамбыл (Тараз)	312	361	+49	Айтылым
Қызылорда	388	439	+51	Айтылым
Түркістан	155	189	+34	Айтылым

(Бұл жерде адам саны көп болса да, аз болса да Айтылым жоғары көрсеткіш көрсетуде)

Бұл кестеде нәтижелер Шымкент қаласы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстары бойынша алынған мәліметтер негізінде талданды. Нәтижелер көрсеткендей, барлық төрт аймақта айтылым бөлігінен жиналған балл жазылым нәтижелерінен жоғары болып шықты. Бұл тенденция оңтүстік өңірлерде ауызша тілдік қатынастың басым дамығанын айғақтайды.

Шымкент қаласында айырмашылық айтарлықтай жоғары – айтылым көрсеткіші жазылымнан 284 қатысушыға артық**.** Бұл құбылыс аталған өңірде тілдік орта мен ауызша қатынас тәжірибесінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Жамбыл облысында айтылым нәтижелері жазылымнан 49 қатысушыға, ал Қызылорда облысында 51 қатысушыға жоғары көрсеткіш көрсетті. Бұл деректер де оңтүстік өңірлердегі ауызша тілдік дағдылардың басымдығын растайды.

Түркістан облысында айырмашылық салыстырмалы түрде аз (+34 қатысушы), дегенмен айтылым көрсеткіші мұнда да алдыңғы орында. Бұл облыста жазылым мен айтылым деңгейлері шамалас дамығанымен, ауызша тілді қолдану дағдысы басымдық танытады.

Шымкент қаласында айырмашылық ең жоғары, бұл ауызша тілдік тәжірибенің белсенділігін көрсетеді, ал Түркістан облысында айырмашылық аздау, бірақ айтылым әлі де жоғары деңгейде.

Бұл аймақтық айырмашылықтар ауызша тілдің күнделікті қолданылуы, диалектілік ерекшеліктер және жазба тілге аз көңіл бөлінуімен түсіндіріледі.

Аталған нәтижелер оңтүстік аймақтарда қатысушылардың ауызша тілді белсенді қолданатынын және бұл дағдының табиғи коммуникациялық тәжірибеде жиі кездесетінін көрсетеді. Ал жазылым дағдысы, керісінше, оқу және ресми қарым-қатынас контекстінде шектеулі қолданылу салдарынан баяу дамып келеді. Бұл жағдай тіл үйрету процесінде жазылымға бағытталған тапсырмалардың үлесін арттыру қажеттігін көрсетеді [14, 15, 16, 17, 18, 19] .

Қорытынды. Жазылым және айтылым дағдылары тестіленушінің тілдік құзыреттілігінің негізгі көрсеткіштері. Жазылым тестіленушінің ойды логикалық, мәдени және коммуникативтік тұрғыдан құрылымдап, дәлелді түрде жеткізе алу қабілетін айқындайды. Айтылым болса, ауызша қатысымдағы икемділікті, тіл мәдениетін, қарым-қатынас шеберлігін және коммуникациялық стратегияларды бағалауға мүмкіндік береді. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, бұл екі дағдыны дамыту және бағалау тестіленушінің когнитивтік, коммуникативтік және мәдени құзыреттерін кешенді түрде айқындайтын маңызды көрсеткіш. Жазылым тапсырмалары, әсіресе эссе жазу, тілдік білім, логикалық ойлау, стильдік сәйкестік, пікір білдіру қабілеті және мәдениетаралық коммуникацияны қатар тексеруге мүмкіндік береді. ҚАЗТЕСТ жүйесінде эссе тестіленушінің жазбаша сауаттылық деңгейін ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарға сай ойлау стилін және тілдік-мәдени бейімділігін бағалайтын маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

Зерттеу нәтижелері кейбір аймақтардағы тестіленушілердің айтылымнан жоғары, ал жазылымнан төмен нәтиже көрсетуінің бірнеше себептерін анықтады:

1. Ауызекі тілдің күнделікті қолданыстағы басымдығы;
2. Диалектілік ерекшеліктердің жазба нормаға әсері;
3. Жазылымның психолингвистикалық тұрғыдан когнитивтік күрделілігі;
4. Жазба дағдысын жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстың жеткіліксіздігі;
5. Мәдени-коммуникативтік құндылықтардың негізінен ауызша сөйлеу тілінде көрінуі.

Бұл жағдайды түзету үшін ұсынылады: жазылым мен айтылымды біріктіріп оқыту әдістерін енгізу, аймақтық тілдік ерекшеліктерді ескеретін оқу материалдарын бейімдеу, сондай-ақ жазба сауаттылықты коммуникативтік тұрғыда дамыту.

Саралау барысында оңтүстік аймақ тестіленушілерінің жазылымдағы негізгі мәселелері орфографиялық және синтаксистік қателіктермен байланысты екені анықталды, бұл жазба дағдыларын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Ал айтылым көрсеткіштері салыстырмалы түрде тұрақты болып, аймақтық айырмашылықтардың минималды екенін дәлелдеді.

Қорыта айтқанда, жаһандану және технологиялық даму үрдістері кәсіби біліктіліктен бөлек, тұлғаның әлеуметтік және мәдени құзыреттілігін арттыру қажеттілігін айқындайды. Әлемдік еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер кәсіби салада ғана емес, әлеуметтік және мәдени кеңістікте де тиімді әрекет ете алатын, эмоционалды интеллекті дамыған және мәдениетаралық қатысымға бейім мамандарға сұраныстың артуына әкеп соқтырады. Сол себепті тіл үйренушілердің жазылым және айтылым тапсырмалары қазақ тілін үйрету мен бағалауда кешенді әдістемелік құрал ретінде маңызды рөл атқарады. Олар тестіленушінің тілдік құзыреттілігін толық бағалауға, когнитивтік және коммуникативтік дағдыларын дамытудың бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар ұлттық контекст пен мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру әдістемесін жетілдіруге үлес қосады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы. – Астана, 1997.
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі. ҚАЗТЕСТ жүйесінің әдістемелік-нормативтік құжаттары. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы.
3. Ерсултанова Г.С. Тілді меңгеру деңгейін бағалаудағы ҚАЗТЕСТ жүйесінің рөлі: жаңа форматтағы тиімділік /Г.С. Ерсултанова // Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді оқытудың жүйесі: деңгейлері мен сатылары: конф. материалдары. – Алматы, 2024. – Б. 362-367
4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі №458 бұйрығы «ҚАЗТЕСТ» қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы
5. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
6. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 208 б.
7. Orazaliyeva E., Orazbayeva F. Development of students' speech using the method of creative thinking. – Education Research International, 2022.
8. Күзекова З.К. Қазақ тілін кәсіби бағытта оқыту мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 156 б.
9. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2007. 272 б.
10. Шалабай Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 240 б.
11. Bloom, B. S. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. – New York: Longmans, 1956. – 315 p.
12. Hymes, D. On communicative competence. In J. B. Pride & J. Holmes (Eds.), Sociolinguistics. Harmondsworth: Penguin. 1972. – P. 269-293.
13. Ерсултанова Г., Сагиндиков И., Садық Ұ., Нуримбетов Н. Қазтест жүйесінің құрылымы және оның орта білім беру саласындағы маңызы // Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. -2025. -№4(115). – Б. 24-42. DOI: https://doi.org /10.59941/2960-0642-2025-4-24-42
14. Тоғызбай Н.Б. Жазылым тапсырмаларының жаңа сипаты (ҚАЗТЕСТ тапсырмалары) // Білім айнасы, 2021, 3 маусым, bilimainasy.kz сайты.
15. ҚР СТ 1926-2023. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру.
16. ҚР СТ 1928-2023. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру.
17. ҚР СТ 1929-2023. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру.
18. ҚР СТ 1925-2023. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру.
19. ҚР СТ 1927-2023. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру.

N.TOYZBAY, G.YERSULTANOVA, N.ZHUMAKHANOVA
National Testing Center, Astana, Kazakhstan

METHODOLOGICAL FOUNDATIONS FOR ASSESSING WRITING AND SPEAKING SKILLS IN THE QAZTEST SYSTEM AND THEIR REGIONAL FEATURES

Annotation. The article examines the methodological foundations and features of assessing writing and speaking skills within the Kaztest system. The purpose of the study is to identify differences between writing and speaking performance and to analyze them from a regional perspective. The analysis employs a mixed-methods approach (quantitative and qualitative), based on test results data.

The findings show that speaking performance is higher than writing results. This difference is explained by the influence of the linguistic environment, dialectal features, the cognitive complexity of writing, insufficient methodological support, and cultural-communicative factors. In addition, frequent orthographic and syntactic errors in writing were identified.

The results of the analysis highlight the importance of considering regional characteristics in language assessment. It is recommended to integrate teaching of writing and speaking skills, systematically develop writing abilities, and improve the communicative orientation of the educational process. The findings contribute to improving methods of teaching Kazakh as a second or foreign language and to the scientific development of the Kaztest system.

Keywords: Kaztest, writing, speaking, language competence, assessment, analysis.

Н.Б. ТОҒЫЗБАЙ, Г.С. ЕРСУЛТАНОВА, Н.Н. ЖУМАХАНОВА
Национальный центр тестирования, Астана, Казахстан

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОЦЕНКИ НАВЫКОВ ПИСЬМА И ГОВОРЕНИЯ В СИСТЕМЕ КАЗТЕСТ И ИХ РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ

Аннотация. В статье рассматриваются методологические основы и особенности оценки письменной и устной речи в системе Казтест. Цель работы – выявить различия между показателями письма и говорения, а также проанализировать их с региональной точки зрения. В ходе анализа использовались смешанные методы (количественные и качественные) на основе данных тестирования.

Результаты показали, что показатели говорения выше результатов письма. Данное различие объясняется влиянием языковой среды, диалектных особенностей, когнитивной сложностью письма, недостаточной методической проработанностью, а также культурно-коммуникативными факторами. Кроме того, выявлена высокая частотность орфографических и синтаксических ошибок в письменной речи.

Результаты анализа подтверждают необходимость учета региональных особенностей при оценке языковых навыков. Рекомендуется интегрировать обучение письму и говорению, системно развивать навыки письменной речи и совершенствовать коммуникативную направленность образовательного процесса. Полученные результаты вносят вклад в развитие методики преподавания казахского языка как второго или иностранного, а также в научное совершенствование системы Казтест.

Ключевые слова: Казтест, письмо, говорение, языковая компетенция, оценка, анализ.

References

1. Qazaqstan Respublikasynyñ «Tıl turaly» Zañy. – Astana, 1997.
2. Qazaqstan Respublikasy Ǧylym jäne joğary bılım ministrlıgı. QAZTEST jüiesınıñ ädıstemelık-normativtık qūjattary. – Astana: Ūlttyq testıleu ortalyğy.

3. Ersultanova G.S. Tıldı meñgeru deñgeiın bağalaudağy QAZTEST jüiesınıñ rölı: jaña formattağy tiımdılık /G.S. Ersultanova // Qazaqstan Respublikasynda memlekettık tıldı oqytudyñ jüiesı: deñgeilerı men satylary: konf. materialdary. – Almaty, 2024. – B. 362-367.
4. Qazaqstan Respublikasy Čylym jäne joğary bılım ministrınıñ 2024 jylğy 23 qyrküiektegı №458 būiryğy «QAZTEST» qazaq tılın meñgeru deñgeiın bağalau jüiesı boiynşa qağidalardy bekıtu turaly.
5. Qazaqstan Respublikasynda tıl saiasatyn damytudyñ 2023-2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasy.
6. Orazbaeva F.Ş. Tıldık qatynas: teoriasy men ädıstemesı. – Almaty: RBK, 2000. – 208 b.
7. Orazaliyeva E., Orazbayeva F. Development of students' speech using the method of creative thinking. – Education Research International, 2022.
8. Küzekova Z.K. Qazaq tılın käsıbi bağytta oqytu mäseleleri. – Almaty: Qazaq universitetı, 2014. – 156 b.
9. Uäli N. Qazaq söz mädenietınıñ teorialyq negızderı. – Almaty: Čylym, 2007. 272 b.
10. Şalabai B. Qazaq tılın oqytu ädıstemesı. – Almaty: Qazaq universitetı, 2015. – 240 b.
11. Bloom, B. S. Taxonomy of Educational Objectives: The Classification of Educational Goals. – New York: Longmans, 1956. – 315 p.
12. Hymes, D. On communicative competence. In J. B. Pride & J. Holmes (Eds.), Sociolinguistics. Harmondsworth: Penguin. 1972. – P. 269-293.
13. Ersultanova G., Sagindikov İ., Sadyq Ū., Nurimbetov N. Qaztest jüiesınıñ qūrylymy jäne onyñ orta bılım beru salasyndağy mañyzy // Y.Altynsarin atyndağy Ūlttyq bılım akademiasynyñ «Bılım-Obrazovanie» ğylymi-pedagogikalyq jurnaly. -2025. -№4(115). – B. 24-42. DOI: https://doi.org/10.59941/2960-0642-2025-4-24-42
14. Toğyzbai N.B. Jazylym tapsyrmalarynyñ jaña sipaty (QAZTEST tapsyrmalary) // Bılım ainasy, 2021, 3 mausym, bilimainasy.kz saity.
15. QR ST 1926-2023. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Qarapaiym deñgei. Jalpy meñgeru.
16. QR ST 1928-2023. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Bazalyq deñgei. Jalpy meñgeru.
17. QR ST 1929-2023. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Orta deñgei. Jalpy meñgeru.
18. QR ST 1925-2023. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Ortadan joğary deñgei. Jalpy meñgeru.
19. QR ST 1927-2023. Qazaq tılın meñgerudıñ komunikativtık tıldık qūzyrettılıkterı. Joğary deñgei. Jalpy meñgeru.

Авторлар туралы мәлімет:

Тоғызбай Нұргүл Батырбекқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Ұлттық тестілеу орталығы, ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқармасының Тест тапсырмаларын қалыптастыру ғылыми-әдістемелік зертхана меңгерушісі, Астана, Қазақстан.
Тоғызбай Нұргүл Батырбекқызы – магистр педагогических наук, Национальный центр тестирования, заведующий научно-методической лабораторией формирования тестовых заданий управления по развитию системы КАЗТЕСТ, Астана, Казахстан.
Togyzbay Nurgul Batyrbekkyzy – Master of Pedagogical Sciences, National Testing Center, Head of the scientific and methodological laboratory for the formation of test tasks of the Department for the development of the KAZTEST System, Astana, Kazakhstan.

Ерсултанова Гульнур Серикбаевна – педагогика ғылымдарының магистрі, Ұлттық тестілеу орталығы, ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарма басшысы, Астана, Қазақстан.
Ерсултанова Гульнур Серикбаевна – магистр педагогических наук, Национальный центр тестирования, руководитель управления по развитию системы КАЗТЕСТ, Астана, Казахстан.
Yersultanova Gulnur Serykbaevna – Master of Pedagogical Sciences, National Testing Center, Head of the KAZTEST System Development Department, Astana, Kazakhstan.

Жумаханова Назым Нургазиновна – педагогика ғылымдарының магистрі, Ұлттық тестілеу орталығы, ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқармасының Тест тапсырмаларын қалыптастыру ғылыми-әдістемелік зертхана жетекші сарапшысы, Астана, Қазақстан.

Жумаханова Назым Нургазиновна – магистр педагогических наук, Национальный центр тестирования, ведущий эксперт научно-методической лаборатории по формированию тестовых заданий управления по развитию системы КАЗТЕСТ, Астана, Казахстан

Zhumakhanova Nazym Nurgazinovna – Master of Pedagogical Sciences, National Testing Center, leading expert of the scientific and methodological laboratory for the formation of test tasks of the Department for the development of the KAZTEST System, Astana, Kazakhstan.

Техникалық редакторлар: **М. Аманғазықызы, А.Т. Жұмсақбаев, Г.Қ. Қиарыстанова**

Компьютерде беттеген: **Ж.Қ. Оспан**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. 2026. – 1.
– Астана: А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты.
– 356 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.